Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29767 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.04.2025 № 74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Әліппе" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Ана тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Букварь" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Обучение грамоте" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Елипбә" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Обучение грамоте" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Алифбе" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Обучение грамоте" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Алифбо" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Обучение грамоте" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес);

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Әдебиеттік оқу" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Орыс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Әдебиеттік оқу" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Ұйғыр тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Әдебиеттік оқу" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Өзбек тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Әдебиеттік оқу" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Тәжік тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Әдебиеттік оқу" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Орыс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес);

22-1) алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.11.2024 № 323 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 3-4-сыныптарына арналған "Ағылшын тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

23-1) алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.11.2024 № 323 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 3-4-сыныптарына арналған "Неміс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

24-1) алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.11.2024 № 323 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 3-4-сыныптарына арналған "Француз тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

25-1) алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.11.2024 № 323 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған "Математика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған "Цифрлық сауаттылық" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған "Дүниетану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған "Бейнелеу өнері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған "Еңбекке баулу" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

32) алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.11.2024 № 323 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған "Музыка" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған "Дене шынықтыру" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы ;

35) осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту қазақ тілінде);

36) осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту қазақ тілінде);

37) осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік "Абай мектептерінің" 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

38) осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік "Абай мектептерінің" 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

39) осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Орыс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту орыс тілінде);

40) осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Орыс әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту орыс тілінде);

41) осы бұйрыққа 41-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Ұйғыр тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту ұйғыр тілінде);

42) осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Ұйғыр әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту ұйғыр тілінде);

43) осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Өзбек тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту өзбек тілінде);

44) осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Өзбек әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту өзбек тілінде);

45) осы бұйрыққа 45-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Тәжік тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту тәжік тілінде);

46) осы бұйрыққа 46-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Тәжік әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту тәжік тілінде);

47) осы бұйрыққа 47-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту қазақ тілінде емес);

48) осы бұйрыққа 48-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Орыс тілі мен әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту орыс тілінде емес);

49) осы бұйрыққа 49-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Ағылшын тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

50) осы бұйрыққа 50-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Неміс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

51) осы бұйрыққа 51-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Француз тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

52) осы бұйрыққа 52-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптарына арналған "Математика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

53) осы бұйрыққа 53-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған "Алгебра" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

54) осы бұйрыққа 54-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған "Геометрия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

55) осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Информатика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

56) осы бұйрыққа 56-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптарына арналған "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

57) осы бұйрыққа 57-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған "Физика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

58) осы бұйрыққа 58-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

59) осы бұйрыққа 59-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған "Биология" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

60) осы бұйрыққа 60-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған "География" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

61) осы бұйрыққа 61-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

62) осы бұйрыққа 62-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

63) осы бұйрыққа 63-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 9 сыныбына арналған "Құқық негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

64) осы бұйрыққа 64-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік "Абай мектептерінің" 5-9-сыныптарына арналған "Абайтану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

65) осы бұйрыққа 65-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптарына арналған "Музыка" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

66) осы бұйрыққа 66-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Көркем еңбек" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

67) осы бұйрыққа 67-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Дене шынықтыру" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы ;

68) осы бұйрыққа 68-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Жаһандық құзыреттілік" курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

69) осы бұйрыққа 69-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7 сыныбына арналған ""Өлкетану" курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

70) осы бұйрыққа 70-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 8 сыныбына арналған "Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы" курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

71) осы бұйрыққа 71-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 9 сыныбына арналған "Зайырлылық және дінтану негіздері" курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

72) осы бұйрыққа 72-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 9 сыныбына арналған "Алаштану" курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

73) осы бұйрыққа 73-қосымшаға сәйкес Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 9-11 сыныптары үшін "Абайтану" курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

74) осы бұйрыққа 74-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

75) осы бұйрыққа 75-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

76) осы бұйрыққа 76-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік "Абай мектептерінің" 10-11-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

77) осы бұйрыққа 77-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

78) осы бұйрыққа 78-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

79) осы бұйрыққа 79-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған

желілік "Абай мектептерінің" 10-11-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

80) осы бұйрыққа 80-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Орыс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

81) осы бұйрыққа 81-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11(12)-сыныптарына арналған "Орыс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

82) осы бұйрыққа 82-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Орыс әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

83) осы бұйрыққа 83-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Орыс әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

84) осы бұйрыққа 84-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Қазақ тілі және әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес);

85) осы бұйрыққа 85-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Орыс тілі және әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес);

86) осы бұйрыққа 86-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Ұйғыр тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

87) осы бұйрыққа 87-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Ұйғыр тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

88) осы бұйрыққа 88-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Өзбек тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

89) осы бұйрыққа 89-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Өзбек тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

90) осы бұйрыққа 90-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Тәжік тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

91) осы бұйрыққа 91-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Тәжік тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

92) осы бұйрыққа 92-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Ұйғыр әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

93) осы бұйрыққа 93-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Ұйғыр әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

94) осы бұйрыққа 94-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Өзбек әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

95) осы бұйрыққа 95-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Өзбек әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

96) осы бұйрыққа 96-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Тәжік әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

97) осы бұйрыққа 97-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Тәжік әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

98) осы бұйрыққа 98-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Ағылшын тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

99) осы бұйрыққа 99-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Ағылшын тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

100) осы бұйрыққа 100-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Неміс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

101) осы бұйрыққа 95-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Неміс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

102) осы бұйрыққа 102-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Француз тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

103) осы бұйрыққа 103-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Француз тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

104) осы бұйрыққа 104-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Алгебра және анализ бастамалары" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

105) осы бұйрыққа 105-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Алгебра және анализ бастамалары" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

106) осы бұйрыққа 106-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Геометрия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

107) осы бұйрыққа 107-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Геометрия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

108) осы бұйрыққа 108-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Информатика " оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

109) осы бұйрыққа 109-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Информатика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

110) осы бұйрыққа 110-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

111) осы бұйрыққа 111-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

112) осы бұйрыққа 112-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Физика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

113) осы бұйрыққа 113-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Физика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

114) осы бұйрыққа 114-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Биология" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

115) осы бұйрыққа 115-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Биология" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

116) осы бұйрыққа 116-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "География" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

117) осы бұйрыққа 117-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "География" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

118) осы бұйрыққа 118-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

119) осы бұйрыққа 119-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

120) осы бұйрыққа 120-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

121) осы бұйрыққа 121-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Құқық негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

122) осы бұйрыққа 122-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Құқық негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

123) осы бұйрыққа 123-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Шет тілі (екінші). Француз тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

124) осы бұйрыққа 124-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Шет тілі (екінші). Ағылшын тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

125) осы бұйрыққа 125-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Шет тілі (екінші). Неміс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

126) осы бұйрыққа 126-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің (қоғамдық-гуманитарлық бағыты, жаратылыстану-математикалық бағыты) 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Дене шынықтыру" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы ;

127) осы бұйрыққа 127-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 сыныптарына арналған "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

128) осы бұйрыққа 128-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған

желілік "Абай мектептерінің" 10-11-сыныптарына арналған "Абайтану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

129) осы бұйрыққа 129-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған "Графика және жобалау" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

130) осы бұйрыққа 130-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

131) осы бұйрыққа 131-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің 10 сыныбына арналған "Жаһандық құзыреттер" курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

132) осы бұйрыққа 132-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің 11 сыныбына арналған "Жаһандық құзыреттер" курсының үлгілік оқу бағдарламасы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.07.2023 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 05.03.2024 № 54 (01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2024 № 323 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген):

1-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

1-тармақтың 6), 7) тармақшалары алынып тасталсын;

1-тармақтың 11) тармақшасы алынып тасталсын;

1-тармақтың 14) тармақшасы алынып тасталсын;

1-тармақтың 16) тармақшасы алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі *А. Аймағамбетов*

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
1-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Әліппе" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әліппе" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) " Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны жалпыдидактикалық қағидаттар және А. Байтұрсынұлының әдістемелік қағидаттары негізінде айқындалды:

1) дыбыспен жаттығу;

2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;

3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;

4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

3. Әріпті таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды.

4. "Әліппе" оқу пәнінің мақсаты – әріп таныту, оқуға мен жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

5. "Әліппе" оқу пәнінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне бейімдеу;

2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін (сөйлеу) туралы қарапайым түсінік (ажырату, салыстыру, топтастыру және талдау) қалыптастыру;

3) дыбыс пен әріпті (баспа және жазба түрлері) үйрету;

4) оқу (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) және жазу дағдыларын қалыптастыру;

5) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру, сөздік қорын байыту;

6) ана тіліне, Отанына, халқына, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарай білуге үйрету, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіру.

2-тарау. "Әліппе" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. "Әліппе" оқу пәнінің мазмұны

6. "Әліппе" оқу пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

7. Оқу пәнінің мазмұны:

1) қазақ тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен;

2) негізгі тілдік бірліктерден (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

3) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

4) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен құралады.

8. "Әліппе" оқу пәнін оқыту екі кезең бойынша (әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат, әліппе кезеңі – 84 сағат) ұйымдастырылады.

9. "Әліппе" оқу пәнінің мазмұны I жартыжылдықта "Әліппе" оқулығы (әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдері) арқылы жүзеге асырылады.

10. Әліпбидегі әріптер мен әрбір әріптің дыбыстық мәнін, қарапайым тілдік ұғым мен түсініктерді меңгертудің реті мен көлемі:

1) 1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (әліппеге дейінгі кезең) – 12 сағат;

а, р, л, у, н, бекіту (2 сағ) – 12 сағат;

с, о, т, қ, ы, з, м, е, д, ш, ұ, бекіту (2 сағ) – 24 сағат;

2) 2-тоқсан: б, й, к, і, ң, ғ, ж, ә, п, ү, бекіту (3 сағ) – 24 сағат;

ө, г, и, я, ю, х, h, щ, в, э, Ұ, ц, ф, ч, ь-ъ, әліпби – 2 сағ, бекіту (4 сағ) – 24 сағат.

Ескерту: ң – 3 сағат, я, ю, х, h, щ, в, э, Ұ, ц, ф, ч, ь-ъ 1 сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.

11. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;

2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

3) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

4) сөзге дыбыстық талдау жүргізу: сөздегі буын санын анықтау, сөз ішіндегі дыбыстарды екі, үш буынды сөзбен анықтау; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;

5) жазуға дайындық кезеңінде - қолдың ұсақ моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).

6) тыңдай білуге және сұрақты түсінуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.

Ескерту: тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек.

12. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) қазақ әліпбиінің дыбыс пен әріптерін таныту, дыбыстардың айтылуына жаттықтыру;

2) дауысты және дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратуға жаттықтыру;

3) әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;

4) дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауға, жазуға, оқуға үйрету;

5) дұрыс, үзбей, буындап оқу дағдыларын қалыптастыру;

6) көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;

7) сөздік қорын байыту, өз ойын жеткізе білуге үйрету;

8) негізгі тыныс белгі түрлерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қолдана білуді қалыптастыру;

9) ұлттық рухани құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Ескерту: I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай айқындайды. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

13. "Әліппе" оқу пәнінің базалық білім мазмұны.

14. Тыңдалым мен айтылым:

1) мұғалімнің, өзге білім алушылардың сөзін тыңдай білу, тыңдалым мәнін түсіну, сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беруді қалыптастыру; коммуникативтік мақсаттарына сәйкес қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

2) ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді; буын, сөзді буынға бөлу; дауысты дыбыстардың буын құрау дағдыларын қалыптастыру;

4) дыбыстың әріппен жазылуын; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/ сәйкес еместігін анықтау;

5) сөздік қорын байыту; сөзді тіркестіре білу, сөйлем және шағын мәтін (сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу) құрай білу;

6) сөз әдебінің формаларын қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу).

Ескерту: Тыңдалым материалының көлемі: 30 сек - 1мин.

15. Оқылым:

1) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білу (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

2) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;

3) қазақ тіліндегі жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ , г-ғ) ерекшеліктерін тану, өзге тілден енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

4) сөйлемді (2-6 сөз), мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу;

5) буындап оқудан сөзді үзбей, толық оқуға үйрету.

Ескерту: оқуға берілген мәтіннің көлемі әліппе кезеңінің басында 4-6 сөйлемнен, соңында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөздердің саны 2-6-дан аспауы керек.

16. Жазылым:

1) жазуға дайындық (дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу); парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу;

2) сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру;

3) көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу;

4) сөйлемнің басындағы сөзді бас әріптен жазу, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы, сөйлемнің соңына тыныс белгісін қою;

5) қарапайым сұрақтарға жазбаша жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру;

6) қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.

2-параграф. "Әліппе" оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

17. Әліппеге дейінгі кезеңдегі күтілетін нәтижелер:

1) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсінеді;

2) сұрақты тыңдайды және оны түсінеді, сұрақтарға жауап береді;

3) сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын таниды;

4) сөзге дыбыстық талдау жасайды;

5) көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды;

6) коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдана алады;

7) дәптер бетінде берілген суреттерді бояйды, әріп элементтерін, үзік сызықтарды бастырып жүргізеді, жазады.

18. Әліппе кезеңіндегі күтілетін нәтижелер:

1) дыбыс пен әріпті таниды, оларды бір-бірінен ажыратады;

2) мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөледі, жаңа үйренген дыбысты анықтайды;

3) дауысты дыбыстардың буын құрайтынын біледі, сөздегі буын санын анықтайды;

4) оқу түрлерін (буындап оқу, сөздерді тұтас оқу, мәнерлеп оқу) қолданады, түсініп оқиды;

5) дыбыстарды дұрыс дыбыстайды, оның мағына ажыратушы қызметін түсінеді;

6) сызба-модель, сурет белгілері арқылы сөз, сөйлем, шағын мәтін құрастырады;

7) сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолданады;

8) тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды, өз ойын білдіреді;

9) мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қоя алады, сұраққа жауап береді;

10) сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгісін қояды;

11) айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді еске сақтап, естуі бойынша жазады;

12) көркем жазу талаптарына сай, жазу жолы, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріптің, әріптердің өзара байланыс элементтерін жазады;

13) ана тілін, Отанын, халқын, мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтей біледі;

14) еліміздің рәміздерін (Әнұран, Елтаңба, Ту) біледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
2-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Ана тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Ана тілі" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) " Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны А. Байтұрсынұлының мынадай ұстанымдары негізінде айқындалды, олар оқулық жазуда басшылыққа алынады:

1) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;

2) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

3. "Ана тілі" оқу пәнінің мақсаты – білім алушының оқу-жазу дағдыларын жетілдіру және тілін дамыту.

4. Оқу бағдарламасының міндеттері білім алушының мынадай дағдыларын қалыптастыруды көздейді:

1) сөзді тұтас оқуға, мәтінді түсініп оқуға, мәнерлеп оқуға және шапшаң оқуға машықтандыру;

2) жазу дағдысын (қатесіз, сауатты, көркем жазу) қалыптастыру;

3) сөздік қорын байыту;

4) коммуникативтік дағдыларын (өз ойын толық жеткізе білу, өзгенің пікірімен санаса білу, әңгімелесу, сөйлеу әдебін сақтау) қалыптастыру;

5) тілдік бірліктерді (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс) ажырату, салыстыру, топтастыру, талдау дағдыларын дамыту;

6) тілдік білімі мен дағдыларын тәжірибеде қолдана алу;

7) кітап оқуға қызығушылығын ояту, сөз өнеріне баулу;

8) танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту;

9) ана тіліне, Отанына, туған еліне, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту;

10) жеке тұлғалық қасиеті мен әлеуетін ашу;

11) тұрақты зейіні мен есте сақтауын, логикалық ойлауы мен білім алуға деген қызығушылығын қалыптастыру;

12) физиологиялық ерекшеліктерін ескеру және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

2-тарау. "Ана тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. "Ана тілі" оқу пәнінің мазмұны

5. "Ана тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 6 сағатты, II жартыжылдықта барлығы 102 сағатты құрайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Оқу пәнінің мазмұны:

1) негізгі тілдік бірліктерден (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс);

2) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

3) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен;

4) балалар әдебиетінен (ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет) құралады.

7. "Ана тілі" оқу пәнін оқыту әліппеден кейінгі кезең бойынша II жартыжылдықта " Ана тілі" оқулығы арқылы жүзеге асырылады.

8. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

1) тыңдалым, айтылым әрекеттері арқылы сөз өнеріне баулу;

2) ауызша тіл мен жазба тілін дұрыс дамыту;

3) мәтінді дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;

4) ауыз әдебиет үлгілері мен көркем шығармалар арқылы ұлттық құндылықтарды қадірлеуге тәрбиелеу;

5) тілдік білімнің алғашқы негіздерін меңгерту;

6) бастапқы жазу нормаларын сақтап, сауатты жазуға дағдыландыру;

7) көркем жазу дағдыларын дамыту;

8) мәтінмен жұмыста дереккөздерді пайдалана білуге машықтандыру.

Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттерін жүзеге асыруда А. Байтұрсынұлының жалқылаулы-жалпылау әдісі, тұтас сөзді әдісі, жазу-оқу әдісі басшылыққа алынды.

9. "Ана тілі" оқу пәнінің базалық білім мазмұны.

Тыңдалым мен айтылым:

1) тыңдалым материалының мазмұнын түсіну; сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беру; сөз мағынасын түсіну; сөзді дұрыс қолдана білу; сөз әдебін сақтай отырып, өз ойын айта алу;

2) сөйлеу барысында ым-ишара, қимылды қолдану; сөз сазын (ырғақ, екпін, әуен, қарқын, кідіріс) сақтау; ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) орфоэпия: сөзді үндестік заңына сәйкес айта білу; жаңылтпаш айта білу, ойын жаттығуларын орындай алу;

4) сөздік қорын байыту, сөздерден сөйлем, сөйлемдерден шағын мәтін құрау;

5) тыңдалым материалын мазмұндау, сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу;

6) сөйлеу барысында (әңгімелесу, әңгімелеу, пікір алмасу, сахналау, рөлдік ойындар) сөз әдебіне үйрену;

10. Оқылым:

1) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;

2) сөйлемді, мәтінді дауыстап оқу; мәнерлеп, түсініп оқу, мұғалімнің қолдауымен мәтіннен қажет ақпаратты тауып оқу;

3) айтылу мақсатына қарай сөйлемнің интонациясын (хабарлы, лепті, сұраулы) сақтап оқу;

4) сөздерді оқу барысында дыбыс үндестігін сақтау;

5) сөздердің мағынасын (мәндес; мағынасы қарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздер) ажырату, сөздік қорын байыту;

6) мәтін тақырыбын "Кім (не) туралы?" деген сауалдар арқылы анықтау, оқылған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;

7) оқыған мәтіні бойынша өз ойын, алған әсерін білдіру;

8) әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (суретті кітап, сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мұғалімнің қолдауымен қажетті ақпараттарды табу;

9) сурет, сызба түрінде берілген ақпаратты түсіну;

Ескерту: көркем шығарма көлемі – 45-65 сөз, ғылыми-танымдық мәтін көлемі – 20-30 сөз.

II жартыжылдықтың соңында оқу жылдамдығының нормасы: минутына 25-30 сөз; шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

11. Балалар әдебиетінен (ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет) тілі жеңіл, Отан, туған жер, табиғат, жан-жануарлар, отбасы, еңбек, денсаулық туралы мәтіндер беріледі.

12. Жазылым:

1) әріптерді талапқа сай көркем жазу; әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, үздіксіз әрі үзбей (ырғақты) жазу;

2) әр сөйлемнің бас әріптен басталатынын, сөйлем ішіндегі сөздердің бөлек жазылатынын, сөйлемнің соңына тыныс белгі қойылатынын білу, қолдану;

3) көшіріп жазу және есту, есте сақтау арқылы сөздерді (7-10 сөз), жай сөйлемдерді (3-4 сөйлем) жатқа жазу, жазғанын үлгіге қарап тексеру;

4) сөздерден сөйлем, сөйлемдерден шағын мәтін құрау;

5) сауатты және көркем жазуға дағдылану;

6) заттың атын, сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді дұрыс қолдану;

7) бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, үй жануарларына арнайы қойылған аттар) ажырату, дұрыс жазу;

8) сөйлеу барысында жалғауларды қолдана білу;

9) мұғалімнің қолдауымен сөзді тасымалдау.

Ескерту: 2-жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: сөздік диктант – 4-5 сөз, диктант – 12-20 сөз, мазмұндама – 10-15 сөз, мәтінді көшіріп жазу – 10-20 сөз, шығармашылық мәтін – 3-4 сөйлем (10-15 сөз). Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

13. Бағдарламада оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші саны негізгі дағдылардың ретін, төртінші саны оқу мақсатының ретін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында: "1" – сынып, "2.1" – негізгі дағдылар, "1" – оқу мақсатының реті.

14. Оқу мақсаттары күтілетін нәтиже түрінде айқындалған:

Тыңдалым мен айтылым	
Негізгі дағдылар	Оқу мақсаттары
1.1 Тыңдалым материалы арқылы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну	1.1. 1.1 мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну
1.2 Тыңдаған материалды мазмұндау	1.1. 2.1 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау
1.3 Оқиғаны болжау	1.1. 3.1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
1.4 Коммуникативтік қатынаста тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1.1. 4.1 коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану
1.5 Тыңдаушының назарын аудару	1.1. 5.1 заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 1.1. 5. сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен , қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу
1.6 Тыңдаған материал бойынша өз ойын айту	1.1. 6.1 тыңдалым материалына қатысты өз ойын білдіру
1.7 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	1.1. 7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау
1.8 Сөздерді орфоэпиялық нормаға сәйкес айту	1.1. 8.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту
Оқылым	
Негізгі дағдылар	Оқу мақсаттары
2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2. 1.2 оқу түрлерін (тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану
2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.2. 2.1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау
2.3 Мәтіннің құрылымдық бөлігін анықтау	1.2. 3.1 ауыстырылып берілген мәтін бөліктерін мұғалімнің қолдауымен орнына қоя білу
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2. 4.1 мұғалімнің қолдауымен сөздердің мағыналарын (мәндес; мағынасықарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі) ажырату
2.5 Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қою, жауап беру	1.2. 5.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру
2.6 Мәтіннің жанрын анықтау	1.2. 6.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату
2.7 Түрлі дереккөздерден қажет ақпаратты алу	1.2. 7.1 мұғалімнің қолдауымен дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітапша, энциклопедия) ақпарат табу
2.8 Дыбыс пен әріпті тану, ажырату	1.2. 8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну
Жазылым	
Негізгі дағдылар	Оқу мақсаттары

3.1 Жоспар құру	1.3. 1.1 сюжетті суреттердің ретін анықтап, ат қою арқылы қарапайым жоспар құру 1.3. 1.2 мәтін бөліктерін анықтап, жоспар құру
3.2 Оқылым, тыңдалым материалының мазмұнын жазу	1.3. 2.1 мұғалімнің қолдауымен оқылым, тыңдалым материалы бойынша шағын мазмұндама жазу
3.4 Түрлі мәтіндер құрау	1.3. 4.1 мұғалімнің қолдауымен түрлі шағын мәтін (хат, құттықтау хат, хабарлама) жазу
3.5 Қатені табу, түзету	1.3. 5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету
3.6 Көркем жазу талаптарын сақтау	1.3. 6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу
Тілдік норманың қолданысы	
4.1 Орфографиялық дағдылар	1.4. 1.1 айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы жазу
	1.4. 1.2 мұғалімнің қолдауымен сөзді дұрыс тасымалдауды, тасымалданбайтын сөздерді білу
	1.4. 1.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су аттары, жануарларға арнайы қойылған аттар) анықтау
4.2 Грамматикалық дағдылар	1.4. 2.1 заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану
4.3 Пунктуациялық дағдылар	1.4. 3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою жүктеу

15. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады

16. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған " Ана тілі" оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Ана тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары (оқыту қазақ тілінде)

Кезең	Тыңдалым мен айтылым	Оқылым	Жазылым	Тілдік норманың қолданысы
3-тоқсан				
		1.2.1.2 оқу түрлерін (тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану 1.2.2.1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде		

Әліппеден кейінгі кезең	1.1.1.1 мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну; 1.1.2.1* көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.1.3.1* тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1.1.4.1* коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) сақтай білу; 1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау	кім (не) туралы айтылғанын анықтау; 1.2.3.1 ауыстырылып берілген мәтін бөліктерін мұғалімнің қолдауымен орнына қоя білу; 1.2.4.1* мұғалімнің қолдауымен сөздердің мағыналарын (мәндес, мағынасы қарама-қарсы, айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі) ажырату; 1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою , сұраққа жауап беру; 1.2.6.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ , мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату; 1.2.7.1* мұғалімнің қолдауымен дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітапша, энциклопедия) ақпарат табу 1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну	1.3.1.1 сюжетті суреттердің ретін анықтап, ат қою арқылы қарапайым жоспар құру; 1.3.1.2 мәтін бөліктерін анықтап, жоспар құру; 1.3.1.2. * мұғалімнің қолдауымен оқылым, тыңдалым материалы бойынша шағын мазмұндама жазу; 1.3.4.1* мұғалімнің қолдауымен түрлі шағын мәтін (хат, құттықтау хат, хабарлама) жазу; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қ(атені түзету; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу	1.4.1.1* айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы жазу ; 1.4.1.2 мұғалімнің қолдауымен сөзді дұрыс тасымалдауды, тасымалданбайтын сөздерді білу; 1.4.3.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою
4-тоқсан				
		1.2. 1.2 оқу түрлерін (тұтас оқу,	1.3.1.1 сюжетті суреттердің ретін	

Әліппеден кейінгі кезең	1.1.3.1* тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1.1.4.1* коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) сақтай білу; 1.1.5.1* заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 1.1.6.1 тыңдалым материалына өз ойын білдіру; 1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау 1.1.8.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту	мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану ; 1.2. 2.1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау; 1.2.3.1 ауыстырылып берілген мәтін бөліктерін мұғалімнің қолдауымен орнына қоя білу; 1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою , сұраққа жауап беру; 1.2.6.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ , мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату; 1.2.7.1* мұғалімнің қолдауымен дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітапша, энциклопедия) ақпарат табу	анықтап, ат қою арқылы қарапайым жоспар құру; 1.3.1.2 мәтін бөліктерін анықтап, жоспар құру; 1.3.2.1* мұғалімнің қолдауымен оқылым, тыңдалым материалы бойынша шағын мазмұндама жазу; 1.3.4.1* мұғалімнің қолдауымен түрлі шағын мәтін (хат, құттықтау хат, хабарлама) жазу; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету; 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу	1.4.1.1* айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы жазу ; 1.4.1.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, жануарларға арнайы қойылған аттар) анықтау; 1.4.2.1* заттың атын , қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану Жүктеу

Ескерту:

-білім алушылардың қажеттілігін ескере отырып, әр сабаққа 3-4 оқу мақсаты, оның ішінде біреуі жетекші мақсат ретінде алынады;

-"*" белгісімен көрсетілген оқу мақсатының бөлігін таңдап жүзеге асыруға болады.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
3-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Букварь" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Букварь" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) " Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны жалпыдидактикалық қағидаттар және А. Байтұрсынұлының әдістемелік қағидаттары негізінде айқындалды:

1) дыбыспен жаттығу;

2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;

3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;

4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

3. "Букварь" оқу пәнінің мақсаты - әріп таныту, оқу мен жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін және ұлттық рухани құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

4. "Букварь" оқу пәнінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне бейімдеу;

2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін (сөйлеу) туралы қарапайым түсінік (ажырату, салыстыру, топтастыру және талдау) қалыптастыру;

3) дыбыс пен әріпті (баспа және жазба түрлері) үйрету;

4) оқу (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) және жазу дағдыларын қалыптастыру;

5) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру, сөздік қорын байыту;

6) ұлттық рухани құндылықтардың, ана тіліне, Отанына, халқына, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншіліктің негіздерін қалыптастыру.

2-тарау. "Букварь" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. "Букварь" оқу пәнінің мазмұны

5. "Букварь" оқу пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

6. Оқу пәнінің мазмұны:

1) орыс тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен;

2) негізгі тілдік бірліктерден (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

3) орыс тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

4) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен құралады.

7. "Букварь" оқу пәнін оқыту екі кезең бойынша (букварға дейінгі кезең – 12 сағат, букварь кезеңі – 84 сағат) ұйымдастырылады.

8. "Букварь" оқу пәнінің мазмұны I жартыжылдықта "Букварь" оқулығы (букварға дейінгі және букварь кезеңдері) арқылы жүзеге асырылады.

9. Әліпбидегі әріптер мен әрбір әріптің дыбыстық мәнін, қарапайым тілдік ұғым мен түсініктерді меңгертудің реті мен көлемі:

1) 1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (сөйлеуге дейінгі кезең) - 12 сағат;

а, у и, о, ы – 10 сағат;

м, т, н, л с, р, ш – 14 сағат;

к, п, б, г – 8 сағат.

Ескерту: әріптерді зерделеуге 2 сағат, қалған сағаттар мұғалімнің қалауы бойынша қайталауға бөлінеді.

2) 2-тоқсан:

д, з, ж - 6 сағат;

е, Ұ, в, й, ь, э, я, ю - 20 сағат;

х, ц, ч, щ, ф, ъ (бөлу) – 12 сағат.

Ескерту: әріптерді зерделеуге 2 сағат, е, Ұ, ю, я әріптерін зерделеуге – 3 сағат бөлінеді, қалған сағаттар мұғалімнің қалауы бойынша қайталауға бөлінеді. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.

10. Букварға дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;

2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

3) сөйлеу туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (дыбыс, буын, екпін, сөз, сөйлем);

4) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

5) жазуға дайындық кезеңінде - қолдың ұсақ моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).

6) тыңдай білуге және сұрақты түсінуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.

Ескерту: тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек.

11. Букварь кезеңінің міндеттері:

1) орыс әліпбиінің дыбыс пен әріптерін таныту, дыбыстардың айтылуына жаттықтыру;

2) дауысты және дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратуға жаттықтыру;

3) әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;

4) дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауға, жазуға, оқуға үйрету;

5) дұрыс, үзбей, буындап оқу дағдыларын қалыптастыру;

6) көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;

7) сөздік қорын байыту, өз ойын жеткізе білуге үйрету;

8) негізгі тыныс белгі түрлерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қолдана білуді қалыптастыру;

9) ұлттық рухани құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Ескерту: I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: букварьға дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, букварь кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

12. "Букварь" оқу пәнінің базалық білім мазмұны.

13. Тыңдалым мен айтылым:

1) мұғалімнің, өзге білім алушылардың сөзін тыңдай білу, тыңдалым мәнін түсіну, сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беруді қалыптастыру;

2) ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) дауысты және дауыссыз дыбыстарды; ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді; сөздерді буындарға бөлуді; дауысты дыбыстардың буын құрауын білу;

4) дыбыстың әріппен жазылуын; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/ сәйкес еместігін анықтау;

5) сөздік қорын байыту; сөзді тіркестіре білу, сөйлем және шағын мәтін (сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу) құрай білу;

6) сөз әдебінің формаларын қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу).

Ескерту: Тыңдалым материалының көлемі: 30 сек-1мин.

14. Оқылым:

1) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білу (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

2) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;

3) дыбыстардың дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөлінуін білу (артикуляциялық, акустикалық); дыбыс пен күйзелістің маңызды рөлін түсіну ([мал] - [мал], [замок] - [замок]), бір немесе бірнеше дыбыстармен ерекшеленетін сөздерді салыстыру;

4) сөйлемді (2-6 сөз), мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу;

5) буындап оқудан сөзді үзбей тұтас оқуға, одан әрі сөйлемдерді оқуға ауысу.

Ескерту: Оқуға берілген мәтіннің көлемі букварь кезеңінің басында 4-6 сөйлемнен, соңында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөздердің саны 2-6-дан аспауы керек.

15. Жазылым:

1) жазуға дайындық (дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу); парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу;

2) сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру;

3) көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу;

4) сөйлемнің басындағы сөзді бас әріптен жазу, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы, сөйлемнің соңына тыныс белгісін қою;

5) қарапайым сұрақтарға жазбаша жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру;

6) қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.

2-параграф. "Букварь" оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

16. Букварға дейінгі кезеңдегі күтілетін нәтижелер:

1) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсінеді;

2) сұрақты тыңдайды және оны түсінеді, сұрақтарға жауап береді;

3) сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын таниды;

4) сөзге дыбыстық талдау жасайды;

5) көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды;

6) коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдана алады;

7) дәптер бетінде берілген суреттерді бояйды, әріп элементтерін, үзік сызықтарды бастырып жүргізеді, жазады.

17. Букварь кезеңіндегі күтілетін нәтижелер:

1) дыбыс пен әріпті таниды, оларды бір-бірінен ажыратады;

2) мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөледі, жаңа үйренген дыбысты анықтайды;

3) дауысты дыбыстардың буын құрайтынын біледі, сөздегі буын санын анықтайды;

4) оқу түрлерін (буындап оқу, сөздерді тұтас оқу, мәнерлеп оқу) қолданады, түсініп оқиды;

5) дыбыстарды дұрыс дыбыстайды, оның мағына ажыратушы қызметін түсінеді;

6) сызба-модель, сурет белгілері бойынша сөз, сөйлем, шағын мәтін құрастырады;

7) дыбыс пен екпіннің мағыналық мәні мен рөлін түсінеді, дыбыспен ерекшеленетін бір немесе бірнеше сөздерді салыстырады;

8) тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды, өз ойын білдіреді;

9) мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қоя алады, сұраққа жауап береді;

10) сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгісін қояды;

11) айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді еске сақтап, естуі бойынша жазады;

12) көркем жазу талаптарына сай, жазу жолы, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріптің, әріптердің өзара байланыс элементтерін жазады;

13) ана тілін, Отанын, халқын, мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтей біледі;

14) еліміздің рәміздерін (Әнұран, Елтаңба, Ту) біледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
4-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Обучение грамоте" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Обучение грамоте" оқу пәнінің мақсаты – қарапайым грамматикалық түсініктерді қалыптастыра отырып, тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын меңгеру процесінде тұлғаның функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасау.

3. Қойылған мақсатқа жету үшін сауат ашу сабақтарында келесі міндеттерді жүзеге асыру қажет:

1) сөздерді оқу, мәтінді түсініп оқу, мәнерлеп және жылдам оқу дағдыларын дамыту ;

2) сөздік қорын байыту;

3) мәтінді мақсатты түрде түсіну арқылы білім алушылардың дұрыс оқу іс-әрекетін қалыптастыру;

4) оқуға және кітапқа деген қызығушылығын арттыру;

5) ақпаратты талдау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу қабілетін дамыту;

6) айналасындағыларға достық қарым-қатынасты қалыптастыру, сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

7) танымдық қызығушылықты қалыптастыру және өзінің сөйлеуін жетілдіруге ұмтылу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;

8) қоршаған әлемді тану арқылы оқылатын тілге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті арттыру;

9) коммуникативтік біліктері мен дағдыларын дамыту: әңгімелесушіні ести және тыңдай білу, диалог жүргізу және әркімнің өз көзқарасы болатынын түсіну, өз пікірін айқын және негіздей отырып жеткізу;

10) қойылған міндет пен оны іске асыру шарттарына сәйкес оқу іс-әрекеттерін жоспарлау, бақылау және бағалау іскерлігін қалыптастыру;

11) нәтижеге жетудің ең тиімді тәсілдерін анықтау;

12) оқу іс-әрекетінің сәттілік/сәтсіздік себептерін түсіне білуді қалыптастыру.

4. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлікте дамытылуы білім берудің "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", " ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне негіз болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының мінез-құлқы мен күнделікті іс-әрекетін ынталандыратын тұрақты жеке бағдарлары болуға бағытталған.

2-тарау. "Обучение грамоте" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. "Обучение грамоте" оқу пәнінің мазмұны

5. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 6 сағатты, II жартыжылдықта барлығы 102 сағатты құрайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Оқу пәнінің мазмұнын іріктеу бірліктері:

1) тіл бірліктері: мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс;

2) орыс тілінің кейбір грамматикалық құбылыстары;

3) орфографиялық және пунктуациялық нормалардың минимумы;

4) балалар көркем әдебиетінің туындылары.

7. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері 2-жартыжылдықта "Обучение грамоте" оқулығының көмегімен жүзеге асырылады.

8. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) тұтас сөзбен оқуға көшу, "іштей" оқи білуді қалыптастыру;

2) мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

3) байланыстырып сөйлеуді дамыту (мазмұндау, әңгімелеу, "ауызша суреттеу", суреттер, өзінің алған әсері бойынша әңгіме құрастыру);

4) каллиграфиялық және графикалық нормаларға сәйкес жазу дағдыларын дамыту;

5) ауыз әдебиеті мен көркем шығармалар арқылы ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеу;

6) тыңдалым, айтылым арқылы сөйлеу өнеріне баулу.

9. Базалық білім мазмұны.

10. Тыңдалым және айтылым (ауызша сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту):

1) мұғалім мен өзге білім алушылардың сөзін, аудио/бейнежазбаларды тыңдау, естігеннің мәнін түсіну, сұраққа дұрыс және нақты жауап беру; коммуникативтік мақсаттарға сай қарым-қатынас дағдыларын (топта қарым-қатынас жасау, диалогке қатысу, сахналау, рөлдік ойындар) дамыту, сөйлеу этикетінің сөздерін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорын кеңейту;

2) бейвербальді қарым-қатынас құралдарын қолдану (интонация, мимика, ым-ишара , қалып); сөйлеудің негізгі ережелерін сақтау (ырғақ, екпін, қарқын, кідіріс);

3) жаңылтпаштар, санамақтар, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтарды жатқа айту арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту;

4) берілген және қызықтырған тақырыптарға монолог және диалог түрінде өз ойын айтуды қалыптастыру, сурет, бақылағаны, көргені, басынан өткені және естігені/ оқығаны туралы әңгімелеу, басқа адамдардың әрекеттері мен басынан өткеніне қарым-қатынасын білдіру, өзінің эмоционалдық жай-күйін берудің әртүрлі тәсілдерін қолдану;

5) сюжеттік суреттер сериясына сүйене отырып және көмексіз ертегілерді айту, сюжеттік сурет бойынша және сюжеттік суреттер сериясы бойынша әңгімелер құрастыру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, мәтін картасына сүйене отырып және оған сүйенбей тыңдалған/оқылған мәтінді мазмұндау;

6) сөздің мәні мен мағынасын түсіну, сөздерді мақсатына қарай қолдану, сөздік қорын кеңейту арқылы тіл дамыту, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес айту, сөздегі екпінді дұрыс қою;

7) сөйлемдер мен шағын мәтіндер құрастыру;

8) тыңдалымға арналған материал көлемі: 30 сек. – 1 мин.

11. Оқылым (оқылым дағдыларын қалыптастыру, әліпби әріптерін үйрету):

1) фонетика және графика;

2) дыбыс – тілдің ең кіші бірлігі, сөз бен буынның дыбыстық құрылымы;

3) дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып жіктелуі (артикуляциялық, акустикалық, функционалдық аспектілер: дауыстылар еркін, дауыссыздар кедергімен

айтылады, дауыстылар үннен, дауыссыздар – үн мен ызыңнан жасалады (ұяң), тек ызың (қатаң), дауыссыздар тек дауысты дыбыстармен тіркесіп қана өз бетінше буын құрай алады: [и-р’ис], [а-ист]);

4) дауыссыз дыбыстардың жуан/жіңішке және ұяң/қатаң болып жіктелуі;

5) дауысты дыбыстардың әлсіз және күшті позициялары;

6) дыбыс пен екпіннің мағына ажыратушылық рөлі ([мал] – [м’ал], [з
á
мък] – [зам
ó
к]), бір немесе бірнеше дыбыспен ерекшеленетін сөздерді салыстыру;

7) сөздің дыбыстық құрамының бірлігін және оның лексикалық мәнін ұғыну;

8) дыбысты әріппен таңбалау, сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін /сәйкес еместігін, орыс тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтай отырып, сөздердің айтылуын анықтау;

9) буын – ең кіші айтылым бірлігі, сөздердің буындарға бөлінуі, екпінді және екпінсіз буынға бөлу;

10) сөздің графикалық дыбыстық моделінен схема-модельдегі дыбыстарды әріптермен белгілеуге көшу; дауысты әріпке бағдарланған сөздің дыбыстық-әріптік моделін "оқу" ;

11) дыбыстық және дыбыстық-әріптік талдау жүргізу;

12) дыбыс пен әріптерді ажырату (дыбыстарды естиміз және айтамыз, әріптерді көреміз, жазамыз, оқимыз);

13) сөздің дыбыстық формасын оның әріптік жазбасы бойынша (оқылым) және керісінше (жазылым) айту;

14) орыс графикасының позициялық принципін меңгеру, дауысты дыбыстардың (я, ю, е, Ұ, и) және ь әріптерінің көмегімен дауыссыз дыбыстардың жұмсақтығын белгілеу, я, ю, е, Ұ әріптерінің көмегімен [й'] дыбысын белгілеу;

15) я, ю, е, Ұ дыбыстарының қосарлы рөлі;

16) әріптердің белгілі бір бірізділігі ретінде орыс әліпбиімен танысу;

17) 2-6 сөзден тұратын сөйлемдерді, тұтас сөздерді оқуға және 4-8 сөйлемнен тұратын мәтіндерді дұрыс оқуға көшу арқылы әртүрлі құрылымдағы сөздерді бірқалыпты буындап оқуға үйрету, мұғалімнің сұрақтары бойынша мәтіндерден шағын үзінділерді іріктеп оқуды үйрету;

18) сөйлеудің интонациялық ұйымдастырылуына бақылау жасау (сөйлем соңындағы, сұраулы, лепті интонация);

Ескерту: көркем шығарма көлемі 0,5-1,5 беттен (сюжетті суретті қоса есептегенде); ғылыми танымдық мәтін көлемі 0,3-0,5 беттен аспауы керек.

19) тыныс белгілеріне сәйкес сөйлемдердің интонациясы: нүкте, үтір, сұрау және леп белгілері, бір сөйлемді екіншісінен бөлетін кідірісті сақтау;

20) сөздің мағынасын бақылау (мағынасы бойынша жақын және қарама-қарсы сөздер, көп мағыналы сөздер);

21) мәтіннің мазмұнын өз бетінше оқып-түсіну, әңгімелеу сипатындағы өзгерген мәтінді оқу, берілген басы мен соңы бойынша мәтін құрастыру, оқылған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;

22) әртүрлі жанрдағы мәтіндердің ерекшеліктерін анықтау, шығарманың тақырыбын, негізгі ойын анықтау;

23) мәтінді мәнерлеп оқу, оқылған мәтіннің мазмұнына қатынасын білдіру (ұнайды/ұнамайды, себебі...);

24) оқу тапсырмаларын орындау үшін қажетті ақпаратты іздеу (мұғалімнің жетекшілігімен);

25) мәтін, суреттер, схемалар, пиктограммалар, белгілер түрінде ұсынылған ақпаратты түсіну;

26) дауысты және дауыссыз дыбыстарды айту дағдыларын меңгеру, оқу кезінде тұтас сөздерді және мағыналық бірліктерді дұрыс екпінмен айту (орфоэпиялық оқу);

27) орфографиялық оқу – айтып тұрып жазу және көшіріп жазу кезінде өзін-өзі бақылау құралы;

28) оқу жылдамдығының нормасы: минутына 30-40 сөз (шылау, одағай, еліктеу сөздер жеке сөз ретінде саналады), бірінші жартыжылдықта оқу техникасы тексерілмейді.

12. Жазылым (жазылым дағдыларын қалыптастыру):

1) айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді айту арқылы жазу;

2) қолжазба және баспа мәтінінен сөйлемдерді, мәтінді арнайы ережелері бойынша көшіріп жазу;

3) пунктуация ережелерін ескере отырып, сөйлемдерді жазу: нүкте, сөйлем соңында леп сұрау белгілері, сөйлемде сөздерді бөлек жазу;

4) сөйлемнің басындағы бас әріп;

5) айтумен анықталмайтын сөздің әріптік жазудағы орын ретінде орфограмма туралы жалпы түсінік қалыптастыру;

6) дыбыстарды әріптермен белгілеуге байланысты емес орфограммалар: сөйлем басындағы, жалқы есімдердегі бас әріп, көмекші сөз бен сөз арасындағы босаралық, сөздерді жолдан келесі жолға буын арқылы тасымалдау, сөйлем соңындағы тыныс белгілері;

7) дыбыстарды әріптермен белгілеумен байланысты орфограммалар: ызыңнан кейінгі дауысты әріптер (жи-ши, ча-ща, чу-щу), -чк -чн,- чт, - щн әріп тіркестері, ь және ъ әріптері – айыру белгілері, екпінсіз дауысты дыбыстарды дұрыс жазу (екі буынды сөздер), сөздің соңында ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстарды дұрыс жазу;

8) сөз және сөйлем, "зат" және "сөз" ұғымдарын заттың атауы ретінде ажырату;

9) заттың, қоршаған орта құбылыстарының атын білдіретін сөздер, заттардың сынын білдіретін сөздер; заттың айту кезіндегі, айтқанға дейінгі, айтқаннан кейінгі іс-әрекетін білдіретін сөздер; бір затты, көп затты білдіретін сөздер, "ол", "олар" деген сөздерімен сәйкес келетін сөздер;

10) сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлем құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық үлгілерін құру;

11) жазба жұмыстардың көлемі: сөздік диктант – 4-5 сөз, диктант – 12-20 сөз, үйрету мазмұндамасы мәтінінің көлемі – 15-25 сөз, мәтінді көшіріп жазу – 15-20 сөзден артық емес, шығармашылық мәтіннің көлемі – 3-5 сөйлем (мұғалімнің көмегімен).

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

13. Бағдарламада оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші саны негізгі дағдылардың ретін, төртінші саны оқу мақсатының ретін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында: "1" – сынып, "2.1" – негізгі дағдылар, "1" – оқу мақсатының реті.

14. Оқу мақсаттарының жүйесі:

Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері) – тыңдалым және айтылым	
Бөлімшелер (негізгі дағдылар)	Оқу мақсаттары
1.1Бастапқы тілдік ұғымдарды (мәтін, сөйлем, сөз) түсіну	1.1.1.1 сөйлеу, мәтін, сөйлем, сөз, дыбыс туралы түсіну
1.2 Тыңдаған мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мәтінде кім, не туралы айтылғанын анықтау мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау және мәтін авторының не айтқысы келетінін түсіну
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 оқиғалар ретін сақтай отырып, тыңдалған материалды мазмұндау (мұғалімнің көмегімен)
1.4 Оқиғаны болжау	1.1.4.1 тақырып/аты және иллюстрациялар бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
1.5 Сөйлеу нормаларын сақтай отырып түрлі қарым-қатынас жағдайларына қатысу	1.1.5.1 сөйлеу этикетін қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, рұқсат сұрау, қоштасу)
1.6 Тыңдаушының назарын аудару	1.1.6.1 сөйлеуде сипаттау/салыстыру сөздерін, вербальді емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишара) қолдану, сөйлеудің мағынасын жеткізу үшін мәлімдеменің, сұрақтың, сезім білдірудің интонациясын сақтау
1.7 Өзінің бағалау пікірін айту	1.1.7.1 тыңдалған мәтінге пікірін білдіру, оны жай сөйлемдермен негіздеу
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрастыру	1.1.8.1 сюжеттік иллюстрация/суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастыру
	1.1.9.1 сөздегі дыбыстарды ажырату, олардың санын анықтау, олардың белгілерін ажырату (дауысты/ дауыссыз, екпінді/ екпінсіз дауысты, жіңішке/жуан дауыссыз, ұяң/қатаң дауыссыз); сөздің дыбыстық сызбасын жасау

1.9 Сөздің дыбыстық түрін бағдарлау	1.1.9.2 сөздердің буындардан тұратынын түсіну, сөздегі буындардың саны мен ретін анықтау, екпінді буынды анықтау және белгілеу
	1.1.9.3 дыбыстың буынның және екпіннің мағынаажыратушылық рөлін түсіну
	1.1.9.4 сөздегі йотты әріптердің қызметін түсіну
Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері) – оқылым	
Бөлімшелер (негізгі дағдылар)	Оқу мақсаттары
2.1 Оқылым түрлерін қолдану	1.2.1.1 сөз, сөйлем сызбасын оқу және құрастыру
	1.2.1.2 оқудың негізгі түрлерін қолдану (буындап оқудан сөздерді тұтас оқуға көшу, түсініп оқу)
2.2 Оқылған мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.2.2.1 мәтіннің тақырыбын, автордың ойын анықтау
2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау	1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау
2.4 Мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктердің рөлін түсіну	1.2.4.1 сөздердің мағыналарының жалпылануын ескере отырып, лексикалық мәні мен мағынасын түсіну (заттың атын/сынын/қимылын білдіретін сөздер), мағынасы жуық/қарама-қарсы/ көпмағыналы сөздер (мұғалімнің көмегімен)
2.5 Сұрақ қою және жауап беру	1.2.5.1 суреттерге/мәтінге сұрақтар қою (мұғалімнің көмегімен) және сұрақтарға жауап беру
2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын анықтау	1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, мәтіннің ерекшеліктері бойынша жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) анықтау
2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.2.7.1 мәтіндердің әліпбилік орналасу ретін пайдалана отырып, бір дереккөзден (сөздік, анықтамалық, балалар энциклопедиясы) ақпаратты табу
2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	1.2.8.1 мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) мәтіндерді салыстыру
2.9 Сөздердің графикалық түрін бағдарлау	1.2.9.1 әріпті тану және оны дыбыспен сәйкестендіру, сөздегі дыбыстар мен әріптердің алшақтығы туралы білу (йотты дауысты дыбыстары бар сөздер, ь бар сөздер)
	1.2.9.2 сөздегі позициясына байланысты әріптің қызметін түсіну (дауысты дыбыс дауыссыз дыбыстардың жіңішкелік/жуандық көрсеткіші ретінде)
	1.2.9.3 сөздегі ь, ъ белгілерінің рөлін түсіну
Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері) – жазылым	
Бөлімшелер (негізгі дағдылар)	Оқу мақсаттары
3.1 Мәтін жоспарын құру	1.3.1.1 суреттік жоспар, мәтіннің сызба- жоспарын құру және тақырып қою (мұғалімнің көмегімен)
3.2Тыңдалған/оқылған материалдың мазмұнын жазу	1.3.2.1 мұғалімнің көмегімен сурет, сызба, белгілерді қолдана отырып, тыңдалған/оқылған мәтіндердегі ақпаратты беру

3.3 Түрлі ұсыну формаларын пайдаланып, мәтін құру	1.3.3.1 сурет, белгі, сызба, тірек сөздерді қолдана отырып, берілген тақырыпқа жай сөйлемдер/ мәтіндер құрастыру/жазу
3.4 Түрлі жанрдағы мәтіндерді шығармашылықпен жазу	1.3.4.1 мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдер/ мәтіндер (хабарлама, құттықтау, хат) жазу
3.5 Жұмыстағы қателерді табу және түзету	1.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің, сөйлемдердің/мәтіннің жазылуын тексеру және қателерді түзету
3.6 Каллиграфиялық және графикалық нормаларды сақтау	1.3.6.1 әріптердің элементтерін, жазба (бас және кіші) әріптер мен олардың қосылыстарын жазу, каллиграфия нормаларына сәйкес анық жазу, жазуда күшті позицияның дыбыстарын әріптермен таңбалау
3.7 Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.7.1 жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар (вода, снег, пенал) сөздерді көшіріп жазу/жазу, тасымалдау ережелерін сақтау (мұғалімнің көмегімен)
	1.3.7.2 жи-ши/ча-ща/чу-щу/-чк-, -чн-/-нщ-, -шн- дұрыс жазу ережесін қолдану
	1.3.7.3 жалқы есімдерді, сөйлем басындағы сөздерді бас әріппен жазу (мұғалімнің көмегімен)
	1.3.7.4 сөздің соңында және ортасында жіңішкелік белгісі бар сөздерді жазу
3.8 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.8.1 жазбаша сөйлеуде заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату, пайдалану, оларды жекеше және көпше түрде өзгерту
3.9 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.9.1 сөйлемнің соңында тыныс белгілерін: нүкте, сұрау, леп белгілерін қою

15. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

16. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған " Обучение грамоте" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға (оқыту орыс тілінде) сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Обучение грамоте" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары (оқыту орыс тілінде)

3-тоқсан			
	1.1. 1.1 сөйлеу, мәтін, сөйлем, сөз, дыбыс туралы түсіну; 1.1. 2.1 мәтінде кім, не туралы айтылғанын анықтау мәтінде кім/не туралы айтылғанын		1. 3. 1. 1 суреттік жоспар, мәтіннің сызба-жоспарын құру және тақырып қою (мұғалімнің көмегімен);

Әліппеден кейінгі кезең	анықтау және мәтін авторының не айтқысы келетінін түсіну; 1.1. 4. тақырып/аты және иллюстрациялар бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1.1. 3.1 оқиғалар ретін сақтай отырып, тыңдалған материалды мазмұндау (мұғалімнің көмегімен); 1.1. 5.1 сөйлеу этикетін қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, рұқсат сұрау, қоштасу); 1.1. 6.1* сөйлеуде сипаттау/салыстыру сөздерін, вербальді емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишара) қолдану, сөйлеудің мағынасын жеткізу үшін мәлімдеменің, сұрақтың, сезім білдірудің интонациясын сақтау; 1.1. 7.1 тыңдалған мәтінге пікірін білдіру, оны жай сөйлемдермен негіздеу; 1.1. 8.1* сюжеттік иллюстрация/суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастыру; 1.1. 9.1 сөздегі дыбыстарды ажырату, олардың санын анықтау, олардың белгілерін ажырату (дауысты/ дауыссыз, екпінді/ екпінсіз дауысты, жіңішке/ жуан дауыссыз, ұяң/қатаң дауыссыз); сөздің дыбыстық сызбасын жасау; 1. . 9.2 сөздердің буындардан тұратынын түсіну, сөздегі буындардың саны мен ретін анықтау, екпінді	1.2. 1. сөз, сөйлем сызбасын оқу және құрастыру; 1.2. 1.2* оқудың негізгі түрлерін қолдану (буындап оқудан сөздерді тұтас оқуға көшу, түсініп оқу); 1.2. 2.1 мәтіннің тақырыбын, автордың ойын анықтау; 1.2. 3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау; 1.2. 5.1* суреттерге/ мәтінге сұрақтар қою (мұғалімнің көмегімен) және сұрақтарға жауап беру; 1.2. 6.1* мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, мәтіннің ерекшеліктері бойынша жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) анықтау; 1.2. 8.1* мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) мәтіндерді салыстыру; 1.2. 9.1 әріпті тану және оны дыбыспен сәйкестендіру, сөздегі дыбыстар мен әріптердің алшақтығы туралы білу (йотты дауысты дыбыстары бар сөздер, ь бар сөздер); 1.2. 9.2 сөздегі позициясына байланысты әріптің қызметін түсіну (дауысты дыбыс дауыссыз дыбыстардың жіңішкелік /жуандық көрсеткіші ретінде); 1. 2. 9. 3* сөздегі ь, ъ белгілерінің рөлін түсіну	1.3. 2.1 мұғалімнің көмегімен сурет, сызба, белгілерді қолдана отырып, тыңдалған/ оқылған мәтіндердегі ақпаратты беру; 1.3. 4.1* мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдер /мәтіндер (хабарлама, құттықтау, хат) жазу; 1. 3 . 5. 1 * мұғалімнің көмегімен сөздердің, сөйлемдердің/мәтіннің жазылуын тексеру және қателерді түзету; 1.3. 6.1* әріптердің элементтерін, жазба (бас және кіші) әріптер мен олардың қосылыстарын жазу, каллиграфия нормаларына сәйкес анық жазу, жазуда күшті позицияның дыбыстарын әріптермен таңбалау; 1.3. 7.1* жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар (вода, снег, пенал) сөздерді көшіріп жазу/ жазу, тасымалдау ережелерін сақтау (мұғалімнің көмегімен); 1. 3. 7. 3* жалқы есімдерді, сөйлем басындағы сөздерді бас әріппен жазу (мұғалімнің көмегімен); 1. 3. 7. 4* сөздің соңында және

	буынды анықтау және белгілеу; 1.1.9.3. дыбыстың буынның және екпіннің мағына ажыратушылық рөлін түсіну; 1.1. 9.4 сөздегі йотты әріптердің қызметін түсіну		ортасында жіңішкелік белгісі бар сөздерді жазу
4-тоқсан			
Әліппеден кейінгі кезең	1.1. 1.1 сөйлеу, мәтін, сөйлем, сөз, дыбыс туралы түсіну; 1.1. 2.1 мәтінде кім, не туралы айтылғанын анықтау мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау және мәтін авторының не айтқысы келетінін түсіну; 1.1. 3.1 оқиғалар ретін сақтай отырып, тыңдалған материалды мазмұндау (мұғалімнің көмегімен); 1.1. 4.1* тақырып/аты және иллюстрациялар бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1.1. 5.1 сөйлеу этикетін қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, рұқсат сұрау, қоштасу); 1.1. 6.1* сөйлеуде сипаттау/салыстыру сөздерін, вербальді емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишара) қолдану, сөйлеудің мағынасын жеткізу үшін мәлімдеменің, сұрақтың, сезім білдірудің интонациясын сақтау; 1.1. 7. тыңдалған мәтінге пікірін білдіру, оны жай сөйлемдермен негіздеу 1. 1. 8. 1* сюжеттік иллюстрация/суреттер	1.2. 1.2 оқудың негізгі түрлерін қолдану (буындап оқудан сөздерді тұтас оқуға көшу, түсініп оқу); 1.2. 2.1 мәтіннің тақырыбын, автордың ойын анықтау; 1.2. 3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау; 1.2. 4.1 сөздердің мағыналарының жалпылануын ескере отырып, лексикалық мәні мен мағынасын түсіну (заттың атын/сынын/ қимылын білдіретін сөздер), мағынасы жуық/ қарама-қарсы/ көпмағыналы сөздер (мұғалімнің көмегімен); 1.2.7. 1 мәтіндердің әліпбилік орналасу ретін пайдалана отырып, бір дереккөзден (сөздік, анықтамалық, балалар энциклопедиясы) ақпаратты табу	1.3. 3.1* сурет, белгі, сызба, тірек сөздерді қолдана отырып, берілген тақырыпқа жай сөйлемдер/мәтіндер құрастыру/жазу; 1.3. 4.1* мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдер /мәтіндер (хабарлама, құттықтау, хат) жазу; 1.3. 5.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің, сөйлемдердің/мәтіннің жазылуын тексеру және қателерді түзету; 1.3. 6.1 әріптердің элементтерін, жазба (бас және кіші) әріптер мен олардың қосылыстарын жазу, каллиграфия нормаларына сәйкес анық жазу, жазуда күшті позицияның дыбыстарын әріптермен таңбалау; 1.3. 7.1* жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар (вода, снег, пенал) сөздерді көшіріп жазу/ жазу, тасымалдау ережелерін сақтау (мұғалімнің көмегімен); 1.3. 7.2* жи-ши/ча-ща/ чу-щу/-чк-, -чн-/-нщ-, -шн- дұрыс жазу ережесін қолдану; 1.3. 7.3* писать заглавную букву в именах собственных, в начале предложения (с помощью учителя); 1.3. 7.4* сөздің соңында және ортасында

	топтамасы бойынша әңгіме құрастыру; 1. 1. 9. 1 сөздегі дыбыстарды ажырату, олардың санын анықтау, олардың белгілерін ажырату (дауысты/ дауыссыз, екпінді/ екпінсіз дауысты , жіңішке/жуан дауыссыз, ұяң/қатаң дауыссыз); сөздің дыбыстық сызбасын жасау		жіңішкелік белгісі бар сөздерді жазу; 1. 3. 8. 1* жазбаша сөйлеуде заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату, пайдалану, оларды жекеше және көпше түрде өзгерту; 1. 3. 9. 1 сөйлемнің соңында тыныс белгілерін: нүкте, сұрау, леп белгілерін қою Жүктеу

Ескертпе:

1) бір тоқсан ішінде оқу мақсаттары сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша біріктіріледі;

2) "*" белгісімен белгіленген оқу мақсаттарының бір бөлігін іске асыру ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
5-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Елипбә" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Елипбә" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) " Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны жалпыдидактикалық қағидаттар және А. Байтұрсынұлының әдістемелік қағидаттары негізінде айқындалды:

1) дыбыспен жаттығу;

2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;

3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;

4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

3. Әріпті таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды.

4. "Елипбә" оқу пәнінің мақсаты – әріп таныту, оқуға мен жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

5. "Елипбә" оқу пәнінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне бейімдеу;

2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін (сөйлеу) туралы қарапайым түсінік (ажырату, салыстыру, топтастыру және талдау) қалыптастыру;

3) дыбыс пен әріпті (баспа және жазба түрлері) үйрету;

4) оқу (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) және жазу дағдыларын қалыптастыру;

5) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру, сөздік қорын байыту;

6) ана тіліне, Отанына, халқына, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарай білуге үйрету, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіру.

2-тарау. "Елипбә" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Елипбә" оқу пәнінің мазмұны

6. "Елипбә" оқу пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

7. Оқу пәнінің мазмұны:

1) қазақ тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен;

2) негізгі тілдік бірліктерден (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

3) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

4) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен құралады.

8. "Елипбә" оқу пәнін оқыту екі кезең бойынша (әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат, әліппе кезеңі – 84 сағат) ұйымдастырылады.

9. "Елипбә" оқу пәнінің мазмұны I жартыжылдықта "Елипбә" оқулығы (әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдері) арқылы жүзеге асырылады.

10. Елипбәдегі әріптер мен әрбір әріптің дыбыстық мәнін, қарапайым тілдік ұғым мен түсініктерді меңгертудің реті мен көлемі:

1) 1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (әліппеге дейінгі кезең) – 12 сағат;

а, т, п, н, м, хуласә дәрис (2 с) – 12 саат;

р, у, л, о, с, д, и, й, қ, ш, е, хуласә дәрис (2 с) – 24 саат;

2) 2-чарәк: ә, к, б, ғ, з, ч, г, ң, ү, ө, хуласә дәрис (3 с) – 24 саат;

х, ж, h, я, Ұ, ф, ю, э, в, ц, щ, ?, ы, ь-ъ, алфавит – 2 сағ, бекіту (4 сағ) – 24 сағат.

Ескерту: ң – 3 сағат, я, ю, х, h, щ, в, э, ц, ф, ч, ь-ъ сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.

11. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;

2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

3) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

4) сөзге дыбыстық талдау жүргізу: сөздегі буын санын анықтау, сөз ішіндегі дыбыстарды екі, үш буынды сөзбен анықтау; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;

5) жазуға дайындық кезеңінде - қолдың ұсақ моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).

6) тыңдай білуге және сұрақты түсінуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.

Ескерту: тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек.

12. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) ұйғыр әліпбиінің дыбыс пен әріптерін таныту, дыбыстардың айтылуына жаттықтыру;

2) дауысты және дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратуға жаттықтыру;

3) әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;

4) дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауға, жазуға, оқуға үйрету;

5) дұрыс, үзбей, буындап оқу дағдыларын қалыптастыру;

6) көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;

7) сөздік қорын байыту, өз ойын жеткізе білуге үйрету;

8) негізгі тыныс белгі түрлерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қолдана білуді қалыптастыру;

9) ұлттық рухани құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Ескерту: I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай айқындайды. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

13. "Елипбә" оқу пәнінің базалық білім мазмұны.

14. Тыңдалым мен айтылым:

1) мұғалімнің, өзге білім алушылардың сөзін тыңдай білу, тыңдалым мәнін түсіну, сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беруді қалыптастыру; коммуникативтік мақсаттарына сәйкес қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

2) ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді; буын, сөзді буынға бөлу; дауысты дыбыстардың буын құрау дағдыларын қалыптастыру;

4) дыбыстың әріппен жазылуын; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/ сәйкес еместігін анықтау;

5) сөздік қорын байыту; сөзді тіркестіре білу, сөйлем және шағын мәтін (сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу) құрай білу;

6) сөз әдебінің формаларын қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу).

Ескерту: Тыңдалым материалының көлемі: 30 сек - 1мин.

15. Оқылым:

1) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білу (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

2) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;

3) ұйғыр тіліндегі жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ, г-ғ) ерекшеліктерін тану, өзге тілден енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

4) сөйлемді (2-6 сөз), мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу;

5) буындап оқудан сөзді үзбей, толық оқуға үйрету.

Ескерту: оқуға берілген мәтіннің көлемі әліппе кезеңінің басында 4-6 сөйлемнен, соңында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөздердің саны 2-6-дан аспауы керек.

16. Жазылым:

1) жазуға дайындық (дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу); парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу;

2) сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру;

3) көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу;

4) сөйлемнің басындағы сөзді бас әріптен жазу, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы, сөйлемнің соңына тыныс белгісін қою;

5) қарапайым сұрақтарға жазбаша жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру;

6) қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.

2 - параграф. "Елипбә" оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

17. Әліппеге дейінгі кезеңдегі күтілетін нәтижелер:

1) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсінеді;

2) сұрақты тыңдайды және оны түсінеді, сұрақтарға жауап береді;

3) сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын таниды;

4) сөзге дыбыстық талдау жасайды;

5) көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды;

6) коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдана алады;

7) дәптер бетінде берілген суреттерді бояйды, әріп элементтерін, үзік сызықтарды бастырып жүргізеді, жазады.

18. Әліппе кезеңіндегі күтілетін нәтижелер:

1) дыбыс пен әріпті таниды, оларды бір-бірінен ажыратады;

2) мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөледі, жаңа үйренген дыбысты анықтайды;

3) дауысты дыбыстардың буын құрайтынын біледі, сөздегі буын санын анықтайды;

4) оқу түрлерін (буындап оқу, сөздерді тұтас оқу, мәнерлеп оқу) қолданады, түсініп оқиды;

5) дыбыстарды дұрыс дыбыстайды, оның мағына ажыратушы қызметін түсінеді;

6) сызба-модель, сурет белгілері арқылы сөз, сөйлем, шағын мәтін құрастырады;

7) сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолданады;

8) тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды, өз ойын білдіреді;

9) мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қоя алады, сұраққа жауап береді;

10) сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгісін қояды;

11) айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді еске сақтап, естуі бойынша жазады;

12) көркем жазу талаптарына сай, жазу жолы, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріптің, әріптердің өзара байланыс элементтерін жазады;

13) ана тілін, Отанын, халқын, мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтей біледі;

14) еліміздің рәміздерін (Әнұран, Елтаңба, Ту) біледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
6-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Обучение грамоте" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны А. Байтұрсыновтың оқулықты жазу барысында басшылыққа алатын келесі принциптері негізінде анықталған:

1) қарапайымнан күрделіге, қарапайымнан күрделіге ауысу;

2) практикалық ізденістер арқылы өз бетінше білім алу.

3. "Обучение грамоте" оқу пәнінің мақсаты – қарапайым грамматикалық түсініктерді қалыптастыра отырып, тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын меңгеру процесінде тұлғаның функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасау.

4. Қойылған мақсатқа жету үшін сауат ашу сабақтарында келесі міндеттерді жүзеге асыру қажет:

1) сөздерді оқу, мәтінді түсініп оқу, мәнерлеп және жылдам оқу дағдыларын дамыту ;

2) сөздік қорын байыту;

3) мәтінді мақсатты түрде түсіну арқылы білім алушылардың дұрыс оқу іс-әрекетін қалыптастыру;

4) оқуға және кітапқа деген қызығушылығын арттыру;

5) ақпаратты талдау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу қабілетін дамыту;

6) айналасындағыларға достық қарым-қатынасты қалыптастыру, сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

7) танымдық қызығушылықты қалыптастыру және өзінің сөйлеуін жетілдіруге ұмтылу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;

8) қоршаған әлемді тану арқылы оқылатын тілге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті арттыру;

9) коммуникативтік біліктері мен дағдыларын дамыту: әңгімелесушіні есті және тыңдай білу, диалог жүргізу және әркімнің өз көзқарасы болатынын түсіну, өз пікірін айқын және негіздей отырып жеткізу;

10) қойылған міндет пен оны іске асыру шарттарына сәйкес оқу іс-әрекеттерін жоспарлау, бақылау және бағалау іскерлігін қалыптастыру;

11) нәтижеге жетудің ең тиімді тәсілдерін анықтау;

12) оқу іс-әрекетінің сәттілік/сәтсіздік себептерін түсіне білуді қалыптастыру.

2-тарау. "Обучение грамоте" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. "Обучение грамоте" оқу пәнінің мазмұны

	Жазылым	4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	2.4.1.1* заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, сөйлемді суретпен толықтырып жазу/постер құрастыру/берілген иллюстрация бойынша мәтін (3 сөйлемнен кем емес) құрау
		4.2 Тыңдаған/ оқыған/ көрген материалдың мазмұнын жазу	2.4.2.1* оқыған/аудио/ бейнематериалдың мазмұны бойынша жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сұраққа жауап (сөйлем) жазу
		4.5 Орфографиялық дағдыларын дамыту	2.4.5.1* ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптері кездесетін сөздерді анықтап, теріп жазу
			2.4.3.1* мұғалімнің қолдауымен сөйлем

		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және тиісті тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану
		4.4 Каллиграфиялық дағдыларды дамыту	2.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын, азат жолдың және тақырыптың өлшемін сақтап жазу
	Тілдік дағдылар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	2.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен заттың атын/ сынын/санын/ іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану
			2.5.1.2* мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі көптік/тәуелдік/ септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану
			2.5.1.3* мұғалімнің қолдауымен сөйлемдегі етістіктің шақ, рай формаларын ауызша сөйлеу тілінде қолдану
			2.5.1.4* мұғалімнің қолдауымен сөйлеу барысында сілтеу, сұрау есімдіктерін қолдану
			2.5.1.5* мұғалімнің қолдауымен үлгі бойынша жай сөйлемдегі сөз тіркестерінің байланысын түсіну және сақтау
4-тоқсан			
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	2.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздерден құралған қарапайым фразалардың мағынасын түсіну
			2.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1 -1,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға

	Тыңдалым	1.3 Тыңдаған аудио/ бейнематериалдың мазмұнын түсіну	жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау /сипаттау
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы мәліметтерді түсіну	2.1.4.1 тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну, мұғалімнің қолдауымен жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықтау
		1.5 Тыңдалым материалын болжау	2.1.5.1* мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздері, сөз тіркесі бойынша мазмұнын болжау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	2.2.1.1* өз сөзінде ақпаратты сұрау, іс-әрекетке түсініктеме беру үшін сөздер және сөз тіркестерін қолдану
		2.2 Берілген тақырып бойынша сөйлеу	2.2.2.1 сюжетті сурет негізінде сөйлеу (2-3 сөйлем)
		2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау	2.2.4.1* суретті жоспар және тірек сөздер/ сұрақтар негізінде шағын мәтінді мазмұндау
		2.6 Орфоэпиялық нормаларды сақтау	2.2.6.1* ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h дыбыстарын артикуляциялау
7. Қоршаған орта 8. Саяхат	Оқылым	3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	2.3.2.1 шағын мәтіндегі жиі қолданылатын сөздерден құрастырылған қарапайым фразалардың/ сөйлемдердің мағынасын түсіну
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	2.3.4.1* мәтіннің мазмұны немесе иллюстрация/постер бойынша қарапайым сұрақтар кім? не? қандай ? қанша? не істеді?) құрастыру және оған жауап беру
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	2.3.5.1*мұғалімнің қолдауымен сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу
			2.4.1.1* заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып,

	Жазылым	4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	сөйлемді суретпен толықтырып жазу/постер құрастыру/ берілген иллюстрация бойынша мәтін (3 сөйлемнен кем емес) құрау
		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.4.3.1* мұғалімнің қолдауымен сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және тиісті тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану
		4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	2.4.5.1* ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптері кездесетін сөздерді анықтап, теріп жазу
			2.4.5.2 сөзді буынға бөлу және мұғалімнің қолдауымен сөзді тасымалдап жазу
		4.2 Тыңдаған/ оқыған/ көрген материалдың мазмұнын жазу	2.4.2.1* оқыған/ аудио/ бейнематериалдың мазмұны бойынша жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сұраққа жауап (сөйлем) жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	2.5.1.2* мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі көптік/тәуелдік/ септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану
			2.5.1.3* мұғалімнің қолдауымен сөйлемдегі етістіктің шақ, рай формаларын ауызша сөйлеу тілінде қолдану
			2.5.1.4* мұғалімнің қолдауымен сөйлеу барысында сілтеу, сұрау есімдіктерін қолдану

3) 3-сынып

Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
			3.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, түсінгені

	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	бойынша қарапайым нұсқауларды орындау
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	3.1.2.1* баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну
		1.3 Тыңдаған аудио/ бейнематериалдың мазмұнын түсіну	3.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы мәліметтерді түсіну	3.1.4.1* тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану
		2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	3.2.2.1 берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем)
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	3.2.3.1* белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру
		2.4 Оқыған/ тыңдаған материлды мазмұндау	3.2.4.1* жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	3.2.5.1* оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі .) дәлелдеу

1. Жанды табиғат 2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	3.3.1.1* мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/ рөлге бөліп оқу
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	3.3.2.1 жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	3.3.3.1* мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату , баяндау/ сипаттау мәтіндерін анықтау
	Жазылым	4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	3.4.1.1* тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру
		4.2 Тыңдаған/ оқыған/ көрген материалдың мазмұнын жазу	3.4.2.1* оқыған/аудио/ бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу
		4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	3.4.5.1 жаңа сөздерді орфографиялық сөздіктерге сүйеніп дұрыс жазу
			3.4.5.2 дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді емлесін сақтап жазу
		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді қолдану
		4.5 орфографиялық нормаларды сақтау	3.4.5.1 орфографиялық сөздіктің көмегімен жаңа сөздерді дұрыс жазу
			3.4.5.2 б-п, қ-ғ, к-г дауыссыз дыбыстарымен сөздерді дұрыс жазу
			3.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен заттың атын/ сынын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша/жазбаша сөйлеу тілінде қолдану

	Тілдік дағдыларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	3.5.1.2* өз бетінше шағын мәтіннен көптік/ тәуелдік/ септік/ жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.4* мұғалімнің қолдауымен жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.5* үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің қолдауымен құрмалас сөйлем құрастыру
2-тоқсан			
	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	3.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, түсінгені бойынша қарапайым нұсқауларды орындау
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	3.1.2.1* баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну
		1.3 Тыңдаған аудио/ бейнематериалдың мазмұнын түсіну	3.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/ мазмұндау
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	3.1.5.1* тыңдаған фразаның алдындағы немесе кейінгі оқиғаны болжау
		2.1 Сөздік қорды толықтыру	3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану

3. Уақыт 4. Сәулет өнері	Айтылым	2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	3.2.2.1 берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем)
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	3.2.3.1* белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру
		2.6 Оқылған/ тыңдаған материал бойынша пайымдама жасау	3.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	3.3.1.1* мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/ рөлге бөліп оқу
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	3.3.4.1* мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру
		3.5 Түрлі дереккөздер ден қажетті ақпаратты алу	3.3.5.1* сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу және оны алу
	Жазылым	4.2 Тыңдаған/ оқыған/ көрген материалдың мазмұнын жазу	3.4.2.1* оқыған/аудио/ бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу
		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді қолдану
		4.4 Каллиграфиялық дағдыларды дамыту	3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын дамыту
		4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	3.4.5.1 жаңа сөздерді орфографиялық сөздіктерге сүйеніп дұрыс жазу
			3.4.5.2 дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін

			сөздердің емлесін сақтап жазу
	Тілдік дағдыларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	3.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен заттың атын/ сынын/санын/ іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.3* мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.4* мұғалімнің қолдауымен жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.5* үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің қолдауымен құрмалас сөйлем құрастыру
3-тоқсан			
	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	3.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, түсінгені бойынша қарапайым нұсқауларды орындау
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	3.1.2.1* баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну
		1.3 Тыңдаған аудио/ бейнематериалдың мазмұнын түсіну	3.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/ мазмұндау

		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы мәліметтерді түсіну	3.1.4.1* тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	3.1.5.1* тыңдаған фразаның алдындағы немесе кейінгі оқиғаны болжау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	3.2.3.1* белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру
		2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау	3.2.4.1* жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	3.2.5.1* оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу
5. Өнер		2.6 Орфоэпиялық нормаларды сақтау	3.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен және айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту
6. Атақты тұлғалар	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	3.3.1.1* мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/ рөлге бөліп оқу
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	3.3.3.1* мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату , баяндау/сипаттау мәтіндерін анықтау
			3.3.4.1* мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты

		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру
		3.5 Түрлі дереккөздер ден қажетті ақпаратты алу	3.3.5.1* сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу және оны алу
	Жазылым	4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	3.4.1.1* тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру
		4.2 Тыңдаған/ оқыған/ көрген материалдың мазмұнын жазу	3.4.2.1* оқыған/аудио/ бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу
		4.4 Каллиграфиялық дағдыларды дамыту	3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын дамыту
		4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	3.4.5.1 жаңа сөздерді орфографиялық сөздіктерге сүйеніп дұрыс жазу
	Тілдік дағдыларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	3.5.1.2* өз бетінше шағын мәтіннен көптік/ тәуелдік/септік/ жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.4* мұғалімнің қолдауымен жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.5* үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің қолдауымен құрмалас сөйлем құрастыру
4-тоқсан			
			3.1.2.1* баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен

	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну
		1.3 Тыңдаған аудио/ бейнематериалдың мазмұнын түсіну	3.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/ мазмұндау
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	3.1.5.1* тыңдаған фразаның алдындағы немесе кейінгі оқиғаны болжау
	Айтылым	2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	3.2.2.1 берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем)
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	3.2.3.1* белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру
		2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау	3.2.4.1* жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	3.2.5.1* оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу
	Оқылым	3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	3.3.2.1 жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	3.3.3.1* мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату , баяндау/сипаттау мәтіндерін анықтау
7. Су – тіршілік көзі			3.3.4.1* мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау

8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	3.3.5.1* сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу және оны алу
	Жазылым	4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	3.4.1.1* тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру
		4.2 Тыңдаған/ оқыған/ көрген материалдың мазмұнын жазу	3.4.2.1* оқыған/аудио/ бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу
		4.4 Каллиграфиялық дағдыларды дамыту	3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын дамыту
		4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	3.4.5.1 жаңа сөздерді орфографиялық сөздіктерге сүйеніп дұрыс жазу
	Тілдік дағдылар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	3.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен заттың атын/ сынын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша/жазбаша сөйлеу тілінде қолдану
			3.5.1.3* мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.4* мұғалімнің қолдауымен жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.5* үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің

			қолдауымен құрмалас сөйлем құрастыру

4) 4-сынып

Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	4.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну
		1.3 Тыңдаған аудио/ бейнематериалдың мазмұнын түсіну	4.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2 -2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы мәліметтерді түсіну	4.1.4.1* тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер , оқиға) және негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	4.2.1.1* берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану
		2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (сұхбат)	4.2.3.1* белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу

1. Менің Отаным – Қазақстан 2. Құндылықтар		2.6 Оқылған/ тыңдаған материал бойынша пайымдама жасау	4.2.6.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	4.3.1.1* мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/ белгі қойып оқу
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	4.3.4.1* мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру
	Жазылым	4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	4.4.1.1* шағын сюжетті комикс/буклет/коллаж/ жарнама/ презентацияны сөйлемдермен толықтыру
		4.5 Орфография лық дағдыларды дамыту	4.4.5.1 мұғалімнің қолдауымен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс жазу
		4.4 Каллиграфиялық дағдыларды дамыту	4.4.4.1 каллиграфиялық нормаларға сәйкес әріптердің өзара байланысын сақтап, бір сызықта көркем жазу
	Тілдік дағдылар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	4.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен шылауларды , көмекші сөздерді ажырату, ауызекі және жазба тілде қолдану
			4.5.1.2* көптік/тәуелдік/ септік/ жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.3* өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің грамматикалық категорияларын ауызекі және жазба тілде қолдану
			4.5.1.4* септік/жіктік формалардағы жіктеу

			есімдіктерін және септеулік шылауларды ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.5 *сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлем құрастыру
2-тоқсан			
	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	4.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну
		1.3 Тыңдаған аудио/ бейнематериалдың мазмұнын түсіну	4.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2 -2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/ сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/ кластер құрастыру/болжау
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	4.1.5.1* тыңдаған оқиға/ әңгіме бөліктерінің жалғасын болжау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	4.2.1.1* берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану
		2.2 Берілген тақырып бойынша ойды жеткізу	4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	4.2.3.1* белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу

		2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау	4.2.4.1* жоспар/ жазбаларын қолданып, мәтінді толық мазмұндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	4.2.5.1* шығарманың кейіпкері туралы пікірлерді (менің түсінігім бойынша, ... оның пікірінше, ... , оның айтуынша, ..., кейбір адамдардың ойынша, …) салыстыра отырып бағалау
		2.6 Орфоэпиялық нормаларды сақтау	4.2.6.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту
3. Мәдени мұра 4. Мамандықтар әлемі	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	4.3.1.1* мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/ шолып/ белгі қойып оқу
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	4.3.3.1* мәтіннің жанрын (мақал-мәтелдер, бата, аңыз, мысал, өсиет әңгімелердің) жанрлық ерекшеліктерін және көмекші сөздердің қолдауымен пайымдау мәтінін анықтау
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	4.3.4.1* мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	4.3.5.1* қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу
		4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	4.4.1.1* шағын сюжетті комикс/ буклет/ коллаж/ жарнама/ презентацияны сөйлемдермен толықтыру
		4.2 Тыңдаған/ оқыған/ көрген материалдың мазмұнын жазу	4.4.2.1* оқыған/аудио/ бейне материалдың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазу

	Жазылым	4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	4.4.5.1 мұғалімнің қолдауымен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс жазу
			4.4.5.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау
	Тілдік дағдылар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	4.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен шылауларды, көмекші сөздерді ажырату, ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.2* көптік/ тәуелдік/ септік/ жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.3* өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.4* септік/жіктік формалардағы жіктеу есімдіктерін және септеулік шылауларды ауызша/жазбаша тілде қолдану
3-тоқсан			
	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	4.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну
		1.3 Тыңдаған аудио/ бейнематериалдың мазмұнын түсіну	4.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2 -2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру
			4.1.4.1* тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның

		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы мәліметтерді түсіну	себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) және негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтау
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	4.1.5.1* тыңдаған оқиға/ әңгіме бөліктерінің жалғасын болжау
	Айтылым	2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	4.2.3.1* белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу
		2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау	4.2.4.1* жоспар/ жазбаларын қолданып, мәтінді толық мазмұндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдар негізінде ойды айту	4.2.5.1* шығарманың кейіпкері туралы пікірлерді (менің түсінігім бойынша, ... оның пікірінше, ... , оның айтуынша, ..., кейбір адамдардың ойынша, …) салыстыра отырып бағалау
		2.6 Орфоэпиялық нормаларды сақтау	4.2.6.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту
5. Табиғат құбылыстары 6. Қоршаған ортаны қорғау	Оқылым	3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	4.3.3.1* мәтіннің жанрын (мақал-мәтелдер, бата, аңыз, мысал, өсиет әңгімелердің) жанрлық ерекшеліктерін және көмекші сөздердің қолдауымен пайымдау мәтінін анықтау
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	4.3.4.1* мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (

			неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	4.3.5.1* қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу
	Жазылым	4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	4.4.1.1* шағын сюжетті комикс/ буклет/ коллаж/ жарнама/ презентацияны сөйлемдермен толықтыру
		4.2 Тыңдаған/ оқыған/ көрген материалдың мазмұнын жазу	4.4.2.1* оқыған/аудио/ бейне материалдың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазу
		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	4.4.3.1* сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгісін (үтір, қос нүкте)/қаратпа сөзден кейінгі сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану
		4.4 Каллиграфиялық дағдыларды дамыту	4.4.4.1 каллиграфиялық нормаларға сәйкес әріптердің өзара байланысын сақтап, бір сызықта көркем жазу
		4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	4.4.5.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау
	Тілдік дағдылар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	4.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен шылауларды, көмекші сөздерді ажырату, ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.2* көптік/тәуелдік/ септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.3* өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.4* септік/жіктік формалардағы жіктеу есімдіктерін және септеулік шылауларды

			ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.5* сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлем құрастыру
4-тоқсан			
	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	4.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру
		1.3 Тыңдаған аудио/ бейнематериалдың мазмұнын түсіну	4.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2 -2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру/болжау
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы мәліметтерді түсіну	4.1.4.1* тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер , оқиға) және негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтау
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	4.1.5.1* тыңдаған оқиға/ әңгіме бөліктерінің жалғасын болжау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	4.2.1.1* берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану
		2.2 Берілген тақырып бойынша ойды жеткізу	4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	4.2.3.1* белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу

7. Ғарышқа саяхат 8. Болашаққа саяхат		2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау	4.2.4.1* жоспар/ жазбаларын қолданып, мәтінді толық мазмұндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдарынегізінде өз ойын айту	4.2.5.1* шығарманың кейіпкері туралы пікірлерді (менің түсінігім бойынша, ... оның пікірінше, ... , оның айтуынша, ..., кейбір адамдардың ойынша, ...) салыстыра отырып бағалау
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	4.3.1.1* мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/ белгі қойып оқу
		3.5 Түрлі дереккөздер ден қажетті ақпаратты алу	4.3.5.1* қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу
	Жазылым	4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	4.4.1.1* шағын сюжетті комикс/ буклет/ коллаж/ жарнама/ презентацияны сөйлемдермен толықтыру
		4.2 Тыңдаған/ оқыған/ көрген материалдың мазмұнын жазу	4.4.2.1* оқыған/аудио/ бейне материалдың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазу
		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	4.4.3.1* сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгісін (үтір, қос нүкте)/қаратпа сөзден кейінгі сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану
		4.4 Каллиграфиялық дағдыларды дамыту	4.4.4.1 каллиграфиялық нормаларға сәйкес әріптердің өзара байланысын сақтап, бір сызықта көркем жазу
		4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	4.4.5.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау
			4.5.1.2*көптік/тәуелдік/ септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану

	Тілдік дағдылар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	4.5.1.3* өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/ жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.4* септік/жіктік формалардағы жіктеу есімдіктерін және септеулік шылауларды ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.5* сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлем құрастыру

Ескерту:

1) "*" – белгіленген оқу мақсаттарының бөлігі жүзеге асырылады;

2) "/" – белгісі оқу мақсатындағы бөліп қарастыруға болатын бөліктерді көрсетеді.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
12-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақ тілі" оқу пәнінің оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бастауыш мектепте "Қазақ тілі" оқу пәнін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.

3. "Қазақ тілі" оқу пәнін оқыту міндеттері:

1) тіл білімі бойынша бастапқы теориялық түсініктер беру;

2) сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту;

3) білім алушылардың сөздік қорын толықтыру және сөздің грамматикалық құрылысын меңгерте отырып, тілін дамыту және жетілдіру;

4) тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, қарым-қатынас жасау салалары мен түрлі жағдаяттарда өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру;

5) түрлі мәтіндер негізінде білім алушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастыру;

6) түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында сөйлеу этикетін қолдану;

7) ауызша және жазбаша сөйлеу нормалары мен тіл мәдениеті негіздерін меңгерту;

8) қарым-қатынас жасаудың түрлерін мақсатты түрде қолдануға, ойын жинақтауға, ауызша немесе жазбаша мәтіндерге сүйене отырып, өзіндік пайымдау жасауға үйрету.

4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", " ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

2-тарау. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұны

6. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

2) 3-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

3) 4-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша жазба жұмыстарының көлемі:

1) сөздік диктант – 2-сыныпта 5-7 сөз, 3-сыныпта 9-12 сөз, 4-сыныпта 12-15 сөз;

2) диктант – 2-сыныпта 25-30 сөз, 3-сыныпта 35-50 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз;

3) мазмұндама мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 40-60 сөз, 3-сыныпта 60-80 сөз, 4-сыныпта 80-100 сөз;

4) шығарма мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 25-35 сөз, 3-сыныпта 35-55 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз.

8. "Қазақ тілі" оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: сөйлеудің адам өміріндегі маңызы мен қажеттілігі; ауызекі және жазба тілде сөйлеу туралы түсінік; дауыс күші, сазы – ауызекі сөйлеудің мәнерлеуші құралдары; ауызекі сөйлеу кезіндегі қимыл мен ым-ишара; диалог; монолог;

2) сөйлеу мәдениеті: түрлі жағдаяттарға байланысты сұхбаттасын тыңдау, сөйлеу мәдениетін сақтау; амандасу жағдаятында қолданылатын сөздер; амандасу, өтініш білдіру, алғыс айту жағдаятын құрастыру;

3) фонетика: У дыбысы; сөз ішінде у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болып келуі; У әрпінің емлесі: дауыссыз дыбыстан кейін келген у әрпінің алдында ү, ұ дыбыстары естілгенімен, жазылғанда олардың орнына у-дың өзі ғана жазылатыны, дауысты ы, і әріптеріне аяқталған сөздерге у әрпі қосылғанда, ы, і әріптерінің түсіп қалатыны; И дыбысы. И – дауысты, й – дауыссыз дыбыс екені. И – дыбысының бірде жуан, бірде жіңішке болатыны; И, й әріптерінің емлесі; Я, ю әріптерінің жазылуы; дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіні; Б, п дыбыстары; Б және п әріптерінің емлесі; Қ, ғ және к, г дыбыстары; Қ, к дыбыстарына аяқталған сөздерге дауысты ы, і дыбыстары жалғанса, олардың ғ, г дыбыстарына айналуы; Л, р дыбыстары . Л, р әріптерінің емлесі. Н, ң дыбыстары; олардың бір-бірінен айырмашылығы және емлесі; сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту: бүгін – бүгүн, түтін – түтүн, көсек – көсөу);

4) мәтін, мәтін туралы түсінік: жеке сөйлемдерден мәтіннің өзгешелігі; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтінге, сюжетті суреттерге ат қою; тақырып (мәтіннің аты), тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау; тыңдаған мәтін бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу; тыңдаған мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; тыңдалған материалға өз пікірін білдіру; оқыған мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру және жауап беру; берілген тірек сөздерді қолданып ауызша әңгіме құрау;

5) мәтіннің құрылымы (басы, ортасы (негізгі), соңы (қорытынды) туралы ұғым: негізгі ойды беру формасы сөйлем; мәтіндегі азат жолдың рөлі; мәтіндегі сөйлемдердің байланысы; дұрыс құрылмаған мәтінді қайта құру;

6) мәтін түрлері: әңгімелеу, сипаттау, пайымдау: заттар мен құбылыстар туралы әңгімелеу, сипаттап айту; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

7) сөйлем: сөйлем туралы түсінік; сөйлемнің мәтіннен өзгешелігі; тұтас мәтінді сөйлемдерге бөлу, сөйлемдердің ара жігін ажырату; айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлері: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем; сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер (нүкте, сұрау, леп белгісі);

8) сөйлемдегі сөздердің байланысы: сұрақ қою арқылы сөйлемнің ішінен бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу; сөздердің орналасу тәртібін ескере отырып, сөздерден сөйлем құрау; сұрақ бойынша сөйлемді толықтырып жазу; үлгі, сызба, суреттер бойынша сөйлем құрап жазу; дұрыс құрылмаған сөйлемді түзеп, қайта жазу;

9) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы түсінік; мәтіндегі синоним, антоним, омоним сөздердің мағыналарын ажырата білу; берілген тақырып,

сұрақ бойынша қажетті ақпараттарды іріктеп алу үшін дереккөздерді (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) қолдана білу;

10) сөз құрамы: сөздің түбірі мен қосымшасы туралы алғашқы түсінік; түбір мен қосымшаның бір-бірінен айырмашылығы; қосымша түрлері: жұрнақ пен жалғау, олардың белгіленуі;

11) сөз таптары: заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздер туралы түсінікті қайталау; сөз табы туралы түсінік; зат есім, оның мағынасы, сұрақтары; жалқы есім және жалпы есім; жалқы есімнің жазылу емлесі; зат есімнің жекеше және көпше түрлері; зат есімнің көпше түрін сөз құрамына талдау, көптік жалғаулары, оларды дұрыс қолдану; етістік, оның анықтамасы, сұрақтары; дара және күрделі етістіктер; сын есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сын есіммен зат есімнің байланысы; дара және күрделі сын есімдер; сан есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сан есімнің зат есіммен байланысып айтылуы; дара және күрделі сан есімдер;

12) шығармашылық жұмыс: оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдарға байланысты сұрақтар мен жоспар бойынша мазмұндама жазу; тірек сөздерді, суреттерді пайдаланып постер құрастыру; жеке сурет немесе сюжетті суреттер негізінде шағын сипаттау, әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу; үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама және нұсқаулық жазу; құраған мәтінінде жіберілген қателерді (орфографиялық, пунктуациялық, әріптік) мұғалімнің көмегімен тауып түзету; дұрыс құрылмаған мәтінді түзеп, қайта жазу; жазба жұмыстарын каллиграфиялық талаптарға сай жазу;

13) жыл бойы өткенді қайталау.

9. "Қазақ тілі" оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: ауызекі және жазба тілде сөйлеу ерекшеліктері;

2) сөйлеу мәдениеті: түрлі жағдаяттағы қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл мен ым-ишара, қаратпа сөздерді қолдана отырып,тыңдарманның назарын аудару; өзгенің пікіріне өз көзқарасын білдіруде тілдік және этикалық нормаларды сақтау;

3) мәтін: мәтін туралы 2-сыныпта өтілгенді қайталау; көмекші сөздердің көмегімен әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтін түрлерін және құрылымдық бөліктерін анықтау; мәтіннің тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; мәтіндерге салыстырмалы талдау; ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін салыстыру;

4) тыңдалған мәтін бойынша тірек сөздерді белгілеу; ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; берілген тақырып пен суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; берілген мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздерді, жоспарды пайдаланып ауызша әңгіме құрау;

5) қаратпа сөз, оның тыныс белгісі; қыстырма сөз, оның тыныс белгісі;

6) фонетика: дыбыс туралы 2-сыныпта өткенді қайталау; э, е, ф, в, ц, ч, ш, щ дыбыстарының ерекшеліктерін меңгерту; бұл дыбыстарды дұрыс айтып, сауатты жазуға дағдылану; в, ф дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктерін салыстыру; Ч, щ дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктері; Х, h дыбыстары, олардың айтылу ерекшеліктері; Х, h дыбыстарына қатысты сөздердің емлесі; сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл);

7) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы берілген білімді еске түсіру; сөз мағыналарымен жұмыс: сөз өзінің тура мағынасынан басқа ауыспалы мағынада қолданылатынын және бір сөздің бірнеше мағынада жұмсалатынын байқау; мәндес және қарама-қарсы мағыналы сөздер; тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын мәнмәтінде түсіну, сөйлеу барысында пайдалану; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) берілген тақырып, сұрақ бойынша алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау;

8) сөз құрамы: сөз құрамы жайында 2-сыныпта өтілген ұғымдарды қайталау; түбір сөз және туынды сөз; туынды сөз жасайтын жұрнақтар; түбірлес сөздер; қосымшалардың емлесі: буын үндестігін сақтау, қосымша жалғанғанда кейбір сөздердің соңғы дыбысының өзгеруі немесе түсіп қалуы туралы түсінік;

9) сөйлем: сөйлем туралы 2-сыныпта берілген білімді қайталау; сөйлем мүшелері; тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер; бастауыш пен баяндауыштың байланысы; бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша; жалаң және жайылма сөйлем; үлгі сызба, сұрақ бойынша сөйлем құрау;

10) сөз таптары: сөз таптары туралы берілген ұғымды қайталау; зат есім туралы 2-сыныпта өтілген материалды еске түсіру; негізгі және туынды зат есім; туынды зат есім жасайтын жұрнақтар; зат есімнің тәуелденуі; тәуелдік жалғау, оның жекеше және көпше түрлері; тәуелдік жалғаудың емлесі; етістік туралы берілген білімді еске түсіру, негізгі және туынды етістік, болымды және болымсыз етістік; сөз таптары; сын есім жайында берілген білімді еске түсіру, негізгі және туынды сын есімдер; салыстырмалы шырай жұрнақтарымен таныстыру; сан есім туралы берілген білімді еске түсіру; есептік және реттік сан есімдер;

11) шығармашылық жұмыс: жоспар немесе сызба негізінде тірек сөздерді қолданып әңгімелеу, салыстыра сипаттау және көмекші сөздерді қолданып пайымдау мәтіндерін құрап жазу; оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама жазу; сызба, график, кесте, фотосуреттер қолданып мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық, презентация) құрастырып жазу; өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян жазу; жіберілген қателерді (пунктукациялық, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық) тауып, орфографиялық сөздік пен анықтамалық арқылы түзету;

12) жыл бойы өткенді қайталау.

10. "Қазақ тілі" оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: ауызекі және жазба тілде сөйлеу туралы түсініктерін кеңейту; тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып монолог құрау;

2) сөйлеу мәдениеті: сөйлеу мақсаты мен ортасына сәйкес белгілі бір тақырып аясында диалог құру; сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, сезімі мен көңіл күйіне әсерін ескеру; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл мен ым-ишара, және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру;

3) фонетика: буын үндестігі туралы ұғым қалыптастыру: дауысты дыбыстардың сөз ішінде жуан-жіңішкелігіне қарай үндесіп айтылуы және жазылуы; дыбыс үндестігі туралы түсінік; сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану: түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы қатаң болып келетіні, түбірдің соңғы дыбысы ұяң немесе үнді болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да ұяң не үнді болып сәйкестенуі, дауысты дыбыстың әсерінен түбірдің соңындағы қатаң дыбыстың ұяң не үнді болып өзгеруі;

4) мәтін: мәтін түрлері (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) туралы берілген ұғымды кеңейту; мәтіннің құрылымын талдау; мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; пайымдаудың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін (түсіндіру, дәлелдеу, қорытынды) анықтау; мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; мәтіндерді салыстырмалы талдау: бір тақырыпта түрлі жанрда берілген мәтіндерді салыстыру;

5) тыңдалған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту; берілген мәтіннің тақырыбы мен диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу; аудио-бейне жазба мазмұнын өзіндік бағалау;

6) сөз тіркесі, сөйлем: сөйлемге қатысты өтілгенді қайталау; сөйлемдегі сөз тіркестерін табу; сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгісі; жай және құрмалас сөйлем; құрмалас сөйлемді сызба бойынша құрау; құрмалас сөйлемнің тыныс белгісі;

7) диалогте қолданылатын тыныс белгілер;

8) күрделі сөз туралы жалпы түсінік: біріккен сөз; біріккен сөздің жасалуы және оның жиі кездесетін түрлері; қос сөз және олардың жасалуы; қос сөздердің мәні және емлесі; қысқарған сөз; қысқарған сөздердің жасалуы және олардың емлесі; бірігу, қосарлану, тіркесу жолымен туынды сөздер жасау;

9) сөз және оның мағынасы: тұрақты сөз тіркестері туралы түсінік беру; мәнмәтінде тұрақты сөз тіркестері мен көпмағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну,

сөйлеу барысында қолдану; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) берілген тақырыпты, қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау;

10) сөз таптары: зат есім туралы өтілгенді қайталау, зат есімнің септелуі; септік жалғауының аттары мен септелуі; септік жалғауының емлесі; тәуелденген сөздердің септелуі; көптік жалғаулы сөздердің септелуі; зат есімнің жіктелуі; жіктік жалғаулары, олардың жекеше, көпше түрлері; етістік, туралы өтілгенді қайталау; етістік, оның жіктелуі; жекеше және көпше жіктеу үлгілері; етістіктің шақтары: осы шақ, өткен шақ, келер шақ; сын есім; қарсы мәндес сын есімдер; сан есім, дара және күрделі сан есімдер , емлесі; есімдік туралы жалпы түсінік; жіктеу есімдіктері, олардың септелуі; үстеу туралы түсінік; шылау туралы түсінік, олардың мәні; шылау мен шылау тұлғалас қосымшалардың жазылуы; одағай сөздер және олардың емлесі; еліктеуіш сөздер туралы түсінік; олардың мәні мен емлесі;

11) шығармашылық жұмыс: оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама және тірек сөздерді қолданып эссе жазу; берілген тақырыпта әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу; түрлі стильде мәтін жазу; қабырға газетіне мақала, жарнама, жаңалық жазу; мінездеме жазу; жіберілген қателерді (пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық) анықтап, орфографиялық сөздік пен анықтамалық арқылы түзету;

12) жыл бойы өткенді қайталау.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 2.2.1.1 кодында: "2" – сынып, "2.1" – бөлім мен бөлімше, "1" – оқу мақсатының реттік саны.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	"Тыңдалым және айтылым" бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру	4.1.1.1 тыңдаған материал бойынша негізгі тұстарын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту
1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау	4.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу

1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау
1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру	3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру
1.6 Тыңдарманның назарын аудару	2.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, тақырыпқа (Сіз қалай ойлайсыз? Сіз не ұсынар едіңіз?) назарын аударту	3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту	4.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру
1.7 Дыбыстарды, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	2.1.7.1 сөз ішінде дауысты дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (бүгін-бүгүн, түтін – түтүн, көсеу – көсөу)	3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл)	4.1.7.1 сөз ішіндегі және сөз бен сөздің арасындағы буын, дыбыс үндестігін сақтап айту
Бөлімше (түйінді дағдылар)	"Оқылым" бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	2.2.1.1 сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/ пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау	3.2.1.1 тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу , сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау	4.2.1.1 мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/ пайымдау) және олардың құрылымдық бөліктерін анықтау
2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	2.2.2.1 синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану	3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану	4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар	4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар

2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	сұрақтар құрастыру және жауап беру	құрастыру және жауап беру	құрастыру және жауап беру
2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау
2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1 дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу	3.2.5.1 берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алынған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау	4.2.5.1 дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау
2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу	3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін), жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу	4.2.6.1 белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін (мақала, репортаж, жаңалық, өмірбаян, мінездеме, жарнама, хабарландыру) салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
Бөлімше (түйінді дағдылар)	Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу	2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет, сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу	3.3.1.1 жоспарда сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу, мәтінін салыстыра сипаттау, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу	4.3.1.1 берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу
3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	2.3.2.1 үлгі бойынша қарапайым хабарландыру , хабарлама жазу	3.3.2.1 өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян, хабарландыру жазу	4.3.2.1 тірек сөздерді қолданып, белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу
3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды	2.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен	3.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша	4.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып,

материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу	мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу	мазмұндама/ тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу
3.4 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру	3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер пайдаланып, мәтінді (хат, шақыру, нұсқаулық) құру /компьютерде теру	4.3.4.1 мәтінді құруда (жаңалық, репортаж, жарнама) сызба, график, кесте, фото және диаграмманы қолмен сызу/компьютерде теру
3.5 Қатені табу және түзету	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету және құраған сөйлемін толықтыру	3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету	4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау
3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу	3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету	4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау, жазу техникасын жетілдіру
3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.3.7.1 сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану	3.3.7.1 қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою	4.3.7.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою
		3.3.7.2 мұғалім көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қою	4.3.7.2 сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырату және тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қою
			4.3.7.3 диалогке тән тыныс белгілерді қою
Бөлімше (түйінді дағдылар)	Тілдік нормалардың қолданысы бөлімі бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
	2.4.1.1 я, ю әріптерінің емлесін сақтап жазу	3.4.1.1 э, ф, в, ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу	4.4.1.1 сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану
	2.4.1.2 у, и, й әріптерінің емлесін сақтап жазу	3.4.1.2 түбір сөздегі -ы, -і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған	

4.1 Сөздердің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын сақтау		кездегі өзгерісін сақтап жазу	4.4.1.2 сөзге қосымшалар жалғауда буын үндестігін ескеріп қолдану
	2.4.1.3 дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді, ұяң) ажырату және дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу	3.4.1.3 ч, щ әріптері бар сөздердің емлесін білу	4.4.1.3 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді анықтап жазу
	2.4.1.4 дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу	3.4.1.4 x, h әріптері бар сөздерді ажыратып жазу	
4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату	3.4.2.1 негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату	4.4.2.1 күрделі сөздердің түрлерін ажырата алу (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз)
	2.4.2.2 көптік жалғауларды дұрыс қолдану	3.4.2.2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу	4.4.2.2 жіктік жалғауларының қолданысын білу
	2.4.2.3 сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату	3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу	4.4.2.3 зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу
	2.4.2.4 зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтау	3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау	4.4.2.4 жіктеу есімдіктерін септей алу
	2.4.2.5 дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім / етістікті анықтау	3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау	4.4.2.5 үстеуді мағынасына қарай ажырату, етістікпен байланыстырып, сөйлемде қолдану
	2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу	3.4.2.6 есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтау	4.4.2.6 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау
		3.4.2.7 сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату	4.4.2.7 сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын шылауларды (және, себебі, мен, пен) қолдану
		3.4.2.8 мұғалімнің көмегімен жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату	4.4.2.8 сөйлемде одағай, еліктеуіш сөздерді ажырату және қолдану
			4.4.2.9 етістікті тиісті шақта (өткен шақ, келер шақ, осы шақ) қолдану

13. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

14. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға (оқыту қазақ тілінде) сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар (оқыту қазақ тілінде)

1) 2-сынып:

Ортақ тақырып	Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрі)	Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары **
1-тоқсан			
	Тыңдалым және айтылым	1.1Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау
		1.6 Тыңдарманның назарын аудару	2.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, тақырыпқа (Сіз қалай ойлайсыз? Сіз не ұсынар едіңіз?) назарын аударту
		1.7 Дыбыстарды, сөздерді, орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	2.1.7.1 сөз ішінде дауысты дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (бүгін – бүгүн, түтін – түтүн, көсеу – көсөу)
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
			2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің

1. Өзім туралы 2. Менің отбасым және достарым	Оқылым	2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу
			2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру
		3.5 Қатені табу және түзету	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құрастырған сөйлемін толықтыру
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.1 Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	2.4.1.1* я, ю әріптерінің емлесін сақтап жазу
			2.4.1.2* у, и, й әріптерінің емлесін сақтап жазу
			2.4.1.3* дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, ұяң, үнді) ажырату және дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу
			2.4.1.4* дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу

2-тоқсан			
3. Менің мектебім 4. Менің туған өлкем	Тыңдалым және айтылым	1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру
	Оқылым	2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/ сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.3.1 мәтін мазмұнынанықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы жәненегізгі ойды анықтау	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу
		2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу
			2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет/сюжетті

		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу
			2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, шағын мәтін жазу
		3.4 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
		3.5 Қатені табу және түзету	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құраған сөйлемін толықтыру
		3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу
3-тоқсан			
		1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру
		1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау

5. Дені саудың жаны сау 6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Тыңдалым және айтылым	1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау
		1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны туралы өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру
		1.6 Тыңдарманның назарын аудару	2.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, тақырыпқа (Сіз қалай ойлайсыз? Сіз не ұсынар едіңіз?) назарын аударту
	Оқылым	2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
		2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	2.2.2.1* синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу
		2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу

	Жазылым	3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	2.3.2.1* үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу
		3.5 Қатені табу және түзету	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құрастырған сөйлемін толықтыру
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату
			2.4.2.2 көптік жалғауларын дұрыс қолдану
			2.4.2.3* сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату
			2.4.2.4 зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтау
			2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау
4-тоқсан			
	Тыңдалым және айтылым	1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу

		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау
		1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру
	Оқылым	2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/ сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
7. Қоршаған орта 8. Саяхат		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу
	Жазылым	3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу	2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет, сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу
		3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	2.3.2.1* үлгі бойынша қарапайым хабарландыру , хабарлама жазу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	2.3.3.1* мұғалімнің көмегімен оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу

		3.5 Қатені табу және түзету	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құраған сөйлемін толықтыру
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.1Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	2.4.1.4* дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу
		4.2Грамматикалық нормаларды сақтау	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату
			2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/ сан есім/етістікті анықтау

2) 3-сынып:

Ортақ тақырып	Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрі)	Бөлімше (дағды)	Оқу мақсаттары **
1-тоқсан			
	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру
		1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау
			3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік

		1.6 Тыңдарманның назарын аудару	құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту
1. Жанды табиғат 2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	Оқылым	2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	3.2.1.1* тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау
	Жазылым	3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу	3.3.1.1* жоспар, сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін, салыстыра сипаттау мәтінін, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	3.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу
			3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және

		3.5 Қатені табу және түзету	стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету
		3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау	3.3.7.1* қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.1 Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	3.4.1.1* э, ф, в, ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу
			3.4.1.3* ч, щ әріптері бар сөздердің емлесін білу
			3.4.1.4* х, h әріптері бар сөздерді ажыратып жазу
2-тоқсан			
	Тыңдалым және айтылым	1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.5Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру
		1.6 Тыңдарманның назарын аудару	3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту
		1.7 Сөздерді, дыбыстарды	3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара

		орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл)
3. Уақыт 4. Сәулет өнері	Оқылым	2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы жәненегізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау
		2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін/жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу
		3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	3.3.2.1 өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян, хабарландыру жазу
		3.4 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну	3.3.4.1* мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер пайдаланып, мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық) құру /компьютерде теру
			3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық,

	Жазылым	3.5 Қатені табу және түзету	грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету
		3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау	3.3.7.2 мұғалім көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қою
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.1 Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	3.4.1.2 түбір сөздегі -ы, -і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазу
		4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	3.4.2.1* негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату
			3.4.2.7* сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату
			3.4.2.8 мұғалімнің көмегімен жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату
3-тоқсан			
	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру
		1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
			3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде

		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау
		1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру
	Оқылым	2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы жәненегізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау
5. Өнер 6. Атақты тұлғалар		2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін, жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу
		3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу	3.3.1.1* жоспар, сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін, салыстыра сипаттау мәтінін, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу

	Жазылым	3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	3.3.2.1 өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян, хабарландыру жазу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	3.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу
		3.4 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну	3.3.4.1* мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттермен мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық) құрастыру/ компьютерде теру
		3.5 Қатені табу және түзету	3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	3.4.2.2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу
			3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу
			3.4.2.4* негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау
			3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау
			3.4.2.6 есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтау
4-тоқсан			
			3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек

	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру
		1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау
			3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу/келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру
			3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту
7. Су – тіршілік көзі 8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер	Оқылым	2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы жәненегізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау
			3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша

		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау
	Жазылым	3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	3.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу
		3.4 Мәтінді түрлі формада ұсыну	3.3.4.1* мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер пайдаланып, мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық) құру /компьютерде теру
		3.5 Қатені табу және түзету	3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	3.4.2.1* негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату
			3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау

3) 4-сынып:

Ортақ тақырып	Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрі)	Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары **
1-тоқсан			
			4.1.1.1 тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу

1. Менің Отаным – Қазақстан 2. Құндылықтар	Тыңдалым және айтылым	1.1Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту
		1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	4.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау
		1.7 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	4.1.7.1 сөз ішіндегі және сөз бен сөздің арасындағы буын, дыбыс үндестігін сақтап айту
	Оқылым	2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	4.2.1.1* мәтін түрлерін (әңгімелеу/ сипаттау/ пайымдау) және олардың құрылымдық бөліктерін анықтау
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау
		2.6 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	4.2.5.1* дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау
			4.3.1.1 берілген тақырып бойынша әңгімелеу,

		3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу	сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	4.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу
	Жазылым	3.5 Қатені табу және түзету	4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау және жазу техникасын жетілдіру
		3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау	4.3.7.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.1Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	4.4.1.1 сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану
			4.4.1.2 сөзге қосымшалар жалғауда буын үндестігін ескеріп қолдану
			4.4.1.3 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді анықтап жазу
2-тоқсан			
		1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	4.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу

3. Мәдени мұра 4. Мамандықтар әлемі	Тыңдалым және айтылым	1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау
		1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру
		1.6 Тыңдарманның назарын аудару	4.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру
	Оқылым	2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	4.2.5.1* дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау , бағалау
		2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	4.2.6.1 белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін (мақала, репортаж, жаңалық, өмірбаян, мінездеме, жарнама, хабарландыру) салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау

	Жазылым	3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	4.3.2.1 тірек сөздерді қолданып белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	4.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу
		3.5 Қатені табу және түзету	4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау, жазу техникасын жетілдіру
		3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау	4.3.7.2 сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырату және тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қою; 4.3.7.3 диалогке тән тыныс белгілерді қою
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	4.4.2.1* күрделі сөздердің түрлерін ажырата алу (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз)
			4.4.2.6 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау
3-тоқсан			
		1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	4.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу

	Тыңдалым және айтылым	1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау
		1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру
		1.6 Тыңдарманның назарын аудару	4.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру
	Оқылым	2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы жәненегізгі ойды анықтау	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау
5. Табиғат құбылыс тары 6. Қоршаған ортаны қорғау		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	4.2.5.1* дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау , бағалау
		2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	4.2.6.1 белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін (мақала, репортаж, жаңалық, өмірбаян, мінездеме, жарнама, хабарландыру) салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау

	Жазылым	3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу	4.3.1.1 берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрастырып жазу
		3.4 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну	4.3.4.1* мәтінді құруда (жаңалық, репортаж, жарнама) сызба, график, кесте, фото және диаграмманы қолмен сызу/компьютерде теру
		3.5 Қатені табу және түзету	4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын қазақ тілінің пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	4.4.2.3* зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу
			4.4.2.2 жіктік жалғауларының қолданысын білу
			4.4.2.4 жіктеу есімдіктерін септей алу
4-тоқсан			
	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	4.1.1.1 тыңдаған материал бойынша негізгі тұстарын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау
		1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру
			4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар

	Оқылым	2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы жәненегізгі ойды анықтау	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	4.2.5.1* дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау , бағалау
7. Ғарышқа саяхат 8. Болашаққа саяхат	Жазылым	3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	4.3.2.1 тірек сөздерді қолданып белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	4.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу
		3.4 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну	4.3.4.1* мәтінді құруда (жаңалық, репортаж, жарнама) сызба, график, кесте, фото және диаграмманы қолмен сызу/компьютерде теру
		3.5 Қатені табу және түзету	4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын қазақ тілінің пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау және жазу техникасын жетілдіру
			4.4.2.5 үстеуді мағынасына қарай ажырату, етістікпен

	Тілдік нормалардың қолданысы	4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	байланыстырып, сөйлемде қолдану
			4.4.2.7 сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын шылауларды (және, себебі, мен, пен) қолдану
			4.4.2.8* сөйлемде одағай, еліктеуіш сөздерді ажырату және қолдану
			4.4.2.9 етістікті тиісті шақта (өткен шақ, келер шақ, осы шақ) қолдану

Ескерту:

1) "*" белгіленген оқу мақсаттарының бөлігі жүзеге асырылады;

2) "/" белгісі оқу мақсатындағы бөліп қарастырылатын бөліктерді көрсетеді.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
13-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Әдебиеттік оқу" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әдебиеттік оқу" оқу пәнінің оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Әдебиеттік оқу" оқу пәнінің мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

3. "Әдебиеттік оқу" оқу пәні бойынша төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

1) әдеби көркем шығармаларды оқыту арқылы қазақтың рухани қазынасын меңгерту;

2) коммуникативтік (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дағдыларды қалыптастыру;

3) ауыз әдебиетінің, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыру арқылы білім алушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты изгілікті қасиеттерді қалыптастыру;

4) оқу сапасын (дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, көз жүгіртіп, болжап оқу) жетілдіру;

5) білім алушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыра отырып, сөз әдебі нормаларын орынды қолдану дағдыларын меңгерту;

6) сыни ойлауын жетілдіру;

7) көркемдік-танымдық сипаттағы мәтіндерді өз мақсатына сай іріктеп, саралап, талдап, ой қорытындысын жасауға үйрету;

8) алған білімін өмір жағдаяттарына байланысты қолданып, дұрыс шешім жасай білуге үйрету;

9) оқылған шығарма сюжетінің ізімен немесе еркін тақырыпта ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін орындауға дағдыландыру.

4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", " ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына негіз болады.

2-тарау. "Әдебиеттік оқу" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Әдебиеттік оқу" оқу пәнінің мазмұны

6. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

2) 3-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

3) 4-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Әдебиеттік оқу" оқу пәні бойынша оқу жылдамдығының нормасы:

1) 2-сыныптың I жартыжылдық соңында минутына 40-50 сөз, II жартыжылдық соңында 50-60 сөз;

2) 3-сыныптың I жартыжылдық соңында минутына 60-70 сөз, II жартыжылдық соңында 70-80 сөз;

3) 4-сыныптың I жартыжылдық соңында минутына 80-90 сөз, II жартыжылдық соңында 90-105 сөз.

Ескерту: шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

8. "Әдебиеттік оқу" оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) ауыз әдебиеті үлгілерінен: балаларға арналған тақпақ, санамақ, мадақтау, өтірік өлеңдер, төрт түлік жырлары (төрт түлік туралы өлеңдер, жан-жануарлар айтысы), Наурыз жыры, ертегілер (әртүрлі тақырыптағы хайуанаттар жайындағы ертегілер мен қиял-ғажайып оқиғалы ертегілер), мақал-мәтелдер, әртүрлі тақырыптағы жұмбақ, жаңылтпаштар, жазба әдебиеті үлгілерінен: Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Жабаев, А. Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М.Әуезов, С. Бегалин, Б. Соқпақбаев, Ш. Смаханұлы, Қ. Мырза Әли, М. Әлімбай, С.Қалиев,Ө. Тұрманжанов, Ж. Смақов, Қ. Баянбай, Ә. Дүйсенбиев, Ф.Оңғарсынова, Ә. Табылдиев, А. Асылбеков, Ө. Қанахин, Е. Елубай, Т.Молдағалиев, Е. Өтетілеуов, Б. Кірісбаев, С. Сейітов, Б. Ысқақов, Д.Жұмагелдинова, М. Айымбетов, М. Абылқасымованың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері;

2) ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, естелік, өмірбаян (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы);

3) әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілер;

4) әдеби-теориялық білім: халық ауыз әдебиеті жөнінде (ертегі, өтірік өлең, жыр, жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар) өлеңнің ұйқасқа құрылатыны, ақынның көңіл-күйі туралы түсінік (өлең түрлері: табиғат лирикасы, арнау өлеңдер, мысал өлеңдер, сықақ өлеңдер), мәтіндегі көркем сөз жөнінде практикалық түрде түсінік, мәтін түрлері, мәтіндегі негізгі ой туралы қарапайым мағлұмат, диалог туралы;

5) мәтінмен жұмыс: шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру, шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау, шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау, өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу, қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою, оның жауабын шығармадан табу, шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтау, мәтіндегі негізгі ойды, оның басталуын, жалғасуын, шарықтау шегін, аяқталуын анықтау, мәтінді әңгімелеу, мәтін кейіпкерлерін атау, кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау, сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі, кестеге салу, көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру, мәтінге берілген суреттермен жұмыс, мәтін мазмұны бойынша сурет салу, сөздік жұмысын жүргізуге қатысу, түсіндірілетін сөздермен жұмыс, жазбаша

шығармашылық жұмыстар жүргізу: шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын үйқастарды қатыстырып шумақтар, санамақтар құрастыру, сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер пайдаланып, шығармашылық жұмыс жазу;

6) оқу дағдысы: шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу.

9. "Әдебиеттік оқу" пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) ауыз әдебиеті үлгілері: аңыз әңгімелер, бата, мысалдар, шешендік сөздер, нақыл сөздер, жазба әдебиеті үлгілері: ұсынылатын ақын-жазушылардың шығармалары: Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Жабаев, А.Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б.Майлин, М. Әуезов, С. Бегалин, Б. Соқпақбаев, Ш. Смаханұлы, Қ. Мырза Әли, М. Әлімбай, Ө. Тұрманжанов, Ж. Смақов, Қ. Баянбай, Ә. Дүйсенбиев, Ф.Оңғарсынова, Ә. Табылдиев, А. Асылбеков, Ө. Қанахин, Т. Молдағалиев, Е.Өтетілеуов, Б. Кірісбаев, Е. Елубай, С. Қалиев, С. Сейітов, Б. Ысқақов, Д.Жұмагелдинова, М. Айымбетов, М. Абылқасымованың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері;

2) ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, естелік, өмірбаян, күнделік (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, адамзат сырлары, техника жетістіктері, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы);

3) әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілері;

4) әдеби-теориялық білім: халық ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары (ертегі, аңыз, бата, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, шешендік сөздер) туралы ұғымдар, олардың басты белгілері, мысал, әңгіме туралы ұғым, шығарманың тақырыбы , идеясы, сюжеті туралы қарапайым түсініктер, теңеу, эпитет, кейіптеу қолданысы, олардың анықтамалары, кейіпкерге мінездеме, портрет, диалог, монолог туралы);

5) мәтінмен жұмыс: шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу, көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау, қолдануға (практикалық) және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру, кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау, көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм) нұсқасымен салыстыру, шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмдерден нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру, шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау, мәтіннен немесе мәтін бөлімдерінен түйін сөздерді көрсету, түйін сөздер мен негізгі ой арасындағы байланысты орнату, сөздіктермен жұмыс жасау, шығармашылық жұмыстар: шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу;

6) оқу дағдысы: шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу.

10. "Әдебиеттік оқу" пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4.4.1.3** теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде жиындардың қиылысуы мен бірігуінің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолдану
	4В Есептер	1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.5** микрокалькулятордың көмегімен есептеулер жүргізу
		5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.4** шамалар арасындағы тәуелділікке/ пропорционал бөлуге табуға берілген есептерді талдау және шығару; 4.5.1.5 тікбұрышты параллелепипедтің (кубтың) көлемі мен қырының ұзындығын табуға берілген есептерді талдау және шығару; 4.5.1.6 әр түрлі құрама есептерді құрастыру, салыстыру, шығару; 4.5.1.7 үш-төрт амалмен шығарылатын есептерді модельдеу және түрлі әдіспен шығару, ең тиімді әдісті анықтау; 4.5.1.8** барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер және теңдеулер түрінде модельдеу
			4.3.1.1** тікбұрышты үшбұрышты тану және атау; 4.3.1.2 үшбұрыштардың классификациясы; 4.3.1.4 суретте бейнеленген құрама

	4С ҮшбұрыштарСимметрия	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы	фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың ауданын анықтау; 4.3.1.5 жазық фигураларды осіне қатысты симметриялы болатын фигуралармен нүктелі қағазда толықтыру, бұрыштың шамасын табу; 4.3.2.1 нүктелі қағазда перпендикуляр түзулер, симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды сызу; 4.3.2.2** градустық өлшемі бойынша бұрыш, тік бұрышқа тиісті екі қабырғасы бойынша тікбұрышты үшбұрыш, тікбұрышты сызғыштың көмегімен түзуге перпендикуляр түзу сызу; 4.3.2.3 кеңістік геометриялық фигуралардың (пирамида, цилиндр, конус) жазбасын ажырату, фигураларды олардың жазбасымен сәйкестендіру және олардың моделін құрастыру; 4.3.2.4 симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды бір бірінен ажырату және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4.4.1.2 түзу сызықтардың, геометриялық фигуралардың қиылысуын көрсету, қиылысу және бірігу аймақтарын белгілеу
		4.3 Тізбектер	4.4.3.2 заңдылықты немесе ережені өзі таңдап, сандар, сандар тобы тізбектерін құру
			4.5.2.4 (10 %, 20 %, 25 %, 50 %, 75%, 100 %)

		5.2 Математикалық тіл	пайызды % символымен/ бұрыштың градустық өлшемін 0 символымен, белгілеуді қолдану

Ескерту:

оқу бағдарламасындағы ** белгіленген оқу мақсатының бөлігін жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
27-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныбына арналған "Цифрлық сауаттылық" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 27-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.112024 № 323 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Цифрлық сауаттылық" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Цифрлық сауаттылық" оқу пәнін оқыту мақсаты білім алушыларды қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды практикада тиімді пайдалану үшін компьютердің құрылысы, ақпаратты ұсыну және өңдеу, Интернет желісінде жұмыс істеу, есептік ойлау, робототехника мәселелері бойынша базалық білім, білік және дағдылармен қамтамасыз ету.

3. Оқыту міндеттері:

1) білім алушыларға компьютер туралы, қазіргі заманғы цифрлық құрылғылар және олардың қоғамдағы рөлі туралы бастапқы ақпараттар беру;

2) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, білім алушылардың есептік ойлау, роботтарды жинау және программалау, ақпаратты түрлі нысандарда іздеу, жинау, өңдеу, сақтау мен тарату дағдыларын қалыптастыру;

3) білім алушылардың әртүрлі қолданбалы бағдарламаларды қолдану арқылы өз идеяларын ұсыну дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету;

4) байланыс, ақпарат алмасу және ынтымақтастық үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануын ынталандыру;

5) білім алушыларды компьютермен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері мен авторлық құқықтарды құрметтеуді үйрету.

4. Оқу бағдарламасының ерекшелігіне оның пән бойынша білім мен білігінің қалыптасуына бағдарлануы ғана емес, сонымен қатар, білімді функционалдық және шығармашылық жағынан қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, әртүрлі коммуникациялық әдістерді пайдалану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдылар жатады.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең спектрлі дағдылардың табиғи үйлесімде дамуы - білім алушылардың бойында: "қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек және шығармашылық", "ашықтық ", "өмір бойы білім алу" сияқты базалық құндылықтарды қалыптастырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушылардың мінез-құлқына және күнделікті іс-әрекеттеріне ынталандырушы болуға арналған оның тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

2-тарау. "Цифрлық сауаттылық" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1 - параграф. " Цифрлық сауаттылық" оқу пәнінің мазмұны

6. "Цифрлық сауаттылық" оқу пәні бойынша білім жүктемесінің көлемі:

1) 1-сынып аптасына 1 сағаттан, II жартыжылдықтан бастап 17 сағат;

2) 2-сынып аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағат;

3) 3-сынып аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағат;

4) 4-сынып аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

7. "Цифрлық сауаттылық" оқу пәнін оқытудағы негізгі талап - компьютерлік жүйелерге қолжетімділік. "Цифрлық сауаттылық" оқу пәнін тиімді өткізуге арналған қажетті жабдықтардың тізімі:

гарнитурамен жабдықталған дербес компьютерлер (микрофоны бар құлаққаптар);

интернетке кең жолақты қосылуымен мұғалімдер мен білім алушылар арасындағы байланыс және құралдарын деректермен алмасуды қамтамасыз ететін жоғары сапалы ашық қатынас желісі;

перифериялық құрылғылар: принтер, сканер, көшіру техникасы, интерактивті проектор/интерактивті тақта;

робототехникаға арналған жиынтықтар.

8. Пәннің негізгі мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) ақпараттық әдеп

2) менің алғашқы суретім

3) біздің өміріміздегі алгоритм

4) программалау

5) компьютер;

6) ақпаратты ұсыну және өңдеу;

7) интернет желісінде жұмыс істеу;

8) есептік ойлау;

9) робототехника.

9. "Компьютер" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) компьютердің құрылғылары;

2) бағдарламалық қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік.

10. "Ақпаратты ұсыну және өңдеу" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) мәтіндер;

2) графика;

3) презентациялар;

4) мультимедиа.

11. "Интернеттегі жұмыс" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) ақпаратты іздеу;

2) ақпаратпен алмасу.

12. "Есептік ойлау" бөлімі төмендегі бөлімшелерді қамтиды:

1) алгоритмдер;

2) программалау.

13. "Робототехника" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) жалпы робототехника;

2) роботтың қозғалысы;

3) датчиктер мен қозғалтқыштар.

14. "Цифрлық сауаттылық" оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) "Ақпараттық әдеп": Өз денсаулығымызды сақтаймыз; Біздің айналамыздағы ақпарат; Ақпарат және компьютер; Интернет желісінде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік.

2) "Менің алғашқы суретім": Фигуралар; Фигуралармен орындалатын іс-әрекет.

3) "Біздің өміріміздегі алгоритмдер": Біздің өміріміздегі алгоритм.

4) "Программалау": Scratch бағдарламасымен танысу; Менің алғашқы бағдарламам.

15. "Цифрлық сауаттылық" оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) "Компьютер": компьютер құрылғылары, енгізу (тінтуір, пернетақта, микрофон) және шығару құрылғылары (монитор, принтер, дыбыс шығарғыш/ құлаққап);

Бағдарламалық қамтамасыз ету: файлдар және бумалар туралы түсінік, файлдар мен бумаларды жасау, көшіру, жылжыту және жою, контекстік мәзір командаларын пайдалану;

Қауіпсіздік: цифрлық құрылғылармен жұмыс жасау барысындағы қауіпсіздік ережелері;

2) "Ақпаратты ұсыну және өңдеу":

Мәтіндер: мәтіндік редактордағы және ойын ортасындағы сөйлемдер жиынтығы;

Графика: суретті өңдеу; қию, бұру және суреттің өлшемін өзгерту, суреттің үзіндісін көшіру және бейнелеу;

Мультимедиа: дыбысты жазу және ойнату, дыбыстық файлдарды өңдеу;

3) "Интернет желісінде жұмыс істеу": браузер арқылы берілген тақырып бойынша ақпаратты іздеу, қосымшалар арасында мәліметтер алмасу;

4) "Есептік ойлау": алгоритмдер, тармақталу алгоритмі, алгоритмнің сөз түрінде ұсынылуы.

Программалау: ойын программалау ортасының кіріктірілген графикалық редакторында өзінің кейіпкерін жасау, пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастыру, кейіпкерлер арасындағы мәтіндік диалогты ұйымдастыру; ойын ортасында дыбыстық файлдарды өңдеу;

5) "Робототехника": оқу роботының негізгі моделін құрастыру, роботқа арналған бағдарламаны жүктеу және іске қосу, роботты берілген жылдамдықта, берілген дөңгелек айнымалының саны бойынша алға, артқа жылжыту, роботты берілген бұрышқа (90, 180 градус) айналдыру, роботтың вербалды түрде көрсетілген алгоритм бойынша қозғалысын ұйымдастыру, сенсорлық сенсорды пайдалану, роботқа арналған аудио файлды жүктеу, роботқа арналған бағдарлама жасау кезінде дыбысты пайдалану, жасалған роботты аудиторияға ұсыну.

16. "Цифрлық сауаттылық" оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) "Компьютер": компьютер құрылғылары: таңба регистрін, пернетақтаның орналасуын, меңзерді басқаруды өзгертуге арналған клавиштер.

Бағдарламалық қамтамасыз ету: қолданбалы бағдарламаларда "қызу" клавиштерді пайдалану.

Қауіпсіздік: Интернет желісінде жұмыс істеуде жеке қауіпсіздігінің негізгі ережелері.

2) "Ақпаратты ұсыну және өңдеу".

Мәтіндер: мәтінді теру ережелері, мәтінді өңдеу, қаріп пен абзацты пішімдеу (жазылуы, түсі, тегістеу), қиып алу, көшіру, белгіленген мәтінді құжатқа қою, мәтінге суретті қою және орналастыруын реттеу;

Презентациялар: презентация конструкторы; бағдарлама мәзірі; презентацияның ашылуы мен сақталуы; мәтінді және суреттерді слайдқа орналастыру; слайдтар арасында ауысу; презентация дизайны.

Графика: фотосуреттерді өңдеуге арналған бағдарлама (ашық, контраст, бет жиектері);

3) "Интернет желісіндегі жұмыс": ақпарат іздеу: құжаттан мәтін үзіндісін іздеу. Ақпарат алмасу: желідегі ақпарат алмасу жолдары, жоба бойынша бірлесіп жұмыс істеуге арналған мессенджерлерді пайдалану.

4) "Есептік ойлау".

Алгоритмдер: цикл; циклдік алгоритмді іске асыру кезінде орындаушының командалары жүйесі.

Программалау: программалау ойын алаңын құру барысында алгоритмді жүзеге асыру, дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу, ойын программалау алаңында бірнеше көріністер және кейіпкерлермен жұмыс істеу.

5) "Робототехника": орта мотордың жылдамдығы мен айналымның санын келтіру; робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклді қолдану.

17. "Цифрлық сауаттылық" оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) "Компьютер": компьютер құрылғылары, компьютерлік және мобильді техникалық ескіруіне ғылыми-техникалық прогрестің әсері.

Қауіпсіздік: сенімді пароль критерийлері.

2) "Ақпаратты ұсыну және өңдеу".

Презентациялар: слайдтың макеті; объектілердің анимациясы; бейне мен аудионы кірістіру, слайдтар арасындағы ауысулар.

Мультимедиа: бейнеролик жасау.

3) "Интернет желісіндегі жұмыс".

Ақпарат іздеу: компьютерде файл мен бумаларды іздеу; ақпарат алмасу: браузерді реттеу (бетбелгі, журнал мен жүктеу); электрондық пошта: хабарлама қабылдау және жіберу, файлдары қоса берілген хабарлама.

4) "Есептік ойлау".

Алгоритмдер: енгізілген циклдер, логикалық операторлар, салыстыру операторлары
.

Программалау: программалау ойын алаңында айнымалыларды қолдану; жеке сценарийі бойынша ойын әзірлеу.

5) "Робототехника": түс датчигі; ультрадыбыс датчигі.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

18. Оқу мақсаттары бағдарламада кодпен берілген. Кодта бірінші нөмір сыныпты, екінші және үшінші сандар - бөлім мен бөлімше, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 2.1.2.1 кодында: "2" – сынып, "1.2" – бөлімше, "1" – оқу мақсатының нөмірленуі.

19. Оқыту мақсаты жүйесі әр сыныпқа бөлім бойынша берілген:

1) Ақпараттық әдеп:

Білім алушылар білуі тиіс:	
Бөлімше	1-сынып

1. Өз денсаулығымызды сақтаймыз	1. 1. 1. 1 компьютермен жұмыс істеу барысында тәртіп ережелерін ұстанып өз денсаулығын сақтау; 1. 1. 1. 2 компьютердің негізгі құрылғыларын атау
2. Біздің айналамыздағы ақпарат	1. 1. 2. 1 қабылдау тәсілдері бойынша ақпарат түрлерін анықтау
3. Ақпарат және компьютер	1. 1. 3. 1 ұсыну формасы бойынша ақпарат түрлерін ажырату; 1. 1. 3. 2 ақпаратты ұсыну кезіндегі ақпарат көздері мен қабылдағыштардың байланыс арналарына мысалдар келтіру
4. Интернет желісінде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік	1. 1. 4. 1 Интернет желісін өмірде қолдану мысалдарын келтіру; 1. 1. 4. 2 желідегі барлық ақпарат сенімді және пайдалы емес екенін талқылау; 1. 1. 4. 3 Интернет желісіне жеке ақпаратты беру кезіндегі қауіптерді анықтау

2) Менің алғашқы суретім:

1. Фигуралар	1. 2. 1. 1 стандартты фигураларды қолданып кескін салу; 1. 2. 1. 2 түстер палитрасындағы негізгі түсті өзгертіп кескін салу; 1. 2. 1. 3 палитрада фон түсін тандап кескін салу; 1. 2. 1. 4 контурын өзгерту арқылы фигураны салу; 1. 2. 1. 5 фигура түсін құйып бояу арқылы өзгертіп салу
2. Фигуралармен орындалатын іс-әрекет	1. 2. 2. 1 форма мен параметрді қолданып кескін бөлігін ерекшелеу; 1. 2. 2. 2 көшіру, қиып алу және қою құралдарын қолданып кескін салу; 1. 2. 2. 3 бұру немесе айналдыру құралдарын қолданып кескін салу; 1. 2. 2. 4 түспен толтыру құралын қолданып кескін салу

3) Біздің өміріміздегі алгоритм:

1. Біздің өміріміздегі алгоритм	1. 3. 1. 1 алгоритм, әрекет және команда ұғымдарын түсіндіру; 1. 3. 1. 2 орындаушы және оның командалар жүйесін анықтап алгоритм құру; 1. 3. 1. 3 алгоритм түрлерін өмірмен байланыстырып мысалдар келтіру

4) Программалау:

1. Scratch-пен танысу	1. 4. 1. 1 кейіпкер фигурасы үшін кітапханадан Спрайтты таңдау; 1. 4. 1. 2 кітапханадан сахна фонын таңдау
2. Менің алғашқы бағдарламам	1. 4. 2. 1 Scratch (скретч) ойын программалау ойын ортасында дайын сценарийді алгоритм бойынша іске асыру; 1. 4. 2. 2 Scratch (скретч) ойын программалау ойын ортасында есептің шарты бойынша сызықтық алгоритм әзірлеу; 1. 4. 2. 3

	Scratch (скретч) ойын программалау ойын ортасында жобаны құру, сақтау және ашу

2-4 - сынып

1) Компьютер:

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Компьютердің құрылғылары	2. 1. 1. 1 дыбыстық ақпаратты енгізу және шығару құрылғыларын ажырату;	3. 1. 1. 1 мәтіндік процессорда пернетақтаны қолданып символдар регистрін, батырмалардың орналасу нұсқасын және меңзерді басқару тәсілін ауыстыру ;	4. 1. 1. 1 ғылыми-техникалық прогрестің компьютерлер мен мобильді құрылғылардың өзгеруіне әсерін түсіндіру;
2. Программалық қамтамасыз ету	2. 1. 2. 1 файл, бума және жарлық ұғымдарын түсіндіру; 2. 1. 2. 2 файлдар мен бумаларды жасау, көшіру , жылжыту және жою; 2. 1. 2. 3 өз жұмысындағы контекстік мәзірді пайдалану;	3. 1. 2. 1 қолданбалы бағдарламаларда пернелер комбинациясын қолдану;	
3. Қауіпсіздік	2. 1. 3. 1. негізгі техника қауіпсіздік ережелеріне сүйеніп цифрлық құрылғылармен жұмыс істеу; 2. 1. 3. 2. нетикет ережелеріне сүйеніп интернет желісімен жұмыс істеу	3. 1. 3. 1 интернет желісінде жұмыс істеуде жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау;	4. 1. 3. 1. пароль сенімділігі туралы қорытынды жасау;
4. Қауіпсіздік ережесі			

2) Ақпаратты ұсыну және өңдеу:

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Мәтіндер	2. 2. 1. 1. Scratch (скретч) ойын программалау ортасының блоктарындағы мәтінді өңдеу; 2. 2. 1. 2. өз идеяларын жазу үшін мәтіндік редакторды пайдалану	3. 2. 1. 1 мәтінді теру ережелерін ұстану; 3. 2. 1. 2 мәтіндік процессорда мәтінді өңдеу; 3. 2. 1. 3 мәтіндік процессорда қаріп пен абзацты пішімдеу; 3. 2. 1. 4 мәтінге суретті қою және оны баптау	4. 2. 1. 1 мәтіндік процессорда қарапайым кестелер құру
	2. 2. 2. 1 жоба үшін Scratch (скретч) программалау ортасындағы кіріктірілген графикалық редакторда кейіпкер		

2 Графика	фигурасын көшіру және көрсету; 2. 2. 2. 2 (Scratch (скретч)) ойын программалау ортасындағы кіріктірілген графикалық редакторда жоба кейіпкері үшін фигураны өңдеу (қиып алу, бұру, өлшемін өзгерту)	3. 2. 2. 1 сурет пішімінің параметрлерін өзгерту (жарықтық, контраст, бет жиектері)	
3. Презентациялар		3. 2. 3. 1 мәтін мен суреттері бар қарапайым презентация жасау; 3. 2. 3. 2 слайдтар арасында ауысуларды қолдану; 3. 2. 3. 3 презентацияларды безендіру үшін дайын дизайнды қолдану;	4. 2. 3. 1 слайд құру үшін макет таңдау; 4. 2. 3. 2 презентациядағы нысандарға анимация қосу және баптау
4. Мультимедиа	2. 2. 4. 1 негізгі пернелердің атауын білу және оларды қолдану; 2. 2. 4. 2. Scratch (скретч) ойын программалау ортасында дыбыстық файлдарды өңдеу; 2. 2. 4. 3 роботқа арналған аудиофайлды жүктеу; 2. 2. 4. 4. роботқа арналған бағдарламаны әзірлеу кезінде дыбысты пайдалану;		4. 2. 4. 1 видеоредакторда бейнефайлдарды өңдеу; 4. 2. 4. 2 презентацияда фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді қолдану; 4. 2. 4. 3 презентацияға дыбыстар мен бейнелерді кірістіру; 4. 2. 4. 4 бейнероликке монтаж жасау

3) Интернет желісінде жұмыс істеу:

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Ақпараттар іздеу	2. 3. 1. 1 берілген тақырып бойынша ақпаратты іздеу үшін браузерді қолдану;	3. 3. 1. 1 ақпарат іздеуді іске асыру (құжаттағы мәтін үзіндісі);	4. 3. 1. 1 тірек сөздер арқылы браузерде ақпарат іздеу; 4. 3. 1. 2 ақпаратты (компьютердегі файлдар мен бумалар) іздеуді жүзеге асыру;
2. Ақпарат алмасу		3. 3. 2. 1. жобада бірлесіп жұмыс істеу үшін мессенджер құралдарын қолдану;	4. 3. 2. 1 электронды поштаның мүмкіндіктерін түсіндіру; 4. 3. 2. 2 браузер параметрлерін қолдану (бетбелгілер жасау, тарихын және жүктеуді көру); 4. 3. 2. 3 файлдары қоса берілген хабарламаларды

	2. 3. 2. 1 қосымшалар арасында деректермен алмасуды іске асыру;	3. 3. 2. 2. желідегі ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру;	электрондық пошта арқылы қабылдау және жіберу; 4. 3. 2. 4 электронды поштаның баптауларын қолдану (бума, фонға арналған тақырыптық суреттер)
3. Интернет желісінде қауіпсіздік			

4) Есептік ойлау:

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Алгоритмдер	2. 4. 1. 1 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында берілген сценарий бойынша тармақталған алгоритмді өңдеу; 2. 4. 1. 2 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында берілген ауызша түрде тармақталған алгоритмді іске асыру; 2. 4. 1. 3 мәселені шешу үшін алгоритм құрастыру ;	3. 4. 1. 1 Scratch (скретч) программалау ортасында берілген сценарий бойынша циклдік алгоритм құру; 3. 4. 1. 2 Scratch (скретч) программалау ортасында ауызша түрде берілген қайталау циклдік алгоритмді іске асыру	4. 4. 1. 1 Scratch (скретч) программалау ортасында кірістірілген цикльді іске асыру; 4. 4. 1. 2 Scratch (скретч) программалау ортасында логикалық операторларды қолдану; 4. 4. 1. 3 Scratch (скретч) программалау ортасында салыстыру операторларын қолдану
2. Программалау Scratch-пен танысу	2. 4. 2. 1 жоба үшін Scratch (скретч) ойын программалау ортасына кіріктірілген графикалық редакторында кейіпкер құру; 2. 4. 2. 2 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастыру; 2. 4. 2. 3 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында кейіпкерлер арасындағы мәтіндік диалог ұйымдастыру	3. 4. 2. 1 Scratch (скретч) программалау ортасында дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу; 3. 4. 2. 2 Scratch (скретч) программалау ортасында сахна үшін бірнеше фон құру; 3. 4. 2. 3 Scratch (скретч) программалау ортасында бірнеше кейіпкерлер құру ; 3. 4. 2. 4 Scratch (скретч) программалау ортасында ойындарды құру кезінде қайталау алгоритмін іске асыру	4. 4. 2. 1 Scratch (скретч) программалау ортасында айнымалыларды қолдану; 4. 4. 2. 2 өз сценарийі бойынша ойын құру;

5) Робототехника:

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Жалпы робототехника	2. 5. 1. 1 робот ұғымын түсіндіру; 2. 5. 1. 2 оқу роботының базалық моделінің негізгі элементтерін сипаттау; 2.		4. 5. 1. 1 роботтар және олардың қолданылу

	5. 1. 3. жасалған роботты аудиторияға таныстыру;		салаларына мысалдар келтіру;
2. Роботтың қозғалысы	2. 5. 2. 1 роботтың берілген жылдамдықпен алға жүру қозғалысын ұйымдастыру; 2. 5. 2. 2. роботтың берілген жылдамдықпен артқа жүру қозғалысын ұйымдастыру; 2. 5. 2. 3. роботқа арналған бағдарламаны жүктеу және іске асыру; 2. 5. 2. 4 дөңгелектің берілген айналым саны бойынша роботтың қозғалысын ұйымдастыру; 2. 5. 2. 5 роботтың кері, оңға және солға бұрылуын ұйымдастыру	3. 5. 2. 1 робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклді пайдалану	
3. Датчиктер мен қозғалтқыштар	2. 5. 3. 1 жанасу датчигін қолдану;	3. 5. 3. 1 ортаңғы мотордың айналым санын беру және жылдамдығын баптау;	4. 5. 3. 1. түс датчигін қолдану; 4. 5. 3. 2. ультрадыбыс датчигін қолдану

20. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

21. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныбына арналған "Цифрлық сауаттылық" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарласын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3- параграф. Бастауыш білім деңгейінің 1- 4-сыныптарына арналған "Цифрлық сауаттылық" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарласын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 1 сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері (ортақ тақырыптар)	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
3 - тоқсан		
1-бөлім – Ақпараттық этикет (ортақ тақырыбы: "Саяхат")	Өз денсаулығымызды сақтаймыз	1.1.1.1 компьютермен жұмыс істеу барысында тәртіп ережелерін ұстанып өз денсаулығын сақтау; 1.1.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларын атау
	Біздің айналамыздағы ақпарат	1.1.2.1 қабылдау тәсілдері бойынша ақпарат түрлерін анықтау
	Ақпарат және компьютер	1.1.3.1 ұсыну формасы бойынша ақпарат түрлерін ажырату; 1.1.3.2 ақпаратты ұсыну кезіндегі ақпарат көздері мен

		қабылдағыштардың байланыс арналарына мысалдар келтіру
	Интернет желісінде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік	1.1.4.1 интернет желісін өмірде қолдану мысалдарын келтіру; 1.1.4.2 желідегі барлық ақпарат сенімді және пайдалы емес екенін талқылау; 1.1.4.3 интернет желісіне жеке ақпаратты беру кезіндегі қауіптерді анықтау
2-бөлім – Менің алғашқы суретім (ортақ тақырыбы: "Дәстүр және фольклор")	Фигуралар	1.2.1.1 стандартты фигураларды қолданып кескін салу; 1.2.1.2 түстер палитрасындағы негізгі түсті өзгертіп кескін салу; 1.2.1.3 палитрада фон түсін тандап кескін салу; 1.2.1.4 контурын өзгерту арқылы фигураны салу; 1.2.1.5 фигура түсін құйып бояу арқылы өзгертіп салу
	Фигуралармен орындалатын іс-әрекет	1.2.2.1 форма мен параметрді қолданып кескін бөлігін ерекшелеу; 1.2.2.2 көшіру, қиып алу және қою құралдарын қолданып кескін салу; 1.2.2.3 бұру немесе айналдыру құралдарын қолданып кескін салу; 1.2.2.4 түспен толтыру құралын қолданып кескін салу
4 - тоқсан		
3-бөлім Біздің өміріміздегі алгоритм (ортақ тақырыптар: " Тағам және сусындар", "Дені саудың – жаны сау")	Біздің өміріміздегі алгоритм	1.3.1.1 алгоритм, әрекет және команда ұғымдарын түсіндіру; 1.3.1.2 орындаушы және оның командалар жүйесін анықтап алгоритм құру; 1.3.1.3 алгоритм түрлерін өмірмен байланыстырып мысалдар келтіру
4 – бөлім. Программалау	Scratch пен танысу	1.4.1.1 кейіпкер фигурасы үшін кітапханадан Спрайтты таңдау; 1.4.1.2 кітапханадан Сахна фонын таңдау
	Менің алғашқы бағдарламам	1.4.2.1 Scratch (скретч) ойын программалау ойын ортасында дайын сценарийді алгоритм бойынша іске асыру; 1.4.2.2 Scratch (скретч) ойын программалау ойын ортасында есептің шарты бойынша сызықтық алгоритм әзірлеу;

		1.4.2.3 Scratch (скретч) ойын программалау ойын ортасында жобаны құру, сақтау және ашу

2) 2-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері (ортақ тақырыптар)	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
1 - тоқсан		
1-бөлім - Компьютерлер мен бағдарламалық қамтамасыз ету (ортақ тақырыбы: "Менің отбасым және достарым")	Өз денсаулығымызды сақтаймыз	2.1.3.1 негізгі техника қауіпсіздік ережелеріне сүйеніп цифрлық құрылғылармен жұмыс істеу; 2.1.3.2 нетикет ережелеріне сүйеніп интернет желісімен жұмыс істеу; 2.3.1.1 берілген тақырып бойынша ақпаратты іздеу үшін браузерді қолдану
	Файлдар мен бумалар	2.1.2.1 файл, бума және жарлық ұғымдарын түсіндіру; 2.1.2.2 файлдар мен бумаларды жасау, көшіру, жылжыту және жою; 2.1.2.3 өз жұмысындағы контекстік мәзірді пайдалану;
2-бөлім - Шығармашылық және компьютер (ортақ тақырыбы: " Менің мектебім"	Бағдарламалар құруды жалғастырамыз	2.4.1.1 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында берілген сценарий бойынша тармақталған алгоритмді өңдеу;
	Алгоритмді орындау	2.4.1.2 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында ауызша түрде берілген тармақталған алгоритмді іске асыру;
	Жеке кейіпкер жасау	2.4.2.1 жоба үшін Scratch (скретч) ойын программалау ортасына кіріктірілген графикалық редакторында кейіпкер құру; 2.2.2.1 жоба үшін Scratch (скретч) программалау ортасындағы кіріктірілген графикалық редакторда кейіпкер фигурасын көшіру және көрсету; 2.2.2.2 Scratch (скретч) ойын программалау ортасындағы кіріктірілген графикалық редакторда жоба кейіпкері үшін фигураны өңдеу (қиып алу, бұру, өлшемін өзгерту)
2 - тоқсан		
	Пернетақтамен танысу	2.2.4.1 негізгі пернелердің атауын білу және оларды қолдану
	Мәтінмен жұмыс	2.2.1.1 Scratch (скретч) ойын программалау ортасының блоктарындағы мәтінді өңдеу

3-бөлім – Мәтін және Мультимедиа (ортақ тақырыптары : "Менің туған өлкем", "Жыл мезгілдері")	Кейіпкерді пернетақтамен басқару	2.4.2.2 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастыру
	Кейіпкерлер арасындағы диалог	2.4.2.3 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында кейіпкерлер арасындағы мәтіндік диалог ұйымдастыру
	Дыбысты жазу және ойнату Дыбысты өңдеу	2.2.4.2 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында дыбыстық файлдарды өңдеу
	Мультфильм жасау	2.4.2.1 жоба үшін Scratch (скретч) ойын программалау ортасына кіріктірілген графикалық редакторында кейіпкер құру; 2.4.1.1 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында берілген сценарий бойынша тармақталған алгоритмді өңдеу; 2.4.2.2 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастыру; 2.4.2.3 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында кейіпкерлер арасындағы мәтіндік диалог ұйымдастыру; 2.2.4.2 Scratch (скретч) ойын программалау ортасында дыбыстық файлдарды өңдеу
3-тоқсан		
4-бөлім Роботтар біздің өмірімізде (ортақ тақырыбы: "Салт дәстүр мен ауыз әдебиеті", "Дені саудың –жаны сау")	Роботпен алғашқы танысу	2.5.1.1 робот ұғымын түсіндіру; 2.5.1.2 оқу роботының базалық моделінің негізгі элементтерін сипаттау
	Роботқа арналған бағдарлама	2.5.2.3 роботқа арналған бағдарламаны жүктеу және іске асыру
	Роботтың қозғалысы	2.5.2.1 роботтың берілген жылдамдықпен алға жүру қозғалысын ұйымдастыру; 2.5.2.2 роботтың берілген жылдамдықпен артқа жүру қозғалысын ұйымдастыру
	Лабиринттен шығу	2.5.2.4 дөңгелектің берілген айналым саны бойынша роботтың қозғалысын ұйымдастыру
	Жанасу датчигі	2.5.3.1 жанасу датчигін қолдану
	Роботқа арналған дыбыс	2.2.4.3 роботқа арналған аудиофайлды жүктеу; 2.2.4.4 роботқа арналған бағдарламаны

		әзірлеу кезінде дыбысты пайдалану
4-тоқсан		
5-бөлім - Робототехника: " Қозғалыстағы робот" жобасы (ортақ тақырыптар: "Табиғат әлемі ", "Ғажайып әлем"	Жоба дегеніміз не?	2.2.1.2 өз идеяларын жазу үшін мәтіндік редакторды пайдалану;
	Жоба идеясы	2.3.2.1 қосымшалар арасында деректермен алмасуды іске асыру;
	Жобаға арналған алгоритм	2.4.1.3 мәселені шешу үшін алгоритм құрастыру;
	"Қозғалыстағы робот" жобасын жасау	2.5.2.1 роботтың берілген жылдамдықпен алға жүру қозғалысын ұйымдастыру; 2.5.2.2 роботтың берілген жылдамдықпен артқа жүру қозғалысын ұйымдастыру; 2.5.2.4 дөңгелектің берілген айналым саны бойынша роботтың қозғалысын ұйымдастыру; 2.5.2.5 роботтың кері, оңға және солға бұрылуын ұйымдастыру; 2.2.4.4 роботқа арналған бағдарламаны әзірлеу кезінде дыбысты пайдалану; 2.5.2.3 роботқа арналған бағдарламаны жүктеу және іске асыру; 2.5.3.1 жанасу датчигін қолдану;
	Жобаны қорғау	2.5.1.3 жасалған роботты аудиторияға таныстыру

3) 3-сынып:

Бөлімдер (ортақ тақырыптар)	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім - Программалау (ортақ тақырыптары: "Табиғат - менің үйім", "Менің Отаным – Қазақстан")	Желіде тілдесу	3.3.2.1 жобада бірлесіп жұмыс істеу үшін мессенджер құралдарын қолдану; 3.3.2.2 желідегі ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру; 3.1.3.1 интернет желісінде жұмыс істеуде жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау;
	Өміріміздегі қайталаулар	3.4.1.1 Scratch (скретч) программалау ортасында берілген сценарий бойынша циклдік алгоритм құру
	Циклдер	3.4.1.2 Scratch (скретч) программалау ортасында ауызша түрде берілген қайталау циклдік алгоритмді іске асыру
	Кейіпкердің қозғалысы	3.4.2.4 Scratch (скретч) программалау ортасында

		ойындарды құру кезінде қайталау алгоритмін іске асыру
2-тоқсан		
2-бөлім – Ойын құру (ортақ тақырыптары: "Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен", "Өнер әлемінде")	Ойынның сценарийі	3.4.2.1 Scratch (скретч) программалау ортасында дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу;
	Фондар	3.4.2.2 Scratch (скретч) программалау ортасында сахна үшін бірнеше фон құру
	Кейіпкерлер	3.4.2.3 Scratch (скретч) программалау ортасында бірнеше кейіпкерлер құру; 3.4.2.4 Scratch (скретч) программалау ортасында ойындарды құру кезінде қайталау алгоритмін іске асыру
	Костюм ауыстыру	3.4.2.3 Scratch (скретч) программалау ортасында бірнеше кейіпкерлер құру; 3.4.2.4 Scratch (скретч) программалау ортасында ойындарды құру кезінде қайталау алгоритмін іске асыру
	Менің ойыным	3.4.1.1 Scratch (скретч) программалау ортасында берілген сценарий бойынша циклдік алгоритм құру; 3.4.2.3 Scratch (скретч) программалау ортасында бірнеше кейіпкерлер құру; 3.4.2.2 Scratch (скретч) программалау ортасында сахна үшін бірнеше фон құру; 3.4.2.4 Scratch (скретч) программалау ортасында ойындарды құру кезінде қайталау алгоритмін іске асыру
3-тоқсан		
	Жобаға идея	3.1.1.1 мәтіндік процессорда пернетақтаны қолданып символдар регистрін, батырмалардың орналасу нұсқасын және меңзерді басқару тәсілін ауыстыру; 3.2.1.1 мәтінді теру ережелерін ұстану; 3.2.1.2 мәтіндік процессорда мәтінді өңдеу
	Жобаны рәсімдеу	3.2.1.3 мәтіндік процессорда қаріп пен абзацты пішімдеу

3 бөлім - Робототехника. Жоба (ортақ тақырыптары: "Атадан қалған асыл мұра", " Атақты тұлғалар")	Мәтіндегі иллюстрациялар	3.3.1.1 ақпарат іздеуді іске асыру (құжаттағы мәтін үзіндісі); 3.2.1.4 мәтінге суретті қою және оны баптау
	Робот қолының қозғалысы	3.5.3.1 ортаңғы мотордың айналым санын беру және жылдамдығын баптау
	Блоктар циклі	3.5.2.1 робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклді пайдалану
	"Робот-тазартқыш" жасау	3.5.3.1 ортаңғы мотордың айналым санын беру және жылдамдығын баптау; 3.5.2.1 робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклді пайдалану
4-тоқсан		
4-бөлім Презентациялар (ортақ тақырыбы: "Бәрін білгім келеді")	Презентация жасау	3.2.3.1 мәтін мен суреттері бар қарапайым презентация жасау; 3.1.2.1 қолданбалы бағдарламаларда пернелер комбинациясын қолдану
	Презентация дизайны	3.2.3.3 презентацияны безендіру үшін дайын дизайнды қолдану
	Анимация және ауысулар	3.2.3.2 слайдтар арасында ауысуларды қолдану
5-бөлім Мәтін, графика және презентация (ортақ тақырыбы: "Демалыс мәдениеті. Мерекелер")	Суреттермен жұмыс	3.2.2.1 сурет пішімінің параметрлерін өзгерту (ашық, контраст, бет жиектері)
	Жоба презентациясы	3.2.3.1 мәтін мен суреттері бар қарапайым презентация жасау; 3.2.3.3 презентацияны безендіру үшін дайын дизайнды қолдану; 3.2.3.2 слайдтар арасында ауысуларды қолдану

4) 4-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері (ортақ тақырыптар)	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
	Айнымалылар	4.4.2.1 Scratch (скретч) программалау ортасында айнымалыларды қолдану
	Кейіпкердің костюмін өзгерту	4.4.1.1 Scratch (скретч) программалау ортасында кірістірілген циклді іске асыру
	Логикалық операторлар	4.4.1.2 Scratch (скретч) программалау ортасында логикалық операторларды қолдану

1-бөлім Программалау (ортақ тақырыптары: "Кең байтақ Қазақстаным", "Адам болам десеңіз")	Салыстыру операторлары	4.4.1.3 Scratch (скретч) программалау ортасында салыстыру операторларын қолдану
	Өз ойынының сценарийі	4.2.1.1 мәтіндік процессорда қарапайым кестелер құру
	Өз ойыным	4.4.2.2 өз сценарийі бойынша ойын құру; 4.4.2.1 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында айнымалыларды қолдану; 4.4.1.1 Scratch (скретч) программалау ортасында кірістірілген циклді іске асыру; 4.4.1.2 Scratch (скретч) программалау ортасында логикалық операторларды қолдану; 4.4.1.3 Scratch (скретч) программалау ортасында салыстыру операторларын қолдану
2-тоқсан		
2-бөлім - Робототехника. Лабиринт және кегль-ринг (ортақ тақырыптары: (" Мәдени мұра", "Мамандықтар әлемі")	Түс датчигі	4.5.3.1 түс датчигін қолдану
	Бағдаршам-робот	4.5.3.1 түс датчигін қолдану
	Ультрадыбыс датчигі	4.5.3.2 ультрадыбыс датчигін қолдану
	Лабиринттан шығу	4.5.3.2 ультрадыбыс датчигін қолдану
	Кегль-ринг	4.5.3.1 түс датчигін қолдану; 4.5.3.2 ультрадыбыс датчигін қолдану
3-тоқсан		
3-бөлім - Видео жасау (ортақ тақырыбы: "Атадан қалған асыл мұра")	Видеоредактормен танысу	4.2.4.1 видеоредакторда бейнефайлдарды өңдеу
	Контент түсіру	4.2.4.2 презентацияда фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді қолдану; 4.2.4.3 презентацияға дыбыстар мен бейнелерді кірістіру
	Видеоны өңдеу	4.2.4.4 бейнероликке монтаж жасау
	Презентацияларға арналған ақпарат	4.2.3.1 слайд құру үшін макет таңдау; 4.3.1.1 тірек сөздер арқылы браузерде ақпарат іздеу; 4.3.2.1 электронды поштаның мүмкіндіктерін түсіндіру

4-бөлім - Презентациялар (ортақ тақырыбы: "Қоршаған ортаны қорғау")	Презентациядағы дыбыстар	4.2.4.2 презентацияда фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді қолдану;
	Презентациядағы видео	4.3.1.1 тірек сөздер арқылы браузерде ақпарат іздеу; 4.2.4.2 презентацияда фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді қолдану
	Презентациядағы анимация	4.2.3.2 презентациядағы нысандарға анимация қосу және баптау
4-тоқсан		
5-бөлім - Болашақтың компьютерлері (ортақ тақырыптары: "Болашаққа саяхат", "Таңғажайып оқиғалар")	Интернет желісінде деректер алмасу	4.3.2.1 электронды поштаның мүмкіндіктерін түсіндіру; 4.3.2.3 файлдары қоса берілген хабарламаларды электрондық пошта арқылы қабылдау және жіберу; 4.3.2.4 электронды поштаның баптауларын қолдану (бума, фонға арналған тақырыптық суреттер)
	Пароль сенімділігі	4.3.2.2 браузер параметрлерін қолдану (бетбелгілер жасау, тарихын және жүктеуді көру); 4.3.2.3 файлдары қоса берілген хабарламаларды электрондық пошта арқылы қабылдау және жіберу; 4.1.3.1. пароль сенімділігі туралы қорытынды жасау
	Болашақтағы компьютерлер мен роботтар	4.1.1.1 ғылыми-техникалық прогрестің компьютерлер мен мобильді құрылғылардың өзгеруіне әсерін түсіндіру; 4.5.1.1 роботтар және олардың қолданылу салаларына мысалдар келтіру
	"Болашақтағы компьютерлер мен роботтар" шағын жоба	4.3.1.1 тірек сөздер арқылы браузерде ақпарат іздеу; 4.3.1.2 ақпаратты (компьютердегі файлдар мен бумалар) іздеуді жүзеге асыру

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
28-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 28-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.112024 № 323 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Жаратылыстану" оқу пәнінің оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) " Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бастауыш мектептегі "Жаратылыстану" оқу пәнінің оқу бағдарламасының мақсаты – әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан бейнесі туралы білім негізін қалыптастыру және білім алушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту.

3. Оқу пәнінің бағдарламасы келесі міндеттерге жетуге бағытталған:

1) зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылары мен біліктерінің негізін қалыптастыру;

2) техника мен технологияның дамуына елеулі ықпал еткен жаратылыстанудың маңызды идеяларымен, жетістіктерімен танысу;

3) қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін және әртүрлі ақпарат көздерінен алынған жаратылыстану-ғылымдық тұрғысынан маңызды және өмірлік маңызы бар мазмұнды ақпаратты қабылдау үшін алынған білімді қолдана білу біліктерін меңгеру;

4) зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану-ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;

5) табиғат заңдарын тану және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін өркениеттің дамуы мен өмір сапасын жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігіне сенімділікті тәрбиелеу;

6) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.

4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушының сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", " ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты басты құндылықтарын білім алушы бойына сіңіруге негіз болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты бағдары болады.

2-тарау. "Жаратылыстану" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. " Жаратылыстану" оқу пәнінің мазмұны

6. "Жаратылыстану" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;

2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

3) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

4) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

7. "Жаратылыстану" оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден құралады:

1) "Мен зерттеушімін": қоршаған орта құбылыстарын бақылау; бақылау кезеңдері; эксперимент;

2) "Жанды табиғат": жанды ағзалар; өсімдіктер және олардың алуантүрлілігі, ағаштар, бұталар, шөптесін өсімдіктер; өсімдіктің негізгі бөліктері: тамыр, сабақ, жапырақ, гүл, жеміс, тұқым; жабайы және мәдени өсімдіктер; мәдени өсімдіктерді күту (суару, қоректендіру, топыраққа күтім жасау); өсімдіктің тіршілігіне қажетті жағдайлар (су, жарық, жылу, қоректік заттар); жануарлар, жабайы және үй жануарлары, үй жануарларын күту, үй жануарларының келтіретін пайдасы, жануарлардың жыл мезгілдерінің ауысуына бейімделуі: жылы жаққа ұшу, қысқа азық жинау, ұйқыға кету; адам, адамның дене мүшелері, адамның өмірінің кезеңдері, тамақтану, демалу;

3) "Жер және ғарыш": жердің пішіні, глобус – жер моделі, ғарыш, ғарыш денелері, астрономия туралы алғашқы түсініктер; зымырандар, телескоптар, уақыт, уақыт өлшеу құралдары, сағат, күнтізбелер;

4) "Табиғат физикасы": түрлі денелердің қозғалысы, табиғаттағы қозғалыс, адамдардың қозғалысы, қозғалыс траекториясы, қозғалыс траекториясын сурет түрінде белгілеу, жарық пен қараңғы, жарықтың табиғи және жасанды көздері, жарықтандыру, дыбыс және оның таралу ерекшеліктері, дыбыстың табиғи және жасанды көздері, жылу

шығаратын құрылғылар, күнделікті өмірдегі электр, магниттің қасиеттері, магниттік қасиеті бар заттар.

8. "Жаратылыстану" оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден құралады:

1) "Мен зерттеушімін": қоршаған орта, құбылыстар, процестер, нысандар, зерттеушінің жеке тұлғалық қасиеттері, бақылау – ғылыми таным әдісі, бақылаудың белгілері: мақсаты, нысаны, жоспары, мерзімі, нәтижесі; бақылау нәтижесін шартты белгілер арқылы тіркеу, бақылау жүргізу жоспары, қорытынды жасау, эксперименттің белгілері: мақсаты, болжам, ресурстары, жоспары, мерзімі, нәтижесі; эксперимент жүргізу және нәтижесін кестеге тіркеу, ақпарат көздері;

2) "Жанды табиғат": өсімдіктің өсуіне қажетті жағдайлар, өсімдіктерде болатын маусымдық өзгерістер, өсімдіктердің негізгі бөліктерінің қызметтері, өсімдік топтарының тіршілік ортасы және оған бейімделу тәсілдері, өсімдік топтары (өз өлкесіндегі өсімдіктер негізінде), топыраққа күтім жасау, өсімдіктерге қамқорлық жасау; жануарлардың топтары: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар мен сүтқоректілер, жануарлардың тіршілік ортасына бейімделуі, жануарлардың көбеюі, жұмыртқа салатын және төлдейтін жануарлар, жануарларды қорғау, адам, қаңқа мен бұлшықет қызметі, бұлшықеттің жиырылуының қозғалудағы рөлі, дұрыс дене сымбаты, тіс және оның күтімі, жеке гигиена, оның денсаулық сақтаудағы рөлі;

3) "Заттар және олардың қасиеттері": ауа, ауаның адам, өсімдіктер мен жануарлар үшін маңызы, ауаның қасиеттері (түсі, иісі), ауаның агрегаттық күйі, жылуөткізгіштік, ауаның бос кеңістікті толтыратын қасиеті, су және оның физикалық қасиеттері, судың агрегаттық күйлері: қатты, сұйық, газ тәрізді: судың табиғи көздері, табиғат ресурстары және олардың қолданысы, табиғат ресурстарын шығу тегі бойынша жіктеу;

4) "Жер және ғарыш": жер ғаламшары үшін Күннің рөлі, Ай – Жердің табиғи серігі, Күн жүйесінің ғаламшарлары, олардың орналасу реті және сипаттамалары, жер тобындағы ғаламшарлар, алып ғаламшарлар, уақытты өлшеу бірліктері: жыл, ай, апта, тәулік, сағат, минут; ғарыштағы қашықтық пен уақыт ерекшеліктері;

5) "Табиғат физикасы": денелердің түрлі жылдамдықпен қозғалуы, жылдамдықтың сипаттамасы: жылдам, баяу, қозғалыс тудыратын күштер: тарту және итеру, заттың массасы, заттардың массаларын анықтау, материалдардың жарықты өткізуі (мөлдір, мөлдір емес, жартылай мөлдір материалдар), қатты және бәсең дыбыс көздері, температура, температураны өлшеу, термометрлер, температураны өлшеу бірлігі – градус, магнит қолданылатын салалар.

9. "Жаратылыстану" оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден құралады:

1) "Мен зерттеушімін": ғылыми жаңалықтар және олардың күнделікті өмірге әсері, ақпарат көздерінің түрлері, ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігі,

экспериментті жоспарлау және жүргізу, эксперимент нәтижесін диаграмма түрінде белгілеу, қорытынды жасау;

2) "Жанды табиғат": фотосинтез процесі туралы алғашқы түсінік, өсімдіктердің бейімделуі, жылусүйгіш, суыққа төзімді, көлеңкесүйгіш, жарықсүйгіш, шөлге төзімді, ылғалсүйгіш өсімдіктер; табиғат бірлестіктері – жанды және жансыз табиғаттың қауымдастығы, өз өлкесінің табиғат бірлестіктері, адам тіршілік әрекеттерінің өсімдіктердің алуантүрлілігіне әсері, өсімдіктердің табиғаттағы және адам өміріндегі рөлі, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер (өз өлкесінің өсімдіктері негізінде), сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктерді сақтаудағы Қызыл кітаптың маңызы, жануарлар, омыртқалы және омыртқасыз жануарлар, жануарлардың өзара қарым-қатынас жасау түрлері, жануарлар мен өсімдіктер арасындағы өзара байланыс, тіршілік ортасындағы жағдайлардың өзгеруіне байланысты жануарлардың санының өзгеруі, адамның жануарлардың санының азаюына әкелетін іс-әрекеттері, адамның ішкі ағзалары, асқорыту жүйесі, оның адам тіршілігіндегі рөлі, тыныс алу жүйесі және оның ағзалары, тыныс алудың адам ағзасындағы рөлі, қанайналым жүйесі, оның адам ағзасындағы рөлі, жүрек. тамыр соғуы, адамның ағзасын ауру мен инфекциялардан қорғау;

3) "Заттар және олардың қасиеттері": заттар мен денелер, заттарды шығу тегі бойынша жіктеу, табиғи және жасанды денелер, заттарды агрегаттық күйі бойынша жіктеу (қатты, сұйық, газ тәрізді); ауа және оның құрамы (көмірқышқыл газ, оттек, азот , тағы басқалар), ауаның жануды қолдайтын қасиеті, жанды ағзалар мен жансыз табиғаттағы су, негізгі табиғи су көздері, мұхиттар, теңіздер, өзендер, көлдер; ащы және тұщы су, ауызсуды үнемді қолдану, суды тазалау тәсілдері, фильтр арқылы тазалау, судың тіршілік үшін маңызы; топырақ, топырақтың құрамы (құм, саз, жануарлар мен өсімдіктердің қалдықтары, су, ауа), топырақ түрлері, топырақтың қасиеті, құнарлылық, топырақтың кейбір ағзалардың тіршілігіндегі рөлі, топырақты қорғау;

4) "Жер және ғарыш": жер сфералары туралы алғашқы түсінік (литосфера, гидросфера, атмосфера, биосфера), жер сфераларын графикалық кескіндеу, ғарышты игерудегі айтулы оқиғалар, жердің алғашқы жасанды серігін ұшыру, адамның ғарышқа алғашқы ұшуы, айға адамның қонуы, адамзаттың дамуы үшін ғарыштың маңызы, ғарыш игерудегі Қазақстанның үлесі, Байқоңыр ғарыш айлағы, жердің өз осінен айналуы, Күн мен түннің ауысуы;

5) "Табиғат физикасы": серпімділік күші, серпімді және пластикалық денелер, ауырлық күші, табиғаттағы ауырлық күші, үйкеліс күші, табиғаттағы үйкеліс күші, күштің әсер ету бағыты, көлеңке, оның пайда болу себептері, көлеңкенің ерекшеліктері , заттардың жарықты шағылдыру қасиеті, дыбыс. дыбыстың көздері мен дыбыс қабылдағыштар, дыбыс қаттылығының дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтыққа тәуелділігі, электр энергиясы, электр энергиясының көздері, электр

тізбегінің элементтері, қарапайым электр тізбегін құру сызбасы, әртүрлі металдардың магниттелуі.

10. "Жаратылыстану" оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден құралады:

1) "Мен зерттеушімін": зерттеудің өз пайымдауы негізінде анықталған өзекті бағыты, зерттеу әдісін таңдау, бақылау мен эксперименттің артықшылығы мен кемшілігі, нәтижені білім алушы таңдауы бойынша көрсету;

2) "Жанды табиғат": қоректік тізбек, өсімдік – қоректік тізбектің маңызды буыны, өсімдіктің тіршілік циклі, тозаңдану негізінде тұқым түзілу, тұқым таралу жолдары (өздігінен, жел, су, жануарлар, адамдар арқылы таралу), жоғары және төменгі сатыдағы өсімдіктер, өсімдіктерді қорғау жолдары, өз өлкесінің жануарлары, бунақденелердің тіршілік циклі (жұмыртқа, дернәсіл, қуыршақ, ересек бунақденелі), жануарлардың қоректену ерекшеліктері, өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлар, симбиоздық байланыстар, қоректік тізбек құрылымы, тіршілік ортасына байланысты қоректік тізбек модельдері, жойылу шегінде тұрған жануарлар, Қазақстанның Қызыл кітабы, Ұлттық саябақтар мен қорықтарды құру мақсаты, Қазақстанның ұлттық саябақтары мен қорықтары; адам, зәр шығару жүйесі мен оның рөлі, жүйке жүйесі, оның адам ағзасындағы рөлі;

3) "Заттар және олардың қасиеттері": заттардың қасиеттері, заттарды қасиеттеріне байланысты қолдану, құрастырылған эксперимент жоспарына сәйкес жаңа зат алу, адам тіршілігінің түрлі салаларында ауаны қолдану, ауаның ластануы, ауаның ластануының табиғи және жасанды көздері, ауа тазалығын сақтау, ауаны тазарту жолдары, ауаның орын ауыстыруы, желдің пайдасы мен зияны, табиғаттағы су айналымы, атмосферада жауын-шашынның түзілуі, судың ластану көздері (тұрмыстық, өндірістік, ауылшаруашылық), судың ластануының түрлі ағзаларға әсерін түсіндіру, түрлі заттардың судағы ерігіштігі, пайдалы қазбалар (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ), пайдалы қазбаларды қолдану, Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындары, пайдалы қазбаларды қорғау және үнемді қолдану;

4) "Жер мен ғарыш": жер бетінің ірі элементтері, ғарыш денелері (астероидтар, кометалар, метеориттер, жұлдыздар, галактикалар), жердегі тіршілікке ғарыштың әсері, жердің орбита бойынша қозғалысы, жыл мезгілдерінің ауысуы, жыл мезгілдерінің сипаттамасы;

5) "Табиғат физикасы": Архимед күші, Архимед күшін болжау, Архимед күшінің судағы заттарға әсері, көлеңкенің кедергі өлшеміне және жарық көзінен кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігі, жарықтың қасиеттері, шағылу, жұтылу, белгілі бір кедергілердің дыбыстың қаттылығы мен таралуына әсері, түрлі материалдардың жылуөткізгіштігі, түрлі материалдардың электрөткізгіштігі.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында: "1" – сынып, "2.1" – бөлім мен бөлімше, "1" – оқу мақсатының реттік нөмірі.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1) "Мен зерттеушімін"				
1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	1. 1. 1. 1 қоршаған әлем құбылыстары, процестері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру	2. 1. 1. 1 қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысандарын зерделеуге қажетті жағдайларды және зерттеушінің тұлғалық қасиеттерін анықтау	3. 1. 1. 1 маңызды ғылыми жаңалықтар мен олардың адамның күнделікті өміріне әсері туралы әңгімелеу	4. 1. 1. 1 зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау
1.2 Табиғатты тану әдістері	1. 1. 2. 1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1. 1. 2. 2 көрсетілген экспериментті түсіндіру	2. 1. 2. 1 "ақпарат көзі" ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2. 1. 2. 2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); 2. 1. 2. 3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу; 2. 1. 2. 4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2. 1. 2. 5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2. 1. 2. 6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже); 2. 1. 2. 7 эксперимент	3. 1. 2. 1 ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3. 1. 2. 2 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес көрсету мен қорытынды жасау;	4. 1. 2. 1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу; 4. 1. 2. 2 алынған нәтижені білім

		жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру		алушы таңдаған формада ұсыну
2) "Жанды табиғат"				
2.1 Өсімдіктер	1. 2. 1. 1 өсімдіктердің негізгі сипаттамаларын және олардың тіршілік формаларын анықтау; 1. 2. 1. 2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату; 1. 2. 1. 3 жабайы өсімдіктер мен мәдени өсімдіктерді ажырату; 1. 2. 1. 4 өсімдіктердің тіршілігіне қажетті жағдайларды зерттеу; 1. 2. 1. 5 мәдени өсімдіктерге күтім жасау жолдарын сипаттау	2. 2. 1. 1 өсімдіктердің әр түрлі жағдайларда өсу мүмкіндіктерін зерттеу; 2. 2. 1. 2 өсімдіктердің маусымдық өзгерістерін сипаттау; 2. 2. 1. 3 өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау; 2. 2. 1. 4 өсімдік топтарын тіршілік ортасына және қоршаған ортаның жағдайларына (ылғал) бейімделу жолдары бойынша салыстыру; 2. 2. 1. 5 өз өлкесінің өсімдік топтарын сипаттау; 2. 2. 1. 6 топырақты күтудің маңызын түсіндіру; 2. 2. 1. 7 өсімдіктерге қамқорлық жасаудың маңыздылығын түсіндіру	3. 2. 1. 1 өсімдіктердің фотосинтез процесінде оттек бөлуін түсіндіру; 3. 2. 1. 2 өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу жолдарын түсіндіру ; 3. 2. 1. 3 адамның іс-әрекеттерінің өсімдіктердің саналуандығына әсерін түсіндіру; 3. 2. 1. 4 сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктерді сақтаудағы Қызыл кітаптың рөлін анықтау	4. 2. 1. 1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау; 4. 2. 1. 2 өсімдіктің тіршілік циклін сипаттау; 4. 2. 1. 3 тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін және таралу жолдарын сипаттау; 4. 2. 1. 4 төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерді ажырату; 4. 2. 1. 5 өсімдіктерді қорғау жолдарын ұсыну
	1. 2. 2. 1 жануарлар мен өсімдіктерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;	2. 2. 2. 1 жануарлар класының өкілдерін ажырату: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер;	3. 2. 2. 1 жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға жіктеу; 3. 2. 2. 2 жануарларды тіршілік ортасы бойынша ажырату	4. 2. 2. 1 өз өлкесіндегі жануарларды жіктеу; 4. 2. 2. 2 бунақденелілердің тіршілік циклін сипаттау; 4. 2. 2. 3 өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды ажырату; 4. 2. 2. 4 симбиоздық

2.2 Жануарлар	1. 2. 2. 2 жабайы және үй жануарларын ажырату; 1. 2. 2. 3 жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін түсіндіру	2. 2. 2. 2 жануарлардың тіршілік ортасына бейімделу жолдарын сипаттау; 2. 2. 2. 3 жануарлардың көбею жолдарын түсіндіру; 2. 2. 2. 4 жануарлардың саналуандығын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру	және өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау; 3. 2. 2. 3 өсімдіктер мен жануарлар арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 3. 2. 2. 4 жануарлар санының өзгеруін түсіндіру және осы өзгерістерге әсер ететін факторларды анықтау	қарым-қатынасқа мысал келтіру; 4. 2. 2. 5 қоректік тізбектің құрылымын түсіндіру; 4. 2. 2. 6 белгілі бір тіршілік ортасындағы қоректік тізбек моделін құрастыру; 4. 2. 2. 7 ұлттық саябақтар мен қорықтарды құру мақсатын түсіндіру және жойылу шегінде тұрған жануарларға мысал келтіру
2.3 Адам	1. 2. 3. 1 адамның негізгі дене мүшелерін және олардың қызметтерін атау; 1. 2. 3. 2 адам өмірінің кезеңдерін сипаттау; 1. 2. 3. 3 адамның өсу және даму қажеттіліктерін анықтау	2. 2. 3. 1 адамның тірек-қимыл жүйесінің қызметін анықтау; 2. 2. 3. 2 дұрыс дене сымбатын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; 2. 2. 3. 3 бұлшықеттің қозғалыс кезіндегі жиырылуының рөлін түсіндіру; 2. 2. 3. 4 денсаулық сақтаудағы жеке гигиенаның рөлін анықтау; 2. 2. 3. 5 тіс күтімінің денсаулық сақтаудағы маңызын анықтау	3. 2. 3. 1 адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтау; 3. 2. 3. 2 асқорыту жүйесінің тіршілікке қажетті энергияны алудағы рөлін сипаттау; 3. 2. 3. 3 тыныс алу жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3. 2. 3. 4 қанайналым жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3. 2. 3. 5 адам ағзасының ауру мен инфекциядан қорғану жолдарын түсіндіру	4. 2. 3. 1 зәр шығару жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 4. 2. 3. 2 жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау
3) "Заттар және олардың қасиеттері"				
3.1 Заттардың типтері			3. 3. 1. 1 заттарды шығу тегі және агрегаттық күйі бойынша жіктеу	4. 3. 1. 1 заттардың қасиеттеріне сәйкес оларды қолдануға эксперимент жүргізу
				4. 3. 2. 1 адам тіршілігінің түрлі

3.2 Ауа		2. 3. 2. 1 біздің ғаламшарымыз үшін ауаның маңызын түсіндіру; 2. 3. 2. 2 ауаның кейбір қасиеттерін сипаттау (агрегаттық күйі, түсі, иісі); 2. 3. 2. 3 ауаның кеңістікті толтыру қасиетін және жылуөткізгіштігін зерттеу	3. 3. 2. 1 ауаның құрамы мен жануды қолдайтын қасиетін сипаттау	салаларында ауаны қолдану жолдарын анықтау; 4. 3. 2. 2 ауаның ластану көздерін анықтау және тазалығын сақтау жолдары мен оны тазарту шараларын ұсыну; 4. 3. 2. 3 ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру; 4. 3. 2. 4 желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру
3.3 Су		2. 3. 3. 1 судың физикалық қасиеттерін анықтау (дәмсіз, иіссіз, белгілі бір формасының болмауы, аққыштығы); 2. 3. 3. 2 судың агрегаттық күйінің өзгеру процесін зерттеу; 2. 3. 3. 3 судың табиғи көздерін анықтау	3. 3. 3. 1 судың жанды ағзалар мен жансыз табиғатта кездесетінін түсіндіру және негізгі табиғи көздерін салыстыру; 3. 3. 3. 2 судың тіршілік үшін маңыздылығын және тұщы суды үнемді пайдалану қажеттілігін түсіндіру; 3. 3. 3. 3 суды тазартудың түрлі тәсілдерін түсіндіру және өз моделін ұсыну;	4. 3. 3. 1 табиғаттағы су айналымын мен жауын-шашын түзілу процесін сипаттау; 4. 3. 3. 2 судың ластану көздерін анықтау және оның түрлі ағзаларға әсерін түсіндіру; 4. 3. 3. 3 түрлі заттардың судағы ерігіштігін зерттеу
3.4 Табиғат ресурстары		2. 3. 4. 1 табиғат ресурстарының қолданысын анықтау; 2. 3. 4. 2 табиғат ресурстарын шығу тегі бойынша жіктеу	3. 3. 4. 1 топырақтың рөлін және негізгі қасиеттерін түсіндіру; 3. 3. 4. 2 топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттеу (құм, саз, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа)	4. 3. 4. 1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау; 4. 3. 4. 2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету, сақтау және үнемді

				қолданудың жолдарын ұсыну
4) "Жер және ғарыш"				
4.1 Жер	1. 4. 1. 1 Жердің пішінін моделі негізінде анықтау	2. 4. 1. 1 Жер мен Күн арасындағы байланысты түсіндіру; 2. 4. 1. 2 Жердің табиғи серігін анықтау	3. 4. 1. 1 Жер сфераларының орналасу реттілігін түсіндіру және көрсету	4. 4. 1. 1 жер бетінің ірі элементтерін атау және сипаттау
4.2 Ғарыш	1. 4. 2. 1 астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттау; 1. 4. 2. 2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау	2. 4. 2. 1 Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін анықтау; 2. 4. 2. 2 Күн жүйесі ғаламшарларын салыстыру	3. 4. 2. 1 ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелесу және маңыздылығын түсіндіру	4. 4. 2. 1 жекелеген ғарыш денелерін сипаттау және оның тіршілікке әсерін анықтау;
4.3 Кеңістік және уақыт	1. 4. 3. 1 уақыттың маңыздылығын түсіндіру; 1. 4. 3. 2 уақытты өлшеу құралдарын анықтау	2. 4. 3. 1 негізгі уақыт өлшем бірліктерін ажырату; 2. 4. 3. 2 ғарыштағы қашықтық пен уақыттың ерекшеліктерін түсіндіру	3. 4. 3. 1 Жердің өз осінен айналуының салдарын түсіндіру	4. 4. 3. 1 Жердің орбиталық айналуының салдарын түсіндіру; 4. 4. 3. 2 жыл мезгілдерін сипаттау
5) "Табиғат физикасы"				
5.1 Күш және қозғалыс	1. 5. 1. 1 түрлі денелердің қозғалуына мысал келтіру; 1. 5. 1. 2 қозғалыстың адам өміріндегі және табиғаттағы маңыздылығын анықтау; 1. 5. 1. 3 қозғалыстың түрлі траекториясын зерттеу, оларды сурет түрінде көрсету	2. 5. 1. 1 түрлі денелердің әртүрлі жылдамдықпен қозғалуына мысал келтіру; 2. 5. 1. 2 жылдамдықты түсіндіруде оның сапалық сипаттамаларын қолдану (жылдам, баяу); 2. 5. 1. 3 қозғалыс тудыратын күштерді зерттеу; 2. 5. 1. 4 массаны анықтауға арналған құралдарды таңдау және пайдалану	3. 5. 1. 1 серпімділік күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3. 5. 1. 2 ауырлық күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3. 5. 1. 3 үйкеліс күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3. 5. 1. 4 күштің әсер ету бағытын анықтау	4. 5. 1. 1 Архимед күшін сипаттау және оның білінуіне мысал келтіру; 4. 5. 1. 2 судағы әр түрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау
	1. 5. 2. 1 жарық пен қараңғыны салыстыру;			4. 5. 2. 1 көлеңкенің кедергі өлшеміне және жарық көзінен

5.2 Жарық	1. 5. 2. 2 жарықтың табиғи және жасанды көздерін ажырату; 1. 5. 2. 3 жасанды жарықтың қажеттілігін және оның көздерін анықтау	2. 5. 2. 1 кейбір денелердің жарықөткізгіштік қасиетін зерттеу	3. 5. 2. 1 көлеңкенің пайда болу себептерін түсіндіру және мысалдар келтіру; 3. 5. 2. 2 денелердің жарықты шағылдыру қасиетін түсіндіру	кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу және түсіндіру; 4. 5. 2. 2 жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру
5.3 Дыбыс	1. 5. 3. 1 дыбыстың таралу ерекшеліктерін түсіндіру; 1. 5. 3. 2 дыбыстың табиғи және жасанды көздерін ажырату	2. 5. 3. 1 дыбыс қаттылығы бойынша дыбыс көздерін жіктеу	3. 5. 3. 1 дыбыс қаттылығының дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтыққа тәуелділігін түсіндіру	4. 5. 3. 1 белгілі бір кедергілердің дыбыстың қаттылығы мен таралуына әсерін зерттеу және түсіндіру
5.4 Жылу	1. 5. 4. 1 жылыту құрылғыларын анықтау	2. 5. 4. 1 түрлі денелердің температурасын өлшеу		4. 5. 4. 1 түрлі материалдардың жылу өткізгіштігін зерттеу
5.5 Электрлік	1. 5. 5. 1 адамның күнделікті өміріндегі электр энергиясының маңызын түсіндіру		3. 5. 5. 1 электр энергиясы көздерін анықтау; 3. 5. 5. 2 қарапайым электр тізбегінің ұсыну; 3. 5. 5. 3 электр энергиясын үнемді пайдалану керектігін түсіндіру	4. 5. 5. 1 түрлі материалдардың электрөткізгіштігін зерттеу
5.6 Магниттілік	1. 5. 6. 1 магниттік қасиеті бар денелерді анықтау; 1. 5. 6. 2 магниттің қасиетін зерттеу	2. 5. 6. 1 магниттерді қолдану аясын сипаттау	3. 5. 6. 1 магнит көмегімен әртүрлі металдардың магниттелу қасиетін зерттеу	

13. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

14. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 1-сынып:

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			

1. Өзім туралы	1 Мен зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	1. 1. 1. 1 қоршаған әлем құбылыстары, процестері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру
		1.2 Табиғатты тану әдістері	1. 1. 2. 1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1. 1. 2. 2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
	2 Жанды табиғат	2.1 Өсімдіктер	1. 2. 1. 1 өсімдіктердің негізгі сипаттамаларын және олардың тіршілік формаларын анықтау; 1. 2. 1. 2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату; 1. 2. 1. 3 жабайы өсімдіктер мен мәдени өсімдіктерді ажырату; 1. 2. 1. 4 өсімдіктердің тіршілігіне қажетті жағдайларды зерттеу; 1. 2. 1. 5 мәдени өсімдіктерге күтім жасау жолдарын сипаттау
2. Менің мектебім		2.2 Жануарлар	1. 2. 2. 1 жануарлар мен өсімдіктерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 1. 2. 2. 2 жабайы және үй жануарларын ажырату; 1. 2. 2. 3 жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін түсіндіру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	1. 1. 2. 1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1. 1. 2. 2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
2-тоқсан			
3. Менің отбасым және достарым	2 Жанды табиғат	2.3 Адам	1. 2. 3. 1 адам денесінің негізгі мүшелерін және олардың қызметтерін атау; 1. 2. 3. 2 адам өмірінің кезеңдерін сипаттау;

			1. 2. 3. 3 адамның өсу және даму қажеттіліктерін анықтау
4. Бізді қоршаған әлем	5 Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс	1. 5. 1. 1 түрлі денелердің қозғалуына мысал келтіру; 1. 5. 1. 2 қозғалыстың адам өміріндегі және табиғаттағы маңыздылығын анықтау; 1. 5. 1. 3 қозғалыстың түрлі траекториясын зерттеу, оларды сурет түрінде көрсету
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	1. 1. 2. 1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1. 1. 2. 2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
3-тоқсан			
5. Саяхат	4 Жер және ғарыш	4.2 Ғарыш	1. 4. 2. 1 астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттау; 1. 4. 2. 2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау
		4.1 Жер	1. 4. 1. 1 Жердің пішінін моделі негізінде анықтау
		4.3 Кеңістік және уақыт	1. 4. 3. 1 уақыттың маңыздылығын түсіндіру ; 1. 4. 3. 2 уақытты өлшеу құралдарын анықтау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	1. 1. 2. 1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1. 1. 2. 2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	5 Табиғат физикасы	5.4 Жылу	1. 5. 4. 1 жылыту құрылғыларын анықтау
		5.5 Электрлік	1. 5. 5. 1 адамның күнделікті өміріндегі электр энергиясының маңызын түсіндіру
		5.6 Магниттілік	1. 5. 6. 1 магниттік қасиеті бар денелерді анықтау; 1. 5. 6. 2 магниттің қасиетін зерттеу

	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	1. 1. 2. 1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1. 1. 2. 2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
4-тоқсан			
7. Тағам мен сусын	5 Табиғат физикасы	5.2 Жарық	1. 5. 2. 1 жарық пен қараңғыны салыстыру; 1. 5. 2. 2 жарықтың табиғи және жасанды көздерін ажырату; 1. 5. 2. 3 жасанды жарықтың қажеттілігін және оның көздерін анықтау
8. Дені саудың жаны сау		5.3 Дыбыс	1. 5. 3. 1 дыбыстың таралу ерекшеліктерін түсіндіру; 1. 5. 3. 2 дыбыстың табиғи және жасанды көздерін ажырату
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	1. 1. 2. 1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1. 1. 2. 2 көрсетілген экспериментті түсіндіру

2) 2-сынып:

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
	1 Мен зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	2. 1. 1. 1 қоршаған әлем құбылыстары, процестері мен нысандарын зерделеуге қажетті жағдайларды және зерттеушінің тұлғалық қасиеттерін анықтау
			2. 1. 2. 1 "ақпарат көзі" ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2. 1. 2. 2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); 2. 1. 2. 3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу;

1. Өзім туралы		1.2 Табиғатты тану әдістері	2. 1. 2. 4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2. 1. 2. 5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2. 1. 2. 6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже); 2. 1. 2. 7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру
	2 Жанды табиғат	2.1 Өсімдіктер	2. 2. 1. 1 өсімдіктердің әртүрлі жағдайларда өсу мүмкіндіктерін зерттеу; 2. 2. 1. 2 өсімдіктердің маусымдық өзгерістерін сипаттау; 2. 2. 1. 3 өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау; 2. 2. 1. 4 өсімдік топтарын тіршілік ортасына және қоршаған ортаның жағдайларына (ылғал) бейімделу жолдары бойынша салыстыру; 2. 2. 1. 5 өз өлкесінің өсімдік топтарын сипаттау; 2. 2. 1. 6 топырақты күтудің маңызын түсіндіру; 2. 2. 1. 7 өсімдіктерге қамқорлық жасаудың маңыздылығын түсіндіру
		2.2 Жануарлар	2. 2. 2. 1 жануарлар класының өкілдерін ажырату: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер; 2. 2. 2. 2 жануарлардың тіршілік ортасына бейімделу жолдарын сипаттау;

2. Менің отбасым және достарым			2. 2. 2. 3 жануарлардың көбею жолдарын түсіндіру; 2. 2. 2. 4 жануарлардың саналуандығын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	2. 1. 2. 2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); 2. 1. 2. 3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу; 2. 1. 2. 4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2. 1. 2. 5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау
2-тоқсан			
3. Менің мектебім	2 Жанды табиғат	2.3 Адам	2. 2. 3. 1 адамның тірек-қимыл жүйесінің қызметін анықтау; 2. 2. 3. 2 дұрыс дене сымбатын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру ; 2. 2. 3. 3 бұлшықеттің қозғалыс кезіндегі жиырылуының рөлін түсіндіру; 2. 2. 3. 4 денсаулық сақтаудағы жеке гигиенаның рөлін анықтау; 2. 2. 3. 5 тіс күтімінің денсаулық сақтаудағы маңызын анықтау
			2. 1. 2. 1 "ақпарат көзі" ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2. 1. 2. 2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); 2. 1. 2. 3 бақылау нәтижелерін шартты

	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	белгілердің көмегімен белгілей білу; 2. 1. 2. 4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2. 1. 2. 5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2. 1. 2. 6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже); 2. 1. 2. 7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру
4. Менің туған өлкем	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.2 Ауа	2. 3. 2. 1 біздің ғаламшарымыз үшін ауаның маңызын түсіндіру; 2. 3. 2. 2 ауаның кейбір қасиеттерін сипаттау (агрегаттық күйі, түсі, иісі); 2. 3. 2. 3 ауаның кеңістікті толтыру қасиетін және жылуөткізгіштігін зерттеу
		3.3 Су	2. 3. 3. 1 судың физикалық қасиеттерін анықтау (дәмсіз, иіссіз, белгілі бір формасының болмауы, аққыштығы); 2. 3. 3. 2 судың агрегаттық күйінің өзгеру процесін зерттеу; 2. 3. 3. 3 судың табиғи көздерін анықтау
			2. 1. 2. 1 "ақпарат көзі" ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2. 1. 2. 2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); 2. 1. 2. 3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу;

	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	2. 1. 2. 4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2. 1. 2. 5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2. 1. 2. 6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже); 2. 1. 2. 7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру
3-тоқсан			
5. Дені саудың жаны сау	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.4 Табиғат ресурстары	2. 3. 4. 1 табиғат ресурстарының қолданысын анықтау; 2. 3. 4. 2 табиғат ресурстарын шығу тегі бойынша жіктеу
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	2. 1. 2. 1 "ақпарат көзі" ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2. 1. 2. 2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже)
	4 Жер және ғарыш	4.1 Жер	2. 4. 1. 1 Жер мен Күн арасындағы байланысты түсіндіру; 2. 4. 1. 2 Жердің табиғи серігін анықтау
		4.2 Ғарыш	2. 4. 2. 1 Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін анықтау; 2. 4. 2. 2 Күн жүйесі ғаламшарларын салыстыру
		4.3 Кеңістік және уақыт	2. 4. 3. 1 негізгі уақыт өлшем бірліктерін ажырату; 2. 4. 3. 2 ғарыштағы қашықтық пен уақыттың ерекшеліктерін түсіндіру
			2. 1. 2. 1 "ақпарат көзі" ұғымын және оның

	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2. 1. 2. 4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2. 1. 2. 5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау
6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	5 Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс	2. 5. 1. 1 түрлі денелердің әртүрлі жылдамдықпен қозғалуына мысал келтіру; 2. 5. 1. 2 жылдамдықты түсіндіруде сапалық сипаттамаларын қолдану (жылдам, баяу); 2. 5. 1. 3 қозғалыс тудыратын күштерді зерттеу; 2. 5. 1. 4 массаны анықтауға арналған құралдарды таңдау және пайдалану
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	2. 1. 2. 1 "ақпарат көзі" ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2. 1. 2. 5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2. 1. 2. 6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже)
4-тоқсан			
	5 Табиғат физикасы	5.2 Жарық	2. 5. 2. 1 кейбір денелердің жарықөткізгіштік қасиетін зерттеу
		5.3 Дыбыс	2. 5. 3. 1 дыбыс қаттылығы бойынша дыбыс көздерін жіктеу
		5.4 Жылу	2. 5. 4. 1 түрлі денелердің температурасын өлшеу
		5.6 Магниттілік	2. 5. 6. 1 магниттерді қолдану аясын сипаттау
			2. 1. 2. 1 "ақпарат көзі" ұғымын және оның

7. Қоршаған орта 8. Саяхат	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2. 1. 2. 5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2. 1. 2. 6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже); 2. 1. 2. 7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру

3) 3-сынып:

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Жанды табиғат	1 Мен зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	3. 1. 1. 1 маңызды ғылыми жаңалықтар мен олардың адамның күнделікті өміріне әсері туралы әңгімелеу
		1.2 Табиғатты тану әдістері	3. 1. 2. 1 ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3. 1. 2. 2 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес көрсету мен қорытынды жасау
	2 Жанды табиғат	2.1 Өсімдіктер	3. 2. 1. 1 өсімдіктердің фотосинтез процесінде оттек бөлуін түсіндіру; 3. 2. 1. 2 өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу жолдарын түсіндіру; 3. 2. 1. 3 адамның іс-әрекеттерінің өсімдіктердің саналуандығына әсерін түсіндіру; 3. 2. 1. 4 сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктерді сақтаудағы Қызыл кітаптың рөлін анықтау

2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)		2.2 Жануарлар	3. 2. 2. 1 жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға жіктеу; 3. 2. 2. 2 жануарларды тіршілік ортасы бойынша ажырату және өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау; 3. 2. 2. 3 өсімдіктер мен жануарлар арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 3. 2. 2. 4 жануарлар санының өзгеруін түсіндіру және осы өзгерістерге әсер ететін факторларды анықтау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3. 1. 2. 1 ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3. 1. 2. 2 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес көрсету мен қорытынды жасау
2-тоқсан			
3. Уақыт	2 Жанды табиғат	2.3 Адам	3. 2. 3. 1 адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтау; 3. 2. 3. 2 асқорыту жүйесінің тіршілікке қажетті энергияны алудағы рөлін сипаттау; 3. 2. 3. 3 тыныс алу жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3. 2. 3. 4 қанайналым жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3. 2. 3. 5 адам ағзасының ауру мен инфекциядан қорғану жолдарын түсіндіру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3. 1. 2. 1 ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау;
		3.1 Заттардың типтері	3. 3. 1. 1 заттарды шығу тегі және агрегаттық күйі бойынша жіктеу

4. Сәулет өнері	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.2 Ауа	3. 3. 2. 1 ауаның құрамы мен жануды қолдайтын қасиетін сипаттау
		3.3 Су	3. 3. 3. 1 судың жанды ағзалар мен жансыз табиғатта кездесетінін түсіндіру және негізгі табиғи көздерін салыстыру; 3. 3. 3. 2 судың тіршілік үшін маңыздылығын және тұщы суды үнемді пайдалану қажеттілігін түсіндіру; 3. 3. 3. 3 суды тазартудың түрлі тәсілдерін түсіндіру және өз моделін ұсыну
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3. 1. 2. 1 ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3. 1. 2. 2 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес көрсету мен қорытынды жасау
3-тоқсан			
5. Өнер	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.4 Табиғат ресурстары	3. 3. 4. 1 топырақтың рөлін және негізгі қасиеттерін түсіндіру; 3. 3. 4. 2 топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттеу (құм, саз, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа)
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3. 1. 2. 1 ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3. 1. 2. 2 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес көрсету мен қорытынды жасау
	4 Жер және ғарыш	4.1 Жер	3. 4. 1. 1 Жер сфераларының орналасу реттілігін түсіндіру және көрсету
		4.2 Ғарыш	3. 4. 2. 1 ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы

			әңгімелесу және маңыздылығын түсіндіру
		4.3 Кеңістік және уақыт	3. 4. 3. 1 Жердің өз осінен айналуының салдарын түсіндіру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3. 1. 2. 1 ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау;
6. Атақты тұлғалар	5 Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс	3. 5. 1. 1 серпімділік күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3. 5. 1. 2 ауырлық күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3. 5. 1. 3 үйкеліс күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3. 5. 1. 4 күштің әсер ету бағытын анықтау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3. 1. 2. 1 ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3. 1. 2. 2 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес көрсету мен қорытынды жасау
4-тоқсан			
7. Су – тіршілік көзі	5 Табиғат физикасы	5.2 Жарық	3. 5. 2. 1 көлеңкенің пайда болу себептерін түсіндіру және мысалдар келтіру; 3. 5. 2. 2 денелердің жарықты шағылдыру қасиетін түсіндіру
8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер		5.3 Дыбыс	3. 5. 3. 1 дыбыс қаттылығының дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтыққа тәуелділігін түсіндіру
		5.5 Электрлік	3. 5. 5. 1 электр энергиясы көздерін анықтау; 3. 5. 5. 2 қарапайым электр тізбегінің ұсыну; 3. 5. 5. 3 электр энергиясын үнемді пайдалану керектігін түсіндіру
			3. 5. 6. 1 магнит көмегімен әртүрлі

		5.6 Магниттілік	металдардың магниттелу қасиетін зерттеу
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3. 1. 2. 1 ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3. 1. 2. 2 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес көрсету мен қорытынды жасау

4) 4-сынып:

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Кең байтақ Қазақстаным	1 Мен зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	4. 1. 1. 1 зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау;
		1.2 Табиғатты тану әдістері	4. 1. 2. 1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу; 4. 1. 2. 2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну;
	2 Жанды табиғат	2.1 Өсімдіктер	4. 2. 1. 1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау; 4. 2. 1. 2 өсімдіктің тіршілік циклін сипаттау; 4. 2. 1. 3 тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін және таралу жолдарын сипаттау; 4. 2. 1. 4 төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерді ажырату; 4. 2. 1. 5 өсімдіктерді қорғау жолдарын ұсыну
			4. 2. 2. 1 өз өлкесіндегі жануарларды жіктеу; 4. 2. 2. 2 бунақденелілердің тіршілік циклін сипаттау; 4. 2. 2. 3 өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды ажырату; 4. 2. 2. 4 симбиоздық қарым-қатынасқа мысал келтіру

2. Адам болам десеңіз		2.2 Жануарлар	4. 2. 2. 5 қоректік тізбектің құрылымын түсіндіру; 4. 2. 2. 6 белгілі бір тіршілік ортасындағы қоректік тізбектің моделін құрастыру; 4. 2. 2. 7 ұлттық саябақтар мен қорықтарды құру мақсатын түсіндіру және жойылу шегінде тұрған жануарларға мысал келтіру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4. 1. 2. 1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4. 1. 2. 2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну;
2-тоқсан			
3. Мамандықтар әлемі	2 Жанды табиғат	2.3 Адам	4. 2. 3. 1 зәр шығару жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 4. 2. 3. 2 жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4. 1. 2. 1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4. 1. 2. 2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну
		3.1 Заттардың типтері	4. 3. 1. 1 заттардың қасиеттеріне сәйкес оларды қолдануға эксперимент жүргізу
			4. 3. 2. 1 адам тіршілігінің түрлі салаларында ауаны қолдану жолдарын анықтау; 4. 3. 2. 2 ауаның ластану көздерін анықтау және тазалығын сақтау

4. Уақыт	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.2 Ауа	жолдары мен оны тазарту шараларын ұсыну; 4. 3. 2. 3 ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру 4. 3. 2. 4 желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру
		3.3 Су	4. 3. 3. 1 табиғаттағы су айналымын мен жауын-шашын түзілу процесін сипаттау; 4. 3. 3. 2 судың ластану көздерін анықтау және оның түрлі ағзаларға әсерін түсіндіру; 4. 3. 3. 3 түрлі заттардың судағы ерігіштігін зерттеу
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4. 1. 2. 1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4. 1. 2. 2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну
3-тоқсан			
5. Атадан қалған асыл мұра	5 Табиғат физикасы	5.2 Жарық	4. 5. 2. 1 көлеңкенің кедергі өлшеміне және жарық көзінен кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу және түсіндіру; 4. 5. 2. 2 жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру
		5.3 Дыбыс	4. 5. 3. 1 белгілі бір кедергілердің дыбыстың қаттылығы мен таралуына әсерін зерттеу және түсіндіру;
		5.4 Жылу	4. 5. 4. 1 түрлі материалдардың жылуөткізгіштігін зерттеу;
			4. 5. 5. 1 түрлі материалдардың

		5.5 Электрлік	электрөткізгіштігін зерттеу
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4. 1. 2. 1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4. 1. 2. 2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну;
6. Қоршаған ортаны қорғау	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.4 Табиғат ресурстары	4. 3. 4. 1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау; 4. 3. 4. 2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету, сақтау және үнемді қолданудың жолдарын ұсыну
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4. 1. 2. 1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4. 1. 2. 2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну
4-тоқсан			
7. Болашаққа саяхат	4 Жер және ғарыш	4.1 Жер	4. 4. 1. 1 жер бетінің ірі элементтерін атау және сипаттау
		4.2 Ғарыш	4. 4. 2. 1 жекелеген ғарыш денелерін сипаттау және оның тіршілікке әсерін анықтау
		4.3 Кеңістік және уақыт	4. 4. 3. 1 Жердің орбиталық айналуының салдарын түсіндіру; 4. 4. 3. 2 жыл мезгілдерін сипаттау
			4. 1. 2. 1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның

	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4. 1. 2. 2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну
8. Таңғажайып оқиғалар	5 Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс	4. 5. 1. 1 Архимед күшін сипаттау және оның білінуіне мысал келтіру; 4. 5. 1. 2 судағы әр түрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4. 1. 2. 1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4. 1. 2. 2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну

Ескерту: зерттеушілік білік пен дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған "Мен зерттеушімін" бөлімінің оқу мақсаттары "Жанды табиғат", "Заттар және олардың қасиеттері", "Жер және ғарыш", "Табиғат физикасы" бөлімдерінің оқу мақсаттарымен кіріктіріле жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
29-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Дүниетану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Дүниетану" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) " Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Дүниетану" оқу пәнін оқытудың мақсаты: ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан білім алушылардың бойында адам, табиғат және қоғамның өзара байланысуы және өзара тәуелділігі туралы білім жүйесін қалыптастыру.

3. Оқыту міндеттері:

1) білім алушыларда қоғам және табиғат құбылыстары мен нысандарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы түсініктер қалыптастыру;

2) білім алушыларда табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру;

3) білім алушыларда табиғи және әлеуметтік шынайылықты тану әдістерін: бақылау , эксперимент, сауалнама тәжірибелерінің қалыптасуын қамтамасыз ету;

4) білім алушылардың танымдық әрекетін дамытуды қамтамасыз ету;

5) білім алушыларды қазіргі қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне дағдыландыру;

6) білім алушылардың өзін қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына дұрыс қатынастарын қалыптастыру.

4. "Дүниетану" оқу пәнінің оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", " ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарын білім алушыларға дарытудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. "Дүниетану" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Дүниетану" оқу пәнінің мазмұны

6. "Дүниетану" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағат;

2) 2-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

3) 3-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

4) 4-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Дүниетану" оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) "Мен және қоғам" бөлімі: отбасы; отбасы мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесіндегі өз орнын анықтау; "шежіре" ұғымы; отбасындағы қамқорлық;

тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлері; тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктерінің құрылымы; мектеп және мектеп қауымдастығы; мектептің адам өміріндегі маңызы; мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жері; күн тәртібі; тәулік уақыты мен апта күндерінің атаулары; өзін мектеп оқушысы және сынып ұжымының мүшесі ретінде сипаттау; менің атамекенім; мекенжай атауы және елді мекенінің географиялық орналасқан жері; өзі тұратын елді мекеннің басты көшесі, ғимараттары және көрнекі жерлері; денсаулық пен қауіпсіздік; жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығы; тамақтану режимі; үйдегі қауіпсіздік ережелері; жолда жүру тәртібі; жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белігілерінің мәні; мерекелер; отбасылық мерекелер;

2) "Еліміздің табиғаты" бөлімі: жергілікті жерде бағдарлану; жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау; табиғатта өзін-өзі ұстау ережелері; климат және ауа райы; ауа райының адам өміріне және оның іс-әрекетіне әсері; табиғи жағдайлар және олардың адам өмірі мен қызметіне әсері; жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктері; туризм; туризмнің мәні; туристердің негізгі мақсаттары;

3) "Тарих беттерінен" бөлімі: ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер: ежелгі адамдар, сақтар, Томирис патшайымы, ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштері және жәдігерлері туралы алғашқы мәліметтер; Қазақстан аумағындағы көне жазулар туралы түсінік; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздермен танысу, оларды сипаттау; Қазақстан елордасы – Астана қаласы.

8. "Дүниетану" оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) "Мен және қоғам" бөлімі: отбасы; отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасау; отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіру; отбасы қажеттіліктерінің құрылымы; мектеп және мектеп қауымдастығы; мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлері; мектеп қауымдастығының құрылымы; ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормалары; сынып ұжымын сипаттау; менің атамекенім; көрікті жерлерін сипаттау; Қазақстан картасындағы ірі өзен-көлдер, қалалар, жолдар, өз облысы; денсаулық пен қауіпсіздік; пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтары; күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелері; көлік түрлері, олардың қажеттілігі; қоғамдық көліктегі өзін-өзі ұстау ережелері; құқық және міндет; құқық, міндет және жауапкершілік; қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңызы; Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелері;

2) "Елімнің табиғаты" бөлімі: жергілікті жерде бағдарлану; тұсбағдардың көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау; ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және кері әсері; ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызы; өз өңіріндегі табиғи жағдайлардың (жер бедері, климат, өсімдік

және жануарлар әлемі, су нысандары) оң және кері тұстары; табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу; туризм; туризмнің негізгі түрлері; туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы нысандар; туристік нысандардың ерекшеліктері;

3) "Тарих беттерінен" бөлімі: "мал шаруашылығы" және "егін шаруашылығы" туралы алғашқы түсінік алу; көне қалалар мен ескерткіштер; ғұндардың өмір салты туралы алғашқы түсінік; Ботай мәдениетінің ерекшеліктері; қазақ халқының жылқыны қолға үйретуі; көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері; Әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі; Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің мәні; Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау; Қазақстан халықтары достығының маңыздылығы.

9. "Дүниетану" оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) "Мен және қоғам" бөлімі: отбасы; отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастар; әулет шежіресін құрастыру; өз әулетінің құндылықтарын анықтау; өз шығындарын жоспарлау; өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну; мектеп және мектеп қауымдастығы; сыныптың өзін-өзі басқару ережелері; түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдары; қоғамда өзін өзі ұстау әдеп нормалары; адамдар арасындағы достықтың маңыздылығы; менің атамекенім; елді мекендердің түрлі белгілері; қала мен ауылдың байланысы; денсаулық пен қауіпсіздік; тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелері; спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау; табиғи ортадағы қауіп-қатерлер; өзінің табиғи ортадағы қауіпсіздігін жоспарлау; құқық және міндет; Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызы; мерекелер; Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерінің маңызы;

2) "Елімнің табиғаты" бөлімі: жергілікті жерде бағдарлану; астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау; масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру; климат және ауа райы; жер климатының негізгі түрлері; ауа райы мен климаттың қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелері; табиғи жағдайлардың адам өміріне және оның іс-әрекетіне әсері; адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары); геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелері; туризм; Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингісі;

3) "Тарих беттерінен" бөлімі: көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктері; тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру; Қазақстанның тарихи тамыры; Түркілердің өмір салтымен танысу; Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар; Қазақ хандығының құрылу себептері; көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері; хандар, батырлар мен билердің рөлі; Абылай хан; Керей хан; Жәнібек хан; Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және

патриотизм; Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру ("Алтын адам", " Бәйтерек" монументі, "Мәңгілік Ел" қақпасы); тұлғаның, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлі.

10. "Дүниетану" оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) "Мен және қоғам" бөлімі: отбасы; отбасының қоғам өміріндегі маңызы; отбасы мүшелерінің функционалдық рөлі; отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстары; отбасы бюджетін оңтайландыру жолдары; мектеп және мектеп қауымдастығы; мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдары; көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттер; менің атамекенім; түрлі дәрежедегі әкімшілік-аумақтық бірліктерді (аймақ, аудан, облыс); өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілері; денсаулық пен қауіпсіздік; спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану себептері; спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қауіптері; жасанды ортадағы қауіп-қатерлер; жасанды ортадағы өз қауіпсіздігін жоспарлау; құқық және міндет; Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы ; демократиялық құқықтар мен бостандықтар, міндеттер; мерекелер. кәсіби мерекелердің тарихы;

2) "Елімнің табиғаты" бөлімі: жергілікті жерде бағдарлану; нысанның басқа нысандарға қатысты орны; глобус пен карталардың қолданылуы; параллельдер, меридиандар, экватор; климат және ауа райы; адамзат дамуына климаттың әсері; табиғи жағдайлардың адам өміріне және оның іс-әрекетіне әсері; өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекеттері; өз өңірінде табиғи апаттар туындау ықтималдылығы; туризм. Қазақстан мен Астана бойынша туристік маршрут құру;

3) "Тарих беттерінен" бөлімі: "технологиялық прогресс" ұғымы анықтамасымен танысу; тарихи мұражайлардың қызметі; мұражайдың өзіндік жобасы; қазақ халқының шығу тарихы; сақтар, ғұндар, түркілер және қазақтар арасындағы байланысты графикалық түрде бейнелеу; Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар; Қазақстанның XX-XXI ғасырлардағы жетістіктерінен мысалдар; шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің өмірбаяны; Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм; "Қазақстан" атауымен байланысты ұлттық бренд; Қазақстанның әлемдік сахнадағы рөлі.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында: "1" - сынып,"2.1" – бөлім мен бөлімше, "1" – оқу мақсатының реттік нөмірі.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1) "Мен және қоғам"				
1.1 Мен және менің отбасым	1.1.1.1 түрлі дереккөздерді зерттеу негізінде Отбасы" ұғымын түсіну және мәнін түсіндіру; 1.1.1.2 отбасы мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесіндегі өз орнын анықтау; 1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлықтың маңызын түсіндіріп, мысал келтіру; 1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру; 1.1.1.5 тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктерінің құрылымын, олардың қайдан келетінін анықтау	2.1.1.1 отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасау; 2.1.1.2 мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіру; 2.1.1.3 түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау; 2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау	3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру; 3.1.1.2 әулет шежіресін құрастыру; 3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау; 3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлау және негіздеу; 3.1.1.5 өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну	4.1.1.1 отбасының қоғам өміріндегі маңызын дәлелдеу; 4.1.1.2 отбасы мүшелерінің функционалдық рөлін талдау; 4.1.1.3 отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау; 4.1.1.4 отбасы бюджетін оңтайландыру жолдарын ұсыну
1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы	1.1.2.1 мектептің адам өміріндегі маңызын түсіндіру; 1.1.2.2 мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жерін анықтау; 1.1.2.3 мектептегі тәртіп ережелерін сақтау маңыздылығын түсіндіру; 1.1.2.4 күн тәртібін сақтаудың маңызын түсіндіру және күн тәртібін құрастыру; 1.1.2.5 тәулік уақыты мен апта күндерінің атауларын қолдану;	2.1.2.1 мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру; 2.1.2.2 мектеп қауымдастығының құрылымын және мүшелерінің қызметін анықтау; 2.1.2.3 мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормаларын түсіндіру;	3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасын ұсыну; 3.1.2.2 түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын түсіндіру; 3.1.2.3 қоғамда өзін-өзі ұстау әдеп нормаларын түсіндіру; 3.1.2.4 өз тәжірибесінен мысал келтіре отырып, адамдар арасындағы достықтың	4.1.2.1 мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдарын түсіндіру; 4.1.2.2 оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау

	1.1.2.6 өзін мектеп оқушысы және сынып ұжымының мүшесі ретінде сипаттау	2.1.2.4 өз сыныбының ұжымын сипаттау	маңыздылығын дәлелдеу	
1.3 Менің атамекенім	1.1.3.1 өз мекенжайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін сипаттау; 1.1.3.2 өзі тұратын елді мекеннің басты көшесін, ғимараттарын және көрнекі жерлерін сипаттау	2.1.3.1 өз зерттеулеріне сүйене отырып, өлкесінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу; 2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету	3.1.3.1 елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажырату (типі, көлемі, қызметі); 3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру	4.1.3.1 түрлі дәрежедегі әкімшілік-аумақтық бірліктерді (аймақ, аудан, облыс) ажырату; 4.1.3.2 түрлі дереккөздерге негізделе отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру
1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; 1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру; 1.1.4.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру; 1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру; 1.1.4.5 үй мен мектеп арасындағы қауіпсіз маршрут жоспарын құрастыру; 1.1.4.6 шұғыл көмек қызметтерін білу және олармен хабарласу жағдайларын анықтау	2.1.4.1 түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау; 2.1.4.2 күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орын дарда) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру; 2.1.4.3 көлік түрлерін, олардың қажеттілігін ажырату; 2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіру	3.1.4.1 тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету; 3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау; 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау; 3.1.4.4 табиғи ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлау	4.1.4.1 спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану себептерін зерттеу; 4.1.4.2 спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қаупін азайту және алдын алу әдістерін ұсыну; 4.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде жасанды ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау; 4.1.4.4 жасанды ортадағы өз қауіпсіздігін жоспарлау
				4.1.5.1 Конституцияның қоғам өміріндегі

1.5 Құқық және міндет		2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату; 2.1.5.2 қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңызын түсіндіру	3.1.5.1 Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызын түсіндіру	маңызы туралы қорытындылар жасау; 4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде демократиялық құқықтары, бостандықтары, міндеттерінен мысалдар келтіру
1.6 Мерекелер	1.1.6.1 отбасылық мерекелердің бірін сипаттау	2.1.6.1 таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәнін түсіндіру	3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну	4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру
2) "Елімнің табиғаты"				
2.1 Жергілікті жерде бағдарлау	1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау; 1.2.1.2 табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру	2.2.1.1 тұсбағдардың көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау	3.2.1.1 астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау; 3.2.1.2 масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру	4.2.1.1 нысанның басқа нысандарға қатысты орнын анықтау; 4.2.1.2 глобус пен карталардың қолдану аясын, олардан негізгі нысандарды көрсете білу; 4.2.1.3 глобус пен картадан параллельдерді, меридиандарды, экваторды көрсете білу
2.2 Климат және ауа райы	1.2.2.1 ауа райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау	2.2.2.1 ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және кері әсерін талдау	3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау; 3.2.2.2 ауа райы мен климаттың қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру	4.2.2.1 адамзат дамуына климаттың әсерін талдау
		2.2.3.1 ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер)	3.2.3.1 адамдардың	4.2.3.1 өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы

2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	1.2.3.1 жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау	шаруашылық маңызын анықтау; 2.2.3.2 өз өңіріндегі табиғи жағдайлардың (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) оң және кері тұстарын талдау; 2.2.3.3 табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу	табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары); 3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру	адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау; 4.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындауы ықтималдылығын болжау
дәйексөз, үзінді негізінде мәселені болжау, әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау, астарлы ойды анықтау, тұрмыстық, әлеуметтік мәтіндерді талдау арқылы негізгі ойды анықтау, перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау, коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу;

2) оқылым:

тұтас және аралас мәтіндердегі ақпаратты салыстыру, тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін тану, мақала, аннотация, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, ғылыми және публицистикалық стильде жазылған мәтіндерді талдау, сілтеме жасау;

3) жазылым:

тезистік жоспар құру, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу, графиктік мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу, аргументативті эссе жазу, бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу;

орфоэпиялық норма: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;

лексикалық норма: сөздік қор мен сөздік құрам;

грамматикалық норма: сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді және етістікті сөз тіркестері, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері, сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері, жай сөйлем,жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі;

пунктуациялық норма: қабаттаса қолданылатын тыныс белгілері.

14. 9-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

әртүрлі жанрдағы орта көлемді мәтіндердегі мақсатты аудитория мен тілдік құралдардың рөлін талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу, мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау, мәтінде айтылған ойға өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан баға беру;

2) оқылым:

тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу, қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану, мақала, аннотация, презентация, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, ерекшелігін салыстыру, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу, ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау;

3) жазылым:

күрделі жоспар құру, әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру, жағдаятты талқылау, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе), перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу, тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру, мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру , мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу, эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу , жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау;

орфоэпиялық норма: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

лексикалық норма: лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану;

грамматикалық норма: құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу, салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану;

пунктуациялық норма: құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

15. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" сан мен әріптен тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, әріппен берілген белгі сөйлеу әрекетінің дағдысын (тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормалары), әріппен қоса берілетін сандар бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, "2.1" – бөлім мен бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

16. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген.

1) тыңдалым және айтылым:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Болжау	5. 1. 1. 1 тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау	6. 1. 1. 1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау	7. 1. 1. 1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау	8. 1. 1. 1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау	9. 1. 1. 1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру
2. Әртүрлі жанрдағы мәтін дерді талдау	5. 1. 2. 1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру	6. 1. 2. 1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау	7. 1. 2. 1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырып-тарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалар дан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау	8. 1. 2. 1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау	9. 1. 2. 1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау
	5. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі	6. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді	7. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған	8. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну,	9. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік

3. Мәтіннен ақпаратты анықтау	және қосымша ақпаратты анықтау	ақпаратты анықтау	ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу	ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау	мәселелермен байланыстыра білу
4. Негізгі ойды анық тау	5. 1. 4. 1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау	6. 1. 4. 1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау	7. 1. 4. 1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау	8. 1. 4. 1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау	9. 1. 4. 1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау
5. Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау	5. 1. 5. 1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру	6. 1. 5. 1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру	7. 1. 5. 1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау	8. 1. 5. 1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау	9. 1. 5. 1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту
6. Сөйлеу мәдениетін дамыту	5. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру	6. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу	7. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу	8. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу	9. 1. 6. 1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау,орта көлемді монолог дайындау

2) оқылым:

	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Ақпаратты түсіну	5. 2. 1. 1 мәтіндегі негізгі	6. 2. 1. 1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты	7. 2. 1. 1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты	8. 2. 1. 1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма,	9. 2. 1. 1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі

	және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау	анықтау, түсіндіру	интерпретациялау	сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру	мәліметтерді салыстыру, өңдеу
2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	5. 2. 2. 1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану	6. 2. 2. 1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	7. 2. 2. 1 публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	8. 2. 2. 1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	9. 2. 2. 1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану
3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	5. 2. 3. 1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	6. 2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату	7. 2. 3. 1 хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	8. 2. 3. 1 мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	9. 2. 3. 1 мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату
4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау	5. 2. 4. 1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру	6. 2. 4. 1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру	7. 2. 4. 1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	8. 2. 4. 1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау	9. 2. 4. 1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
5. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу	5. 2. 5. 1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру	6. 2. 5. 1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру	7. 2. 5. 1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру	8. 2. 5. 1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру	9. 2. 5. 1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру
	5. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын	6. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын			

6. Оқы лым стратегияларын қолдану	қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу	қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу	7. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу	8. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу	9. 2. 6. 1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу
7. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	5. 2. 7. 1 энциклопедияла р, балаларға арналған газет-журналдар дан қажетті ақпаратты ала білу	6. 2. 7. 1 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдар дан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау	7. 2. 7. 1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар , оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау	8. 2. 7. 1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар , оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау	9. 2. 7. 1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар , оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау

3) жазылым:

	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Жос пар құру	5. 3. 1. 1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру	6. 3. 1. 1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру	7. 3. 1. 1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру	8. 3. 1. 1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру	9. 3. 1. 1 жинақтал ған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру
2. Әртүр лі жанрда мәтіндер құрастыру	5. 3. 2. 1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу	6. 3. 2. 1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу	7. 3. 2. 1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу	8. 3. 2. 1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу	9. 3. 2. 1 мақсатты аудитория ның қызығушылығы н ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру
3. Жазба жұмыстарын	5. 3. 3. 1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер)	6. 3. 3. 1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып,	7. 3. 3. 1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып,	8. 3. 3. 1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма,	9. 3. 3. 1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте)

әртүрлі форма да ұсыну	желісі бойынша әңгіме құрастыру	графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру	графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу	кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу	деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу
4. Эссе жазу	5. 3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу	6. 3. 4. 1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу("келісу, келіспеу" эссесі)	7. 3. 4. 1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе)	8. 3. 4. 1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)	9. 3. 4. 1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)
5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу	5. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу	6. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу	7. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу	8. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу	9. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу
6. Мәтіндерді түзету және редакциялау	5. 3. 6. 1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау	6. 3. 6. 1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау	7. 3. 6. 1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау	8. 3. 6. 1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау	9. 3. 6. 1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау

4) әдеби тіл нормаларын сақтау:

	5. 4. 1. 1 қазақ тілінің дыбыстар	6. 4. 1. 1 тақырып бойынша жеке	7. 4. 1. 1 жалғаулар мен	8. 4. 1. 1 тақырып	

1 . Орфографиялық нормалар	жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу	сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфография лық нормаға сай жазу	шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфография-лық нормаға сай жазу	бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу	9. 4. 1. 1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Орфоэпиялық нормалар	5. 4. 2. 1 сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу	6. 4. 2. 1 екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану	7. 4. 2. 1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану	8. 4. 2. 1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	-
3. Лексикалық нормалар	5. 4. 3. 1 тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану	6. 4. 3. 1 көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу	7. 4. 3. 1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану	8. 4. 3. 1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану	9. 4. 3. 1 стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білу
4. Грамматикалық нормалар	5. 4. 4. 1 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану; 5. 4. 4. 2 зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану; 5. 4. 4. 3 сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану	6. 4. 4. 1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану; 6. 4. 4. 2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім	7. 4. 4. 1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану; 7. 4. 4. 2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну. 7. 4. 4. 3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану	8. 4. 4. 1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану; 8. 4. 4. 2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану; 8. 4. 4. 3 сөйлем ішінде	9. 4. 4. 1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу; 9. 4. 4. 2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; 9. 4. 4. 3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық

	, сын есімді зат есім орнына қолдана білу; 5. 4. 4. 4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу; 5. 4. 4. 5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру	барысында қолдану; 6. 4. 4. 3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану	; 7. 4. 4. 4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану; 7. 4. 4. 5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу	бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолдана білу; 8. 4. 4. 4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану	түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; 9. 4. 4. 4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану
5. Пунктуациялық нормалар	5. 4. 5. 1 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану	6. 4. 5. 1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану	7. 4. 5. 1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану	8. 4. 5. 1 сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану	9. 4. 5. 1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану

17. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

18. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын (оқыту қазақ тілінде) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

Лексика-грамматикалық бөлімдер	Грамматикалық материал	Тақырыптар/ жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	5. 1. 1. 1 тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау; 5. 1. 5. 1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру,

			көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру
1. Мәдениет: тіл және қарым-қатынас. Фонетика	Дауысты, дауыссыз дыбыстардың емлесі. Үндестік заңы. Орфографиялық норма	Оқылым	5. 2. 1. 1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау; 5. 2. 2. 1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану
		Жазылым	5. 3. 1. 1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру; 5. 3. 4. 1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу
		Әдеби тіл нормалары	5. 4. 1. 1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу
2. Киіну. Сән.Талғам. Фонетика	Дыбыс үндестігі	Тыңдалым және айтылым	5. 1. 2. 1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, жарнама) көтерілген мәселені түсіндіру; 5. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау
		Оқылым	5. 2. 3. 1 жарнама құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 5. 2. 5. 1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру
			5. 3. 2. 1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен

		Жазылым	құрылымын сақтап, жарнама құрастырып жазу; 5. 3. 6. 1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	5. 4. 2. 1 сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу
3. Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Лексика	Сөз және оның мағынасы	Тыңдалым және айтылым	5. 1. 2. 1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама) көтерілген мәселені түсіндіру; 5. 1. 4. 1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау
		Оқылым	5. 2. 4. 1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру; 5. 2. 3. 1 хаттың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату
		Жазылым	5. 3. 2. 1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат құрастырып жазу; 5. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу
		Әдеби тіл нормалары	5. 4. 3. 1 тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздеркөркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану
2- -тоқсан			

4. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі. Лексика	Омоним. Синоним. Антоним	Тыңдалым және айтылым	5. 1. 2. 1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру; 5. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау
		Оқылым	5. 2. 1. 1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау; 5. 2. 3. 1 хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату
		Жазылым	5. 3. 2. 1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап хабарландыру құрастырып жазу; 5. 3. 6. 1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	5. 4. 3. 1 омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану
		Тыңдалым және айтылым	5. 1. 5. 1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру ; 5. 1. 2. 1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру
			5. 2. 2. 1 лексиканың ауызекі сөйлеу және

5. Бос уақыт және хобби. Морфология	Сөздің жасалу жолдары	Оқылым	жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану; 5. 2. 3. 1 хабарлама құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату
		Жазылым	5. 3. 4. 1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу; 5. 3. 1. 1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру; 5. 3. 2. 1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хабарландыру құрастырып жазу
		Әдеби тіл нормалары	5. 4. 4. 1 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану
3-тоқсан			
	Сөздің топтары. Зат есім. Зат есімнің мағыналық	Тыңдалым және айтылым	5. 1. 1. 1 тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау; 5. 1. 5. 1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру
		Оқылым	5. 2. 2. 1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану; 5. 2. 5. 1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; 5. 2. 7. 1 энциклопедиялар, балаларға арналған

6. Қиял әлемі. Морфология	түрлері. Зат есімнің түрленуі		газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу
		Жазылым	5. 3. 4. 1эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу; 5. 3. 6. 1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	5. 4. 2. 2 зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану
7. Көлік және жол белгілері. Морфология	Сан есім. Сан есімнің мағыналық түрлері. Сан есімнің заттануы	Тыңдалым және айтылым	5. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; 5. 1. 4. 1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау
		Оқылым	5. 2. 3. 1 нұсқаулық құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 5. 2. 5. 1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру
		Жазылым	5. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу; 5. 3. 3. 1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру
		Әдеби тіл нормалары	5. 4. 4. 4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу

8. Адамның сырт келбеті мен мінезі. Морфология	Сын есім. Сын есімнің мағыналық түрлері. Сын есімнің шырайлары. Сын есімнің заттануы	Тыңдалым және айтылым	5. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру; 5. 1. 4. 1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау
		Оқылым	5. 2. 4. 1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру; 5. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу
		Жазылым	5. 3. 3. 1сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру; 5. 3. 1. 1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру
		Әдеби тіл нормалары	5. 4. 4. 3 сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу
4-тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	5. 1. 4. 1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; 5. 1 . 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру

9. Аспан әлемінің құпиялары. Синтаксис	Төл сөз. Автор сөзі. Төлеу сөз. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары	Оқылым	5. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу; 5. 2. 7. 1 энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу
		Жазылым	5. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу; 5. 3. 4. 1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу
		Әдеби тіл нормалары	5. 4. 5. 5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру
		Тыңдалым және айтылым	5. 1. 5. 1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру; 5. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру
		Оқылым	5. 2. 7. 1 энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу; 5. 2. 4. 1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын

10. Саяхат және демалыс. Синтаксис	Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері		салыстыру; 5. 2. 3. 1 хаттың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату
		Жазылым	5. 3. 3. 1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру; 5. 3. 2. 1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат құрастырып жазу
		Әдеби тіл нормалары	5. 4. 4. 5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру; 5. 4. 5. 5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану

2) 6-сынып:

Лексика-грамматикалық бөлімдер	Грамматикалық материал	Тақырыптар/ жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
1. Қазақстандағы көрікті жерлер. Лексикография	Орфографиялық норма. Орфографиялық сөздік	Тыңдалым және айтылым	6. 1. 1. 1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау; 6. 1. 4. 1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау
		Оқылым	6. 2. 2. 1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 6. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу
			6. 3. 3. 1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру; 6. 3. 5

		Жазылым	. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу
		Әдеби тіл нормалары	6. 4. 1. 1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика	Екпін,оның түрлері	Тыңдалым және айтылым	6. 1. 4. 1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; 6. 1. 2. 1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (құттықтау, интервью) көтерілген мәселені талдау
		Оқылым	6. 2. 2. 1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 6. 2. 5. 1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты , көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру
		Жазылым	6. 3. 2. 1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып мінездеме, құттықтауқұрастырып жазу; 6. 3. 6. 1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	6. 4. 2. 1 екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану

3. Әлемнің жеті кереметі. Лексикография	Орфографиялық норма. Орфографиялық сөздік	Тыңдалым және айтылым	6. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау; 6. 1. 5. 1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру
		Оқылым	6. 2. 1. 1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру; 6. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу
		Жазылым	6. 3. 1. 1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру; 6. 3. 4. 1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу("келісу, келіспеу" эссесі)
		Әдеби тіл нормалары	6. 4. 1. 1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу
2-тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	6. 1. 2. 1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру, жаңалық) көтерілген мәселені талдау; 6. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сайресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды

			қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу
4. Астана – мәдениет пен өнер ордасы. Лексика	Неологизм сөздер. Термин сөздер. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер	Оқылым	6. 2. 3. 1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 6. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу
		Жазылым	6. 3. 4. 1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу ("келісу, келіспеу" эссесі); 6. 3. 6. 1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	6. 4. 3. 1 неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу
5. Тарихи тұлғалар. Лексика		Тыңдалым және айтылым	6. 1. 1. 1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау; 6. 1. 5. 1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру
		Оқылым	6. 2. 4. 1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру; 6. 2. 7. 1 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан

	Көнерген сөздер. Эвфемизм. Дисфемизм. Табу		қажетті ақпараттарды алу , авторына сілтеме жасау
		Жазылым	6. 3. 1. 1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру; 6. 3. 2. 1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жазу
		Әдеби тіл нормалары	6. 4. 3. 1 көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу
3-тоқсан			
6. Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер. Морфология	Есімдік, оның мағыналық түрлері	Тыңдалым және айтылым	6. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау; 6. 1. 5. 1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру
		Оқылым	6. 2. 1. 1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру; 6. 2. 4. 1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру
		Жазылым	6. 3. 3. 1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру; 6. 3. 4. 1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу ("келісу, келіспеу" эссесі)

		Әдеби тіл нормалары	6. 4. 4. 1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану
7. Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары. Морфология	Етістік, оның мағыналық түрлері. Етіс түрлері	Тыңдалым және айтылым	6. 1. 2. 1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, өмірбаян) көтерілген мәселені талдау; 6. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау
		Оқылым	6. 2. 1. 1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру; 6. 2. 4. 1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру
		Жазылым	6. 3. 1. 1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру; 6. 3. 2. 1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазу
		Әдеби тіл нормалары	6. 4. 4. 2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану
		Тыңдалым және айтылым	6. 1. 1. 1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау; 6. 1. 2. 1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог,

			монологтердегі (жаңалық, құттықтау) көтерілген мәселені талдау
8. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Морфология	Үстеу. Үстеудің мағыналық түрлері	Оқылым	6. 2. 3. 1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 6. 2. 7. 1 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау
		Жазылым	6. 3. 2. 1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, құттықтау құрастырып жазу; 6. 3. 6. 1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	6. 4. 4. 3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану
4-тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	6. 1. 2. 1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (өмірбаян, хабарландыру) көтерілген мәселені талдау; 6. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сайресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу
			6. 2. 4. 1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік

9. Әлемдегі ірі кітапханалар. Морфология	Үстеу. Үстеудің мағыналық түрлері	Оқылым	ерекшелігін салыстыру; 6. 2. 5. 1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру
		Жазылым	6. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу; 6. 3. 6. 1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	6. 4. 4. 3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану
10. Ғылым мен технология жетістіктері. Пунктуация	Тыныс белгілерінің түрлері мен қызметі	Тыңдалым және айтылым	6. 1. 2. 1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, интервью) көтерілген мәселені талдау; 6. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сайресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу
		Оқылым	6. 2. 2. 1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 6. 2. 5. 1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру
			6. 3. 3. 1 ұсынылған тақырып бойынша

		Жазылым	деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру; 6. 3. 4 . 1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу ("келісу, келіспеу" эссесі)
		Әдеби тіл нормалары	6. 4. 5. 1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану

3) 7-сынып:

Лексика-грамматикалық бөлімдері	Грамматикалық материал	Тақырыптар/ жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
1. Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика	Интонация. Кідіріс. Логикалық екпін	Тыңдалым және айтылым	7. 1. 1. 1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7. 1. 4 . 1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау
		Оқылым	7. 2. 1. 1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; 7. 2. 5. 1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру
		Жазылым	7. 3. 3. 1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу; 7. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз

			тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу
		Әдеби тіл нормалары	7. 4. 2. 1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану
2. Көшпенділер мәдениеті. Орфография	Шылаудың емлесі. Орфография лық норма	Тыңдалым және айтылым	7. 1. 2. 1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; 7. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сайкөркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу
		Оқылым	7. 2. 3. 1 хроника құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 7. 2. 4. 1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
		Жазылым	7. 3. 1. 1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру; 7. 3. 2. 1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақалақұрастырып жазу

		Әдеби тіл нормалары	7. 4. 1. 1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу
3. Денсаулық – зор байлық. Лексика	Қанатты сөздер. Фразеологизм. Мақал-мәтелдер	Тыңдалымжәнеайтылым	7. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 7. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сайкөркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу
		Оқылым	7. 2. 1. 1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; 7. 2. 2. 1 публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 7. 2. 3. 1 кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату
		Жазылым	7. 3. 2. 1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, нұсқаулық құрастырып жазу; 7. 3. 4. 1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе

			себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе)
		Әдеби тіл нормалары	7. 4. 3. 1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану
2-тоқсан			
4. Сүйіспеншілік пен достық. Морфология	Етістіктің есімше, көсемше түрлері. Тұйық етістік	Тыңдалым және айтылым	7. 1. 1. 1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7. 1. 5. 1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау
		Оқылым	7. 2. 4. 1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 7. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу
		Жазылым	7. 3. 1. 1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру; 7. 3. 4. 1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе)
		Әдеби тіл нормалары	7. 4. 4. 1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану
			7. 1. 2. 1 әлеуметтік-қоғамдық,

5. Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Морфология	Етістіктің шақ түрлері. Рай түрлері	Тыңдалым және айтылым	оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (ән, интервью) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; 7. 1. 4. 1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау
		Оқылым	7. 2. 5. 1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7. 2. 7. 1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау
		Жазылым	7. 3. 2. 1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақалақұрастырып жазу; 7. 3. 6. 1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	7. 4. 4. 1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану
3-тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	7. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 7. 1. 5. 1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау

6. Ғаламтор ғаламаты. Морфология	Шылау түрлері. Шылау емлесі	Оқылым	7. 2. 1. 1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; 7. 2. 5. 1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру
		Жазылым	7. 3. 3. 1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу; 7. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу
		Әдеби тіл нормалары	7. 4. 4. 3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану
7. Қазақстандағы ұлттар достастығы. Морфология	Еліктеуіш сөз. Бейнелеуіш сөз	Тыңдалым және айтылым	7. 1. 1. 1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7. 1. 6. 1 коммуникативтік жағдаятқа сайкөркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу
		Оқылым	7. 2. 4. 1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 7. 2. 3. 1 хроника, хабар, очерктердің құрылымы

			мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату
		Жазылым	7. 3. 4. 1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе); 7. 3. 6. 1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	7. 4. 4. 2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну
8. Дұрыс тамақтану. Морфология	Одағай. Одағай түрлері	Тыңдалым және айтылым	7. 1. 2. 1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (пікірталас, жаңалық) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; 7. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу
		Оқылым	7. 2. 5. 1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7. 2. 7. 1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау
		Жазылым	7. 3. 1. 1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру; 7. 3. 2. 1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды

			орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазу
		Әдеби тіл нормалары	7. 4. 4. 4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану
4-тоқсан			
9. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Морфология	Оқшау сөздің түрлері. Оқшау сөздердің қызметі	Тыңдалым және айтылым	7. 1. 2. 1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, көркем әдеби шығармадан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; 7. 1. 4. 1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау
4. Теориялық материалдар оқушының қазақ әдебиеті туралы ұғымдарын кеңейтуге, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, мінездерді зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын , туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді.

5. Қазақ әдебиеті пәнін оқу арқылы білім алушылар:

1) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

2) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

3) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

4) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

2-тарау. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің мазмұны

6. "Қазақ әдебиеті" пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Қазақ әдебиеті" пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация,бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

8. "Түсіну және жауап беру" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;

2) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;

3) көркем шығармадағы образ;

4) шығарма үзінділерімен жұмыс.

9. "Анализ және интерпретация" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әдеби шығарманың композициясы;

2) автор бейнесі;

3) көркем шығарманың тілі;

4) шығармашылық жұмыс.

10. "Бағалау және салыстыру" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) тарихи және көркемдік құндылығы;

2) заманауилығы мен жаңашылдығы;

3) әдеби эссе;

4) әдеби сын.

11. 5-сыныпқа арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығарманың фабуласы мен сюжеттік дамуы, кейіпкерлер портреті мен образы, шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы;

2) анализ және интерпретация:

салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу, шығармадағы тілдік бейнелеу: теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы, эпикалық шығармадағы автор бейнесі, көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;

3) бағалау және салыстыру:

шығарманың тарихи құндылығын бағалау, кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау, әдеби эссе, сыни хабарлама жазу.

12. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) "Керқұла атты Кендебай" ертегісі;

2) "Қобыланды батыр" жыры;

3) Асан қайғы "Асан қайғының жерге айтқан сыны" аңызы;

4) Дулат Бабатайұлы "О, Ақтан жас, Ақтан жас" өлеңі;

5) ЫБырай Алтынсарин "Қыпшақ Сейітқұл", "Атымтай Жомарт", "Дүние қалай етсең табылады?" әңгімелері;

6) Ахмет Байтұрсынұлы "Егіннің бастары" мысалы, "Адамдық диқаншысы" өлеңі;

7) Бердібек Соқпақбаев "Менің атым Қожа" хикаяты;

8) Марат Қабанбай "Бауыр" әңгімесі;

9) Тынымбай Нұрмағамбетов "Анасын сағынған бала" әңгімесі;

10) Нұрдәулет Ақыш "Нағыз әже қайда?" әңгімесі;

11) Джек Лондон "Мексика ұлы" әңгімесі.

13. 6-сыныпқа арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау, шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе, идеясы, кейіпкерлердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау, көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық, прозалық шығармаларды білу; туған өлкеге арналған бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқу, өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгеру;

2) анализ және интерпретация:

шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау, әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу, шығармадағы көркем ауыстырулар: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау;

туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығы туралы деректер жинау және презентация дайындау. Мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдау;

3) бағалау және салыстыру:

кейіпкерлерді өзара салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру, кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру, әдеби эссе жазу, сыни хабарлама жасау.

14. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) "Аяз би" ертегісі;

2) "Алып Ер Тұңға" жыры;

3) Әл Фараби "Қашықтасың туған жер", "Тіршілікте құрыштай бол төзімді" өлеңдері;

4) Доспамбет жырау "Қоғалы көлдер, қом сулар", "Айналайын, Ақ Жайық" толғаулары;

5) Абай Құнанбайұлы "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін", "Ғылым таппай мақтанба" өлеңдері, қара сөздері: "Бірінші сөз", "Жетінші сөз", "Отыз бірінші сөз";

6) С. Торайғыров "Шығамын тірі болсам адам болып", "Шәкірт ойы" өлеңдері;

7) С. Мұратбеков "Жусан иісі" әңгімесі;

8) О. Бөкей "Тортай мінер ақбоз ат" әңгімесі;

9) Қалмақан Әбдіқадыров "Қажымұқан" хикаяты;

10) А. Алтай "Прописка" әңгімесі;

11) Е. Жүніс "Менің атым -Тәуелсіздік" өлеңі;

12) Р. Ғамзатов "Ана тілі" өлеңі, "Менің Дағыстаным" әңгімесі.

15. 7-сыныпқа арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау, әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау, кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау, көркем шығармадағы кейіпкер бейнесі, үзінділерді жатқа айту;

өңірде шығатын газет-журналдарды білу, энциклопедия ұғымын түсіну;

2) анализ және интерпретация:

шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру, эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесі, шығармадағы көркемдегіш құралдар: символ,

синекдоха, эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ қолданысы, шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктердің ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдау, энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білу, өлкетанудың бағыттарын анықтау, өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысу;

3) бағалау және салыстыру:

кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемесі, тарихи және көркемдік құндылығын, әдеби жанр түрлерінің даму барысы, жаңашылдығы, шығарманы ұлттық құндылығы, әдеби эссе жазу, әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы сыни шолу жазу.

16. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Қазтуған жырау "Қазтуғанның қонысымен қоштасуы";

2) Орхон-Енисей ескерткіштері "Күлтегін" жыры;

3) "Қыз Жібек" жыры;

4) Жиембет жырау "Еңсегей бойлы Ер Есім";

5) Ш. Қанайұлы "Зар заман";

6) С. Аронұлы "Сүйінбай мен Қатағанның айтысы";

8) Жамбыл Жабаев "Зілді бұйрық";

9) М. Жұмабаев "Батыр Баян";

10) М. Әуезов "Көксерек";

11) Қ. Қайсенов "Жау тылындағы бала";

12) С. Сарғасқаев "Тәмпіш қара";

13) М. Шаханов "Нарынқұм зауалы";

14) Медетбек Темірхан "Тәуелсізбін" өлеңі;

15) Т. Әбдіков "Қонақтар";

16) А.С. Пушкин "Ескерткіш".

17. 8-сыныпқа арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілер, эпилог, прологтар, әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулер, көркем шығармалардан алған үзінділерді орынды қолдану;

2) анализ және интерпретация:

композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау, автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісі, шығармадағы көркемдегіш құралдары: психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис қолданысы, автор стилі, шығармадан алған үзінділерді өңдеп креативті жазу;

3) бағалау және салыстыру:

шығарманың тақырыбы мен идеясы, тарихи және көркемдік құндылығы, шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстыру, жаңашылдығы, шығарманың көркемдік-идеялық құндылығының гуманистік тұрғысы, әдеби эссе, шығармада жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу.

18. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Қорқыт "Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр", Қорқыттың нақыл сөздері;

2) Ахмет Йассауи "Даналық кітабы";

3) Ақтамберді жыраудың "Күлдір-күлдір кісінетіп", "Балаларыма өсиет" толғаулары ;

4) Шалкиіз жырау "Би Темірге бірінші толғауы";

5) Мұрат Мөңкеұлы "Үш қиян", "Сарыарқа" өлеңдері;

6) Ш. Құдайбердіұлы "Еңлік-Кебек" дастаны, "Жастарға" өлеңі;

7) М. Дулатов "Бақытсыз Жамал" романы;

8) Б. Момышұлы "Ұшқан ұя" әңгімесі;

9) Д. Исабеков "Әпке" драмасы;

10) М. Мақатаев "Аққулар ұйықтағанда" поэмасы;

11) Т. Ахтанов "Күй аңызы" әңгімесі;

12) Ж. Сахиев "Айдағы жасырынбақ", "Дабыл" фантастикалық әңгімелері;

13) Р. Мұқанова "Мәңгілік бала бейне" әңгімесі.

19. 9-сыныпқа арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау, әдеби шығармадағы психологизм, көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесі, көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

2) анализ және интерпретация:

эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдар, автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөлі, шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлері, автор стилі, автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;

3) бағалау және салыстыру:

шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру, әдеби эссе жазу, әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдау, шағын сын мақала жазу.

20. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Ж. Баласағұн "Құтты білік";

2) Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба "Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?";

3) Төле би "Ердің бақыты –әйел", Әйтеке би "Қасқакөл дауы", Қазыбек би "Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?";

4) Сырым Датұлы "Балаби мен Сырым";

5) Бұқар жырау "Тілек", "Әй, Абылай, Абылай", "Асқар таудың өлгені";

6) "Біржан-Сара" айтысы;

7) Нысанбай жырау "Кенесары – Наурызбай";

8) Махамбет Өтемісұлы "Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны", "Мен, мен, мен едім", "Бағаналы терек";

9) Ш. Уәлиханов "Ыстықкөл күнделігі";

10) І. Жансүгіров "Құлагер" поэмасы;

11) Б. Майлин "Шұғаның белгісі" хикаят;

12) Ғ. Мүсірепов "Ұлпан" романы;

13) Т. Айбергенов "Сағыныш", Ф.Оңғарсынова "Өлең, мен сені аялап өтем";

14) Н. Айтұлы "Бәйтерек" поэмасы;

15) Қажығали Мұхамбетқалиев "Тар кезең" романы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

21. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" сан мен әріптен тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, әріппен берілген белгі дағдыны (түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру), әріппен қоса берілетін сандар бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, "2.1." – бөлім мен бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны
.

22. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) түсіну және жауап беру:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	5. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау	6. 1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау	7. 1. 1. 1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау	8. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау	9. 1. 1. 1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау
	5. 1. 2. 1	6. 1. 2. 1 әдеби шығармада	7. 1. 2. 1 әдеби шығармадағы	8. 1. 2. 1 әдеби шығарманың	9. 1. 2. 1 әдеби шығарма

2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау	көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру	тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау	идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу	дағы психологизмді анықтау
3.Көркем шығармадағы образ	5. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу	6. 1. 3. 1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау	7. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау	8. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу	9. 1. 3. 1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау
4.Шығарма үзінділерімен жұмыс	5. 1. 4. 1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	6. 1. 4. 1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	7. 1. 4. 1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту	8. 1. 4. 1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану	9. 1. 4. 1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану

2) анализ және интерпретация:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.Әдеби шығарманың композициясы	5. 2. 1. 1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу	6. 2. 1. 1 шығарма композициясында ғы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау	7. 2. 1. 1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру	8. 2. 1. 1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау	9. 2. 1. 1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау
2. Автор бейнесі	5. 2. 2. 1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау	6. 2. 2. 1 эпикалық,поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау	7. 2. 2. 1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау	8. 2. 2. 1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау	9. 2. 2. 1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау
3. Көркем шығарманың тілі	5. 2. 3. 1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы	6. 2. 3. 1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота,	7. 2. 3. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация,	8. 2. 3. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис)	9. 2. 3. 1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып,

	) мағынасын анықтау	аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау	ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау	қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау	автор стиліне баға беру
4 . Шығармашылық жұмыс	5. 2. 4. 1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу	6. 2. 4. 1 әдеби көркемдегіш құралдар ды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу	7. 2. 4. 1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу	8. 2. 4. 1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу	9. 2. 4. 1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу

3) бағалау және салыстыру:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.Тарихи және көркемдік құндылығы	5. 3. 1. 1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау	6. 3. 1. 1 шығарма дағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылы ғына баға беру	7. 3. 1. 1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру	8. 3. 1. 1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалар мен салыстырып , тарихи және көркемдік құндылығын бағалау	9. 3. 1. 1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
2.Заманауи лығы мен жаңашылды ғы	5. 3. 2. 1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау	6. 3. 2. 1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру	7. 3. 2. 1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығын а заманауи тұрғыдан баға беру	8. 3. 2. 1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығын а баға беру	9. 3. 2. 1 шығармадағы ұрпақтар сабақтасты ғы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығын а баға беру
3. Әдеби эссе	5. 3. 3. 1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	6. 3. 3. 1 шығарма дағы кейіпкерлер қарым-қатынасы н отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	7. 3. 3. 1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	8. 3. 3. 1 шығарманың көркемдік-идеял ық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап , әдеби эссе жазу	9. 3. 3. 1 шығарма ның идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап , әдеби эссе жазу

4.Әдеби сын	5. 3. 4. 1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	6. 3. 4. 1 шығармада көтерілген мәселенің әлеумет тік рөлі туралы сыни хабарлама жасау	7. 3. 4. 1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	8. 3. 4. 1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу	9. 3. 4. 1 әдеби шығармаларының қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу
4.Әдеби сын	5. 3. 4. 1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	6. 3. 4. 1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау	7. 3. 4. 1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	8. 3. 4. 1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу	9. 3. 4. 1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу

23. -тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

24. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын (оқыту қазақ тілінде) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын (оқыту қазақ тілінде) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	5. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5. 1. 2. 1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5. 1. 4. 1 көркем шығармалардан шағын

			көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
Таза, мінсіз асыл сөз	"Керқұла атты Кендебай" ертегісі, "Қобыланды батыр" жыры, Асан қайғы "Асан қайғының жерге айтқан сыны" аңызы	Анализ және интерпретация	5. 2. 1. 1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5. 2. 2. 1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5. 2. 3. 1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5. 2. 4. 1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу
		Бағалау және салыстыру	5. 3. 1. 1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау; 5. 3. 2. 1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау; 5. 3. 3. 1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
2-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	5. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5. 1. 2. 1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5. 1. 4. 1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
			5. 2. 1. 1 әдеби шығармадағы екі нәрсенісалыстыра

"Тәрбиенің қайнар бұлағы"	Дулат Бабатайұлы "О, Ақтан жас, Ақтан жас ", Ыбырай Алтынсарин " Қыпшақ Сейітқұл", " Атымтай Жомарт", " Дүние қалай етсең табылады?"	Анализ және интерпретация	суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5. 2. 2. 1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5. 2. 3. 1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдары ның (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5. 2. 4. 1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу
		Бағалау және салыстыру	5. 3. 3. 1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 5. 3. 4. 1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу
3-тоқсан			
	А.Байтұрсынұлы " Егіннің бастары" мысалы	Түсіну және жауап беру	5. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5. 1. 2. 1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5. 1. 4. 1көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
			5. 2. 1. 1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу;

Адамгершілік - асыл қасиет	, "Адамдық диқаншысы" өлеңі, Б.Соқпақбаев "Менің атым Қожа" хикаяты, М.Қабанбай "Бауыр" әңгімесі	Анализ және интерпретация	5. 2. 2. 1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5. 2. 3. 1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5. 2. 4. 1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу
		Бағалау және салыстыру	5. 3. 2. 1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау; 5. 3. 3. 1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 5. 3. 4. 1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу
4-тоқсан			
Отбасы құндылықтары	Т.Нұрмағамбетов " Анасын сағынған бала" әңгімесі, Нұрдәулет Ақыш "Нағыз әже қайда?" әңгімесі, Д.Лондон "Мексика ұлы" әңгімесі	Түсіну және жауап беру	5. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5. 1. 2. 1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5. 1. 4. 1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
			5. 2. 1. 1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5. 2. 2. 1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау;

		Анализ және интерпретация	5. 2. 3. 1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдары ның (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5. 2. 4. 1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу
		Бағалау және салыстыру	5. 3. 1. 1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу

2) 6-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
Туған жерім-аялы алтын бесігім	"Аяз би" ертегісі "Алып Ер Тұңға" жыры, Әл Фараби "Қашықтасың туған жер", "Тіршілікте құрыштай бол төзімді",	Түсіну және жауап беру	6. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6. 2. 2. 1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6. 3. 3. 1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6. 3. 4. 1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
		Анализ және интерпретация	6. 2. 1. 1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6. 2. 2. 1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6. 2. 3. 1 шығармадағы көркем ауыстыруларды(троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота,

	Доспамбет жырау " Қоғалы көлдер, қом сулар", "Айналайын, Ақ Жайық"		аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау ; 6. 2. 4. 1 әдеби көркемдегіш құралдардыпайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу
		Бағалау және салыстыру	6. 3. 1. 1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 6. 3. 2. 1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6. 3. 3. 1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылықтұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 6. 3. 4. 1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау
2-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	6. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6. 1. 2. 1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6. 1. 3. 1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6. 1. 4. 1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
			6. 2. 1. 1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;

Абайды оқы, таңырқа!	Абай Құнанбайұлы "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін", "Ғылым таппай мақтанба","Бірінші сөз", "Жетінші сөз", "Отыз бірінші қара сөз"	Анализ және интерпретация	6. 2. 2. 1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6. 2. 3. 1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау ; 6. 2. 4. 1 әдеби көркемдегіш құралдардыпайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу
		Бағалау және салыстыру	6. 3. 1. 1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 6. 3. 2. 1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6. 3. 3. 2 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
3-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	6. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6. 1. 2. 1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6. 1. 3. 1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6. 1. 4. 1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту

Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...	С.Торайғыров "Шығамын тірі болсам адам болып", "Шәкірт ойы", С.Мұратбеков "Жусан иісі", О.Бөкей "Тортай мінер ақбоз ат", Қалқаман Әбдіқадыров " Қажымұқан"	Анализ және интерпретация	6. 2. 1. 1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6. 2. 2. 1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6. 2. 3. 1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау ; 6. 2. 4. 1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу
		Бағалау және салыстыру	6. 3. 2. 1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6. 3. 3. 1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 6. 3. 4. 1шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау
		Түсінужәне жауап беру	6. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6. 2. 2. 1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6. 1. 4. 1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
			6. 2. 2. 1 эпикалық, поэзиялық

Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада		Анализ және интерпретация	шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6. 2. 4. 1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу
		Бағалау және салыстыру	6. 3. 1. 1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 6. 3. 2. 1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру
4-тоқсан			
Тәуелсіздік-қасиет тұнған ұлы ұғым	Е.Жүніс "Менің атым - Тәуелсіздік" өлеңі, А. Алтай Прописка", Р.Ғамзатов "Ана тілі", " Менің Дағыстаным"	Түсіну және жауап беру	6. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6. 1. 2. 1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6. 1. 3. 1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6. 1. 4. 1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
		Анализ және интерпретация	6. 2. 1. 1 шығарма композиция-сындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6. 2. 2. 1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6. 2. 3. 1 шығармадағы көркем ауыстыруларды(троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота,

			аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау ; 6. 2. 4. 1 әдеби көркемдегіш құралдардыпайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу
		Бағалау және салыстыру	6. 3. 1. 1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 6. 3. 2. 1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6. 3. 3. 1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
Өлкені сипаттау өнері		Түсіну және жауап беру	6. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6. 1. 2. 1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру
		Анализ және интерпретация	6. 2. 3. 1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау ; 6. 2. 4. 1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу
		Бағалау және салыстыру	6. 3. 3. 1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық

			тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу

3) 7-сынып:

Оқу жоспарында ғы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
Көнеден жеткен жәдігерлер	"Қыз Жібек" жыры, Орхон-Енисей ескерткіштері, "Күлтегін" жыры, Жиембет жырау "Еңсегей бойлы Ер Есім", Қазтуған жырау " Қазтуғанның қонысымен қоштасуы"	Түсіну және жауап беру	7. 1. 1. 1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7. 1. 2. 1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлердіңтиптерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7. 1. 4. 1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту
		Анализ және интерпретация	7. 2. 1. 1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7. 2. 2. 1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 7. 2. 3. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау; 7. 2. 4. 1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу
		Бағалау және салыстыру	7. 3. 1. 1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 7. 3. 4. 1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы

			туралы шағын сыни шолу жазу
2-тоқсан			
Толғауы -тоқсан қызыл тіл	Ш.Қанайұлы "Зар заман", С.Аронұлы "Сүйінбай мен Қатағанның айтысы", Жамбыл Жабаев "Зілді бұйрық"	Түсіну және жауап беру	7. 1. 1. 1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7. 1. 2. 1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлердіңтиптерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7. 1. 4. 1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту
		Анализ және интерпретация	7. 2. 1. 1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7. 2. 2. 1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 7. 2. 3. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау; 7. 2. 4. 1шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу
		Бағалау және салыстыру	7. 3. 2. 1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру; 7. 3. 3. 1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
3-тоқсан			

Балалар мен үлкендер	М.Жұмабаев "Батыр Баян", М.Әуезов "Көксерек", Қ. Қайсенов "Жау тылындағы бала", С.Сарғасқаев "Тәмпіш қара"	Түсіну және жауап беру	7. 1. 1. 1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7. 1. 2. 1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлердіңтиптерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7. 1. 4. 1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту
		Анализ және интерпретация	7. 2. 1. 1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7. 2. 2. 1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 7. 2. 3. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау; 7. 2. 4. 1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу
		Бағалау және салыстыру	7. 3. 2. 1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру; 7. 3. 3. 1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 7. 3. 4. 1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу

Туған өлке публицистика беттерінде		Түсіну және жауап беру	7. 1. 1. 1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7. 1. 2. 1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау
		Анализ және интерпретация	7. 2. 1. 1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7. 2. 4. 1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу
		Бағалау және салыстыру	7. 3. 1. 1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 7. 3. 2. 1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру
4-тоқсан			
Ұрпақ тәрбиесі	М.Шаханов "Нарынқұм зауалы", Медетбек Темірхан " Тәуелсізбін" өлеңі, Т.Әбдіков "Қонақтар",	Түсіну және жауап беру	7. 1. 1. 1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7. 1. 2. 1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7. 1. 4. 1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту
			7. 2. 1. 1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7. 2. 2. 1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 7. 2. 3. 1 шығармадағы көркемдегіш

	А.С.Пушкин "Ескерткіш"	Анализ және интерпретация	құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау; 7. 2. 4. 1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу
		Бағалау және салыстыру	7. 3. 3. 1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 7. 3. 4. 1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу
"Менің туған өлкем" электрондық энциклопедиясы		Түсіну және жауап беру	7. 1. 1. 1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7.12.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау
		Анализ және интерпретация	7. 2. 1. 1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру
		Бағалау және салыстыру	7. 3. 2. 1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру; 7. 3. 4. 1 электронды энциклопедияның эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу

4) 8-сынып:

Оқу жоспарында ғы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
			8. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау;

Дананың сөзі – ақылдың көзі	Қорқыт "Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр", Қорқыттың нақыл сөздері, Ахмет Йассауи " Даналық кітабы", Ақтамберді жырау " Күлдір-күлдір кісінетіп", "Балаларыма өсиет", Шалкиіз жырау "Би Темірге бірінші толғауы"	Түсіну және жауап беру	8. 1. 2. 1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8. 1. 4. 1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану
		Анализ және интерпретация	8. 2. 1. 1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8. 2. 2. 1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8. 2. 3. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау; 8. 2. 4. 1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу
		Бағалау және салыстыру	8. 3. 1. 1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 8. 3. 2. 1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 8. 3. 3. 1 шығарманың көркемдік- идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу

2-тоқсан			
Көркем әдебиет және эпикалық сарын	Мұрат Мөңкеұлы "Үш қиян", "Сарыарқа", Ш.Құдайбердіұлы "Еңлік - Кебек" дастаны, " Жастарға" өлеңі	Түсіну және жауап беру	8. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау; 8. 1. 2. 1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8. 1. 4. 1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану
		Анализ және интерпретация	8. 2. 1. 1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8. 2. 2. 1автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8. 2. 3. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау; 8. 2. 4. 1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдепкреативті жазу
		Бағалау және салыстыру	8. 3. 2. 1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 8. 3. 3. 1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу;

			8. 3. 4. 1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу
3-тоқсан			
Махаббат және абырой	М.Дулатов "Бақытсыз Жамал" романы, Б.Момышұлы "Ұшқан ұя " әңгімесі, Д.Исабеков " Әпке" драмасы, М.Мақатаев "Аққулар ұйықтаған да" поэмасы	Түсіну және жауап беру	8. 1. 1. 1әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау; 8. 1. 2. 1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8. 1. 4. 1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану
		Анализ және интерпретация	8. 2. 1. 1 композицияны тұтастан бөлшеккке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8. 2. 2. 1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8. 2. 3. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау; 8. 2. 4. 1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдепкреативті жазу
			8. 3. 1. 1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;

		Бағалау және салыстыру	8. 3. 2. 1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 8. 3. 3. 1 шығарманың көркемдікидеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 8. 3. 4. 1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу
4-тоқсан			
Қиял мен шындық	Т.Ахтанов "Күй аңызы" әңгімесі, Ж.Сахиев "Айдағы жасырынбақ", "Дабыл" фантастикалық әңгімелері, Р. Мұқанова "Мәңгілік бала бейне"	Түсіну және жауап беру	8. 1. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау; 8. 1. 2. 1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8. 1. 4. 1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану
		Анализ және интерпретация	8. 2. 1. 1 композицияны тұтастан бөлшеккке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8. 2. 2. 1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8. 2. 3. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск,

			эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау; 8. 2. 4. 1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу
		Бағалау және салыстыру	8. 3. 2. 1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 8. 3. 3. 1 шығарманың көркемдік- идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 8. 3. 4. 1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу

5) 9-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
	Ж. Баласағұн "Құтты білік",	Түсіну және жауап беру	9. 1. 1. 1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9. 1. 2. 1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9. 1. 3. 1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9. 1. 4. 1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
			9. 2. 1. 1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9. 2. 2. 1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық

Атадан қалған асыл сөз	Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба "Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?", Төле би "Ердің бақыты – әйел", Әйтеке би " Қасқакөл дауы", Қазыбек би "Кім жақын?Не қымбат? Не қиын?", Сырым Датұлы "Балаби мен Сырым",	Анализ және интерпретация	тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9. 2. 3. 1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9. 2. 4. 1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу
	Бұқар жырау "Тілек", "Әй , Абылай, Абылай", " Асқар таудың өлгені", "Біржан-Сара" айтысы	Бағалау және салыстыру	9. 3. 1. 1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 9. 3. 2. 1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 9. 3. 4. 1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу
2-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	9. 1. 1. 1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9. 1. 2. 1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9. 1. 3. 1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9. 1. 4. 1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану

Тарихи шындық пен көркемдік шешім	Нысанбай жырау " Кенесары – Наурызбай", Махамбет Өтемісұлы " Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны", " Мен, мен, мен едім", " Бағаналы терек", Ш.Уәлиханов "Ыстықкөл күнделігі"	Анализ және интерпретация	9. 2. 1. 1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9. 2. 2. 1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9. 2. 3. 1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9. 2. 4. 1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу
		Бағалау және салыстыру	9. 3. 2. 1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 9. 3. 4. 1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу
3-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	9. 1. 1. 1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9. 1. 2. 1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9. 1. 3. 1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9. 1. 4. 1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану

Адам жанының құпиясы	І.Жансүгіров "Құлагер" поэмасы, Б.Майлин "Шұғаның белгісі" хикаяты, Ғ.Мүсірепов "Ұлпан" романы, Т.Айбергенов "Сағыныш", Ф.Оңғарсынова "Өлең, мен сені аялап өтем"	Анализ және интерпретация	9. 2. 1. 1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9. 2. 2. 1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9. 2. 3. 1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9. 2. 4. 1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу
		Бағалау және салыстыру	9. 3. 1. 1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 9. 3. 2. 1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 9. 3. 4. 1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу
4-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	9. 1. 1. 1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9. 1. 2. 1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9. 1. 3. 1 көркем шығарманың идеясына

			сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9. 1. 4. 1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
Мәңгілік Ел – мәңгілік мұрат	Н.Айтұлы "Бәйтерек" поэмасы, Қажығали Мұхамбетқалиев "Тар кезең" романы	Анализ және интерпретация	9. 2. 1. 1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9. 2. 2. 1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9. 2. 3. 1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9. 2. 4. 1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу
		Бағалау және салыстыру	9. 3. 2. 1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 9. 3. 4. 1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу

3-тарау. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру (төмендетілген оқу жүктемесімен) 1-параграф. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

25. "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
2) 6-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
3) 7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
4) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. "Қазақ әдебиеті" пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

27. "Түсіну және жауап беру" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

көркем шығарма мазмұны мен пішіні;

әдеби шығарманың тұжырымдамасы;

көркем шығармадағы образ;

шығарма үзінділерімен жұмыс.

28. "Анализ және интерпретация" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

әдеби шығарманың композициясы;

автор бейнесі;

көркем шығарманың тілі;

шығармашылық жұмыс.

29. "Бағалау және салыстыру" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

тарихи және көркемдік құндылығы;

заманауилығы мен жаңашылдығы;

әдеби эссе;

әдеби сын.

30. 5-сыныпқа арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығарманың фабуласы мен сюжеттік дамуы, кейіпкерлер портреті мен образы, шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы;

2) анализ және интерпретация:

салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу, шығармадағы тілдік бейнелеу: теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы, эпикалық шығармадағы автор бейнесі, көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;

3) бағалау және салыстыру:

Әдеби шығармашылық	5. 3. 3. 1 шығарманы автор ізімен баяндап жазу; 5. 3. 3. 2 көркем шығармадағы көрініст әңгімелеп жазу	6. 3. 3. 1 шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ой толғау, хат, пост, ертегі, өтірік өлең) жазу	7. 3. 3. 1 шығармадағы көріністі (пейзаж, оқиға) суреттеп жазу; 7. 3. 3. 2 кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме) жазу	8. 3. 3. 1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, шығарма, әдеби эссе,блог, әңгіме т.б.жазу	9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер монологі, жоба жаз
Әдеби сын	5. 3. 4. 1 оқырман ретінде шығармадан алған әсерін зерделеп, сыни хабарлама жазу	6. 3. 4. 1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау	7. 3. 4. 1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	8. 3. 4. 1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу	9. 3. 4. 1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу

23. -тоқсандағы бөлімдер мен бөлімшелер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

24. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік " Абай мектептерінің" 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын (оқыту қазақ тілінде) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы мамандандырылған желілік "Абай мектептерінің" 5-9 -сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын (оқыту қазақ тілінде) іске асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Білім алушылар білуге тиісті оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
			5. 1. 1. 1 әдеби шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу ;

Таза мінсіз асыл сөз	Халық ауыз әдебиеті. Тұрмыс-салт жырлары және оның түрлері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. Ертегілер "Керқұла атты Кендебай" ертегісі, "Қырық өтірік" ертегісі, "Күн астындағы Күнекей қыз" ертегісі. Әдеби ертегі Ә.Тәжібаевтің "Толағай"ертегісі, Ж.Смақов "Бұршақ туралы ертегі", Ө.Тұрманжановтың "Құмырсқалар, аралар қиыспас дос құдалар" ертегісі. Аңыз-әңгіме "Асан қайғының жерұйықты іздеуі", С.Қалиев "Бақ атай туралы аңыз". Шешендік сөз "Жиренше шешен мен Қараша сұлу"	Оқу және түсіну	5. 1. 1. 2 сөз, сөз тіркестерінің ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын білу; 5. 1. 2. 1 шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қою; 5. 1. 3. 1 көркем шығармадағы көтерілген мәселені (басты және жанама тақырыптарды) анықтау; 5. 1. 4. 1 көркем шығарманың оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту
		Талдау және жинақтау	5. 2. 1. 1 сюжетті шығармадағы фабула композициясын тауып, жоспар құру; 5. 2. 1. 2 лирикалық шығарманы құрылысына талдау; 5. 2. 2. 1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5. 2. 4. 1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдары- ның (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау; 5. 2. 4. 2 өлең құрылысы, ұйқасы, оның түрлерін талдау
		Бағалау және шығармашылық өнім	5. 3. 1. 1 шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау; 5. 3. 2. 1 көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау; 5. 3. 3. 1 шығарманы автор ізімен баяндап жазу, 5. 3. 3. 2 көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу;

			5. 3. 4. 1 оқырман ретінде шығарманың әсерін зерделеп, сыни хабарлама жазу
2-тоқсан			
Оқу – білім азығы	XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті Ыбырай Алтынсариннің "Дүние қалай етсең табылады?", "Әке мен бала", "Бақша ағаштары" әңгімелері, С.Көбеевтің "Мектепке шақыру" өлеңі, С.Торайғыровтың "Туған еліме" өлеңі, Ш.Құдайбердіұлының "Адамдық борышың" өлеңі, А.Байтұрсынұлының "Балаларды оқуға шақыру", "Егіннің бастары", "Адамдық диқаншысы", өлеңдері, Т.Ізтілеуовтің "Өнер бәйгесі" өлеңі	Оқу және түсіну	5. 1. 1. 1 әдеби шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу; 5. 1. 1. 2 сөз, сөз тіркестерінің ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын білу; 5. 1. 2. 1 шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қою; 5. 1. 3. 1 көркем шығармадағы көтерілген мәселені (басты және жанама тақырыптарды) анықтау; 5. 1. 4. 1 көркем шығарманың оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту
		Талдау және жинақтау	5. 2. 1. 1 сюжетті шығармадағы фабула композициясын тауып, жоспар құру; 5. 2. 1. 2 лирикалық шығарманы құрылысына талдау; 5. 2. 2. 1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5. 2. 3. 1 көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; 5. 2. 4. 1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау; 5. 2. 4. 2 өлең құрылысы, ұйқасы, оның түрлерін талдау
			5. 3. 1. 1 шығарма үзінділері арқылы

		Бағалау және шығармашылық өнім	шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау; 5. 3. 2. 1 көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау; 5. 3. 3. 1 шығарманы автор ізімен баяндап жазу; 5. 3. 3. 2 көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу; 5. 3. 4. 1 оқырман ретінде шығармадан алған әсерін зерделеп, сыни хабарлама жазу
3-тоқсан			
Адамгершілік – асыл қасиет	ХХ ғасыр әдебиеті Ж.Аймауытовтың "Шұбар тайым табылды", "Көк өгіз", "Жан-жануардың иісшілдігі", "Әркімдікі өз қамы" шығармалары, М.Жұмабаевтың "Қарағым", "Тез барам" өлеңдері, І.Жансүгіровтің "Бөбек бөлеу", "Сәлемдеме" өлеңдері, М.Әуезовтің "Жетім"	Оқу және түсіну	5. 1. 1. 1 әдеби шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу ; 5. 1. 1. 2 сөз, сөз тіркестерінің ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын білу; 5. 1. 2. 1 шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп,бөліктеріне тақырып қою; 5. 1. 3. 1 көркем шығармадағы көтерілген мәселені (басты және жанама тақырыптарды) анықтау; 5. 1. 4. 1 көркем шығарманың оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту
			5. 2. 1. 1 сюжетті шығармадағы фабула композициясын тауып, жоспар құру; 5. 2. 1. 2 лирикалық шығарманы құрылысына талдау; 5. 2. 2. 1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу;

	әңгімесі, Б.Соқпақбаевтың "Менің атым Қожа" хикаяты, С.Бақбергеновтің "Қасиет" әңгімесі, С.Бегалиннің"Бала Шоқан" әңгімесі, М.Мақатаевтың "Үш бақытым" өлеңі, М.Қабанбайдың "Бауыр" әңгімесі.	Талдау және жинақтау	5. 2. 3. 1 көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау 5. 2. 4. 1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау; 5. 2. 4. 2 өлең құрылысы, ұйқасы, оның түрлерін талдау
		Бағалау және шығармашылық өнім	5. 3. 1. 1 шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау; 5. 3. 2. 1 көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау; 5. 3. 3. 1 шығарманы автор ізімен баяндап жазу; 5. 3. 3. 2 көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу; 5. 3. 4. 1 оқырман ретінде шығармадан алған әсерін зерделеп, сыни хабарлама жазу
4-тоқсан			
		Оқу және түсіну	5. 1. 1. 1 әдеби шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу ; 5. 1. 2. 1 сөз, сөз тіркестерінің ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын ажырату; 5. 1. 2. 1 шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қою; 5. 1. 3. 1 көркем шығармадағы көтерілген мәселені (басты және жанама тақырыптарды) анықтау;

Отан – қуат, отбасы – шуақ	Қазіргі заман әдебиеті М.Әлімбаевтың "Серуендетем атамды" өлеңі, С.Оспанов "Мектебінен қашқандар мен ертегіден қашқандар жайындағы ертегі", Т.Нұрмағамбетовтің "Анасын сағынған бала" әңгімесі, Н.Ақыштың "Нағыз әже қайда?" әңгімесі, Т.Шапайдың "Қазақпен саудаласу" әңгімесі, С.Сейітманның "Тәуелсіздік" өлеңі, А.Әлменбеттің "Аңшы" әңгімесі, Б.Сарыбайдың "Рауғаш ерте гүлдейді" әңгімесі.		5. 1. 4. 1 көркем шығарманың оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту
		Талдау және жинақтау	5. 2. 1. 1 сюжетті шығармадағы фабула композициясын тауып, жоспар құру; 5. 2. 1. 2 лирикалық шығарманы құрылысына талдау; 5. 2. 2. 1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5. 2. 3. 1 көркем шығармадағы поэтикалықтілдің ерекшелігін айқындау; 5. 2. 4. 1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау; 5. 2. 4. 2 өлең құрылысы, ұйқасы, оның түрлерін талдау
		Бағалау және шығармашылық өнім	5. 3. 1. 1 шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау; 5. 3. 2. 1 көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау; 5. 3. 3. 1 шығарманы автор ізімен баяндап жазу; 5. 3. 3. 2 көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу; 5. 3. 4. 1 оқырман ретінде шығармадан алған әсерін зерделеп, сыни хабарлама жазу

2) 6-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Білім алушылар білуге тиісті оқыту мақсаттары
1-тоқсан			

Білгенге маржан	Ертегі: "Аяз би" ертегісі, "Ер Төстік" ертегісі. Аңыз-әңгіме: " Кетбұғаның естіртуі". Батырлар жыры: " Алпамыс батыр" жыры, Қорқыт "Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр", "Қобыланды батыр " жыры, "Қамбар батыр" жыры. Ежелгі дәуір әдебиеті: " Еділ патша", "Тұмар пайтшайым", "Зарина сұлу", Қорқыттың нақыл сөздері.	Оқу және түсіну	6. 1. 1. 1 әдеби шығарманы, пайымдап, мәнерлеп (логикалық екпінмен кідіріс жасай) оқу; 6. 1. 1. 2 сөз, сөз тіркестерінің мәнін ашып , мәтіндегі жұмсалу мақсатын түсіну; 6. 1. 2. 1 шығармадан қажетті дәйектерді жинау , үзіндідегі суреттеу, сипаттау құралдарын анықтау; 6. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті, оның шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау; 6. 1. 4. 1 кейіпкерге ауызша/жазбаша сипаттама жасау
		Талдау және жинақтау	6. 2. 1. 1 әдеби шығарманы сюжет композициясына талдау; 6. 2. 1. 2 жай, күрделі жоспар құру; 6. 2. 2. 1 шығармадағы тура және жанама мінездеулерді табу, кейіпкер образын берудегі қызметін айқындау; 6. 2. 3. 1 шығармадағы автор мен кейіпкер тіліндегі айырмашылықты (кейіпкер тіліндегі ауызекі сөз, диалект сөздердің болуы,автордың әдеби нормаға сәйкес сөз қолданыстарын) салыстыра талдау; 6. 2. 4. 1 шығармадағы көркем ауыстыруларды(троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация) анықтау
			6. 3. 1. 1 шығарма образдарын ұлттық

		Бағалау және шығармашылық өнім	сипаттың ашылуы тұрғысынан бағалау; 6. 3. 2. 1 мәтіндегі пейзаж, монологтің, диалогтің көркемдік құндылығына баға беру; 6. 3. 3. 1 шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ой толғау, хат, пост,ертегі, өтірік өлең т.б.) жазу; 6. 3. 4. 1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау
2-тоқсан			
Тәрбиенің қайнар бұлағы	XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиет М.Өтемісұлының "Ұл туса" өлеңі, С.Аронұлының "Жақсы мен жаман адамның қасиеттері" өлеңі, Ы.Алтынсариннің "Мейірімді бала", "Асан мен Үсен" әңгімелері, С.Көбеевтің "Көлбақа мен Юпитер" мысалы, С.Дөнентаев-тың "Бозторғай" мысал өлеңі,	Оқу және түсіну	6. 1. 1. 1 әдеби шығарманы, пайымдап, мәнерлеп (логикалық екпінмен кідіріс жасай) оқу; 6. 1. 1. 2 сөз, сөз тіркестерінің мәнін ашып, мәтіндегі жұмсалу мақсатын түсіну; 6. 1. 2. 1 шығармадан қажетті дәйектерді жинау, үзіндідегі суреттеу, сипаттау құралдарын анықтау; 6. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті, оның шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау; 6. 1. 4. 1 кейіпкерге ауызша/ жазбаша сипаттама жасау
		Талдау және жинақтау	6. 2. 1. 1 әдеби шығарманы сюжет композициясына талдау; 6. 2. 1. 2 жай, күрделі жоспар құру; 6. 2. 2. 1 шығармадағы тура және жанама мінездеулерді табу, кейіпкер образын берудегі қызметін айқындау; 6. 2. 3. 1 шығармадағы автор мен кейіпкер тіліндегі айырмашылықты (

	А.Байтұрсынұлының "Аққу, шортан, һәм шаян", "Қара бұлт" мысалдары, С.Торайғыровтың "Шәкірт ойы", "Шығамын тірі болсам адам болып"өлеңдері.		кейіпкер тіліндегі ауызекі сөз, диалект сөздердің болуы,автордың әдеби нормаға сәйкес сөз қолданыстарын) салыстыра талдау; 6. 2. 4. 1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация) анықтау
		Бағалау және шығармашылық өнім	6. 3. 1. 1 шығарма образдарын ұлттық сипаттың ашылуы тұрғысынан бағалау; 6. 3. 2. 1 мәтіндегі пейзаж , монологтің, диалогтің көркемдік құндылығына баға беру; 6. 3. 3. 1 шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ой толғау, хат, пост,ертегі, өтірік өлең т.б.) жазу; 6. 3. 4. 1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау
3-тоқсан			
		Оқу және түсіну	6. 1. 1. 1 әдеби шығарманы, пайымдап, мәнерлеп (логикалық екпінмен кідіріс жасай) оқу; 6. 1. 1. 2 сөз, сөз тіркестерінің мәнін ашып , мәтіндегі жұмсалу мақсатын түсіну; 6. 1. 2. 1 шығармадан қажетті дәйектерді жинау , үзіндідегі суреттеу, сипаттау құралдарын анықтау; 6. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті, оның шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау; 6. 1. 4. 1 кейіпкерге ауызша/ жазбаша сипаттама жасау

Туған жерім-аялы алтын бесігім	XX ғасыр әдебиеті М.Жұмабаевтың "Сүйемін" өлеңі, Б.Майлиннің "Кемпірдің ертегісі" поэмасы, А.Тоқмағанбетовтің "Алыптар туралы аңыз" шығармасы, Ә.Тәжібаевтың "Сырдария" өлеңі, Ә.Сәрсенбаевтың"Ту-ған жер" өлеңі, С.Мұратбековтің "Жусан иісі" әңгімесі, С.Сейфуллиннің "Ақсақ киік" өлеңі, "Әупілдек" әңгімесі, Ғ.Мүсіреповтің "Боранды түнде" әңгімесі, Ж.Нәжімеденовтің "Дастархан" өлеңі, М.Жаманбалинов "Бала пілдің қалаға саяхаты" ертегі	Талдау және жинақтау	6. 2. 1. 1 әдеби шығарманы сюжет композициясына талдау; 6. 2. 1. 2 жай, күрделі жоспар құру; 6. 2. 2. 1 шығармадағы тура және жанама мінездеулерді табу, кейіпкер образын берудегі қызметін айқындау; 6. 2. 3. 1 шығармадағы автор мен кейіпкер тіліндегі айырмашылықты (кейіпкер тіліндегі ауызекі сөз, диалект сөздердің болуы,автордың әдеби нормаға сәйкес сөз қолданыстарын) салыстыра талдау; 6. 2. 4. 1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация) анықтау
		Бағалау және шығармашылық өнім	6. 3. 1. 1 шығарма образдарын ұлттық сипаттың ашылуы тұрғысынан бағалау; 6. 3. 2. 1 мәтіндегі пейзаж , монологтің, диалогтің көркемдік құндылығына баға беру; 6. 3. 3. 1 шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ой толғау, хат, пост,ертегі, өтірік өлең т.б.) жазу 6. 3. 4. 1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау
4-тоқсан			
			6. 1. 1. 1 әдеби шығарманы, пайымдап, мәнерлеп (логикалық екпінмен кідіріс жасай) оқу; 6. 1. 1. 2 сөз, сөз тіркестерінің мәнін ашып

Өнерліге өріс кең	Қазіргі заман әдебиеті Қ.Мырза-Әлінің "Ана" өлеңі, К.Ахметованың "Қазағым менің" өлеңі, Ж.Ахмадидің "Киe" әңгімесі, А.Егеубаевтың "Аламан" поэмасы, Р.Ниязбековтің "Әлемдегі жетінші ұлы" өлеңі, Ұ.Есдәулеттің "Біз түркілерміз" өлеңі, С.Дүйсенбиевтің "Алматының апорты" ертегісі, С.Балғабаевтың "Жымбала, Мико және қасқыр" драмасы, Қ.Сариннің "Тәуелсіздік" өлеңі, Қ.Әбілқайырдың "Атасының баласы" әңгімесі, М.Мұқаштың "Меруерт" әңгімесі.	Оқу және түсіну	, мәтіндегі жұмсалу мақсатын түсіну; 6. 1. 2. 1 шығармадан қажетті дәйектерді жинау , үзіндідегі суреттеу, сипаттау құралдарын анықтау; 6. 1. 3. 1 көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті, оның шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау; 6. 1. 4. 1 кейіпкерге ауызша/жазбаша сипаттама жасау
		Талдау және жинақтау	6. 2. 1. 1 әдеби шығарманы сюжет композициясына талдау; 6. 2. 1. 2 жай, күрделі жоспар құру; 6. 2. 2. 1 шығармадағы тура және жанама мінездеулерді табу, кейіпкер образын берудегі қызметін айқындау; 6. 2. 3. 1 шығармадағы автор мен кейіпкер тіліндегі айырмашылықты (кейіпкер тіліндегі ауызекі сөз, диалект сөздердің болуы,автордың әдеби нормаға сәйкес сөз қолданыстарын) салыстыра талдау; 6. 2. 4. 1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация) анықтау
		Бағалау және шығармашылық өнім	6. 3. 1. 1 шығарма образдарын ұлттық сипаттың ашылуы тұрғысынан бағалау; 6. 3. 2. 1 мәтіндегі пейзаж , монологтің, диалогтің көркемдік құндылығына баға беру; 6. 3. 3. 1 шығарманың идеялық мазмұнын

			пайымдай отырып (ой толғау, хат, пост,ертегі, өтірік өлең т.б.) жазу; 6. 3. 4. 1-шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау

3) 7-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Білім алушылар білуге тиісті оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Дананың сөзі – ақылдың көзі	Батырлар жыры: "Ер Тарғын" жыры, "Едіге батыр" жыры. Ғашықтық жырлар: "Қозы көрпеш-Баян сұлу" жыры, "Айман-Шолпан" жыры. Ежелгі дәуір әдебиеті: "Күлтегін" жыры, "Тоныкөк" жыры. Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба "Не арсыз? Не	Оқу және түсіну	7. 1. 1. 1 көркем мәтінді, пайымдап, мәнерлеп (логикалық, психологиялық кідірістер мен) оқу; 7. 1. 1. 1 жекелеген сөздердің, фразалардың эмотивті мәнін түсіну, мәнмәтіндегі қызметін ашу; 7.1 2.1 көркем шығармадағы, пейзаж, монологтің құрылымдық бірлігін ажырату; 7. 1. 2. 2 мәтінге жоспар құру; 7. 1. 3. 1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтау; 7. 1. 4. 1 көркем шығармадағы пейзаж, портрет, мінездеулерді ауызша мәтінге жуық суреттеу, сипаттау
		Талдау және жинақтау	7. 2. 1. 1 әдеби шығармағы сюжеттен тыс композицияны анықтау; 7. 2. 2. 1 көркем шығармадағы образдың жасалу тәсілдерін талдау; 7. 2. 3. 1 шығарма тіліндегі синоним, архаизм, диалектизм, неологизмдердің қызметін мәнмәтінде анықтау; 7. 2. 4. 1 шығармадағы көркемдегіш

	ғайып? Не даусыз?", Төле би "Ердің бақыты – әйел", Әйтеке би "Қасқакөл дауы", Қазыбек би "Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?", Бөлтірік шешен "Сөз мәнісі", "Ақыл сөз".		құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ, арнау) қолданысын талдау
		Бағалау және шығармашылық өнім	7. 3. 1. 1 көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 7. 3. 2. 1 шығармадағы кейіпкердің жандүниесін (психологиялық параллелизм, күйініш-сүйініші) ашудағы автор шеберлігіне баға беру; 7. 3. 3. 1 шығармадағы көріністі (пейзаж, оқиға) суреттеп жазу; 7. 3. 3. 2 кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме) жазу; 7. 3. 4. 1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу
2-тоқсан			
		Оқу және түсіну	7. 1. 1. 1 көркем мәтінді, пайымдап, мәнерлеп (логикалық, психологиялық кідірістермен) оқу; 7. 1. 1. 1 жекелеген сөздердің, фразалардың эмотивті мәнін түсіну, мәнмәтіндегі қызметін ашу; 7.1 2.1 көркем шығармадағы, пейзаж, монологтің құрылымдық бірлігін ажырату; 7. 1. 2. 2 мәтінге жоспар құру; 7. 1. 3. 1 әдеби шығармада көтерілген

			әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтау; 7. 1. 4. 1 көркем шығармадағы пейзаж, портрет, мінездеулерді ауызша мәтінге жуық суреттеу, сипаттау
"Даналық -өшпес жарық, кетпес байлық"	XIX ғасыр және XX ғасыр басындағы әдебиет Д.Бабатайұлының "Аягөз, қайда барасың?", "Ақжайлау мен Сандықтас" өлеңдері, Ш.Қанайұлының "Зар заман" өлеңі, М.Өтемісұлының "Ереуіл атқа ер салмай", "Мен-құстан туған құмаймын", "Тарланым" өлеңдері, М.Сұлтанқожаұлының "Ілімге толса көкірек" толғауы, Т.Ізтілеуұлының "Адамдық іс", "Ақыл – тон аңдағанға тозбайтұғын" өлеңдері, С.Дөнентаевтың "Ауырған арыстан" мысалы	Талдау және жинақтау	7. 2. 1. 1 әдеби шығармағы сюжеттен тыс композицияны анықтау; 7. 2. 2. 1 көркем шығармадағы образдың жасалу тәсілдерін талдау; 7. 2. 3. 1 шығарма тіліндегі синоним, архаизм, диалектизм, неологизмдердің қызметін мәнмәтінде анықтау; 7. 2. 4. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ, арнау) қолданысын талдау
		Бағалау және шығармашылық өнім	7. 3. 1. 1 көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 7. 3. 2. 1 шығармадағы кейіпкердің жандүниесін(психология-лық параллелизм, күйініш-сүйініші) ашудағы автор шеберлігіне баға беру; 7. 3. 3. 1 шығармадағы көрініст(пейзаж, оқиға) суреттеп жазу; 7. 3. 3. 2 кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме т.б.) жазу; 7. 3. 4. 1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы

			туралы шағын сыни шолу жазу
3-тоқсан			
Менің туған өлкем	ХХ ғасыр әдебиеті М.Дулатовтың "Елім-ай" өлеңі, М.Жұмабаевтың "Түркістан", "Толқын", "Мен жастарға сенемін" өлеңдері, С.Торайғыровтың "Мен қазақ", "Бір адамға" өлеңдері, Ж.Аймауытовтың "Әнші" әңгімесі, М.Әуезовтің "Көксерек" әңгімесі, І.Жансүгіровтің "Домбыра", "Жетісу суреттері" өлеңдері, Ғ.Мүсіреповтің "Ананың анасы" әңгімесі, Қ.Қайсеновтің "Жау тылындағы бала" повесі, Қ.Аманжоловтың "Туған жер" өлеңі, Ғ.Ормановтың "Қарағай" өлеңі, С.Сарғасқаевтың "Тәмпіш қара" повесі, Ш.Смаханұлы шымшымалары	Оқу және түсіну	7. 1. 1. 1 көркем мәтінді, пайымдап, мәнерлеп (логикалық, психологиялық кідірістер мен) оқу; 7. 1. 1. 1 жекелеген сөздердің, фразалардың эмотивті мәнін түсіну, мәнмәтіндегі қызметін ашу; 7.1 2.1 көркем шығармадағы, пейзаж, монологтің құрылымдық бірлігін ажырату; 7. 1. 2. 2 мәтінге жоспар құру; 7. 1. 3. 1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтау; 7. 1. 4. 1 көркем шығармадағы пейзаж, портрет, мінездеулерді ауызша мәтінге жуық суреттеу, сипаттау
		Талдау және жинақтау	7. 2. 1. 1 әдеби шығармағы сюжеттен тыс композицияны анықтау; 7. 2. 2. 1 көркем шығармадағы образдың жасалу тәсілдерін талдау; 7. 2. 3. 1 шығарма тіліндегі синоним, архаизм, диалектизм, неологизмдердің қызметін мәнмәтінде анықтау; 7. 2. 4. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ, арнау) қолданысын талдау
			7. 3. 1. 1 көркем шығарманың тақырыбы

		Бағалау және шығармашылық өнім	мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 7. 3. 2. 1 шығармадағы кейіпкердің жандүниесін (психологиялық параллелизм, күйініш-сүйініші) ашудағы автор шеберлігіне баға беру; 7. 3. 3. 1 шығармадағы көрініст(пейзаж, оқиға) суреттеп жазу; 7. 3. 3. 2 кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме т.б.) жазу; 7. 3. 4. 1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу
4-тоқсан			
	Қазіргі қазақ әдебиеті Қ.Мырза-Әлінің "Кәрі қыран" өлеңі, М.Шахановтың "Арман"	Оқу және түсіну	7. 1. 1. 1 көркем мәтінді, пайымдап, мәнерлеп (логикалық, психологиялық кідірістер мен) оқу; 7. 1. 1. 1 жекелеген сөздердің, фразалардың эмотивті мәнін түсіну, мәнмәтіндегі қызметін ашу; 7.1 2.1 көркем шығармадағы, пейзаж, монологтің құрылымдық бірлігін ажырату; 7. 1. 2. 2 мәтінге жоспар құру; 7. 1. 3. 1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтау; 7. 1. 4. 1 көркем шығармадағы пейзаж, портрет, мінездеулерді ауызша мәтінге жуық суреттеу, сипаттау.
			7. 2. 1. 1 әдеби шығармағы сюжеттен

Қиял мен шындық	өлеңі, Т.Медетбектің "Тәуелсізбін" өлеңі, Т.Әбдіктің "Қонақтар" әңгімесі, А.Мархабаевтың "Ғарыштағы қымыз", фантастикалық әңгімесі, О.Бөкейдің "Қайдасың, қасқа құлыным?" драмасы, М.Мақатаевтың "Аққулар ұйықтағанда" поэмасы, Ф.Оңғарсынованың "Жерошақ" өлеңі, С.Жиенбаевтың "Қарттарым, аман сау жүрші" өлеңі, Ж.Бөдештің "Аңырақай бекетіндегі ой" поэмасы, Н.Ораздың "Бала махаббат" әңгімесі, Б.Беделханның "Өтеуіл" хамса-поэмасы.	Талдау және жинақтау	тыс композицияны анықтау; 7. 2. 2. 1 көркем шығармадағы образдың жасалу тәсілдерін талдау; 7. 2. 3. 1 шығарма тіліндегі синоним, архаизм, диалектизм, неологизмдердің қызметін мәнмәтінде анықтау; 7. 2. 4. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ, арнау) қолданысын талдау
		Бағалау және шығармашылық өнім	7. 3. 1. 1 көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 7. 3. 2. 1 шығармадағы кейіпкердің жандүниесін (психологиялық параллелизм, күйініш-сүйініші) ашудағы автор шеберлігіне баға беру; 7. 3. 3. 1 шығармадағы көрініс (пейзаж, оқиға) суреттеп жазу; 7. 3. 3. 2 кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме т.б.) жазу; 7. 3. 4. 1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу

4) 8-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Білім алушылар білуге тиісті оқыту мақсаттары
1-тоқсан			

Көнеден жеткен көркем сөз	Ғашықтық жырлар "Қыз Жібек" жыры Айтыс "Біржан-Сара" айтысы, қазіргі заман айтысы Ежелгі дәуір әдебиеті "Оғыз-Қаған" жыры, Махмұт Қашқари "Махмұт Қашқари жинаған түркі мақал-мәтелдері", Ахмет Йассауи "Даналық кітабы", Жүсіп Баласағұн "Құтты білік" дастаны, А.Йүгнеки "Ақиқат сыйы", Әл-Фарабидің "Қашықтасың туған жер", "Тіршілікте құрыштай бол төзімді" өлеңдері, Рабғузидың "Қарлығаштың адамға достығы", "Лұқпан Хакім" қиссалары	Оқу және түсіну	8. 1. 1. 1 көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу; 8. 1. 1. 2 сөз, сөз оралымдарының семантикалық мәнін түсіну, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау; 8. 1. 2. 1 шығарма үзіндісін өзге нысанмен салыстыру, салғастыру; 8. 1. 3. 1 шығармадағы образдардың идеяны берудегі қызметін ашу; 8. 1. 4. 1 көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, шығарма желісі бойынша идеясын жазу
		Талдау және жинақтау	8. 2. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтеріне талдау; 8. 2. 2. 1 көркем шығармадағы образ композициясын құраушы элементтерді табу, образ сомдаушы бөліктерді жинақтау; 8. 2. 3. 1 көркем шығармадағы автордың баяндау тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау; 8. 2. 4. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдау, мәнмәтіндегі көркемдік қызметін анықтау
			8. 3. 1. 1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі мазмұндас туындылармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығына баға беру;

		Бағалау және шығармашы-лық өнім	8. 3. 2. 1 шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру; 8. 3. 3. 1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, әдеби эссе, шығарма, сценарий, өлең, блог т.б.жазу: 8. 3. 4. 1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу
2-тоқсан			
Ел мен жер тағдыры	XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиет Д.Бабатайұлының " Еспембет" поэмасы, М.Мөңкеұлының "Үш қиян", "Сарыарқа" өлеңдері, М.Көпейұлының " Сарыарқаның кімдікі екендігі" өлеңі,Базар жыраудың "Халық үшін туған қайратты ер" өлеңі, А.Құнанбайұлының " Арғы атасы қажы еді"	Оқу және түсіну	8. 1. 1. 1 көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу; 8. 1. 1. 2 сөз, сөз оралымдарының семантикалық мәнін түсіну, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау; 8. 1. 2. 1 шығарма үзіндісін өзге нысанмен салыстыру, салғастыру; 8. 1. 3. 1 шығармадағы образдардың идеяны берудегі қызметін ашу; 8. 1. 4. 1 көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, шығарма желісі бойынша идеясын жазу
		Талдау және жинақтау	8. 2. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтеріне талдау; 8. 2. 2. 1 көркем шығармадағы образ композициясын құраушы элементтерді табу, образ сомдаушы бөліктерді жинақтау; 8. 2. 3. 1 көркем шығармадағы автордың баяндау тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау;

	өлеңі, Ш.Құдайбердіұлы-ның "Еңлік-Кебек" дастаны, "Жастарға" өлеңі, Н.Орманбетұлының "Замана" өлеңі, Ғ.Қараштың "Бармысың?" өлеңі, М.Сералиннің "Гүлхашима" поэмасы		8. 2. 4. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдау, мәнмәтіндегі көркемдік қызметін анықтау
		Бағалау және шығармаш-лық өнім	8. 3. 1. 1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі мазмұндас туындылармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығына баға беру; 8. 3. 2. 1 шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру; 8. 3. 3. 1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, әдеби эссе, шығарма, сценарий, өлең, блог т.б. жазу; 8. 3. 4. 1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу
3-тоқсан			
		Оқу және түсіну	8. 1. 1. 1 көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу 8. 1. 1. 2 сөз, сөз оралымдарының семантикалық мәнін түсіну, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау; 8. 1. 2. 1 шығарма үзіндісін өзге нысанмен салыстыру,салғастыру; 8. 1. 3. 1 шығармадағы образдардың идеяны берудегі қызметін ашу; 8. 1. 4. 1 көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, шығарма желісі бойынша идеясын жазу

Көркем әдебиет және эпикалық сарын	XX ғасыр әдебиеті Ж.Жабаевтың "Сұраншы батыр" жыры, М.Жұмабаевтың "Батыр Баян" поэмасы, Н.Байғаниннің "Нарғыз" дастаны, И.Байзақовтың "Құралай сұлу" поэмасы, С.Мұқановтың "Балуан шолақ" повесі, Б.Момышұлы-ның "Ұшқан ұя" повесі, О.Әубәкіровтің "Адам жетектеген адам" сықақ өлеңі, Қ.Қазиевтің "Менің шешем" әңгімесі, Қ.Жұмаділовтің "Қаздар қайтып барады" әңгімесі, Д.Исабековтің "Әпке" драмасы, Т.Ахтановтың "Күй аңызы" әңгімесі, Т.Айбергеновтің "Ана" өлеңі	Талдау және жинақтау	8. 2. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтеріне талдау; 8. 2. 2. 1 көркем шығармадағы образ композициясын құраушы элементтерді табу, образ сомдаушы бөліктерді жинақтау; 8. 2. 3. 1 көркем шығармадағы автордың баяндау тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау; 8. 2. 4. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдау, мәнмәтіндегі көркемдік қызметін анықтау
		Бағалау және шығармашылық өнім	8. 3. 1. 1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі мазмұндас туындылармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығына баға беру; 8. 3. 2. 1 шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру; 8. 3. 3. 1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, әдеби эссе, шығарма, сценарий, өлең, блог т.б. жазу; 8. 3. 4. 1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын –пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу
4-тоқсан			
			8. 1. 1. 1 көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу;

Артық ғылым кітапта	Қазіргі заман әдебиеті Ж.Сахиевтің "Айдағы жасырынбақ", "Дабыл" фантастикалық әңгімелері, Ш.Мұртазаның "Бесеудің хаты" драмасы, Ү.Уайдиннің "Күлкім келсе көршіме қараймын", "Ұйқының оқуы" сатиралары, Б.Бәмішұлының "Оспан батыр" поэмасы, Г.Салықбайдың "Менің тауым" өлеңі, М.Мағауиннің "Тазының өлімі" повесі, Т.Әсемқұловтың "Бекторының қазынасы" әңгімесі, И.Сапарбайдың "Анаңнан асыл бар ма екен?" өлеңі, Ә.Қайранның "Ерасыл" дастаны, А.Кемелбаеваның "Қоңырқаз" әңгімесі, М.Омарованың "Көмбе нанның дәмі" драмасы	Оқу және түсіну	8. 1. 1. 2 сөз, сөз оралымдарының семантикалық мәнін түсіну, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау; 8. 1. 2. 1 шығарма үзіндісін өзге нысанмен салыстыру, салғастыру; 8. 1. 3. 1 шығармадағы образдардың идеяны берудегі қызметін ашу; 8. 1. 4. 1 көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, шығарма желісі бойынша идеясын жазу
		Талдау және жинақтау	8. 2. 1. 1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтеріне талдау; 8. 2. 2. 1 көркем шығармадағы образ композициясын құраушы элементтерді табу, образ сомдаушы бөліктерді жинақтау; 8. 2. 3. 1 көркем шығармадағы автордың баяндау тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау; 8. 2. 4. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдау, мәнмәтіндегі көркемдік қызметін анықтау
			8. 3. 1. 1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі мазмұндас туындылармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығына баға беру; 8. 3. 2. 1 шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру;

		Бағалау және шығармашы-лық өнім	8. 3. 3. 1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, әдеби эссе, шығарма, сценарий, өлең, блог т.б. жазу; 8. 3. 4. 1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу

5) 9-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Білім алушылар білуге тиісті оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Атадан қалған асыл сөз	Ежелгі дәуір әдебиеті Әл-Фараби "Қайырымды қала тұрғындары" трактаты Сайф Сараи "Түркіше Гүлстан" дастаны, Хорезми "Мұхаббат-наме " дастаны, Хандық дәуір әдебиеті Асан қайғы "Бұл заманда не ғаріп" толғауы, Қазтуған жырау "Алаң да алаң, алаң жұрт" толғауы, Шалкиіз жырау "Би Темірге бірінші толғауы", Доспамбет жырау " Қоғалы көлдер, қом сулар", "Айналайын, Ақ	Оқу және түсіну	9. 1. 1. 1 көркем мәтінді талдап оқу; 9. 1. 1. 2 сөз, сөз оралымы , фразалық тіркестердің мәтіндегі қызметін айқындау, сөздердің концептілік мәнін ашу; 9. 1. 2. 1 шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне/ айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу; 9. 1. 3. 1 шығармадағы объективті идеяны, көркемдік шешімді айқындау; 9. 1. 4. 1 көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/ жазбаша түйіндеу
		Талдау және жинақтау	9. 2. 1. 1 эпикалық, лирикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау 9. 2. 2. 1 шығарманың образдар жүйесін салыстыра талдау, типтік характерлерді ашу; 9. 2. 3. 1 көркем шығармадағы автордың стилін айқындау;

	Жайық" толғаулары, Ақтамберді жырау " Күлдір-күлдір кісінетіп", "Балаларыма өсиет", Жиембет жырау "Еңсегей бойлы Ер Есім", Үмбетей жырау "Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту", Бұқар жыраудың "Тілек", "Әй, Абылай, Абылай", " Асқар таудың өлгені" толғаулары		9. 2. 4. 1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау
		Бағалау және шығармашылық өнім	9. 3. 1. 1 туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра бағалау; 9. 3. 2. 1 көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыра отырып, шығарманың эстетикалық құндылығына баға беру; 9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер монологі, жоба жазу; 9. 3. 4. 1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу
2-тоқсан			
		Оқу және түсіну	9. 1. 1. 1 көркем мәтінді талдап оқу; 9. 1. 1. 2 сөз, сөз оралымы, фразалық тіркестердің мәтіндегі қызметін айқындау, сөздердің концептілік мәнін ашу; 9. 1. 2. 1 шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне/ айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу; 9. 1. 3. 1 шығармадағы объективті идеяны, көркемдік шешімді айқындау; 9. 1. 4. 1 көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене

			отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/ жазбаша түйіндеу
"Жапанға біткен бәйтерек "	XIX ғасыр және XX ғасыр басындағы әдебиет М.Өтемісұлының " Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі", "Мен едім", "Бағаналы терек жарылса " өлеңдері, Нысанбай жыраудың " Кенесары-Наурызбай" дастаны, Ш.Уәлиханов " Жоңғария очерктері", " Қазақтың халық поэзиясының түрлері",Ш. Бөкеев "Құйрық атып құлия" өлеңі, М.Көпеевтің "Тірлікте көп жасағаннан көрген тамашамыз" өлеңі	Талдау және жинақтау	9. 2. 1. 1 эпикалық, лирикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9. 2. 2. 1 шығарманың образдар жүйесін салыстыра талдау, типтік характерлерді ашу; 9. 2. 3. 1 көркем шығармадағы автордың стилін айқындау; 9. 2. 4. 1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау
		Бағалау және шығармашылық өнім	9. 3. 1. 1 туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра бағалау; 9. 3. 2. 1 көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыра отырып, шығарманың эстетикалық құндылығына баға беру; 9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе,сценарий,өлең,блог, әңгіме, кейіпкер монологі , жоба жазу; 9. 3. 4. 1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу
3-тоқсан			
			9. 1. 1. 1 көркем мәтінді талдап оқу; 9. 1. 1. 2 сөз, сөз оралымы , фразалық тіркестердің

		Оқу және түсіну	мәтіндегі қызметін айқындау, сөздердің концептілік мәнін ашу; 9. 1. 2. 1 шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне/ айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу; 9. 1. 3. 1 шығармадағы объективті идеяны, көркемдік шешімді айқындау; 9. 1. 4. 1 көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/ жазбаша түйіндеу
Тарихи шындықпен көркемдік шешім	XX ғасыр әдебиеті С. Сейфуллиннің "Сыр сандық" өлеңі, "Аққудың айырылуы" поэмасы, І.Жансүгіровтің "Күйші" поэмасы, Б.Майлиннің "Шұғаның белгісі" хикаяты, М.Әуезовтің "Оқыған азамат" әңгімесі, Ғ.Мүсіреповтің "Кездеспей кеткен бір бейне" повесі, Ж.Молдағалиевтің "Мен-қазақпын!" поэмасы, Ә.Шәріповтің "Партизан қызы" повесі, Қ.Әбдікадыровтың "Қажымұқан" повесі	Талдау және жинақтау	9. 2. 1. 1 эпикалық, лирикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9. 2. 2. 1 шығарманың образдар жүйесін салыстыра талдау, типтік характерлерді ашу; 9. 2. 3. 1 көркем шығармадағы автордың стилін айқындау; 9. 2. 4. 1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау
		Бағалау және шығармашы-лық өнім	9. 3. 1. 1 туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра бағалау; 9. 3. 2. 1 көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыра отырып, шығарманың эстетикалық құндылығына баға беру; 9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең,

			блог, әңгіме, кейіпкер монологі, жоба жазу; 9. 3. 4. 1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу
4-тоқсан			
Қазақтың қилы тағдыры	Қазіргі заман әдебиеті М.Шахановтың "Рух пен тіл" өлеңі, "Ғашықтық ғаламаты" поэмасы, Н.Айтұлының "Ту" поэмасы, Қ.Мұқанбетқалиұлы-ның "Тар кезең" романы, Қ.Ілиясұлының "Мысыққа мінездеме" мысал-дастаны, С.Асылбекұлының "Жел-тоқсан түні" драмасы, Р.Мұқановаңың "Мәңгілік бала бейне" әңгімесі, Е.Раушановтың "Ғайша-Бибі" поэмасы	Оқу және түсіну	9. 1. 1. 1 көркем мәтінді талдап оқу 9. 1. 1. 2 сөз, сөз оралымы, фразалық тіркестердің мәтіндегі қызметін айқындау, сөздердің концептілік мәнін ашу; 9. 1. 2. 1 шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне/ айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу; 9. 1. 3. 1 шығармадағы объективті идеяны, көркемдік шешімді айқындау; 9. 1. 4. 1 көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/ жазбаша түйіндеу
		Талдау және жинақтау	9. 2. 1. 1 эпикалық, лирикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9. 2. 2. 1 шығарманың образдар жүйесін салыстыра талдау, типтік характерлерді ашу; 9. 2. 3. 1 көркем шығармадағы автордың стилін айқындау; 9. 2. 4. 1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау
			9. 3. 1. 1 туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи

			құндылығын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра бағалау; 9. 3. 2. 1 көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыра отырып, шығарманың эстетикалық құндылығына баға беру ; 9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе,сценарий,өлең,блог, әңгіме, кейіпкер монологі , жоба жазу; 9. 3. 4. 1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу
		Бағалау және шығармашы- лық өнім	

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
39-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Орыс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Білім беру процесінде "Орыс тілі" оқу пәні екі түрлі қызмет атқарады: біріншіден, зерттеу пәні, екіншіден, басқа пәндерді зерттеу құралы болып табылады.

3. "Орыс тілі" пәнінің оқыту мақсаты – тіл білімін меңгеру негізінде сөйлеу қызметінің барлық түрлері бойынша коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, әртүрлі деңгейдегі құралдарды пайдалану нормалары мен оларды өнімді сөйлеу қызметінде жетілдіру, сондай-ақ сөздік қорын байыту арқылы шығармашыл, белсенді тілдік тұлғаны дамыту.

4. Оқыту пәні қазіргі замандағы Қазақстанның көпұлттылық және көптілділік жағдайларында оның шынайы қызмет етуінде заманауи орыс әдеби тілі болып табылады.

5. Оқыту міндеттері:

1) орыс тілі туралы білімді қалыптастыру, оның түрлі салаларда және қарым-қатынас жағдайларында, стилистикалық ресурстарда, әдеби тілдің негізгі нормаларында (орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық және грамматикалық) және сөйлеу этикетінің ережелеріндегі қызметі;

2) пайдаланылатын грамматикалық құралдардың сөздік қорын байыту және аясын кеңейту;

3) нормативтілік, қарым-қатынас жағдайларының сәйкестігі тұрғысынан тілдік құралдарды бағалай және таңдай білуін қалыптастыру;

4) әртүрлі тілдік жанрларда ауызша және жазбаша монолог құра білуін дамыту және жетілдіру;

5) әртүрлі салаларда және коммуникативтік жағдайларда диалогтік қарым-қатынас, пікірталас жүргізе білу іскерліктерін жетілдіру;

6) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық сауаттылықты жетілдіру;

7) орыс тілінің ұлттық-мәдени спецификасы, орыс, қазақ және басқа да халықтардың мәдениеті туралы ұғымдарды қалыптастыру;

8) тілге қарым-қатынас құралы, білім көзі, рухани-адамгершілік құндылық, қоғамда ойдағыдай әлеуметтенуге ықпал ететін тілдік капитал ретінде танымдық тұрғыдан қарауға тәрбиелеу.

6. Грамматикалық материал тілдік тақырыптар контексінде оқытылады.

7. "Орыс тілі" оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы негізгі орта мектепте 5 жыл оқуға есептелген.

2-тарау. "Орыс тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Орыс тілі" оқу пәнінің мазмұны

8. "Орыс тілі" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылына 102 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылына 102 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылына 102 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. "Орыс тілі" пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдерге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, олар сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұрады.

10. Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді .

11. Оқыту пәнінің мазмұнын 4 бөлім құрайды:

1) тыңдалым және айтылым;

2) оқылым;

3) жазылым;

4) әдеби тіл нормаларын сақтау.

12. "Тыңдалым және айтылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мәтіннің мазмұнын түсіну;

2) негізгі ойды анықтау;

3) тыңдалған материалды қайталап айту;

4) оқиғаны болжау;

5) диалогқа қатысу;

6) тыңдалған материалды бағалау;

7) монолог құру.

13. "Оқылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ақпаратты түсіну;

2) мәтіннің құрылымдық бөліктері мен негізгі ойды анықтау;

3) оқылған мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктерді қолдана білу;

4) мәтін түрлері мен стилдерін анықтау;

5) сұрақтар қою және бағалау;

6) оқылым түрлерін қолдану;

7) әртүрлі ақпарат көздерінен ақпарат алу;

8) мәтіндерге салыстырмалы талдау.

14. "Жазылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жоспару құру;

2) тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материалды мазмұндау;

3) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;

4) әртүрлі мәтін түрлері мен стилдерін қолдану;

5) эссе жазу;

6) шығармашылық хат;

9) мәтіндерді редакциялау.

15. "Әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі" келесі бөлімшелерден тұрады:

1) орфографиялық нормаларды сақтау;

2) лексикалық нормаларды сақтау;

3) грамматикалық нормаларды сақтау;

4) пунктуациялық нормаларды сақтау.

16. 5-сыныпқа арналған "Орыс тілі" оқу пәнінің базалық мазмұн:

1) айтылым және тыңдалым: басты ақпаратты анықтау, тақырыптар мен негізгі ойды анықтауда сұрақтарға сүйену, хабарлама, сипаттау, мәтінді мазмұндау, мәтіннен үзінді бойынша мәтін мазмұнын болжау, диалог-сауалнамаға қатысу, "айтушыдан" " тыңдаушыға" ауысу, "ұнайды/ұнамайды", "дұрыс/бұрыс" дауыстап айтуды бағалау, белгілі бір түрін айту, көрнекі материалдарға сүйену;

2) оқылым: бөлікке бөлінген және бөлінбеген мәтіндер, мәтіннің мазмұны мен құрылымы негізінде негізгі ойды анықтау, сөздің тура және ауыспалы мағынасы, синонимдер, антонимдер, омонимдер, көп мағыналы сөздер, сипаттау, хабарлау, талқылау, кітаби және сөйлеу стилі, хат, жарнама мәтіні, хабарландыру, күнделік, өлең, ертегі, сұрақтар құрастыру, таныса оқу, нақты тапсырмаларға арналған ақпаратты табу, тақырыптар мен әртүрлі мәтіндердің композициясын салыстыру;

3) жазылым: қарапайым жоспар, мәтіннің негізгі мазмұны, ақпаратты сурет түрінде ұсыну, көркем және ауызекі сөйлеу стилдерінде хабарлау және сипаттау, мақсатты аудиторияны есепке алу, эссе-хабарлама, эссе-талқылау, шығармашылық жұмыстар (120-150 сөз), кейіпкердің орнына өзін қою, сөздіктің көмегімен орфографиялық қателерді түзету, сөйлемдерді редакциялау;

4) әдеби тіл нормаларын сақтау: сөздің түбіріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар, НЕ сөзінің зат есімдермен, сын есімдермен, болымсыз есімдіктермен, етістіктермен, сондай-ақ сөздің әртүрлі бөліктерінде жалғаулармен, тура және ауыспалы мағынамен, синонимдермен, антонимдермен, омонимдермен қолданысы және көп мағыналы сөздер, кірме сөздер, эмоционалдық-бейнелі сөздер, гиперболалар, эпитеттер, теңеулер, родтағы, түр мен септіктегі атау тұлғадағы сөз таптары, сөйлеудегі және қаратпа сөздегі тыныс белгілер, жай сөйлемдердегі, бірыңғай мүшелердегі, сондай-ақ сөйлемнің бірыңғай мүшелеріндегі жалпылауыш сөздердегі сызықша.

17. 6-сыныпқа арналған "Орыс тілі" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: негізгі және қосымша ақпарат, тірек сөздердің көмегімен негізгі ойды анықтау, толық, қысқаша, іріктеп мазмұндау, тірек сөздер бойынша оқиғаның дамуын болжау, ұсынылған тақырып бойынша диалогқа қатысу,

тыңдалынған материалды мазмұнына, құрылымына, сөз логикасына бағалау, жоспар, сұлба, иллюстрациялар, жарнама роликтеріне сүйене отырып талқылау элементтері бар сипаттама және хабарлама сипатындағы монолог, орфоэпиялық нормаларды сақтау;

2) оқылым: бөлікке бөлінген және бөлінбеген мәтіндердегі негізгі ақпарат, белгілі және белгісіз ақпараттарды табу, негізгі ойды анықтау, құрылымдық бөліктерін анықтау және мәтін құраудың мәнін түсіндіру, фразеологизмдер, қаратпа сөздер, сөйлемнің бірыңғай мүшелері, сұраулы және лепті, бұйрықты сөйлемдер, сипаттау, талқылау, хабарлау, мінездеме беру, публицистикалық және көркем стилдегі мәтіндердің (өлең, ертегі, әңгіме, қолжазба, репортаж, сұхбат) сипаты, хабарлама, талқылау, мінездеме, публицистикалық және көркем стилдегі мәтіндердің тілдік және жанрлық ерекшеліктері (мәтіннің өзектілігін, құндылығын, сапасын және пайдасын бағалайтын сұрақтар құрастыру, танысу және пікір білдіре оқу, әртүрлі ақпарат көздерінен ақпарат табу, әртүрлі көзқарасты анықтау, құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып әртүрлі мәтіндердің (өлең, ертегі, әңгіме, жазба, репортаж, сұхбат) стилистикалық ерекшеліктерін салыстыру;

3) жазылым: қарапайым және күрделі жоспар, хабарлама-мәтіндер, сипаттама-мәтіндерді 3-жақтан толық, қысқаша, іріктеп мазмұндау, ақпаратты иллюстрациялар, комикстер түрінде ұсыну, мәтіндерді публицистикалық және көркем стилде (өлең, ертегі, әңгіме, қолжазба, репортаж, сұхбат) сипаттау, хабарлау, талқылау, эссе-хабарлама, эссе-талқылау, эссе-сипаттама, шығармашылық жұмыстар (150-200 сөз), орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктің көмегімен түзету, мәтінді оның түріне қарай редакциялау;

4) әдеби тіл нормаларын сақтау: Ъ және Ь белгілерін ажырату, күрделі зат есім, сын есім, сан есім, белгісіздік есімдік, сондай-ақ приставкалар мен әртүрлі сөз таптарының жұрнақтары, фразеологиялық тіркестер, метафоралар, кейіптеу, риторикалық фигуралар, антитеза, перифраз, сан есімдердің, сын есімдердің, есімдіктердің септелуі, сын есімдер мен үстеулердің салыстырмалы түрі, кірме конструкциялары бар сөйлемдердің, төл сөздер мен төлеу сөздердің тыныс белгілері.

18. 7-сыныпқа арналған "Орыс тілі" оқу пәнінің базалық мазмұн:

1) тыңдалым және айтылым: негізгі және қосымша ақпарат, тірек сөздердің көмегімен негізгі ойды анықтау, жағын ауыстырып толық, қысқаша, іріктеп мазмұндау, тірек сөздер бойынша оқиғаның дамуын болжау, диалогқа және дәлел келтіруге қатысу , тыңдалынған материалды өз көзқарасы тұрғысынан бағалау, материалдың мазмұнына, құрылымына, мазмұнының логикасына, жоспар, сұлбалар, иллюстрациялар, жарнама роликтері негізінде кемінде 2 шағын тақырыптан тұратын аргументтелген монологқа (сипаттау, хабарлау, талқылау) назар аударуға арналған тілдік құралдарды қолдану;

2) оқылым: бөлікке бөлінген және бөлінбеген мәтіндер, негізгі және қосымша ақпаратты, негізгі ойды ашатын құрылымдық бөлімдерін және олардың элементтерін (сөйлем, абзацтар) табу, мәтіндегі жекелеген сөздер мен ойлардың анық және астарлы (

Батырлар дастаны	1."Эраж және сиқыршы туралы" аңыз. 2. Әсірелеу өнері. Көркем бейне, көркем бейне кейіпкері. 3 .Мақал-мәтелдер. Аңыздар және әңгімелер. 4.Буын, өлең ұйқастары.	Түсіну және жауап беру	хабарлаушы, әңгімелеуші , гипербола, эпитет, теңеу , аллегория, параллелизм; 5. 1. 2. 1 көркем шығарма туралы жалпы түсінік, тақырыпты ұғыну; 5. 1. 3. 1 шағын көлемді мәтін фрагменттерін (поэтикалық, прозалық) мәнерлеп жатқа айту; 5. 1 . 4. 1 қарапайым жоспар құру; 5. 1. 6. 1 сұраққа қысқа және толық жауап беру
		Талдау және интерпретация	5. 2. 1. 1 жанрды және оның (қисса, ертегі, әдебиеттік ертегі) белгілерін анықтау; 5. 2. 2. 1 шығармадағы негізгі ойды анықтау; 5. 2. 5. 1 кейіпкерлерге мінездеме беру; 5. 2. 8. 1 мұғалімнің көмегімен көркем мәтіндегі бейнелеу құралдарына (гипербола, эпитет, теңеу, аллегория, параллелизм) талдау жасау
		Бағалау және салыстыру	5. 3. 1. 1 өз ойын білдіре отырып, шығарманы талқылауға қатысу
2-тоқсан			
Әдеби поэтикалық ертегі	1. Абуабдулло Рудаки " Білім жайында", "Ей, Бұхара қуан...", "Тамаша көктем" өлеңдерінен үзінді. 2. А.И. Сина " Жылан және тостағандағы сүт", " Жолда", "Зафарнома". 3.	Түсіну және жауап беру	5. 1. 2. 1 көркем шығарма туралы жалпы түсінік, тақырыпты ұғыну; 5. 1. 3. 1 шағын көлемді мәтін фрагменттерін (поэтикалық, прозалық) мәнерлеп жатқа айту; 5. 1 . 5. 1 шығарманың немесе үзіндінің мазмұнын қысқаша айтып беру
			5. 2. 1. 1 жанрды және оның (қисса, ертегі, әдебиеттік ертегі) белгілерін анықтау; 5. 2. 2. 1 шығармадағы негізгі ойды анықтау; 5. 2. 3. 1 шығарма мәтінінен композиция элементін бөлу; 5. 2. 4. 1 басты кейіпкерлердің мінездемесі үшін

	Саъди Шерози. " Гүлістаннан", "Чабри устод бех аз мехри падар " әңгімелері. 4. Бадриддин Хилоли "Дос үшін өмірін қию", " Мінез-құлық туралы"	Талдау және интерпретация	маңызды эпизодтарға талдау жасау; 5. 2. 5. 1 кейіпкерлерге мінездеме беру; 5. 2. 9. 1 шығармашылық жұмыстарды (ертегі, әңгіме, тірек сөздердің және иллюстрациялардың көмегімен әдеби тақырыптарға шағын шығармалар) жазу
		Бағалау және салыстыру	5. 3. 3. 1 мұғалімнің көмегімен тәжік, орыс, қазақ және әлем әдебиетіндегі ұқсас тақырыптағы шығармаларды (немесе үзінділерін) салғастыру
3-тоқсан			
Әдеби прозалық ертегі	1.С. Айни "Тәжік елінің батыры Темірмәлік". 2. М. Турсинзода "Мәңгі жарық" поэмасынан үзінді. 3. Эрадж Мирзо " Аналық құдырет", " Наурыз мерекесі", " Мұғалімнің құдыреті". 4. Хахилуллои Халили " Аналарға сыйлық", " Отанымыздың ұрпақтарына жолдау", " Наурыз қамы".	Түсіну және жауап беру	5. 1. 1. 1 терминдерді түсіну: көркем әдебиет, фольклор, батырлар жыры, қисса, ертегі, әдеби ертегі, сюжет, композиция, көркем уақыт пен кеңістік, жанжал, батыр, хабарлаушы, әңгімелеуші, гипербола, эпитет, теңеу, аллегория, параллелизм; 5. 1. 3. 1 шағын көлемді мәтін фрагменттерін (поэтикалық, прозалық) мәнерлеп жатқа айту; 5. 1. 6. 1 сұраққа қысқа және толық жауап беру
		Талдау және интерпретация	5. 2. 2. 1 шығармадағы негізгі ойды анықтау; 5. 2. 4. 1 басты кейіпкерлердің мінездемесі үшін маңызды эпизодтарға талдау жасау; 5. 2. 5. 1 кейіпкерлерге мінездеме беру; 5. 2. 6. 1 көркем кеңістікке талдау жасау және өз елестетуіңді сурет, схема, кластер түрінде ұсыну; 5. 2. 7. 1 басты кейіпкерге автордың қатынасын анықтау; 5. 2. 8. 1

			мұғалімнің көмегімен көркем мәтіндегі бейнелеу құралдарына (гипербола, эпитет, теңеу, аллегория, параллелизм) талдау жасау
		Бағалау және салыстыру	5. 3. 2. 1 мұғалімнің қолдауымен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсіндіре отырып, көркем шығарманы басқа өнер түрлерінің туындылармен салыстыру
4-тоқсан			
Әдеби шығармалардағы фольклорлық элементтер	1.Фотех НиҰзи "Адалдық ", "Мамараджаба ерлігі" романдарынан үзінді. 2. М. Миршакар "Мазасыз Пяндж", "Кедей" дастандары. 3. Абдумалик Бахори "Екі даулы ай" повесінен үзінді, "Алиджан мен Азиза" әңгімесі. 4. Гаффар Мирза "Билік және мемлекет", "Бесік басында" дастандарының бастамасы.	Түсіну және жауап беру	5. 1. 2. 1 көркем шығарма туралы жалпы түсінік, тақырыпты ұғыну; 5. 1. 3. 1 шағын көлемді мәтін фрагменттерін (поэтикалық, прозалық) мәнерлеп жатқа айту; 5. 1 . 4. 1 қарапайым жоспар құру
		Талдау және интерпретация	5. 2. 3. 1 шығарма мәтінінен композиция элементін бөлу; 5. 2. 4. 1 басты кейіпкерлердің мінездемесі үшін маңызды эпизодтарға талдау жасау; 5. 2. 5. 1 кейіпкерлерге мінездеме беру; 5. 2. 6. 1 көркем кеңістікке талдау жасау және өз елестетуіңді сурет, схема, кластер түрінде ұсыну; 5. 2. 7. 1 басты кейіпкерге автордың қатынасын анықтау; 5. 2. 8. 1 мұғалімнің көмегімен көркем мәтіндегі бейнелеу құралдарына (гипербола, эпитет, теңеу, аллегория, параллелизм) талдау жасау; 5. 2. 9. 1 шығармашылық жұмыстарды (ертегі, әңгіме, тірек сөздердің және иллюстрациялардың көмегімен әдеби

			тақырыптарға шағын шығармалар) жазу
		Бағалау және салыстыру	5. 3. 4. 1 ауызша және жазбаша пікірлерді (өзінің, сыныптастарының) тақырыпқа сәйкестік тұрғысынан бағалау

2) 6-сынып:

Тақырып	Оқылатын шығармалар	Дағдылар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Әлем халықтарының мифтері	Ауыз әдебиеті және фольклор. Тарихи әндер " Восеъ көтерілісі". Жатжұрттық. Төртшумақты өлеңдер мен жұмбақтар үлгісі.	Түсіну және жауап беру	6. 1. 1. 1 терминдерді түсіну: көркемдік әлемі, миф, мифологиялық батыр, мифологиялық бейне, әңгіме, повесть, пьеса-ертегі, афиша, ремарка, портрет, пейзаж, метафора, кейіптеу, риторикалық пішіндер, антитеза, перифраз, эпос, лирика, әдебиет түріндегі драма; 6. 1. 2. 1 көркем шығарма туралы жалпы түсінік, басты және екінші кезектегі ақпаратты түсіну; 6. 1. 3. 1 мәтін фрагменттерін (поэтикалық, прозалық, драмалық) мәнерлеп жатқа оқу; 6. 1. 5. 1 шағын эпикалық немесе драмалық шығарманың қаһармандары мен оқиғасы туралы өз пікірін білдіре отырып шағын эпикалық немесе драмалық түрде мазмұнын (қысқа, толық) айтып беру
		Талдау және интерпретация	6. 2. 1. 1 жанрды және оның (әңгіме, хикаят, ертегі-пьеса) белгілерін анықтау; 6. 2. 3. 1 шығарма мәтінінен композиция элементтерін бөлу, олардың шығарма сюжетіндегі рөлін түсіндіру; 6. 2. 5. 1 жоспар мен мәтіндегі цитаталарын қолданып кейіпкерлерге мінездеме жасау; 6. 2. 9. 1 тілдің

			бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, оқығаннан өз түсінігін білдіре отырып, шығармашылық жұмыстар (аңыз-әңгімелер, әдеби тақырыптарға шағын шығарма, салыстырмалы сипаттамалар) жазу
		Бағалау және салыстыру	6. 3. 1. 1 басты кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалай отырып, шығармаларды талқылауға қатысу
2-тоқсан			
Әдеби поэтикалық ертегі	1.Унсурулмаоли Кайковус "Кобуснамеден " тарау. 2. Н. Ганджави " Хайр және Шар" поэмасы 3. Мухаммад Газоли " Насихат-ул-мулук" шығармасынан әңгімелер . Мухаммед Авфи Бухороі " Джоме-ул-хикоет" шығармасынан әңгімелер .	Түсіну және жауап беру	6. 1. 1. 1 терминдерді түсіну: көркемдік әлемі, миф, мифологиялық батыр, мифологиялық бейне, әңгіме, повесть, пьеса-ертегі, афиша, ремарка, портрет, пейзаж, метафора, кейіптеу, риторикалық пішіндер, антитеза, перифраз, эпос, лирика, әдебиет түріндегі драма; 6. 1. 3. 1 мәтін фрагменттерін (поэтикалық, прозалық, драмалық) мәнерлеп жатқа оқу; 6. 1. 5. 1 шағын эпикалық немесе драмалық шығарманың қаһармандары мен оқиғасы туралы өз пікірін білдіре отырып шағын эпикалық немесе драмалық түрде мазмұнын (қысқа, толық) айтып беру; 6. 1. 6. 1 сұраққа толық жауап беру
			6. 2. 2. 1 жанрды және оның (әңгіме, хикаят, ертегі-пьеса) белгілерін анықтау; 6. 2. 3. 1 шығарма мәтінінен композиция элементтерін бөлу, олардың шығарма сюжетіндегі рөлін түсіндіру; 6. 2. 4. 1 драмалық және прозалық

		Талдау және интерпретация	шығармалардың басты кейіпкерлерінің мінездемелері үшін маңызды эпизодтарына талдау жасау; 6. 2. 5. 1 жоспар мен мәтіндегі цитаталарын қолданып кейіпкерлерге мінездеме жасау; 6. 2. 7. 1 басты және қосалқы кейіпкерлерге автордың қатынасын анықтау
		Бағалау және салыстыру	6. 3. 3. 1 тақырыбы мен көтерген мәселелері ұқсас тәжік, орыс, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларын (немесе үзінділерін) салғастыру
3-тоқсан			
Адамның адамгершілік таңдауы	1.Х. Шерози "Тағдыр кемесі", "Дос жолдауы", "Алаң болма". 2. З.М. Восифи "Бадое-ул-вакое" шығармасынан әңгімелер. 3. Ш. Бухорои "Дил забони шиква пеши ман зи сахт? боз кард", "Кавсар ?арифи чашми тари ман намешавад"	Түсіну және жауап беру	6. 1. 4. 1 қарапайым дәйекті жоспар құру
		Талдау және интерпретация	6. 2. 1. 1 жанрды және оның (әңгіме, хикаят, ертегі-пьеса) белгілерін анықтау; 6. 2. 2. 1 құрылымдық элементтеріне сүйене отырып шығармадағы негізгі ойды анықтау; 6. 2. 4. 1 драмалық және прозалық шығармалардың басты кейіпкерлерінің мінездемелері үшін маңызды эпизодтарына талдау жасау; 6. 2. 5. 1 жоспар мен мәтіндегі цитаталарын қолданып кейіпкерлерге мінездеме жасау; 6. 2. 6. 1 көркем кеңістікті талдау және өзіндік елестетуін сурет, схема, кластер түрінде ұсыну; 6. 2. 7. 1 басты және қосалқы кейіпкерлерге автордың қатынасын анықтау; 6. 2. 8. 1 бейнелеу құралдарын (метафора, кейіптеу) және поэтикалық синтаксис пішіндерін (риторикалық сұрақ, қаратпа сөз, лептеу,

	лирикалары. 4. А. Дониш "Наводир-ул-вакое" шығармасынан үзінді.		антитезр, перифраза) талдау; 6. 2. 9. 1 тілдің бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, оқығаннан өз түсінігін білдіре отырып, шығармашылық жұмыстарды (аңыз-әңгіме, әдеби тақырыптарға шағын шығарма, салыстырмалы сипаттамалар) жазу
		Бағалау және салыстыру	6. 3. 2. 1 мұғалімнің қолдауымен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсіндіре отырып, (салыстырмалы мінездеме жоспары) көркем шығарманы басқа өнер түрлерінің туындылармен салыстыру
4-тоқсан			
Әдеби шығармалардағы ертегі және мифологиялық элементтер	А. Лохути "Отан", "Керек емес құлшылық" өлеңдерін талдау. М. Әуезов "Абай" романынан үзінді.	Түсіну және жауап беру	6. 1. 1. 1 терминдерді түсіну: көркемдік әлемі, миф, мифологиялық батыр, мифологиялық бейне, әңгіме, повесть, пьеса-ертегі, афиша, ремарка, портрет, пейзаж, метафора, кейіптеу, риторикалық пішіндер, антитеза, перифраз, эпос, лирика, әдебиет түріндегі драма; 6. 1. 2. 1 көркем шығарма туралы жалпы түсінік, басты және екінші кезектегі ақпаратты түсіну; 6. 1. 3. 1мәтін фрагменттерін (поэтикалық, прозалық, драмалық) мәнерлеп жатқа оқу; 6. 1. 4. 1 қарапайым дәйекті жоспар құру; 6. 1. 6. 1 сұраққа кең түрде жауап беру
			6. 2. 5. 1 жоспар мен мәтіндегі цитаталарын қолданып кейіпкерлерге мінездеме жасау; 6. 2. 6. 1 көркем кеңістікті

		Талдау және интерпретация	талдау және өзіндік елестетуін сурет, схема, кластер түрінде ұсыну; 6. 2. 7. 1 басты және қосалқы кейіпкерлерге автордың қатынасын анықтау; 6. 2. 8. 1 бейнелеу құралдарын (метафора, кейіптеу) және поэтикалық синтаксис пішіндерін (риторикалық сұрақ, қаратпа сөз, лептеу , антитез, перифраза) талдау
		Бағалау және салыстыру	6. 4. 4. 1 ауызша және жазбаша пікірлерді (өзінің, сыныптастарының) тақырыптың толық ашылуы, дәйексөздің реттілігі тұрғысынан, бағалау

3) 7-сынып:

Тақырып	Оқылатын шығармалар	Дағдылар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
	1.А. Фирдауси "Кова ва Заххок" поэмасы, Фирдауси насихаттары. 2 . Н.А. Самарканды "Төрт мақала" кітабынан " Саъди Салмон өмірі"	Түсіну және жауап беру	7. 1. 1. 1 терминдерді түсіну: астарлы әңгіме, аңыз, баллада, мысал, әдеби бағыт, классицизм, фантастикалық әңгіме, комедия, фэнтези, сатира, әзіл-оспақ, гротеск, сарказм, ирония, көркем бөлшегі, лирикалық кейіпкер, ырғақ және рифм, аллитерация, ассонанс, аллегория, инверсия, анафора; 7. 1. 2 . 1 белгілі және белгісіз ақпараттарды қоса, көркем шығармаларды егжей-тегжейлі түсіну; 7. 1. 3. 1 лирикалық кейіпкер және/немесе кейіпкер бейнесінің сипаттамасымен дәйексөзді өз бетімен тауып, үзіндіні мәнерлеп жатқа оқу; 7. 1. 4. 1 күрделі жоспар құру; 7. 1. 6. 1 коммуникативті жағдайға сәйкес көркем, эмоционалды-экспрессивті сөздерді,

Әдебиеттегі аңыздар мен нақылдар	әңгімесі. 3. Дж. Балхи " Аю мен ақымақ", "Емші мен науқас" әңгімелері. 4. К. Худжанди " Жатжұрттық", "Адал дос" өлеңдері		мақал-мәтелдер мен сөз тіркестерін қолдана отырып, диалогта тез және дұрыс шешім қабылдау және талқылау
		Талдау және интерпретация	7. 2. 2. 1 кейіпкердің іс-әрекеті туралы өз пікірін айта отырып, шығарманың тақырыбын және идеясын анықтау; 7. 2. 4. 1 драмалық, прозалық және лирикалық шығармалардың басты және қосалқы кейіпкерлерінің мінездемелері үшін маңызды эпизодтарына талдау жасау; 7. 2. 5. 1 мәтіндегі цитаталар мен детальдарды қолданып шығарма кейіпкерлеріне мінездеме жасау
		Бағалау және салыстыру	7. 3. 1. 1 кейікерлер мен оқиғалар туралы пікірін білдіре отырып, шығармаларды талқылауға қатысу
2-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	7. 1. 3. 1 лирикалық кейіпкер және/немесе кейіпкер бейнесін сипаттайтын дәйексөзді өз бетімен тауып, үзіндіні мәнерлеп жатқа оқу
			7. 2. 1. 1 жанрды және оның белгілерін (астарлы әңгіме, баллада, аңыз әңгіме, аңыз, комедия, лирикалық өлең, фэнтези, қиял-ғажайып әңгіме) анықтау; 7. 2. 2. 1 кейіпкердің іс-әрекеті туралы өз пікірін айта отырып, шығарманың тақырыбын және идеясын анықтау; 7. 2. 3. 1 эпиграф рөлін және оның мәнін түсіндіру шығарма мәтінінен композиция элементін бөлу; 7. 2. 5. 1 мәтіндегі цитаталар мен

Адам және табиғат	1. А.Джами "Бахористон", "Силсилат-уз-захаб" шығармаларынан әңгімелер. 2. Х.В. Кошифи "Торғай және келес", "Құтан", " Маймылдың істері" әңгімелері. 3. С. Насафи " Еске алу", "Құндылық", " Бахориет" 4. А. Құнанбаев "Интизораш набуди асло", "Бо дили хеш сарфакори кун" өлеңдері	Талдау және интерпретация	детальдарды қолданып шығарма кейіпкерлеріне мінездеме жасау; 7. 2. 6. 1 сюжет пен композицияға талдау жасау және өзіндік елестетуін сурет, схема, кластер, презентация түрінде ұсыну; 7. 2. 8. 1 көркем мәтіндегі бейнелеу құралдарына және поэтикалық синтаксис пішіндеріне (аллитерация, ассонанс, аллегория, инверсия, анафора), комедияның негізгі түрлерін (сатира, юмор, гротеск, ирония, сарказм, әзіл-сықақ) талдау; 7. 2. 9. 1 тілдің бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, оқығанына өз пікірін білдіре отырып, шығармашылық жұмыстарды жазу (шығарма, мысал, пікір, әдеби кейіпкермен репортаж, сұхбат)
		Бағалау және салыстыру	7. 3. 3. 1 тақырыбы мен көтерген мәселелері, жанры ұқсас тәжік, орыс, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларын (немесе үзінділерін) салғастыру
3-тоқсан			
			7. 1. 1. 1 терминдерді түсіну: астарлы әңгіме, аңыз, баллада, мысал, әдеби бағыт, классицизм, фантастикалық әңгіме, комедия, фэнтези, сатира, әзіл-оспақ, гротеск, сарказм, ирония, көркем бөлшегі, лирикалық кейіпкер, ырғақ және рифм, аллитерация, ассонанс, аллегория, инверсия, анафора; 7. 1. 2 . 1 белгілі және белгісіз ақпараттарды қоса қанда, көркем шығармаларды егжей-тегжейлі түсіну; 7.

Әдебиеттегі сатира және әзіл-сықақ	1. Х. Юсуфи "Отанға махаббат", "Отан". 2. Б. Рахимзода "Мұғалім", "Менің ұлы халқым". 3. А. Шукухи "Біз бейбітшілік жағындамыз", "Үлкендерге құрмет". 4. Л. Шерали "Анама", "Жоғалған тіл"	Түсіну және жауап беру	1. 3. 1 лирикалық кейіпкер және/немесе кейіпкер бейнесін сипаттайтын дәйексөзді өз бетімен тауып, үзіндіні мәнерлеп жатқа оқу; 7. 1. 5. 1 шығарманың немесе үзіндінің қаһармандары мен оқиғасы туралы өз пікірін білдіре отырып мазмұнын (қысқа, толық, ішінара) айтып беру; 7. 1. 6. 1 коммуникативті жағдайға сәйкес көркем, эмоционалды-экспрессивті сөздерді, мақал-мәтелдер мен сөз тіркестерін қолдана отырып, диалогта тез және дұрыс шешім қабылдау және талқылау
		Талдау және интерпретация	7. 2. 5. 1 мәтіндегі цитаталар мен детальдарды қолданып шығарма кейіпкерлеріне мінездеме жасау; 7. 2. 6. 1 сюжет пен композицияға талдау жасау және өзіндік елестетуін сурет, схема, кластер, презентация түрінде ұсыну; 7. 2. 7. 1 өз позициясына дәлел келтіріп, басты және қосалқы кейіпкерлерге автордың қатынасын анықтау; 7. 2. 8. 1 көркем мәтіндегі бейнелеу құралдарына және поэтикалық синтаксис пішіндеріне (аллитерация, ассонанс, аллегория, инверсия, анафора), комедияның негізгі түрлерін (сатира, юмор, гротеск, ирония, сарказм, әзіл-сықақ) талдау
		Бағалау және салыстыру	7. 3. 2. 1 образдар жасау тәсілдеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарын сипаттай отырып, көркем шығарманы басқа өнер түрлерінің

			туындылармен салыстыру
4-тоқсан			
Мораль, этика, құндылық	1. Ж. Баласағұн "Құтадғу білік" тақырыбы және мазмұны. Кейбір кеңестердің қорытындысы. 2. Х.А. Яссауи. Түркі тілді халықтардың фольклоры және шығармашылығы. 3. Ә. Тәжібаев "Жаңбыр", "Алыстан", "Сүйіктім". 4. Қ. Бекқожин "Жел", "Домбыра", "Тәжік досыма"	Түсіну және жауап беру	7. 1. 4. 1 күрделі жоспар құру; 7. 1. 5. 1 шығарманың немесе үзіндінің қаһармандары мен оқиғасы туралы өз пікірін білдіре отырып мазмұнын (қысқа, толық, ішінара) айтып беру;
		Талдау және интерпретация	7. 2. 1. 1 жанрды және оның (астарлы әңгіме, баллада, аңыз әңгіме, аңыз, комедия, лирикалық өлең, фэнтези, қиял-ғажайып әңгіме) белгілерін анықтау; 7. 2. 3. 1 эпиграф рөлін және оның мәнін түсіндіру шығарма мәтінінен композиция элементін бөлу; 7. 2. 4. 1 драмалық, прозалық және лирикалық шығармалардың басты және қосалқы кейіпкерлерінің мінездемелері үшін маңызды эпизодтарына талдау жасау; 7. 2. 5. 1 мәтіндегі цитаталар мен детальдарды қолданып шығарма кейіпкерлеріне мінездеме жасау; 7. 2. 7. 1 өз позициясына дәлел келтіріп, басты және қосалқы кейіпкерлерге автордың қатынасын анықтау; 7. 2. 9. 1 тілдің бейнелеу құралдарын пайдаланып, оқығанына өз пікірін білдіре отырып, шығармашылық жұмыстар (шығарма, мысал, пікір, әдеби кейіпкермен репортаж, сұхбат) жазу
		Бағалау және салыстыру	7. 3. 4. 1 ауызша және жазбаша пікірлерді (өзінің, сыныптастарының) тақырыптың толықтығы мен тереңдігі, дәйексөз

			орындылығы, композициялық бірлігі тұрғысынан бағалау

4) 8-сынып:

Тақырып	Оқылатын шығармалар	Дағдылар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Балалар мен ересектер	1. "Авесто", "Ассурик ағашы", "Ардашер Бобакон ерлігі", "Зариров ескерткіші". 2. А. Рудаки "Кәрілік туралы шағым" мадақ жыры, "Модари май". 3. А. Фирдауси "Шохнаме", "Рустам мен Сухраб", "Исфандияр мен Рустамның күресі" дастандары. 4. А. Сино "Ал-конун", "Китоб–уш-шифо", "Донишнома"	Түсіну және жауап беру	8. 1. 1. 1 терминдерді түсіну: романтизм және реализм сияқты әдеби бағыттар, тарихи бейне бойынша (кейіпкер), трагедия, комедия, поэма, символ, психологиялық параллелизм, афоризм, эпиграф, прототип, автобиографизм; 8. 1. 2. 1 көркем шығарманы түсіну, сыни ойлау, ашық және жасырын (сөздің астары) ақпараттарды ажырату; 8. 1. 3. 1 шығарманың тақырыбын айқындатын дәйексөзді өз бетімен тауып, үзіндіні мәнерлеп жатқа оқу; 8. 1. 4. 1 күрделі дәйекті жоспар құру; 8. 1. 5. 1 дәйексөздің түрлі тәсілдерін пайдалана отырып шығарманың немесе үзіндінің мазмұнын айтып беру; 8. 1. 6. 1 проблемалық сұраққа дәйексөзді пайдаланып дәлелді жауап беру
		Талдау және интерпретация	8. 2. 2. 1 мәселелер туралы өз пікірін айта отырып шығарманың тақырыбын және идеясын анықтау; 8. 2. 3. 1 қойылған эпизод мәнін түсіндіру, шығарма мәтінінен композиция элементін бөлу; 8. 2. 5. 1 шығарма кейіпкерлеріне, олардың әрекетіне, мінез-құлқына, аты мен тегінің мәніне мінездеме беру
			8. 3. 1. 1 өз көзқарасын қорғап, кейіпкерлердің

		Бағалау және салыстыру	мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін, автордың позициясын бағалай отырып, шығармаларды талқылауға қатысу
2-тоқсан			
Махаббат және ар-намыс	1. А. Туси "Лугати форс", "Гаршоспнома". 2. У. Кайковус "Кабуснаме", "Бала құқығы" және "Қонақ және қонақжайлылық" бөлімдері. 3. Н. Хусрав "Зод-ул-мусофирин", "Джамеъ-ул-хикматайн", "Сафарнома". 4. О. Хайям "Наврузнаме" тақырыбы және мазмұны	Түсіну және жауап беру	8. 1. 2. 1 көркем шығарманы түсіну, сыни ойлау, ашық және жасырын (сөздің астары) ақпараттарды ажырату; 8. 1. 3. 1 шығарманың тақырыбын айқындатын дәйексөзді өз бетімен тауып, үзіндіні мәнерлеп жатқа оқу
		Талдау және интерпретация	8. 2. 1. 1 жанрды және оның белгілерін (трагедия, комедия, поэма) анықтау; 8. 2. 2. 1 мәселелер туралы өз пікірін айта отырып шығарманың тақырыбын және идеясын анықтау; 8. 2. 3. 1 қойылған эпизод мәнін түсіндіру, шығарма мәтінінен композиция элементін бөлу; 8. 2. 6. 1 образдар жүйесін, хронотопты, шығарманың құрылымын талдау және өз елестетуін ақпаратты қысқартудың әртүрлі тәсілдері көмегімен (сызбалар, кестелер, интеллект-карталар, ментальды карталар, ПОПС-формулалар, диаграммалар) ұсыну; 8. 2. 7. 1 кейіпкерге автор қатынасын білдіру тәсілдерін анықтау; 8. 2. 8. 1 кейіпкерлерге авторлық сипаттама беру тәсілдеріне, бейнелеу құралдарына, поэтикалық синтаксис пішіндеріне (риторикалық пішін, антитез, перифраза инверсия, анафора, градация), әдеби тәсілдеріне (символ,

			психологиялық параллелизм, өмірбаян) талдау жасау; 8. 2. 9. 1 тілдің бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, кейіпкерлерге, оның іс-әрекеттеріне өз пікірін білдіре отырып, шығармашылық жұмыстар (әдеби кейіпкерге хат, сценарийлер) жазу
		Бағалау және салыстыру	8. 3. 2. 1 өнердің әр түріндегі образдар жасау тәсілдерінің ерекшелігін сипаттай отырып, көркем шығарманы басқа өнер түрлерінің туындылармен салыстыру
3-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	8. 1. 1. 1 терминдерді түсіну: романтизм және реализм сияқты әдеби бағыттар, тарихи бейне бойынша (кейіпкер), трагедия, комедия, поэма, символ, психологиялық параллелизм, афоризм, эпиграф, прототип, автобиографизм; 8. 1. 5. 1 дәйексөздің түрлі тәсілдерін пайдалана отырып шығарманың немесе үзіндінің мазмұнын айтып беру; 8. 1. 6. 1 проблемалық сұраққа дәйексөзді пайдаланып дәлелді жауап беру
			8. 2. 4. 1 шығарма эпизодтарына талдау жасау, олардың сюжеттің дамуындағы рөлін және проблемалармен; 8. 2. 5. 1 шығарма кейіпкерлеріне, олардың әрекетіне, мінез-құлқына, аты мен тегінің мәніне мінездеме беру; 8. 2. 6. 1 образдар жүйесін, хронотопты, шығарманың құрылымын

Сатира және әзіл-сықақ	1. С. Газнави "Илм чомаи пок" "Лукманның үйі", 2. Абумаолии Насрулло " Калила және Димна", " Қарға мен үкі" тарауы. 3. Фаромарз ибн Худодод " Қу Самак" кітабы, " Самак және оның бастан кешкендері" дастаны. 4. Анварии Абаверди " Жинақ", "Хуросанның көз жасы" мадақ өлеңі	Талдау және интерпретация	талдау және өз елестетуін ақпаратты қысқартудың әртүрлі тәсілдері көмегімен (сызбалар, кестелер, интеллект-карталар, ментальды карталар, ПОПС-формулалар, диаграммалар) ұсыну; 8. 2. 7. 1 кейіпкерге автор қатынасын білдіру тәсілдерін анықтау; 8. 2. 8. 1 кейіпкерлерге авторлық мінездеме беру тәсілдеріне, бейнелеу құралдарына, поэтикалық синтаксис пішіндеріне (риторикалық пішін, антитез, перифраза инверсия, анафора, градация), әдеби тәсілдеріне (символ, психологиялық параллелизм, өмірбаян) талдау жасау;
		Бағалау және салыстыру	8. 3. 2. 1 өнердің әр түріндегі образдар жасау тәсілдерінің ерекшелігін сипаттай отырып, көркем шығарманы басқа өнер түрлерінің туындылармен салыстыру; 8. 3. 3. 1 тақырыбы мен көтерген мәселелері, жанры ұқсас тәжік, орыс, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларын (немесе үзінділерін) ұлттық мәдениет ерекшелікте рін ескере отырып, салғастыру
4-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	8. 1. 3. 1 шығарманың тақырыбын айқындатын дәйексөзді өз бетімен тауып, үзіндіні мәнерлеп жатқа оқу; 8. 1. 4. 1 күрделі дәйекті жоспар құру
			8. 2. 1. 1 жанрды және оның белгілерін (трагедия, комедия, поэма

Армандар және шындық	1. Ф.А. Нишопури. "Азия ", "Әңгіме" және " Тазкират-ул-авлие" шығармасынан әңгімелер . 2. Х. Шервони "Жинақ", "Тухфат-ул-ирокайн" мысалы. 3. Әдебиет теориясы. "Сұрақтар мен жауаптар" өнері " Сұрақтар мен жауаптар" өнерінің идеясы және мазмұны. 4. Н. Ганжави " Хамса" дастаны, " Искардарнаме" дастанының мазмұны	Талдау және интерпретация	) анықтау; 8. 2. 4. 1 сюжет дамуының рөлі және олардың мәселелермен байланысын түсіндіру, шығарма эпизодына талдау жасау; 8. 2. 6. 1 бейне жүйесіне талдау жасау, хронотоп, шығарманың құрылымын және ақпаратты қысқартудың әр түрлі тәсілдер көмегімен (сызбалар, кестелер, интеллект-карталар, ментальды карталар, ПОПС-формулалар, диаграммалар) безендіру; 8. 2. 7. 1 кейіпкерге авторлық қатынаспен қараудың түрлерін анықтау; 8. 2. 8. 1 кейіпкерлерге авторлық сипаттама беру тәсілдеріне, бейнелеу құралдарына, поэтикалық синтаксис пішіндеріне (риторикалық пішіндер, антитездер, перифразалар инверсиялар, анафоралар, градациялар), әдеби тәсілдеріне (символдар, психологиялық параллелизм, өмірбаян) талдау жасау; 8. 2. 9. 1 тілдің бейнелеу құралдарынпайдалана отырып, кейіпкерлерге, оның іс-қылықтарына өз пікірін білдіре отырып, шығармашылық жұмыстарды жазу (әдеби кейіпкерге хат, сценарийлер)
		Бағалау және салыстыру	8. 3. 1. 1 өз көзқарастарын қорғап, кейіпкерлердің мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін, автордың позициясын бағалай отырып, шығармаларды талдауға қатысу; 8. 3. 4. 1 ауызша және жазбаша пікірлерді (өзінің,

			сыныптастарының) тақырыптың толықтығы мен тереңдігі, дәйексөз орындылығы, композициялық бірлігі мен фактологиялық дәлдік тұрғысынан бағалау

5) 9-сынып:

Тақырып	Оқылатын шығармалар	Дағдылар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Махаббат тауқыметі	1. С. Шерози "Бустан" мен "Гулистан" тілі және айтылуы. 2. Дж. Балхи " Мәдениет туралы мысал" , "Саудагер және тотықұс " әңгімесі. 3. А.Х. Дехлави "Хамса", " Дувалрони және Хизрхан " дастандары. 4. М.А. Бухорои "Лубоб-ул-албоб ", "Джоме-ул-хикоят". 5. Ибн Ямин "Ба ними чав нахаранд"	Түсіну және жауап беру	9. 1. 1. 1 терминдерді түсіну: жанр, сонет, роман, лирикалық шегініс, типтеу, психологизм, ішкі монолог, оксюморон, хронотоп, градация, парцелляция, афоризм; 9. 1. 2. 1 көркем шығармаларды түсіну, сыни ойлау, оқылған немесе тыңдалғанға өз көзқарасын білдіру; 9. 1. 3. 1 шығарманың проблемаларына байланысты дәйексөзді өз бетімен тауып, үзіндіні мәнерлеп жатқа оқу; 9. 1. 5. 1 сюжеттің дамуын шығармашыл түрде ойлап, әңгімелеудің түрлі тәсілдерін пайдаланып шығарманы мазмұндау; 9 . 1. 6. 1 дереккөздерге сілтеме жасай отырып, проблемалық сұраққа кең түрде дәлелді жауап беру
			9. 2. 2. 1 өз позициясына дәлел келтіріп және өзектілігі туралы өз пікірін айта отырып шығарманың тақырыбын және идеясын анықтау; 9. 2. 3. 1 лирикалық ауытқулардың мәнін түсіндіру, композиция түрлерін ажырату, шығарма мәтінінен композиция элементін бөлу; 9. 2. 5. 1 шығарма кейіпкерлеріне әлеуметтік және

		Талдау және интерпретация	тұлғааралық қарым-қатынас негізінде мінездеме беру; 9. 2. 8. 1 бейнелерді жасау құралдары мен тәсілдеріне, бейнелеу құралдары мен поэтикалық синтаксис пішіндеріне (эпитет, метафора, кейіптеу, риторикалық пішіндер, антитез, перифраза, аллитерация, ассонанс, аллегория, инверсия, анафора, градация, парцелляция) талдау жасау
		Бағалау және салыстыру	9. 3. 1. 1 әртүрлі пікірлерді ескеріп, шығармадағы өзекті мәселелерге баға беріп, өз ұстанымын түсіндіре отырып шығармаларды талқылауға қатысу
2-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	9. 1. 2. 1 көркем шығармаларды түсіну, сыни ойлау, оқылған немесе тыңдалғанға өз көзқарасын білдіру; 9. 1. 3. 1 шығарманың проблемаларына байланысты дәйексөзді өз бетімен тауып, үзіндіні мәнерлеп жатқа оқу
			9. 2. 1. 1 жанрды және оның (сонет, роман, хаттардағы роман) белгілерін анықтау; 9. 2. 2. 1 өз позициясына дәлел келтіріп және өзектілігі туралы өз пікірін айта отырып шығарманың тақырыбын және идеясын анықтау; 9. 2. 3. 1 лирикалық ауытқулардың мәнін түсіндіру, композиция түрлерін ажырату, шығарма мәтінінен композиция элементін бөлу; 9. 2. 6. 1 туындының көркемдік

Кішкентай адам тақырыбы	1. У. Закони "Тышқан мен мысық". "Он бөлім" тезисі. 2. Х. Шерози " Қайғырма" прозасы, " Ораторлар". 3. К. Худжанди "Жатжұрттық" , К. Худжандидің көркем прозасы. 4. А. Джоми " Хафт авранг", " Бахористон", " Ескендірдің даналығы"	Талдау және интерпретация	әлемін, шығарманың құрылымын талдау және өз елестетуін ақпаратты қысқартудың әртүрлі тәсілдері көмегімен (сызбалар, кестелер, интеллект-карталар, ментальды карталар, ПОПС-формулалар, диаграммалар) ұсыну; 9. 2. 7. 1 кейіпкерге және оқиғаны суреттеуге автор қатынасын білдіру тәсілдерін анықтау; 9. 2. 8. 1 бейнелерді жасау құралдары мен тәсілдеріне, бейнелеу құралдары мен поэтикалық синтаксис пішіндеріне (эпитет, метафора, кейіптеу, риторикалық пішін, антитез, перифраза, аллитерация, ассонанс, аллегория, инверсия, анафора, градация, парцелляция) талдау жасау; 9. 2. 9. 1 әдеби және еркін тақырыптарға шығарма және пікір (спектакльдерге және/ немесе шығармаларың экрандалуына) жазу
		Бағалау және салыстыру	9. 3. 2. 1 образдар жасау тәсілдеріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сипаттап, жеке авторлық тәсілдерді анықтап, көркем шығарманы басқа өнер түрлерінің туындылармен салыстыру
3-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	9. 1. 1. 1 терминдерді түсіну: жанр, сонет, роман, лирикалық шегініс, типтеу, психологизм, ішкі монолог, оксюморон, хронотоп, градация, парцелляция, афоризм; 9. 1. 5. 1 сюжеттің дамуын

			шығармашыл түрде ойлап, әңгімелеудің түрлі тәсілдерін пайдаланып шығарманың мазмұндау; 9. 1. 6. 1 дереккөздерге сілтеме жасай отырып, проблемалық сұраққа кең түрде дәлелді жауап беру
Қоғам сатирасы	1. А. Навои өлеңдерінің жинағы. "Тухфат-ул-афкор", "Жеткіншектер мүмкіндіктері". 2. Х.В. Кошифи "Мухсиннің мінез-құлқы", "Анврии Сухайли"	Талдау және интерпретация	9. 2. 4. 1 шығармадағы шиеленісті анықтауда маңызды эпизодтарға талдау жасау, басқа эпизодтармен байланысын түсіндіру; 9. 2. 5. 1 шығарма кейіпкерлеріне әлеуметтік және тұлғааралық қарым-қатынас негізінде мінездеме беру; 9. 2. 6. 1 туындының көркемдік әлемін, шығарманың құрылымын талдау және өз елестетуін ақпаратты қысқартудың әртүрлі тәсілдері көмегімен (сызбалар, кестелер, интеллект-карталар, ментальды карталар, ПОПС-формулалар, диаграммалар) ұсыну; 9. 2. 7. 1 кейіпкерге және оқиғаны суреттеуге автор қатынасын білдіру тәсілдерін анықтау; 9. 2. 8. 1 бейнелерді жасау құралдары мен тәсілдеріне, бейнелеу құралдары мен поэтикалық синтаксис пішіндеріне (эпитет, метафора, кейіптеу, риторикалық пішін, антитез, перифраза, аллитерация, ассонанс, аллегория, инверсия, анафора, градация, парцелляция) талдау жасау
			9. 3. 2. 1 образдар жасау тәсілдеріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сипаттап, жеке авторлық

		Бағалау және салыстыру	тәсілдерді анықтап, көркем шығарманы басқа өнер түрлерінің туындылармен салыстыру; 9. 3. 3. 1 тақырыбы мен көтерген мәселелері, жанры ұқсас тәжік, орыс, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларын (немесе үзінділерін) ұлттық мәдениет ерекшеліктерін ескеріп, авторлардың ұстанымын түсіндіре отырып, салғастыру
4-тоқсан			
Адам жанының құпиялары	1. К. Бинои "Бехруза мен Бахрам" дастаны, ақынның ғылыми-әдеби мұрасы. 2. Б. Хилоли " Патша мен қаңғыбас", " Лейлі мен Мәжнүн" дастаны. 3. З.М. Восифи "Бадое-ул-вакое", өнер	Түсіну және жауап беру	9. 1. 3. 1 шығарманың проблемаларына байланысты дәйексөзді өз бетімен тауып, үзіндіні мәнерлеп жатқа оқу; 9. 1. 4. 1 тезисті жоспар құру
		Талдау және интерпретация	9. 2. 1. 1 жанрды және оның (сонет, роман, хаттардағы роман) белгілерін анықтау; 9. 2. 4. 1 шығармадағы шиеленісті анықтауда маңызды эпизодтарға талдау жасау, басқа эпизодтармен байланысын түсіндіру; 9. 2. 6. 1 туындының көркемдік әлемін, шығарманың құрылымын талдау және өз елестетуін ақпаратты қысқартудың әртүрлі тәсілдері көмегімен (сызбалар, кестелер, интеллект-карталар, ментальды карталар, ПОПС-формулалар, диаграммалар) ұсыну; 9. 2. 7. 1 кейіпкерге және оқиғаны суреттеуге автор қатынасын білдіру тәсілдерін анықтау; 9. 2. 8. 1 бейнелерді жасау құралдары мен тәсілдеріне, бейнелеу құралдары мен поэтикалық синтаксис

	мен ғылымды тарату. Ғалым кеңестері. 4. З. Нахшаби "Тутинома", " Куллиет и джузиет", " Лаззат-ун-нисо"		пішіндеріне (эпитет, метафора, кейіптеу, риторикалық пішін, антитез, перифраза, аллитерация, ассонанс, аллегория, инверсия, анафора, градация, парцелляция) талдау жасау; 9. 2. 9. 1 әдеби және еркін тақырыптарға шығарма және пікір (спектакльдерге және/ немесе шығармаларың экрандалуына) жазу
		Бағалау және салыстыру	9. 3. 3. 1 тақырыбы мен көтерген мәселелері, жанры ұқсас тәжік, орыс, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларын (немесе үзінділерін) ұлттық мәдениет ерекшеліктерін ескеріп, авторлардың ұстанымын түсіндіре отырып, салғастыру; 9. 3. 4. 1 ауызша және жазбаша пікірлерді (өзінің, сыныптастарының) тақырыптың толықтығы мен тереңдігі, дәйексөз орындылығы, композициялық және стилдік бірлігі мен фактологиялық дәлдігі тұрғысынан бағалау

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
47-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнін оқыту мақсаты: негізгі орта білім беру деңгейіне арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" бағдарламасының мақсаты–оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

3. "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу бағдарламасының негізгі міндеттері:

1) шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру;

2) білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлға қалыптастыру;

3) туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу;

4) оқушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;

5) оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;

6) оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

4. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәні бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары "Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті" деңгейлерін (B1, B2) негізге ала отырып, айқындалған.

5. Бағдарлама әр деңгейдің соңындағы күтілетін нәтижелер түрінде берілген.

2-тарау. "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнінің мазмұны

6. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Оқыту ұйғыр/өзбек/тәжік тілдерінде жүргізілетін сыныптар үшін "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнінің оқу мазмұны 5 бөлімге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, олар сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұрады.

9. Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді .

10. Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:

1) тыңдалым;

2) айтылым;

3) оқылым;

4) жазылым;

5) тілдік бағдар.

11. "Тыңдалым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) болжау;

2) назарын шоғырландырып тыңдау;

3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;

4) көркем шығармаларды тыңдау;

5) негізгі ойды анықтау;

6) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

12. "Оқылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;

2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;

3) көркем шығармаларды оқу;

4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;

6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.

13. "Жазылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;

2) эссе жазу;

3) көркемдегіш құралдарды қолданып жазу;

4) мәліметтерді жинақтау;

5) орфография және пунктуация.

14. "Айтылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) сөздік қорының алуандығы;

2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;

3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;

4) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;

5) сенімді және еркін жауап беру;

6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.

15. "Тілдік бағдар" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) сөз таптары;

2) сөйлем.

16. 5-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

тірек сөздер арқылы болжау, негізгі мазмұнын түсіну, нақты ақпаратты анықтау, күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты сөздердің мағынасын түсіну, көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну, негізгі тақырыпты анықтау, сұрақтарға жауап беру ;

2) айтылым:

жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу, амандасу мәнері мен ұлттық этикет формалары, қазақ тіліндегі төл дыбыстары мен үндестік заңы, мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, берілген сұраққа лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу, иллюстрацияларды сипаттау;

3) оқылым:

негізгі ақпаратты анықтау, хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау, көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру;

4) жазылым:

ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарына сай хабарлама, хабарландыру, хат жазу, эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу, жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау, заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін орынды қолдану, болымды және болымсыз етістіктер, мекен және мезгіл үстеулер, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу;

сөйлем: хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру.

17. 6-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау , тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну, әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау, тыңдалым материалдары бойынша шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру;

туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық және прозалық шығармаларды білу;

2) айтылым:

тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу, тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу, сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту, шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау, диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру;

туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білу; Мәтіннің ақпараттылық сипаттамаларын талдау;

3) оқылым:

мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме, орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау, мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру;

туған өлкеге арналған бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқу;

4) жазылым:

мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу, эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастыру, жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау, үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

олардың шығармашылығы туралы деректер жинау және презентация дайындау. Өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгеру;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді қолдана білу, өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін орынды қолдану, етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, сын-қимыл (бейне) және мөлшер үстеулерді орынды қолдану, талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу;

сөйлем: жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру.

мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдау.

18. 7-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну, повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардың тақырыбы мен идеясын талдау, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау, өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру;

өңірде шығатын газет-журналдарды білу;

энциклопедия ұғымын түсіну, өлкетанудың бағыттарын анықтау;

2) айтылым:

мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдану, мәтін мазмұнын дамыту, кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту, шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау, коммуникативтік

жағдаяттың талаптарына сай "сөйлеуші →тыңдаушы" позицияларын еркін ауыстыру, кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдау;

өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысу;

3) оқылым:

кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, ресми-іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін талдау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау, мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді оқу;

Энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білу;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер), оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, топтау сан есімдерін, одағай түрлерін орынды қолдану, етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, мақсат және себеп-салдар үстеулерді орынды қолдану, септеулік шылаулардың қызметін білу;

сөйлем: жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

19. 8-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау , мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын

түсіну, орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау, тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау, деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

2) айтылым:

тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту, идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісін салыстыру және талдау, тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру, кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру;

3) оқылым:

перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау, публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру, мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, мәтінге өзгеріс енгізу, тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырып, баға беру;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну, жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу,тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары:болжалдық және бөлшектік сан есімдерді орынды қолдану, еліктеу сөздерді орынды қолдану, етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, күшейткіш үстеулерді орынды қолдану, демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану;

сөйлем: жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

20. 9-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым:

тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың

шынайылығы мен нақтылығын анықтау, әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру, мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру;

2) айтылым:

мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау, коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу, шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" бағалау,тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу, кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау;

3) оқылым:

мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау, ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау, мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру, мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;

4) жазылым:

	Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000;... және 0,1; 0,01; 0,001;... сандарына көбейту және бөлу	5. 1. 2. 29 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000, ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына көбейту ережелерін қолдану; 5. 1. 2. 31 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000, ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына бөлу ережелерін қолдану
	Ондық бөлшектерді дөңгелектеу	5. 1. 1. 15 санның жуық мәні ұғымын меңгеру; 5. 1. 2. 32 ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеу
	Мәтінді есептерді шығару. Бөлшектерден тұратын сандар тізбектері	5. 5. 1. 5 бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару; 5. 2. 3. 4 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау; 5. 2. 3. 5 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу
		5. 4. 1. 1 жиын, оның элементтері, бос жиын ұғымдарын меңгеру; 5. 5. 2. 8 жиындармен жұмыс істеуде ⊂ , ⊃ ,

Жиын	Жиын. Жиынның элементтері. Жиындарды кескіндеу	$\cap$, $\varnothing$, $\in$, $\notin$ имволдарын қолдану
	Жиындар арасындағы қатынастар. Ішкі жиын	5. 4. 1. 4 ішкі жиын ұғымын меңгеру; 5. 4. 1. 5 жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар)
	Жиындардың бірігуі мен қиылысуы	5. 4. 1. 2 жиындардың қиылысуы және бірігуі анықтамаларын білу; 5. 4. 1. 3 берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуін табу, нәтижесін $\cup$, $\cap$ символдарын қолданып жазу
	Мәтінді есептерді шығару	5. 5. 1. 7 Эйлер-Венн диаграммасын қолданып, есептер шығару
4-тоқсан		
Пайыздар	Пайыз	5. 1. 1. 16 пайыз ұғымын меңгеру; 5. 1. 2. 33 бөлшекті пайызға және пайызды бөлшекке айналдыру
	Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу	5. 1. 2. 34 берілген санның пайызын табу; 5. 1. 2. 35 бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және керісінше табу; 5. 1. 2. 36 берілген пайызы бойынша санды табу
	Мәтінді есептерді шығару	5. 5. 1. 6 пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару
Бұрыш. Көпбұрыш	Бұрыш	5. 3. 1. 4 бұрыш және оның градустық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру, 5. 3. 1. 5 бұрыштардың түрлерін ажырату (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық); 5. 3. 3. 1 бұрышты транспортир көмегімен өлшеу; 5. 3. 3. 2 градустық өлшемі берілген бұрышты транспортир көмегімен салу; 5. 3. 3. 3 бұрыштың градустық өлшемін табуға, бұрыштарды

		салыстыруға берілген есептерді шығару
	Көпбұрыш	5. 3. 1. 7 көпбұрыш ұғымын меңгеру
Диаграмма	Шеңбер. Дөңгелек. Дөңгелек сектор	5. 3. 1. 2 шеңбер, дөңгелек және олардың элементтері (центр, радиус, диаметр) ұғымдарын меңгеру; 5. 3. 1. 3 циркульдің көмегімен шеңберді салу; 5. 3. 1. 6 дөңгелек сектор ұғымын меңгеру
	Диаграмма	5. 4. 3. 1 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу; 5. 4. 3. 2 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу
	Статистикалық деректерді көрсету тәсілдері	5. 4. 3. 3 кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу
Кеңістік фигураларының жазбалары	Тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы	5. 3. 1. 8 тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы туралы түсінігі болу; 5. 5. 2. 9 жазық фигуралардың және кеңістіктегі геометриялық фигуралардың жазбаларын салу (текше және тік бұрышты параллелепипед)
	Фигураларды қиюға берілген есептер. Фигураларды құрастыруға берілген есептер	5. 3. 2. 1 фигураларды қию және құрастыру арқылы есептер шығару
5-сыныптағы математика курсын қайталау		

3) 6-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
5-сыныптағы математика курсын қайталау		
	Екі санның қатынасы. Екі санның пайыздық қатынасы	6. 1. 1. 1 екі санның қатынасы нені көрсететінін түсіну; 6. 1. 2. 1 сандардың қатынасы ұғымын меңгеру; 6. 1. 2. 2 берілген қатынасқа кері қатынасты табу; 6. 5. 2. 1 екі санның қатынасын оқу және жазу
		6. 1. 2. 3 пропорция анықтамасын білу; 6. 1. 2. 4 пропорцияларды ажырату және құрастыру;

Қатынастар және пропорциялар	Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті	6. 1. 2. 5 пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану; 6. 5. 2. 2 пропорцияны оқу және жазу
	Тура пропорционалдық тәуелділік. Кері пропорционалдық тәуелділік	6. 1. 1. 2 қандай шамалар тура пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару; 6. 1. 1. 3 қандай шамалар кері пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру,есептер шығару; 6. 5. 1. 1 шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару
	Мәтінді есептерді пропорцияның көмегімен шығару	6. 5. 1. 2 пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу; 6. 1. 2. 6 шамаларды берілген қатынаста бөлу; 6. 1. 2. 7 шамаларды берілген сандарға кері болатын пропорционал бөліктерге бөлу
	Масштаб	6. 1. 1. 5 масштаб ұғымын меңгеру ; 6. 5. 1. 3 картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты қолдану
	Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы. Шар. Сфера	6. 3. 3. 2 шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін білу; 6. 3. 3. 3 шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану; 6. 3. 3. 4 дөңгелек ауданының формуласын білу және қолдану; 6. 3. 1. 7 шар мен сфера туралы түсінігінің болуы
	Оң сандар. Теріс сандар. Координаталық түзу. Қарама-қарсы сандар	6. 1. 1. 4 координаталық түзудің анықтамасын білу және координаталық түзуді салу; 6. 1. 1. 7 қарама-қарсы сандар ұғымын меңгеру, оларды координаталық түзуде белгілеу
	Бүтін сандар. Рационал сандар	6. 1. 1. 6 бүтін сан ұғымын меңгеру; 6. 5. 2. 3 шамаларды сипаттау үшін бүтін сандарды қолдану; 6. 1. 1. 8 рационал сан ұғымын меңгеру; 6. 1. 2. 9 координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу;

Рационал сандар және оларға амалдар қолдану		6. 1. 2. 11 рационал сандардың ішкі жиындарын Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы кескіндеу
	Санның модулі	6. 1. 1. 9 санның модулі анықтамасын білу және оның мәнін табу; 6. 2. 1. 11 |a - b| өрнегінің геометриялық мағынасын түсіну; 6. 3. 3. 1 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу
	Рационал сандарды салыстыру	6. 1. 2. 8 бүтін сандарды салыстыру; 6. 1. 2. 12 рационал сандарды салыстыру
	Рационал сандарды координаталық түзудің көмегімен қосу	6. 1. 2. 10 бүтін сандарды координаталық түзу көмегімен қосу және азайтуды орындау
	Теріс рационал сандарды қосу. Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу	6. 1. 2. 13 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау
	Рационал сандарды азайту. Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығы	6. 1. 2. 14 рационал сандарды азайтуды орындау; 6. 1. 2. 24 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу
2-тоқсан		
Рационал сандарға амалдар қолдану	Рационал сандарды көбейту	6. 1. 2. 15 рационал сандарды көбейтуді орындау
	Рационал сандарды қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері	6. 1. 2. 17 рационал сандарды қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолдану
	Рационал сандарды бөлу	6. 1. 2. 16 рационал сандарды бөлуді орындау
	Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру. Шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру	6. 1. 2. 18 шектеулі ондық бөлшектер түрінде жазуға болатын жай бөлшектерді танып білу; 6. 1. 2. 19 рационал санды шектеусіз периодты ондық бөлшек түрінде көрсету; 6. 1. 2. 20 шектеусіз периодты ондық бөлшектің периодын табу; 6. 1. 2. 21 шектеусіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру
	Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану	6. 1. 2. 22 рационал сандармен арифметикалық амалдарды орындау
	Мәтінді есептерді шығару	6. 5. 1. 4 рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару

Алгебралық өрнектер	Айнымалы. Айнымалысы бар өрнек	6. 2. 1. 1 алгебралық өрнек ұғымын меңгеру; 6. 2. 1. 2 айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәндерін есептеу; 6. 2. 1. 3 алгебралық өрнектегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 6. 2. 1. 4 айнымалылардың қандай мәндерінде алгебралық өрнектің практикалық есептер мәнмәтіндіде мағынасы бар болатынын түсіну
	Жақшаларды ашу. Коэффициент. Ұқсас қосылғыштар. Ұқсас қосылғыштарды біріктіру	6. 2. 1. 5 жақшаны ашу ережелерін білу; 6. 2. 1. 6 коэффициент, ұқсас мүшелер ұғымдарының анықтамаларын білу; 6. 2. 1. 7 алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау
	Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Тепе-теңдік	6. 2. 1. 8 тепе-теңдік және тепе-тең түрлендіру анықтамаларын білу
	Алгебралық өрнектерді түрлендіру	6. 2. 1. 9 алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау
	Мәтінді есептерді шығару	6. 5. 2. 4 мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен формулалар құрастыру; 6. 2. 1. 10 теңдіктерден бір айнымалыны екінші айнымалы арқылы өрнектеу
3-тоқсан		
Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу	Санды теңдіктер және олардың қасиеттері	6. 2. 2. 1 тура санды теңдіктердің қасиеттерін білу және қолдану
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу	6. 2. 2. 2 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндес теңдеулердің анықтамаларын білу; 6. 2. 2. 3 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу	6. 2. 2. 4 $\|x \pm a\| = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандар
	Теңдеулер көмегімен мәтінді есептерді шығару	6. 5. 1. 6 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару
	Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері	6. 2. 2. 5 тура санды теңсіздіктердің қасиеттерін білу және қолдану;

		6. 2. 2. 6 теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді түсіну және қолдану
	Сан аралықтар. Сан аралықтардың бірігуі мен қиылысуы	6. 2. 2. 7 сан аралықтарын жазу үшін белгілеулерді пайдалану; 6. 2. 2. 8 сан аралықтарды кескіндеу; 6. 2. 2. 9 сан аралықтардың бірігуін және қиылысуын табу
Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу	6. 2. 2. 10 $kx > b$, $kx \geq b$, $kx < b$, $kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу 6. 2. 2. 11 алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді $kx > b$, $kx \geq b$, $kx < b$, $kx \leq b$, түріндегі теңсіздіктерге келтіру; 6. 2. 2. 12 теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу; 6. 2. 2. 13 теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу	6. 2. 2. 14 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу	6. 2. 2. 15 $\|x\| > a$,$\|x\| \geq a$, $\|x\| < a$,$\|x\| \leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу
	Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер және кесінділер	6. 3. 2. 1 параллель, қиылысатын, перпендикуляр түзулердің анықтамаларын білу; 6. 3. 2. 2 параллель, перпендикуляр түзулер мен кесінділерді ажырату
		6. 3. 1. 1 координаталық жазықтық ұғымын меңгеру; 6. 3. 1. 2 тік бұрышты координаталар жүйесін салу; 6. 3. 1. 3 (x; y) реттелген сандар жұбы тікбұрышты координаталар жүйесінде нүктені беретінін және әрбір нүктеге нүктенің координаталары деп аталатын бір ғана реттелген сандар жұбының сәйкес болатынын түсіну;

Координаталық жазықтық	Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі	6. 3. 1. 4 координаталар жүйесінде нүктені оның координаталары бойынша салу және координаталық жазықтықта берілген нүктенің координаталарын табу; 6. 3. 2. 3 кесінділердің, сәулелер немесе түзулердің бір-бірімен, координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табу
	Центрлік симметрия. Осьтік симметрия	6. 3. 1. 5 осьтік және центрлік симметрия ұғымдарын меңгеру; 6. 3. 1. 6 осьтік немесе центрлік симметриясы болатын фигуралар туралы түсінігі болуы; симметриялық және центрлік-симметриялы фигураларды ажырату; 6. 3. 2. 5 тік бұрышты координаталар жүйесінде координаталар басы және координаталық осьтерге қатысты симметриялы нүктелер мен фигураларды салу
Кеңістіктегі фигуралар	Фигуралардың кеңістікте орналасуы. Кеңістік фигураларын кескіндеу, "көрінбейтін" сызықтар. Вектор ұғымы	6. 3. 2. 4 кескіні бойынша фигураны ажырату, жазық және кеңістік фигураларын кескіндеу; 6. 3. 4. 1 вектор анықтамасын білу және оны кескіндеу
4-тоқсан		
Статистика. Комбинаторика	Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары: арифметикалық орта, мода, медиана, құлаш	6. 4. 3. 1 бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу; 6. 4. 3. 2 статистикалық санды сипаттамаларды есептеу
	Қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару. Іріктеу тәсілі арқылы комбинаторикалық есептер шығару	6. 5. 1. 5 қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару; 6. 4. 2. 1 іріктеу тәсілмен комбинаторикалық есептерді шығару
	Шамалар арасындағы тәуелділіктердің берілу тәсілдері:	6. 5. 2. 5 шамалар арасындағы тәуелділікке есептер шығару; 6. 5. 2. 6 шамалар арасындағы тәуелділіктердің берілу тәсілдерін білу; 6. 5. 2. 7 сипаттамасы бойынша тәуелділіктің формуласын жазу;

Шамалар арасындағы тәуелділіктер	аналитикалық (формула арқылы), кестелік, графиктік тәсіл	6. 5. 2. 8 формуламен немесе графикпен берілген тәуелділіктердің кестесін құру; 6. 5. 2. 9 формуламен және кестемен берілген тәуелділіктердің графиктерін салу
	Нақты процестердің графиктерін қолданып шамалар арасындағы тәуелділіктерді зерттеу	6. 5. 2. 10 шынайы процестердің графиктерін қолданып, шамалар арасындағы тәуелділіктерді табу және зерттеу
	Тура пропорционалдық және оның графигі	6. 1. 2. 23 тура пропорционал тәуелділіктерді танып білу және мысалдар келтіру; 6. 2. 1. 12 тура пропорционалдықтың формуласын білу және графигін салу; 6. 5. 2. 11 тура пропорционал шамалардың арасындағы шынайы тәуелділіктердің графиктеріне талдау беру; 6. 5. 2. 12 сипаттамасы бойынша тура пропорционалдықтың формуласын жазу; 6. 5. 2. 13 тура пропорционалдықтың графигін салу
Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер және олардың жүйелері	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу	6. 2. 2. 16 екі айнымалысы бар теңдеудің анықтамасын және қасиеттерін білу
	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері	6. 2. 2. 17 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі туралы түсінігінің болуы; 6. 2. 2. 18 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі реттелген сандар жұбы болатынын түсіну
	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін қосу тәсілімен және алмастыру тәсілімен шешу	6. 2. 2. 19 теңдеулер жүйелерін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу
	Мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шығару	6. 2. 1. 13 сандармен байланысты есептер шығаруда $\overline{ab}$ = 10a + b, $\overline{abc}$ = 100a + 10b + c жазуларын қолдану; 6. 5. 1. 7 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулер жүйелерін құру арқылы шешу
5-6-сыныптардағы математика курсын қайталау		

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
53-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Алгебра" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 53-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Оқу бағдарламасының мақсаты – "Алгебра" пәнінің мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту.

3. Міндеттері:

1) "Сандар", "Алгебра", "Статистика және ықтималдықтар теориясы", " Математикалық модельдеу және анализ" бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

2) әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;

3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

5) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

6) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

7) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

8) математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

9) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету ;

10) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

2-тарау. "Алгебра" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Алгебра" оқу пәнінің мазмұны

4. "Алгебра" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 7-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

2) 8-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

3) 9-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. 7-сыныпқа арналған "Алгебра" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

5-6 сыныптардағы математика курсын қайталау;

"Бүтін көрсеткішті дәреже". Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Санның стандарт түрі. Өте кіші және өте үлкен сандармен байланысты практикалық есептер шығару. Абсолюттік және салыстырмалы қателік. Құрамында дәрежесі бар сандар тізбектері;

"Көпмүшелер". Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. Көпмүшелер және оларға амалдар қолдану. Бірмүше мен көпмүшенің стандарт түрі. Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру;

"Функция. Функцияның графигі". Функция ұғымы. Функцияның графигі. Сызықтық функция және оның графигі. Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы . Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу. y=ax2, y =a және

$y=\frac{k}{x}\cdot (k\neq 0)$

түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері;

"Статистика элементтері". Бас жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдары. Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі. Жиілік алқабы;

"Қысқаша көбейту формулалары". Екі өрнектің квадраттарының айырымының формуласы. Екі өрнектің қосындысының квадраты және айырымының квадратының формулалары. Екі өрнектің қосындысының кубы және айырымының кубының формулалары. Екі өрнектің кубтарының қосындысы және кубтарының айырымының формулалары. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Теңдеу және теңсіздік құру арқылы берілген мәтінді есептерді шығару;

"Алгебралық бөлшектер". Алгебралық бөлшектер және оның негізгі қасиеті. Алгебралық бөлшектерді қосу, азайту, көбейту, бөлу және дәрежеге шығару. Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру;

7-сыныптағы алгебра курсын қайталау.

6. 8-сыныпқа арналған "Алгебра" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

7-сыныптағы алгебра курсын қайталау;

"Квадрат түбір және иррационал өрнектер". Иррационал сандар. Нақты сандар. Квадрат түбір. Квадрат түбірдің жуық мәні. Арифметикалық квадрат түбір. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттері. Көбейткішті түбір таңбасының алдына шығару. Көбейткішті түбір таңбасының ішіне енгізу. Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босату. Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру. Нақты сандарды салыстыру.

$y=\sqrt{x}$

функциясы, оның қасиеттері және графигі;

"Квадрат теңдеулер". Квадрат теңдеу. Толымсыз квадрат теңдеулер. Келтірілген квадрат теңдеу. Екімүшенің толық квадратын айыру. Квадрат теңдеу түбірлерінің формулалары. Дискриминант. Виет теоремасы. Виет теоремасына кері теорема.

Квадрат үшмүше. Квадрат үшмүшенің түбірі. Квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу. Квадрат теңдеуге келтірілетін теңдеулер. Биквадрат теңдеу. Жаңа айнымалы енгізу әдісі. Бүтін рационал теңдеу. Бөлшек-рационал теңдеу. Рационал теңдеу. $|ax^2 + bx| + c = 0; \cdots\cdots ax^2 + b|x| + c = 0$ түріндегі теңдеулер. Квадрат теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару. Бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару;

"Квадраттық функция". Квадраттық функция. y=a(x-m)2, y=ax2+n және y=a(x-m)2+n (a≠0) түріндегі функциялар, олардың қасиеттері және графиктері. y=ax2+bx+c (a≠0) түріндегі квадраттық функция, оның қасиеттері және графигі;

"Статистика элементтері". Жиілік. Жиіліктер кестесі. Интервалдық кесте. Гистограмма. Жинақталған жиілік. Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу;

"Теңсіздіктер". Квадрат теңсіздік. Квадрат теңсіздіктерді квадраттық функцияның графигі арқылы шығару. Рационал теңсіздік. Интервалдар әдісі. Бір айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесі. Квадрат теңсіздіктер жүйесі;

8-сыныптағы алгебра курсын қайталау.

7. 9-сыныпқа арналған "Алгебра" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

8-сыныптағы алгебра курсын қайталау;

"Екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері". Екі айнымалысы бар сызықты емес теңдеулер. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі көмегімен мәтінді есептер шығару. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер жүйесі;

"Комбинаторика элементтері". Комбинатористиканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері). Санның факториалы. Қайталанбайтын "орналастыру", " алмастыру" және "теру" ұғымдары. Комбинатористиканың негізгі формулалары. Комбинаторика формулаларын қолдану арқылы есептер шығару. Ньютон биномы және қасиеттері;

"Тізбектер". Сандар тізбегі, оның берілу тәсілдері және қасиеттері. Арифметикалық прогрессия. Арифметикалық прогрессияның n-ші мүшесінің формуласы. Арифметикалық прогрессияның алғашқы n мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Геометриялық прогрессия. Геометриялық прогрессияның n-ші мүшесінің формуласы. Геометриялық прогрессияның алғашқы n мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия мүшелерінің қосындысы. Математикалық индукция әдісі;

"Тригонометрия". Бұрыш пен доғаның градустық және радиандық өлшемдері. Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің мәндері. Тригонометриялық функциялар және олардың қасиеттері. Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер. Келтіру формулалары.

Екі бұрыштың қосындысы мен айырымының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің формулалары. Тригонометриялық функциялардың қосбұрышы және жартыбұрышының формулалары. Тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге түрлендіру формулалары. Тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосынды немесе айырымға түрлендіру формулалары. Тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіру;

"Ықтималдықтар теориясының элементтері". Оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға. Элементар оқиға. Қолайлы нәтижелер. Тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар. Ықтималдықтың классикалық анықтамасы. Статистикалық ықтималдық. Геометриялық ықтималдық;

7-9 сыныптардағы алгебра курсын қайталау.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімше ішінде тізбектеліп жазылған оқыту мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік жасайды.

9. Оқу пәнінің мазмұны төрт бөлімді қамтиды: "Сандар", "Алгебра", "Статистика және ықтималдықтар теориясы", "Математикалық модельдеу және анализ".

10. "Сандар" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) сандар және шамалар туралы түсініктер;

2) сандарға амалдар қолдану.

11. "Алгебра" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру;

2) теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары;

3) тізбектер және олардың қосындысы;

тригонометрия.

12. "Статистика және ықтималдықтар теориясы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жиындар теориясы және логика элементтері;

2) комбинаторика негіздері;

3) ықтималдықтар теориясының негіздері;

4) статистика және деректерді талдау.

13. "Математикалық модельдеу және анализ" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) математикалық анализ бастамалары;

2) математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару;

3) математикалық тіл және математикалық модель.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

14. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" сынып, "2.1" екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" оқыту мақсатының реттік саны.

15. Білім алушыларға қойылатын мақсаттар:

1-бөлім. Сандар			
1. Сандар және шамалар туралы түсініктер	7.1.1.	8.1.1.	9.1.1.
	7.1.1.1 сандарды стандарт түрде жазу	8.1.1.1 иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру; 8.1.1.2 санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және ұғымдарын ажырату	9.1.1.1 бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру; 9.1.1.2 бірлік шеңбердің бойында $0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi$ сандарын белгілеу
	7.1.2.	8.1.2.	9.1.2.
	7.1.2.1 натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.2 санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау; 7.1.2.3 нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.4 бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету;		

2. Сандарға амалдар қолдану	7.1.2.5 алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану; 7.1.2.6 көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 7.1.2.7 стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдану; 7.1.2.8 стандарт түрде жазылған санның мәнді бөлігін және ретін табу; 7.1.2.9 стандарт түрде жазылған сандарды салыстыру; 7.1.2.10 шамаларды бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке айналдыру және оны стандарт түрде жазу; 7.1.2.11 шамалардың жуық мәндерін табу және оларды стандарт түрде жазу; 7.1.2.12 жуық шамалардың абсолюттік және салыстырмалы қателіктерін есептеу; 7.1.2.13 калькулятордың көмегімен жуықтап есептеулерді орындау; 7.1.2.14 тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 7.1.2.15 натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану	8.1.2.1 арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін қолдану; 8.1.2.2 квадрат түбірдің мәнін бағалау; 8.1.2.3 көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу; 8.1.2.4 бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылту; 8.1.2.5 құрамында түбір таңбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау; 8.1.2.6 нақты сандарды салыстыру	9.1.2.1 градусты радианға

			және радианды градусқа айналдыру
2-бөлім. Алгебра			
	7.2.1.	8.2.1.	9.2.1.
1. Алгебралық өрнектер және түрлендірулер	7.2.1.1 санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану; 7.2.1.2 бірмүше анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табу; 7.2.1.3 бірмүшені стандарт түрде жазу; 7.2.1.4 бірмүшелерді көбейтуді орындау және бірмүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету; 7.2.1.5 көпмүше анықтамасын білу және оның дәрежесін табу; 7.2.1.6 көпмүшені стандарт түрге келтіру; 7.2.1.7 көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау; 7.2.1.8 көпмүшені бірмүшеге көбейтуді орындау; 7.2.1.9 көпмүшені көпмүшеге көбейтуді орындау; 7.2.1.10 $a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$, $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану; 7.2.1.11 $a^3 - b^3 = (a - b)(a^2 \mp ab + b^2)$, $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану; 7.2.1.12 алгебралық өрнектерді ортақ	8.2.1.1 квадрат үшмүшенің түбірі ұғымын меңгеру; 8.2.1.2 үшмүшеден екімүшенің толық квадратын бөлу;	

	көбейткішті жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу; 7.2.1.13 көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау; 7.2.1.14 алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу; 7.2.1.15 қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау ; 7.2.1.16 алгебралық бөлшектерді танып білу; 7.2.1.17 алгебралық бөлшектегі айнымалылардың мүмкін мәндер жиынын табу; 7.2.1.18 алгебралық бөлшектің негізгі қасиетін қолдану: $\frac{ac}{bc} = \frac{a}{b}, b \neq 0, c \neq 0$; 7.2.1.19 алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 7.2.1.20 алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау; 7.2.1.21 құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындау	8.2.1.3 квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу	
	7.2.2.	8.2.2.	9.2.2.
		8.2.2.1 квадрат теңдеудің анықтамасын білу; 8.2.2.2 квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату; 8.2.2.3 квадрат теңдеулерді шешу; 8.2.2.4 Виет теоремасын қолдану;	

2. Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары		8.2.2.5 $\|ax^2+bx\|+c=0$; $ax^2+b\|x\|+c=0$ түріндегі теңдеулерді шешу; 8.2.2.6 бөлшек-рационал теңдеулерді шешу; 8.2.2.7 квадрат теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді шешу; 8.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу; 8.2.2.9 рационал теңсіздіктерді шешу; 8.2.2.10 біреуі сызықтық, екіншісі квадрат теңсіздік болатын екі теңсіздіктен құралған жүйелерді шешу; 8.2.2.11 құрамында екі квадрат теңсіздігі бар жүйелер мен жиынтықтарды шешу	9.2.2.1 екі айнымалысы бар сызықтық және сызықтық емес теңдеулерді ажырату; 9.2.2.2 екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу; 9.2.2.3 екі айнымалысы бар теңсіздіктерді шешу; 9.2.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесін шешу
3. Тізбектер және қосындылау	7.2.3.	8.2.3.	9.2.3.
	7.2.3.1 құрамында дәрежесі бар сандар тізбегінің заңдылығын және жетіспейтін мүшелерін анықтау		9.2.3.1 сандар тізбегі туралы түсінік болу; 9.2.3.2 тізбектің n-ші мүшесін табу, мысалы: $\frac{1}{2\cdot3};\frac{1}{3\cdot4};\frac{1}{4\cdot5};\frac{1}{5\cdot6};\ldots;$ 9.2.3.3 математикалық индукция әдісін білу және қолдану; 9.2.3.4 сандар тізбектерінің арасынан арифметикалық және геометриялық прогрессияны ажырату; 9.2.3.5 арифметикалық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану; 9.2.3.6 геометриялық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу

			формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану; 9.2.3.7 арифметикалық немесе/және геометриялық прогрессияларға байланысты есептер шығару; 9.2.3.8 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру үшін қолдану; 9.2.3.9 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын есептер шығаруда қолдану
4. Тригонометрия	7.2.4.	8.2.4.	9.2.4.
			9.2.4.1 тригонометриялық функциялардың анықтамаларын білу; 9.2.4.2 бірлік шеңбердегі нүктелердің координаталары $(cos \propto, \sin \propto)$ мен тригонометриялық функциялардың өзара байланысын білу; 9.2.4.3 бұрыштардың қосындысы мен айырымының, жарты және қос бұрыштың тригонометриялық формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.2.4.4 келтіру формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.2.4.5 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын табу; 9.2.4.6 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың жұптылығын (

			тақтылығын), периодтылығын, бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын түсіндіру; 9.2.4.7 тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге және көбейтіндісін қосындыға немесе айырымға түрлендіру формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.2.4.8 тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау
3-бөлім. Статистика және ықтималдықтар теориясы			
1. Комбинаторика негіздері	7.3.1.	8.3.1.	9.3.1.
			9.3.1.1 комбинаториканың ережелерін білу (қосу және көбейту ережелері); 9.3.1.2 санның факториалы анықтамасын білу; 9.3.1.3 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру анықтамаларын білу; 9.3.1.4 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын білу; 9.3.1.5 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын қолдана отырып есептер шығару; 9.3.1.6 Ньютон биномы формуласын және оның қасиеттерін білу және қолдану
	7.3.2.	8.3.2.	9.3.2.
			9.3.2.1 оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға,

2. Ықтималдықтар теориясының негіздері			қолайлы нәтижелер, тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар ұғымдарын меңгеру; 9.3.2.2 элементар және элементар емес оқиғаларды ажырату; 9.3.2.3 ықтималдықтың классикалық анықтамасын білу және есептер шығару үшін оны қолдану; 9.3.2.4 ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу; 9.3.2.5 геометриялық ықтималдықты есептер шығаруда қолдану
3. Статистика және деректерді талдау	7.3.3.	8.3.3.	9.3.3.
	7.3.3.1 басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын меңгеру; 7.3.3.2 нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу; 7.3.3.3 статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету; 7.3.3.4 таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету; 7.3.3.5 кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру; 7.3.3.6 таңдама нәтижесін жиілік алқабы түрінде көрсету; 7.3.3.7 кесте немесе жиіліктер алқабы түрінде берілген статистикалық ақпаратты талдау	8.3.3.1 таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі арқылы беру; 8.3.3.2 жиіліктердің интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы арқылы беру; 8.3.3.3 жинақталған жиілік анықтамасын білу; 8.3.3.4 статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген ақпаратты талдау; 8.3.3.5 дисперсия, стандартты ауытқу анықтамаларын және оларды есептеу формулаларын білу	
4-бөлім. Математикалық модельдеу мен талдауы			
	7.4.1.	8.4.1.	9.4.1.
	7.4.1.1 функция және функцияның графигі ұғымдарын меңгеру; 7.4.1.2 функцияның берілу тәсілдерін білу;	8.4.1.1 $y = \sqrt{\square}$	

1. Математикалық анализ бастамалары	7.4.1.3 функцияның анықталу облысы мен мәндер жиынын табу; 7.4.1.4 $y = kx$ функциясының анықтамасын білу, графигін салу, k коэффициентіне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.5 $y = kx + b$ түріндегі сызықтық функцияның анықтамасын білу, оның графигін салу және графиктің k және b коэффициенттеріне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.6 сызықтық функция графигінің координата осьтерімен қиылысу нүктелерін графикті салмай табу; 7.4.1.7 y = kx + b сызықтық функциясының графигінен k және b таңбаларын анықтау; 7.4.1.8 сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу; 7.4.1.9 графигі берілген функцияның графигіне параллель немесе қиятын сызықтық функцияның формуласын табу; 7.4.1.10 $y = ax^2\ (a \neq 0)$ функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу; 7.4.1.11 $y = ax^3\ (a \neq 0)$ функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу; 7.4.1.12	функциясының қасиеттерін білу және оның графигін салу; 8.4.1.2 – $y = a(x - m)^2$, $y = ax^2 + n$ және $y = a(x - m)^2 + n, a \neq 0$, түрдегі квадраттық функциялардың қасиеттерін білу және графиктерін салу; 8.4.1.3 - $y = ax^2 + bx + c, a \neq 0$, түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін білу және графигін салу; 8.4.1.4 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін табу және функцияның мәні		

	$y = \frac{k}{x}\ (k \neq 0)$ функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу	бойынша аргументтің мәнін табу	
2. Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару	7.4.2.	8.4.2.	9.4.2.
	7.4.2.1 өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға байланысты есептер шығару; 7.4.2.2 мәтінді есептерді теңдеулер және теңсіздіктер құру арқылы шығару; 7.4.2.3 шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгеретінін бағалау; 7.4.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу	8.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.2 мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.3 қолданбалы есептерді шығару үшін квадраттық функцияны қолдану	9.4.2.1 мәтінді есептерді теңдеулер жүйелері арқылы шығару; 9.4.2.2 геометриялық және арифметикалық прогрессияларға байланысты мәтінді есептерді шығару
3. Математикалық тіл және математикалық модель	7.4.3.	8.4.3.	9.4.3.
	7.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру	8.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру	9.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру

16. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

17. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Алгебра" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Алгебра" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 7-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
5-6-сыныптардағы математика курсын қайталау		
	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері	7.1.2.1 - натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.2 - санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау; 7.1.2.15 - натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану;

		7.4.2.3 - шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгеретінін бағалау;
	Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері	7.1.2.3 - нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.4 - бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету; 7.1.2.6 - көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 7.2.1.1 - санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану;
Бүтін көрсеткішті дәреже	Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру	7.1.2.5 - алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану; 7.2.3.1 құрамында дәрежесі бар сандар тізбегінің заңдылығын және жетіспейтін мүшелерін анықтау;
	Санның стандарт түрі	7.1.1.1 - сандарды стандарт түрде жазу; 7.1.2.7 - стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдану; 7.1.2.8 - стандарт түрде жазылған санның мәнді бөлігін және ретін табу; 7.1.2.9 - стандарт түрде жазылған сандарды салыстыру; 7.1.2.10 - шамаларды бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке айналдыру және оны стандарт түрде жазу; 7.1.2.11 - шамалардың жуық мәндерін табу және оларды стандарт түрде жазу; 7.1.2.12 - жуық шамалардың абсолюттік және салыстырмалы қателіктерін есептеу; 7.1.2.13 - калькулятордың көмегімен жуықтап есептеулерді орындау;
	Мәтінді есептерді шығару	7.4.2.1 - өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға байланысты есептер шығару;

Көпмүшелер	Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. Бірмүшенің дәрежесі және стандарт түрі	7.2.1.2 - бірмүше анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табу; 7.2.1.3 - бірмүшені стандарт түрде жазу; 7.2.1.4 - бірмүшелерді көбейтуді орындау және бірмүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету;
	Көпмүшелер. Көпмүшенің дәрежесі және стандарт түрі	7.2.1.5 - көпмүше анықтамасын білу және оның дәрежесін табу; 7.2.1.6 - көпмүшені стандарт түрге келтіру -
	Көпмүшелерге амалдар қолдану	7.2.1.7 - көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау; 7.2.1.8 - көпмүшені бірмүшеге көбейтуді орындау; 7.2.1.9 - көпмүшені көпмүшеге көбейтуді орындау;
	Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу	7.2.1.12 - алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу;
	Өрнектерді тепе-тең түрлендіру	7.2.1.13 - көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау;
2-тоқсан		
	Функция және функцияның графигі	7.4.1.1 - функция және функцияның графигі ұғымдарын меңгеру; 7.4.1.2 - функцияның берілу тәсілдерін білу; 7.4.1.3 - функцияның анықталу облысы мен мәндер жиынын табу;
	Сызықтық функция және оның графигі	7.4.1.4 - $y = kx$ функциясының анықтамасын білу, графигін салу, k коэффициентіне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.5 - $y = kx + b$ түріндегі сызықтық функцияның анықтамасын білу, оның графигін салу және графиктің k және b коэффициенттеріне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.6 - сызықтық функция графигінің координата осьтерімен

Функция. Функцияның графигі		қиылысу нүктелерін графикті салмай табу; 7.4.1.7 - y = kx + b сызықтық функциясының графигінен k және b таңбаларын анықтау;
	Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы	7.4.1.8 - сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу 7.4.1.9 - графигі берілген функцияның графигіне параллель немесе қиятын сызықтық функцияның формуласын табу;
	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу	7.4.2.4 - екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу;
	$y=ax2$, $y=ax3$ және $y=\frac{k}{x}$ ($k\neq0$) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері	7.4.1.10 - $y=ax^2\ (a\neq0)$ функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу; 7.4.1.11 - $y=ax^3\ (a\neq0)$ функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу; 7.4.1.12 - $y=\frac{k}{x}\ (k\neq0)$ функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;
Статистика элементтері	Вариациялық қатар	7.3.3.1 - басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын меңгеру;
	Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі	7.3.3.2 - нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу; 7.3.3.3 - статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету; 7.3.3.4 - таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету 7.3.3.5 - кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру;
	Жиілік алқабы	7.3.3.6 - таңдама нәтижесін жиілік алқабы түрінде көрсету; 7.3.3.7 - кесте немесе жиіліктер алқабы түрінде берілген статистикалық ақпаратты талдау;
3-тоқсан		
		7.2.1.10 -

Қысқаша көбейту формулалары	Қысқаша көбейту формулалары	$a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$, $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану; 7.2.1.11 - $a^3 - b^3 = (a - b)(a^2 \mp ab + b^2)$, $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;
	Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру	7.1.2.14 - тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 7.2.1.14 - алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу; 7.2.1.15 - қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау ;
	Мәтінді есептерді шығару	7.4.3.1 - есеп шарты бойынша математикалық модель құру; 7.4.2.2 - мәтінді есептерді теңдеулер және теңсіздіктер құру арқылы шығару;
4-тоқсан		
Алгебралық бөлшектер	Алгебралық бөлшек және оның негізгі қасиеті	7.2.1.16 - алгебралық бөлшектерді танып білу; 7.2.1.17 - алгебралық бөлшектегі айнымалылардың мүмкін мәндер жиынын табу; 7.2.1.18 - алгебралық бөлшектің негізгі қасиетін қолдану: $\frac{ac}{bc} = \frac{a}{b}, b \neq 0, c \neq 0$;
	Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану	7.2.1.19 - алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 7.2.1.20 - алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау;
	Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру	7.2.1.21 - құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындау;
7-сыныптағы алгебра курсын қайталау		

8-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7-сыныптағы алгебра курсын қайталау		

Квадрат түбір және иррационал өрнек	Нақты сандар	8.1.1.1 - иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру;
	Квадрат түбір	8.1.1.2 - санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және ұғымдарын ажырату; 8.1.2.1 - арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін қолдану; 8.1.2.2 - квадрат түбірдің мәнін бағалау;
	Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру	8.1.2.3 - көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу ; 8.1.2.4 - бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылту; 8.1.2.5 - құрамында түбір таңбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау; 8.1.2.6 - нақты сандарды салыстыру;
	$y = \sqrt{x}$ функциясы, оның графигі және қасиеттері	8.4.1.1 - $y = \sqrt{\square}$ функциясының қасиеттерін білу және оның графигін салу; 8.4.1.4 - аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін табу және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу;
2-тоқсан		
Квадрат теңдеулер	Квадрат теңдеу	8.2.2.1 - квадрат теңдеудің анықтамасын білу; 8.2.2.2 - квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату;
	Квадрат теңдеулерді шешу	8.2.2.3 - квадрат теңдеулерді шешу ; 8.2.2.4 - Виет теоремасын қолдану ;
	Квадрат үшмүше	8.2.1.1 - квадрат үшмүшенің түбірі ұғымын меңгеру; 8.2.1.2 - үшмүшеден екімүшенің толық квадратын бөлу; 8.2.1.3 - квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу;
	Теңдеулерді шешу	8.2.2.5 – $\lvert ax^2 + bx\rvert + c = 0;\ ax^2 + b\lvert x\rvert + c = 0$ түріндегі теңдеулерді шешу;

		8.2.2.6 - бөлшек-рационал теңдеулерді шешу; 8.2.2.7 - квадрат теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді шешу;
3-тоқсан		
Квадрат теңдеулер	Мәтінді есептерді шығару	8.4.2.1 - мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.2 - мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу;
Квадраттық функция	Квадраттық функция және оның графигі	8.4.1.2 - $y = a(x-m)^2,\ y = ax^2 + n$ және $y = a(x-m)^2 + n, a \neq 0,$ түрдегі квадраттық функциялардың қасиеттерін білу және графиктерін салу; 8.4.1.3 - $y = ax^2 + bx + c, a \neq 0,$ түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін білу және графигін салу; 8.4.1.4 - аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін табу және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу;
	Мәтінді есептерді шығару	8.4.2.3 - қолданбалы есептерді шығару үшін квадраттық функцияны қолдану; 8.4.3.1 - есеп шарты бойынша математикалық модель құру;
Статистика элементтері	Жиілік алқабы, жиілік гистограммасы	8.3.3.1 - таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі арқылы беру; 8.3.3.2 - жиіліктердің интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы арқылы беру;
	Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу	8.3.3.3 - жинақталған жиілік анықтамасын білу; 8.3.3.4 - статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген ақпаратты талдау; 8.3.3.5 - дисперсия, стандартты ауытқу анықтамаларын және оларды есептеу формулаларын білу;
4-тоқсан		
	Квадрат теңсіздік	8.2.2.8 - квадрат теңсіздіктерді шешу;

Теңсіздіктер	Рационал теңсіздік	8.2.2.9 - рационал теңсіздіктерді шешу;
	Теңсіздіктер жүйелерін шешу	8.2.2.10 - біреуі сызықтық, екіншісі - квадрат теңсіздік болатын екі теңсіздіктен құралған жүйелерді шешу; 8.2.2.11 - құрамында екі квадрат теңсіздігі бар жүйелер мен жиынтықтарды шешу;
8-сыныптағы алгебра курсын қайталау		

9-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
8-сыныптағы алгебра курсын қайталау		
Екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер, және олардың жүйелері	Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер және олардың жүйелері	9.2.2.1 - екі айнымалысы бар сызықтық және сызықтық емес теңдеулерді ажырату; 9.2.2.2 - екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу; 9.4.2.1 - мәтінді есептерді теңдеулер жүйелері арқылы шығару; 9.4.3.1 - есеп шарты бойынша математикалық модель құру;
	Екі айнымалысы бар теңсіздіктер	9.2.2.3 - екі айнымалысы бар теңсіздіктерді шешу;
	Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйелері	9.2.2.4 - екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесін шешу;
Комбинаторика элементтері	Комбинатористиканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері)	9.3.1.1 - комбинатористиканың ережелерін білу (қосу және көбейту ережелері); 9.3.1.2 - санның факториалы анықтамасын білу; 9.3.1.3 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру анықтамаларын білу; 9.3.1.4 - қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын білу;
	Комбинаторика формулаларын қолданып есептер шешу	9.3.1.5 - қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын қолдана отырып есептер шығару;

	Ньютон биномы және оның қасиеттері	9.3.1.6 - Ньютон биномы формуласын және оның қасиеттерін білу және қолдану;
2-тоқсан		
3) бұқаралық ақпараттық құралдары хабарламаларындағы, интернет желісі ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі жаратылыстану бағытындағы ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін анықтау және ақпараттың растығын бағалау;

4) зерттеу қорытындыларын түрлі формада ұсыну;

5) жаратылыстану ғылымы бағытындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру.

6. "Жаратылыстану" пәні негізгі мектептегі "Биология", "География", "Химия", " Физика" пәндерін зерделеу, негізін қалауға бағытталған кіріктірілген курс болып табылады.

7. Бағдарламаның мақсаты оқушыларды жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсінік қалыптастыру және білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

8. Пән бағдарламасы келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан қалыптасқан бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыру; жаратылыстанудың техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеяларымен, жетістіктерімен таныстыру;

2) білімдерін қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін қолдану және бұқаралық ақпараттық құралдары, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктеріне ие болу;

3) зияткерлік, шығармашылық қабілеттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;

4) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану.

2-тарау. "Жаратылыстану" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. " Жаратылыстану" оқу пәнінің мазмұны

9. "Жаратылыстану" пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны оқу бөлімдерінен тұрады. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түріндегі оқу мақсаттарынан құралған бөлімшелерден тұрады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оларға оқудың келесі кезеңдерінен хабардар болуға мүмкіндік береді.

13. Оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімді қамтиды:

1) ғылым әлемі;

2) ғалам. Жер. Адам;

3) заттар және материалдар;

4) тірі және өлі табиғаттағы үдерістер;

5) энергия және қозғалыс;

6) экология және тұрақты даму;

7) әлемді өзгертетін жаңалықтар.

14. "Ғылым әлемі" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) ғылымның рөлі;

2) зерттеу мәселесі;

3) зерттеуді жоспарлау;

4) деректерді жинау және жазу;
5) деректерді талдау;
6) қорытынды және талқылау.
15. "Ғалам. Жер. Адам" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) макро- және микроәлем;
2) жер туралы жалпы мағлұматтар;
3) жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері;
4) жердегі тіршілік;
5) жер бетін бейнелеу тәсілдері;
6) материктер мен мұхиттар;
7) халық географиясы.
16. "Заттар және материалдар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) заттардың құрылысы мен қасиеттері;
2) заттардың жіктелуі;
3) заттардың пайда болуы және заттарды алу.
17. "Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) өлі табиғаттағы үдерістер;
2) тірі табиғаттағы үдерістер.
18. "Энергия және қозғалыс" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) энергия түрлері мен көздері;
2) қозғалыс.
19. "Экология және тұрақты даму" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) экожүйелер;
2) тірі ағзалардың саналуандылығы;
3) табиғатты қорғау.
20. "Әлемді өзгертетін ашылулар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) әлемді өзгерткен жаңалықтар;
2) болашақ жаңалықтары.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

21. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлылығы үшін кодтау енгізілді . Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік санын білдіреді.

Білім алушылар білуі тиіс:			
Бөлімдер	Бөлімшелер	5-сынып	6-сынып
	1.1. Ғылымның рөлі	5.1.1.1 ғылымның қызметтерін адам іс-әрекетінің түрі ретінде анықтау	6.1.1.1 жаратылыстану ғылымдарының зерттеу нысандарын атау

1. Ғылым әлемі	1.2. Зерттеу сұрағы	5.1.2.1 зерттеу сұрағы мен болжамды тұжырымдау	6.1.2.1 тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын айнымалыларды анықтау
	1.3. Зерттеуді жоспарлау	5.1.3.1 зерттеу жоспарын құрастыру; 5.1.3.2 зерттеу жүргізу кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелерін тұжырымдау	6.1.3.1 жоспар бойынша зерттеу жұмысын жүргізу ; 6.1.3.2 қауіпсіз жұмыс жүргізудің жағдайларын анықтау
	1.4. Деректерді жинау және жазу	5.1.4.1 нысандар параметрлерін өлшем бірліктермен анықтау; 5.1.4.2 бақылаулар мен өлшеу деректерін тіркеу	6.1.4.1 Халықаралық бірліктер жүйесінің өлшем бірліктерін пайдалану
	1.5. Деректерді талдау	5.1.5.1 қайталанған өлшеулер кезіндегі арифметикалық орташа шаманы есептеу және тенденцияларын анықтау	6.1.5.1 алынған деректерді графикалық түрде көрсету
	1.6. Қорытынды және талқылау	5.1.6.1 зерттеу сұрағы бойынша қорытынды тұжырымдау	6.1.6.1 алынған қорытындыларды түрлі формада көрсету
	2.1. Макро-және микроәлем	5.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарын ажырата білу және мысалдар келтіру	6.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарының параметрлерін атау
	2.2. Жер туралы жалпы мағлұматтар	5.2.2.1 жер ғаламшарының пайда болуын түсіндіру; 5.2.2.2 жердің құрылысы мен құрамын атау	6.2.2.1 жер бетіндегі бақыланатын үдерістер мен құбылыстарды түсіндіру; 6.2.2.2 жердің қасиеттерін түсіндіру
	2.3. Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері	5.2.3.1 жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктерін сипаттау	6.2.3.1 жердің сыртқы қабықтарының өзара байланысын түсіндіру
	2.4. Жердегі тіршілік	5.2.4.1 жерде тіршіліктің пайда болуын сипаттау; 5.2.4.2 тіршілік ету үшін қажетті жағдайларын анықтау	6.2.4.1 жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы ғылыми болжамдарды салыстыру; 6.2.4.2 адамның жердегі тіршілік етуінің қазіргі жағдайларын бағалау
		5.2.5.1 "план" және " шартты белгілер" ұғымдарын түсіндіру; 5.2.5.2 шартты белгілерді қолданып, жергілікті жердің планын оқу;	6.2.5.1 географиялық карталар мен шартты белгілерді жіктеу; 6.2.5.2 шартты белгілерді пайдаланып, географиялық карталарды оқу;

2. Ғалам. Жер. Адам	2.5 Жер бетін бейнелеу тәсілдері	5.2.5.3 бір тәсіл бойынша жергілікті жердің түсірілімін жасау; 5.2.5.4 рәсімдеу талаптарына сай жергілікті жердің қарапайым жоспарларын сызу	6.2.5.3 масштабты пайдаланып, арақашықтықты есептеу; 6.2.5.4 географиялық координаттарды анықтау; 6.2.5.5 сағаттық белдеулер картасын пайдаланып, уақытты анықтау
	2.6 Материктер мен мұхиттар	5.2.6.1 материктер мен дүние бөліктерін игеру және зерттеу тарихын сипаттау; 5.2.6.2 мұхиттарды зерттеу тарихын сипаттау	6.2.6.1 жоспар бойынша материктер мен олардың физикалық-географиялық аймақтарының табиғат ерекшеліктерін анықтау; 6.2.6.2 жоспар бойынша мұхиттар табиғатының ерекшеліктерін анықтау
	2.7 Халық географиясы	5.2.7.1 дүниежүзі халқының нәсілдік құрамын және негізгі нәсілдер мен нәсіларалық топтардың таралу аймақтарын анықтау; 5.2.7.2 нәсілдік белгілердің қалыптасу факторларын анықтау; 5.2.7.3 нәсілдер теңдігін дәлелдеу	6.2.7.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын анықтау; 6.2.7.2 халық тығыздығының көрсеткіштеріне баға беру; 6.2.7.3 дүниежүзіндегі халық тығыздығының жоғары және төмен аймақтарын анықтап, себептерін түсіндіру
	3.1. Заттардың құрылысы мен қасиеттері	5.3.1.1 бөлшектердің сұйық және газ тектес заттарда таралуын түсіндіру; 5.3.1.2 заттардың қатты, сұйық және газ күйіндегі құрылымын бөлшектер теориясына сәйкес түсіндіру; 5.3.1.3 заттардың қасиеттерін: тығыздығын, аққыштығын, жылу және электрөткізгіштігін, созылмалығын, иілімділігін сипаттау; 5.3.1.4 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату	6.3.1.1 атомдар мен молекулаларды, жай және күрделі заттарды ажырату; 6.3.1.2 атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау; 6.3.1.3 заттардың қасиеттерін (балқу және қайнау температураларын) сипаттау
		5.3.2.1 қоспалардан таза заттарды ажырату; 5.3.2.2 қоспалардың түрлерін сипаттау және бөлу әдістерін ұсыну;	6.3.2.1 заттарды органикалық және бейорганикалық заттарға жіктеу;

3. Заттар және материалдар	3.2. Заттардың жіктелуі	5.3.2.3 құрамы белгілі ерітінді дайындау; 5.3.2.4 еріген заттың массалық үлесін анықтау; 5.3.2.5 заттарды ерігіштігі бойынша, металдар және бейметалдарға жіктеу	6.3.2.2 тірі және өлі табиғаттағы қышқылдық, сілтілік және бейтарап орталарды ажырату және әмбебап индикатор көмегімен ортаны анықтау; 6.3.2.3 бейтараптану үдерісін түсіндіру
	3.3. Заттардың түзілуі және алынуы	5.3.3.1 табиғатта түзілген және жасанды жолмен алынған заттарға мысалдар келтіру; 5.3.3.2 зертханалық жағдайда заттарды бөліп ала алу	6.3.3.1 табиғи және жасанды материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; 6.3.3.2 тұрмыстық химия өнімдерін қолдану саласын және оларды қауіпсіз қолдану ережелерін түсіндіру; 6.3.3.3 Қазақстандағы пайдалы қазбалардың кен орындарын және қолдану салаларын анықтау; 6.3.3.4 Қазақстандағы пайдалы қазбаларды өндеудің ірі орталықтарын атау және көрсету; 6.3.3.5 пайдалы қазбалардың өндірілуі мен өңделінуінің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
4. Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	4.1. Өлі табиғаттағы үдерістер	5.4.1.1 өлі табиғатта болатын үдерістерді атау (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер); 5.4.1.2 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарын түсіндіру	6.4.1.1 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді модельдеу (тау түзілу, үгілу, заттардың табиғаттағы айналымы); 6.4.1.2 табиғаттағы заттардың химиялық айналымын түсіндіру
		5.4.2.1 тірі ағзалардың ортақ қасиеттерін сипаттау; 5.4.2.2 тірі ағзалардың құрылымдық деңгейлерін сипаттау;	6.4.2.1 жасуша компоненттерін анықтау 6.4.2.2 тірі ағзаларға тән үдерістерді түсіндіру; 6.4.2.3 ағзалардың қоректену типтерін ажырату; 6.4.2.4 толыққанды тамақтану рационын құру ;

	4.2. Тірі табиғаттағы үдерістер	5.4.2.3 микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолдану; 5.4.2.4 уақытша микропрепарат дайындау ; 5.4.2.5 фотосинтез үдерісін түсіндіру; 5.4.2.6 өсімдіктерде пигменттердің болуын зерттеу; 5.4.2.7 фотосинтездің жүруі үшін қажетті жағдайларды зерттеу	6.4.2.5 азық-түлік өнімдердегі органикалық заттардың болуын тестілеу; 6.4.2.6 ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу; 6.4.2.7 тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты зерттеу; 6.4.2.8 ағзадағы бөлініп шығатын өнімдерді атау; 6.4.2.9 тірі ағзалардағы тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын зерттеу
5. Энергия және қозғалыс	5.1. Энергия түрлері мен көздері	5.5.1.1 энергия түрлерін ажырату; 5.5.1.2 температура мен жылу энергиясын ажырату; 5.5.1.3 термометрді пайдалана отырып температураны өлшеу; 5.5.1.4 ғимараттарда жылу оқшаулағыш тарын пайдаланудың практикалық әдістерін түсіндіру; 5.5.1.5 жылулық ұлғаюды сипаттау; 5.5.1.6 энергияның өзара айналымына мысалдар келтіру	6.5.1.1 энергия көздерін атау; 6.5.1.2 энергияны шығарумен және оның жұтылуымен байланысты үдерістерді атау және мысалдар келтіру; 6.5.1.3 электр энергиясының бірлігін атау; 6.5.1.4 электр энергиясының құнын есептеу; 6.5.1.5 энергияны алудың балама көздерін ұсыну
	5.2. Қозғалыс	5.5.2.1 тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығына мысалдар келтіру және түсіндіру; 5.5.2.2 әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу; 5.5.2.3 денелер қозғалысының себебін анықтау	6.5.2.1 қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру және түсіндіру; 6.5.2.2 қатты денелер, сұйықтар мен газдардың қысымдарын айыра білу; 6.5.2.3 адам қаңқасының құрылысын сипаттау; 6.5.2.4 бұлшық еттің құрылысын сипаттау; 6.5.2.5 тірі ағзалар үшін қысымның мәніне мысалдар келтіру;

			6.5.2.6 атмосфералық қысымды өлшеу және оның мәнін түсіндіру
6. Экология және тұрақты даму	6.1 Экожүйелер	5.6.1.1 экожүйенің құрамдас бөліктерін анықтау; 5.6.1.2 экожүйе түрлерін жіктеу; 5.6.1.3 экожүйеге экологиялық факторлардың ықпал етуін түсіндіру; 5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру	6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын графикалық түрде көрсету және түсіндіру; 6.6.1.2 экожүйелердің ауысу себептерін түсіндіру; 6.6.1.3 экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын түсіндіру;
	6.2. Тірі ағзалардың сан алуандығы	5.6.2.1 ағзаларды тірі табиғат дүниесіне жіктеу; 5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды сипаттау	6.6.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау үшін ағзалардың өзіндік ерекшеліктерін қолдану; 6.6.2.2 жергілікті экожүйелердегі тірі ағзалардың алуан түрлілігін зерттеу
	6.3. Табиғатты қорғау	5.6.3.1 ҚР экологиялық мәселелерін атау; 5.6.3.2 өз аймағының экологиялық мәселелерін зерттеу; 5.6.3.3 Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының маңыздылығын анықтау	6.6.3.1 өз аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талдау; 6.6.3.2 экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну
7. Әлемді өзгертетін жаңалықтар	7.1. Әлемді өзгертетін жаңалықтар	5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру	6.7.1.1 әлемді өзгерткен жаңалықтардың маңызын талқылау; 6.7.1.2 қазақстандық ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарын дамытуда қосқан үлестерін талқылау
	7.2 Болашақ жаңалықтары	5.7.1.2 болашақ ғылыми зерттеулер үшін идеялар ұсыну	6.7.1.3 ғылыми зерттеулер бағыттарының болашақтағы дамуына болжам жасау

22. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

23. Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар:
1-тоқсан		
5.1 Ғылым әлемі	Ғылымның рөлі	5.1.1.1 ғылымның қызметтерін адам іс-әрекетінің түрі ретінде анықтау
	Зерттеу сұрағы	5.1.2.1 зерттеу сұрағы мен болжамды тұжырымдау
	Зерттеуді жоспарлау	5.1.3.1 зерттеу жоспарын құрастыру; 5.1.3.2 зерттеу жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін тұжырымдау
	Деректерді жинау және жазу	5.1.4.1 нысандар параметрлерін өлшем бірліктермен анықтау; 5.1.4.2 бақылаулар мен өлшеу деректерін тіркеу
	Деректерді талдау	5.1.5.1 қайталанған өлшеулер кезіндегі арифметикалық орташа шаманы есептейді және тенденцияларын анықтау
	Қорытынды және талқылау	5.1.6.1 зерттеу сұрағы бойынша қорытынды тұжырымдау
5.2 Адам. Жер. Ғалам	Макро- және микроәлем	5.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарын ажырата білу және мысалдар келтіру
	Жер туралы жалпы мағлұматтар	5.2.2.1 Жер ғаламшарының пайда болуын түсіндіру 5.2.2.2 Жердің құрылысы мен құрамын атау
	Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері	5.2.3.1 Жер қабықтарын және олардың құрамдас бөліктерін сипаттау
	Жердегі тіршілік	5.2.4.1 Жерде тіршіліктің пайда болуын сипаттау; 5.2.4.2 тіршілік етуге қажетті жағдайларды анықтау
	Жер бетін бейнелеу тәсілдері	5.2.5.1 "жоспар" және "шартты белгілер" ұғымдарын түсіндіру; 5.2.5.2 шартты белгілерді қолданып, жергілікті жердің планын оқу; 5.2.5.3 бір тәсіл бойынша жергілікті жердің түсірілімін жасау (көз мөлшермен түсіру,

		полярлық түсіру, бағдарлық түсіру); 5.2.5.4 тіркеу талаптарына сай жергілікті жердің қарапайым пландарын сызу
	Материктер мен мұхиттар	5.2.6.1 материктер мен дүние бөліктерін игеру және зерттеу тарихын сипаттау; 5.2.6.2 мұхиттарды зерттеу тарихын сипаттау
	Халық географиясы	5.2.7.1 дүниежүзі халқының нәсілдік құрамын, негізгі нәсілдер мен нәсіларалық топтардың таралу аймақтарын анықтау; 5.2.7.2 нәсілдік белгілердің қалыптасу факторларын анықтау; 5.2.7.3 нәсілдер теңдігін дәлелдеу
2-тоқсан		
5.3 Заттар және материалдар	Заттардың құрылысы мен қасиеттері	5.3.1.1 бөлшектердің сұйық және газтектес заттарда таралуын түсіндіру; 5.3.1.2 заттардың қатты, сұйық және газ күйіндегі құрылымын бөлшектер теориясына сәйкес түсіндіру; 5.3.1.3 заттардың қасиеттерін: тығыздығын, аққыштығын, жылу және электрөткізгіштігін, созылғыштығын, иілімділігін сипаттау; 5.3.1.4 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату
	Заттардың жіктелуі	5.3.2.1 қоспалар мен таза заттарды ажырату; 5.3.2.2 қоспалардың түрлерін сипаттайды және бөлу әдістерін ұсыну; 5.3.2.3 құрамы белгілі ерітіндіні дайындау; 5.3.2.4 еріген заттың массалық үлесін есептеу; 5.3.2.5 заттарды ерігіштігі бойынша, металдар және бейметалдарға жіктеу
	Заттардың түзілуі және алынуы	5.3.3.1 кейбір табиғатта түзілген және жасанды жолмен алынған заттарға мысалдар келтіру; 5.3.3.2 зертханалық жағдайда заттарды бөліп ала алу
3-тоқсан		

5.4 Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	Өлі табиғаттағы үдерістер	5.4.1.1 өлі табиғатта болатын үдерістерді атау (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер); 5.4.1.2 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын түсіндіру
	Тірі табиғаттағы үдерістер	5.4.2.1 тірі ағзалардың ортақ қасиеттерін сипаттау; 5.4.2.2 тірі ағзалардың құрылымдық деңгейлерін сипаттау; 5.4.2.3 микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолдану; 5.4.2.4 уақытша микропрепарат дайындау; 5.4.2.5 фотосинтез үдерісін түсіндіру; 5.4.2.6 өсімдіктерде пигменттердің болуын зерттеу; 5.4.2.7 фотосинтездің жүруі үшін қажетті жағдайларын зерттеу
5.5 Энергия және қозғалыс	Энергия түрлері мен көздері	5.5.1.1 энергия түрлерін ажырату; 5.5.1.2 температура мен жылу энергиясын ажырату; 5.5.1.3 термометрді пайдалана отырып температураны өлшеу; 5.5.1.4 ғимараттарда жылу оқшаулағыштарын пайдаланудың практикалық әдістерін түсіндіру; 5.5.1.5 жылулық ұлғаюды сипаттау; 5.5.1.6 энергияның өзара айналымына мысалдар келтіру
	Қозғалыс	5.5.2.1 тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығына мысалдар келтіреді және түсіндіру ; 5.5.2.2 әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу; 5.5.2.3 денелер қозғалысының себебін анықтау
4-тоқсан		
	Экожүйелер	5.6.1.1 экожүйенің құрамдас бөліктерін анықтау; 5.6.1.2 экожүйе түрлерін жіктеу; 5.6.1.3 экологиялық факторлардың экожүйе қызметіне ықпал етуін түсіндіру;

		5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру
5.6 Экология және тұрақты даму	Тірі ағзалардың сан алуандығы	5.6.2.1 ағзаларды тірі табиғат дүниелеріне жіктеу; 5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды сипаттау
	Табиғатты қорғау	5.6.3.1 Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелерін атау; 5.6.3.2 өз аймағының экологиялық мәселелерін зерттеу; 5.6.3.3 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының маңыздылығын анықтау
5.7 Әлемді өзгертетін жаңалықтар	Әлемді өзгертетін жаңалықтар	5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру
	Болашақ жаңалықтары	5.7.1.2 болашақ ғылыми зерттеулер үшін зерттеу идеяларын ұсыну

2) 6-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар:
1-тоқсан		
6.1 Ғылым әлемі	Ғылым рөлі	6.1.1.1 жаратылыстану ғылымдарының зерттеу нысандарын тізіп атау
	Зерттеу сұрағы	6.1.2.1 тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын айнымалыларды анықтау
	Зерттеуді жоспарлау	6.1.3.1 жоспар бойынша зерттеу жұмысын жүргізу; 6.1.3.2 қауіпсіз жұмыс жүргізудің жағдайларын анықтау
	Деректерді жинау және тіркеу	6.1.4.1 Халықаралық бірліктер жүйесінің өлшем бірліктерін пайдалану
	Мәліметтерді талдау	6.1.5.1 алынған деректерді графикалық түрде көрсету
	Қорытынды және талқылау	6.1.6.1 алынған қорытындыларды түрлі формада көрсету
	Макро- және микроәлем	6.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарының параметрлерін атау
	Жер туралы жалпы мағлұматтар	6.2.2.1 Жер бетіндегі бақыланатын үдерістер мен құбылыстарды түсіндіру; 6.2.2.2 Жердің қасиеттерін түсіндіру

6.1 Адам. Жер. Ғалам	Жер өрістері және олардың құрамдас бөліктері	6.2.3.1 Жер қабықтарының өзара байланыс тәсілдерін түсіндіру
	Жердегі тіршілік	6.2.4.1 Жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы ғылыми болжамдарды салыстыру; 6.2.4.2 адамның Жерде тіршілік етуінің қазіргі жағдайларын бағалау
	Жер бетін бейнелеу тәсілдері	6.2.5.1 географиялық карталар мен шартты белгілерді жіктеу; 6.2.5.2 шартты белгілерді пайдаланып, географиялық карталарды оқу; 6.2.5.3 масштабты пайдаланып, арақашықтықты есептеу; 6.2.5.4 географиялық координаттарды анықтау; 6.2.5.5 сағаттық белдеулер картасын пайдаланып, уақытты анықтау
	Материктер мен мұхиттар	6.2.6.1 жоспар бойынша материктер мен олардың физикалық-географиялық аймақтарының табиғат ерекшеліктерін анықтау; 6.2.6.2 жоспар бойынша мұхиттар табиғатының ерекшеліктерін анықтау
	Халық географиясы	6.2.7.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын анықтау; 6.2.7.2 халық тығыздығының көрсеткіштеріне баға беру; 6.2.7.3 дүниежүзіндегі халық тығыздығының жоғары және төмен аймақтарын анықтап, себептерін түсіндіру
2-тоқсан		
	Заттардың құрылысы мен қасиеттері	6.3.1.1 атом мен молекулаларды, қарапайым және күрделі заттарды айыра білу; 6.3.1.2 атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау; 6.3.1.3 заттардың қасиеттерін (балқу және қайнау температураларын) сипаттау
		6.3.2.1 заттарды органикалық және бейорганикалық заттар күйінде жіктеу; 6.3.2.2 тірі және өлі табиғатта қышқыл, сілтілі және бейтарап

6.2 Заттар және материалдар	Заттардың жіктелуі	ортаны айыра біледі және әмбебап индикатор көмегімен ортаны анықтау; 6.3.2.3 бейтараптандыру үдерісін түсіндіру
	Заттардың пайда болуы мен оларға қол жеткізу	6.3.3.1 жасанды материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; 6.3.3.2 тұрмыстық химия өнімдерін қолдану саласын және оларды қауіпсіз қолдану ережелерін түсіндіру; 6.3.3.3 Қазақстандағы пайдалы қазбалардың орындарын және қолдану салаларын анықтау; 6.3.3.4 Қазақстандағы пайдалы қазбаларды өндеудің ірі орталықтарын атау және көрсету; 6.3.3.5 пайдалы қазбалардың өндірілуі мен өңделінуінің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
3-тоқсан		
6.3 Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	Өлі табиғаттағы үдерістер	6.4.1.1 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді модельдеу (таудың жасалу, мүжілу үдерістері, табиғатта заттардың айналымы); 6.4.1.2 табиғаттағы заттардың химиялық айналымын түсіндіру
	Тірі табиғаттағы үдерістер	6.4.2.1 жасуша компоненттерін анықтау 6.4.2.2 тірі ағзаларға тән үдерістерді түсіндіру; 6.4.2.3 ағзалардың қоректену типтерін ажырату; 6.4.2.4 толыққанды тамақтану рационын құру; 6.4.2.5 азық-түлік өнімдеріндегі органикалық заттардың болуын тестілеу; 6.4.2.6 ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу; 6.4.2.7 тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты зерттеу; 6.4.2.8 ағзадан бөлініп шығатын өнімдерді атау; 6.4.2.9 тірі ағзалардың тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын зерттеу
		6.5.1.1 энергия көздерін атау;

6.3 Энергия және қозғалыс	Энергия түрлері мен көздері	6.5.1.2 энергияны шығарумен және оның жұтылуымен байланысты үдерістерді атау және мысалдар келтіру; 6.5.1.3 электр энергиясының бірлігін атау; 6.5.1.4 электр энергиясының құнын есептеу; 6.5.1.5 энергияны алудың баламалы көздерін ұсыну;
	Қозғалыс	6.5.2.1 қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру және түсіндіру; 6.5.2.2 қатты денелер, сұйықтар мен газдардың қысымдарын айыра білу; 6.5.2.3 адам қаңқасының құрылысын сипаттау; 6.5.2.4 бұлшық еттің құрылысын сипаттау; 6.5.2.5 тірі ағзалар үшін қысымның мәніне мысалдар келтіру; 6.5.2.6 тиісті құралдарды қолдана отырып, атмосфералық және артериялық қысымды өлшеу және қорытынды жасау
4-тоқсан		
6.4 Экология және тұрақты даму	Экожүйелер	6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын график түрінде көрсету және түсіндіру; 6.6.1.2 экожүйе ауысымдарының себептерін түсіндіру; 6.6.1.3 экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын түсіндіру
	Тірі ағзалардың сан алуандығы	6.6.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау үшін ағзалардың өзіндік ерекшеліктерін қолдану; 6.6.2.2 жергілікті экожүйелердегі тірі ағзалардың алуан түрлілігін зерттеу
	Табиғатты қорғау	6.6.3.1 өзінің аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талдау; 6.6.3.2 экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну

6.4 Әлемді өзгертетін жаңалықтар	Әлемді өзгерткен жаңалықтар	6.7.1.1 әлемді өзгерткен жаңалықтардың маңызын талқылау; 6.7.1.2 жаратылыстану ғылымдарын дамытуда қазақстандық ғалымдардың үлесін талқылау
	Болашақ жаңалықтары	6.7.1.3 ғылыми зерттеулердің бағыттарының болашақтағы дамуына болжам жасау

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
57-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Физика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 57-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. 7-9-сыныптардағы физика курсын оқытудың мақсаты – оқушылардың ғылыми көзқарасының негізін қалыптастыру. Әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауды, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және таңдау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру.

3. Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

оқушылардың әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдылықтар мен принциптер туралы білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеру;

оқушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлективтік мәдениетін дамытуға, физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуде меңгерген дағдыларды қолдану болып табылады.

2-тарау. "Физика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Физика" оқу пәнінің мазмұны

4. "Физика" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Оқу пәнінің мазмұны 8 бөлімді қамтиды:

физикалық шамалар мен өлшеулер;

механика;

жылу физикасы;

электр және магнетизм;

геометриялық оптика;

кванттық физика элементтері;

астрономия негіздері;

әлемнің қазіргі физикалық бейнесі.

6. "Физикалық шамалар мен өлшеулер" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

физика – табиғат туралы ғылым;

физикалық шамалар;

физикалық өлшеулер.

7. "Механика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

кинематика негіздері;

динамика негіздері;

сақталу заңдары;

статика;

тербелістер мен толқындар.

8. "Жылу физикасы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

молекулалы-кинетикалық теория негіздері;

термодинамика негіздері.

9. "Электр және магнетизм" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

электростатика негіздері;

электр тогы;

магнит өрісі;

электромагниттік толқындар және тербеліс.

10. "Геометриялық оптика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

геометриялық оптика заңдары.

11. "Кванттық физика элементтері" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

атом мен атом ядросының құрылысы;

радиоактивтілік;

элементар бөлшектер.

12. "Астрономия негіздері" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

жер және ғарыш;

астрофизика элементтері.

13. "Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі" бөлімі "Физиканың дүниетанымдық мәні" бөлімшесінен тұрады.

14. 7-сыныпқа арналған "Физика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

"Физика – табиғат туралы ғылым". Физика – табиғат туралы ғылым, табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері;

"Физикалық шамалар мен өлшеулер". Халықаралық бірліктер жүйесі (SI); скаляр және векторлық физикалық шамалар, өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі, үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу;

№ 1-зертханалық жұмыс: кішкентай денелердің өлшемін анықтау;

№ 2-зертханалық жұмыс: физикалық шамаларды өлшеу;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; аспап шкаласындағы бөліктің құнын анықтау:

"Механикалық қозғалыс". Механикалық қозғалыс және оның сипаттамалары, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, түзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар, жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу, әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, координатаның уақытқа тәуелділік графигін зерттеу;

"Тығыздық". Масса және денелердің массасын өлшеу, дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу, заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі, тығыздықты есептеу;

№ 3-зертханалық жұмыс: сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, электрондық және иіндік таразыларды қолданып, әр түрлі денелердің массасын анықтау;

"Денелердің өзара әрекеттесуі". Инерция құбылысы, күш, тартылыс құбылысы және ауырлық күші, салмақ, деформация, серпімділік күші, Гук заңы, үйкеліс күші, үйкеліс әрекетін техникада ескеру, бір түзу бойымен денеге әсер еткен күштерді қосу;

№ 4-зертханалық жұмыс: серпімді деформацияларды зерделеу;

№ 5-зертханалық жұмыс: сырғанау үйкеліс күшін зерттеу;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, динамометр көмегімен өлшеу, ауырлық күшін зерттеу, түрлі денелердің созылуын зерттеу;

"Қатты денелер, сұйықтар және газдардағы қысым". Газдардың, сұйықтардың және қатты денелердің молекулалық құрылымы, қатты денелердегі қысым, сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы, қатынас ыдыстар, гидравликалық машиналар, атмосфералық қысым, атмосфералық қысымды өлшеу, манометрлер, сорғылар, кері итеруші күш;

№ 6-зертханалық жұмыс: Архимед заңын зерделеу;

№ 7-зертханалық жұмыс: дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, кез-келген пішінді қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтардың беттерінің орналасуын зерттеу , атмосфералық қысымның бар екендігін зерттеу;

"Жұмыс және қуат". Механикалық жұмыс, қуат;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, жұмыстың мәнін график бойынша анықтау, ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру, транспорт түрлерінің қуатын бағалау;

"Энергия". Кинетикалық энергия, потенциалдық энергия, энергияның сақталуы және басқа түрге айналуы;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, үстел теннисіне арналған шариктің тебілу биіктігін анықтау;

"Жай механизмдер". Жай механизмдер, дененің массалық центрі, иіндіктің тепе-теңдік шарты, пайдалы әрекет коэффициенті;

№ 8-зертханалық жұмыс: Жазық фигураның массалар центрін анықтау;

№ 9-зертханалық жұмыс: иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау;

№ 10-зертханалық жұмыс: көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу;

"Жер және Ғарыш". Аспан денелері туралы ғылым, күн жүйесі, күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл).

15. 8-сыныпқа арналған "Физика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

"Жылулық құбылыстар". Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия, температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары, ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері, жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару, табиғаттағы

және техникадағы жылу берілу, жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі ролі, жылу мөлшері, заттың меншікті жылу сыйымдылығы, отынның энергиясы, отынның меншікті жану жылуы, жылу үдерістеріндегі энергияның сақталу және басқа түрге айналу заңы;

№ 1-зертханалық жұмыс: әртүрлі температурадағы суларды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру;

практикалық жұмыстар: денені қыздыру үшін қажетті немесе оны суытқанда бөлінетін жылу мөлшерін есептеу, заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау, заттың агрегаттық күйлері өзгерген кездегі жылу мөлшерін есептеу, жылу мөлшерінің дене массасына тәуелділігін зерттеу, жылу мөлшерінің қыздыру температурасына тәуелділігін зерттеу, әртүрлі отынның жану тиімділігін бағалау;

"Заттың агрегаттық күйлері". Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы, булану және конденсация, қаныққан және қанықпаған булар, қайнау, меншікті булану жылуы, қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау;

№ 2-зертханалық жұмыс: мұздың меншікті балқу жылуын анықтау;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, заттың фазалық ауысу графигін зерттеу, мұздың балқу температурасын зерттеу, булану жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеу;

"Термодинамика негіздері". Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы, жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы, жылу қозғалтқыштары, жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті, Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, ішкі энергияның механикалық энергияға айналуын зерттеу, жылулық тепе-теңдік орныққандағы энергияның сақталу заңын зерттеу;

"Электростатика негіздері". Денелердің электрленуі, электр заряды, өткізгіштер мен диэлектриктер, электр зарядының сақталу заңы, қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі, Кулон заңы, элементар электр заряды, электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі, электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, бір-бірінен қандай-да бір арақашықтықта орналасқан және жіңішке жіпке ілінген екі бірдей ауа шарының әрекеттесуін зерттеу, электроскопты жасау;

"Тұрақты электр тогы. Электр тогы, электр тогы көздері, электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу, тізбек бөлігі үшін Ом заңы, өткізгіштің электр кедергісі, өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат, өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу, электр тогының жұмысы мен қуаты, электр тогының жылулық әсері,

Джоуль-Ленц заңы, металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік, электрқыздырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар, электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы);

№ 3-зертханалық жұмыс: электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу;

№ 4-зертханалық жұмыс: тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу;

№ 5-зертханалық жұмыс: өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу;

№ 6-зертханалық жұмыс: өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу;

№ 7-зертханалық жұмыс: электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, тізбектегі ток күшін өлшеу, тізбек бөгіндегі кернеуді өлшеу, өткізгіш кедергісінің материал тегіне тәуелділігі, қыздыру шамының қуаты мен жұмысын өлшеу, тізбектей қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу, параллель қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу;

"Электромагниттік құбылыстар". Тұрақты магниттер, магнит өрісі, тогы бар түзу өткізгіштің магнит өрісі, тогы бар шарғының магнит өрісі, электромагниттер және оларды қолдану; магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әрекеті, электроқозғалтқыш; электр өлшеуіш құралдар, электромагниттік индукция, генераторлар;

№ 8-зертханалық жұмыс: тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу;

№ 9-зертханалық жұмыс: электрмагнитті құрастыру және оның әсерін сынау;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, су компасын (құбылнамасын) жасау, магнит өрісінің түрлі материалдар арқылы өтуін зеттеу, түрлі тиындардың магниттік қасиеттерін зерттеу, үйкеліс арқылы магниттеу, магниттің қасиетіне температураның әсері;

"Жарық құбылыстары". Жарықтың түзу сызықты таралу заңы, жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар, сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу, жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы, толық ішкі шағылу, линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы, линзаның көмегімен кескін алу, көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері, оптикалық аспаптар;

№ 10-зертханалық жұмыс: шынының сыну көрсеткішін анықтау;

№ 11-зертханалық жұмыс: жұқа линзаның фокустық қашықтығын анықтау;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, қарапайым перископты жасау, калейдоскопты жасау, жазық айнадағы кескінді зерттеу,ойыс айнаға түскен және шағылған стандартты сәулелердің жүрісі, жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жүрісі, көз бен фотоаппараттың оптикалық жүйелерін салыстыру;

16. 9-сыныпқа арналған "Физика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

"Кинематика негіздері". Механикалық қозғалыс, векторлар және оларға амалдар қолдану, вектордың координаталар осьтеріне түсірілген проекциялары, түзусызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу, түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру, дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі, қисықсызықты қозғалыс, материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы, сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар, центрге тартқыш үдеу;

№ 1-зертханалық жұмыс: теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау;

№ 2-зертханалық жұмыс: горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, қозғалыстың салыстырмалылығы, денелердің қозғалысын сипаттау тәсілдері;

"Астрономия негіздері". Жұлдызды аспан, аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі, әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт, Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары, Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау;

"Динамика негіздері". Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері, механикадағы күштер, Ньютонның екінші заңы, масса, Ньютонның үшінші заңы, Бүкіләлемдік тартылыс заңы, дененің салмағы, салмақсыздық, денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы, Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, күшті өлшеудің практикалық тәсілдері, жердің ауырлық өрісіндегі дене қозғалысының параметрлерін есептеу, дененің еркін түсу үдеуін өлшеу;

"Сақталу заңдары". Дене импульсі және күш импульсі, импульстің сақталу заңы, реактивті қозғалыс, механикалық жұмыс және энергия, энергияның сақталу және айналу заңы;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, дененің кинетикалық энергиясының өзгеруіне қатысты күштің жұмысын салыстыру, денелердің соқтығысуы кезіндегі импульстің сақталу заңын зерттеу;

"Тербелістер және толқындар". Тербелмелі қозғалыс, тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі, тербелмелі қозғалыстың теңдеуі, математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері, еркін және еріксіз тербелістер, резонанс, еркін электромагнитік тербелістер, толқындық қозғалыс, дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық, электромагниттік толқындар, электромагниттік толқындар шкаласы;

№ 3-зертханалық жұмыс: математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау;

№ 4-зертханалық жұмыс: беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау.

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, әр түрлі маятниктер тербелісінің периодын есептеу, еркін және еріксіз тербелістерді зерттеу, толқындардың

сипаттамасын зерттеу, ұялы телефонның жұмыс істеу принципі, аналогті сигналдың берілуі, Морзе әліппесі;

"Атом құрылысы. Атомдық құбылыстар". Жылулық сәуле шығару; жарық кванттары туралы Планк гипотезасы, фотоэффект құбылысы, рентген сәулелері, радиоактивтілік, радиоактивті сәулеленудің табиғаты, Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару;

"Атом ядросы. Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер, массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы, ядролық реакциялар, радиоактивті ыдырау заңы, ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция, ядролық реактор, термоядролық реакциялар, радиоизотоптар, радиациядан қорғану, элементар бөлшектер;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, радиоактивті элементтердің жартылай ыдырау периодын есептеу;

"Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі". Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы, экологиялық мәдениет.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

17. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" – сынып, "2.1" – екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" – оқыту мақсатының реттік саны.

18. Білім алушылар білуі тиіс:

Бөлімшелер	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Физика –табиғат туралы ғылым	7.1.1.1 физикалық құбылыстарға мысалдар келтіру		
	7.1.1.2 табиғатты зерттеудің ғылыми әдістерін ажырату		
1.2 Физикалық шамалар	7.1.2.1 физикалық шамаларды олардың Халықаралық бірліктер жүйесіндегі өлшем бірліктерімен сәйкестендіру		
	7.1.2.2 скаляр және векторлық шамаларды ажырату және мысалдар келтіру;		
	7.1.2.3 үлкен және кіші сандарды жазған кезде еселік және үлестік		

	қосымшаларды білу және қолдану, санды : стандартты түрде жазу		
1.3 Физикалық өлшеулер	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.1.3.1 дененің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеу, өлшеу нәтижелерін аспаптардың қателіктерін есепке ала отырып жазу	8.1.3.1 эксперименттен деректерін жинақтау, талдау және өлшеу және қателіктерін ескеріп жазу	9.1.3.1 алған нәтижені түсіндіру және қорытынды жасау
	7.1.3.2 кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау	8.1.3.2 тәжірибені жүргізуге әсер ететін факторларды анықтау	9.1.3.2 эксперименттің нәтижесіне әсер ететін факторларды талдау және экспериментті жүргізуді жақсарту жолдарын ұсыну
	7.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	8.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	9.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.2.1.1 келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру - материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, траектория, жол, орын ауыстыру		9.2.1.1 материялық нүкте, санақ жүйесі, механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы ұғымдарының мағынасын түсіндіру, жылдамдықтарды қосу және орын ауыстыру теоремаларын қолдану
	7.2.1.2 механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру		9.2.1.2 векторларды қосу, азайту, векторды скалярға көбейту
			9.2.1.3 вектордың координаталар остеріне проекцияларын анықтау, векторларды құраушыларға жіктеу
	7.2.1.3 түзу сызықты бірқалыпты қозғалысты және бірқалыпсыз қозғалысты ажырата білу		9.2.1.4 уақытқа тәуелділік графиктерінен орын ауыстыру, жылдамдық, үдеуді анықтау
	7.2.1.4 қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу		9.2.1.5 түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және үдеу формулаларын есептер шығаруда қолдану

			9.2.1.6 түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдану
			9.2.1.7 тең үдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін эксперименттік жолмен анықтау
2.1 Кинематика негіздері	7.2.1.5 s -тің t-ға тәуелділік графигін тұрғызуда координата осьтерінде және кестелерде өлшем бірліктерін дұрыс белгілеу		9.2.1.8 тең үдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстырудың және жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графиктерін тұрғызу және оларды түсіндіру
	7.2.1.6 дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен келесі жағдайларды анықтау: (1) дененің тыныштық күйін, (2) тұрақты жылдамдықпен қозғалысын		9.2.1.9 еркін түсуді сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдану
	7.2.1.7 бірқалыпты қозғалған дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен жылдамдығын анықтау		9.2.1.10 теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдана отырып, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау
			9.2.1.11 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс жылдамдығын анықтау
			9.2.1.12 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын сызу
			9.2.1.13 дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау
			9.2.1.14 сызықтық және бұрыштық жылдамдықты байланыстыратын

			өрнекті есептер шығаруда қолдану
			9.2.1.15 центрге тартқыш үдеу формуласын есептер шығаруда қолдану
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.2.2.1 инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру		9.2.2.1 инерция, инерттілік және инерциялық санақ жүйесі ұғымдарының мағынасын түсіндіру
	7.2.2.2 күнделікті өмірден күштердің әрекет етуіне мысалдар келтіру		9.2.2.2 Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
	7.2.2.3 пластикалық және серпімді деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру		9.2.2.3 ауырлық күші, серпімділік күші, және үйкеліс күші табиғатын түсіндіру
	7.2.2.4 серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигінен қатаңдық коэффициентін анықтау		9.2.2.4 Ньютонның екінші заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
	7.2.2.5 Гук заңының формуласы бойынша серпімділік күшін есептеу		9.2.2.5 Ньютонның үшінші заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
	7.2.2.6 тыныштық, домалау және сырғанау үйкелістерін сипаттау		9.2.2.6 бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
	7.2.2.7 үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянына мысалдар келтіру		9.2.2.7 ғарыш аппараттардың орбиталарын салыстыру
2.2 Динамика негіздері	7.2.2.8 күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету		9.2.2.8 тартылыс өрісіндегі дененің қозғалысын сипаттайтын шамаларды анықтау
	7.2.2.9 денеге бір түзудің бойымен әрекет ететін күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтау		9.2.2.9 бірінші ғарыштық жылдамдықтың формуласын есептер шығаруда қолдану

	7.2.2.10 масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату		9.2.2.10 үдеумен қозғалған дененің салмағын анықтау
	7.2.2.11 электронды, серіппелі, иінді таразылардың көмегімен дененің массасын өлшеу		9.2.2.11 салмақсыз-дық күйді түсіндіру
	7.2.2.12 әртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді(мензурка) қолдану		
	7.2.2.13 тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіру		
	7.2.2.14 сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын тәжірибе арқылы анықтау		
	7.2.2.15 тығыздықтың формуласын есептер шығаруда қолдану		
2.3 Сақталу заңдары	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.2.3.1 механикалық жұмыс деген физикалық ұғымның мағынасын түсіндіру		9.2.3.1 дене импульсі мен күш импульсін ажырату
	7.2.3.2 механикалық энергияның екі түрін ажырату		9.2.3.2 импульстің сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
	7.2.3.3 кинетикалық энергия формуласын есептер шығаруда қолдану		9.2.3.3 табиғаттағы және техникадағы реактивті қозғалысқа мысалдар келтіру
	7.2.3.4 жоғары көтерілген дене үшін потенциалдық энергиясының және серпімді дененің формуласын қолдану		9.2.3.4 Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңыздылығына баға беру
	7.2.3.5 энергияның түрленуіне мысалдар келтіру		9.2.3.5 механикалық жұмысты аналитикалық және графиктік тәсілмен анықтау
	7.2.3.6 механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану		9.2.3.6 жұмыс пен энергияның байланысын түсіндіру

	7.2.3.7 қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру		9.2.3.7 энергияның сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
	7.2.3.8 механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану		
2.4 Статика	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.2.4.1 "Механиканың алтын ережесін" тұжырымдау және қарапайым механизмдердің қолданылуына мысалдар келтіру		
	7.2.4.2 күш моменті ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру		
	7.2.4.3 жазық фигураның массалық центрін тәжірибеде анықтау		
	7.2.4.4 тепе-теңдікте тұрған денелер үшін күш моменттер ережесін тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану		
	7.2.4.5 тәжірибеде иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау		
	7.2.4.6 көлбеу жазықтықтың пайдалы әсер коэффициентін тәжірибеде анықтау		
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
			9.2.5.1 еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру
			9.2.5.2 эксперименттік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау
			9.2.5.3 формулаларды қолданып, период, жиілік, циклдік жиілікті анықтау
			9.2.5.4 тербелмелі процесте энергияның сақталу заңын сипаттау

			9.2.5.5 гармоникалық тербелістердің графиктері бойынша координатаның, жылдамдықтың және үдеудің теңдеулерін жаза білу
			9.2.5.6 әртүрлі тербелмелі жүйедегі тербелістің пайда болу себептерін түсіндіру
			9.2.5.7 маятниктер тербелісі периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу
№ 1 практикалық жұмыс "Металдардың белсенділігін салыстыру";

№ 1 бақылау жұмысы;

4) "Заттың мөлшері". Заттың мөлшері, моль, Авогадро саны, заттың молярлық массасы:

есептеуге берілген есептер: жәй және күрделі заттардың салыстырмалы молярлық массасын есептеу, химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың белгілі мөлшеріндегі атомдардың (молекулалардың) сандарын есептеу;

5) "Стехиометриялық есептеулер". Химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару, молярлық көлем, газдардың салыстырмалы тығыздығы, көлемдік қатынастар заңы, қалыпты және стандартты жағдайлар;

есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын , массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың берілген массасы немесе заттың мөлшері бойынша атомдар мен молекулалардың сандарын есептеу, химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін (газдың) және зат мөлшерін есептеу, қалыпты жағдайлардағы газдың көлемін, газдардың салыстырмалы тығыздығын есептеу, оттек және ауа бойынша газдардың салыстырмалы тығыздықтарын есептеу, заттың мөлшері, молярлық масса, газдың молярлық көлемі, Авогадро заңы ұғымдарын пайдаланып формулалар бйынша есептеулер жасау, химиялық реакциялар кезіндегі газдардың көлемдік қатынастары түсініктерін қолданып есептеулер жасау;

6) "Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу". Отынның жануы және энергияның бөлінуі, көміртекті отынның жануы кезінде көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілуі мүмкіндігі, жылыжайлық эффектісінің себептері және шешу жолдары, экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар, әртүрлі отындардың потенциалы, қоршаған ортаға әсері, кинетикалық бөлшектер теориясы тұрғысынан энергия өзгерісі, реакцияның жылу эффектісі, термохимиялық теңдеулер:

№ 4 зертханалық тәжірибе "Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар";

есептеуге берілген есептер: реакциялардың термохимиялық теңдеулері бойынша реакцияның жылу эффектісін есептеу;

7) "Сутек. Оттек және озон". Сутек – химиялық элемент және жәй зат, сутектің изотоптары (протий, дейтерий және тритий), сутектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, оттек – химиялық элемент және жәй зат, оттектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, сутектің және оттектің бинарлы қосылыстары, табиғатта таралуы, оттектің аллотропиялық түрөзгерісі, озон, сутек пен оттекті алу, Жер бетіндегі озон қабатының маңызы;

№ 4 көрсетілім "Сутек пероксидінің ыдырауы";

№ 2 практикалық жұмыс "Сутекті алу және оның қасиеттерін зерттеу";

№ 3 практикалық жұмыс "Сутектің переоксидінен оттекті алу және оның қасиеттерін зерттеу";

есептеуге берілген есептер: реакцияға қатысатын немесе реакция нәтижесінде түзілген өнімнің белгілі массасы, заттың мөлшері немесе көлемі бойынша заттың массасын, заттың мөлшерін, (газдың) көлемін есептеу;

№ 2 бақылау жұмысы;

8) "Химиялық элементтердің периодтық жүйесі". Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы, периодтың, топтың, атом нөмірінің физикалық мәні, химиялық элементтердің атомдарының кейбір қасиеттері мен сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі, периодтық жүйедегі орыны бойынша элементтің сипатталуы, химиялық элементтердің табиғи тектестері, сілтілік металдардың, галогендердің, инертті газдардың тектестері, металдар мен бейметалдар, периодтық кестеде орналасуына байланысты химиялық элементтің қасиеттері;

9) "Химиялық байланыс түрлері". Химиялық элементтердің электртерістілігі, атомдар арасындағы химиялық байланыстар табиғатының бірлігі, ковалентті полярлық және полярлық емес байланыс, иондық байланыс, заттың аморфты және кристалдық күйлері, кристалл торларының типтері, заттардың қасиеттерінің оның құрылысына тәуелділігі;

10) "Ерітінділер және ерігіштік". Заттардың суда еруі, заттардың судағы ерігіштігі бойынша жіктелуі, ерітінділер, еріген заттың массалық үлесі, молярлық концентрация, қатты заттардың, сұйықтардың және газдардың суда ерігіштігі, кристаллогидраттар, ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлі, заттарды ерігіштігіне температураның әсері:

№ 5 зертханалық тәжірибе "Заттардың ерігіштігін зерттеу";

№ 4 практикалық жұмыс "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері";

№ 5 практикалық жұмыс "Берілген пайыздық және молярлық концентрациялы ерітінділерді дайындау";

есептеуге берілген есептер: заттардың судағы ерігіштігін есептеу, тығыздығы мен көлемі бойынша ерітіндінің массасын анықтау, еріген заттың және еріткіштің массасын , еріген заттың массалық үлесін есептеу, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу;

№ 3 бақылау жұмысы;

11) "Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары". Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс, қышқылдар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс;

№ 6 зертханалық тәжірибе "Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу";

№ 7 зертханалық тәжірибе "Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу";

№ 8 зертханалық тәжірибе "Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу";

№ 9 зертханалық тәжірибе "Тұздардың қасиеттері және алынуы";

есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;

12) "Көміртек және оның қосылыстары". Көміртектің жалпы сипаттамасы; табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуы, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолдану аймағы, көміртектің қасиеттері, көміртектің оксидтері және олардың қасиеттері, тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсері, көміртектің табиғаттағы айналымы:

№ 6 практикалық жұмыс "Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері";

№ 7 практикалық жұмыс "Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттері зерттеу";

есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;

13) "Су". Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы, табиғаттағы су, су – табиғи әмбебап еріткіш, сулы ерітінділер және жүзгіндер, судың бірегей қасиеттері және оның өмір үшін маңызы, судың табиғаттағы айналымы, судың ластану себептері, судың кермектігі және оны жою тәсілдері, судың және сулы ерітінділердің табиғаттағы, өндірістің түрлі салаларындағы және ауыл шаруашылығындағы маңызы, суды тазарту әдістері, ауыз суын тазарту, Қазақстан Республикасындағы ауыз су мәселесі, су басейнін ластанудан қорғау, Қазақстандағы су ресурстарының экологиялық мәселелері, сусыз мыс (II) сульфатының көмегімен суды анықтау әдісі:

№ 10 зертханалық тәжірибе "Судың кермектігін анықтау";

есептеуге берілген есептер: еріген заттың массалық үлесін, еріткіштің, еріген заттың массасын есептеу;

№ 4 бақылау жұмысы.

15. 9-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Электролиттік диссоциация". Электролиттер және бейэлектролиттер, С. Аррениустың электролиттік диссоциациялану теориясының негізгі қағидалары, электролиттік диссоциациялану механизмі, ерітінділердің немесе заттың балқымаларының электр өткізгіштігінің химиялық байланыс түріне тәуелділігі, күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, қышқыл, сілті және тұздардың судағы ерітінділерінде электролиттік диссоциациялануы, көпнегізді қышқылдардың,

қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы, ион алмасу реакциялары және олардың жүру жағдайлары, электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз және тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері, тұздар гидролизі;

№ 1 көрсетілім "Иондық және ковалентті полярлық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы";

№ 1 зертханалық тәжірибе "Қышқыл, сілті ерітінділерінің pH анықтау";

№ 1 практикалық жұмыс "Ион алмасу реакциялары";

№ 2 зертханалық тәжірибе "Тұздар гидролизі";

есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың мөлшерін, массасын, реакция өнімінің көлемін есептеу, диссоциациялану дәрежесін есептеу;

2) "Бейорганикалық заттарға сапалық талдау". Катиондарға сапалық реакциялар, жалын түсінің боялуы бойынша Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2+, Ba2+, Cu2+ металл катиондарын анықтау, аниондардың сапалық реакциялары, бейорганикалық қосылыстардың құрамын сапалық талдау;

№ 3 зертханалық тәжірибе жалын түсінің боялуы бойынша "Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2 +, Ba2+, Cu2+ катиондарын анықтау";

№ 4 зертханалық тәжірибе "Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарына сапалық реакциялар";

№ 5 зертханалық тәжірибе "Сулы ерітіндідегі Cl–, Br–, I–, PO43–, SO42–, CO32–, NO3–, SiO32 аниондарын анықтау";

№ 2 практикалық жұмыс "Бейорганикалық қосылыстарды сапалық талдау";

есептеуге берілген есептер: егер әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілсе химиялық теңдеулер бойынша есептеу;

3) "Химиялық реакциялардың жылдамдығы". Химиялық реакциялардың жылдамдығы, химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар, бөлшектердің кинетикалық тұрғысынан реакция жылдамдығы, катализаторлар, ингибиторлар, катализаторлар мен ингибиторлардың реакция жылдамдығына әсері:

№ 2 көрсетілім "Түрлі химиялық реакциялардың жылдамдығы";

№ 6 зертханалық тәжірибе "Концентрацияның температурасы мен бөлшектер көлемінің реакция жылдамдығына әсері";

№ 3 практикалық жұмыс "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері";

4) "Қайтымды реакциялар". Химиялық тепе-теңдік, тепе-теңдік динамикалық үдеріс ретінде, химиялық тепе-теңдіктің ығысуы, Ле-Шателье-Браун принципі, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлардың өзгерісінің әсері, бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан химиялық тепе-теңдік;

№ 3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар";

№ 7 зертханалық тәжірибе "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы";

5) "Тотығу-тотықсыздану реакциялары". Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, қосылыстардың формулалары бойынша химиялық элементтердің тотығу

дәрежелерін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш туралы түсінік, тотығу-тотықсыздану реакциялары, электрондық баланс әдісі;

6) "Металдар мен қорытпалар". Металдардың жалпы сипаттамасы, металдық байланыс пен металдық кристалдық тор, темір мен мыстың физикалық және химиялық қасиеттері, металдардың тек тотықсыздандырғыш қасиеттерін көрсетуі, темір қорытпалары және олардың қолданылуы, металлургия туралы түсінік, шойын мен болат өндірісі, Қазақстанда металлургияның дамуы, металдар мен олардың қорытпаларын алу, Қазақстандағы металдар және оның қосылыстарының маңызды кен орындары, металдарды өндіру үдерістері, қоршаған ортаға әсері, металдарды алу:

№ 4 көрсетілім "Металдардың кристалдық торы модельдері";

№ 5 көрсетілім "Металдар және қорытпалар";

есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі бір массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда реакция теңдеуі бойынша заттың массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу;

7) 1 (I), 2 (II) және 13 (III) топтар элементтері және олардың қосылыстары. 1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары, атомдары құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттері, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 2 (II)-топ элементтері және олардың қосылыстары, 1 (I)-ші және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттері, кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 3 (III)-топ элементтері, алюминий және оның қосылыстары, алюминийдің қосылыстары мен қорытпаларынның қолдану аймағы, алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екі дайлы қасиеттері:

№ 6 көрсетілім "Натрийдің, кальцидің сумен әрекеттесуі";

№ 8 зертханалық тәжірибе "Кальций оксидінің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі";

№ 7 көрсетілім "Алюминий мен оның қорытпалары";

№ 9 зертханалық тәжірибе "Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі";

№ 4 практикалық жұмыс "Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару;

есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болғанда, заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын реакция теңдеуі бойынша есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу;

№ 2 бақылау жұмысы;

8) 17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (IV) - топтарының элементтері және олардың қосылыстары.(VII) топ элементтері, галогендер, байланыс түрі және кристалдық тор типі, топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары, хлор, хлордың химиялық қасиеттері: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі, хлорсутек қышқылының құрамы қасиеттері мен қолданылуы, 16 (VI)-топ элементтері, күкірт, күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттері, күкірттің негізгі қосылыстары және олардың физикалық және химиялық қасиеттері, қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсері, күкірт қышқылы, күкірт қышқылы және оның тұздарының жалпы және ерекше қасиеттері, қасиеттері мен қолданылуы, 15 (V)-топ элементтері: азот, азоттың қасиеттері және табиғаттағы азот айналымы, аммиак, аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы, аммиак өндірісі, (Габер синтезі): азот қышқылы, азот қышқылының қасиеттері, азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері, фосфор және оның қосылыстары, фосфорды аллотропиялық түрлендіру, фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары, фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттері, минералды тыңайтқыштар, олардың Қазақстанда өндірілуі және оларды тиімді қолдану, азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсері, 14 (IV) - топ элементтері, кремний және оның қосылыстары, кремнийдің қолданылу аймағы және оның жартылай өткізгіш ретінде маңызы, сұйық кристалдар, кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типі, кремний мен оның қосылыстарының химиялық қасиеттері, Қазақстандағы силикат өнеркәсібі:

№ 8 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері";

№ 5 практикалық жұмыс "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу";

№ 10 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу "

№ 11 зертханалық тәжірибе "Азот молекуласының моделін дайындау";

№ 12 зертханалық тәжірибе "Аммиак молекуласының моделін дайындау";

№ 6 практикалық жұмыс "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу";

№ 13 зертханалық тәжірибе "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері";

№ 9 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар";

№ 10 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері";

есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша есептеу, бірі зат бастапқы заттардан артық берілген есептер, егер реакция өнімінің практикалық шығымының массалық үлесі белгілі болса, химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, құрамындағы қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы бойынша реакция өнімінің массасын есептеу;

9) "Адам ағзасындағы химиялық элементтер". Адам ағзасының химиялық құрамы, макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы, адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы: (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe), Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы, ағзадағы кейбір элементтерді анықтау, ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы көздері, ауыр металдардың ағзаларға әсері:

№ 14 зертханалық тәжірибе "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау";

№ 15 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау";

№ 3 бақылау жұмысы;

10) "Органикалық химияға кіріспе". Органикалық химия – көміртек қосылыстарының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары, органикалық заттардың ерекшеліктері, органикалық қосылыстардың жіктелуі, функционалдық топ түсінігі, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың номенклатурасы, органикалық қосылыстардың изомериясы:

№ 11 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь,этан қышқылы, глюкоза, аминоэтан қышқылы модельдері";

№ 12 көрсетілім "Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері";

№ 13 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері";

есептеуге берілген есептер: элементтердің массалық үлесі және салыстырмалы тығыздығы бойынша газтәрізді заттардың молекулалық формулаларын табу;

11) "Көмірсутектер. Отын". Көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған көмірсутектер, алкендер, этилен, алкиндер, ацетилен, арендер, бензол,көмірсутектер арасындағы генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар, табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу, көмірсутектерді өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану, альтернативті отын түрлері, мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің қолдану аймағы:

№ 14 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі";

№ 15 көрсетілім "Отын түрлері";

№ 16 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері";

есептеуге берілген есептер:реакция өнімінің массасы немесе көлемі және белгілі заттың салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттың формуласын анықтау;

12) "Оттекті және азотты органикалық қосылыстар". Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосылыстардың өкілдері, этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы, карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері, көмірсулар, нәруыздар, аминқышқылдары, биологиялық маңызды органикалық қосылыстар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі:

№ 16 зертханалық тәжірибе "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу";

№ 17 зертханалық тәжірибе "Нәруыздардың денатурациясы";

есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда, реакция теңдеуі бойынша органикалық заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, метан, бутан, этанолдың жану реакция теңдеуі бойынша оттектің, ауаның көлемдерін есептеу;

№ 4 бақылау жұмысы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

16. Бағдарламада оқыту мақсаттары қолдануға ыңғайлы болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 9.2.1.2 кодында: "9" – сынып, "2.1." - бөлім мен бөлімше; "2" - оқу мақсатының реттік нөмірі.

17. Оқыту мақсаттарының жүйесі әр сынып бойынша жазылған:

1) заттардың бөлшектері:

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.1.1.1 "Химия" ғылымының нені оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну; 7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу; 7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу		

1.1 Атомдар, иондар және молекулар	және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу; 7.1.1.5 салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру; 7.1.1.6 судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру	8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде мольді және Авогадро санын білу; 8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу	
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.2 Атом құрамы мен құрылысы	7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу; 7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктей алу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу; 7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу; 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p+, n0, e-) мен атом ядросының құрамын білу; 7.1.2.7 "изотоп" түсінігін білу; 7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың		

	қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; 7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну; 7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын білу; 7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, бинарлы химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу; 7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу		
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.3 Атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы		8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну; 8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну; 8.1.3.3 s және p орбиталдарының пішінін білу; 8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды –графикалық формулаларын жаза білу; 8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының	

		нәтижесінде иондар түзілетінін түсіну; 8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен қосылыстардың формуласын құрастыру	
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.4 Химиялық байланыстардың түрлері		8.1.4.1 электртерістілік ұғымына сүйеніп коваленттi байланыстың түзілуін түсіндіру; 8.1.4.2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау; 8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу; 9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру; 9.1.4.3 құйма ұғымын білу және оның артықшылықтарын түсіндіру; 9.1.4.4 шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 9.1.4.5 галоген молекулала-рының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрлері мен байланыс типтерін анықтау; 9.1.4.6 аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру; 9.1.4.7 азот қышқылының молекулалық, формуласын білу және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 9.1.4.8 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары:

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
			9.2.1.1 атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.2 сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.3 1 (I) және 2 (II) -топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және химиялық реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.4 кальций оксиді мен гидроксидінің негізгі қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау; 9.2.1.5 атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларынның қолдану аймағын атау; 9.2.1.6 алюминийдің, оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.7 1 (I), 2 (II), 13 (III) -топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу; 9.2.1.8 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау; 9.2.1.9 хлордың физикалық қасиеттерін сипаттау және металдармен, сутекпен және галогенидтермен реакция теңдеулерін құру ;

2.1. Периодтық заң мен химиялық элеметтердің периодтық жүйесі	7.2.1.1 И. ДҰберейнер Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру; 7.2.1.2 периодтық кестенің кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар және периодтар	8.2.1.1 топ , период, атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру; 8.2.1.2 бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіну; 8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру; 8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша элементті сипаттау; 8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элемент-тердің бір топқа жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын білу және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру; 8.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау	9.2.1.10 хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және оның қолдану аясын білу; 9.2.1.11 16 (VI) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау; 9.2.1.12 күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.13 күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 9.2.1.14күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.15азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру; 9.2.1.16 аммиакты алу және қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру; 9.2.1.17 аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алуды білу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.18 азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру; 9.2.1.19 азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу ;

			9.2.1.20 сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру; 9.2.1.21 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.22 фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру; 9.2.1.23 фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.24 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру; 9.2.1.25 кремний және оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.2 Химиялық реакциялардың жіктелуі	7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру ; 7.2.2.3 кейбір карбонаттардың	8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу; 8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам	9.2.2.1 реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құру; 9.2.2.2 бейтараптану және ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру; 9.2.2.3 тотығу дәрежесі ұғымының мәнін түсіндіру және оны заттың формуласы бойынша анықтау; 9.2.2.4 тотығу және тотықсыздану үдерістері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіну; 9.2.2.5 тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу

	сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру	тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау	дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіну; 9.2.2.6 тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіну; 9.2.2.7 электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.3		8.2.3.1 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару; 8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.4 аттар массасының сақталу заңын білу; 8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу; 8.2.3.6 Авогадро заңын білу және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану; 8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу; 8.2.3.8 газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда	9.2.3.1 әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу; 9.2.3.2 қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу; 9.2.3.3 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу; 9.2.3.4 газтектес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық немесе элементтердің

Зат массасы ның сақталу заңы		газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану	массалық үлестері арқылы анықтау
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.4 Металдар дың электро химиялық кернеу қатары		8.2.4.1 кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын білу; 8.2.4.2 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау; 8.2.4.3 металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды зерттеу; 8.2.4.4 қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу; 8.2.4.5 металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру; 8.2.4.6металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу; 8.2.4.7 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру; 8.2.4.8 металдардың белсенділік қатарын қолданып металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау	

3) химиядағы энергетика:

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.3.1.1ауа құрамын білу; 7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу; 7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан	8.3.1.1 заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксидтер екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілетінін түсіну;	

3.1 Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар	қорғаудың маңызын түсіну; 7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттекте ауаға қарағанда жақсырақ жанатындығын түсіну; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін білу	8.3.1.2 парниктік эффектінің себептерін түсіндіру және шешу жолдарын ұсыну; 8.3.1.3 экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін білу; 8.3.1.4 әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіну; 8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру	
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.2 Химиялық реакциялардың жылдамдығы			9.3.2.1 реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру; 9.3.2.2 реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру; 9.3.2.3 катализатордың реагенттен айырмашылығын және олардың реакция жылдамдығына әсерін түсіндіру; 9.3.2.4 реакция жылдамдығына ингибитордың әсерін түсіндіру
3.3 Химиялық тепе-теңдік			9.3.3.1 тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау; 9.3.3.2 Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау; 9.3.3.3 химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіну және ажырату;

			9.3.3.4 химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру; 9.3.3.5 аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау
	7.3.4.1 кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің "қышқылдық" және "сабындылық" қасиеттер белгілері болуы мүмкін екендігін білу;	8.3.4.1 заттарды олардың судағы ерігіштігі бойынша жіктеу; 8.3.4.2 заттар ерітінділерінің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру; 8.3.4.3 заттың ерігіштігіне температура әсерін түсіндіру; 8.3.4.4 буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу, алынған нәтижелерді анықтамалық мәндермен салыстыру; 8.3.4.5 еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу; 8.3.4.6 ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу;	9.3.4.1 қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру; 9.3.4.2 қышқылдар және негіздер,орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау; 9.3.4.3 орта тұз ерітінді-сінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау; 9.3.4.4 орта тұз гидролизінің теңдеуін молекулалық және иондық түрде құрастыру;

3.4 Қышқылдар мен негіздер теориясы	7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортада түстерінің өзгеруін білу; 7.3.4.3 pH шкаланың негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу; 7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну	8.3.4.7 оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін білу, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.8 қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.9 негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.10 тұздарды алудың әртүрлі әдістерін білу, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.11 тұздардың қасиеттерін, жіктелуін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.12 бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысты зерттеу	9.3.4.5 орта тұз

			ерітіндісінің реакция ортасын болжау

4) химия және қоршаған орта:

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
4.1 Заттардың жіктелуі	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну; 7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу; 7.4.1.3 элемент (жай зат) қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу; 7.4.1.4 қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдана алу; 7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу; 7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу		9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын білу және мысалдар келтіру; 9.4.1.2 заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру; 9.4.1.3 иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру; 9.4.1.4 электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын білу; 9.4.1.5 ерітінділердің қышқылдылығы мен сілтілігін ажырату; 9.4.1.6 қышқыл, негіз, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру; 9.4.1.7 күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу; 9.4.1.8 Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2+, Ba2+, Cu2+ металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау; 9.4.1.9 Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарына сапалық реакция жүргізу; 9.4.1.10 хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-,

			нитрат-, силикат-иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап, нәтижесін сипаттау; 9.4.1.11 белгісіз заттардағы катион мен аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру
4.2 Жер химиясы	7.4.2.1 жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну; 7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын түсіну; 7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау; 7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын білу; 7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерделеу	8.4.2.1 сутекті алу және оның қасиеттері мен қолдануын зерттеу; 8.4.2.2 ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін білу; 8.4.2.3 оттекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу; 8.4.2.4 оттектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 8.4.2.5 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру; 8.4.2.6 судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру; 8.4.2.7 табиғаттағы су айналымын түсіндіру; 8.4.2.8 судың ластану қауіптілігін және салдарын анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру; 8.4.2.9 судың " кермектігін" анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру; 8.4.2.10 суды сусыз мыс (II) сульфатын қолданып анықтау тәсілін білу; 8.4.2.11 табиғаттағы және тірі ағзалар қызметі мен адамның тіршілігіндегі	9.4.2.1 қышқылдық жаңбырлардың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру; 9.4.2.2 фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын атау; 9.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді білу; 9.4.2.4 азот және фосфор тыңайтқыш-тарының қоршаған ортаға әсерін оқып білу; 9.4.2.5 Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру процестерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;

		жүретін химиялық реакцияларды сипаттау	9.4.2.6 кеннен металды алу үдерісін сипаттау
			9.4.3.1 органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себептерін түсіндіру; 9.4.3.2 көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдарының жіктелуін білу; 9.4.3.3 функционалдық топ түсінігін берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру; 9.4.3.4 гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты білу; 9.4.3.5 органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану; 9.4.3.6 көмірсутектердің құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыра алужәне изомерия құбылысын білу; 9.4.3.7 алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.8 еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру; 9.4.3.9 қанықпағандық ұғымын сипаттау; 9.4.3.10 этен мысалында алкендердің химиялық

4.3 Көміртек және оның қосылыстары		8.4.3.1 көміртек неліктен көптеген қосылыстарында төрт байланыс түзетінін түсіндіру; 8.4.3.2 табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуын сипаттау; 8.4.3.3 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылысын және қасиеттерін салыстыру; 8.4.3.4 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттеу; 8.4.3.5 көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 8.4.3.6 көміртек жанған кезде көміртек диоксиді мен көміртек монооксидінің түзілу жағдайларын сипаттау және тірі ағзаға иіс газының физиологиялық әсерін түсіндіру; 8.4.3.7 көмір-қышқыл газын алу, оны анықтау және қасиеттерін зерттеу; 8.4.3.8 өміртегінің табиғаттағы айналымын құру және түсіндіру	қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.11 полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру; 9.4.3.12 пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін түсіну және оқып білу, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу; 9.4.3.13 этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.14 бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау; 9.4.3.15 құрамында көміртек бар қосылыстардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін білу және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау; 9.4.3.16 Қазақсатандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 9.4.3.17 мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау;

			9.4.3.18 оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу; 9.4.3.19 спирттердің жіктелуін метанол мен этанолдың, қолданылуын, этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру; 9.4.3.20 метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру; 9.4.3.21 этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу; 9.4.3.22 карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау; 9.4.3.23 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру; 9.4.3.24 сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу; 9.4.3.25 синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 9.4.3.26 көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру; 9.4.3.27 нәруыздағы а-аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 9.4.3.28 нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу; 9.4.3.29 нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

5) химия және өмір:

Білім алушылар білуі тиіс:			

	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.1 Биохимия	7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардыңжиынтығы деп түсіну; 7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды білу және анықтай алу; 7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) білу; 7.5.1.4 тыныс алу үдерісін түсіндіру		9.5.1.1 адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe); 9.5.1.2 Қазақстан тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру; 9.5.1.3 кальций мен темірдің адам ағзасындағы рөлін түсіндіру; 9.5.1.4 тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау; 9.5.1.5 қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау және олардың ағзаларға әсерін түсіндіру

18. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

19. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

Ұзақ мерзімді жоспарда әр бөлімде жүзеге асырылатын оқу мақсаттарының көлемі көрсетілген.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 7-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаты
1-тоқсан		
Білім алушылар:		
	Химия пәні. №1 практикалық жұмыс "Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу"	7.1.1.1 химия ғылымының нені оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну

7.1 Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар	Элемент, қоспа және қосылыс. № 1 зертханалық тәжірибе "Заттар қоспалары мен олардың қосылыстарын салыстыру"	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну; 7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу; 7.4.1.3 элемент(жай зат), қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу; 7.4.1.4 қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдана алу
	Қоспаларды бөлу әдістері. № 2 зертханалық тәжірибе " Ластанған ас тұзын тазарту"	7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу; 7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу
7.1 Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі	Физикалық және химиялық құбылыстар. № 3 зертханалық тәжірибе "Химиялық реакциялардың белгілері"	7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату
	Заттардың агрегаттық күйлері	7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіру
	Салқындау үдерісі № 4 зертханалық тәжірибе " Салқындау үдерісін зерттеу"	7.1.1.5 салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру
	Қыздыру үдерісі № 5 зертханалық тәжірибе "Судың қайнау үдерісін зерттеу"	7.1.1.6 судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру
2-тоқсан		
	Атомдар мен молекулалар	7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу
	Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар	7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу;

7.2 Атомдар Молекулалар Заттар		7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу
	Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар	7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу; 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p+, n0, e-) мен атом ядросының құрамын білу; 7.1.2.7 изотоп түсінігін білу
7.2 Ауа. Жану реакциясы	Ауа. Ауаның құрамы №6 зертханалық тәжірибе " Балауыз шамның жануы"	7.3.1.1ауа құрамын білу; 7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу; 7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну
	Жану үдерісі № 2 практикалық жұмыс/ көрсетілім "Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттекте жануын салыстыру"	7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттекте жақсырақ жанатындығын түсіну; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін білу
3-тоқсан		
7.3 Химиялық реакциялар	Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар. №7 зертханалық тәжірибе " Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау"; №8 зертханалық тәжірибе " Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы"	7.3.4.1 "қышқылдық" және " сабындылық" қасиеттер кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілері болуы мүмкін екендігін білу; 7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін білу; 7.3.4.3 pH шкаласы негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу; 7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну
	Сұйылтылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі.	7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау;

	№9 зертханалық тәжірибе " Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесуі"; №10 зертханалық тәжірибе " Сутекке сапалық реакция"	7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу жәнесутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру
	Сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі. № 3 практикалық жұмыс " Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция"	7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру
7.3 Химиялық элементтердің периодтық кестесі	Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы	7.2.1.1 И. ДҰберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру
	Периодтық кестенің құрылымы	7.2.1.2 периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен периодтар
7.3 Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формула	Салыстырмалы атомдық масса	7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; 7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну; 7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын білу
	Валенттілік. Химиялық формулалар. Қосылыстардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу	7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, биэлементті химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу; 7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу
4-тоқсан		
7.4 Адам ағзасындағы химиялық элементтер	Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 4 практикалық жұмыс "Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау"	7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну; 7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды білужәне анықтай алу

	Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі. №11 зертханалық тәжірибе "Тыныс алу үдерісін зерттеу"	7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) білу; 7.5.1.4 тыныс алу үдерісін түсіндіру
7.4 Геологиялық химиялық қосылыстар	Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Кен құрамы	7.4.2.1 Жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну; 7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын білу; 7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау
№ 8 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері";

№ 5 практикалық жұмыс "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу";

№ 10 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу
"

№ 11 зертханалық тәжірибе "Азот молекуласының моделін дайындау";

№ 12 зертханалық тәжірибе "Аммиак молекуласының моделін дайындау";

№ 6 практикалық жұмыс "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу";

№ 13 зертханалық тәжірибе "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері";

№ 9 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар";

№ 10 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері";

есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша есептеу, бірі зат бастапқы заттардан артық берілген есептер, егер реакция өнімінің практикалық шығымының массалық үлесі белгілі болса, химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, құрамындағы қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы бойынша реакция өнімінің массасын есептеу;

9) "Адам ағзасындағы химиялық элементтер". Адам ағзасының химиялық құрамы, макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы, адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы: (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe), Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы, ағзадағы кейбір элементтерді анықтау, ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы көздері, ауыр металдардың ағзаларға әсері:

№ 14 зертханалық тәжірибе "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау";

№ 15 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау";

№ 3 бақылау жұмысы;

10) "Органикалық химияға кіріспе". Органикалық химия – көміртек қосылыстарының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары, органикалық заттардың ерекшеліктері, органикалық қосылыстардың жіктелуі, функционалдық топ түсінігі, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың номенклатурасы, органикалық қосылыстардың изомериясы:

№ 11 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь,этан қышқылы, глюкоза, аминоэтан қышқылы модельдері";

№ 12 көрсетілім "Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері";

№ 13 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері";

есептеуге берілген есептер: элементтердің массалық үлесі және салыстырмалы тығыздығы бойынша газтәрізді заттардың молекулалық формулаларын табу;

11) "Көмірсутектер. Отын". Көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған көмірсутектер, алкендер, этилен, алкиндер, ацетилен, арендер, бензол,көмірсутектер арасындағы

генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар, табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу, көмірсутектерді өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану, альтернативті отын түрлері, мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің қолдану аймағы:

№ 14 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі";

№ 15 көрсетілім "Отын түрлері";

№ 16 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері";

есептеуге берілген есептер:реакция өнімінің массасы немесе көлемі және белгілі заттың салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттың формуласын анықтау;

12) "Оттекті және азотты органикалық қосылыстар". Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосылыстардың өкілдері, этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы, карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері, көмірсулар, нәруыздар, аминқышқылдары, биологиялық маңызды органикалық қосылыстар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі:

№ 16 зертханалық тәжірибе "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу";

№ 17 зертханалық тәжірибе "Нәруыздардың денатурациясы";

есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда, реакция теңдеуі бойынша органикалық заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, метан, бутан, этанолдың жану реакция теңдеуі бойынша оттектің, ауаның көлемдерін есептеу;

№ 4 бақылау жұмысы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

31. Бағдарламада оқыту мақсаттары қолдануға ыңғайлы болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 9.2.1.2 кодында: "9" – сынып, "2.1." - бөлім мен бөлімше; "2" - оқу мақсатының реттік нөмірі.

32. Оқыту мақсаттарының жүйесі әр сынып бойынша жазылған:

1) заттардың бөлшектері:

Білім алушылар білуі тиіс:

	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Атомдар, иондар және молекулар	7.1.1.1 "Химия" ғылымының нені оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну; 7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу; 7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу; 7.1.1.5 салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру; 7.1.1.6 судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру	8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде мольді және Авогадро санын білу; 8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу	
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу; 7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктей алу;		

1.2 Атом құрамы мен құрылысы	7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу; 7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу; 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p+, n0, e-) мен атом ядросының құрамын білу; 7.1.2.7 "изотоп" түсінігін білу; 7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; 7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну; 7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын білу; 7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, бинарлы химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу; 7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу		
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
		8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп	

1.3 Атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы		энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну; 8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну; 8.1.3.3 s және p орбиталдарының пішінін білу; 8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды –графикалық формулаларын жаза білу; 8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіну; 8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен қосылыстардың формуласын құрастыру	
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.4 Химиялық байланыстардың түрлері		8.1.4.1 электртерістілік ұғымына сүйеніп коваленттi байланыстың түзілуін түсіндіру; 8.1.4.2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау;	9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу; 9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру; 9.1.4.3 құйма ұғымын білу және оның артықшылықтарын түсіндіру; 9.1.4.4 шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 9.1.4.5 галоген молекулала-рының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор

		8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	түрлері мен байланыс типтерін анықтау; 9.1.4.6 аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру; 9.1.4.7 азот қышқылының молекулалық, формуласын білу және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 9.1.4.8 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары:

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
			9.2.1.1 атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.2 сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.3 1 (I) және 2 (II) - топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және химиялық реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.4 кальций оксиді мен гидроксидінің негізгі қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау; 9.2.1.5 атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларынның қолдану аймағын атау;

2.1. Периодтық заң мен химиялық элеметтердің периодтық жүйесі	7.2.1.1 И. ДҰберейнер Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру; 7.2.1.2 периодтық кестенің кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар және периодтар	8.2.1.1 топ , период, атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру; 8.2.1.2 бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіну; 8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру; 8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша элементті сипаттау; 8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элемент-тердің бір топқа жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын білу және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру; 8.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау	9.2.1.6 алюминийдің, оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.7 1 (I), 2 (II), 13 (III) -топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу; 9.2.1.8 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау; 9.2.1.9 хлордың физикалық қасиеттерін сипаттау және металдармен, сутекпен және галогенидтермен реакция теңдеулерін құру ; 9.2.1.10 хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және оның қолдану аясын білу; 9.2.1.11 16 (VI) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау; 9.2.1.12 күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.13 күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 9.2.1.14күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.15азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру;

			9.2.1.16 аммиакты алу және қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру; 9.2.1.17 аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алуды білу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.18 азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру; 9.2.1.19 азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу ; 9.2.1.20 сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру; 9.2.1.21 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.22 фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру; 9.2.1.23 фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.24 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру; 9.2.1.25 кремний және оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру
	7-сынып	8-сынып	9-сынып

2.2 Химиялық реакциялардың жіктелуі	7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру ; 7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру	8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу; 8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау	9.2.2.1 реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құру; 9.2.2.2 бейтараптану және ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру; 9.2.2.3 тотығу дәрежесі ұғымының мәнін түсіндіру және оны заттың формуласы бойынша анықтау; 9.2.2.4 тотығу және тотықсыздану үдерістері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіну; 9.2.2.5 тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіну; 9.2.2.6 тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіну; 9.2.2.7 электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
		8.2.3.1 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару; 8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.4 аттар массасының сақталу заңын білу;	9.2.3.1 әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу; 9.2.3.2 қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың

2.3 Зат массасы ның сақталу заңы		8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу; 8.2.3.6 Авогадро заңын білу және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану; 8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу; 8.2.3.8 газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану	массасы белгілі жағдайда реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу; 9.2.3.3 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу; 9.2.3.4 газтектес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық немесе элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.4 Металдар дың электро химиялық кернеу қатары		8.2.4.1 кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын білу; 8.2.4.2 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау; 8.2.4.3 металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды зерттеу; 8.2.4.4 қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу; 8.2.4.5 металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру; 8.2.4.6металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу; 8.2.4.7 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны	

		анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру; 8.2.4.8 металдардың белсенділік қатарын қолданып металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау	

3) химиядағы энергетика:

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.1 Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар	7.3.1.1ауа құрамын білу; 7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу; 7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну; 7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттекте ауаға қарағанда жақсырақ жанатындығын түсіну; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін білу	8.3.1.1 заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксидтер екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілетінін түсіну; 8.3.1.2 парниктік эффектінің себептерін түсіндіру және шешу жолдарын ұсыну; 8.3.1.3 экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін білу; 8.3.1.4 әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіну; 8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру	
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.2 Химиялық реакциялардың жылдамдығы			9.3.2.1 реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру; 9.3.2.2 реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру; 9.3.2.3 катализатордың реагенттен айырмашылығын және олардың реакция

			жылдамдығына әсерін түсіндіру; 9.3.2.4 реакция жылдамдығына ингибитордың әсерін түсіндіру
3.3 Химиялық тепе-теңдік			9.3.3.1 тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау; 9.3.3.2 Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау; 9.3.3.3 химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіну және ажырату; 9.3.3.4 химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру; 9.3.3.5 аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау
	7.3.4.1 кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің "қышқылдық" және "сабындылық" қасиеттер белгілері	8.3.4.1 заттарды олардың судағы ерігіштігі бойынша жіктеу; 8.3.4.2 заттар ерітінділерінің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру; 8.3.4.3 заттың ерігіштігіне температура әсерін түсіндіру; 8.3.4.4 буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу, алынған нәтижелерді анықтамалық мәндермен салыстыру; 8.3.4.5 еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу; 8.3.4.6 ерітіндідегі заттың молярлық	9.3.4.1 қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция

3.4 Қышқылдар мен негіздер теориясы	болуы мүмкін екендігін білу; 7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортада түстерінің өзгеруін білу; 7.3.4.3 pH шкаланың негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу; 7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну	концентрациясын есептеу ; 8.3.4.7 оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін білу, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.8 қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.9 негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.10 тұздарды алудың әртүрлі әдістерін білу, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.11 тұздардың қасиеттерін, жіктелуін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.12 бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысты зерттеу	теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру; 9.3.4.2 қышқылдар және негіздер,орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау; 9.3.4.3 орта тұз ерітінді-сінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау; 9.3.4.4 орта тұз гидролизінің теңдеуін молекулалық және иондық түрде құрастыру; 9.3.4.5 орта тұз ерітіндісінің реакция ортасын болжау

4) химия және қоршаған орта:

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
			9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын білу және мысалдар келтіру; 9.4.1.2 заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі

4.1 Заттардың жіктелуі	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну; 7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу; 7.4.1.3 элемент (жай зат) қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу; 7.4.1.4 қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдана алу; 7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу; 7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу		химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру; 9.4.1.3 иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру; 9.4.1.4 электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын білу; 9.4.1.5 ерітінділердің қышқылдылығы мен сілтілігін ажырату; 9.4.1.6 қышқыл, негіз, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру; 9.4.1.7 күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу; 9.4.1.8 Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2+, Ba2+, Cu2+ металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау; 9.4.1.9 Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарына сапалық реакция жүргізу; 9.4.1.10 хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат-иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап, нәтижесін сипаттау; 9.4.1.11 белгісіз заттардағы катион мен аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру

4.2 Жер химиясы	7.4.2.1 жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну; 7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын түсіну; 7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау; 7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын білу; 7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерделеу	8.4.2.1 сутекті алу және оның қасиеттері мен қолдануын зерттеу; 8.4.2.2 ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін білу; 8.4.2.3 оттекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу; 8.4.2.4 оттектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 8.4.2.5 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру; 8.4.2.6 судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру; 8.4.2.7 табиғаттағы су айналымын түсіндіру; 8.4.2.8 судың ластану қауіптілігін және салдарын анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру; 8.4.2.9 судың "кермектігін" анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру; 8.4.2.10 суды сусыз мыс (II) сульфатын қолданып анықтау тәсілін білу; 8.4.2.11 табиғаттағы және тірі ағзалар қызметі мен адамның тіршілігіндегі жүретін химиялық реакцияларды сипаттау	9.4.2.1 қышқылдық жаңбырлардың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру; 9.4.2.2 фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын атау; 9.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді білу; 9.4.2.4 азот және фосфор тыңайтқыш-тарының қоршаған ортаға әсерін оқып білу; 9.4.2.5 Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру процестерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 9.4.2.6 кеннен металды алу үдерісін сипаттау
			9.4.3.1 органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себептерін түсіндіру; 9.4.3.2 көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдарының жіктелуін білу;

			9.4.3.3 функционалдық топ түсінігін берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру; 9.4.3.4 гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты білу; 9.4.3.5 органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану; 9.4.3.6 көмірсутектердің құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыра алужәне изомерия құбылысын білу; 9.4.3.7 алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.8 еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру; 9.4.3.9 қанықпағандық ұғымын сипаттау; 9.4.3.10 этен мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.11 полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру; 9.4.3.12 пластиктің ыдырау мерзімінің
		8.4.3.1 көміртек неліктен көптеген қосылыстарында төрт байланыс түзетінін түсіндіру;	

4.3 Көміртек және оның қосылыстары		8.4.3.2 табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуын сипаттау; 8.4.3.3 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылысын және қасиеттерін салыстыру; 8.4.3.4 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттеу; 8.4.3.5 көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 8.4.3.6 көміртек жанған кезде көміртек диоксиді мен көміртек монооксидінің түзілу жағдайларын сипаттау және тірі ағзаға иіс газының физиологиялық әсерін түсіндіру; 8.4.3.7 көмір-қышқыл газын алу, оны анықтау және қасиеттерін зерттеу; 8.4.3.8 өміртегінің табиғаттағы айналымын құру және түсіндіру	ұзақтық мәселесін түсіну және оқып білу, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу; 9.4.3.13 этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.14 бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау; 9.4.3.15 құрамында көміртек бар қосылыстардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін білу және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау; 9.4.3.16 Қазақсатандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 9.4.3.17 мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау; 9.4.3.18 оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу; 9.4.3.19 спирттердің жіктелуін метанол мен этанолдың, қолданылуын, этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру; 9.4.3.20 метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру; 9.4.3.21 этиленгликоль мен глицериннің

			физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу; 9.4.3.22 карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау; 9.4.3.23 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру; 9.4.3.24 сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу; 9.4.3.25 синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 9.4.3.26 көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру; 9.4.3.27 нәруыздағы а-аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 9.4.3.28 нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу; 9.4.3.29 нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

5) химия және өмір:

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.1 Биохимия	7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардыңжиынтығы деп түсіну; 7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды білу және анықтай алу;		9.5.1.1 адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe); 9.5.1.2 Қазақстан тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру; 9.5.1.3 кальций мен темірдің адам

	7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) білу; 7.5.1.4 тыныс алу үдерісін түсіндіру		ағзасындағы рөлін түсіндіру; 9.5.1.4 тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау; 9.5.1.5 қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау және олардың ағзаларға әсерін түсіндіру

33. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

34. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына (төмендетілген оқу жүктемесімен) сәйкес іске асырылады.

Ұзақ мерзімді жоспарда әр бөлімде жүзеге асырылатын оқу мақсаттарының көлемі көрсетілген.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар (төмендетілген оқу жүктемесімен)

1) 7-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаты
1-тоқсан		
Білім алушылар:		
7.1 Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар	Химия пәні. №1 практикалық жұмыс "Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу"	7.1.1.1 химия ғылымының нені оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну
	Элемент, қоспа және қосылыс. № 1 зертханалық тәжірибе "Заттар қоспалары мен олардың қосылыстарын салыстыру"	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну; 7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу; 7.4.1.3 элемент(жай зат), қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу; 7.4.1.4 қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдана алу

	Қоспаларды бөлу әдістері. № 2 зертханалық тәжірибе " Ластанған ас тұзын тазарту"	7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу; 7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу
7.1 Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі	Физикалық және химиялық құбылыстар. № 3 зертханалық тәжірибе "Химиялық реакциялардың белгілері"	7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату
	Заттардың агрегаттық күйлері	7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіру
	Салқындау үдерісі № 4 зертханалық тәжірибе " Салқындау үдерісін зерттеу"	7.1.1.5 салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру
	Қыздыру үдерісі № 5 зертханалық тәжірибе "Судың қайнау үдерісін зерттеу"	7.1.1.6 судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру
2-тоқсан		
7.2 Атомдар Молекулалар Заттар	Атомдар мен молекулалар	7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу
	Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар	7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу
	Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар	7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу; 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p+, n0, e-) мен атом ядросының құрамын білу; 7.1.2.7 изотоп түсінігін білу
	Ауа. Ауаның құрамы №6 зертханалық тәжірибе " Балауыз шамның жануы"	7.3.1.1ауа құрамын білу; 7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу;

		7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну
7.2 Ауа. Жану реакциясы	Жану үдерісі № 2 практикалық жұмыс/ көрсетілім "Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттекте жануын салыстыру"	7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттекте жақсырақ жанатындығын түсіну; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін білу
3-тоқсан		
7.3 Химиялық реакциялар	Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар. №7 зертханалық тәжірибе " Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау"; №8 зертханалық тәжірибе " Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы"	7.3.4.1 "қышқылдық" және " сабындылық" қасиеттер кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілері болуы мүмкін екендігін білу; 7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін білу; 7.3.4.3 pH шкаласы негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу; 7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну
	Сұйылтылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі. №9 зертханалық тәжірибе " Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесуі"; №10 зертханалық тәжірибе " Сутекке сапалық реакция"	7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу жәнесутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру
	Сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі. № 3 практикалық жұмыс " Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция"	7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру
		7.2.1.1 И. ДҰберейнер, Дж. Ньюлендс,

7.3 Химиялық элементтердің периодтық кестесі	Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы	Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру
	Периодтық кестенің құрылымы	7.2.1.2 периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен периодтар
7.3 Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формула	Салыстырмалы атомдық масса	7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; 7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну; 7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын білу
	Валенттілік. Химиялық формулалар. Қосылыстардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу	7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, биэлементті химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу; 7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу
4-тоқсан		
7.4 Адам ағзасындағы химиялық элементтер	Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 4 практикалық жұмыс "Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау"	7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну; 7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды білужәне анықтай алу
	Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі. №11 зертханалық тәжірибе "Тыныс алу үдерісін зерттеу"	7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) білу; 7.5.1.4 тыныс алу үдерісін түсіндіру
7.4 Геологиялық химиялық қосылыстар	Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Кен құрамы	7.4.2.1 Жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну; 7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын білу; 7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау
		7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи

	Қазақстанның пайдалы қазбалары Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері	ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын білу; 7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерделеу

2) 8-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырып/ Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі мазмұны	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
8.1 Атомдағы электрондардың қозғалысы	Атомда электрондардың таралуы	8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну
	Энергетикалық деңгейлер. № 1 зертханалық тәжірибе " Атомдар модельдерін жасау"	8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну; 8.1.3.3 s және p орбиталдарының пішінін білу; 8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды графикалық формуларын жаза білу
	Иондардың түзілуі	8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіну
	Қосылыстар формуласын құрастыру	8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен қосылыстардың формуласын құрастыру
8.1 Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері	Химиялық формулалар бойынша есептеулер	8.2.3.1 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару
	Химиялық реакция теңдеулерін құру. Зат масссасының сақталу заңы. № 1 көрсетілім "Зат массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе"; № 2 зертханалық тәжірибе " Әрекеттесуші заттардың қатынасы "	8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.4 заттар массасының сақталу заңын білу
	Химиялық реакция типтері	8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу

	Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар	8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау
8.1 Металдар белсенділігін салыстыру	Металдардың оттекпен және сумен әрекеттесуі. № 2 көрсетілім "Белсенді металдардың салқын және ыстық сумен әрекеттесуі"	8.2.4.1 кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын білу; 8.2.4.2 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау; 8.2.4.3 металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды зерттеу
	Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі. № 3 зертханалық тәжірибе " Металдардың қышқылдар ерітінділерімен әрекеттесуі"	8.2.4.4 қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу; 8.2.4.5 металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру
	Металдардың тұз ерітінділерімен реакциялары. № 3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру"	8.2.4.6 металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу
	Металдардың белсенділік қатары. № 1 практикалық жұмыс " Металдардың белсенділігін салыстыру"	8.2.4.7 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру; 8.2.4.8 металдардың белсенділік қатарын қолданып металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау
2-тоқсан		
8.2 Зат мөлшері	Зат мөлшері. Моль. Авогадро саны. Заттардың молярлық массасы	8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде –мольді білу және Авогадро санын білу; 8.1.1.2 қосылыстың молярлық массасын есептей алу
	Масса, молярлық масса және зат мөлшері арасындағы байланыс	8.1.1.3 масса, зат мөлшері және құрылымдық бөлшектер санын есептеу
8.2	Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару	8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша заттың массасын, зат мөлшерін есептеу
	Авагадро заңы. Молярлық көлем	8.2.3.6 Авогадро заңын білу және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану

Стехиометриялық есептеулер	Газдардың салыстырмалы тығыздығы. Көлемдік қатынас заңы	8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу; 8.2.3.8 газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану
8.2 Химиялық реакциядағы энергиямен танысу	Отынның жануы және энергияның бөлінуі	8.3.1.1 заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксид екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілетінін түсіну; 8.3.1.2 парниктік эффекттің себептерін түсіндіру және шешу жолдарын ұсыну
	Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар. № 4 зертханалық тәжірибе " Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар"	8.3.1.3 экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін білу; 8.3.1.4 әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсер ету салдарын түсіну
	Термохимиялық реакциялар	8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
8.2 Сутек. Оттек және озон	Сутек, алынуы, қасиеттері және қолданылуы. № 2 практикалық жұмыс "Сутекті алу және оның қасиеттерін тану"	8.4.2.1 сутекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерделеу
	Оттек, алынуы, қасиеттері, қолданылуы. № 4 көрсетілім "Сутек пероксидінің ыдырауы"; № 3 практикалық жұмыс "Оттекті алу және оның қасиеттерін тану"	8.4.2.2 ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін білу; 8.4.2.3 оттекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу
	Оттек және озон	8.4.2.4 оттектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 8.4.2.5 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру
3-тоқсан		
	Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы	8.2.1.1 топ, период, атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру
	Химиялық элемент атомдарының қасиеттері мен кейбір	8.2.1.2 бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіну;

8.3 Химиялық элементтердің периодтық жүйесі	сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі	8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің заңдылықпен өзгеретінін түсіндіру
	Периодтық жүйедегі орны бойынша элементтің сипаттамасы	8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша химиялық элементті сипаттау
	Химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері	8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің бір топқа жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын білу және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру
	Металдар және бейметалдар	9.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау
8.3 Химиялық байланыс түрлері	Электртерістілік. Коваленттi байланыс	8.1.4.1 электртерістілік ұғымы негізінде атомдар арасындағы коваленттi байланыстың түзілуін түсіндіру
	Иондық байланыс	8.1.4.2 иондық байланыстың түзілу механизмін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау
	Кристалдық тор түрлері, байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс	8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру
	Заттардың суда еруі. № 5 зертханалық тәжірибе " Заттардың ерігіштігін зерттеу"	8.3.4.1 заттарды судағы ерігіштігі бойынша жіктеу; 8.3.4.2 ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру
	Заттардың ерігіштігі. № 4 практикалық жұмыс "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері"	8.3.4.3 заттың ерігіштігіне температураның әсерін түсіндіру; 8.3.4.4 буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу, алынған нәтижелерді анықтамалық мәндермен салыстыру
	Еріген заттың массалық үлесі	8.3.4.5 еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу
	Ерітіндідегі заттардың молярлық концентрациясы. № 5 практикалық жұмыс " Пайыздық және молярлық	8.3.4.6 ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу

8.3 Ерітінділер және ерігіштік	концентрациялары берілген ерітінділерді дайындау"	
4-тоқсан		
8.4 Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары. Генетикалық байланыс	Оксидтер. № 6 зертханалық тәжірибе " Оксидтердің қасиеттерін зерттеу"	8.3.4.7 оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін білу, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Қышқылдар. № 7 зертханалық тәжірибе " Қышқылдардың қасиеттерін зерттеу"	8.3.4.8 қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Негіздер. № 8 зертханалық тәжірибе " Негіздердің қасиеттерін зерттеу"	8.3.4.9 негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Тұздар. № 9 зертханалық тәжірибе " Тұздардың қасиеттері және алынуы"	8.3.4.10 тұздарды алудың әртүрлі әдістерін білу, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру 8.3.4.11 тұздардың қасиеттерін, жіктелуін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Бейорганикалық қосылыстар арасындағы генетикалық байланыс	8.3.4.12 бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысты зерттеу
8.4 Көміртек және оның қосылыстары	Көміртектің жалпы сипаттамасы	8.4.3.1 көміртек неліктен көптеген қосылыстарында төрт байланыс түзетінін түсіндіру; 8.4.3.2 табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуын сипаттау
	Көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері	8.4.3.3 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылысын және қасиеттерін салыстыру; 8.4.3.4көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттеу
	Көміртектің қасиеттері. № 6 практикалық жұмыс " Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері". Көміртектің оксидтері.	8.4.3.5 көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 8.4.3.6 көміртек жанған кезде көміртек диоксиді мен көміртек монооксидінің түзілу жағдайларын сипаттау және тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсерін түсіндіру;

	№ 7 практикалық жұмыс " Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттерін зерттеу"	8.4.3.7 көмірқышқыл газын ала алу, оны анықтау және қасиеттерін зерттеу; 8.4.3.8 көміртектің табиғаттағы айналымын құру және түсіндіру
8.4 Су	Табиғаттағы су	8.4.2.6 судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру; 8.4.2.7 судың табиғаттағы айналымын түсіндіру
	Судың ластану себептері. Судың кермектігі. № 10 зертханалық тәжірибе " Судың кермектігін анықтау"	8.4.2.8 судың ластануының қауіптілігі мен себебін анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру; 8.4.2.9 судың "кермектігін" анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру; 8.4.2.10 суды сусыз мыс (II) сульфатын қолданып анықтау тәсілін білу

3) 9-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі мазмұны	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
9.1 Электролиттік диссоциация	Электролиттер мен бейэлектролиттер. № 1 көрсетілім "Иондық және коваленттi полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы"	9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын білу және мысалдар келтіру; 9.4.1.2 заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру
	Электролиттік диссоциациялану теориясы	9.4.1.3 электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын білу; 9.4.1.4 иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру
	Қышқыл, негіз, тұздардың электролиттік диссоциациясы. № 1 зертханалық тәжірибе " Қышқыл, сілті ерітінділерінің pH анықтау"	9.4.1.5 ерітіндінің қышқылдығы мен сілтілігін ажырату; 9.4.1.6 қышқыл, сілті, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру
	Диссоциациялану дәрежесі. Күшті және әлсіз электролиттер	9.4.1.7 күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу

	№ 1 практикалық жұмыс "Ион алмасу реакциялары"	9.2.2.1 алмасу реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру; 9.2.2.2 ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру
	Электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз, тұздардың химиялық қасиеттері	9.3.4.1 қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру; 9.3.4.2 қышқылдар және негіздер, орта тұздар-дың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау
	Тұздар гидролизі. № 2 зертханалық тәжірибе "Тұздар гидролизі"	9.3.4.3 орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау; 9.3.4.4 орта тұз гидролизінің теңдеуін молекулалық және иондық түрде құрастыру; 9.3.4.5 орта тұз ерітіндісінің реакция ортасын болжау
9.1 Бейорганикалық қосылыстардың сапалық талдауы	Катиондарға сапалық реакциялар. № 3 зертханалық тәжірибе "Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2+, Ba2+, Cu2+ катиондарын жалын түсінің боялуы бойынша анықтау"; № 4 зертханалық тәжірибе "Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарына сапалық реакциялар"	9.4.1.8 Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2+, Ba2+, Cu2+ металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау; 9.4.1.9 Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарын анықтау үшін сапалық реакция жүргізу
	Аниондардың сапалық реакциялары. № 5 зертханалық тәжірибе "Сулы ерітіндідегі Cl–, Br–, I–, PO43–, SO42–, CO32–, NO3–, SiO32- аниондарын анықтау"	9.4.1.10 хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап нәтижесін сипаттау
	№ 2 практикалық жұмыс " Бейорганикалық қосылыстар құрамынының сапалық талдауы"	9.4.1.11 белгісіз заттардағы катион және аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру
	Есептер шығару "Әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер"	9.2.3.1 әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу
	Химиялық реакциялардың жылдамдығы.	

9.1 Химиялық реакция жылдамдығы	Химиялық реакциялар жылдамдығына әсер ететін факторлар. № 2 көрсетілім "Әртүрлі реакциялар жылдамдығы"; № 6 зертханалық тәжірибе " Реакция жылдамдығына температура, концентрация мен бөлшектер өлшемінің әсері"	9.3.2.1 реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру; 9.3.2.2 реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
	Катализаторлар. Ингибиторлар. № 3 практикалық жұмыс "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері"	9.3.2.3 катализатордың реагенттен айырмашылығын және реакция жылдамдығына әсерін түсіндіру; 9.3.2.4 реакция жылдамдығына ингибитордың әсерін түсіндіру
9.1 Қайтымды реакциялар	Қайтымды және қайтымсыз химиялық реакциялар. Химиялық тепе-теңдік. № 3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар "; № 7 зертханалық тәжірибе "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы "	9.3.3.1 қайтымды және қайтымсыз реакцияларды біл; 9.3.3.2 тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау және Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау; 9.3.3.3 химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіну және ажырату; 9.3.3.4 химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
2-тоқсан		
9.2 Тотығу-тотықсыздану реакциялары	Тотығу дәрежесі. Тотығу және тотықсыздану	9.2.2.3 тотығу дәрежесін табудың ережесін білу және қолдану; 9.2.2.4 тотығу және тотықсыздану үдерістері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіну
	Тотығу-тотықсыздану реакциялары	9.2.2.5 тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіну; 9.2.2.6 тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіну
	Электрондық баланс әдісі	9.2.2.7 электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою
		9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып

9.2 Металдар мен құймалар	Металдардың жалпы сипаттамасы. № 4 көрсетілім "Металдардың кристалдық тор модельдері"	металдардың қасиетін түсіндіре алу; 9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру
	Металдар құймалары. № 5 көрсетілім "Металдар және құймалар"	9.1.4.3 құйма ұғымын және оның артықшылықтарын білу; 9.1.4.4 шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 9.4.2.5 Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру үдерістерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Металдарды алу	9.4.2.6 кеннен металды алу үдерісін сипаттау
	Есептер шығару "Реакция теңдеуі бойынша қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда зат массасын есептеу"	9.2.3.2 қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу
9.2 1 (I), 2 (II) және 13 (III) топ элементтері және олардың	1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары. № 6 көрсетілім "Натрийдің сумен әрекеттесуі"	9.2.1.1 атом құрылысы негізінде сілтілік металдардыңжалпы қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.2 сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	2 (II)-топ металдары және олардың қосылыстары. № 8 зертханалық тәжірибе " Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі"	9.2.1.3 1 (I)- ші және 2 (II)топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.4 кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау
	13 (III)-топ металдары. Алюминий және оның қосылыстары. № 7 көрсетілім "Алюминий мен оның құймалары"; № 9 зертханалық тәжірибе " Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі"	9.2.1.5 атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларынның қолдану аймағын атау; 9.2.1.6 алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу
		9.2.1.7 1 (I), 2 (II), 13 (III) –топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне

қосылыстары	№ 4 практикалық жұмыс " Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару	байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу
3-тоқсан		
	Галогендер	9.1.4.5 галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрі мен байланыс типін анықтау; 9.2.1.8 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау
	Хлор	9.2.1.9 хлордың химиялық қасиеттерін сипаттау: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі
	Хлорсутек қышқылы. № 10 зертханалық тәжірибе " Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу"	9.2.1.10 хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және қолдану аясын білу
	16 (VI)-топ элементтері. Күкірт. № 8 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері"	9.2.1.11 16 (VI)-топ элементтерінің жалпы қасиетін сипаттау; 9.2.1.12 күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру
	Күкірттің қосылыстары	9.2.1.13 күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 9.4.2.1 қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру;
	Күкірт қышқылы және оның тұздары. № 5 практикалық жұмыс " Сұйылтылған күкірт қышқылы	9.2.1.14 күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық

	ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу"	және химиялық қасиеттерін зерттеу
	Есеп шығару. Теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімі шығымының массалық/көлемдік үлестеріне есептеулер"	9.2.3.3 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу
	Азот.№ 11 зертханалық тәжірибе " Азот молекуласының моделі"	9.2.1.15 азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру
9.3 17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV)-топ элементтері және олардың қосылыстары	Аммиак. № 12 зертханалық тәжірибе " Аммиак молекуласының моделі"	9.1.4.6 аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формуласын түсіндіру
	Аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы. № 6 практикалық жұмыс " Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу". Аммиак өндірісі	9.2.1.16 аммиакты ты алуды қасиеттерін мен қолданылуын түсіндіру; 9.2.1.17 аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алуды білу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 9.3.3.5 аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау
	Азот қышқылы. № 13 зертханалық тәжірибе "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері"	9.1.4.7 азот қышқылының молекулалық, формулаларын білу және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 9.2.1.18 азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру; 9.2.1.19 азот қышқылының басқа қышқылдар-мен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу
	Азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері	9.2.1.20 сұйылтылғанжәне концентрлі азот қышқылының металмен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.21 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру
	Фосфор және оның қосылыстары	9.2.1.22 фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру; 9.4.2.2 фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын атау;

		9.2.1.23 фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру
	Минералды тыңайтқыштар. № 9 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар"	9.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді атау; 9.4.2.4 азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсерін зерделеу
	Кремний және оның қосылыстары . № 10 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торының модельдері"	9.2.1.24 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру; 9.1.4.8 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор түрін сипаттау; 9.2.1.25 кремний мен оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру
9.3 Адам ағзасындағы химиялық элементтер	Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және олардың маңызы	9.5.1.1 адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe); 9.5.1.2 Қазақстанның тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру
	Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау. № 14 зертханалық тәжірибе " Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау"; № 15 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау"	9.5.1.3 адам ағзасындағы кальций мен темірдің ролін түсіндіру; 9.5.1.4 тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау
	Ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы	9.5.1.5 қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау және олардың ағзаларға әсерін түсіндіру
4-тоқсан		
	Органикалық заттардың ерекшеліктері	9.4.3.1 органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себебін түсіндіру
		9.4.3.2 көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер,

9.4 Органикалық химияға кіріспе	Органикалық қосылыстардың жіктелуі. № 11 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь,этан қышқылы, глюкоза, аминоэтан қышқылы модельдері"	альдегидтер, карбон қышқылдары, көмірсулар, аминқышқылдарының жіктелуін білу; 9.4.3.3 функционалдық топ түсінігін, берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру
	Органикалық қосылыс-тардың гомологтық қатарлары. № 12 көрсетілім "Алкандардың алғашқы бес өкілінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері"	9.4.3.4 гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты білу
	Органикалық қосылыстардың номенклатурасы	9.4.3.5 органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер,альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану
	Органикалық қосылыстардың изомериясы. № 13 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері"	9.4.3.6 изомерия құбылысын білу және көмірсутектер құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыру
	Есеп шығару "Элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздық бойынша газ тектес заттардың молекулалық формуласын табу"	9.2.3.4 газтектес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық пен элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау
	Алкандар	9.4.3.7 алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.8 еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру
	Алкендер. № 14 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі"	9.4.3.9 қанықпағандық ұғымын сипаттау; 9.4.3.10 этен мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.11 полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру;

9.4 Көмірсутектер. Отын		9.4.3.12 пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін түсіну және оқып білу, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу
	Алкиндер	9.4.3.13 этин мысалында алкиндердің химия-лық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу
	Ароматты көмірсутектер. Бензол	9.4.3.14 бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау
	Көмірсутекті отындар. № 15 көрсетілім "Отын түрлері"	9.4.3.15 құрамында көміртек бар қосылыстардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін білу және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау; 9.4.3.16 Қазақсатандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Мұнай. № 16 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері"	9.4.3.17 мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау
9.4 Оттекті және азотты органикалық қосылыстар	Оттекті органикалық заттар. Спирттер	9.4.3.18 оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу; 9.4.3.19 спирттердің жіктелуін, метанол мен этанолдың қолданылуын, этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру; 9.4.3.20 метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру; 9.4.3.21 этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу
	Карбон қышқылдары. № 16 зертханалық тәжірибе "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу "	9.4.3.22 карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау
	Күрделі эфирлер мен майлар	9.4.3.23 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру

	Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар	9.4.3.24 сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу; 9.4.3.25 синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Көмірсулар	9.4.3.26 көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру
	Амин қышқылдары. Нәруыздар. № 17 зертханалық тәжірибе "Нәруыздардың денатурациясы"	9.4.3.27 нәруыздағы а-аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 9.4.3.28 нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу; 9.4.3.29 нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
59-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Биология" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 59-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Биология" пәнінің мақсаты – оқушыларға органикалық дүниенің көптүрлілігі, ондағы болып жатқан құбылыстар мен үдерістердің заңдары мен заңдылықтары, сонымен қатар адам оның ажырамас бөлігі туралы білім мен түсінік жүйелерін беру.

3. Оқу пәнінің міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі

патшылықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін асыру;

2) экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;

3) генетикалық сауаттылықты қалыптастыру - салауатты өмір салты негіздері, психикалық, тән және моральдық денсаулық сақтау;

4) оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту, биологиялық білімдерін практикада қолдануға ұмтылу, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнология, экологиялық менеджмент және қоршаған ортаны қорғау саласындағы практикалық іс-шараларға қатысу.

2-тарау. "Биология" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Биология" оқу пәнінің мазмұны

4. "Биология" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Биология" оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған.

6. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

7. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері;

2) Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму;

3) Ағза мен қоршаған орта;

4) Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар.

8. "Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Тірі ағзалардың көптүрлілігі;

2) Қоректену:

3) Заттардың тасымалдануы;

4) Тыныс алу;

5) Бөліп шығару;

6) Қозғалыс;

7) Координация және реттелу.

9. "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Көбею;
2) Жасушалық айналым;
3) Өсу және даму;
4) Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары;
5) Эволюциялық даму мен селекция негіздері.
10. "Ағза мен қоршаған орта" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) Биосфера, экожүйе, популяция;
2) Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері.
11. "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) Молекулалық биология мен биохимия;
2) Жасушалық биология;
3) Микробиология және биотехнология;
4) Биофизика.

12. 7-сыныпқа арналған "Биология" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) "Экожүйелер". Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, pH, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар,өсімдіктер). Зертханалық жұмыс: "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)". Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру". Экологиялық сукцессиялар: Бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы. Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор. Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері. Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері.

2) "Тірі ағзаларды жүйелеу". Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы. Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер. Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану.

3) "Жасушалық биология". Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға.

4) "Су және органикалық заттар". Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы , еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылу сыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі рөлі. Зертханалық жұмыс "Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу". Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний,

кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс: "Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу". Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор,). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы).

5) "Заттардың тасымалдануы". Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі. Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс: "Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу". Зертханалық жұмыс: "Тамыр аймақтарын зерттеу". Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері. Жануарлардағы қанайналым мүшелері : буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар.

6) "Тірі ағзалардың қоректенуі". Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың булануы мен газдардың алмасуы. Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс: "Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу".

7) "Тыныс алу". Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тынысалу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар. Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тыныс алуы мысалында. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу". Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу: "Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тыныс алу жүйесі мүшелерін салыстыру". Тыныс алу мүшелері. Адамның тыныс алу жолдарының құрылысы мен газ алмасу мүшелері. Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары (өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау).

8) "Бөліп шығару". Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері. Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу". Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру.

9) "Қозғалыс". Өсімдіктердің қозғалысы. Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың

бейімделуі. Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыс тәсілдері арасындағы байланыстарды анықтау.

10) "Координация және реттелу". Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктәрізді. Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері. Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары. Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс: "Тізе рефлексі". Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғаты: шартсыз және шартты рефлекстер. Шартты рефлекстердің сөнуі. Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі. Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері. Жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері.

11) "Тұқымқуалау мен өзгергіштік". Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНҚ) рөлі. Жүре пайда болған және тұқым қуалайтын белгілер. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНҚ) жайлы түсінік. Модельдеу " Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу".

Әртүрлі ағза түрлерінің хромосомалар саны. Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны.

12) "Көбею". Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы. Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен. Зертханалық жұмыс: " Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері". Гүл құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану. Тозаңдану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы.

13) "Өсу және даму". Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс: "Жылдық сақинаны санау". Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Модельдеу " Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру".

14) "Микробиология және биотехнология". Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс: "Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру". Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары. Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс: "Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу". Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс: "Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу". Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері.

13. 8-сыныпқа арналған "Биология" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) "Жасушалық биология". Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі. Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль. Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшық ет, жүйке. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу". Зертханалық жұмыс: "Жануарлар ұлпаларын жіктеу".

2) "Молекулалық биология". Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық. Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасұнық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз. Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері.

3) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі". Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау. Балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақтәрізділер, ашық тұқымдылар және жабық тұқымдылар. Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар. Зертханалық жұмыс: "Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу". Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама. Демонстрация "Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау".

4) "Қоректену". Жауын құртының, сиырдың және адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу "Адамның, сиырдың және жауынқұртының" асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру. Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның ас қорыту жолдарының құрылысы. Ас қорыту бездері . Ас қорыту мүшелерінің қызметі. Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу. Дәрумендер және олардың

маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, В1 авитаминоздағы бери-бери ауруы, С авитаминоздағы қырқұлақ, Д авитаминоздағы мешел аурулары. Зертханалық жұмыс: "Тағамдық заттар құрамынан С дәрумендi анықтау.

5) "Заттардың тасымалдануы". Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы. Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер , тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық. " Әртүрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу" зертханалық жұмысы Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру. Иммунитет. Гуморальдық және жасушалық иммунитет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т – және В- лимфоциттердің әрекет етуі. Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес (ұшық). Иммунитет. Иммунитеттің түрлері: туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет. Екпенің (вакцина) түрлері және оның жасанды иммунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу. Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт. Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қан тамырларының құрылысы мен қызметі. Қан тамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі. Зертханалық жұмыс: "Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу". Жүрек - қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау.

6) "Тыныс алу". Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы. Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі. Тыныс алудың минуттық көлемі. Әртүрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тыныс алу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс: "Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу".

7) "Бөліп шығару". Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несепағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліп шығару және сүзу мүшелері. Бүйректің құрылысы (қыртысты және милы қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері

). Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі. Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері). Белгілері мен алдын алу шаралары.

8) "Қозғалыс". Адам қаңқасының құрылысы. Тірек – қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі. Сүйектің макро - және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс: "Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы". Демонстрация "Сүйектің химиялық құрамы". Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы. Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі. Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс: "Бұлшық ет ұлпаларының құрылысын зерттеу" Адам денесінің бұлшық еттерін жіктеу. Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары.

9) "Биофизика". Тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты бұлшық еттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер.

10) "Координация және реттелу". Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс: "Көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу". Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу" (құлақтың есту қабілетін анықтау). Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс: "Соқыр дақты анықтау, түстердің аралсуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі". " Гормондар", "Гуморальдық реттелу" ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар. Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция). Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморецепторлар, механорецепторлар, ноцицепторлар) Зертханалық жұмыс: "Тері сезімталдығын зерттеу". Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің рөлі. Температураға сезімталдық. Терморецепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі.

11) "Көбею". Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы. Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею. Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит. Ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі.

12) "Өсу және даму". Эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гаструла, нейрула. Ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануы. Органогенез.

13) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс. Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері. Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары. Қазақстан аумағында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер.

14) "Биосфера, экожүйе, популяция". Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру". Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және r стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарым-қатынас түрі. Популяция санының өзгеруі. Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарым-қатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі.

15) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Адамның табиғаттағы рөлі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік Тұқым қоры. Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары.

14. 9-сыныпқа арналған "Биология" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) "Жасушалық биология". Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері. Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микрометр-нанометр). Модельдеу "Микрофотографияларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу".

2) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе". Әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс: "Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті жердің) анықтау". Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы. Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері. Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі.

3) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Пестицидтердің қоршаған орта мен адам

денсаулығына әсері. Жылыжай эффктісі (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері.

4) "Қоректену". Ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару. Ферменттердің әсер ету механизмі. Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс: "Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, pH) әсерін зерттеу". Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс "Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу".

5) "Заттар тасымалы". Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалуы. Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс: "Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды (температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс: "Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (сірқабық (кутикула) мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері". Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық.

6) "Тыныс алу". Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыны салу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділіктері. Аэробты, анаэробты тынысалу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тынысалуға физикалық жүктемелердің әсері.

7) "Бөліп шығару". Нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафильтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Фильтрация мен кері фильтрацияның себептері. Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар (кариес, іріңді ангина. Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары. Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы.

8) "Координация және реттелу". Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу "Жүйке ұлпаларын зерттеу". Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу". Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлі

мүшелер. Тыныс алу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі. Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі. Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері. Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс: "Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу".

9) "Қозғалыс". Бұлшық еттің жұмысы. Демонстрация "Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшық ет қозғалысын реттеу". Зертханалық жұмыс: "Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу".

10) "Молекулалық биология". Дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНҚ) молекулалық құрылысының принцптері: нуклеотидтердің комплементарлылығы. Модельдеу " Дезоксирибонуклеин қышқы (ДНҚ) молекуласын құру".

11) "Жасушалық цикл". Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: Gl, S және G2. Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс: "Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу". Мейоз. Мейоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу "Мейоз кезеңдерін зерттеу".

12) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Г.Мендель анықтаған белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтары. Тұқым қуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі. Тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гамета тазалығы заңы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы. Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм . Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор. Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру. Модельдеу " Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру". Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауылшаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары.

13) "Микробиология және биотехнология". Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында). Инсулин өндірісі.

14) "Көбею". Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі. Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу. Менструалдық цикл. Менструалдық циклдағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы. Контрацепция түрлері, жыныстық жолмен

берілетін аурулар: Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары.

15) "Өсу және даму". Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы. Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері

16) "Эволюциялық даму". Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы. Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинтивтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түрішілік, түраралық). Модельдеу "Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)". "Түр" ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері.

Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

15. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлылығы үшін кодтау енгізілді . Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны .

1) Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері:

Білім алушылар білуі тиіс:			
Бөлім	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Тірі ағзалар дың көптүрлілігі	7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 жүйеленуде тірі ағзалардың орынын анықтау; 7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау; 7.1.1.4 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану	8.1.1.1 балдырлар мүктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар мысалында өсімдік-тердің ерекшеліктерін сипаттау; 8.1.1.2 саңырауқұ-лақтардың ерекшелік белгілерін сипаттау; 8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату,	9.1.1.1 әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлы номенклатураны қолдану ; 9.1.1.2 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері

		8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану	бойынша танып білу (анықтағыш бойынша)
2. Қоректену	7.1.2.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және құрылысы мен оның қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру	8.1.2.1 омыртқасыз-дар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру	9.1.2.1 адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау
	7.1.2.2 фотосинтез үдерісі үшін қажетті жағдайларды зерттеу	8.1.2.2 әртүрлі типті тістердің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланы-сын және тісті күту ережелерін сипаттау ; 8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 8.1.2.4 ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау; 8.1.2.5 адам ағза-сындағы дәрумендер-дің маңыздылығын сипаттау; 8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау; 8.1.2.7 азық- түлік құрамындағы С дәруменін анықтау	9.1.2.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату; 9.1.2.3 ферменттердің белсенділігіне әсер ететін әр түрлі жағдайларды (температура, pH) зерттеу; 9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу
	7.1.3.1 тірі ағзалардағы қоректік заттардың	8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау; 8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу, 8.1.3.3 лейкоцит-тердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау; 8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру;	

3. Заттардың тасымалда-нуы	тасымалының маңызын түсіндіру; 7.1.3.2 өсімдіктерде заттардың тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу; 7.1.3.3 сабақ пен тамырдың ішкі құрылысын зерттеу; 7.1.3.4 сабақ және тамырдың құрылысы мен қызметтерінің өзара байланысын сипаттау; 7.1.3.5 ксилема мен флоэма элементтерінің құрылысын салыстыру; 7.1.3.6 жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу	8.1.3.5 лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау; 8.1.3.6 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау; 8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру; 8.1.3.8 жануарлардың жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау; 8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату; 8.1.3.10 ануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау; 8.1.3.11 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу ; 8.1.3.12 қантамыр жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау	9.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру; 9.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру; 9.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу; 9.1.3.4 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың тасымалдануына әсерін зерттеу
4. Тыныс алу	7.1.4.1 тірі ағзалар үшін тыныс алудың маңызын сипаттау; 7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату; 7.1.4.3 өсімдіктердің тыныс алу үдерісін зерттеу; 7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру; 7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелері құрылысының ерекшеліктерін танып білу; 7.1.4.6 тыныс алу мүшелерінің	8.1.4.1 өкпе меңұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау; 8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру; 8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау	9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру, 9.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері

	ауыруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру		арасындағы байланысты қарастыру
5. Бөліп шығару	7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетіндегі бөліп шығарудың маңызын сипаттау; 7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу; 7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру	8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу; 8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау; 8.1.5.4 тері ауруларын және оның алдын алу шараларын түсіндіру	9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау; 9.1.5.2 фильтрация және несептің түзілуі үдерістерін сипаттау; 9.1.5.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау 9.1.5.4 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру; 9.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату
6. Қозғалыс	7.1.6.1 өсімдіктердің қозғалу себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау (тропизмдер, таксистер); 7.1.6.2 жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін түсіндіру ; 7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау; 7.1.6.4 омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру	8.1.6.1 тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау; 8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу; 8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру; 8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату; 8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының қызметтері түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау; 8.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану; 8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау; 8.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау	9.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максимальды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу; 9.1.6.2 бұлшық еттің жиырылужиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу

7. Координа-ция және реттелу	7.1.7.1 жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру; 7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметі мен құрылымдық компонентерін атау; 7.1.7.3 жүйке жасушасының құрылымдық бөліктерін анықтау 7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметін салыстыру; 7.1.7.5 рефлекстік доғаны зерттеу; 7.1.7.6 мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру; 7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау; 7.1.7.8 ағзаның тіршілік әрекетін қалпына келтіру және тынығуы үшін ұйқының маңызын түсіндіру; 7.1.7.9 жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін түсіндіру; 7.1.7.10 жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, шылым және есірткілік заттардың әсерін түсіндіру	8.1.7.1 көруді қабыл-дау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау; 8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зертеу және есту мүшелерінің гигиенасы ережелерін сипаттау; 8.1.7.3 көру және есту рецепторлары-ның құрылымы мен қызметін сәйкестендіру; 8.1.7.4 эндокикринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау; 8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру; 8.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау; 8.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу; 8.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау	9.1.7.1 жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасында байланыс орнату; 9.1.7.2 жүйке ұлпалары мен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау; 9.1.7.3 жүйке импульстарының туындауы мен өтуін сипаттау; 9.1.7.4 нейро-гуморальді реттелу механизмін түсіндіру; 9.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру; 9.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау

2) Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму:

	7 сынып	8 сынып	9 сынып
3) Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде. Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері). "Кіші Қазан" (мазмұны және жүзеге асырылуы). Бай шаруашылықтарының тәркіленуі. Ауыл шаруашылығындағы күштеп ұжымдастыру саясаты. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатының экономикалық салдары. 1931-1933 жылдардағы аштық - XX ғасырдағы қазақстандық қасірет. Қазақстандағы ұжымдастырудың демографиялық салдарлары. Ұжымдастыруды жүзеге асырудың әдістеріне қатысты ұлттық зиялылардың ("Бесеудің хаты") қоғамдық-саяси көзқарасы мен қатынасы. 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. Сталиндік репрессиялар. Қазақстан аумағындағы кеңестік " еңбек түзеу" концентрациялық лагерлері (Степлаг, Карлаг, Алжир және тағы басқалар);

4) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. Халыққа білім беру (жалпыға бірдей міндетті сауат ашу, орта білім, қазақ жазуының араб тілінен латын тіліне көшуі, орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу). А. Байтұрсынов – "

ұлт ұстазы". Жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы. Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Әдебиеттің дамуы (Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин шығармашылығы). Театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері. Мәдениет саласындағы кеңестік идеология. Социалистік реализм;

5) Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. Ұлы Отан соғысының басталуы. Қазақстандағы мобилизация және қазақстандық әскери бөлімдердің құрылуы. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі мен тағдыры. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. Б. Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Қазақстан – майдан арсеналы. КСРО халықтарының Қазақстанға депортациялануы. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мәдениет. Ғылымның дамуы. Әдебиеттегі жетістіктер (М. Әуезов, Ж. Жабаев, Д. Снегин, И. Шухов және тағы басқалар). Өнердің дамуы (театр, кино).

22. 9-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар). Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіптің дамуы. Ауыл шаруашылығының дамуы. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуы (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. "Бекмаханов ісі";

2) Қазақстан "Жылымық" кезеңінде (1954-1964 жылдар). Қазақстанда "Хрущевтік кезеңдегі" өнеркәсіптің дамуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру (тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен ("Байқоңыр" ғарыш айлағы). "Жылымық кезеңі". 1954-1965 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір;

3) Қазақстан "Тоқырау" кезеңінде (1965-1985 жылдар). 1965-1985-жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Экономиканың шикізаттық бағыты. Урбанизация. 1970-1980 жылдардағы ауыл шаруашылығындағы дағдарыс. 1965-1985 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. 1979 жылғы Целиноградтағы оқиғалар. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы басшыларының қызметі (Ж. Шаяхметов, Д. Қонаев, Ж. Тәшенов);

4) кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985-жылдар.). Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат. Жалпыға бірдей міндетті орта білім. Қазақ тілінің жағдайы. Ғылымның дамуы. Әдебиеттің дамуы (Ә. Нұрпейісов, Б. Момышұлы, І. Есенберлин, О. Сүлейменов, М. Шаханов). Өнер (театр, кино);

5) Қазақстан Қайта құру кезеңінде (1986-1991 - жылдар). "Қайта құру" жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер: мақсаттары, проблемалары мен

қарама-қайшылықтары. Қазақстандағы 1986жылғы жел-тоқсан оқиғалары (себептері, барысы мен салдары). 1986 жылғы жел-тоқсан оқиғаларының қатысушыларына қатысты жазалау шаралары. "Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемегендігі туралы Декларация" (1990 жылғы қазан). Кеңестік саяси жүйенің дағдарысы (1991 жылғы " Тамыз бүлігі"). КСРО-ның ыдырауы. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар. Семей ядролық полигонының жабылуы. "Қазақ КСР-ның тілдер туралы Заңының" қабылдануы;

6) Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 - 1997 жылдар). "Мемлекеттік тәуелсіздік туралы" Конституциялық заңының қабылдануының тарихи маңызы. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы. Нарықтық экономикаға көшудегі қиыншылықтар. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер. 1995 жылғы Конституцияның қабылдануы;

7) Қазақстан Республикасының нығаюы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін). Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді басым мақсаттары мен стратегиялары. " Қазақстан – 2030" стратегиясының қабылдануы. Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы беделінің өсуі. Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы. Қазақстанның ЕҚЫҰ және ИЫҰ-на төрағалық етуі. Әлемдік экономикалық байланыстар жүйесіндегі Қазақстан. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайы. Астана – Қазақстан Республикасының жаңа астанасы. "Қазақстан-2050" стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты . "5 институтционалды реформаларды жүзеге асырудағы100 нақты қадам" ұлттық жоспары – қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап. Ұлт көшбасшысы – Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетті құрудағы және дамытудағы рөлі;

8) қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін). Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясат. "Болашақ" мемлекеттік бағдарламасы. Инновациялық ғылыми-білім беру мекемелерінің құрылуы. Этносаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті жаңғырту және сақтап қалу мәселелері. Қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденциялары. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы. " Мәңгілік Ел" жалпыұлттық біріктіруші идеясы."Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру" бағдарламасы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

23. Оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, "2.1." – бөлім мен бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

24. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5- сынып шамамен 1 миллион жыл бұрын – V ғасыр	6- сынып VI – XVII ғасырлар	7- сынып XVIII – XIX ғасырлар	8- сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9- сынып XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
1.1 Этникалық қатынастар	5.1.1.1 алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау	6.1.1.1 түркі тілдес тайпаларды атап, олардың аумақтық орналасуын картада көрсету	7.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістер және миграциялық процестерді түсіндіру	8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау
	5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау	6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау	7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау		9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдер мен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру
	5.1.1.3 ұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету	6.1.1.3 ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқының қалыптасуындағы негізгі кезеңдерді анықтау			9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау
		6.1.1.4 "қазақ" этнонимінің мағынасын түсіндіру			
	5.1.2.1 алғашқы адамдар	6.1.2.1 қазақ хандығын	7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамын	8.1.2.1 қазақ зиялылары	9.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының

1.2 Әлеуметтік қатынастар	д ы ң тұрмыс-тіршілігін шығарма шылық түрде көрсету	дағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау	д а ғ ы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау	ның қоғамдағы р ө л і м е н қызметін талдау	әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау
	5.1.2.2 әлеумет тік топтар дың ерекшелік терін түсіндіру	6.1.2.2 өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін сипаттау	7.1.2.2 қазақ зиялыла рының қалыпта с у ы н ы ң маңызды лығын түсіндіру	8.1.2.2 соғыс жылдарын дағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау	

2) мәдениеттің дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5- сынып шамамен 1 миллион жыл бұрын -V ғасыр	6- сынып VI – XVII ғасырлар	7- сынып XVIII – XIX ғасырлар	8- сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9- сынып XX ғасырдың е к і н ш і жартысынан бүгінгі күнге дейін
2.1 Дүние таным мен дін	5.2.1.1 алғашқы адамдар д ы ң наным-сенімдерін сипаттау	6.2.1.1 түркілер дің дүниета н ы м д ы қ ерекшелік терін түсіндіру	7.2.1.1 салт - дәстүрлер м е н әдет-ғұрыптар д ы ң құндылықтары мен маңызды лығын анықтау	8.2.1.1 мемлекет тің діни саясатының мақсаты мен салдарын анықтау	9.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар м е н ұйымдардың іс-әрекетін талдау
	5.2.1.2 ежелгі тайпалар дың дүниетаны мын сипаттау	6.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ы қ п а л ы н анықтау	7.2.1.2 отаршыл дық саясаттың ұ л т т ы қ құндылықтарға кері әсерін талдау		9 . 2 . 1 . 2 Қазақстан халқы Ассамблея с ы н ы ң дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ы қ п а л ы н бағалау
		6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестер дің сабақтас тығын сипаттау да "Ұлы Дала Елі" ұғымын қолдану			9.2.1.3 "Мәңгілік Ел" жалпыұлт тық идеясының маңыздылы ғын бағалау
		6.2.2.1	7.2.2.1	8.2.2.1	9.2.2.1

	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау	күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау	халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау	қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру	кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау
	5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып, Андронов мәдениетінің белгілерін анықтау	6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру	7.2.2.2 А. Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі рөлін айқындау	8.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау	9.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау
	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнер жетістіктерін сипаттау	7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау	8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау	9.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау
2.2 Өнер мен әдебиет	5.2.2.4 Есік обасынан табылған "Алтын адам" археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау	6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру	7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау	8.2.2.4 Ә. Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру	9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу ("Мәдени мұра", "Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру" бағдарламалары)
	5.2.2.5 Ә. Марғұлан ды ғалым-археолог ретінде айқындау	6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау	7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру	8.2.2.5 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау	
	5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениет	6.2.2.6 жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау	7.2.2.6 түрлі дереккөз		

	ке қосқан үлесін түсіну	атауларының шығу тарихын түсіндіру	дер негізінде өз мектебің нің тарихын анықтау		
	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізуде гі жәдігердің рөлін сипаттау	6.2.2.7 өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді айқындау			
	5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіш тердің құндылығын түсіну				
	5.2.2.9 өлкенің аңыз-ертегілерінің мән-мағынасын түсіндіру				
2.3 Білім және ғылым	5.2.3.1 қазақстан дық ғалымдар дың археоло гиялық жаңалықта рын білу	6.2.3.1 көне түркі жазуының тарихи маңызын түсіндіру	7.2.3.1 Ш. Уәли хановтың ғылыми зерттеу лерінің тарихи құндылы ғын анықтау	8.2.3.1 ұлттық баспасөз дің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беру	9.2.3.1 Е.Бекмаха новтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау
		6.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдар дың ортағасыр лық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау	7.2.3.2 XIX ғ. білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру	8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау	9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру
		6.2.3.3 "Кодекс Куманикус" сөздігінің халықара лық байланыстардағы рөлін анықтау	7.2.3.3 Ы. Алтын сариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау	8.2.3.3 XX ғ. бірінші жартысын дағы білім мен ғылым саласында ғы өзгерістер ді талдау	
		6.2.3.4	7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп	8.2.3.4 Қаныш	

		Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарихи-Рашиди" еңбегінің тарихи маңызын түсіндіру	Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау	Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру	
			7.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну		

мемлекеттің дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5-сынып шамамен 1миллион жыл бұрын – Vғасыр	6-сынып VI-XVII ғасырлар	7-сынып XVIII - XIX ғасырлар	8-сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9-сынып XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
	5.3.1.1 картадан тайпалық одақтар дың орнала суын көрсету	6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты ның құрылуы ның тарихи маңызын анықтау	7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларын ың халықты жоңғар басқын шылығы на қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру	8.3.1.1 қазақ зиялылары ның Ресей империясының Мемлекет тік Думасын дағы қызметіне баға беру	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпрета ция жасау
	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылу ын түсіндіру	6.3.1.2 VI-IX ғасырлар дағы мемлекетер дің даму ерекшелікте рін түсіндіріп, олардың ұқсастықта ры мен айырмашы лықтарын анықтау	7.3.1.2 Қазақ хандығы ның ішкі саяси жағдайын талдау	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстан дағы қоғамдық–саяси процестер ге баға беру	9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткер лердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру
	5.3.1.3 тарихи тұлғалар дың туған өлке тарихын	6.3.1.3 X ғ. – XIII ғ. басындағы мемлекет тердің даму ерекшелікте рін түсіндіріп, олардың ұқсастықта	7.3.1.3 Ресей империя сының отарлық саясаты	8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тің тарихи маңызын анықтау және тұлғалар	9.3.1.3 Қазақстан Республикасы Конституция сын мемлекеттің тұрақты даму

	дағы ролін түсіндіру	ры мен айырмашы лықтарын анықтау	ның себеп-салдарын анықтау	дың рөліне баға беру	кепілі ретінде бағалау
		6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетін дегі жер иелену ерекшелікте рін түсіндіру	7.3.1.4 патша үкіметі реформа лары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақ тық өзгеріс терді түсіндіру	8.3.1.4 "Алаш" партиясы ның ұлттық мемлекет тілікті жаңғырту саясатын талдау	9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау
		6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау	7.3.1.5 халықтың отаршыл дыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау	8.3.1.5 Әлихан Бөкейхан ның саяси көшбасшы лық қызметіне баға беру	9.3.1.5 1986 жылғы Жел-тоқсан оқиғасының тарихи маңыздылы ғына баға беру
3.1. Мемле кеттің ішкі саясаты		6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлар дағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру	7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыла рының рөліне баға беру	8.3.1.6 Қазақстан да құрылған ұлттық автономия лардың маңызды лығына баға беру	9.3.1.6 Қазақстан ның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау
		6.3.1.7 ортағасыр лық мемлекет тердің ыдырауы ның негізгі және жанама себептерін анықтау		8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 –жылдар дағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясаты ның зардапта рын талдау	9.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, тәуелсіз Қазақстанның жариялануы ның тарихи маңызын түсіндіру
		6.3.1.8 Қазақстан аумағын дағы мемлекет тердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау			9.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау
		6.3.1.9			9.3.1.9

		Қазақ хандығы құрылуы ның тарихи маңызын анықтау			ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау
		6.3.1.10 қазақ хандары ның мемлекетті нығайтуда ғы рөлін анықтау			9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыпта-суында ғы Елбасы Н.Назарбаев тың рөліне баға беру
		6.3.1.11 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулар дың қызметтерін сипаттау			9.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау
		6.3.1.12 туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері нің ерлік істері мен еңбегін сипаттау			
	5.3.2.1 Қазақ стан аумағын дағы ерте көшпелілердің халықара лық сахнадағы орнын анықтау	6.3.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциялық үдерісін түсіндіру	7.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлар дың рөлін түсіндіру	8.3.2.1 қазақстан дықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау	9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау
	5.3.2.2 Қазақ стан аумағын дағы алғашқы мемлекеттік бірлестік тердің көрші елдермен қарым-қатына сын анықтау	6.3.2.2 ерте түрік қағанаттары ның сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау	7.3.2.2 қазақ хандығы ның сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау	8.3.2.2 Б. Момыш ұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау	9.3.2.2 Қазақстан Республика сының халықаралық сахнадағы танылуына баға беру
		6.3.2.3 Атлах шайқасы	7.3.2.3 Абылай ханның диплома		9.3.2.3 Қазақстан ның аймақтық және халықара

		ның тарихи маңызын талдау	тиялық шеберлігі мен саясатын бағалау		лық ұйымдармен байланыс тарын талдау
3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты		6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау			9.3.2.4 қазақ диаспоралары ның тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау
		6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру			
		6.3.2.6 Қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау			
		6.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау			

4) Қазақстанның экономикалық дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5-сынып шамамен 1 миллион жыл бұрын - V ғасыр	6-сынып VI-XVII ғасырлар	7-сынып XVIII - XIX ғасырлар	8-сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9-сынып XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
	5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау	6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономика	7.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына	8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде	9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашы

		лық байланыс тарын анықтау	тигізген зардапта рын анықтау	орын алған өзгерістерді талдау	лығында орын алған өзгерістер ге баға беру
4.1 Шаруа шылық	5.4.1.2 көшпелі мал шаруашы лығы мен егіншілік тің қалыпта суын түсіндіру	6.4.1.2 көшпелілер дің шаруашы лық өмірінің ерекшеліктерін анықтау	7.4.1.2 отарлау саясаты ның қазақтар дың дәстүрлі шаруашылығын а тигізген әсерін талдау	8.4.1.2 күштеп ұжымдас тыру саясаты ның ауыл шаруашы лығына тигізген зардаптарын талдау	9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік экономика лық мәселелерді талдау
			7.4.1.3 өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалар дың қызметіне баға беру		9.4.1.3 Қазақстан Республика сындағы жекешелен діру процесінің экономикаға ықпалын талдау
			7.4.1.4 өлке дамуы ның маңызды кезеңде рін анықтау		9.4.1.4 аграрлық секторды модерниза циялау бағыттарын талдау
4.2 Өндіріс тік қатынастар және сауда	5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау	7.4.2.1 капиталистік қатынас тардың экономикаға ықпалын анықтау	8.4.2.1 Қазақстан дағы индустрия ландырудың жетістік тері мен кемшіліктерін талдау	9.4.2.1 өнеркәсіп тің ахуалын анықтап, қорытын ды жасау
	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуі нің шаруашы лық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру	6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықара лық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау	7.4.2.2 сауда қатынас тарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерісте рін анықтау	8.4.2.2 Қазақстан экономика сының соғыс жағдайына бейімдел гендігін дәлелдеу	9.4.2.2 нарықтық экономика ның өндірістік қатынас тарға әсерін талдау
	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру				9.4.2.3 Қазақстан ның әлемдік экономикаға кірігуін талдау
					9.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу

25. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

26. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

5-сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі	Кіріспе сабақ Зерттеу сұрағы: Қазақстанның ежелгі тарихында не оқытылады?	Ежелгі Қазақстан тарихына жалпы шолу
	Алғашқы адамдардың өмірі Зерттеу сұрағы: Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді?	5.1.1.1алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау; 5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету
	Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары Зерттеу сұрағы: Археологтар Қазақстан жерінен тас дәуіріне жататын қандай олжаларды тапты ?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау
	Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер және еңбек құралдарының жетілдірілуі Зерттеу сұрағы: Мезолит пен неолит дәуірлерінде алғашқы адамдардың өмірі қалай өзгерді?	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау
	Ботай мәдениеті Зерттеу сұрағы: Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды?	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау
	Қазақстан аумағында металлургияның пайда болуы Зерттеу сұрағы: Қазақстан жерінде металды өндіру ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті?	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру
	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері Зерттеу сұрағы:	5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып, андронов және беғазы-дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтау;

	Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?	5.2.2.5 Ә.Марғұланның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін айқындау
	Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер Зерттеу сұрағы: Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді?	5.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау
	Ежелгі адамдардың өміріне саяхат	5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс- тіршілігін шығармашылық түрде көрсету
Өлкетану	Туған өлкенің аңыз-ертегілері	5.2.2.9 өлкенің аңыз-ертегілерінің мән-мағынасын түсіндіру
2- -тоқсан		
Ежелгі көшпелілер өмірі	Қазақстан аумағында темірдің игерілуі Зерттеу сұрағы: Темір өндіру адамдар өмірін қалай өзгертті?	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру
	Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы Зерттеу сұрағы: Көшпелі мал шаруашылығы неліктен Қазақстанның ежелгі тұрғындары шаруашылығының негізгі түріне айналды?	5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу
	Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті Зерттеу сұрағы: Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде?	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну
	Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды?	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Сақтар	Сақтар туралы тарихи мәліметтер Зерттеу сұрағы: Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?	5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	"Алтын адам" археологиялық олжасы Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған "Алтын адам" кім болды ?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.4 Есік обасынан табылған " Алтын адам" археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау

Өлкетану	Өлкенің тарихи ескерткіштері	5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну
3-тоқсан		
Сақтар	Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары Зерттеу сұрағы: Неліктен Шілікті мен Бесшатыр "патша қорғандары " деп аталады?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшелік терін түсіндіру; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
	Берел қорғандары Зерттеу сұрағы. Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау
	Тасмола археологиялық мәдениеті Зерттеу сұрағы: "Мұртты обалардың" ерекшелігі неде?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
	Сақ патшайымы Томирис Зерттеу сұрағы: Тарихи деректерде Томиристің бейнесі қалай сипатталған?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
	Шырақтың ерлігі Зерттеу сұрағы: Сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
	Сақтардың Александр Македонский әскеріне қарсы күресі Зерттеу сұрағы: Неліктен Александр Македонский дің сақтарға жасаған жорығы сәтсіз аяқталды?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
Үйсіндер мен қаңлылар	Үйсіндер туралы жазба деректер Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады?	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау

	Қаңлылардың қоғамдық құрылысы Зерттеу сұрағы: Сыма Цянь қаңлы қоғамын қалай сипаттады?	5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті Зерттеу сұрағы: Үйсіндер мен қаңлылар мәдениетінің ерекшеліктері қандай?	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну
Өлкетану	Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар	5.3.1.3 тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру
4-тоқсан		
Ғұндар	Ғұн тайпаларының бірігуі Зерттеу сұрағы: Неге Мөде шаньюй "Жер – мемлекеттің негізі " деді?	5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	Ғұндардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары Зерттеу сұрағы: Ғұндармен Ұлы Қытай қорғанының салынуы арасында қандай байланыс бар?	5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы Зерттеу сұрағы: Ғұндардың Батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету
	Аттила және оның жаулаушылық жорықтары Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
Сарматтар	Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі Зерттеу сұрақтары: Сармат қоғамы несімен ерекшеленеді?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру
	Сарматтардың саяси тарихы Зерттеу сұрағы: Сарматтар қандай мемлекеттермен өзара қарым-қатынаста болды?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау

Ежелгі Қазақстан тарихына шолу	Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты Зерттеу сұрағы: Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты қалай өзгерді?	5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау
	Ежелгі Қазақстанға саяхат	5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау; 5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау; 5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру
Өлкетану	Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау
Қайталау		

6- сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Кіріспе сабақ Зерттеу сұрағы: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы нені оқытады?	Орта ғасырлардағыҚазақстан тарихына жалпы шолу
	Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер Зерттеу сұрағы: VI-IX ғасырларда билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта сақталды?	6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттау үшін "Ұлы Дала" ұғымын қолдану
	Көне түркі жазуы Зерттеу сұрағы: Білге қаған мен Күлтегіннің мемлекетті нығайтудағы саясаты бізге қандай деректерден белгілі?	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.3.1 көне түркі жазуының маңызын түсіндіру
	Атлах шайқасы	6.3.2.3 Атлах шайқасының тарихи маңызын талдау;

VI - IX ғасырлардағы Қазақстан	Зерттеу сұрағы: Неліктен Атлах шайқасын "халықтар шайқасы" деп атайды?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау
	Оғыз мемлекеті Зерттеу сұрағы: Қазақстанның орта ғасырлар тарихында Оғыз мемлекетінің алатын орны қандай ?	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
	Қимақ қағанаты Зерттеу сұрағы: Қимақтарда қалалық мәдениетінің дамуын қандай деректер дәлелдейді?	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарды анықтау
	Түріктер туралы тарихи деректер Зерттеу сұрағы: Қытай және араб деректері түркілер туралы қандай ақпарат береді?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру
	Түркі әлемі қалыптасуының басталуы Зерттеу сұрағы: Түрік тілдес халықтардың миграциясы Еуразия тарихына қаншалықты әсерін тигізді?	6.3.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциясын түсіндіру; 6.1.1.1 түркі тілдес тайпаларды атап, картадан олардың аумақтық орналасуын көрсету
Өлкетану	Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы).	6.2.2.6 жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атауларының шығу тарихын түсіндіру
2-тоқсан		
	X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы саяси процестер Зерттеу сұрағы: X ғасыр - XIII ғасырдың басында саяси карта қаншалықты өзгерді?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау
	Қарахан мемлекеті Зерттеу сұрағы: Неліктен Қарахан мемлекеті ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау;

		6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру
	Наймандар, керейіттер және жалайырлар Зерттеу сұрағы: Наймандар, керейіттер мен жалайырлардың ортағасырларлық саяси сахнадағы рөлі қандай болды?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
X ғасыр – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан	Қыпшақ хандығы Зерттеу сұрағы: Не себепті Еуразия даласы "Дешті Қыпшақ" деп аталды?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау; 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда "Ұлы Дала" ұғымын қолдану
	Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы халықаралық байланыстардың дамуына ықпал етті ме?	6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау
	Ортағасырлық Қазақстанның экономика лық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына қалай әсер етті?	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру
	Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты?	6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 6.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау; 6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М. Қашғари, Ж.

		Баласағұн және А. Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру; 6.2.3.3 "Кодекс Куманикус" сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтау
Өлкетану	Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері	6.2.2.7 өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді айқындау
Қайталау		
3-тоқсан		
ХІІІ - ХV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан	Моңғол империясының құрылуы Зерттеу сұрағы: Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалай жетті?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру
	Қазақстандағы моңғол шапқыншылығы Зерттеу сұрағы: Неліктен Шыңғыс хан әскерлері Отырарды алты ай бойы ала алмады?	6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау
	Моңғол шапқыншылықтарының салдары Зерттеу сұрағы: Орталық Азияға ең үлкен өзгерісті әкелген кімдер: қыпшақтар ма, әлде моңғолдар ма ?	6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау
	Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы Зерттеу сұрағы: Моңғол ұлыстарының құрылуы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?	6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау
	Ақ Орда Зерттеу сұрағы: Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы Ақ Орданың рөлі қандай болды?	6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру

	Моғолстан. Әбілқайыр хандығы Зерттеу сұрағы: Моғолстан мен Әбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай саяси өзгерістерге әкелді?	6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
	XIII - XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті Зерттеу сұрағы: XIII - XV ғасырлардағы өнер мен әдебиет ортағасырлық қоғамды қалай бейнелейді?	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау
	Ортағасырлық саяхатшылардың Қазақстан туралы мәліметтері Зерттеу сұрағы: Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстанды қалай сипаттады?	6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау
Қазақ халқының қалыптасуы	Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы Зерттеу сұрағы: Ұлы Дала мұрагері – қазақ халқы қалай қалыптасты?	6.1.1.3 ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерді анықтау; 6.1.1.4 "қазақ" этнонимінің мағынасын түсіндіру
Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы	Қазақ хандығының құрылуы Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады?	6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.2.3.4 М.Х.Дулатидің " Тарихи-Рашиди" еңбегінің маңыздылығын түсіндіру; 6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда "Ұлы Дала" ұғымын қолдану
Өлкетану	Бір халық – бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)	6.1.2.2 өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын,салт-дәстүрін сипаттау
4-тоқсан		
	Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі Зерттеу сұрағы: Не себепті Қадырғали Жалайыр: "Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;

	белгілі болғаны Қасым хан еді..." деп жазды?	6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Хақназар хан кезіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты Зерттеу сұрағы: Неліктен Хақназар хан билеген кезеңді Қазақ хандығының "қайта жаңғыруы" деп атайды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Тәуекел хан тұсындағы Қазақ хандығының оңтүстік шекараларының нығаюы Зерттеу сұрағы: Тәуекел хан қазақ жерлерін біріктіру мақсатында қандай саясат ұстанды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы	Есім хан билігі кезіндегі Қазақ хандығы бірлігінің нығаюы Зерттеу сұрағы: Есім хан Қазақ хандығының біртұтастығын қалай сақтап қалды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы Зерттеу сұрағы: Орбұлақ шайқасының әлемдік әскери өнер тарихындағы алатын орны қандай ?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау; 6.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау
	Тәуке хан тұсындағы қазақтардың қоғамдық-құқықтық жүйесі Зерттеу сұрағы: Неліктен А. Левшин Тәуке ханды "Дала Ликургі" деп атады?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы Зерттеу сұрағы: Әлеуметтік топтар қазақ қоғамында қандай рөл атқарды?	6.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау; 6.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау
	XVI-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениеті Зерттеу сұрағы: XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениетінде халық өмірі қалай көрініс табады?	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау
XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет	XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың материалдық мәдениеті Зерттеу сұрағы: Неліктен киіз үй көшпелілердің материалдық мәдениетінің ең жоғарғы үлгісі деп саналады?	6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау
	Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы	

	Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшелігі неде?	6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау
Өлкетану	Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері	6.3.1.12 туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін сипаттау
Қайталау		

7-сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Қазақ-жоңғар соғыстары	Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы Зерттеу сұрағы: Не себепті " Елім-ай" бүкілхалықтық әнге айналды?	7.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру; 7.2.2.1халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау
	Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру
	Қазақ-жоңғар шайқастары Зерттеу сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады?	7.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру
XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы	XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы Зерттеу сұрағы: Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың " кілті мен қақпасы" деп санады?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
	Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталауы Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары қандай болды?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау

	Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты Зерттеу сұрағы:Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.3 Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау
Өлкетану	Туристік маршруттар	7.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну
2-тоқсан		
XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті	XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?	7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау
	XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?	7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау
Отарлау және ұлт-азаттық күрес	XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау
	Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз қазақтарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді?	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
	1822-1824 жылдардағы патша реформалары Зерттеу сұрағы: Неліктен XX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?	7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
	1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?	7.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау ; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
	Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

Өлкетану	Жомарт жүрек	7.4.1.3 өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру
Қайталау		
3-тоқсан		
Отарлау және ұлт-азаттық күрес	XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары Зерттеу сұрағы: Неліктен Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
	Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
Қазақстан Ресей империясының құрамында	XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан "бөліп ал да, билей бер " ұстанымы қалай жүзеге асты?	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
	Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді?	7.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау
	Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті?	7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау; 7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
	Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы	

Қазақстан Ресей империясының құрамында	Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?	7.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау
	Жәрмеңке саудасының дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақстанда неліктен жәрмеңке саудасы дамыды?	7.4.2.2 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау
	XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы Зерттеу сұрағы: "Зар заман" өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?	7.2.1.2 ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау; 7.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру
Өлкетану	Туған өлкенің шежіресі	7.4.1.4 өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау; 7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру
4-тоқсан		
	XIX ғасырдағы мәдениеттің дамуы Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?	7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; 7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау
	XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі Зерттеу сұрағы: XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?	7.2.3.2 XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру
	Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы Зерттеу сұрағы: Неге С. Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын "Аққан жұлдыз" деп атады?	7.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау
	Ы. Алтынсарин – жаңашыл – педагог Зерттеу сұрағы: Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады?	7.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау

		7.2.2.2 Абай Құнанбаевтың ақын,
XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті		
	Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын "Хәкім Абай" деп атады?	

		ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру
	XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы Зерттеу сұрағы: Ш. Құдайбердіұлы, М. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы неде?	7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау
Өлкетану	Менің мектебімнің тарихы	7.2.2.6 түрлі дереккөздер негізінде өз мектебінің тарихын анықтау
Қайталау		

8- сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7-бөлім. XX ғасырдың екінші жартысындағы Азия елдерінің даму ерекшеліктері	1949 жылғы коммунистік партия жеңісі нәтижесінде Қытай қалай өзгерді?	9. 4. 1. 4 себеп-салдарлық байланыстарды талдау арқылы социалистік шаруашылық жүйесінің дамуындағы қарама-қайшылықтарды анықтау; 9. 3. 1. 3 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау; 9. 3. 1. 4 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	"Азиялық серпіліс" неліктен мүмкін болды?	9. 4. 2. 1 экономикалық жүйелердің тиімділігін интерпретациялау және негіздеу; 9. 4. 1. 5 Оңтүстік - Шығыс Азия мемлекеттерінің қарқынды экономикалық дамуына ықпал ететін негізгі факторларды талдау; 9. 3. 1. 4 тұлғаның тарихтағы рөлін анықтау
	Тәуелсіз Үндістанның қандай мәселелері отарлық өткенімен байланысты?	9. 2. 1. 2 қазіргі қоғамдық-саяси мәселелерді түсіну және интерпретациялау үшін дін туралы білімдерін пайдалану; 9. 3. 1. 3 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау; 9. 3. 1. 4 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	XX ғасырдың екінші жартысындағы кемализм эволюциясы қалай айқындалды?	9. 3. 1. 3 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау; 9. 2. 1. 3 тарихи процестің сабақтастығын орнату арқылы адамзаттың өркениетті даму жолдарын қалыптастырудағы әлемдік діндердің рөлін анықтау; 9. 3. 1. 4 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
4-тоқсан		
	Жаһанданудың негізгі ерекшеліктері қандай?	9. 1. 2. 3 қоғамның тарихи даму бағытын үлгілей отыра, жаһандану процесіне байланысты қазіргі әлемдегі әлеуметтік өзгерістерді (еңбек миграциясы, әлеуметтік интеграция) бақылау; 9. 1. 2. 4 қоғамдық сананы қалыптастыруда бұқаралық

		ақпарат құралдарының рөлін анықтау
8-бөлім. Қазіргі әлемнің жаһануы	Жаһандану саясат пен әлемдік экономиканың дамуына қаншалықты ықпал етеді?	9. 1. 2. 3 қоғамның тарихи даму бағытын үлгілей (модельдеу) отыра, жаһандану процесіне байланысты қазіргі әлемдегі әлеуметтік өзгерістерді бақылау (еңбек миграциясы, әлеуметтік интеграция); 9. 4. 1. 3 жаһандану жағдайындағы экономикалық интеграцияның маңызын бағалау; 9. 4. 2. 2 постиндустриалды қоғамның басты экономикалық ресурсы ретінде ақпараттың рөлін анықтау
	Адамзат үшін лаңкестік несімен қауіпті?	9. 3. 2. 7 қазіргі кездегі халықаралық лаңкестік және экстремизм проблемасын талдау; 9. 2. 1. 1 қоғам өміріндегі дәстүрлі және деструктивті діни ұйымдардың іс-әрекетіне баға беру; 9. 2. 1. 2 қазіргі қоғамдық-саяси мәселелерді түсіну және интерпретациялау үшін дін туралы білімдерін пайдалану
	Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті қалай сақтауға болады?	9. 2. 3. 3 жаһандану жағдайында ұлттық мәдени құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын дәлелдеу; 9. 2. 2. 2 XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы бұқаралық мәдениеттің қоғамның рухани дамуына ықпалын бағалау
9-бөлім. XX ғасырдың екінші жартысындағы- XXI ғасырдың	АҚШ тағы Ғылыми техникалық революцияның қазіргі әлемдегі елдердің дамуына әсері қандай?	9. 2. 4. 1 ғылыми-техникалық революцияның әлеуметтік және экологиялық салдарын бағалау және интерпретациялау; 9. 2. 4. 3 ғылыми жаңалықтардың (генетика, микробиология, ақпараттық технологиялар, нано технологиялар, ядролық физика) қоғам дамуына ықпалын талдау; 9. 2. 4. 2 адамзат өркениетінің дамуын үлгілеу арқылы жаһандық мәселелерді шешуде ғылым мен білімнің маңызы туралы қорытынды жасау
		9. 2. 4. 1 ғылыми-техникалық революцияның әлеуметтік және

басындағы ғылым, білім, технология	Әлемдік ғылымның дамуында Байқоңыр ғарыш айлағының маңызы қандай?	экологиялық салдарын бағалау және интерпретациялау; 9. 2. 4. 2 адамзат өркениетінің дамуын үлгілеу арқылы жаһандық мәселелерді шешуде ғылым мен білімнің маңызы туралы қорытынды жасау
	Қазіргі әлемдегі білімнің маңызы неде?	9. 2. 4. 2 адамзат өркениетінің дамуын үлгілеу арқылы жаһандық мәселелерді шешуде ғылым мен білімнің маңызы туралы қорытынды жасау
10-бөлім. XX ғасырдың екінші жартысындағы- XXI ғасырдың басындағы мәдениет	XX ғасырдағы мәдениет қайраткерлері адамзаттың рухани дамуына қандай ықпал жасады?	9. 2. 2. 1 танымал өнер қайраткерлерінің қоғамның дамуына ықпалын талдау және олардың қызметіне дүниежүзілік тарих контекстінде өзіндік баға беру; 9. 2. 2. 3 ақпараттық қоғам жағдайындағы көркем шығармашылықтың жаңа түрлерінің қалыптасуын талдау; 9. 2. 3. 1 түрлі философиялық көзқарастардың қазіргі қоғамдық өмірге ықпалын бағалау; 9. 3. 1. 4 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	Қоғамның рухани дамуына бұқаралық мәдениеттің әсері қандай?	9. 2. 2. 2 XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы бұқаралық мәдениеттің қоғамның рухани дамуына ықпалын бағалау; 9. 1. 2. 4 қоғамдық сананы қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін анықтау

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
63-қосымша

Негізгі білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған "Құқық негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Құқық негіздері" пәнінің мақсаты - құқық жөнінде негізгі білімдерді игеру арқылы құқықтық тұрғыдан сауатты азаматты тәрбиелеу және олардың бойында заңды құрметтеу дәстүрі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастырып дамыту.

3. Пәннің міндеттері:

1) Қазақстандық құқық салаларының негізгі түсініктері мен мазмұны туралы білімдерді қалыптастыру;

2) іргелі құқықтық және әлеуметтік құндылықтар жүйесі: адам құқықтары, демократия, азаматтық қоғам, заңдылық пен құқықтық тәртіп туралы білімдерін қалыптастыру;

3) құқықтық мемлекеттің белгілері мен ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;

4) оқу және практикалық іс-әрекетте құқықтық ақпаратты табу, талдау және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

5) құқықпен реттелетін әртүрлі өмірлік жағдайларда құқықтық білімдер мен дағдыларын қолдануды қалыптастыру және дамыту;

6) бүгінгі күнгі өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу дағдыларын дамыту;

7) сын тұрғысынан талдау және қоғамда құқықтық қатынастармен байланысты практикалық жағдаяттарды бағалау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту.

2-тарау. "Құқық негіздері" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Құқық негіздері" пәнінің мазмұны

4. "Құқық негіздері" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Оқу пәнінің мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыруды көздейтін бөлімшелерден тұрады.

6. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға және олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

7. "Құқық негіздері" оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімді құрайды.

8. "Құқық және мемлекет" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) құқық түсінігі;

2) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

9. "Конституциялық құқық" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары;

2) мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі.

10. "Азаматтық құқық" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) азаматтық құқық түсінігі;

2) меншік құқығы;

3) азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік;

4) тұтынушылар құқығын қорғау.

11. "Еңбек құқығы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) еңбек құқығы түсінігі;

2) еңбек жағдайлары;

3) еңбекті қорғау;

4) еңбек шарты.

12. "Отбасы құқығы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) отбасы құқығының түсінігі;

2) некені қию және тоқтату жолдары;

3) отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;

4) отбасының қоғамдағы маңыздылығы.

13. "Әкімшілік құқық" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әкімшілік құқық түсінігі;

2) әкімшілік жауапкершілік;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу.

14. "Қылмыстық құқық" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қылмыстық құқық түсінігі;

2) қылмыс ұғымы;

3) қылмыстық жауапкершілік;

4) жазалау және гуманизм мәселесі.

15. "Құқық негіздері" пәнінің базалық мазмұны:

1) құқық түсінігі. Құқық түсінігі және оның белгілері. Құқықтың басқа әлеуметтік нормалардан айырмашылығы: мораль, діни нормалар, дәстүрлер, корпоративтік нормалар;

2) адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары. Конституциялық құрылыс негіздері. Адамдар мен азаматтардың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері;

3) азаматтық құқық түсінігі. Тараптардың теңдігі негізіндегі мүліктік қатынас. Жеке мүліктік емес қатынастар: өмір, денсаулық, ар, абырой;

4) еңбек құқығы түсінігі. Еңбек бостандығының конституциялық кепілдігі;

5) неке және отбасы құқығы түсінігі. Отбасы мен неке (ерлі-зайыптылық) түсінігі;

6) әкімшілік құқық түсінігі. Басқару құқығы. Әкімшілік құқық бұзушылық;

7) қылмыстық құқық түсінігі. Қылмыстық мінез-құлық пен жазаланушылық;

8) мемлекеттік басқару органдардың конституциялық жүйесі. Жоғарғы билік органдарының негізгі қызмет бағыттары. Мемлекеттік биліктің өкілетті органдары;

9) меншік құқығы. Қазақстан Республикасындағы меншік түрлері. Меншік құқығына ие болу және тоқтатылуының негізгі жолдары;

10) еңбек жағдайлары. Жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен міндеттері;

11) некені қию және тоқтату жолдары. Некеге тұрудың шарттары мен кедергілері. Некені тоқтату мен бұзу;

12) қылмыс ұғымы. Қылмыстың түрлері мен белгілері. Қылмыстың объектісі, субъектісі. Қылмыстың объективті және субъективті жақтары;

13) азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік. Міндеттемелерді орындамағаны үшін мүліктік жауапкершілік. Міндеттемелерді қамтамасыз ету амалдары;

14) еңбекті қорғау. Еңбек дауларын шешу жолдары. Жасөспірімдер еңбегінің құқықтық реттелуі;

15) отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері. Бала құқығы;

16) әкімшілік жауапкершілік. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері мен түрлері. Әкімшілік өндіріп алу түрлері мен оларды қолдану тәртібі;

17) қылмыстық жауапкершілік. Құқыққа қарсы әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік және жаза түрлері. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъектілері;

18) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекеттің түсінігі мен белгілері. Құқықтық мемлекеттің қызметіндегі азаматтық қоғам институттарының маңызы мен рөлі;

19) тұтынушылар құқығын қорғау. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдары. Тұтынушылардың өз құқықтарын қорғау құқығы;

20) еңбек шарты. Еңбек шартының мазмұны;

21) отбасының қоғамдағы маңыздылығы. Отбасы қатынастарын мемлекеттік қолдау және қорғау;

22) әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу. Қоғамдық қатынастарды реттеудегі әкімшілік құқық бұзушылық нормаларының рөлі мен маңызы;

23) жазалау мен гуманизм мәселесі. Қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидаты.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

16. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді Мысалы, 9.2.1.2 кодында: "9" – сынып, "2.1." – бөлім мен бөлімшенің, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

17. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша берілген:

1) "Құқық және мемлекет" бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.1.1 Құқық түсінігі	9. 1. 1. 1 әлеуметтік нормалар жүйесінде құқықтың ұғымы мен рөлін түсіндіру
9.1.2 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	9. 1. 2. 1 құқықтық мемлекеттің ерекшелігі мен маңызын анықтау
	9. 1. 2. 2 азаматтық қоғам институттарының рөлі мен маңызын анықтау

2) "Конституциялық құқық" бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.2.1 Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары	9. 2. 1. 1 конституциялық құрылыс негіздерін түсіндіру
	9. 2. 1. 2 Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау
9.2.2 Мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі	9. 2. 2. 1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру
	9. 2. 2. 2 мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлін анықтау

3) "Азаматтық құқық" бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.3.1 Азаматтық құқық түсінігі	9. 3. 1. 1 азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру
9.3.2 Меншік құқығы	9. 3. 2. 1 меншік түрлерін анықтау
	9. 3. 2. 2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау
9.3.3 Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік	9. 3. 3. 1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершіліктерін анықтау
9.3.4 Тұтынушылар құқығын қорғау	9. 3. 4. 1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну

4) "Еңбек құқығы" бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып

9.4.1 Еңбек құқығы түсінігі	9. 4. 1. 1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру
9.4.2 Еңбек жағдайлары	9. 4. 2. 1 Қазақстан Республикасының еңбек кодексі баптарының негізінде еңбек жағдайларын анықтау
	9. 4. 2. 2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді
9.4.3 Еңбекті қорғау	9. 4. 3. 1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды талдау
	9. 4. 3. 2 құқықтық нормативтік актілерге сүйеніп еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну
9.4.4 Еңбек шарты	9. 4. 4. 1 құқықтық жағдаяттарды талдап еңбек шартының мазмұнын ашу
5) "Отбасы құқығы" бөлімі	
Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.5.1 Неке және отбасы құқығы түсінігі	9. 5. 1. 1 неке және отбасы ұғымдарын түсіндіру
9.5.2 Некені қию және тоқтату жолдары	9. 5. 2. 1 некені қию және тоқтатылу шарттарын анықтау
9.5.3. Отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері	9. 5. 3. 1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау
	9. 5. 3. 2 құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау
9.5.4 Отбасының қоғамдағы маңыздылығы	9. 5. 4. 1 отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалау

6) "Әкімшілік құқық" бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.6.1 Әкімшілік құқық түсінігі	9. 6. 1. 1 әкімшілік құқық ұғымын түсіндіру
9.6.2 Әкімшілік жауапкершілік	9. 6. 2. 1 әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтау
	9. 6. 2. 2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру
9.6.3 Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу	9. 6. 3. 1 әкімшілік құқықтық нормалардың маңызына баға беру

7) "Қылмыстық құқық" бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.7.1 Қылмыстық құқық түсінігі	9. 7. 1. 1 қылмыстық құқық ұғымын түсіндіру
9.7.2 Қылмыс ұғымы	9. 7. 2. 1 қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырату
9.7.3 Қылмыстық жауапкершілік	9. 7. 3. 1 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы қылмыстық жауаптылықты және жаза түрлерін анықтау

	9. 7. 3. 2 сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді талдау
9.7.4 Жазалау және гуманизм мәселесі	9. 7. 4. 1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру

18. -тоқсандағы бөлімдер және бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

19. Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған " Құқық негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

20. Ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар білім алушылардың ойлау қабілетін белсендіретін және олардың сын тұрғысынан ойлау, проблемалық сұрақ қою, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін проблемалық сұрақтар түрінде құрастырылған.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған "Құқық негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар тиісті:
1-тоқсан		
Құқық түсінігі	Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді?	9. 1. 1. 1 әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымы мен ролін түсіндіру
Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары	Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың қандай құқықтары мен міндеттері бар?	9. 2. 1. 2 Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау
	Неліктен Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялайды?	9. 2. 1. 1 конституциялық құрылым негіздерін түсіндіру
Азаматтық құқық түсінігі	Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді	9. 3. 1. 1 азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру
Еңбек құқығы түсінігі	ҚР Конституциясының 24-ші бабы нені көздейді?	9. 4. 1. 1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру
Неке және отбасы құқығы түсінігі	Заңнамада отбасы қалай қорғалған ?	9. 5. 1. 1 неке және отбасы ұғымдарын түсіндіру
Әкімшілік құқық түсінігі	Әкімшілік құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді?	9. 6. 1. 1 әкімшілік құқық ұғымын түсіндіру
Қылмыстық құқық түсінігі	Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларынан ерекшелігі неде?	9. 7. 1. 1 қылмыстық құқық ұғымын түсіндіру
2-тоқсан		

Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылысы	Мемлекеттік органдардың қызметі қандай?	9. 2. 2. 1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру
	Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлі қандай?	9. 2. 2. 2 мемлекеттік органдардың құрылуындағы сайлаудың маңызы мен ролін анықтау
Меншік құқығы	Қалай меншік иесі бола аламыз?	9. 3. 2. 1 меншік түрлерін анықтау; 9. 3. 2. 2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау
Еңбек жағдайлары	Заңнамамен еңбек жағдайлары қалай реттеледі?	9. 4. 2. 1 ҚР еңбек кодексінің баптарының негізінде еңбек жағдайларын анықтау; 9. 4. 2. 2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
Некені қию және тоқтату жолдары	Неке қандай жағдайда қиылады және тоқтатылады?	9. 5. 2. 1 некені қию және тоқтатылу шарттарын анықтау
Қылмыс ұғымы	Қандай әрекет қылмыс деп танылады?	9. 7. 2. 1 қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырату
3-тоқсан		
Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік	Азаматтық-құқықтық міндеттемелер қандай жауапкершіліктерді туындатады?	9. 3. 3. 1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершіліктерін анықтау
Еңбекті қорғау	Еңбек даулары қалай шешіледі?	9. 4. 3. 2 құқықтық нормативтік актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну
	Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?	9. 4. 3. 1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқық нормаларын талдау
Отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері	Отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі қандай?	9. 5. 3. 1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау
	Бала құқығы қалай қорғалады?	9. 5. 3. 2 құқықтық актілерге сүйеніп қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау
Әкімшілік жауапкершілік	Қандай жағдайларда әкімшілік жауапкершілік туындайды?	9. 6. 2. 1 әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтау; 9. 6. 2. 2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру
Қылмыстық жауапкершілік	Қылмыстық жауапкершіліктің мәні неде?	9. 7. 3. 1 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы қылмыстық жауапкершілікті және жаза түрлерін анықтау

	Кімдер сыбайлас жемқорлықтың субъектілері болып табылады	9. 7. 3. 2 сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді талдау
4-тоқсан		
Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	Құқықтық мемлекеттің басты идеялары неде?	9. 1. 2. 1 құқықтық мемлекеттің ерекшелігі мен маңызын анықтау
	Азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызы неде?	9. 1. 2. 2 азаматтық қоғам институттарының ролі мен маңызын анықтау
Тұтынушылар құқығын қорғау	Біз тұтынушы ретінде өз құқығымызды білеміз бе?	9. 3. 4. 1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну
Еңбек шарты	Еңбек шарты қандай құқықтар мен міндеттерді туындатады?	9. 4. 4. 1 құқықтық жағдаяттарды талдап еңбек шартының мазмұнын ашу
Отбасының қоғамдағы маңыздылығы	Отбасының әлеуметтік мәні неде?	9. 5. 4. 1 отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалау
Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу	Әкімшілік құқықтық нормалардың қажеттілігі мен маңызы неде?	9. 6. 3. 1 әкімшілік құқықтық нормалардың маңызына баға беру
Жазалау мен гуманизм мәселесі	Қылмыстық құқықта гуманизм қағидасы қажет пе?	9. 7. 4. 1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
64-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік "Абай мектептерінің" 5-9-сыныптарына арналған "Абайтану" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Абайтану" пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты:

1) Абай шығармаларының тілдік қабаты арқылы қазақ әдеби тілінің құнарын, көркем сөздің қуатын, эстетикалық күшін, идеялық мазмұнын меңгертіп, бейнеленген құбылысты көркемдік тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдылар қалыптастыру , ұлттық мінез-құлық, сапалық ерекшеліктерді, ұлттық кодты таныту, гуманистік-көркемдік, мәдени-тарихи, ұлттық құндылықтарды бағалай алу құзыретін

дамыту, әдеби-эстетикалық талғамдары мен ізгілік және іскерлік құндылықтарын, шығармашылық құзыреттерін жетілдіру;

2) Абайдың "Толық адам", ар ілімі, адамшылық мұрат-мақсаты, пәлсапалық көзқарастары арқылы тұлғалық қасиеттерді танытып, білімгерлердің өзіндік даму бағытын, сыни ой-пайымын қалыптастыру;

3) әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, өзіндік ұстанымы бар, түрлі жағдайда оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру.

3. "Абайтану" пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының міндеттері:

1) Абай шығармашылығының идеялық, мазмұндық-құрылымдық сипатын, тілдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктерінен жүйелі білім беру;

2) Абай шығармаларындағы ізгілік, имандылық, мораль қағидаттарын таразылау арқылы Абай ілімдерінің негізін терең таныту;

3) Абайдың қарасөздері мен өлеңдеріндегі ой-толғамдарды интерпретациялай алу;

4) өзіндік ой-пікірлерін жазба тіл мен сөйлеу тілінде еркін жеткізе алу, оқу материалдарын салыстыру, саралау, талдай алу;

5) Абай шығармаларындағы заман адамының тұлғалық ерекшеліктерін саралау арқылы пәлсапалық толғаныстарын пайымдау, қажетті тұлғалық қасиеттерді, өз заманына лайық тұлға болу харекеттерін сыни пайымдау;

6) "Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы" ретінде бағалау.

2-тарау. "Абайтану" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Абайтану" оқу пәнінің мазмұны

4. "Абайтану" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Абайтану" оқу пәні білімінің мазмұны бөлімдерге бөлінген:

1) оқу және түсіну;

2) талдау және жинақтау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім).

6. "Оқу және түсіну" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мәтінді түсініп, мәнерлеп негізгі ой түйіндерін пайымдап оқу;

2) мәтіннің тілдік қабатын (лексикалық, образдық мәнін) игеру;

3) шығарма үзінділерімен жұмыс;

4) шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн;

5) (ауызша, жазбаша) интерпретация.

7. "Талдау және жинақтау" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әдеби шығарманың композициялық құрылымы;

2) көркем шығарманың идеялық мазмұны, образдар жүйесі, типтік характер;

3) көркем шығарманың тілі, стилі;

4) көркемдік тәсілдер.

8. "Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) шығармадағы тарихи шындық және көркемдік шешім;

2) рухани және көркем-эстетикалық құндылық;

3) әдеби шығармашылық;

4) әдеби сын.

9. 5-сыныпқа арналған "Абайтану" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) оқу және түсіну:

мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықтау; шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну; шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру; көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратын) анықтау; көркем, шығармадағы оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту; мысал өлеңдерді (диалогте, сахналық көріністе, сурет, мозайка, комикс) интерпретациялау; көркем мәтіндегі ой-түйіндерді салыстырмалы үлгіде (мақал, мысал, дәйек) әңгімелеу;

2) талдау және жинақтау:

сюжетті шығармадағы фабула, композициясын тауып, жоспар құру; лирикалық шығарманы құрылысына талдау; қарасөздерді мағыналық жігіне қарай бөлу; шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; жас Абайды ерекшелейтін қасиеттерді шығармадағы іс-әрекеті арқылы дәйектеу; Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын (ментальді картада, кластер) жинақтау; көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау; көркем мәтіндегі сөз образдарының эстетикалық құндылығын бағалау; шығарманы автор ізімен баяндап жазу; көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу; шығармадан алған әсерін зерделеп, ойтолғау, авторға, замандастарына хат жазу; "Абай қарасөздеріндегі талап пен еңбек тақырыбы" эссе жазу; оқырман ретінде шығармадан алған әсерін зерделеп, сыни хабарлама жазу.

10. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Мұхтар Әуезов "Абайдың өмірбаяны" мақаласы;

2) Мұхтар Әуезов "Зерек те талапты жас";

3) "Ғылым таппай мақтанба", "Интернатта оқып жүр", "Жасымда ғылым бар деп ескермедім", "Қыс", "Күз", "Жаз", "Жазғытұры" өлеңдері;

4) "Отыз бірінші", "Отыз екінші" қарасөздері;

5) "Есек пен бұлбұл", "Шегіртке мен құмырсқа", "Қарға мен түлкі", "Емен мен шілік " мысал өлеңдері;

6) қосымша оқуға:

Мұхтар Әуезов "Кәрі әже – Зере" ("Абай жолы" роман-эпопеясынан);

Тұрағұл Абайұлы "Менің әкемнің ерекше қасиеті";

Уәсила Мағауияқызының Абай туралы естеліктері;

Бейбіт Сапаралы "Өскенбай" (тарихи ғұмырбаяндық еңбегінен);

Мұхтар Әуезов "Құнанбай" ("Абай жолы" роман-эпопеясынан);

Мұхтар Әуезов "Ұлжан" ("Абай жолы" роман-эпопеясынан).

11. 6-сыныпқа арналған "Абайтану" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) оқу және түсіну:

мәтіндерді интонацияның құрамдас бөліктерін сақтай отырып оқу; мәнерлеп (логикалық екпін мен кідіріс жасай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық, образдық мәнін ашып, мәтіндегі жұмсалу мақсатын түсіну; шығармадан қажетті дәйектерді жинау, негізгі ой түйіндерін анықтау; көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті, шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау арқылы көркем мәтіндегі өзекті ойды анықтау; көркем шығармадағы тұлғаның ерекшелігін (слайд, ментальді карта) сипаттау; лирикалық кейіпкерге ауызша/жазбаша сипаттама жасау;

2) талдау және жинақтау:

лирикалық шығармаларды композициялық құрылымына талдау; қарасөздерді идеялық бөліктерге бөлу; ортақ негізгі ойқазығын, лирикалық образдарды анықтау, ой-толғамдарды (ментальді картада, кластер) жинақтау; шығарма тіліндегі этномәдени бірліктерді айқындау, поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, аллегория, антитеза, градация) анықтау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

шығарма образдарын ұлттық сипаттың ашылуы тұрғысынан бағалау, мәтіндегі нысандарды ұлттық, тарихи құндылық тұрғысында бағалау; мәтіннің көркемдік-эстетикалық құндылығына баға беру; шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ойтолғау, хат, пост, ертегі, өтірік өлең) жазу; шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау.

12. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) "Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы", "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін", " Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол", "Білімдіден шыққан сөз", "Біреуден біреу артылса", " Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап", "Әсемпаз болма әрнеге", "Адамның кейбір кездері", "Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа", "Құлақтан кіріп бойды алар" өлеңдері;

2) "Жетінші", "Он бесінші", "Он сегізінші", "Он тоғызыншы", "Жиырма бірінші" қарасөздері;

3) қосымша оқуға:

Ахмет Байтұрсынұлының "Қазақтың бас ақыны" мақаласы;

Кәкітай Ысқақұлы "Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі" мақаласы; Ахмет Жұбанов "Абайдың музыкалық мұрасы"

13. 7-сыныпқа арналған "Абайтану" пәнінің базалық мазмұны:

1) оқу және түсіну:

көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (логикалық, психологиялық кідірістермен) оқу; мәтіндегі тілдік бірліктерді дербес және мәнмәтіндегі (контексте) қызметін түсініп, идеялық мазмұндағы маңызын айқындау; көркем мәтіндегі ой-түйіндерді тауып, негізгі ой қазығына топтастыру; әдеби шығармадағы өзекті ойды, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық мәселені анықтау; көркем шығармадағы, образдарды, мінездеулерді ауызша мәтінге жуық суреттеу, сипаттау; қарасөздердегі автордың түйінді ойын (түрлі нысанды: ментальді карта, сызба) қолдана отырып баяндау;

2) талдау және жинақтау:

шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындау, жоспар құру; көркем шығармадағы лирикалық образдың жасалу тәсілдерін айқындау; автордың түрлі мінез-құлық, адам болмысы туралы тұжырымдарын түрлі нысанда жинақтау; көркем шығарма тілінің, ақпараттық, фразеологиялық қырын мәнмәтінде анықтау; шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ, арнау) қолданысын талдау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес автордың өзге шығармаларымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; көркем образдардың тұлғалық

ерекшеліктерін ашудағы автор шеберлігіне баға беру; кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме,) жазу; әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.

14. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) "Ұяламын дегенің көңіл үшін", "Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас...", " Жастықтың оты жалындап", "Жүректе қайрат болмаса", "Қансонарда бүркітші шығады аңға", "Желсіз түнде жарық ай", "Көзімнің қарасы", "Қараңғы түнде тау қалғып", " Өзгеге, көңілім, тоярсың" өлеңдері;

2) "Екінші", "Бесінші", "Жиырма үшінші", "Жиырма алтыншы", "Жиырма тоғызыншы", "Қырық төртінші" қарасөздері;

3) қосымша оқуға:

Жүсіпбек Аймауытов пен М.Әуезовтің "Абайдың өнері һәм қызметі" мақаласы; Көкбай Жанатайұлы "Абай туралы естелік"; "Біржан сал Абай ауылында" ("Абай жолы " роман-эпопеясынан үзінді).

15. 8-сыныпқа арналған "Абайтану" пәнінің базалық мазмұны:

1) оқу және түсіну:

көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу; тілдік бірліктердің семантикалық мәнін түсініп, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау, образдық қызметін ашу; әке жоқтауындағы эмоционалды-экспрессивті сөздерді зерделеу, авторлық идеяны өмір шындығымен байланыстыру; шығармадағы Абайдың ой-тұжырымдарын өзге шығармаларымен байланыстыру, тұтастыру; шығармадағы өзекті ойды анықтау, сөз образдарының идеяны берудегі қызметін ашу; көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, образдардың тұлғалық ерекшеліктерін жазу/ тұжырым айту; қарасөздердегі автордың түйінді ойын (түрлі нысанды: ментальді карта, сызба) дәйектеу;

2) талдау және жинақтау:

шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын жинақтау; көркем шығармадағы образ құраушы элементтерді табу, образ сомдаушы бірліктерді жинақтау; көркем шығармадағы автордың суреттеу тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау; шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, аксиморон, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдау, мәтіндегі көркемдік қызметін анықтау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

шығармадағы тұлғалық қасиеттерді автордың өзге шығармаларымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығына баға беру; шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру; шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, шығарма, блог, әңгіме жазу; көркем мәтінді жалпы адамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жазу; шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу.

16. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) "Тұла бойың ұят-ар едің", "Жиырма жеті жасында", "Талаптың мініп тұлпарын", "Кешегі өткен ер Әбіш", "Орынсызды айтпаған", "Жастықтың оты қайдасың?", "Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық", "Дүтбайға", "Мен боламын демеңдер", "Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы", "Білектей арқасында өрген бұрым", "Аттың сыны", "Бүркіт сыны" өлеңдері;

2) "Төртінші", "Алтыншы", "Он төртінші", "Отызыншы", "Отыз үшінші", "Отыз тоғызыншы" қарасөздері;

3) қосымша оқуға:

Мұхтар Әуезов "Халқын сүйген Әбіш" еңбегі;

Мұхтар Әуезов "Абай Құнанбаев" монографиясы;

Зәки Ахметов "Абайдың ақындық әлемі" еңбегі.

17. 9-сыныпқа арналған "Абайтану" пәнінің базалық мазмұны:

1) оқу және түсіну:

көркем мәтінді талдап оқу; тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметін айқындай отырып , жекелеген қолданыстардағы автордың ой-ниетін танытудағы рөлі мен концептілік мәнін ашу; шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне/айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу; мәнмәтіндегі астарлы ойды анықтау, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені беруде авторлық ниетті (дітті/интенцияны) түсіну; көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/жазбаша түйіндеу; қарасөздердегі ой-толғамдарды оқырмандық ұстаным тұрғысында дәйектеп айту/жазу;

2) талдау және жинақтау:

шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, композициялық амалдарды айқындау; шығармадағы образдар жүйесін салыстыра талдау, типтік характерлерді ашу, әртүрлі мінез-құлықты саралап тану, "адал жар", "адал дос", " мағыналы жастық" тұжырымдарын айқындау, автордың ойын айқындау; көркем шығармадағы автордың стилін айқындау; шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау, көркемдік қызметін пайымдау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра бағалау; көркем шығармалардың рухани-эстетикалық құндылығына баға беру; шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер монологі, жоба жазу; әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу.

18. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) "Сегіз аяқ", "Заманақыр жастары", "Жасөспірім замандас қапа қылды", "Көзінен басқа ойы жоқ", "Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат", "Адасқанның алды-жөн, арты

соқпақ", "Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да", "Өкінішті көп өмір кеткен өтіп", " Сабырсыз, арсыз, еріншек", "Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек", "Қыран бүркіт не алмайды салса баптап", "Ғашықтық құмарлықпен ол – екі жол", "Ғашықтың тілі – тілсіз тіл", "Жарқ етпес қара көңілім не қылса да", "Қызарып, сұрланып" өлеңдері;

2) "Тоғызыншы", "Жиырмасыншы", "Отыз алтыншы", "Отыз жетінші", "Қырқыншы " қарасөздері;

3) "Ескендір" поэмасы;

4) қосымша оқуға:

Мекемтас Мырзахметұлының "Абайдың адамгершілік мұраттары" еңбегі;

Тұрсын Жұртбайдың "Күйесің жүрек... Сүйесің" еңбегі.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

19. Бағдарламада оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші саны негізгі бөлімдердің ретін, төртінші саны оқу мақсатының ретін көрсетеді. 7.2.1.1 кодында: "7" – сынып, "2.1" – негізгі дағдылар, "1" – оқу мақсатының реті.

20. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) оқу және түсіну:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Мәтінді түсініп, мәнерлеп негізгі ой түйіндерін пайымдап оқу	5. 1. 1. 1 мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықтау	6. 1. 1. 1 мәтіндерді интонацинның құрамдас бөліктерін сақтай отырып оқу	7. 1. 1. 1 көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (логикалық, психологиялық кідірістер мен) оқу	8. 1. 1. 1 көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу	9. 1. 1. 1 көркем мәтінді талдап оқу
2. Мәтіннің тілдік қабатын (лексикалық, образдық мәнін) игеру	5. 1. 2. 1 шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну	6. 1. 2. 1 мәнерлеп (логикалық екпін мен кідіріс жасай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестері нің лексикалы, образдық мәнін ашып, мәтіндегі жұмсалу мақсатын түсіну	7. 1. 2. 1 мәтіндегі тілдік бірліктерді дербес және мәнмәтіндегі (контексте) қызметін түсініп , идеялық мазмұндағы маңызын айқындау	8. 1. 2. 1 тілдік бірліктердің семантикалық мәнін түсініп, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау, образдық қызметін ашу; 8. 1. 2. 2 әке жоқтауындағы эмоционалды-экспрессивті сөздерді зерделеу, авторлық идеяны өмір	9. 1. 2. 1 тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметін айқындайотырып, жекелеген қолданыстардағы автордың ой-ниетін танытудағы рөлі

				шындығымен байланыстыру	мен концептілік мәнін ашу
3. Шығарма үзінділерімен жұмыс	5. 1. 3. 1 шығарманы құрылысымен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру	6. 1. 3. 1 шығармадан қажетті дәйектерді жинау, негізгі ой түйіндерін анықтау	7. 1. 3. 1 көркем мәтіндегі ой-түйіндерді тауып, негізгі ой қазығына топтастыру	8. 1. 3. 1 шығармадағы Абайдың ой-тұжырымдарын өзге шығармаларымен байланыстыру, тұтастыру	9. 1. 3. 1 шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне/ айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу
4. Шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн	5. 1. 4. 1 көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратын) анықтау	6. 1. 4. 1 көркем шығарма дағы кейіпкерлер әрекеті, шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау арқылы көркем мәтіндегі өзекті ойды анықтау	7. 1. 4. 1 әдеби шығармада өзекті ойды, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық мәселені анықтау	8. 1. 4. 1 шығармадағы өзекті ойды анықтау, сөз образдарының идеяны берудегі қызметін ашу	9. 1. 4. 1 мәнмәтіндегі астарлы ойды анықтау, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені беруде авторлық ниетті (дітті/ интенцияны) түсіну
5 . Интерпретация (ауызша, жазбаша)	5. 1. 5. 1 көркем, шығармадағы оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту; 5. 1. 5. 2 мысал өлеңдерді (диалогте, сахналық көріністе, сурет, мозайка, комикс) интерпретациялау; 5. 1. 5. 3 көркем мәтіндегі ой-түйіндерді салыстырмалы үлгіде (мақал, мысал, дәйек) әңгімелеу	6. 1. 5. 1 көркем шығармадғы тұлғаның ерекшелігін(слайд, ментальді карта) сипаттау; 6. 1. 5. 2 лирикалық кейіпкерге ауызша/жазбаша сипаттама жасау	7. 1. 5. 1 көркем шығармадағы, образдарды, мінездеулерді ауызша мәтінге жуық суреттеу, сипаттау; 7. 1. 5. 2 қара сөздердегі автордың түйінді ойын (түрлі нысанды: ментальді карта, сызба қолдана отырып) баяндау	8. 1. 5. 1 көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, образдардың тұлғалық ерекшеліктерін жазу/тұжырып айту; 8. 1. 5. 2 қара сөздердегі автордың түйінді ойын (түрлі нысанды: ментальді карта, сызба қолдана отырып) дәйектеу	9. 1. 5. 1 көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/жазбаша түйіндеу; 9. 1. 5. 2 қарасөздердегі ой-толғамдарды оқырмандық ұстаным тұрғысында дәйектеп айту/ жазу

2) талдау және жинақтау:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	5. 2. 1. 1 сюжетті шығармадағы фабула композиция сын				

1. Әдеби шығарманың композиция лық құрылымы	тауып, жоспар құру; 5. 2. 1. 2 лирикалық шығарманы құрылысына талдау; 5. 2. 1. 3 қарасөздерді мағыналық жігіне қарай бөлу	6. 2. 1. 1 лирикалық шығармаларды композициялық құрылымына талдау; 6. 2. 1. 2 қарасөздерді идеялық бөліктерге бөлу	7. 2. 1. 1 шығармаларды композициялық құрылы мына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындау, жоспар құру	8. 2. 1. 1 шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын жинақтау	9. 2. 1. 1 шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, композициялық амалдарды айқындау
2. Көркем шығарманың идеялық мазмұны, образдар жүйесі, типтік характер	5. 2. 2. 1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5. 2. 2. 2 жас Абайды ерекшелей тін қасиеттерді шығармадағы іс-әрекеті арқылы дәйектеу; 5. 2. 2. 3 Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын (ментальді картада, кластер) жинақтау	6. 2. 2. 1 шығармаларға ортақ ойқазығын , образдарды анықтау, ой-толғамдарды (ментальді картада, кластер) жинақтау	7. 2. 2. 1 көркем шығармадағы лирикалық образдың жасалу тәсілдерін айқындау; 7. 2. 2. 2 автордың түрлі мінез-құлық, адам болмысы туралы тұжырымдарын түрлі нысанда жинақтау	8. 2. 2. 1 көркем шығармадағы образ құраушы элементтерді табу, образ сомдаушы бірліктерді жинақтау	9. 2. 2. 1 шығармадағы образдар жүйесін салыстыра талдау, типтік характерлерді ашу, әртүрлі мінез-құлықты саралап тану, "адал жар", "адал дос", "мағыналы жастық" тұжырымдарын айқындау, автордың ойын айқындау
3. Көркем шығарманың тілі, стилі	5. 2. 3. 1 көркем шығарма дағы поэтикалық тілдің ерекшелігінайқындау	6. 2. 3. 1 шығарма тіліндегі этномәдени бірліктерді талдау, поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау	7. 2. 3. 1 көркем шығарма тілінің, ақпараттық, фразеологияық қырын мәнмәтінде анықтау	8. 2. 3. 1 көркем шығармадағы автордың суреттеу тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау	9. 2. 3. 1 көркем шығармадағы автордың стилін айқындау
	5. 2. 4. 1 шығармада ғы	6. 2. 4. 1 шығармадағы көркем ауыстыруларды	7. 2. 4. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (троптың түрлері мен символ,	8. 2. 4. 1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (троп пен фигура, психологиялық параллелизм,	9. 2. 4. 1 шығармада ғы әдеби тілді

4. Көркемдік тәсілдер	тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау	(троптар ды: метафора, кейіптеу, метонимия, аллегория, антитеза, градация) анықтау	синекдоха, қайталау түрлері : эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ, арнау) қолданысын талдау	перифраз, аксиморон, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдау, мәтіндегі көркемдік қызметін анықтау	құбылтумен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау, көркемдік қызметін пайымдау

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

1. Шығармадағы тарихи шындық және көркемдік шешім	5. 3. 1. 1 шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау	6. 3. 1. 1 шығарма образдарын ұлттық сипаттың ашылуы тұрғысынан бағалау; 6. 3. 1. 2 мәтіндегі нысандарды ұлттық, тарихи құндылық тұрғысында бағалау	7. 3. 1. 1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес автордың өзге шығармалармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау	8. 3. 1. 1 шығармадағы тұлғалық қасиеттерді автордың өзге шығармаларыме н салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығы на баға беру	9. 3. 1. 1 туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра бағалау
2. Рухани және көркем-эстетикалық құндылығы	5. 3. 2. 1 көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау	6. 3. 2. 1 мәтіннің көркемдік-эстетикалық құндылығына баға беру	7. 3. 2. 1 көркем образдардың тұлғалық ерекшелікте рін ашудағы автор шеберлігіне баға беру	8. 3. 2. 1 шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру	9. 3. 2. 1 көркем шығармалардың рухани-эстетикалық құндылығына баға беру
3. Әдеби шығармашылық	5. 3. 3. 1 шығарманы автор ізімен баяндап жазу; 5. 3. 3. 2 көркем шығармадағы көрініс ті әңгімелеп жазу; 5. 3. 3. 3 шығармадан алған әсерін зерделеп, ойтолғау, авторға, замандастарына хат жазу, "Абай қарасөздеріндегі	6. 3. 3. 1 шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ой толғау, хат, пост , ертегі, өтірік өлең) жазу	7. 3. 3. 1 кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме) жазу	8. 3. 3. 1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылы ғын талдап, шығарма , блог, әңгіме жазу; 8. 3. 3. 2 көркем мәтінді жалпы адамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жазу	9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер

	талап пен еңбек тақырыбы" эссе жазу				монологі, жоба жазу
4. Әдеби сын	5. 3. 4. 1 оқырман ретінде шығармадан алған әсерін зерделеп, сыни хабарлама жазу	6. 3. 4. 1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау	7. 3. 4. 1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	8. 3. 4. 1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу	9. 3. 4. 1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу

21. -тоқсандағы бөлімдер мен бөлімшелер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

22. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік " Абай мектептерінің" 5-9-сыныптарына арналған "Абайтану" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік "Абай мектептерінің" 5-9-сыныптарына арналған "Абайтану" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

Оқу жоспарының концепциялық негіздері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Білім мазмұнының мақсаты	Білім алушыларға тиісті құзыреттіліктер мен оқу міндеттері
1-тоқсан			
		Оқу және түсіну	5. 1. 2. 1 шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну; 5. 1. 3. 1 шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру; 5. 1. 4. 1 көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратын) анықтау; 5. 1. 5. 1 көркем, шығармадағы оқиға

Абайдың өскен ортасы, тұлғалық ерекшелік тері	"Абайтану" пәнінің ерекшелігі, пән ретіндегі сипаттамасы, Абайдың балалық шағы мен өскен ортасын жайында жазылған мақала мен көркем шығармалар арқылы игеру; Ғылымның пайдасы мен оны игерудің шарттары туралы Абай пайымын тану. Кіріспе. "Абайтану" пәні туралы түсінік, М. Әуезов "Абайдың өмірбаяны", М. Әуезов " Зерек те талапты жас", " Ғылым таппай мақтанба", "Интернатта оқып жүр..." өленделері. Қосымша оқуға: М.Әуезов "Кәрі әже – Зере" ("Абай жолы" роман-эпопеясынан), Тұрағұл Абайұлы "Менің әкемнің ерекше қасиеті", Уәсила Мағауияқызының Абай туралы естеліктері.		желісін мәтінге жуық баяндап айту
		Талдау және жинақтау	5. 2. 1. 1 сюжетті шығармадағы фабула композициясын тауып, жоспар құру; 5. 2. 1. 2 лирикалық шығарманы құрылысына талдау; 5. 2. 2. 1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5. 2. 2. 2 жас Абайды ерекшелейтін қасиеттерді шығармадағы іс-әрекеті арқылы дәйектеу; 5. 2. 2. 3 Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын (ментальді картада, кластер) нысандарда жинақтау
		Бағалау (салыстыру) және шығарма шылық (өнім)	5. 3. 1. 1 шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау; 5. 3. 2. 1 көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау; 5. 3. 3. 1 шығарманы автор ізімен баяндап жазу; 5. 3. 3. 2 көркем шығармада ғы көрініс әңгімелеп жазу; 5. 3. 3. 3 шығармадан алған әсерін зерделеп, ойтолғау, авторға, замандастарына хат жазу, "Абай қарасөздеріндегі талап пен еңбек тақырыбы" эссе жазу
2-тоқсан			
			5. 1. 1. 1 мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықтау;

"Білімдіден шыққан сөз"	Абайдың тұлғалық болмысы мен өскен ортасын ғылыми мақалалар мен көркем шығармалар арқылы игеру; білім алу шарттарын шығармалары арқылы игеру. "Жасымда ғылым бар деп ескермедім" өлеңі, "Отыз бірінші", "Отыз екінші" қарасөздері. Қосымша оқуға: Бейбіт Сапаралы "Өскенбай", Мұхтар Әуезов "Құнанбай" ("Абай жолы" роман-эпопеясынан), Мұхтар Әуезов "Ұлжан" ("Абай жолы" роман-эпопеясынан)	Оқу және түсіну	5. 1. 2. 1 шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестері нің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну; 5. 1. 3. 1 шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру; 5. 1. 4. 1 көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратты) анықтау; 5. 1. 5. 2 мысал өлеңдерді (диалогте, сахналық көріністе, сурет, мозайка, комикс) интерпретациялау
	Тоқыма материалдарын өңдеуге арналған құрал-жабдықтар мен құрылғылар	5. 2. 2. 1 тігін машинасының құрылысын, жіп өткізуді сипаттау және білу, машина тігістерін орындау; 5. 2. 2. 2 тігін бұйымдарын ылғалды-жылулық (үтік) өңдеуге арналған жабдықтарын білу, сипаттай алу және қолдану; 5. 2. 6. 2 қол еңбегі құралдарымен жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдерін , еңбек гигиенасының ережелерін білу (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру және тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу)
	Тігін бұйымдарының классификациясы. Идеядан өнімге (тігін бұйымдары)	5. 1. 6. 3 тоқыма материалдары мен бұйымдарының классификациясын, құрамы мен қарапайым тоқылу әдісін сипаттау және білу
	Дизайн, киімді макеттеу (қағаз, тоқыма материалдар). Костюм құру (мини-манекенде немесе қуыршақта)	5. 1. 5. 1 өзінің және өзгенің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) тәжірибесіне сүйеніп және композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау; 5. 2. 3. 1 тоқыма бұйымдарын пішу және сыру тігісін қолдану арқылы қол еңбегі құралдарымен, тігін машинасында өңдеу; 5. 2. 3. 2 түрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйым орындау;

Дизайн және технология		5. 2. 6. 1 қауіпсіздік техникасын қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Тоқыма мозаика техникасында тігін бұйымдарының дизайны (құрақ, пэчворк, квилт) Идеяларды құру. Нобай. Материалды таңдау және дайындау. Жұмыстың орындалу бірізділігі	5. 1. 5. 1 өзінің және өзгенің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) тәжірибесіне сүйене отырып және композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау; 5. 1. 4. 1 шығамашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтай отырып, жоспар дайындау
	Бұйым дайындау. Бұйымды безендіру	5. 2. 3. 1 тоқыма бұйымдарын пішу және сыру тігісін қолдану арқылы қол еңбегі құралдарымен, тігін машинасында өңдеу; 5. 2. 3. 2 түрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйым орындау; 5. 2. 3. 3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану; 5. 2. 6. 1 қауіпсіздік техникасын қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Жұмысты қорғау	5. 3. 1. 1 бүкіл сыныпқа дайын жұмысты таныстыру (көрме); 5. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша конструктивті пікірлер, ұсыныстарды білдіру
4-тоқсан		
	Дұрыс тамақтанудың негіздері. Ас мәзірін әзірлеу	5. 2. 4. 1 дұрыс және тиімді тамақтанудың ережелерін сипаттау және зерделеу; 5. 2. 4. 2 дұрыс және тиімді тамақтанудың мәзірін құрастыру; 5. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу (оның ішінде

		ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы)
	Асхананың жабдықталуы. Тағам әзірлеуге арналған құралдар-жабдықтар, аспаптар мен ыдыс-аяқтар. Тағам дайындауға арналған құрал-жабдықтардың мүмкіндіктерін зерттеу	5. 2. 4. 3 тағам әзірлеуге арналған құралдар мен жабдықтарды зерделеу және олардың мүмкіншілігін анықтау; 5. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 5. 2. 6. 2 қол еңбегі құралдарымен жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдерін , еңбек гигиенасының ережелерін білу (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру және тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу)
Тамақтану мәдениеті	Бутербродтар мен сусындардың әзірлену технологиясы	5. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданып); 5. 2. 4. 4 суық тағамдар мен сусындар дайындау технологиясын білу және қолдану; 5. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы)
	Жемістер мен көкөністерден салаттар әзірлеу технологиясы	5. 2. 4. 4 салқын тағамдар мен сусындарды әзірлеу технологиясын білу және қолдану; 5. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша конструктивті пікірлер, ұсыныстарды білдіру; 5. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы)
		5. 2. 5. 3 жеке басының гигиенасы ережелерін зерделеу және сипаттау, әртүрлі шаш пен тері түрін анықтау;

Үй мәдениеті	Жеке бастың гигиенасы. Өз-өзіне күтім жасау	5. 2. 5. 4 өз бетінше өз-өзіне қарау әрекеттері мен тәсілдерін таңдау және қолдану
	Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар	5. 2. 5. 1 өсімдік шаруашылығы мен жеміс-көкөніс түрлерінің негізгі бағыттарын зерделеу және сипаттау; 5. 2. 5. 2 өсімдік шаруашылығында көктемгі жұмыстар жүргізу (топырақты өңдеу, зиянкес жәндіктерден қорғау, егу мен отырғызу); 5. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану

7) 6-сынып (қыздар):

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқу мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан		
	Портрет жанры. Портрет түрлері. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет	6. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды іске асыру мақсатында ақпарат көздерін өз бетінше таңдап, қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы)
		6. 1. 2. 1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету
	Сызықты портрет. Графика. Орындалу техникасы. Дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау (сымнан орындалған портрет)	6. 2. 1. 1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану
		6. 1. 6. 4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау; 6. 1. 6. 2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау

Визуалды өнер	Портреттегі түс. Орындалу техникасы	6. 1. 1. 1 өзінің және басқа оқушының тәжірибесіне сүйене отырып, қоршаған орта нысандарының визуалды сипаттамаларын (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік) түсіну және білімін көрсету; 6. 2. 1. 1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану
	Заманауи портрет. Фотоөнер. Фотокамерамен тәжірибе	6. 3. 2. 1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды салыстыру
		6. 2. 1. 1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану
	Анимация. Қозғалатын элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар)	6. 1. 2. 1 әлемдік және қазақтың ұлттық мәдениетіндегі дизайн, қолөнер мен өнер туындыларының ерекшеліктерін түсіну мен білімін көрсету
	Сценарий дайындау. Кейіпкерлер мен декорациялар құру. Көркем өнер идеяларын іске асыру. Дыбыс қосу	6. 1. 4. 1 уақыт пен басқа да факторларды ескере отырып, іс-әрекеттің реттілігін анықтау және жоспарлау
		6. 2. 1. 1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану
		6. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша сындарлы пікір мен негізделген ұсыныстарды қабылдау
	Жұмысты қорғау	6. 3. 1. 1 мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру (көрме)
2-тоқсан		
	Тоқу өнері. Ілмекпен тоқу. Тоқу тәсілдері мен техникалары.	6. 1. 2. 1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету;

Сәндік-қолданбалы өнер	Бұйымның нобайын дайындау. Материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау	6. 1. 5. 2 шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау; 6. 1. 4. 2 материалдық шығынды анықтау (сандық көрсеткіштер)
	Әртүрлі бұйымдарды ілмекпен тоқу (сулықтар, сөмкелер, ұялы телефондардың қабы)	6. 1. 6. 4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау; 6. 2. 3. 3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану; 6. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Шалма бізбен тоқу. Шалма біз және олардың түрлері. Тоқу тәсілдері мен техникалары. Бұйымның нобайын дайындау	6. 1. 5. 2 шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау; 6. 1. 4. 2 материалдық шығынды анықтау (сандық көрсеткіштер)
	Әртүрлі бұйымдарды шалма бізбен тоқу (мойынорағыш, үшкіл орамал, тіреуіш, ұялы телефондардың қабы)	6. 1. 6. 4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау; 6. 2. 3. 3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану; 6. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Жұмысты қорғау. Көрме ұйымдастыру	6. 3. 1. 1 мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру (көрме); 6. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша сындарлы пікір мен негізделген ұсыныстарды қабылдау

3-тоқсан		
Дизайн және технология	Тоқыма материалдарынан бұйым дайындау (авторлық қуыршақ, дамытатын ойыншықтар). Идеяларды құру. Нобай	6. 1. 5. 1 өзінің тәжірибесі мен біліміне сүйеніп, композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, әртүрлі нысандардың дизайны бойынша тапсырмалар орындау; 6. 1. 5. 2 шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау
	Түрлі-түсті және фактуралы тоқыма материалдарын зерттеу. Материалдарды, құралдар мен жабдықтарды таңдау және дайындау	6. 1. 6. 3 тоқыма материалдары мен бұйымдарының қасиеттері мен фактурасын анықтау және зерделеу; 6. 1. 6. 2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау; 6. 2. 2. 1 тігін машинасын қалыпты күйге келтіруді білу және орындау
	Бұйым дайындау. Бөлшектерді пішу. Жеке бөліктерін өңдеу. Бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру	6. 2. 2. 2 тігін бұйымдарын ылғалды- жылулық өңдеу режимдерін білу, сипаттау және оларды тәжірибеде қолдану; 6. 2. 3. 1 өлшем мен белгілеу негізінде орындалған бұйым дайындау үшін материалдарды электрлік қол құралдарымен өңдеу ; 6. 2. 3. 2 әртүрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, бір өнім орындау; 6. 2. 6. 2 қол электрлі құралдары мен жабдықтарымен қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдерін, еңбек гигиенасы ережелерін (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру мен тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу) білу және түсіндіру
	Үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны (алжапқыш, асханалық бұйымдар). Идеяларды құру. Нобай. Материалды таңдау және	6. 1. 5. 1 өзінің тәжірибесі мен біліміне сүйеніп, композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, әртүрлі нысандардың дизайны бойынша тапсырмалар орындау; 6. 1. 5. 2 шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау;

	дайындау. Жұмысты орындау бірізділігі	6. 1. 4. 1 уақыт пен басқа да факторларды ескере отырып, іс-әрекеттің реттілігін анықтау және жоспарлау; 6. 1. 4. 2 материалдық шығынды анықтау (сандық көрсеткіштер)
	Бұйым дайындау. Бөлшектерді пішу. Жеке бөліктерін өңдеу. Бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру	6. 2. 2. 2 тігін бұйымдарын ылғалды- жылулық өңдеу режимдерін білу, сипаттау және оларды тәжірибеде қолдану; 6. 2. 3. 1 тігін машинасы және қол құралдарымен қайып тігу, сырып тігу тігіс түрлерін қолдана отырып , тоқыма материалдарын пішу және өңдеу; 6. 2. 3. 2 әртүрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, бір өнім орындау; 6. 2. 6. 2 қол электрлі құралдары мен жабдықтарымен қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдерін, еңбек гигиенасы ережелерін (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру мен тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу) білу және түсіндіру
	Жұмысты қорғау. Көрме ұйымдастыру	6. 3. 1. 1 мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру (көрме); 6. 3. 3. 1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді (техникасы) салыстыру
4-тоқсан		
	Қазақ халқы мен түрлі халықтардың және де қоғамдық тамақтану орындарындағы дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері	6. 2. 4. 1 қоғамдық тамақтану орындарында, қазақ халқы мен әлем халықтарының мәдениетіндегі дастарқан басында өзін-өзі ұстау ережелерін салыстыру және сипаттау; 6. 2. 4. 2 әртүрлі іс-шараға арналған дастарханды безендірудегі білімдері мен тәжірбиелік дағдыларын көрсету
		6. 2. 4. 3 жылдам орындалатын тағамдар мен десерт дайындау технологияларын білу және қолдану;

Тамақтану мәдениеті.	Жартылай дайын өнімдерден тағамдар әзірлеу технологиясы	6. 2. 4. 4 әртүрлі тағамдарды дайындау үшін азық-түліктер, құрал-жабдықтар мен керек-жарақтарын анықтау және таңдау
	Тағамдарды жылдам әзірлеудің технологиясы	6. 2. 4. 3 жылдам орындалатын тағамдар мен десерт дайындау технологияларын білу және қолдану; 6. 2. 4. 4 әртүрлі тағамдарды дайындау үшін азық-түліктер, құрал-жабдықтар мен керек-жарақтарын анықтау және таңдау
	Десерт әзірлеу технологиясы	6. 2. 4. 3 жылдам орындалатын тағамдар мен десерт дайындау технологияларын білу және қолдану; 6. 2. 4. 4 әртүрлі тағамдарды дайындау үшін азық-түліктер, құрал-жабдықтар мен керек-жарақтарын анықтау және таңдау; 6. 3. 1. 1 мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру (көрме)
Үй мәдениеті	Гигиена ережелері. Бөлмені ылғалды және құрғақ тазалау жұмысы	6. 2. 5. 3 тазалау құралдары, тұрғын үйге қойылатын гигениалық талаптарды зерделеу және сипаттау; 6. 2. 5. 4 шектеулі қолдауда тазалау құралдары мен тәсілдерін таңдау және қолдану
	Киім (аяқ киім) күтімі мен оларды сақтау	6. 2. 5. 5 шектеулі қолдауда мезгілдік киім мен аяқ-киімдерді күту мен ұзаққа сақтау ережелерін білу және ұстану
	Сәндік гүлдер түрлері. Гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар	6. 2. 5. 1 сәндік гүлдер түрлерін өсіру технологиясын зерттеу және сипаттау; 6. 2. 5. 2 сәндік бақ өсіру мен гүл өсіру шаруашылығында көктемгі жұмыстар (топырақты өңдеу, зиянкес жәндіктерден қорғау, егу мен отырғызу) жүргізу; 6. 2. 6. 1 қауіпсіздік техникасын қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану

8) 7-сынып (қыздар):

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқу мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан		
Визуалды өнер	Өнердегі заманауи техника мен ғылыми жетістіктер. Табиғаттағы микро суреттер	7. 1. 1. 1 қоршаған орта элементтерінің визуалды сипаттамасын (композиция, түс, пішін, фактура, пропорция) өзінше түсіндіру
		7. 2. 1. 1 күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін, өнер құралдары мен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін визуалды элементтерді таңдау және негізделген түрде анықтау
	Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар (поп арт, инсталляция) (өздігінен ізденіс зерттеулері)	7. 3. 2. 1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды талқылау және бағалау
		7. 3. 3. 1 пәндік терминологияны пайдалана отырып, басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) және өз жұмыстарындағы әдіс-тәсілдері мен техникаларды талқылау және бағалау
	Қазақстанның заманауи суретшілері	7. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін өз бетінше зерделеу және сипаттау
		7. 1. 3. 1 шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы)
	Өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізінде	7. 1. 6. 4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әртүрлі (заманауи) технологиялар мен өнер материалдарын анықтау, таңдау және біріктіру; 7. 1. 6. 2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу, пайдалану және

	тәжірибелік жұмыс орындау. (2D немесе 3D форматында)	үйлестірудің тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау
		7. 2. 1. 1 күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін, өнер құралдары мен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін визуалды элементтерді таңдау және негізделген түрде анықтау
	Жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру	7. 3. 1. 1 ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі)
2-тоқсан		
Сәндік-қолданбалы өнер	Көркемдік жазба (батик, гжель, хохлома). Жазбалар түрлері. Жазбалардың тәсілдері мен техникасы. Материалдары және құралдары	7. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін өз бетінше зерделеу және сипаттау; 7. 1. 3. 1 шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы)
	Бұйымның нобайын орындау. Материалдар мен құралдарды дайындау	7. 1. 5. 2 бұйым жасауда әртүрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технология-ларды қолданып), нобайлар, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау; 7. 1. 4. 1 алған білімдері мен тәжірибелерін қолдана болашақ іс-әрекеттерін анықтау және шығармашылық қызметін жоспарлау
	Көркемдік жазбаны орындау. Сәндеу. Безендіру	7. 2. 1. 1 күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін, өнер құралдары мен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін визуалды элементтерді таңдау және негізделген түрде анықтау; 7. 1. 6. 4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әртүрлі (заманауи) технологиялар мен өнер материалдарын анықтау, таңдау және біріктіру;

		7. 2. 6. 1 қауіпсіздік техникасын қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру	7. 3. 1. 1 ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі)
3-тоқсан		
Дизайн және технология	Өзгеріске ұшырау (трансформация) және тігін бұйымдарды сәндеу (киім, аксессуарлар, бижутериялар). Идеяларды құру. Нобай	7. 1. 3. 1 шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы); 7. 1. 5. 1 функционалды (техникалық) және эстетикалық талаптарға сай, дизайн дайындау бойынша тапсырмаларды орындау; 7. 1. 5. 2 бұйым жасауда әртүрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданып), нобайлар, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау
	Материалдар мен құралдарды дайындау	7. 2. 2. 1 тігін машинасының жұмысында ақауларды анықтау және жөндеу; 7. 1. 6. 2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу, пайдалану және үйлестірудің тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау; 7. 1. 6. 3 өңдеу тігін материалдары мен сәндік әшекей бұйымдарының жіктелуін және сипаттамасын анықтау, салыстыру
	Жиынтықты орындау. Киім бөлшектерін пішу. Жеке	7. 2. 3. 1 әртүрлі конструкциялық, заманауи тоқыма және сәндеу материалдарын қолдана отырып, тігін машинасында технологиялық талапқа сайкес бұйым жасау; 7. 2. 2. 2 тігін бұйымдарын ылғалды-жылулық өңдеу

	бөлшектерді өңдеу. Бұйымдардың бөлшектерін құрастыру және өңдеу. Бұйымды сәндеу	барысында қолданылатын құралдарды анықтау, таңдау, қолдану; 7. 1. 4. 2 бұйымның өзіндік құны мен материалдық шығындарын анықтау; 7. 2. 3. 4 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану
	Жұмысты қорғау	7. 3. 1. 1 ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі); 7. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды салыстыруда негізделген сыни ұсыныстар жасау
4-тоқсан		
Тамақтану мәдениеті	Қазақтың ұлттық тағамдары	7. 2. 4. 2 әлем халықтарының және ұлттық тағамдардың жасалу технологияларын зерделеу және қолдану
	Әлем халықтарының тағамдары. (өздігінен ізденіс зерттеулері)	7. 1. 3. 1 шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы); 7. 2. 4. 1 әлем халықтарының тағамдары мен әлемге әйгілі аспазшылардың тағамдарындағы ерекшеліктерді сипаттап, салыстыру
	Әлем халықтарының тағамдары. Тәжірибелік жұмыс (суши, пицца, көже)	7. 2. 4. 2 әлем халықтары мен ұлттық тағамдардың жасалу технологияларын зерделеу және қолдану; 7. 2. 4. 3 әртүрлі тағамдар дайындауда қолданатын қажетті құрал-жабдықтарды, өнімдерді таңдауда өз бетінше нақты шешім қабылдай алу
		7. 2. 5. 2 эксплуатациялық, эстетикалық және экологиялық сапаларын бағалай отырып,

Үй мәдениеті	Тұрмыстық техниканы таңдау. Тұрмыстық техниканы қолдану ережелері	тұрмыстық техникаларды мақсаты мен атқаратын қызметіне қарай жіктеу; 7. 2. 5. 3 тұрмыстық техникаларды қолдану мен күту ережелерін сипаттау және зерделеу; 7. 2. 6. 2 заманауи технологиялық машиналармен қауіпсіз жұмыс жасау жолдарын білу және түсіндіру
	Өсімдік сән және интерьер элементі ретінде	7. 2. 5. 1 интерьер дизайнын безендіру үшін әртүрлі өсімдіктердің эстетикалық қасиеттерін сипаттау, қолдану және бағалау; 7. 3. 3. 1 пәндік терминологияны пайдалана отырып, басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) және өз жұмыстарындағы әдіс-тәсілдері мен техникаларды талқылау және бағалау

9) 8-сынып (қыздар):

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқу мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан		
	Қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы бұйымдары (ши тоқу, киіз бас) Әр түрлі ұлттық бұйымдар. Құрал-саймандар мен материалдар	8. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету; 8. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы)
	Бұйымдарға нобайлар дайындау. Құрал-саймандар мен материалдар	8. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолданып, бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологиялар-ды қолданып), графикалық және технологиялық құжаттар дайындау; 8.1.4. алған білімдері мен тәжірибесін қолдана отырып.

		болашақ іс-әрекеттерді анықтауда өздерінің шығармашылық қызметерін жоспарлайды
Сәндік қолданбалы өнер	Шығармашылық жұмыстарды орындау. Әшекейлерді пайдалана отырып сәндеу	8. 2. 1. 1 күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін өз бетінше өнердің көркем құралдарын анықтау, таңдау және қолдану; 8. 1. 6. 4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі технологиялар мен өнер материалдарын өз бетінше анықтау, таңдау және біріктіру; 8. 2. 3. 3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану; 8. 3. 2. 1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды талдау мен бағалау жүргізу үшін критерийлерді қолдану; 8. 2. 6. 1 қауіпсіздік ережелерінің маңызы мен сақтық шараларын сақтауды жариялау арқылы материалдар мен жұмыс құралдарын пайдалану
	Жұмысты қорғау. Көрмеге ұсыну	8. 3. 1. 1 онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну (онлайн форумдар, әлеуметтік желілерде)
2-тоқсан		
	Қазақтың ұлттық киімі. Этностиль. Ою-өрнек стилизациясы	8. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету; 8. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы)
		8. 1. 5. 1 функционалды (техникалық), эстетикалық, эргономикалық және экологиялық

		талаптарға сай нысан дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау;
	Этностильдегі (бас киімдер, қазақтың ұлттық киімдері)	8. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолданып, бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технология- ларды қолданып), графикалық және технологиялық құжаттар дайындау
Дизайн және технология	Этностильдегі бұйымдарды жасау (бас киімдер, қазақтың ұлттық киімдері) Бұйымдарды әшекейлеу	8. 2. 3. 3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану; 8. 2. 3. 1 қол мен тігін құрал-жабдықтарын және олардың құрылғыларын қолдана отырып, тоқыма материалдарын өңдеу мен сәндеудің тиімді әдістерін анықтау және қолдану; 8. 2. 3. 2 әртүрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, өз бетінше құрастырған технологиялық құжат арқылы күрделендірілген бұйымдар дайындау; 8. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды талдауда және бағалауда негізінделген сыни ұсыныстар жасау; 8. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Жұмысты қорғау	8. 3. 1. 1 онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну (онлайн форумдар, әлеуметтік желілерде)
3-тоқсан		
		8. 1. 4. 2 зерттеу нәтижелері негізінде тұтынушылардың өнімнің түрлеріне деген қажеттілігін анықтау; 8. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған

Дизайн және технология	Халықтық пішім негізінде киім үлгісінің дизайны. (тұтас жеңдер)	ақпарат көздерін қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы)
	Бұйымдарға нобайлар дайындау	8. 1. 5. 1 функционалды (техникалық), эстетикалық, эргономикалық және экологиялық талаптарға сай нысан дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау; 8. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолданып, бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологиялар-ды қолданып), графикалық және технологиялық құжаттар дайындау
	Құрал-саймандар мен материалдарды дайындау	8. 2. 2. 1 тігін машинасына қажетті құрылғыларды (түймелікті өңдеу, сыдырманы қондырып тігу) таңдау және қолдану; 8. 1. 6. 3 табиғи және жасанды тері мен былғарының түрлері мен қасиеттерін анықтау, салыстыру және зерделеу; 8. 2. 6. 2 құрал-жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу туралы ескертпе парағын құру
	Халықтық пішім негізінде киім үлгісінде бұйым дайындау. Бөлшектерді пішу. Бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді біріктіру мен безендіру. Бұйымды ою-өрнек элементтерімен безендіру	8. 2. 3. 1 қол мен тігін құрал-жабдықтарын және олардың құрылғыларын қолдана отырып, тоқыма материалдарын өңдеу мен сәндеудің тиімді әдістерін анықтау және қолдану; 8. 2. 3. 2 әртүрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, өз бетінше құрастырған технологиялық құжат арқылы күрделендірілген бұйымдар дайындау; 8. 3. 3. 1 жасалған өнімнің (шығармашылық жұмыс) сапасын қолданылған әдіс-тәсілдерін бағалау және талдау үшін критерийлерді қолдану
		8. 3. 1. 1 онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында

	Жұмысты қорғау	дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну (онлайн форумдар, әлеуметтік желілерде)
4-тоқсан		
Үй мәдениеті	Интерьерге арналған сәнді бұйымдар (2D/3D форматта). Бұйымдарға нобайлар дайындау. Құрал-саймандар мен материалдарды дайындау	8. 1. 6. 2 бұйымды дайындау мен безендіру үшін заманауи және дәстүрлі емес материалдардың тиімді қолданылуын түсіне отырып өздігінен таңдау; 8. 1. 6. 4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі технологиялар мен өнер материалдарын өз бетінше анықтау, таңдау және біріктіру
	Интерьерге арналған 2D/3D сәнді бұйымдарды жасау	8. 2. 5. 3 өз бетінше материалдар мен техниканы анықтап, таңдай отырып, эстетикалық және техникалық талаптарға сай келетін интерьерге арналған сәндік бұйымдар дайындау; 8. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды талдауда және бағалауда негізінделген сыни ұсыныстар жасау; 8. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Өсімдік шаруашылығындағы ғылымның рөлі	8. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы); 8. 2. 5. 1 ауылшаруашылық өндірісінің дамуындағы әдіс-тәсілдерді талқылау және бағалау
	Медицина, фитотерапия және косметологиядағы өсімдіктің рөлі	8. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы);

		8. 2. 5. 2 фитотерапия мен косметика, медицинадағы өсімдіктер ролін зерделеу, талқылау және бағалау

10) 9-сынып (қыздар):

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқу мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан		
Сәндік қолданбалы өнер	Қазақстанның дәстүрлі тоқыма өнері. Қазақ кілемдері. Алаша. Кілем тоқу. Гобелен. Қазіргі кілемдер үлгілері	9. 1. 2. 1 өнер туындыларының тарихи және мәдени шығармаларындағы материалдар мен стильдерді жариялауда көпшілік назарының әсерін қарастыра отырып, салысытрмалы талдауды жасау; 9. 1. 3. 1 шығармашылық ойды жүзеге асыру мен дамытуда алғашқы және қазіргі ақпарат көздерін мақсатты түрде және өнімді қолдану (ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану); 9. 2. 2. 2 әртүрлі өнеркәсіпте технологиялық және өдірістік үдерістер туралы білімдері мен түсінігін көрсету
	Кілем тоқу материалдары мен құрал жабдықтары	9. 1. 6. 4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі технологиялар мен өнер материалдарын қолдану бойынша өзіндік (оригиналды) шешімдерді ұсыну
	Бұйым нобайын жасау. Материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау	9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау; 9. 1. 4. 1 жұмысты орындаудың тиімді (оптималды) әдістері мен реттілігін анықтай отырып, шығармашылық қызметін жоспарлау
	Шығармашылық жұмысты орындау. Декор жасау мен безендіру	9. 2. 1. 1 мазмұнды, ерекше туындыны орындау үшін өз бетінше және сенімділікпен өнердің көркем құралдарын қолдану; 9. 2. 3. 3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану;

		9. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Жұмысты қорғау. Көрме ұйымдастыру	9. 3. 1. 1 медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстарын қорғауды өз бетінше ұйымдастыру (бейнетаспа, онлайн форумдар, әлеуметтік желілер)
		9. 3. 2. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы тарихи, әлеуметтік және мәдениеттік мәнмәтіндерді талдау мен бағалау
2-тоқсан		
Дизайн және технологи	Заманауи сән әлеміндегі сарындық (стильді) бағыттар (өздігінен ізденіс зерттеулері)	9. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығармалардағы қолөнер, дизайн туындыларының материалдарын, түрлерін, бағыттарын салыстырмалы талдау; 9. 1. 3. 1 шығармашылық ойларды жүзеге асыруда алғашқы және қазіргі ақпарат көздерін мақсатты, өнімді пайдалану. (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану)
	"Сән және жеке тұлға үйлесімділігі" эксперименті. Жеке даралық имиджін жасау. Идеяларды жүзеге асыру	9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау
	Аксессуарлар, шаш үлгісі, визаж құралдары негізінде жеке даралық образды жасау	9. 1. 6. 2 бұйымды дайындау мен безендіру барысында заманауи және дәстүрлі емес материалдарды қолданудың өзіндік (оригиналды) шешімдері мен жолдарын ұсыну
	Киім топтамасын жасау эксперименті/жеке даралық имидж үшін аксессуарлар	9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді қорытындылау; 9. 1. 6. 3 трикотажды, тоқусыз матаны және басқа да заманауи, дәстүрлі материалдарды өз бетінше зерделеу, анықтау және бағалау; 9. 2. 3. 1 бұйым дайындау барысында материалдарды өңдеу мен безендірудің ұтымды

		тәсілдерін анықтау, таңдау мен қолдану; 9. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы мақсаттың өзіндік анық көруін және негізделген бағаны өзіндік білдіру
	Жұмысты қорғау	9. 3. 1. 1 медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстарын қорғауды өз бетінше ұйымдастыру (бейнетаспа, онлайн форумдар, әлеуметтік желілер)
3-тоқсан		
Дизайн және технология	Сәнді киім дизайны "Fast cloth" қарапайым геометриялық формалар (пончо, кейп, туника) (сән журналдары). Киім және аксессуарлардың заманауи өндірісі	9. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығармалардағы қолөнер, дизайн туындыларының материалдарын, түрлерін, бағыттарын салыстырмалы талдау; 9. 1. 3. 1 шығармашылық ойларды жүзеге асыруда алғашқы және қазіргі ақпарат көздерін мақсатты, өнімді пайдалану. (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану); 9. 2. 2. 2 әртүрлі өнеркәсіпте технологиялық және өндірістік үдерістер туралы білімдері мен түсінігін көрсету
	Нобай. Идеяны жүзеге асыру. Материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау	9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді қорытындылау; 9. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолдану арқылы (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданып) өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құру
		9. 2. 2. 1 заманауи тігін құрал-жабдықтарын білу және торлау тігін машинасын қолдану; 9. 2. 2. 3 тігін машиналарында күрделі операцияларды (аппликация, кестелеу) орындау және зерделеу; 9. 2. 3. 1 бұйым дайындау барысында материалдарды өңдеу

	Бұйымды жасау. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді жинау мен бұйымды сәндеу	мен безендірудің ұтымды тәсілдерін анықтау, таңдау мен қолдану; 9. 2. 3. 2 сенімділік пен дербестігін көрсете, әртүрлі техникаларды, конструкция түрлері мен заманауи материалдарды қолдана отырып ерекше күрделі бұйым жасау; 9. 2. 6. 1 материалдар мен құрал жабдықтарды қолданудағы қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы мен сақтық шараларын айтып отырып, жұмыс орындау; 9. 2. 6. 2 белгілі бір бұйым мен жұмыс түріне арналған техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық құру
	Жұмысты талдау мен бағалау. Жұмысты қорғау	9. 1. 4. 2 пайданы (табысты) анықтау мақсатында түрлі тауарларды өткізу нарығын талдау ; 9. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы мақсатты өзгеше көзқарасын білдіру және негізделген өзіндік баға беру; 9. 3. 1. 1 медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстарын қорғауды өз бетінше ұйымдастыру (бейнетаспа , онлайн форумдар, әлеуметтік желілер)
4-тоқсан		
	Ландшафт элементтері интерьерде /экстерьерде	9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау; 9. 2. 5. 1 ландшафты дизайнның элементтерін, заманауи бағыттары мен стильдерін анықтау және сипаттау; 9. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды) дамыту мен іске асыруда алғашқы және қазіргі ақпарат көздерін толыққанды және нәтижелі қолдану
		9. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолдану арқылы (оның

Үй мәдениеті	Шығармашылық идеяны визуалдау	і ш і н д е ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданып) өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құру; 9. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы мақсаттың өзіндік анық көруін және негізделген бағаны өзіндік білдіру
	Интерьерді мерекеге орай безендіру	9. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолдану арқылы (оның і ш і н д е ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданып) өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құру; 9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау; 9. 2. 5. 4 интерьерді (тұрғын үй, қоғамдық) безендіру, жоспарлау және ұйымдастыру бойынша тәжірибелік жұмысты орындау үшін түрлі салалардағы білімдерін жалпылау; 9. 3. 3. 1 бұйымның сапасын және өнімнің сыртқы көрінісін анықтайтын негізгі факторларды (эстетика, атқаратын қызметі, экономика) талдау және бағалау

3 тарау. "Көркем еңбек" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру (кіріктірілген оқытуда) 1-параграф. "Көркем еңбек" оқу пәнінің мазмұны (кіріктірілген оқытуда)

33. "Көркем еңбек" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;

5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

34. Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды бес ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады:

1) визуалды өнер;

2) сәндік-қолданбалы шығармашылық;

3) дизайн және технология;

4) үй мәдениеті;

5) тамақтану мәдениеті.

Ескерту: "Дизайн және технология" бөлімінің мазмұны екі бағытты көздейді: Конструкциялық материалдарды өңдеу; тоқыма материалдарын өңдеу. "Дизайн және технология" бөлімі аясында оқыту оқушылардың таңдауымен бір бағыт бойынша жүргізіледі.

35. 5-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Визуалды өнер". Бейнелеу өнеріндегі көркем құралдар, классикалық бейнелеу өнерінің үздік туындылары, қазақстандық суретшілердің шығармашылығы, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары, натюрморт өнері, ұлттық сәндік натюрморт, пейзаж, табиғатпен үйлесім, әуе перспективасы, индустриалды пейзаж, қала пейзажы, сызықтық перспектива, пластикалық пішіндер өнері, мүсін, шығармашылық жұмыс, көрме ұйымдастыру;

2) "Сәндік-қолданбалы өнер". Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері, көркем кестелеу, кестелеу түрлері, материалдармен және құрал-жабдықтармен танысу, эскиз әзірлеу, бұйымды көркем кестемен сәндеу, өру өнері, өру түрлері, материалдар және құралдармен танысу, оқушылардың таңдауына қарай тәжірибе жұмысы (көркем кесте/ өру), бұйым эскизін әзірлеу, бұйымды дайындау, бұйымды сәндеу, жұмыстардың көрмесі;

3) "Дизайн және технология" (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу). Конструкциялық материалдар, материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу, конструкциялық материалдарды өңдеуге арналған жабдықтар, қол құралдары, құрылғылар, көркем аралау, идеялар ойластыру, көркем аралауға арналған материалды таңдау және дайындау, қисық сызықты пішінді бұйымдарды сыртқы және ішкі контур арқылы көркем аралау, сымнан бұйымдардың модельдерін жасау, нобайлар дайындау (шынжыр, басқатырғыш, жануарлардың пішіндері), материалдар дайындау, бұйым дайындау (шынжыр, басқатырғыш, жануарлардың пішіндері), түрлі материалдарды қолданып, музыкалық аспаптарды (ұрмалы және соқпалы) жобалау, музыкалық аспапты (ұрмалы және соқпалы) жасау, жұмыстарды таныстыру;

4) "Дизайн және технология" (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Тоқыма материалдарының классификациясы мен сипаттамалары, материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу, тоқыма материалдарын өңдеуге арналған құрал-жабдықтар мен құрылғылар, тігін бұйымдарының жіктемесі, идеядан өнімге (тігін бұйымдары), дизайн, киімді макеттеу (қағаз, тоқыма материалдар), костюм құрастыру (шағын сәнмүсінге немесе қуыршаққа), тоқыма мозаика техникасымен жасалған тігін бұйымдарының дизайны (құрақ, пэчворк, квилт), идеяларды ойластыру, нобай, материалды таңдау және дайындау, жұмысты орындау реттілігі, бұйым дайындау, бұйымды сәндеу;

5) "Тамақтану мәдениеті". Дұрыс тамақтану негіздері, ас мәзірін әзірлеу, асүйдің жабдықталуы, тағам әзірлеуге арналған құрал-жабдықтар, аспаптар мен ыдыс-аяқтар, тағам дайындауға арналған құрал-жабдықтардың мүмкіндіктерін зерттеу, бутерброд

пен сусын әзірлеу технологиясы, жемістер мен көкөністерден салат әзірлеу технологиясы;

6) "Үй мәдениеті". Электртехникалық арматура, электр энергиясының көздері бойынша тәжірибе жасау (батарея, гальваникалық элемент), тұрмыстағы жөндеу жұмыстары, өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары, өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

36. 6-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Визуалды өнер". Портрет жанры, портрет түрлері, қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет, сызықты портрет, графика, орындалу техникасы, дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау (сымнан орындалған портрет), портреттегі түс, портрет салу техникасы, заманауи портрет, фотоөнер, фотокамерамен тәжірибе, анимация, қозғалатын элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар), сценарий дайындау, кейіпкерлер мен декорациялар жасау, көркем идеяларын жүзеге асыру, дыбыс қосу, жұмысты таныстыру;

2) "Сәндік-қолданбалы өнер". Қазақ халқының зергерлік өнерімен танысу, зергерлік бұйым дайындауға арналған материалдар мен құрал-жабдықтар, тоқу өнері. Ілмекпен тоқу. Тоқыма бізбен тоқу. Тоқу тәсілдері мен техникалары. Тәжірибе жұмысы оқушылардың таңдауы бойынша (зергерлік өнер/ тоқу өнері), бұйым нобайын дайындау, материалдарды таңдау және дайындау, бұйым дайындау, бұйымды сәндеу, көрме ұйымдастыру;

3) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу). Электрлі қол құралдары мен жабдықтары, тәжірибе жұмысы, құрамалы бөлшектерден робот құрастыру, роботтың түрлері және пайда болу тарихы, (өздігінен ізденіс зерттеулері), робот жасауға арналған нобай дайындау, робот жасауға арналған материалдарды дайындау, робот құрастыру, робот бөлшектерінің жылжымалы механизмін құру бойынша эксперимент жасау, көлік құралдарының түрлері туралы жалпы мәлімет (өздігінен ізденіс зерттеулері), көлік құралы моделін дайындау, нобай, материалдарды іріктеу, көлік құралы моделін жасау, модельдің жеке бөліктерін дайындау, модельді құрастыру, безендіру, жұмысты таныстыру;

4) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Тоқыма материалдарынан бұйым дайындау (авторлық қуыршақ, дамытатын ойыншықтар), идеялар ойластыру, нобай, түстері мен фактурасы әртүрлі тоқыма материалдарын зерттеу, материалдарды, құралдар мен жабдықтарды таңдау және дайындау, бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөліктерін өңдеу, бөлшектерді біріктіру және бұйымды сәндеу, үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны (алжапқыш, асханалық бұйымдар), идеялар ойластыру, нобай, материалды таңдау және дайындау, жұмысты орындау реттілігі, бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөлшектерін өңдеу, бөлшектерді біріктіру және бұйымды сәндеу, жұмысты таныстыру;

5) "Тамақтану мәдениеті". Қазақ халқы мен түрлі халықтардың мәдениетінде және де қоғамдық тамақтану орындарындағы дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері; жартылай дайын өнімдерден тағам әзірлеу технологиясы, тағамды жылдам әзірлеу технологиясы, десерт әзірлеу технологиясы;

6) "Үй мәдениеті". Электрлік қол құралдарын қолданып тұрмыстағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, сәндік гүлдер түрлері, гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

37. 7-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Визуалды өнер". Өнердегі заманауи техника мен ғылыми жетістіктер, табиғаттағы микро суреттер, бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар (поп-арт, инсталляция және т.б.), өздігінен ізденіс зерттеулері, Қазақстанның заманауи суретшілері, өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізіндегі тәжірибе жұмысы (2D немесе 3D форматта), жұмысты таныстыру және көрме ұйымдастыру;

2) "Сәндік-қолданбалы өнер". Пирография өнерімен танысу, көркем күйдіру техникасы мен тәсілдері, көркем өрнек салу (батик, гжель, хохлома), өрнек салу тәсілдері мен техникасы, материалдар мен құралдар, тәжірибе жұмысы оқушылардың таңдауы бойынша (көркем өрнек салу /пирография) нобай орындау, материалдарды таңдау және дайындау, көркем өрнек салу/пирография техникасымен жасалған сәндік бұйымдар, жұмысты таныстыру және көрме ұйымдастыру;

3) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу) Ағашты механикалық өңдеуге арналған құрал-жабдықтар, ағашты механикалық өңдеу барысындағы жұмысты ұйымдастыру, ағаштан жасалған бұйымды өңдеу, бұйымның дизайны, материалды таңдау және дайындау, бұйымды жасау, материалдар мен бөлшектерді механикалық өңдеу, бұйымды безендіру, көрме ұйымдастыру;

4) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Киімді түрлендіру (трансформация) және тігін бұйымдарын сәндеу (киім, аксессуарлар, бижутериялар), түрлендіру үшін идеялар ойластыру, нобай, материалдар мен құралдарды дайындау, бұйым дайындау, киім бөлшектерін пішу, жеке бөлшектерді өңдеу, бұйым бөлшектерін біріктіру және өңдеу, бұйымды сәндеу, жұмысты таныстыру (сән көрсетілімі);

5) "Тамақтану мәдениеті". Қазақтың ұлттық тағамдары, әлем халықтарының асханасы (өздігінен ізденіс зерттеулері), әлем халықтарының тағамдары, тәжірибе жұмысы (суши, пицца, көже);

6) "Үй мәдениеті". Өсімдік сән және интерьер элементі ретінде, тұрмыстық құрал-жабдықтар мен электрарматураны жөндеу, тұрғын үй экологиясы, үйдегі микроклимат.

38. 8-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Сәндік-қолданбалы өнер". Қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы бұйымдары (ши тоқу, киіз басу), материалдар мен құрал-жабдықтар, мозаика өнері, мозаика жасау

техникалары мен түрлері (өздігінен ізденіс зерттеулері), тәжірибе жұмысы оқушылардың таңдауы бойынша (ши тоқу, киіз басу, мозаика панносы), нобай дайындау, материалтаңдау және дайындау, шығармашылық жұмысты орындау, сәндеу, көркем безендіру және жұмыстарын таныстыру;

2) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу) Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен танысу, тұрмыстық ұлттық заттарды дайындау техникасы мен материалдарын зерделеу, идеяларды талқылау және нобай дайындау, жұмысты жоспарлау, материалдарды өңдеу, бұйым дайындау, көрме ұйымдастыру және жұмысты таныстыру;

3) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу). Үстел ойыны, пайда болу тарихы, үстел ойынының тұжырымдамасы, үстел ойынын дайындау, графикалық құжаттамасы, үстел ойының бөлшектерін дайындау, көркем безендіру, ойынды тестілеу, сауалнама жүргізу және ақпараттар жинау, жұмысты таныстыру;

4) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Қазақтың ұлттық киімі, этностиль, ою-өрнек және оның стилизациясы, этностильдегі бұйымның дизайны (бас киім немесе қамзол), этностильде бұйым дайындау (бас киім немесе жилет), сәндеу, жұмысты таныстыру;

5) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Халықтық пішім негізіндегі киім дизайны (тұтаспішімді жең), идея ойластыру. нобай, құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау, халықтық пішім негізінде бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді біріктіру және бұйымды өңдеу, бұйымды сәндеу;

6) "Үй мәдениеті". Агротехнологияның және өсімдік шаруашылығының дамуындағы ғылымның рөлі (өздігінен ізденіс зерттеулері), өсімдіктердің медицинада, фитотерапия және косметологияда қолданылуы, электркұрылғылар мен тұрмыстық техникаларды таңдау және бағалау, бөлменің жөндеу жұмыстарына арналған заманауи материалдар мен құрал-жабдықтар (тәжірибелік жұмыс).

39. 9-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Сәндік-қолданбалы өнер". Қазақстанның дәстүрлі тоқыма өнері, қазақ кілемдері, алаша, кілем тоқу, гобелен, кілем тоқу материалдары мен құрал-жабдықтары, интерьердегі сәндік бұйымдар, интерьердің сәндік заттарын (шамшырақ, сәндік сағаттар) дайындау техникалары мен тәсілдерін зерделеу, тәжірибе жұмысы оқушылардың таңдауы бойынша (алаша/гобелен/ интерьерге арналған сәндік бұйым), бұйым нобайын дайындау, материалдар мен құралдарды дайындау, шығармашылық жұмысты орындау, сәндеу, рәсімдеу, жұмысты таныстыру;

2) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу) Сәулет өнерінің үздік туындылары, заманауи сәулет өнері, Қазақстан сәулет өнері (заманауи және тарихи), сәулеттік ғимараттар мен нысандардың (имитация немесе өз

идеялары) нобайы, сызбасы, сәулеттік нысанның макетін орындауға қажетті материалдарды анықтау және таңдау, сәулеттік нысан макетін дайындау;

3) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу) Интерьер заттары және жиһаздардың өндірілуі, белгілі бір интерьерге арналған заттарды дайындау (көрме залына арналған модульді жиһаз, трансформацияланатын балаларға арналған жиһаз, сәнді шамшырақ), идеяны дамыту және талқылау, материалдарды дайындау, графикалық құжаттама, техникалық спецификация, бұйым әзірлеу, әрлеу, жұмысты таныстыру;

4) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Заманауи сән әлеміндегі стильді бағыттар (өздігінен ізденіс зерттеулері), "Сән және жеке тұлға үйлесімділігі" эксперименті, жеке даралық имиджін жасау, идеялар ойластыру, аксессуарлар, шаш үлгісі, визаж құралдары негізінде жеке даралық образды жасау, өзіндік имидж қалыптастыру үшін киім/аксессуарлар топтамасын жасау эксперименті, жұмысты таныстыру (сән көрсетілімі);

5) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Қарапайым геометриялық пішіндерден құралған "Fast cloth" сәнді киімінің (пончо, кейп, туника) дизайны, киім және аксессуарлардың заманауи өндірісі, идея ойластыру, нобай, материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау, бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді біріктіру және бұйымды сәндеу, жұмысты талдау және бағалау, жұмысты таныстыру (сән көрсетілімі);

Дизайн және технология (Конструкциялық материалдарды өңдеу)	Ағаш бұйымды жобалау. Бұйым дизайны. Материалды таңдау және дайындау	7. 1. 5. 1 функционалды (техникалық) және эстетикалық талаптарға сай, дизайн дайындау бойынша тапсырмаларды орындау ; 7. 1. 5. 2 графиканың түрлі тәсілдерін қолдана отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданып), бұйым жасауда эскиздер, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау
		7. 1. 4. 1 алған білімдері мен тәжірибелерін қолдана, болашақ іс-әрекеттерін анықтай және өз шешімінің нұсқасын ұсына отырып шығармашылық жұмысын жоспарлау; 7. 1. 4. 2 бұйымның өзіндік құны мен материалдық шығындарын анықтау
	Бұйымды дайындау. Материалдар мен бөлшектерді механикалық өңдеу. Бұйымды сәндеу	7. 2. 3. 1 бұйымдардың функционалдық және эстетикалық сапасын арттыру үшін материалдарды механикалық өңдеу және бұйымды безендіру; 7. 2. 3. 2 технологиялық құжаттар бойынша реттілікті және дәлдікті сақтай отырып, күрделі бұйымдарды жасау
		7. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды салыстыруда негізделген сыни ұсыныстар жасау
	Көрме ұйымдастыру	7. 3. 1. 1 ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі)
	Киімді түрлендіру (трансформация) және тігін	7. 1. 3. 1 шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында

Дизайн және технология	бұйымдарын сәндеу (киім, аксессуарлар, бижутерия).	түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану
	Идеяларойластыру. Нобай	7. 1. 5. 1 функционалды (техникалық) және эстетикалық талаптарға сай, дизайн дайындау бойынша тапсырмаларды орындау ; 7. 1. 5. 2 бұйым жасауда әртүрлі графикалық құралдарды қолдана отырып, нобайлар, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау
	Материалдар мен құралдарды дайындау	7. 2. 2. 2 тігін машинасының жұмысында ақауларды анықтау және жөндеу; 7. 1. 6. 2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу, пайдалану және үйлестірудің тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау; 7. 1. 6. 3 бұйым және өңдеу тігін материалдары мен фурнитуралардың сипаттамасын және жіктелуін анықтау, сипаттау және салыстыру
	Бұйым дайындау. Киім бөлшектерін пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бұйымдардың бөлшектерін құрастыру және өңдеу. Бұйымды сәндеу	7. 2. 3. 4 әртүрлі конструкциялық, заманауи тоқыма және сәндеу материалдарын қолдана отырып, тігін машинасында технологиялық талапқа сайкес бұйым дайындау; 7. 2. 2. 3 тігін бұйымдарын ылғалды-жылулық өңдеу барысында қолданылатын құралдарды анықтау, таңдау, қолдану; 7. 1. 4. 2 бұйымның өзіндік құны мен материалдық шығындарын анықтау; 7. 2. 3. 4 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану
	Жұмысты таныстыру	7. 3. 1. 1 ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі); 7. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды салыстыруда негізделген сыни ұсыныстар жасау

4-тоқсан		
Тамақтану мәдениеті	Қазақ халқының ұлттық тағамдары	7. 2. 4. 2 әлем халықтарының және ұлттық тағамдардың жасалу технологияларын зерделеу және қолдану
	Әлем халықтарының асханасы. (өздігінен ізденіс зерттеулері)	7. 2. 4. 1 әлем халықтарының тағамдары мен әлемге әйгілі аспазшылардың тағамдарындағы ерекшеліктерді сипаттап, салыстыру
	Әлем халықтарының тағамдары. Тәжірибе жұмысы (суши, пицца, көже)	7. 2. 4. 2 әлем халықтары мен ұлттық тағамдардың жасалу технологияларын зерделеу және қолдану; 7. 2. 4. 3 әртүрлі тағамдар дайындауда қолданатын қажетті құрал-жабдықтарды, өнімдерді таңдауда өз бетінше нақты шешім қабылдай алу
	Әшекей, интерьер элементі ретіндегі өсімдік	7. 2. 5. 1 интерьер дизайнын безендіру үшін әртүрлі өсімдіктердің эстетикалық қасиеттерін сипаттау, қолдану және бағалау; 7. 3. 3. 1 пәндік терминологияны пайдалана отырып, басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) және өз жұмыстарындағы әдіс-тәсілдері мен техникаларды талқылау және бағалау
	Тұрмыстық құрал-жабдықтар мен электрарматураны жөндеу	7. 2. 5. 3 электротехникалық арматуралар мен тұрмыстық құралдардың қарапайым жөндеу жұмыстарын орындау; 7. 2. 5. 4 есептеулер орындау үшін бақылау-өлшегіш аспаптарын таңдау және қолдану
	Тұрғын үй экологиясы. Үйдегі микроклимат	7. 1. 3. 1 шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану; 7. 2. 5. 5 интерьерді ұйымдастыру бойынша тәжірбиелік жұмыстар орындау барысында жарықтандыруға (табиғи және жасанды), желдеткіш және жылу жүйесіне қойылатын нормаларды сақтау және қарастыру; 7. 3. 1. 1 ауқымды аудитория алдында дайын болған өз

		жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі)

4) 8-сынып

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан		
Сәндік қолданбалы өнер	Қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы бұйымдары (ши тоқу, киіз басу) Материалдар мен құрал-жабдықтар (өздігінен ізденіс зерттеулері)	8. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету; 8. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен жүзеге асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану
Сәндік қолданбалы өнер	Мозаика өнері. Мозаика жасау техникалары мен түрлері (өздігінен ізденіс зерттеулері)	8. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету
		8. 3. 3. 1 жасалған бұйымның сапасын қолданылған әдіс-тәсілдерін бағалау және талдау үшін критерийлерді қолдану
	Тәжірибе жұмысы оқушылардың таңдауы бойынша (ши току, киіз басу, мозаика панносы) Нобай және материал дайындау. Жұмысқа арналған негіз дайындау .	8. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолданып, бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау;
	Шығармашылық жұмысты орындау. Сәндеу	8. 1. 6. 4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әртүрлі технологиялар мен көркем материалдарды өз бетінше анықтау, таңдау және үйлестіру;
		8. 2. 1. 1 күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін өз бетінше өнердің көркем құралдарын анықтау, таңдау және қолдану; 8. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Жұмыстарды таныстыру.	8. 3. 1. 1 онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды таныстыру
2-тоқсан		
		8. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер

Дизайн және технология (Конструкциялық материалдарды өңдеу)	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен танысу	мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету
	Қазақ халқының тұрмыстық заттарының орындалу техникасы мен материалдарын (торсық, дөңгелек үстел) зерделеу.	8. 1. 6. 1 жобалау объектісінің қолданылу мақсаты мен ерекшелігін ескере отырып, өңдеудің конструкциялық, табиғи, жасанды материалдары мен әдістерін негіздеп таңдау
	Идеяларды талдау және нобайды орындау. Жұмысты жоспарлау	8. 1. 5. 1 функционалды (техникалық), эстетикалық, эргономикалық және экологиялық талаптарға сай нысан дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау
		8. 1. 4. 1 болашақ іс-әрекеттерін егжей-тегжейлі сипаттап, өздерінің алған білімдері мен тәжрибесін қолдана отырып, шығармашылық жұмысын жоспарлау;
	Материалды өңдеу. Бұйымды дайындау	8. 2. 2. 1 заманауи технологиялық машиналарда конструкциялық материалдарды өңдеу бойынша күрделі операцияларды орындау;
		8. 2. 3. 1 қол, механикалық құрал-жабдықтарын қолдана отырып, бұйымдардың функционалдық және эстетикалық сапасын арттыру үшін материалдарды өңдеу мен безендіру әдістерін анықтау, және қолдану; 8. 2. 3. 2 өз бетінше дайындаған технологиялық құжат бойынша күрделі бұйым жасау; 8. 2. 3. 3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін қолдану
		8. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Көрме ұйымдастыру және жұмысты таныстыру	8. 3. 1. 1 онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды таныстыру және оны ұсыну (онлайн форумдар, әлеуметтік желілерде)
		8. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер

Дизайн және технология (Тоқыма материалдарды өңдеу)	Қазақтың ұлттық киімі. Этностиль. Ою-өрнек және оның стилизациясы	мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету; 8. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану
	Этностильдегі бұйымның дизайны (бас киім немесе қамзол)	8. 1. 5. 1 функционалды (техникалық), эстетикалық, эргономикалық және экологиялық талаптарға сай нысан дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау; 8. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолданып, бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технология- ларды қолданып), графикалық және технологиялық құжаттар дайындау
	Этностильде бұйым дайындау (бас киім немесе қамзол). Сәндеу	8. 2. 3. 3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану; 8. 2. 3. 4 қол және тігін құрал-жабдықтарын және олардың құрылғыларын қолдана отырып, тоқыма материалдарын өңдеу мен сәндеудің тиімді әдістерін анықтау және қолдану; 8. 2. 3. 2 өз бетінше құрастырған технологиялық құжат бойынша күрделендірілген бұйымдар дайындау; 8. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды талдауда және бағалауда негізінделген сыни ұсыныстар жасау; 8. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Жұмысты таныстыру	8. 3. 1. 1 онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну (онлайн форумдар, әлеуметтік желілерде)
3-тоқсан		

Дизайн және технология (Конструкциялық материалдарды өңдеу)	Үстел ойындары. Шығу тарихы	8. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету
	Үстел ойынының тұжырымдамасы	8. 1. 4. 2 зерттеу нәтижелері негізінде тұтынушылардың өнімнің түрлеріне қажеттілігін анықтау; 8. 1. 5. 1 функционалды (техникалық), эстетикалық, эргономикалық және экологиялық талаптарға сәйкес нысан дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау
	Үстел ойынын дайындау. Графикалық құжаттамасы	8. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолданып, бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданып), графикалық және технологиялық құжаттар дайындау
	Үстел ойынының бөлшектерін дайындау. Көркем безендіру	8. 1. 6. 2 бұйымды дайындау мен безендіру үшін заманауи және дәстүрлі емес материалдардың тиімді қолданылуын түсіне отырып өздігінен таңдау
		8. 2. 3. 1 қол, механикалық құрал-жабдықтарын қолдана отырып, бұйымдардың функционалдық және эстетикалық сапасын арттыру үшін материалдарды өңдеу мен безендіру әдістерін анықтау, пайдалану
	Ойынды тестілеу. Ақпарат жинау және сауалнама жүргізу	8. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды талдауда және бағалауда негізінделген сыни ұсыныстар жасау
	Жұмысты таныстыру.	8. 3. 1. 1 онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну (онлайн форумдар, әлеуметтік желілерде)
		8. 1. 4. 2 зерттеу нәтижелері негізінде тұтынушылардың өнімнің түрлеріне деген қажеттілігін анықтау;

Дизайн және технология (Тоқыма материалдарын өңдеу)	Халықтық пішім негізіндегі киім дизайны (тұтаспішімді жең)	8. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану
	Идея ойластыру. Нобай	8. 1. 5. 1 функционалды (техникалық), эстетикалық, эргономикалық және экологиялық талаптарға сай нысан дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау; 8. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолданып, бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологиялар-ды қолданып), графикалық және технологиялық құжаттар дайындау
	Құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау	8. 2. 2. 2 тігін машинасына қажетті құрылғыларды (түймелікті өңдеу, сыдырманы қондырып тігу) таңдау және қолдану; 8. 1. 6. 3 табиғи және жасанды тері мен былғарының түрлері мен қасиеттерін анықтау, салыстыру және зерделеу; 8. 2. 6. 2 құрал-жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу туралы ескертпе парағын жасау
	Халықтық пішім негізінде бұйым дайындау. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді біріктіру және бұйымды өңдеу. Бұйымды ою-өрнек элементтерімен сәндеу	8. 2. 3. 4 қол мен тігін құрал-жабдықтарын және олардың құрылғыларын қолдана отырып, тоқыма материалдарын өңдеу мен сәндеудің тиімді әдістерін анықтау және қолдану; 8. 2. 3. 2 өз бетінше құрастырған технологиялық құжат арқылы күрделендірілген бұйымдар дайындау; 8. 3. 3. 1 жасалған бұйымның сапасын қолданылған әдіс-тәсілдерін бағалау және талдау үшін критерийлерді қолдану
	Жұмысты таныстыру	8. 3. 1. 1 онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну (онлайн форумдар, әлеуметтік желілерде)
4-тоқсан		

Үй мәдениеті	Агротехнологияның және өсімдік шаруашылығының дамуындағы ғылымның рөлі (өздігінен ізденіс зерттеулері)	8. 2. 5. 1 ауылшаруашылық өндірісінің дамуындағы ғылыми әдіс-тәсілдерді талқылау және бағалау
		8. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану
	Өсімдіктердің медицинада, фитотерапия және косметоло гияда қолданылуы	8. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы); 8. 2. 5. 2 фитотерапия, медицина және косметологиядағы өсімдіктер ролін зерделеу, талқылау және бағалау
	Электрқұрылғылар мен тұрмыстық техникаларды таңдау және бағалау	8. 2. 5. 5 тұрмыстық техника мен электр жабдықтарының эстетикалық, эргономикалық және эксплуатациялық сапаларын салыстыру және бағалау
		8. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану
	Үй-жайды жөндеуге арналған заманауи материалдар мен құрал-жабдықтар (тәжірибе жұмысы)	8. 2. 5. 3 тұрмыста жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында ақауларды жоюдың тиімді тәсілдерін табу; 8. 2. 5. 4 тұрмыста жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында заманауи материалдар мен құрал-жабдықтарды (қол және электрлік) қолдану
		8. 2. 6. 1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану

5) 9-сынып

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан		
		9. 1. 2. 1 өнер туындыларының тарихи және мәдени шығармаларындағы материалдар мен стильдерді жариялауда

Сәндік қолданбалы өнер	Қазақстанның дәстүрлі тоқыма өнері. Қазақ кілемдері. Алаша. Кілем тоқу. Гобелен.	көпшілік назарының әсерін қарастыра отырып, салыстырмалы талдау жасау; 9. 1. 3. 1 шығармашылық ойды жүзеге асыру мен дамытуда алғашқы және қазіргі ақпарат көздерін мақсатты түрде және тиімді қолдану;
	Кілем тоқу материалдары мен құрал-жабдықтары	9. 1. 6. 4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі технологиялар мен өнер материалдарын қолдану бойынша өзіндік (оригиналды) шешімдерді ұсыну
	Интерьердегі сәндік бұйымдар	9. 1. 2. 1 мәдени және тарихи жәдігерлер, қолөнер мен дизайн салалары шығармаларының материалдарын, бағытын, салыстырмалы талдау
	Интерьерге арналған сәнді заттарды (шырағдан, сәнді сағаттар т.б) дайындау техникалары мен тәсілдерін зерделеу	9. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны) дамыту мен іске асыруда бірінші және екінші ақпарат көздерін толыққанды және нәтижелі қолдану
	Тәжірибе жұмысы оқушылардың таңдауы бойынша (алаша/гобелен/ интерьерге арналған сәндік бұйым). Бұйым нобайын дайындау. Материалдар мен құралдарды дайындау.	9. 1. 4. 1 жұмысты орындаудың тиімді әдістері мен реттілігін анықтай отырып, шығармашылық жұмысты жоспарлау
		9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау
	Шығармашылық жұмысты орындау. Сәндеу. Рәсімдеу	9. 2. 1. 1 мазмұнды, ерекше туындыны орындау үшін өз бетінше және сенімділікпен өнердің көркем құралдарын қолдану
		9. 2. 3. 3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану; 9. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану;
	Жұмысты таныстыру. Көрме ұйымдастыру	9. 3. 1. 1 медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға

Сәндік қолданбалы өнер		дайын жұмыстарын таныстыруды өз бетінше ұйымдастыру
2-тоқсан		
Дизайн және технология (Конструкциялық материалдарды өңдеу)	Сәулет өнерінің үздік туындылары . Заманауи сәулет өнері. Қазақстан сәулет өнері. (заманауи және тарихи)	9. 1. 2. 1 мәдени және тарихи жәдігерлер, қолөнер мен дизайн салалары шығармаларының материалдарын, бағытын, салыстырмалы талдау; 9. 3. 3. 1 бұйымның сапасын және өнімнің сыртқы көрінісін анықтайтын негізгі факторларды (эстетика, атқаратын қызметі, экономика) талдау және бағалау
	Сәулеттік ғимараттар мен нысандардың нобайы, сызбасы (имитация немесе өз идеялары)	9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерін жалпылау; 9. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолдану арқылы өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құру
	Сәулеттік нысанның макетін орындауға қажетті материалдарды анықтау және таңдау	9. 1. 6. 2 бұйымды дайындау мен безендіру барысында заманауи және дәстүрлі емес материалдарды қолданудың өзіндік (оригиналды) шешімдері мен жолдарын ұсыну; 9. 1. 6. 4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әртүрлі технологиялар мен көркем материалдарды қолдану бойынша өзіндік (оригиналды) шешімдерді ұсыну
	Шығармашылық жұмыс. Сәулеттік нысан макеті	9. 2. 3. 1 бұйым дайындау барысында материалдарды өңдеу мен безендірудің ұтымды тәсілдерін анықтау, таңдау мен қолдану; 9. 2. 3. 2 сенімділік пен дербестігін көрсете, әртүрлі техникаларды, конструкция түрлері мен заманауи материалдарды қолдана отырып ерекше бұйым жасау
	Жұмысты таныстыру.	9. 3. 1. 1 медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстарын қорғауды өз бетінше ұйымдастыру
		9. 3. 2. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы тарихи,

		әлеуметтік және мәдениеттік мәнмәтіндерді талдау мен бағалау
Дизайн және технология (Тоқыма материалдарды өңдеу)	Заманауи сән әлеміндегі стильді бағыттар (өздігінен ізденіс зерттеулері)	9. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығармалардағы қолөнер, дизайн туындыларының материалдарын, түрлерін, бағыттарын салыстырмалы талдау; 9. 1. 3. 1 шығармашылық ойларды жүзеге асыруда алғашқы және қазіргі ақпарат көздерін мақсатты, тиімді пайдалану.
	"Сән және жеке тұлға үйлесімділігі" эксперименті. Жеке даралық имиджін жасау. Идеяларды жүзеге асыру	9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау
	Аксессуарлар, шаш үлгісі, визаж құралдары негізінде жеке даралық образды жасау	9. 1. 6. 2 бұйымды дайындау мен безендіру барысында заманауи және дәстүрлі емес материалдарды қолданудың өзіндік шешімдері мен тәсілдерін ұсыну
	Өзіндік имидж қалыптастыру үшін киім/аксессуарлар топтамасын жасау эксперименті	9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді қорытындылау; 9. 1. 6. 3 трикотажды, тоқусыз матаны және басқа да заманауи, дәстүрлі материалдарды өз бетінше зерделеу, анықтау және бағалау; 9. 2. 3. 1 бұйым дайындау барысында материалдарды өңдеу мен безендірудің тиімді тәсілдерін анықтау, таңдау мен қолдану; 9. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы мақсаттың өзіндік анық көруін және негізделген бағаны өзіндік білдіру
	Жұмысты таныстыру	9. 3. 1. 1 медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстарын қорғауды өз бетінше ұйымдастыру
3-тоқсан		
	Интерьер заттары және жиһаздардың өндірілуі	9. 2. 2. 2 әртүрлі өнеркәсіпте технологиялық және өндірістік үдерістер туралы білімдері мен түсінігін көрсету;

		9. 1. 4. 2 пайданы (табысты) анықтау мақсатында түрлі тауарларды өткізу нарығын талдау
	Интерьерге арналған заттарды дайындау. Идеяны дамыту және талқылау. Материалдарды таңдау	9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау; 9. 1. 6. 1 жобаланатын нысанның техникалық, эксплуатациялық және экологиялық сипаттамаларын ескере отырып, өз бетінше конструкциялық, табиғи және жасанды материалдарды, өңдеу тәсілдерін негіздеп, анықтау және таңдау
Дизайн және технология (Конструкциялық материалдарды өңдеу)	Графикалық құжаттама, техникалық спецификация	9. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолдану арқылы өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құру
	Бұйым дайындау. Әрлеу	9. 2. 2. 1 материалдарды өңдеуге арналған заманауи технологиялық машиналарды өз бетінше таңдап, анықтау және қолдану; 9. 2. 3. 1 бұйым дайындау барысында материалдарды өңдеу мен безендірудің ұтымды тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану; 9. 2. 3. 2 сенімділік пен дербестігін көрсете, әртүрлі техникаларды, конструкция түрлері мен заманауи материалдарды қолдана отырып әдемі бұйым жасау
		9. 2. 6. 1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 9. 2. 6. 2 белгілі бір бұйым мен жұмыс түріне арналған техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық құру
	Жұмысты таныстыру	9. 3. 1. 1 медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстарын қорғауды өз бетінше ұйымдастыру
	Қарапайым геометриялық пішіндерден құралған "Fast cloth" сәнді киімінің (пончо, кейп,	9. 1. 2. 1 тарихи және мәдени шығармалардағы қолөнер, дизайн туындыларының материалдарын, түрлерін, бағыттарын салыстырмалы талдау;

Дизайн және технология (Тоқыма материалдарды өңдеу)	туника) (сән журналдарынан) дизайны. Киім және аксессуарлардың заманауи өндірісі	9. 1. 3. 1 шығармашылық ойларды жүзеге асыруда алғашқы және қазіргі ақпарат көздерін мақсатты, тиімді қолдану; 9. 2. 2. 2 әртүрлі өнеркәсіпте технологиялық және өндірістік үдерістер туралы білімдері мен түсінігін көрсету
	Идеяны жүзеге асыру. Нобай. Материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау	9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді қорытындылау; 9. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолдану арқылы өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құру
	Бұйым дайындау. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді біріктіру және бұйымды сәндеу	9. 2. 2. 1 заманауи тігін құрал-жабдықтарын білу және торлау тігін машинасын қолдану; 9. 2. 2. 4 тігін машиналарында күрделі операцияларды (аппликация, кестелеу) орындау және зерделеу; 9. 2. 3. 1 бұйым дайындау барысында материалдарды өңдеу мен безендірудің тиімді тәсілдерін анықтау, таңдау мен қолдану; 9. 2. 3. 2 сенімділік пен дербестігін көрсете, әртүрлі техникаларды, конструкция түрлері мен заманауи материалдарды қолдана отырып ерекше әдемі бұйым жасау; 9. 2. 6. 1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құрал- жабдықтарды қолдану; 9. 2. 6. 2 белгілі бір бұйым мен жұмыс түріне арналған техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық құру
	Жұмысты талдау және бағалау. Жұмысты таныстыру	9. 1. 4. 2 пайданы (табысты) анықтау мақсатында түрлі тауарларды өткізу нарығын талдау ; 9. 3. 1. 1 медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстарын таныстыруды өз бетінше ұйымдастыру
4-тоқсан		
		9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың

Үй мәдениеті	Интерьер/экстерьердегі ландшафт элементтері	дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау; 9. 2. 5. 1 ландшафты дизайнның элементтерін, заманауи бағыттары мен стильдерін анықтау және сипаттау; 9. 1. 3. 1 шығармашылық идеяларды дамыту мен жүзеге асыруда бірінші және екінші ақпарат көздерін толыққанды және нәтижелі қолдану
	Шығармашылық идеяны визуалдау	9. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолдану арқылы өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құру; 9. 3. 4. 1 өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы мақсаттың өзіндік анық көруін және негізделген бағаны өзіндік білдіру
	Интерьерді аудандарға бөлу және жоспарлау (тұрғын үй бөлмелері, өндірістік, қоғамдық орындар). Интерьердегі жарықтандыру	9. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолдану арқылы өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құру; 9. 2. 5. 2 интерьерді безендіру, жоспарлау және ұйымдастыру бойынша тәжірибелік жұмысты орындау үшін түрлі салалардағы білімдерін жалпылау; 9. 2. 5. 3 функционалдық, эргономикалық және эстетикалық талаптарды ескере отырып, интерьердегі жарықтандыруды ұйымдастыру бойынша шығармашылық шешімдер дайындау
	Интерьерді мерекеге орай безендіру	9. 1. 5. 2 әртүрлі графика тәсілдерін қолдану арқылы өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құру; 9. 1. 5. 1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау; 9. 2. 5. 2 интерьерді безендіру, жоспарлау және ұйымдастыру бойынша тәжірибелік жұмысты орындау үшін түрлі салалардағы білімдерін жалпылау

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі

№ 399 бұйрығына
67-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Дене шынықтыру" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Дене шынықтыру пәнінің басты мақсаты – ағзаның бүкіл жүйелерін дамыту, барлық дене сапаларын жетілдіру болып табылады. Дене шынықтыру пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол білім алушының дене дамуына, әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептің білім беру жүйесінде дене шынықтыру білім алушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

3. "Дене шынықтыру" пәнінің мақсаты – білім алушыларды өз денсаулықтары мен психикаларын нығайтуға ынталандыру болып табылады. Оқушылардың дербес және жас ерекшеліктерін ескеріп, бойда қалыптасқан арнайы спорттық дағдылар мен сапаларды қолданып, сол арқылы олардың дене қабілеттерінің дамуларына ықпал ету.

4. Оқу бағдарламасы:

1) дене тәрбиесі және спорттың даму тарихы туралы білім деңгейін қалыптастыруды;

2) негізгі дене сапаларын жетілдіруді, арнайы спорттық біліктіліктер мен дағдыларды дамытуды;

3) түрлі деректер арқылы ақпараттарды қолдану, оның мән-мағынасын түсіне отырып, коммуникативті дағдыларды дамытуды;

4) идеялық және зерттеу дағдыларын дамытуды;

5) адамгершілік-жігер қабілеттерін қалыптастыру міндеттерін шешуді көздейді.

5. "Дене шынықтыру" пәнін оқу-үйрену білім алушыларға:

1) пән бойынша игерген білім, біліктілік және дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға; өзінің дене дамуындағы қимыл-қозғалыс құзіретін жақсарту қажеттілігін бағалауға;

2) жеке адамгершілік қасиеттерін дамытуға, "әділ ойын" және өзін үздіксіз жетілдіру қажеттілігін сезінуге;

3) жекебас гигиенасын сақтау маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуге;

4) дене жаттығуларының адам ағзасына тигізетін оң әсерін білуге;

5) өзінің және өзгелердің дене жағдайын бағалауға;

6) сыни көзқарас және шығармашылық тұрғыдан ойлана білу, қиындықтарды жеңе білу мен қарым-қатынас орната білуді дамытуға мүмкіндік береді.

2-тарау. "Дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұны

6. "Дене шынықтыру" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

3) 7- сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Дене шынықтыру" оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

9. Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1) қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері;

2) шығармашылық қабілеттер және қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы сыни көзқарасты қалыптастыру;

3) денсаулық және салауатты өмір салты.

10. "Қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) түрлі арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындау кезіндегі дәлдікті, бақылауды және үйлесімділікті дамыту;

2) түрлі қимыл-қозғалыс комбинацияларын құру және оларды дене жаттығуларын орындауда қолдану реттілігі;

3) арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыс дағдыларын және олардың орындалу ретін түрлендіру;

4) қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің біліктіліктерін бағалау;

5) бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен құрылымдық идеяларын қолдану және бағалау;

6) қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білу.

11. "Шығармашылық қабілеттер және қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы сыни көзқарасты қалыптастыру" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) қимыл-қозғалыс әрекеттері арқылы өзгермелі жағдайға жауап қайтара білуге бейімделу;

2) көшбасшылық, сондай-ақ команда құрамында жұмыс істей білу дағдыларын дамыту және қолдану;

3) қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажет бірқатар тиімді дағдыларды көрсету;

4) дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді бағалау;

5) өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін сыни тұрғыдан бағалау және оны шешудің балама жолдарын ұсыну;

6) жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін білу;

7) жарыс кезінде таза ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету;

8) түрлі қимыл-қозғалыстармен шарттастырылған рөлдерді орындау және олардың айырмашылықтарын сезіне білу.

12. "Денсаулық және салауатты өмір салты" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) жекебас денсаулығы және салауатты өмір салты туралы білімді қалыптастыру;

2) қыздырыну және қалпына келтіру жаттығуларын құру мен орындау;

3) түрлі дене жаттығуларын іс жүзінде орындау, олардың ағзаға тигізетін әсері мен энергетикалық жүйемен байланысын зерттеу;

4) денсаулықты нығайтуға бағытталған бірқатар дене жүктемелері кезінде туындауы мүмкін қауіп-қатерді басқара білу стратегиясын құру және қолдану;

5) басқалардың дене жаттығулары тәжірибесін байыту мақсатында білім, біліктілік және дағдыларды қолдану.

13. Бұл бағдарламада мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұны қамтылған және бұл міндеттерді барлық оқу жылында біртіндеп шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның үшінші сағаты оқушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

14. 5-сыныпқа арналған "Дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын оқыту": Қауіпсіздік ережесі. Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасын үйрету. Орта және алыс қашықтық техникасын үйрету. Жүгіріп келіп және бір орында ұзындыққа секіру техникасы. Әртүрлі снарядтарды нысанаға, қашықтыққа лақтыру техникасы. Топтық эстафеталық жұмыс;

2) "Өзгертілген командалық ойын": Ойынның қабылдау техникасын үйрету. Негізгі қабылдау тактикасын үйрету. Ойын кезінде көшбасшылық дағдыны қалыптастыру;

3) "Гимнастика арқылы денсаулықты нығайту": Қауіпсіздік ережесі. Кешенді жалпы дамыту жаттығуларының негізін құру. Акробатикалық жаттығулар орындау. Снарядтарда гимнастикалық жаттығудың техникасын үйрету. Гимнастикалық жиынтықтың негізін құру;

4) "Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары": Қазақтың ұлттық ойындары. Ұлттық ойындар аясындағы тактикалар мен стратегияларды оқып үйрену;

5) "Шаңғы/кросс/коньки дайындығы": Қауіпсіздік ережелері. Ағзаны қалпына келтіру техникасының түрлеріне шолу жасау. Қозғалыс техникасының элементтерін үйрету. Қашықтықты өту тактикасының негіздері;

6) "Бірлескен іс-әрекеттегі ойын-сауық ойындар": Ойындағы бірлескен іс-әрекет және көшбасшылық. Ойын арқылы қиындықты шешу жолдарын оқыту. Ойын құруға арналған шығармашылық қабілет. Ойын-сауық ойындарын құру;

7) "Ойын кезіндегі басып кіру дағдыларын түсіну және үйрету": Қауіпсіздік ережелері. Ойын кезінде допты иелену. Ойын кеңістігінде бағдарлау дағдыларына үйрету. Жеке және командалық ойын әрекеттері. Ойын стратегиясын құрудағы дағдыны дамыту;

8) "Жеңіл атлетика дағдысын дамыту және шолу": Ойын арқылы жеңіл атлетика дағдысын дамыту. Денені қыздыру және тыныс алу жүйесін қалпына келтіру. Қозғалыс белсенділігі арқылы денсаулықты нығайту.

15. 6-сыныпқа арналған "Дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын дамыту": Қауіпсіздік ережелері. Әртүрлі физикалық жүктеме кезіндегі ағзадағы өзгеріс. Жүгіру секіру реттілігі. Әр снарядтарды лақтыру. Эстафеталық ойындар;

2) "Командалық спорттық ойындар": Ойын техникасының дағдысын дамыту. Спорттық ойындарда тактикалық әрекеттерді қолдану. Командалық жұмыста көшбасшылық дағдысын дамыту;

3) "Құрал жабдықтар арқылы гимнастика дағдыларын арттыру": Қауіпсіздік ережелері. Саптық жаттығулардың элементтері. Акробатикалық жаттығулар комбинациясын орындау. Снарядтағы жаттығулар кезіндегі өзін-өзі реттеу. Топтық композициялық жиынтық;

4) "Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары": Қазақтың ұлттық ойындары. Ұлттық ойындар аясындағы тактикалар мен стратегияларды оқып үйрену;

5) "Шаңғы/кросс/коньки дайындығы": Қауіпсіздік ережелері. Арнайы қозғалыс дағдыларын дамыту. Күш пен шыдамдылықты дамыту жаттығулары. Қашықтықты жүріп өтуге шығармашылық тапсырмалар;

6) "Шытырман оқиғалы ойындар": Ынтымақтастық дағдыларын дамыту. Ойындар арқылы мәселелерді шешу. Шытырман оқиғалы ойындар арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамыту. "Әділ ойын" және ынтымақтастық;

7) "Ойындар арқылы дағдыларды жақсарту": Қауіпсіздік ережелері. Допқа ие болу әдісінің негізгі элементтерін дамыту. Ойын кезінде алаңда бағдарлау дағдыларын оқып үйрену. Тактикалық іс-әрекеттердің негіздері. Өз ойындарын қайта қарау және көрсету;

8) "Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын жақсарту": Ағзаның бейімделу қабілеттерін дамыту. Қозғалысты дене қыздыру элементтері. Қозғалыс белсенділігі арқылы денсаулықты нығайту.

16. 7-сыныпқа арналған "Дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын дамыту және жақсарту": Қауіпсіздік ережелері. Қысқа қашықтыққа жүгіру. Орта және алыс қашықтықтарға жүгіру. Секіру және оның түрлері. Түрлі құралдарды лақтыру. Эстафеталық жүгірісті түрлендіру;

2) "Спорт ойындары арқылы командалық бірлесу әрекеттері": Ойын әдісін жақсарту . Спорт ойындарындағы тактика және тактикалық іс-әрекет. Командадағы көшбасшылық дағдыларын дамыту;

3) "Гимнастика арқылы когнитивті және денені басқару дағдылары": Қауіпсіздік ережелері. Саптық жаттығуларды оқып үйрену. Акробатикалық элементтер кешені. Гимнастикалық қондырғылардағы жаттығулар түрлері. Орындауды құрастыру процесі және топта бағалау;

4) "Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары": Қазақтың ұлттық ойындары. Зияткерлік ойындар;

5) "Шаңғы/кросс/коньки дайындығы": Қауіпсіздік ережелері. Тиісті қызметті жүзеге асыру үшін денені қыздыру және қалпына келтіру әдістері. Күш және шыдамдылықты жақсартуға қозғалыс іс-әрекеттері. Кедергілерден өтуге арналған арнайы жаттығулар;

6) "Шытырман оқиғалы ойындар және команда құрушы ойындар": Ойындар кезіндегі көшбасшылық және командалық іс-әрекет. Ойындар арқылы мәселелерді шешу дағдыларын жетілдіру. Балама ойын жағдайларын құру. Топтарда шытырман оқиғалы ойындар құру;

7) "Басып кіру ойындарындағы түсінік пен дағдыларды оқып дамыту": Қауіпсіздік ережелері. Ойын жағдайларында допқа ие болу әдісі. Ойын кезінде алаңда бағдарлау және допты қайтару дағдылары. Тактикалық іс-әрекеттер: жеке, топтық және командалық. Өздерінің ойындарын құрастыру және өткізу;

8) "Жеңіл атлетика арқылы белсенді өмір салты": Сауықтыру жүгірісі. Белгілерге тез жауап қайтару ойындары. Денені қыздыру және қалыпқа келтіру құралдары.

Арнайы спорттық әдістерді орындау барысындағы қозғалысты жетілдіру. Қозғалыс белсендігі арқылы денсаулықты нығайту.

17. 8-сыныпқа арналған "Дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Жеңіл атлетика арқылы денсаулық және фитнес": Қауіпсіздік ережелері. Төменгі сөре және сөрелік екпін. Орта қашықтыққа жүгіру дағдыларын дамыту. Секіруді дамытуға арналған іс –шаралар. Лақтыру кезінде күш және бұлшық ет төзімділігін дамыту;

2) "Ойындар арқылы мәселелерді шешу дағдылары": Ойын жағдайында қабылдауды іске асыру. Ойынның құрылымы. Жарыс ойынын ұйымдастыру;

3) "Гимнастика элементтері және оның түрлері": Қауіпсіздік ережелері. Орнында және қозғалыста орындау жаттығулары. Акробатикалық жаттығулар тізбегі: Тепе-теңдік және секіру. Снарядтарда гимнастикалық жаттығулар жиынтығы. Еркін ырғақты гимнастикалық жаттығулары;

4) "Қазақ халқының дәстүрлі ойындары": Қозғалмалы ойындар. Қазақтың ұлттық ойындары;

5) "Шаңғы/кросс/коньки дайындығы": Қауіпсіздік ережелері. Жаттығу және тыныс алу техникасы арқылы физикалық қасиеттерді дамыту. Арнаулы дамыту жаттығуларының техникасын бекіту. Әртүрлі кедергілерден жүгіру;

6) "Командалық ойын белсенді қозғалыстың іс-әрекеті": Командалық ойындардағы көшбасшылық. Ойын кезіндегі қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Логикалық ойлау қабілетін дамыту ойындары. Сергектікті, тапқырлықты және ұқыптылықты дамыту ойындары;

7) "Командалық ойындардағы негізгі дағдылар": Қауіпсіздік ережелері. Ойын техникасы. Ойын тактикасы. Ойындағы шығармашылық белсенділік;

8) "Жеңіл атлетика дағдылары арқылы денсаулықты нығайту": Ойлы-қырлы жерлерден жүгіру. Төзімділікті дамыту бағытындағы іс-әрекеттер. Секіру фазаларын қолдану. Лақтырудағы фитнес құрамдастығы.

18. 9-сыныпқа арналған "Дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Жүгіру, секіру және лақтыру техникасын жетілдіру": Қауіпсіздік ережелері. Спринтерлік жүгіруді жетілдіру. Жүгіру төзімділік дағдысын жақсарту. Секірудің түрлендірілген түрлері. Лақтыруды жетілдіруге арналған жаттығулар құрастыру. Жүгіру эстафетасын өткізу жолдарын құрастыру;

2) "Спорт ойындары арқылы бірлескен жұмыс": Ойын техникасы. Ойын тактикасы және тактикалық әрекеттер. Командалық жұмыс және көшбасшылық дағдысы;

3) "Гимнастика арқылы денені басқару дағдылары": Қауіпсіздік ережелері. Топтық саптық жаттығулар. Акробатикалық элементтер жиынтығын құру. Гимнастикалық снарядта жүйелі жаттығулар құру. Топта гимнастика жаттығулар тізбегін құру және бағалау;

4) "Қазақстан халықтарының ойындары": Халықаралық ойындар. Зияткерлік ойындар;

5) "Шаңғы/кросс/коньки дайындығы": Қауіпсіздік ережелері. Денені қыздыру және қалпына келтіру әдістерінің кешенін құрастыру. Күшті, төзімділікті жақсарту жаттығулар жиынтығы;

6) "Кедергілерден өтудегі арнайы спецификалық жаттығуларды жетілдіру": Команда құру ойындары. Ойын кезіндегі көшбасшылық және командалық іс-шаралар. Ойын кезіндегі мәселені шешу дағдысын жетілдіру. Ойын комбинацияларын құру. Баламалы ойындар құрастыру;

7) "Әлеуметтік дағдылар және мәселелерді командалық іс-әрекеттерде шешу": Қауіпсіздік ережелері. Ойын жағдайында допты игеру техникасы. Ойын кеңістігінде бағыт-бағдар дағдысын жетілдіру. Жеке, топтық, командалық тактикалық әрекеттер. Топта ойын-сауық ойындарын құру;

8) "Қозғалыс белсенділігі арқылы денсаулық және фитнес": Әртүрлі бұлшық ет топтарын қалпына келтіру жаттығулар жиынтығын құрастыру. Стайерлік жүгіру дағдысын дамыту. Секіру, лақтыру дағдысын дамыту. Қозғалыс қабілеті арқылы денсаулықты нығайту.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

19. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа бөлінген.

20. Бағдарламада оқу мақсаттарын кодтау ұсынылған. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан - оқу мақсатының реттік санын көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4. кодында "6" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқу мақсатының реттік саны.

1) қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері:

Білім алушылар:					
Бөлімшелер	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Түрлі арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындау кезіндегі дәлдікті, бақылауды және үйлесімділікті дамыту	5. 1. 1. 1 аздаған ауқымдағы арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін, бақылауды және үйлесімділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалысты дағдыларын білу және түсіну	6. 1. 1. 1 аздаған ауқымдағы арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін, бақылауды және үйлесімділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалысты дағдыларын қолдану	7. 1. 1. 1 кең ауқымдағы арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін, бақылауды және үйлесімділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалысты дағдыларын жетілдіру	8. 1. 1. 1 арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін, бақылауды және үйлесімділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалысты дағдыларын көрсету	9. 1. 1. 1 үлкен ауқымдағы арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін, бақылауды және үйлесімділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалысты салыстыру
					9. 1. 2. 1

1.2 Түрлі қимыл-қозғалыс комбинацияларын құру және оларды дене жаттығуларын орындауда қолдану реттілігі	5. 1. 2. 1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың кейбір жаттығулардағы реттілігін білу және орындау	6. 1. 2. 1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың кейбір жаттығулардағы реттілігін құру және орындай білу	7. 1. 2. 1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың кейбір дене жаттығуларындағы реттілігін жетілдіру мен жалпылау	8. 1. 2. 1 кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың орындалу реттілігін түсіндіру және көрсете білу	қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың кейбір дене жаттығуларындағы реттілігін жеткілікті техникалық деңгейде негіздеу және қолдана білу
1.3 Арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыс дағдыларын және олардың орындалу ретін түрлендіру	5. 1. 3. 1 қарапайым арнайы спорттық техникаларды орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті білу және анықтау	6. 1. 3. 1 арнайы спорттық техникаларды орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті таңдай білу	7. 1. 3. 1 арнайы спорттық техникаларды орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті жетілдіре және жалпылай білу	8. 1. 3. 1 арнайы спорттық техникаларды орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті түсіндіре және көрсете білу	9. 1. 3. 1 арнайы спорттық техникаларды орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті түрлендіре білу
1.4 Қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің біліктіліктерін бағалау	5. 1. 4. 1 қимыл-қозғалыс сапаларын орындау кезіндегі өзінің және өзгелердің біліктіліктерін білу және анықтай білу	6.1.4. 1 қимыл-қозғалыс сапаларын орындау кезіндегі өзінің және өзгелердің біліктілікте рін түсіне және түсіндіре білу	7. 1. 4. 4.1 қимыл-қозғалыс сапаларын орындау кезіндегі өзінің және өзгелердің біліктілік терін жақсарта білу	8.1.4. 1 қимыл-қозғалыс сапаларын орындау кезіндегі өзінің және өзгелердің біліктіліктерін салыстыра білу	9. 1. 4. 4 қимыл-қозғалыс сапаларын орындау кезіндегі өзінің және өзгелердің біліктілікте рін бағалай білу
1.5 Бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен құрылымдық идеяларын қолдану және бағалау	5. 1. 5. 1 аздаған ауқымдағы дене жаттығуларының тактикасын, стратегиясын және құрылымдық идеяларын білу және сипаттай білу	6. 1. 5. 1 бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегияларын және композициялық идеяларын түсіну және қолдана білу	7. 1. 5. 1 бірқатар дене жаттығуларының қарапайым тактикаларын, стратегияларын және композициялық идеяларын құра және бағалай білу	8. 1. 5. 1 кең ауқымдағы дене жаттығуларының тактикаларын, стратегияларын және композициялық идеяларын анықтай және бағалай білу	9. 1. 5. 1 кең ауқымдағы дене жаттығуларының түрлі тактикаларын, стратегияларын және композициялық идеяларын құра, талдай және салыстыра білу
1.6 Қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен	5. 1. 6. 1 қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қиындықтарды жеңу және қауіп-қатерге	6. 1. 6. 1 қимыл-қозғалыс белсенділігі мен байланысты қиындықтарды жеңу және қауіп-қатерге	7. 1. 6. 1 түрлі қимыл-қозғалыс белсенділігін орындауды сынақтан өткізу	8. 1. 6. 1 қимыл-қозғалыс белсенділігі мен байланысты қиындықтарды	9. 1. 6. 1 қимыл-қозғалыс белсенділігі мен байланысты қиындықтарды

байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білу	жауап қайтара білудің қарапайым дағдыларын білу және анықтай білу	жауап қайтара білудің дағдыларын түсіну және қолдана білу	кезіндегі қауіп-қатерді білу және алдын-ала білу	жеңе және жауап қайтара білу дағдыларын жақсарта білу	жеңе және жауап қайтара білу дағдыларын бағалай білу

2) шығармашылық қабілеттер және қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы сыни көзқарасты қалыптастыру:

Білім алушылар:					
Бөлімшелер	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.1 Қимыл-қозғалыс әрекеттері арқылы өзгермелі жағдайға жауап қайтара білуге бейімделу	5. 2. 1. 1 өзгермелі жағдайға жауап қайтара білу қимыл-әрекеттері мен байланысты білімді білу және түсіну	6. 2. 1. 1 өзгермелі жағдайға жауап қайтара білу қимыл-әрекеттерімен байланысты білімді анықтай және қолдана білу	7. 2. 1. 1 өзгермелі жағдайға жауап қайтара білу қимыл-әрекеттері мен байланысты білімді жетілдіре білу	8. 2. 1. 1 өзгермелі жағдайға жауап қайтара білу қимыл-әрекеттері мен байланысты білімді көрсете білу	9. 2. 1. 1 өзгермелі жағдайға жауап қайтара білу қимыл-әрекеттерімен байланысты білімді бағалай білу
2.2 Көшбасшылық, команда құрамында жұмыс істей білу дағдыларын дамыту және қолдану	5. 2. 2. 1 көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді түсіну	6. 2. 2. 1 көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді анықтай және қолдана білу	7.2.2. 1 көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді талқылай және көрсете білу	8. 2. 2. 1 көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді көрсете және қолдана білу	9. 2. 2. 1 көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді бағалау
2.3 Қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажет бірқатар тиімді дағдыларды көрсету	5. 2. 3. 1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын түсіну және анықтай білу	6. 2. 3. 1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын анықтай және қолдана білу	7. 2. 3. 1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын талқылай және көрсете білу	8. 2. 3. 1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын қолдана және көрсете білу	9. 2. 3. 1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша бірқатар біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын бағалай білу
2.4 Дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер	5. 2. 4. 1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және бала түр	6. 2. 4. 1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және бала түрлерін құруға қажет ережелер	7. 2. 4. 1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және бала түрлерін құруға	8. 2. 4. 1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және бала түрлерін құруға қажет ережелер	9. 2. 4. 1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және бала түрлерін құруға

м е н құрылымдық тәсілдерді бағалау	лерін құруға қажет ережелер мен құры лымдық тәсілдерді білу және түсіну	м е н құрылымдық тәсілдерді түсіну және қолдана білу	қажет ережелер м е н құрылымдық тәсілдерді көрсете білу	м е н құрылымдық тәсілдерді қолдана және талқылай білу	қажет ережелер мен құрылым дық тәсілдерді бағалай және салыстыра білу
2.5 Өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін сыни тұрғыдан бағалау, оны шешудің балама жолдарын ұсыну	5. 2. 5. 1 өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін білу және түсіне білу, оны ш е ш у д і ң қарапайым б а л а м а жолдарын ұсыну	6. 2. 5. 1 өзінің және өзгелердің шығармашы лық қабілеттерін түсіну және қолдана білу, оны шешудің б а л а м а жолдарын ұсыну	7. 2. 5. 1 өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін қолдана білу, оны шешудің б а л а м а жолдарын ұсыну	8. 2. 5. 1 өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін көрсете және салыстыра білу, оны шешудің б а л а м а жолдарын ұсыну	9. 2. 5. 1 өзінің және өзгелердің шығарма ш ы л ы қ қабілетте рін бағалай және талдай білу, оны ш е ш у д і ң қарапайым б а л а м а жолдарын ұсыну
2.6 Ж а р ы с іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін білу	5. 2. 6. 1 ж а р ы с іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін білу	6. 2. 6. 1 ж а р ы с іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін түсіне білу	7. 2. 6. 1 ж а р ы с іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін қолдана білу	8. 2. 6. 1 ж а р ы с іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін көрсете және салыстыра білу	9. 2. 6. 1 ж а р ы с іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін бағалай және талдау білу
Мұғалім тақырыптарды жоспарлау кезінде сағат санына сәйкес оқу тақырыптары мен мақсаттарын өзгерте алады, сынып ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктерді және оқушылардың дайындық деңгейін ескере отырып өзгерістер енгізе алады.

"Жаһандық құзыреттер" курсының тақырыбы

Юнит	5 класс	6 класс	7 класс	8 класс	9 класс

Этика және әдеп	Барлығы сәлемдесуден басталады	Мен және менің құрдастарым	Сыпайы сөйлейміз	Қазақ халқының дәстүрі ретінде ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы	Еңбек мәдениеті
	Мен достарымның ортасындамын	Шешім қабылдаймыз	Рухни сапа-адам өміріндегі басты қасиет	Отбасылық құндылықтар: әкем, анам және мен - тату отбасымыз	Ел игілігіне еңбек ет
	Мен өз әрекеттерім үшін жауап беремін	Уақытты бағалауды үйренеміз	Кемшіліктермен жұмыс істеу-кемелдікке апаратын жол	Адалдық пен әділеттілік - өмірдің ұстанымдары	Қарым-қатынас мәдениеті және әдеп
	Ата-аналарға ризашылық білдіруді үйренеміз	Біз эмоциямызды басқарамыз	Басқаларға қуаныш сыйлау үшін жақсылық жасау	Академиялық адалдық	Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!
	Дастархан басындағы әдеп Дастархан әзірлеу	Буллинг деген не?	Зорлық-зомбылықты болдырмау және өзіңізді қалай қорғауға болады	Саяхат этикасы: біз өз елімізді таныстырамыз	Өзіңнен есеп алу : жасағандарым пайдалы болды ма?
	Қоғамдық көлікте, театрда, кинотеатрда, мұражайда өзіңді қалай ұстау керек				
Азаматтық және патриотизм	Отбасыдағы өзара сыйластық	Мен үшін Отан деген не?	Менің мектебімнің жетістіктері	Біз-біртұтас халықпыз	Өзгені өзіңдей сыйла
	Өз Отанымды мақтан тұтамын!	Туған жерге деген махаббат	Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!	Отанына арналады	Әлеуметтік жауапкершілік
	Өз елімнің лайықты азаматымын!	Туған халқы мен Отанға деген адалдық	Өз елін танымал еткен тұлғалар	Менің елім-жүрегімде!	Ертеңгі жастар қандай болмақ?
	Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт!		Тарих беттерінен		Ынтымағы жарасқан ел
	Әлеуметтік желі деген не?	Интернетте қарым-қатынас жасау ережесі	Медиа кеңістікте және көпшілік алдында сөз сөйлеу	Бейне хостинг не үшін қолданылады? Жалған танымалдық	Әлеуметтік желідегі блогерлер
	Әлеуметтік желідегі менің аккаунтым	Менің цифрлық ізім	Телефон алаяқтары: не істеу керек?	Отбасы кірістері	Кибербуллинг

Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық	Алғашқы ақша және олардың функциялары қалай пайда болды?	Еңбекақы төлеу неге байланысты?	Подкаст. Байланыстың заманауи әдістері	Жинақтау және олардың түрлері	Белсенді және пассивті кірістер
	Адамның еңбегі қалай бағаланады?	Отбасының міндетті және міндетті емес шығындары	Жеке табысты қалай тиімді басқаруға болады	Отбасы шығындары	Отбасы бюджетінің түрлері
	Отбасының кірістері мен шығыстары неден тұрады?	Ірі сатып алуларды қалай жасауға болады	Отбасылық бюджет қалай жоспарланады және оны қалай үнемдеуге болады	Тұрғын үй несиесі. Ипотека	Отбасылық бюджетті жоспарлау
	Күнделікті шығынды қалай басқаруға болады?	Отбасылық бюджет дегеніміз не?	Отбасының қаржылық мақсаттары. Ақша жинақтары қалай құрылады?	Жоспарсыз сатып алу	Жинақтарды қалай сақтауға болады
			Банктік несиелер	Отбасылық бюджетті жүргізу ережелері	Қаржы пирамидасы
			Отбасының қаржылық қауіпсіздік тірегі		Қаржылық байлық
Өмір сүру қауіпсіздігі	Үй, аула, мектептегі қауіпсіздік	Менің үйге қайтар жолым	Табиғаттағы, қауіпсіздік	Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік	Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда нені білу маңызды?
	Отпен ойнама	Құтқару қызметі	Табиғи апаттар кезіндегі мінез-құлық ережелері	Жауапты іс-әрекет және инфекцияның алдын-алу	Төтенше жағдайларда өзіме және басқаларға қалай көмектесе аламын?
	Менің қауіпсіздігім - менің қолымда!	Абайлаңыз, күдікті заттар!	Техниканы қауіпсіз пайдалану	Жеке басына қол сұқпаушылық құқығы	Өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайлардан қалай шығуға болады?
	Менің денсаулығым - маған байланысты	Денсаулық пен сұлулық құпиялары немесе гигиена не үшін қажет?	Мен не жеймін? Азық-түлік қауіпсіздігі.	Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!	Жаман әдеттердің алдын алу

	Жолаушының көлікте өзін ұстау тәртібі	Үй-жайлардағы қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидалары	Қауіп туралы дабылды қалай беруге болады?	Алғашқы көмек көрсету ережелері	
Экологиялық мәдениет	Жер-біздің ортақ үйіміз	Туған өлкенің сұлулығы	Менің туған өлкемнің, елімнің экологиясы	Табиғатқа деген сүйіспеншілік	Табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз?
	Менің айналамдағы әлем	Адам-табиғатты ң бір бөлігі	Табиғатпен бірлікте қалай өмір сүруге болады	Болашақта жер қандай болуы керек?	Экологиялық тұрақтылық
	Біздің таза аулада тұрамыз	Экологиялық саяхат	Экологиялық тәуекелдер	Табиғи апаттар	Апаттар мен табиғи апаттардың қоршаған ортаға әсері
	Табиғаттағы мінез-құлық ережелері	Адам табиғатқа неліктен жауапсыз қарайды?	Табиғатты қалай қорғауға болады	Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік	Біздің таза экологияға құқығымыз
	Қауіпсіз демалыс	Жануарларға мейіріммен қарау	"Көміртегі ізі": қауіп-қатерлерді қалай азайтуға болады		Экологиялық қақтығыстар
					Зайырлы мемлекет және дін
					Діннің шығу тегі мен маңызы, оның әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі
					Діннің құрылымы мен қызметі
					Діннің шығу тегі мен тарихи формалары
					Ежелгі наным жүйесі, ұлттық және дәстүрлі діндер
					Буддизмнің діни ілімінің негіздері
					Христиандықты ң діни сенімінің негіздері

Зайырлылық және дінтану негіздері					Ислам дінінің негіздері
					Қазақстан жеріндегі ислам
					Ислам мәдениеті
					Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың қызметі
					Жалған діни ұйымдар мен ағымдар туралы түсінік.
					Қазақстан - унитарлық және зайырлы мемлекет
					Қазақстанның бейбітшілік және дінаралық келісім саласындағы саясаты

5-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күтілетін нәтиже (соңғы өнім)
Этика және әдеп			
1	Барлығы сәлемдесуден басталады	3	Ситуациялық есептерді шешу Бейнероликтерді дайындау
2	Мен достарымның ортасындамын		
3	Мен өз әрекеттерім үшін жауаптымын		
4	Ата-аналарға ризашылық білдіруді үйренеміз		
5	Дастархан басындағы әдеп Дастархан жаю		
6	Қоғамдық көлікте, театрда, кинотеатрда, мұражайда өзінді қалай ұстау керек		
Азаматтық және патриотизм			
1	Отбасындағы өзара сыйластық		Әлеуметтік жоба "Өзімді құрметтеу - басқаларды құрметтеу" психикалық картасы
2	Мен өз Отанымды мақтан тұтамын!		

3	Өз Отанымды мақтан тұтамын!	3	Ситуациялық есептерді шешу
4	Түрлі көзқарас - біртұтас ұлт		
Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық			
1	Әлеуметтік желі дегеніміз не	5	Жоба Зерттеу жұмысы Аккаунт жасау Постерлер жасау Конкурстар Диаграммаларды, инфографиканы құру Ситуациялық есептерді шешу
2	Әлеуметтік желідегі менің аккаунтым		
3	Алғашқы ақша және олардың функцияларықалай пайда болды?		
4	Адам еңбегі қалай бағаланады		
5	Отбасының кірістері мен шығыстары неден тұрады		
6	Қалта ақшасын қалай басқаруға болады		
Өмір сүру қауіпсіздігі			
1	Үй, аула, мектептегі қауіпсіздік	4	Жоба "Үйде жалғыз: қауіпсіз болу"рөлдік ойындары, "Қалай көмек сұрауға болады" Ситуациялық есептерді шешу
2	Отпен ойнама!		
3	Менің қауіпсіздігім - менің қолымда		
4	Менің денсаулығым – менің қолымда		
5	Жолаушының көлікте өзін ұстау тәртібі		
Экологиялық мәдениет			
1	Жер-біздің ортақ үйіміз	3	Жоба Акцияның экологиялық тәсілі Ақпараттық буклеттерді әзірлеу "Табиғат – жаратушының бізге берген сыйы" тақырыбындағы суреттер байқауы
2	Менің айналамдағы әлем		
3	Біз таза аулада тұрамыз		
4	Табиғаттағы іс-әрекет ережелері		
5	Қауіпсіз демалыс		

6-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)
Этика және әдеп			
1	Мен және менің құрдастарымм		Жоба
2	Шешім қабылдаймыз		

3	Уақытты бағалауды үйренеміз	3	Буклеттер дайындау Жағдаяттық есептер
4	Біз эмоциямызды басқара аламыз		
5	Буллинг деген не?		
Азаматтық и патриотизм			
1	Мен үшін Отан деген не?	3	Жоба "Менің кейіпкерім" сұхбаты Бейнероликтер дайындау
2	Туған жерге деген махаббат		
3	Туған халқы мен Отанға деген адалдық		
Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық			
1	Интернетте қарым-қатынас жасау ережесі	5	Зерттеу жұмысы Ситуациялық есептерді шешу Рөлдік ойындар Схемаларды құру Нұсқаулықтарды әзірлеу Рөлдік ойындар
2	Менің цифрлық ізім		
3	Еңбекақы төлеу неге байланысты?		
4	Отбасының міндетті және міндетті емес шығындары		
5	Ірі сатып алуларды қалай жасауға болады?		
	Отбасы бюджеті дегеніміз не?		
Өмір сүру қауіпсіздігі			
1	Менің үйге қайтар жолым	4	Жоба Граффити/суреттер/ сторибордтар жасау Жағдаяттық есептерді шешу Рөлдік ойындар
2	Құтқару қызметі		
3	Абайлаңыз, күдікті заттар!		
4	Денсаулық пен сұлулық құпиялары немесе гигиена не үшін қажет?		
5	Үй-жайлардағы қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидалары		
Экологиялық мәдениет			
1	Туған өлкенің сұлулығы	3	Туристік маршрутты жасау "Менің арманымның бағыты" жобасы Саяхатшылар клубын құру Комикс сайысы, аниме. Экологиялық рейд және рельеф картасын жасау.
2	Адам – табиғаттың бір бөлігі		
3	Экологиялық саяхат		
4	Адам табиғатқа неліктен жауапсыз қарайды?		

5	Жануарларға мейірімді қарау		"Адам және табиғат" тақырыбына дөңгелек үстел өткізу Табиғи материалдан қолөнер бұйымдарын жасау

7-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)
Этика және әдеп			
1	Сыпайы сөйлейміз	3	Бейнеролик дайындау Жоба Жағдаяттық есептерді шешу
2	Рухни сапа-адам өміріндегі басты қасиет		
3	Кемшіліктермен жұмыс істеу-кемелдікке апаратын жол		
4	Басқаларға қуаныш үшін жақсылық жасау		
5	Зорлық-зомбылықты болдырмау және өзіңізді қалай қорғауға болады		
Азаматтық және патриотизм			
1	Менің мектебімнің жетістіктері	3	Жоба Зерттеу жұмысы "Еліміздің мақтанышы" бейнеролигін дайындау
2	Өзге тілдің бәрін сүй, өз тіліңді құрметте!		
3	Өз елін танымал еткен тұлғалар		
4	Тарих беттерінен		
Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық			
1	Медиакеңістікте және көпшілік алдында сөз сөйлеу	5	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Рөлдік ойындар Схемаларды құру Рөлдік ойындар Конкурс
2	Телефон алаяқтары: не істеу керек?		
3	Подкаст. Байланыстың заманауи әдістері		
4	Жеке табысты қалай тиімді басқаруға болады		
5	Отбасы бюджетін қалай жоспарлауға және үнемдеуге болады		
6	Отбасының қаржылық мақсаттары. Ақша жинақтары қалай құрылады?		
7	Банк кредиттері		

8	Отбасының қаржылық қауіпсіздік тірегі		
Өмір сүру қауіпсіздігі			
1	Табиғаттағы, қауіпсіздік	4	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Бейнеролик түсіру Табиғаттағы қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу
2	Табиғи апаттар кезіндегі іс-қимыл ережелері		
3	Техниканы қауіпсіз пайдалану		
4	Мен не жеймін? Азық-түлік қауіпсіздігі.		
5	Қауіп туралы дабылды қалай беруге болады?		
Экологиялық мәдениет			
1	Менің өлкемнің, елімнің экологиясы	3	"Табиғатпен бірлікте қалай өмір сүру керек" тақырыбындағы шығарма "Біздің экология" фотокөрмесі "Табиғатты қорғайық!" тақырыбына презентация Экологиялық акциялар
2	Табиғатпен бірлікте қалай өмір сүруге болады ?		
3	Экологиялық тәуекелдер		
4	Табиғатты қалай қорғауға болады?		
5	"Көміртегі ізі": қауіп-қатерлерді қалай азайтуға болады?		

8-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)
Этика және әдеп			
1	Қазақ халқының дәстүрі ретінде ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы	3	Бейнеролик дайындау Рөлдік ойын Жағдаяттық есептерді шешу Ардагерлермен кездесу
2	Отбасылық құндылықтар: әкем, анам және мен - тату отбасымыз		
3	Адалдық пен әділеттілік – өмір ұстанымдары		
4	Академиялық адалдық		

5	Саяхат этикасы: біз өз елімізді таныстырамыз		
Азаматтық патриотизм			
1	Біз-біртұтас халықпыз!		Әлеуметтік жоба "Жақыныңа жанашыр бол" қайырымдылық челленджі Бейнеролик дайындау
2	Отаныма арналады		
3	Елім – менің жүрегімде!		
Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық			
1	Бейне хостинг не үшін қолданылады? Жалған танымалдық		Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Рөлдік ойындар Схемаларды құру Конкурс
2	Отбасы кірістері		
3	Жинақтау және олардың түрлері		
4	Отбасылық шығындар		
5	Тұрғын үй несиесі. Ипотека		
6	Жоспарсыз сатып алу		
7	Отбасы бюджетін жүргізу ережесі		
Өмір сүру қауіпсіздігі			
1	Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік	5	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Стартаптар
2	Жауапты іс-әрекет және инфекцияның алдын-алу		
3	Жеке басына қол сұқпаушылық құқығы		
4	Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!		
5	Алғашқы көмек көрсету ережелері		
Экологиялық мәдениет			

1	Табиғатқа деген сүйіспеншілік	3	Стартаптар Дөңгелек үстел (О л ж а с Сүлейменовтың "Бөлтіріктер" поэмасын талқылау) Зерттеу жұмысы Аргументтік эссе "Табиғатты қорғау біздің қолымызда!" экологиялық акциясы
2	Болашақта жер қандай болуы керек?		
3	Табиғи апаттар		
4	Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік		

9-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)
Этика және әдеп			
1	Еңбек мәдениеті	6	Әлеуметтік жобалар Брифингтер Жобаларды қорғау Бейне дайындау Инфографика
2	Ел игілігіне еңбек ет		
3	Қарым-қатынас мәдениеті және этикет		
4	Сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік		
5	Өзіңнен есеп алу: жасағандарым пайдалы болды ма?		
Азаматтық және патриотизм			
1	Өзгені өзіңдей сыйла	4	Жоба Жағдаяттық есептерді шешу Флешмоб Акциялар
2	Әлеуметтік жауапкершілік		
3	Ертеңгі жастар қандай болмақ?		
4	Ынтымағы жарасқан ел		
Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық			
1	Әлеуметтік желідегі блогерлер	6	TEDx өткізу Жоба Рөлдік ойындар Стартаптар
2	Кибербуллинг		
3	Белсенді және пассивті кірістер		
4	Отбасылық бюджеттің түрлері		
5	Отбасы бюджетін жоспарлау		
6	Жинақтарды қалай сақтауға болады		

7	Қаржы пирамидасы		
8	Қаржылық байлық		
Өмір сүру қауіпсіздігі			
1	Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда нені білу маңызды?	5	Зерттеу жұмысы Ситуациялық есептерді шешу Рөлдік ойындар Схемаларды құру Конкурстар Бейнероликтер дайындау Пікірталас алаңы
2	Төтенше жағдайларда өзіме және басқаларға қалай көмектесе аламын?		
3	Өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайлардан қалай шығуға болады?		
4	Жаман әдеттердің алдын алу		
Экологиялық мәдениет			
1	Табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз?	4	Экологиялық акциялар "Біз табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз" тақырыбындағы брифинг "Болашақ жер" Эссе Жобаларды қорғау Макулатура жинау және қайталама шикізатты бөлек жинау "Табиғат дәлсіздіктерге шыдамайды және қателіктерді кешірмейді" тақырыбындағы бейнеролик
2	Экологиялық тұрақтылық		
3	Апаттар мен табиғи апаттардың қоршаған ортаға әсері		
4	Таза экологияға құқылымыз		
5	Табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз?		
Зайырлылық және дінтану негіздері			
1	Зайырлы мемлекет және дін	11	Жоба Жағдаяттық есептерді шешу
2	Діннің пайда болуы және маңыздылығы, әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі		
3	Діннің құрылымы мен қызметтері		
4	Діннің шығу тегі мен тарихи формалары		
5	Ежелгі сенім жүйесі, ұлттық және дәстүрлі діндер		
6	Буддизм. Дін ілімі негіздері.		
7	Христиан діні. Дін ілімі негіздері.		

8	Ислам. Дін ілімі негіздері.		Тесттер
9	Қазақстан жеріндегі ислам		
10	Ислам мәдениеті		
11	Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың қызметі		
12	Теріс пиғылдағы діни ағымдар туралы түсінік. Терроризм.		
13	Қазақстан – унитарлық және зайырлы мемлекет.		
14	Қазақстанның дінаралық келісім мен татулық аясындағы саясаты		

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
69-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныбына арналға "Өлкетану" курсынан үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Өлкетану курсының басты мақсаты:

1) өзінің туған өлкесі жайлы білімді терең меңгерту және дамыту;

2) жасөспірімдердің бойында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру және отансүйгіштік сезім тәрбиелеу.

3. Аталған мақсаттарға сәйкес білім берудің келесі міндеттері шешілуі тиіс:

1) білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын тереңдету;

2) практикалық және интеллектуалдық дағды мен шеберлікті қалыптастыру және дамыту;

3) болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесу;

4) жеке тұлғаның бойында ізденушілік-зерттеушілік қасиетін, экспедициялық жұмыс дағдыларын қалыптастыру;

5) әр түрлі тәсілдермен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын өлкетану жұмысындағы кешенділікті сақтау: жалпы оқу біліктілігі мен дағдысын, байқағыштықты, ойлауды, қиялдауды, ғылымдарға деген сүйіспеншілікті, білімдарлықты және мәдени деңгейін, әдеби және пәндік тілді, бірнеше тілді меңгеруді, әр түрлі мамандық иелерімен, өзінен үлкен-кіші адамдармен қарым-қатынас дағдыларына икемделу, өз бетімен өмір сүруге және болашақтағы мамандығына психологиялық тұрғыдан дайындалу, моральдық-өнегелілік қасиеттерді, туған өлкеге және Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерді тәрбиелеу.

4. Өлкетану сабақтарда, сынып сағаттарында, олардың тәрбиелік мақсаты ретінде (" кіші" Отанына деген патриоттық, азаматтық сезімдерді тәрбиелеу) жүзеге асырылады.

5. Өлкетану курсы жергілікті жердің қыр-сырын ашып көрсету арқылы география, биология, тарих, әдебиет және басқа да пәндерді оқу білімімен логикалық түрде толықтырады.

6. Өлкетану курсының бағдарламасы сыныпта және мектепте жекелеген зерттеу топтарымен, білім беру ұйымының өлкетану жұмысы Кеңесінің белгілеген экспедициялық зерттеу тақырыптары бойынша жүзеге асырылады.

7. Нақты белгіленген бағдарлама бойынша факультатив сабағы ретінде бөлек оқытылады.

8. Оқу сабақтары үдерісі кезінде туған өлкені тікелей оқып-білу мүмкіндігі шектеулі. Сол себепті, жұмыстың жүйелі-әрекеттік нәтижелерін сыныптан тыс және сабақтан бос уақытта кабинеттерден жергілікті жердің төңірегіне, өзен-көлдердің жағалауына, өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындарына, ескерткіштерге және тарихи даңқ орындарына, мұражайлар мен көрмелерге т.б. жерлерге саяхатқа шығу арқылы жандандыру мүмкіншілігі бар.

9. Оқу барысында білім алушылардың бойында өз өлкесі: оның табиғаты, табиғат ресурстары, өнеркәсіптері, ауыл шаруашылығы, көлік жүйесі, тарихи және мәдени дамуы, белгілі адамдары, өлкенің аудан, облыс, аймақ және республика үшін маңызы жайлы білім жүйесі қалыптасуы тиіс. Білім алушының өз өлкесі экономикасындағы еңбек ресурстарына сұранысы жайлы білу мүмкіндігі бар.

10. 7-сынып білім алушылары туған аймақтың табиғи-экономикалық ерекшеліктерін және олардың даму келешегін оқып-үйренеді. Алдын-ала оқыту мақсатында, бағдарламаға өлкенің экономикасы жайлы тақырыптар кіргізілгенін атап айту қажет, жоғары сыныптарда ол тақырыптар тереңдетіліп оқытылады. Сонымен қатар, өлкетану жұмысының мазмұнына өлкенің тарихи өткені, археологиялық ескерткіштерін, мәдени (сәулет өнері, әдебиет) ескерткіштерін, әр түрлі жанрдағы фольклорлық материалдарды, ұлттық ерекшелігі бар қолөнерді, өлкенің атын шығарған атақты тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу кіреді.

11. Білім алушылардың өз өлкесіне тән негізгі ерекшеліктерді анықтауға жағдай жасайтын, өлкетанудағы оқу-ізденушілік әрекетінің негізгі түрі ретіндегі бұл

бағдарлама, іздеу-зерттеу әрекеттерінің алгоритмі болып табылады. Бағдарлама жан-жақты сипатқа ие және еліміздің кез-келген бөлігінде орналасқан туған өлкені, ауылды немесе қаланы, олардың төңірегін оқып-білудегі негізгі бағыттарды көрсетеді.

12. Жыл бойы жүргізілген жұмыстың нәтижесі мектептің өлкетану конференциясында қорытындыланады, үздік жұмыстар марапатталады және аудандық, қалалық конференцияға ұсынылады.

2-тарау. "Өлкетану" таңдау курсының мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Өлкетану" курсының мазмұны

13. "Өлкетану" факультативтік курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Курстың мазмұны келесі тақырыптардан тұрады:

1) "Кіріспе" (1 сағат), өлкетану пәні нені оқытады, курстың мақсаттары мен міндеттері, білім көздері, аумақтың географиялық орны және көлемі (өлкенің, ауылдың , қаланың), елді мекендердің (әкімшілік, экономикалық, ғылыми, туристік, рекреациялық, мәдени, мәдени-тарихи, рухани орталықтар) маңызы және ерекшеліктері ;

2) "Туризм негіздерімен танысу және карталармен жұмыс істеу" (2 сағат):

өлкетануда қолданылатын карталардың түрлері, бағдарлау (бағытты анықтау) негіздері, компас, жергілікті жерде және картада азимутты анықтау, полярлық және маршруттық түсіру тәсілдерімен жергілікті жердің планын жасау технологиялары, шартты белгілер;

туристік техника негіздері (шатырды орнату, заттарды салу, арқанды (жіпті) байлау, өткелдерден өту тәсілдері, алғашқы медициналық көмек көрсету), картаның көмегімен жергілікті жерде жүру, экскурсия кезіндегі қауіпсіздік ережелері;

3) "Өлке аумағының жер бедері" (3 сағат):

жер бедерінің түрлерімен танысу, рельеф құрушы негізгі факторларды анықтау, сейсмикалық үдерістер, жер сілкінуі кезіндегі әрекеттер, жер бедері түрлері атауларының шығу тарихын оқып-білу, тау жыныстарымен танысу;

карталарда және жергілікті жерде өлшеу жұмыстары (нивелирмен жұмыс), дөңдердің (төбелердің), қыраттардың, таулардың биіктігін, беткейдің тіктігін анықтау, жер бедерінің әр түрлі формаларының бейнесін жасау (сурет, карта-сызба, сызба-нұсқа, жергілікті жер нысандарының шартты белгілерінің жиынтығы және модельдеу);

жер бедері бетіндегі антропогендік және табиғи эрозиялық үдерістер және олардың кері әсерінің салдары, оларды болдырмау үшін қолданылатын шаралар, аумақтың экологиясы;

4) "Өлкенің табиғи ресурстары" (2сағат):

туған өлкенің табиғат ресурстарының тізімін құрастыру және олардың экономиканы дамытудағы рөлін анықтау, өлкенің пайдалы қазбаларымен және кен орындарының ашылу тарихымен танысу, туристік-рекреациялық ресурстарды саралау;

пайдалы қазбалардың кен орындарымен және оларды өндіру әдістерімен (тәсілдерімен) танысу, ресурс қорғау технологиялары, кен орнының, карьердің сызбасын жасау, пайдалы қазбалардың, тау жыныстарының үлгілерін жинау;

5) "Жергілікті жердің ауа райы және климаты" (3 сағат):

климат қалыптастырушы факторларды анықтау, ауа райын бақылау әдістері (атмосфера қысымын, ауа температурасын, желдің күші мен бағытын, атмосфералық жауын-шашын мөлшерін өлшеу (құралдармен жұмыс істеу), ауа райының бұл көрсеткіштерін график түрінде көрсету, жақын маңайдағы метеостансаның жұмыс істеу технологиясымен танысу (мүмкіндікке байланысты);

ауа райы өзгерістерінің жергілікті белгілері, ауа райын болжау (әдістерді презентациялау), төтенше жағдай сипатындағы ауа райы құбылыстары, адамның іс-әрекеті;

көпжылдық бақылаулар бойынша өлкенің жалпы климат жағдайларындағы және табиғатындағы өзгерістерге талдау жасау, өзгерістердің негізгі себептерін анықтау (әр түрлі ақпарат көздерінің көмегімен, сонымен қатар байырғы тұрғындардың тәжірибесінен), өлкенің жел энергетикасы, ауа бассейінінің экологиясы;

6) "Өлкенің сулары және оларды пайдалану" (3 сағат):

өлке аумағындағы су нысандарының жіктелуі, жергілікті жердің гидрографиялық жүйесінің сызбасын жасау, атауларының пайда болу тарихын оқып-білу, су ресурстарын пайдалану, су энергетикасы, су экологиясы;

бір су нысанын зерттеу және сипаттау (өзенді, бұлақты);

өлкенің көлдерін зерттеу және сипаттау (немесе жақын маңайда орналасқан бір көлді);

7) "Өлкенің топырағы" (2 сағат):

өлке топырағының негізгі түрлері, олардың негізгі сипаты және маңызы, топырақ кесіндісін оқып-білу;

жергілікті жердің топырағының құнарлығы, оны сақтау және қалпына келтіру шаралары, агромелиорация технологияларымен танысу (ауыл шаруашылығы жұмысшыларымен және мамандарымен кездесулер);

8) "Өлкенің және қаланың өсімдіктері" (3 сағат):

өлке аумағындағы өсімдік жамылғысын оқып-білу, өсімдіктердің түрлерін және олардың ішінен ғажайып түрлерін анықтау, өлкенің өсімдік жамылғысының жағдайы, қаланың өсімдік жамылғысы, Астана қаласын және оның маңайын көгалдандыру тәжірибесі;

өлкеде өсетін өсімдіктердің жекелеген түрлерін оқып-білу, олардың пайдалы және емдік қасиеттерімен танысу;

кеппешөптердің көмегімен жергілікті жердің өсімдіктерін оқып-білу және сипаттау, флористикалық бұрыш ұйымдастыру;

9) "Өлкенің жануарлар дүниесі" (4 сағат):

өлке аумағының жануарлар дүниесін анықтау және оқып-білу, жануарлардың топтарын және олардың ғажайып түрлерін анықтау, жануарлар дүниесін қорғау;

өлкенің жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін оқып-білу, қауіпті және пайдалы жәндіктер, кәсіптік жануарлар және олардың маңызы, қазақтың ұлттық аңшылық өнері – саяткерлік;

туған өлкенің табиғат мұражайларына саяхат жасау (аң аулау қоғамдарының, орман шаруашылығының жұмысшыларымен кездесулер), құс үйшіктерін жасау және ілу;

10) "Өлкенің және қаланың ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау" (3 сағат):

туған өлкенің қорғауды талап ететін өсімдіктері мен жануарларын анықтау және тізімін құрастыру, олар жайлы фотоальбомдар, бейне слайдтар, бейнефильмдер жасау (жұмысты презентациялау);

туған өлкенің және оған жақын аумақтардың "Қызылкітаптық", эндемикалық өсімдіктері мен жануарлары;

ерекше қорғалатын аумақтар және нысандарға (мүмкіндікке байланысты): қорықтарға, қорықшаларға, ұлттық саябақтарға, табиғат ескерткіштеріне, хайуанаттар бағына, ботаникалық бақтарға, дендрарилерге, орман шаруашылықтарына саяхат жасау , олардағы табиғатты қорғау жұмыстарының технологияларымен танысу;

11) "Өлкенің, қаланың шаруашылығы" (4 сағат):

маңызы бар (ауылдың, ауданның, қаланың) өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының орналасуының карта-сызбасын құрастыру, өлкенің кәсіпорындары және мекемелерінде сұранысқа ие мамандықтар;

өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының жұмысымен танысу (кәсіпорындардың жетекшілерімен және мамандарымен кездесу);

кәсіпорынға экскурсия жасау, техникамен, технологиялармен және технологиялық үдерістермен танысу, әр түрлі мамандық иелерімен танысу;

алдын-ала жасалған жоспар бойынша аудан, қала үшін аса маңызды кәсіпорындарды оқып-білу және сипаттама беру, өнеркәсіптік, сонымен қатар экспорттық және импорттық қарым-қатынастардың сызба-нұсқасын құрастыру;

12) "Өлкеде өмір сүретін халықтардың тарихы және мәдениеті" (3 сағат):

жақын маңайдағы археологиялық ескерткіштер, ерте замандағы тұрақтардың, елді мекендердің, қалалардың, қорғандардың, қорымдардың сызба-нұсқаларын жасау, әдеби мұра көздерін зерттеу;

өлкенің ең бастапқы игерілуінің тарихи-қоғамдық, экономикалық және табиғи факторлары, аумақтың қоныстану, игерілу және даму үдерісінің қысқаша тарихы;

мәдениет (қазақ және өлке аумағында өмір сүретін басқа да ұлт өкілдерінің шығармашылығы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ұлттық тағамдары, ұлттық қолөнері);

өлкенің белгілі адамдары, өлкенің, қаланың дамуына үлес қосқан адамдардың өмірбаянымен және еңбегімен танысу;

13) қорытындылау (1 сағат), бөлімдер бойынша жинақталған материалдарды ресімдеу, оларға презентация жасау және мектептің өлкетану мұражайына тапсыру.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3 тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

15. Пәндік нәтижелер, 7-сыныптың соңында білім алушылар туған өлкесінің:

1) географиялық жағдайының ерекшеліктерін;

2) өлкедегі елді мекендердің дәрежесі мен маңызын;

3) географиялық нысандарының атауларын;

4) аумақ және рельеф көлемінің ерекшеліктерін;

5) табиғат ресурстарының жиынтығын;

6) пайдалы қазбаларының негізгі кен орындарын;

7) өз өлкесінің рекреациялық мүмкіндіктерін;

8) ауданның гидрография жүйесін, негізгі су нысандарын;

9) өз өлкесінің ауа райы мен климатының ерекшеліктерін;

10) төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттерді;

11) топырағын, өсімдік жамылғысының негізгі түрлерін;

12) өз өлкесінің жануарлар дүниесінің негізгі түрлерін;

13)өсімдіктердің және жануарлардың ерекше түрлерін;

14) өлкенің ерекше қорғалатын аумақтарын;

15) өлкенің экономикалық "тұрпатын", өнеркәсіптің және ауылшаруашылығы-ның негізгі кәсіпорындарын;

16) экспорттық өнімдерін;

17) жақын маңайдағы археологиялық ескерткіштерді және тарихи нысандарды;

18) өлкенің қоныстану, игерілу және даму үдерісін;

19) негізгі халықтарын, олардың мәдениетін, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын және қолөнерін;

20) өлкенің белгілі, еңбек сіңірген адамдарын білулері тиіс.

16. 7-сыныптың соңында білім алушылар:

1) аумақтың географиялық орнының және өлкенің географиялық нысандарының негізгі белгілеріне карта көмегімен талдау жасай;

2) табиғат ерекшеліктеріне сипаттама жасау барысында карталардың көмегімен өлшеу жұмыстарын орындай;

3) өз өлкесінің климаты және ауа райының, суларының ерекшеліктеріне, тау жыныстарына, пайдалы қазбаларына талдау жасай;

4) өлкенің өсімдік жамылғысына және жануарлар дүниесіне, топырағына сипаттама бере;

5) өз өлкесінің шаруашылығына, жекелеген маңызды кәсіпорындарына, олардың өнімдеріне, шаруашылық байланыстарына жалпы және толық сипаттама бере;

6) өлкенің тарихын, дамуының негізгі факторларын, қоныстануының ерекшеліктерін, халық құрамының көпұлтты болу себептерін, олардың мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сипаттап, түсіндіре;

7) туған өлке аумағындағы табиғат кешені және оның компоненттерін қорғау жағдайын, экологиялық, басқа да проблемаларды анықтап және сипаттама бере алулары тиіс.

17. Білім алушылардың тұлғалық нәтижелері:

1) белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуінен, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға дайын болуынан;

2) туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге, қолынан келерлік еңбегімен оның экономикасын, экологиясын жақсартуға ұмтылуынан;

3) өлкенің көрнекті өкілдерінің рухына, халықтардың тарихына, мәдениетіне және салт-дәстүріне құрметпен қарауынан көрініс табады.

18. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1) іздеу-зерттеу жұмыстары кезінде алынған ақпаратты саралау, өңдеу, жинақтау, қолдану шеберлігі;

2) іс-әрекетті және зерттеуді жоспарлау, танып білу әдістерін меңгеру;

3) қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, білім беру ресурстарын, мұрағат деректерін қолдана білу, алынған ақпаратқа презентация жасау;

4) коммуникативтік қабілетті, көптілділікті дамыту және өздігінен, шағын не үлкен топтарда жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
70-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбы үшін "Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы" курсының үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының 7-бағытын : "Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғам табысының негізі" және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы

№ 724 қаулысымен бекітілген "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасының " Қазақстандық бірегейлік пен зияткерлік әлеуетті дамыту" 1-міндетін ескере отырып, әзірленді.

2. Елдің табысты дамуының басты шарты – ішкі саяси тұрақтылықты, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету, әрі қалыптасқан этникалық қауымдастықтардың терең тарихы негізінде этносаралық қатынастар мәдениетін арттыру болып табылады.

3. Курс бағдарламасы жастарымызға тәрбие берудегі басты бағыттардың бірі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамытуды қарастырады. Бағдарламаның болашақ ұрпақты толерантты әрі өзге этностардың құндылықтарын құрметтейтін азамат ретінде тәрбиелеудегі маңызы зор.

4. Курсты оқыту мақсаты:

Білім алушыларға Қазақстанның көпэтносты қоғам ретінде қалыптасу тарихын белгілі заңдылықтар мен тарихи үдерістер негізінде таныстыру. Қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды жолдары мен шарттарын түсіндіру.

5. Оқыту міндеттері:

1) этнос ұғымының адам өміріндегі рөлін, оның басты белгілері мен қызметтерін көрсету;

2) Қазақстан аумағындағы этномәдени үдерістердің негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін түсіндіру;

3) этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихын кезеңдер арқылы ашып көрсету;

4) этностардың бай этникалық тарихы, мәдениеті және олардың қоғам өмірін ұйымдастырудағы қызметтерімен таныстыру;

5) көпэтносты, әрі көпконфессиялы қоғам құрудағы қазақстандық тәжірибенің ерекшеліктерін айқындау.

6) Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы этностар өмірінің әртүрлі сатыдағы даму деңгейінің барлық қырларын қарастыратындықтан, пәнаралық байланыстар орната білудің мүмкіндігі өте мол. Пәнаралық байланыс белгілі бір этноска ортақ фактілер, деректер, түсініктер мен идеялар бойынша жүргізіліп, білім алушылардың оқу материалдарын шығармашылықпен игеруіне, оқу дағдылары мен икемділіктерін қалыптастыруға септігін тигізеді. Курс тақырыптарына байланысты пәндер тізімінен тек тарих, әдебиет сияқты гуманитарлық пәндерді ғана емес, жаратылыстану-математика цикліндегі пәндерді де көруге болады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. "Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы" курсының мазмұнын ұйымдастыру

7. Оқу жүктемесінің көлемі:

8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Курстың білім мазмұны төмендегідей тарауларды қамтиды:

9. Кіріспе: пән туралы түсінік, мақсат-міндеттері, өзектілігі. Қазақстан халқы, оның күрделі этникалық құрамы. Қазақ этносының ұлт құру және мемлекет құру әлеуеті. Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласында ұстанатын саясаты (1 сағат).

10. "Этнос әлемі" (3 сағат):

1) Этнос ұғымы: этнос ұғымының мәні. Негізгі түсініктер: этникалық тарих, ұлттық мемлекет, унитарлық мемлекет, федерация, титулдық этнос, көпэтностық қоғам, этносаралық коммуникация, диаспора, интеграция, ассимиляция, консолидация (1 сағат);

2) Алғашқы этникалық бірлестіктердің пайда болуы (антропогенез, расогенез және этногенез). Этностардың қалыптасуына ықпал ететін түрлі факторлар (тарихи, географиялық, саяси, мәдени). Ірі миграциялық үдерістердің жер шарының этникалық бет-бейнесінің қалыптасуына тигізген әсері (1 сағат);

3) Қазіргі замандағы этникалық қарым-қатынастар: Жер бетін мекендеген этностарды тілдік, антропологиялық, шаруашылық, діни ерекшеліктері бойынша жүйелеу. Қазіргі әлемдегі этностардың өзара қарым-қатынастары және негізгі үдерістері (1 сағат).

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. "Көне және ортағасырлардағы Қазақстанның этносаралық қарым-қатынас мәдениеті" (4 сағат):

1) Қазақстанның этникалық тарихы: Қазақстан этно-саяси бірлестіктерінің әлем этностарымен қарым-қатынасы тарихынан. Қазақстан территориясын мекендеген халықтардың өзара этногенетикалық және мәдени сабақтастығы (1 сағат);

2) Қазақтардың өзге халықтармен қалыптасқан қарым-қатынас жүйесі: Қазақ мемлекетінің саяси-дипломатиялық мәдени байланыстары. Қазақ одағына кірген өзге этникалық топтар мен ұлыстар және олардың қоғамға интеграциялануының механизмдері (кірме, ру құрамына ену, төлеңгіттер институты, шалақазақтар). Тамыр болу, қонақжайлылық дәстүрі (2 сағат);

3) Қазақ халқының мәдениеті. Дәстүрлі рухани және материалдық мәдениет – ұлттық сана-сезімді қалыптастырушы фактор. Ұлттық стереотиптер (1 сағат).

12. "Көпэтносты Қазақстанның қалыптасу тарихы" (13 сағат):

1) Өзге этнос өкілдерінің Қазақстанға қоныстануының алғашқы кезеңі: XVIII ғасырдың орта шеніндегі Қазақ хандығының этникалық территориясы мен халқы. Ресей, Қытай, Орта Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасы (1 сағат);

2) XIX ғасырдың басындағы Ресей реформалары және этникалық құрамдағы өзгерістер: XIX ғасырдың басындағы Ресей реформаларының қазақ қоғамындағы этносаралық қатынастарға тигізген әсері. Казак-орыстардың жергілікті халықтармен мәдени-тұрмыстық байланыстары. Шаруашылықтағы өзара байланыстар. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің үлгілерін қабылдауы. Жайық, Орынбор, Сібір, Жетісу казак-орыстары қоныстарының қалыптасуы. Отырықшы қоныстардың пайда болуы (1 сағат);

3) XIX ғ. этникалық құрамның күрделенуі: Қазақстанды крестьяндық (қарашекпен) отарлаудың кезеңдері. Ұйғырлар мен дүнгендердің қазақ жеріне қоныс аударуы. Жергілікті халықтармен мәдени тұрмыстық байланыстары. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің отырықшы мәдениет үлгілерін қабылдауы (1 сағат);

4) Қазақ жеріндегі этносаралық қарым-қатынас XIX ғасырдың зиялы қауымының назарында: А.И.Левшин, Т.Г.Шевченко, Ш.Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, С.Бабаджанов, В.В.Радлов, Ы.Алтынсарин, Н.И.Ядринцев, В.К.Фон Герн, И.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, М.Ж.Көпейұлы, т.б. қазақ жерін мекендеген этностардың мәдени ерекшеліктері және қарым-қатынастары жөнінде (1 сағат);

5) Алаш зиялыларының этносаралық қатынастарға қатысты ұстанымы: Алаш бағдарламасындағы ұлыс және ұлт саясатының көріністері. Алашорда үкіметінің мемлекет құру және этносаралық мәселелерді шешу үшін жүргізген күресі (1 сағат);

6) Кеңес үкіметінің орнауы: 1920-1930 жылдардағы саяси-қоғамдық және демографиялық ахуал. КСРО құрамында Қазақ республикасының құрылуы және территорияның межеленуі. 1921-1922, 1932 жылғы аштық. 1929 жылғы переселен басқармасының құрылуы. Демографиялық жағдайдағы өзгерістер (2 сағат);

7) Қазақстан – үлкен депортациялық лагерь: 1930-1950 жылдардағы тұтас халықтарды елімізге жер аудару тарихынан. Олардың көрген қиыншылықтары мен жаңа жерге орнығуы. Лагерьде азап шеккендер. Қазақ халқы тарапынан қамқорлық (2 сағат);

8) Тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі этникалық үдерістер: Тың игеру науқаны кезінде республикаға келген халықтар. Демографиялық жағдайдың күрт өзгеруі (2 сағат);

9) Кеңес үкіметінің XX ғасырдың 2-ші жартысында республикада жүргізген ұлттық саясаты: білім беру, мәдениет салаларындағы саясат. "Халықтар достастығы зертханасы" идеясы. Қазақ тілінің жағдайы. Қазақстандағы кіші этностардың жағдайы (1 сағат);

10) Қазақстан – егеменді мемлекет: КСРО-ның ыдырауы. КСРО-ның ұлттық саясатының дағдарысы. Қазақстанның егемендік алуы. Алғашқы декларация мен тәуелсіздік туралы заң (1 сағат).

13. "Тәуелсіз Қазақстан – көпэтносты және көпконфессиялы мемлекеттің жаңа үлгісі" (6 сағат):

1) Егеменді еліміздің ұлттық саясаттағы алғашқы қадамдары: отарлық жағдайдан шынайы тәуелсіздікке өту үдерісі. Ата заң. Қазақстанды мекендеген этностар мен этникалық топтардың арасында жаңа қатынастардың қалыптасу тарихы. Қазақстанның мемлекеттік және ұлттық рәміз-нышандары (1 сағат);

2) Қазақ ұлты өзге этникалық топтардың ұйтқысы ретінде: мемлекет және ұлт құрушы қазақ этносы. Мемлекет және тіл саясаты, қазақ мәдениетінің көпэтностыортадағы орны мен қызметі, қазақ халқының саяси-демографиялық ахуалы (1 сағат);

3) Қазақстанды мекендеген этникалық топтар және олардың қоғамдық-саяси өмірде алатын орны: орыс, өзбек, украин, ұйғыр, кәріс, татар, башқұрт этномәдени қауымдастықтары. Қазақстандағы этносаралық үйлесім, өзге этникалық топтар мен этнос өкілдері туралы ақпарат және демографиялық жағдай. Қазақстанды мекендеген этностардың материалдық ескерткіштері. Қазақ жерін мекендеген этностардың дәстүрлі өнері, ерекше мерекелері (2 сағат);

4) Қазақстан – этнос және конфессияаралық татулықтың жаңа үлгісі. Қазақстандағы діни конфессиялар мен топтар. Олардың қоғамдық өмірдегі орны. Түрлі этностар мен конфессиялардың арасында үйлесім мен тұрақтылықты сақтауға бағытталған Қазақстан тәжірибесі. Әлемдік дін өкілдерінің бас қосулары (2 сағат).

14. "Қазақстан халқының ортақ салт-дәстүрлері мен мерекелері" (3 сағат):

1) 1 мамыр – Қазақстан халқының достығы мен татулығы мерекесі: Мерекенің маңызы, өткізілу барысы, көріністер. Қазақстанды мекендеген этностардың бейбітшілікті, бірлікті, татулықты дәріптейтін рухани қазыналары мен құндылықтары (1 сағат);

2) Қазақстан халқының діни-конфессиялық мерекелері: Мұсылмандардың ораза-айт және құрбан айт, христиандардың рождество, т.б. мерекелері (1 сағат);

3) Наурыз – Қазақстан этностары үшін шынайы жаңғыру мерекесі: Наурыз мерекесінің тарихи бастаулары мен аңыздар. Наурыздың салт-дәстүрлері. Наурыз – табиғат пен адам баласының болашаққа деген үміті (1 сағат).

15. "Қазақстан халқының ассамблеясы және этносаралық қатынастар" (3 сағат):

1) Қазақстан халқы Ассамблеясының даму стратегиясы. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылу тарихы. Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы – ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық білім. Этномәдени орталықтардың ашылуы (2 сағат);

2) Қазақстан Республикасының ұлттық доктринасы және этностардың өзара ықпалдастығының артуы. Қабылдану қажеттілігі. Негізгі қағидалары. 3) Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тұрақтылық пен татулықты сақтаудағы рөлі, этносаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты. (1 сағат);

16. Қорытынды қайталау (1сағат).

3 тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

17. Пәндік нәтижелер бойынша 8-сыныптың соңында білім алушылар:

1) этнос ұғымының адам өміріндегі орнын, оның басты белгілері мен қызметтерін;

2) Қазақстан аумағындағы этномәдени үдерістердің негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін;

3) этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихының негізгі кезеңдерін;

4) этностардың этникалық тарихы мен Қазақстан аумағына қоныс аудару себептерін ;

5) этностар этнографиясы мен олардың қоғам өмірін ұйымдастырудағы қызметтерін ;

6) көпэтносты, әрі көпконфессиялы қоғам құрудағы қазақстандық тәжірибенің ерекшеліктерін білуі тиіс;

7) этносаралық қатынастардың қоғамның саяси және әлеуметтік өміріндегі рөлін;

8) Қазақстан этностары тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктерін;

9) Қазақстан аумағындағы этномәдени үдерістердің негізгі заңдылықтарын;

10) этнос өміріндегі мәдениеттің рөлін анықтауды;

11) салт-дәстүрдің жеке тұлғаның дүниетанымының қалыптасуындағы орнын талдауды;

12) діннің қоғамның мәдени және рухани дамуындағы рөліне баға беруді;

13) оқытылатын тақырыпқа байланысты толық жоспар құруды;

14) тарихи құжаттармен өздік жұмыс жасауды;

15) этникалық топтарға, маңызды тарихи оқиғаларға, тарихи тұлғаларға өзіндік сипаттама беруді;

16) алған білімін жаңа жағдайға көшіре білуді;

17) өткен материалдар бойынша жеке пікірін айта алуды және дәйектер негізінде өз көзқарасын қорғай алуды;

18) баяндама мен хабарламалар жасауды;

19) жекелеген тақырыптар бойынша тест жасауды;

20) тест тапсырмаларын орындауды;

21) қосымша мәліметтерді өз алдына іздестіруді меңгеруі тиіс.

18. Тұлғалық нәтижелер білім алушылардың:

1) азаматтық, этникалық, мәдени сәйкестілігі мен патриотизмнің қалыптасуынан, өз халқы мен өзге этностарға деген құрметі, көпэтносты өз Отанының кешегі тарихы мен бүгінгі күніне мақтанышпен және келешегіне зор сеніммен қарауынан;

2) Қазақстан қоғамының белсенді әрі жауапты мүшесі ретінде жалпы адамзатқа тән гуманитарлық және демократиялық, дәстүрлі ұлттық құндылықтарды саналы түрде қабылдап, өз Отанының алдында жауапкершілігін сезінуінен;

3) қазіргі заманғы қоғамдық құбылыстардың мәні мен көпэтникалық және көпконфессиялы әлемдегі өмірді түсіну үшін тарихи білімді қолдану дағдыларынан;

4) Қазақстан этностарының тарихи мұрасына деген құрмет, еліміздің көпэтникалық және көпконфессиялы қоғамында тарихи қалыптасқан толеранттылық дәстүрлерін қабылдап, одан әрі жалғастырудан көрініс табуы тиіс.

19. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер бойынша:

1) білім алушының өз көзқарасы негізінде кезкелген жорамалдың өмірсүруге құқы барын дәлелдей алуы;

2) Қазақстан тарихы, сонымен қатар өзге де гуманитарлық пәндерден жинақтаған білімдерін қолдана білуі;

3) тарихи және этнографиялық деректерді зерделеуде, тарихи оқиғалардың нұсқалары мен бағалауларын салыстырмалы тәсіл негізінде әртүрлі сабақ түрлерін;

4) оқытудың бірнеше әдістерін қолдану арқылы көтеріліп отырған мәселелерге байланысты әртүрлі көзқарастарды талдай білуді;

5) белгілі бір этносқа тән толассыз тарихи уақиғаларды баяндау арқылы мәселелік оқыту әдістерін;

6) білім алушыларды дербес танымдық іс-әрекетке тарту, қызықтыру, жеке тұлға есебіндегі қасиеттері мен шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өзіндік жұмысты сабақ жүргізудің, ұйымдастырудың формасы ретінде жүзеге асыруда;

7) тарихи құжаттарды тарихи сюжеттердің мысалы ретінде ғана қолданбай, тарихи танымды қалыптастыратын негізгі білім обьектісі деңгейіне жеткізудің;

8) тарихи құжаттар, анықтамалармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, оларды талқылау мен талдауға үйретететін әдістерді қолдануы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
71-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған "Зайырлылық және дінтану негіздері" курсының үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Зайырлылық және дінтану негіздері" курсының мәні және маңызы оның қазіргі қоғам қажеттілігі мен тұрақтылығының ғылыми тұғырнамасы ретіндегі өзектілігінен, қоғам тарихы, мәдениеті мен рухани құндылығын анықтайтын бастаулардан тұрады. Зайырлылық және дінтану негіздері жалпы орта білім жүйесіндегі әлеуметтік-гуманитарлық және қоғамтанулық білім алудың құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Қазақстанның қазіргі саясаты елімізде ұлт, этникалық топтар мен мәдениет арасындағы өзара сыйластық құру, өзара татулықты орнату, рухани, адамгершілік құндылықтарға негізделген қоғамдық жүйе құруға бағытталған.

4. Мемлекет және дін, өркениет және дін, мәдениет және дін қатынастары мен тарихын білу, адамзаттың сан ғасырлық рухани тәжірибесінің көрінісін тану болып табылады.

5. Қазақтың белгілі ойшылдары - әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Махмұт Қашқари , Жүсіп Баласағұни, Бұқар жырау, Шортанбай, Мәшһүр Жүсіп, Абай, Ыбырай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш рухани мұраларында ел тарихындағы діннің рөлі мен оның жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастырудағы маңызын тарихи сана мен тәжірибе негізінде ашып көрсетті.

6. Курсы оқыту мақсаты:

білім алушыларға гуманистік дүниетанымын қалыптастыра, зайырлылық қағидатын тұрақтылықтың басты факторы ретінде таныстыру.

7. Курсты оқытудың міндеттері:

1) білім алушыларға діннің мәні, дін тарихы және діннің қазіргі қоғамдағы рөлі жөнінде өздігінен үйренуге баулу;

2) зайырлылық ұстанымды мемлекеттіліктің негізі ретінде таныта отырып, ұлт тәуелсіздігінің құндылығын түсіндіру бағытындағы білім қалыптастыру;

3) зайырлылық тұрғысынан діни сенім, діни сана және діни тәжірибе негіздерін салыстыра білуді үйрету;

4) діннің дүниетанымдық, мәдени-өркениеттік және адамшылық мәнін түсіндіру;

5) білім алушыларды адамның діни сенім еркіндігін сыйлау, елдік құндылық болып табылатын ынтымақтастықты құрметтеу, адамгершілікке баулу арқылы ұстаным негізінде бағалау діни ағымды зайырлылық дағдысын қалыптастыру;

6) Қазақстандағы этномәдени, дінаралық қатынастарды зайырлылық ұстанымның ұтымды нәтижесі ретінде танытып, оқушыларды азаматтық мінез, бен жауапкершілік қасиетке тәрбиелеу;

7) ұлттық қауіпсіздікке, зайырлылық ұстаным мен қоғам тұрақтылығына қауіп төндіретін экстремизм, терроризм, діни радикализм сияқты кесапаттардың теріс идеологияларының қаупін түсіндіріп, зайырлы мемлекет қағидаттарына құрмет сезімін тәрбиелеу;

8) білім алушылардың бойында діни әдебиеттер, электрондық ресурстар және бұқаралық ақпарат құралдары дін тақырыбындағы материалдарын ақыл-парасат тұрғысынан өзара салыстыра білу және сыни талдау тұрғыда сараптау мәдениеті мен қабілеттерін қалыптастыру;

9) құқықтық және діни сауаттылықтың қоғам өміріндегі маңызын түсіндіре отырып, Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен еркіндіктерін сыйлауға тәрбиелеу ;

Бағдарламада ұсынылған материалды игеру барысында "Қазақстан тарихы", " Дүниежүзі тарихы", "Қазақ әдебиеті", "Құқық негіздері" сияқты пәндермен пәнаралық байланыс пен сабақтастықты орнату қарастырылған.

8. Оқу жүктемесінің көлемі: 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2 тарау. Курстың базалық мазмұны

9. Оқу пәнінің мазмұны төмендегідей тақырыптарды қамтиды:

1) Кіріспе: "Зайырлылық және дінтану негіздері" курсының мәні (1 сағат).

2) Зайырлылық және зайырлы мемлекет: зайырлылық ұғымының анықтамасы, мәні мен сипаты. Зайырлы мемлекет және дін. Зайырлы этика негіздері. Білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидаттары (1 сағат).

3) Діннің қалыптасуы мен мәні, әлеуметтік маңызы мен жіктелуі. Діннің құрылымы және функциялары. Дінтану ғылымының қалыптасуы мен дамуы. Негізгі діни ұғымдар. Политеизм. Монотеизм. Дін - рухани мәдениет феномені

(2 сағат).

4) Діннің шығу тегі мен тарихи формалары. Ежелгі сенім жүйелері, ұлттық және дәстүрлі діндер. Ежелгі Египеттегі, Грециядағы, Римдегі діни өкілдіктер. Шығыс елдерінің діни дүниетаным жүйелері. Зороастрлық діни жүйе. Тәңірлік дүниетаным. Дін мұғалімдерінің ежелгі діни қауымдастықтарының тарихы. Мұса мен Тора. Талмуд. (3 сағат).

5) Буддизм діни ілім негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу аймақтары. Буддизмнің аясындағы діни ағым тармақтары (1 сағат).

6) Христиан діни ілім негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері. Иисус Христос және Библия. Христиан дінінің негізгі бағыттары. Қазіргі заманғы христиан діні (3 сағат).

7) Ислам дінінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері. Мұхаммед пайғамбар және Құран Кәрім. Ислам діні аясындағы қалыптасқан діни бағыттар мен

ағымдар. Мұсылман құқығының негізгі мектептері (мазхабтар). Ханафи құқықтық мектебінің ерекшеліктері мен маңызы. Матурудия мектебінің ерекшеліктері мен тарихи ролі. Сопылық танымдық мектебі. Ислам, ғылым және мәдениет (5 сағат).

8) Қазақстан аумағындағы ислам. Қарлұқ-Қарахан мемлекетіндегі исламның мемлекеттік дін ретінде орнығуы. Қожа Ахмет Йасауидің хикметі. Алтын Ордадағы исламның тарихы. Қазақ хандығы тұсындағы исламның рөлі. Қазақ жырауларының мұрасындағы исламдық діни таным. Қазақ хандығы тұсындағы зайырлылық бастаулары. XX ғасырдағы Қазақстандағы атезим саясаты. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы ислам діні. Ханафи құқықтық нормаларының Қазақстанда таралуы (5 сағат).

9) Қазақ жеріне христиан дін өкілдерінің келуі. Қазақстан Республикасы аумағындағы православиелік діни ұйымдар қызметі. Қазақстан Республикасы аумағындағы католиктік және протестанттық діни ұйымдар қызметі (2 сағат).

10) Ислам мәдениеті. Исламдық сәулет өнері. Ислам мәдениетінің жазба ескерткіштері. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Хусамеддин Сығнақи, Бұқар жырау, Бекет ата, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Бекасыл Биболатұлы, Ғұмар Қараштың діни мұралары (3 сағат).

11) Жалған діни ұйымдар мен ағымдар туралы түсінік. Дін атын жамылған теріс пиғылды ағымдар, олардың белгілері және зардабы. Тыйым салынған діни ұйымдар. Терроршылық - дінге жат ұғым. Діни экстремизм мен терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке қатері (3 сағат).

12) Қазақстан – унитарлы және зайырлы мемлекет. Қазақ халқы – діни тұтастығын сақтаған ұлт. Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамасы. Зайырлылық – мемлекеттік жүйенің негізі, ұлттық қауіпсіздіктің кепілі. Діни сенім еркіндігі туралы түсінік. Қазақ халқы Қазақстандағы діни және этникалық тұрақтылықтың кепілі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.А. Назарбаевтың халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласында жүргізген саясаты. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың " Тәуелсіздік бәрінен қымбат" тұжырымдамасы. Қазақ Елінің тұрақтылығы, ынтымақтастығы және дін мәселесіндегі сабақтастық ұстанымы (5 сағат).

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3 тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

10. Пәндік нәтижелер. 9-сыныптың соңында білім алушылар:

1) негізгі діни ұғымдарды;

2) зайырлылық пен дін арақатынасын;

3) діндер тарихы мен сенім ерекшеліктерін;

4) жалған діни ағымдардың белгілерін;

5) экстремизм мен терроризмнің қауіп-қатерін;

6) қазақ халқының сан ғасырлық мұсылмандық таным-түсінігін;

7) Қазақстан Республикасының "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңы;

8) Республикадағы діни ұйымдар, мемлекет және мәдениет арасындағы өзара қатынасын;

11. Тұлғалық нәтижелер. Білім алушылар:

1) конфессияаралық құрмет пен толеранттылықтың негіздерін тануы; 2) мемлекет, діни бірлестіктер және мәдениет арасындағы қатынастардың мәнін білуі; 3) діни сенім, діни таным, діни сана мен діни тәжірибе ара-жігін ажырату қабілетіне ие болуы; 4) қоғам тіршілігіндегі діннің, сенімнің дүниетанымдық және танымдық миссиясын түсінуі;

5) діннің әдеп-ахлақтық құндылықтарын тануы және түсіндіруі;

6) діни радикализм мен экстремизм, терроризм секілді жаһандық жағымсыз құбылыстар идеологияларының қауіпін түсінуі;

7) қоғамға қауіпті экстремистік, террористік мәндегі теріс діни ағымдардың ерекшеліктерін тануы;

8) дін және ғылым, зайырлылық пен құқық, дін және жалған діни ағымдардың арақатынасын ажырата білуі тиіс.

12. Жүйелілік іс-әрекеттік нәтижелер. Білім алушылар:

1) дінтанулық тұрғыдан маңызды мәліметтер мен жүйелі білімді жүйелі игеруі;

2) ақпараттарды сыни тұрғыда сараптау мәдениеті мен қабілеттерін меңгеруі;

3) шығармашылық оқу жобалары мен зерттеу жұмыстарының басқа да түрлерін орындауда пайдалану үшін ақпаратты бағдарлап талдай білуі;

4) қоғамға қауіпті экстремистік, террористік діни топтар мен ағымдардың насихаты, идеологиялары мен бүлік тәжірибесінің әсеріне қарсы тұра білу;

5) қазіргі ақпараттық технологияларды игеруі;

6) діни мәселелер бойынша пікірталасқа, ой бөлісуге, түрлі мәдениеттер мен діни жүйенің ерекшеліктері бойынша хабардар болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
72-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған "Алаштану" таңдау курсының үлгілік оқу бағдарламасы 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы Ұлттық даму жоспарының "Білім беру сапасын арттыру" 3-міндетін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысымен бекітілген "

Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасының "Қазақстандық бірегейлік пен зияткерлік әлеуетті дамыту" 1-міндетін, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының "Патриотизм құндылықтарын дәріптеу" 6-жалпыұлттық басымдығын ескере отырып, әзірленді.

2. Алаш қозғалысы – қазақ елі тарихының жарқын бір беті, ұлттық рух пен мемлекеттілік идеясының, отандық ғылым мен білімнің, мәдениет пен руханияттың айқын көрінісі. XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихының "ақтандақ" беттері Алаш қозғалысы, Алаш партиясы және Алашорда тарихымен тікелей байланысты.

3. Қазіргі уақытта қоғамымызда Алаш идеясы – тәуелсіздік идеясы деген ой-пікір берік қалыптасуда. Білім беру үдерісінде XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Алаш қозғалысына байланысты құбылыстар, оқиғалар, тұлғалар, еңбектер туралы білім алушылардың түсінігін, талдау дағдысын қалыптастыру – ел тәуелсіздігі талаптарымен орайласып жатқан көкейкесті міндет.

4. Бағдарлама білім алушылардың Алаш тұлғаларының мемлекеттік және ғылыми-шығармашылық қызметін білу арқылы отаншылдық қабілетін арттыруға бағытталған.

5. Курсты оқыту мақсаты:

Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің және оның қайраткерлерінің қазақ жері мен мемлекеттілігі және ұлттық идея мен рухани-мәдени сананы қалыптастыру жолындағы қызметтерін тарихи арнада талдап оқыту.

6. Оқыту міндеттері:

1) жаңа замандағы білім беру үдерісінде Алаш қозғалысына байланысты құбылыстар, тарихи оқиғалар, тұлғалар келбеті, сан салалы еңбектер туралы білім алушылардың тарихи түсінігін қалыптастыру;

2) білім алушыларды Алаш тұлғаларының мемлекеттік және ғылыми-шығармашылық қызметі арқылы отаншылдық қасиеттерге баулу және тәрбиелеу;

3) білім алушылар бойында тәуелсіздік, ел, жер, ұлттық болмыс, ұлттық таным, ұлттық намыс, ұлттық сана категорияларын Алаш қозғалысы тарихы арнасында қалыптастыру;

4) қазақ мемлекеттілігінің тәжірибесі санатындағы Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі, Алаш автономиясы және Түркістан автономиясы сияқты тарихи құбылыстар туралы білім алушылар санасында жүйелі білімді орнықтыру;

5) Алаш тұлғаларының отандық ғылым мен білімнің бастауындағы мұраларын зерделеу;

6) білім алушылардың "Алаштану" курсы бойынша тарихи үдерістерді дербес талдай білу біліктілігін дамыту, тарихи фактілер, құбылыстар мен тұлғаларға дербес

көзқарас білдіру бейімін жетілдіру және тақырыптық негізде түйінді тұжырымдар жасауды қалыптастыру;

7) білім алушылардың алаштануға қатысты деректермен жұмыс істей білу және осы саладағы білімін шығармашылықпен дамыту дағдысын арттыру;

8) ізденімпаздық қабілеттерін жетілдіру, тұлғалық әлеуметтену үдерісіне ықпал ету;

9) мемлекеттік қайраткерлік қызметін қадірлейтін және елдік дәстүр құндылықтарын жете түсінетін саналылық келбетін дамыту;

10) білім алушылардың Алаш тәжірибесіндегі әлем мәдениетіне, зайырлылық пен өркениетке құрметпен қарау дағдысын жетілдіру.

7. Курсты оқытуда мынадай оқу пәндерімен пәнаралық байланыс жүзеге асады:

1) "Дүниежүзі тарихы" және "Қазақстан тарихымен": Қазақстан тарихы – дүниежүзі тарихының құрамдас бөлігі; көршілес мемлекеттердің тарихымен байланысты қарастырылатын ортақ мәселелердің болуы; XX ғасырдың басы мен 20-30 жылдардағы Қазақстан тарихының күрделі, "тар жол, тайғақ кешу" беттері;

2) "Географиямен": Қазақ КСР мен Қазақстан Республикасы территориясы мен шекарасының анықталу кезеңі; Қазақстан территориясында әлеуметтік-экономикалық реформалардың жүргізілу мерзімдері; Ресей мемлекеттік Думасында, Кеңес өкіметінің бастапқы жылдарында Алаш қайраткерлерінің жартылай көшпелі қазақ шаруашылығын дамытуға байланысты ұстанымдары, тұжырымдамалары;

3) "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиетімен": XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғаларды бейнелеген ақын-жазушылардың шығармалары; XX ғасырдың басындағы жүйеленген әліпби, емле, жазу реформалары; білім мен ғылым тілінің қалыптасуы, қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралдары.

8. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбында "Алаштану" курсын оқытуда оқытушы мынадай жалпы педагогикалық қағидаларды ұстануы тиіс:

1) тарих пәнін жете меңгеріп, басқа да гуманитарлық пәндерден (әдебиет, тіл, өнер, география т.б. пәнаралық байланыс) қабілетті болу;

2) білім алушымен дербес жұмыс істеу үшін білім алушылардың қызығушылығын арттыратын, "мамандандыратын" (мемлекет және қоғам қайраткерлері, мемлекетшілдік ізденіс тарихы, шығармашылық, мәдениет және т.б.) оқу материалына қосымша элементтерді қосу;

3) білім алушыларды нәтижелі және белсенді жұмыс түрлеріне тартатын ізденіс форматтарын (семинар, тренинг, дөңгелек үстел, баспасөз конференциясы, рөлдік ойындар, пікірсайыс, т.б.) тірек ету;

4) деректерді, оқиғаларды, құбылыстарды, тұлғаларды тарихи пайымдау мен бағалауды қалыптастыратын өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

9. Оқу жүктемесінің көлемі: 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Курстың негізгі мазмұны

10. "Алаштану" курсының базалық мазмұны төмендегідей тақырыптардан тұрады:

1) Кіріспе: "Алаштану" курсының мектеп бағдарламасында алатын орны. "Алаш" ұғымының жаңғыруы мен жандануы. Алаш қозғалысы – ұлт-азаттық күрестің айрықша белесі. Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметі тарихының тарихнамасы мен дерекнамасына қысқаша шолу (1 сағат).

11. "Алаш қозғалысы және ұлттық мүдде" (7 сағат):

1) Алаш қозғалысының қалыптасуы мен дамуы. XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы: Столыпин реформасынан кейін Ресей империясының ұлттық аймақтарындағы жер мәселесі. Патшалық үкіметтің қоныстандыру саясатынан туындаған күрделі ахуал. Шет аймақтардағы теңсіздік. Алаш қозғалысының шығуы мен өріс алуы. Ұлт зиялылары – Алаш қозғалысының тірегі. 1905 жылғы Қарқаралы құзырхаты (петициясы). Алаш қозғалысы және Ресей Мемлекеттік Думасы. Қазақ зиялылары және ресейлік саяси қозғалыстар мен ағымдар (2 сағат);

2) Қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғырту бастамалары және Алаш қайраткерлігі: Отаршылдыққа қарсы күрестің жаңа бағыттары. Ұлттық басылымдар. Ана тіліндегі газет-журнал, кітап, мектеп үшін күрес. "Оян, қазақ!" тұжырымдамасы. "Айқап" басылымы және қазақ мәселесі. Баспасөз бетінде саяси жүйе мен отаршылдыққа қарсы сынның күшеюі. Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның аграрлық экономика саласындағы бастамашыл істері. "Қазақ" газеті. Автономия туралы ой-пікірлер. 1916 жылғы көтеріліске қатысты Алаш қозғалысы жетекшілерінің ұстанымдары мен қайраткерлік қызметтері (2 сағат);

3) XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ ұлттық элитасы және идеялық-саяси ағымдар: Ресей отаршылдығы және дүниежүзілік антиимпериалистік күрес аясындағы қазақ оппозициясы. Ресей мұсылмандары қозғалысы. Саяси партиялардың жұмысына қатысу. Коммунистік идеология: интернационализм және пролетарлық тапшылдық. Дербестік және тәуелсіздік идеялары. Қазақ оқығандары арасындағы пікір алуандығы (отырықшылық және көшпелі тұрмыс, мүфтият, әліпби, т.б. туралы). Ұлттық мұраттар. Діни-ағартушылық тұғырнамалар (2 сағат).

12. "Алаш партиясы, Алаш автономиясы және Алашорда" (10 сағат):

1) 1917 жылғы Ресейдегі Ақпан төңкерісі және Қазақ өлкесіндегі ұлттық-демокртиялық қозғалыс. 1917 жылғы ақпан төңкерісі және қазақтар. Монархияның құлауы. Қазақ зиялыларының Уақытша үкіметпен қарым-қатынасы. Ұлт қайраткерлерінің көпвекторлы саясаты. Қазақстандағы земство қозғалысы және оның сайлау науқаны. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы сайлауы және қазақ қоғамы. 1917

жылғы Қазан төңкерісі және Алаштың көзқарасы. Саяси күштердің тоғысуы. Ресейлік азаматтық қарсы тұру үдерісі (2 сағат);

2) қазақ қоғамы және Алаш партиясы. Қазақ комитеттерінің құрылуы. Алғашқы қазақ облыстық съездері. Өлкедегі жастар ұйымдары және олардың саяси-қоғамдық іс-әрекеттері. Бірінші жалпықазақ съезінің қаулылары және халық мүддесінің тұжырымдалуы. Қозғалыстан Алаш партиясына өту жолы. Қазақ ұлттық-либералдық партиясының бағдарламалық жобасы. Жергілікті баспасөз ісінің жандануы (2 сағат);

3) Алаш автономиясы және Алашорданың құрылуы. Екінші жалпықазақ съезінің қаулылары (5-13 жел-тоқсан 1917 ж.). Алаш автономиясы. Елдік құрылым негіздері. Алашорда үкіметінің құрылымы. Алашорда рәміздері. Бүкілресейлік Құрылтайға даярлық және федерация туралы. Ұлттың құқықтық-демократиялық даму бағытындағы іс-шаралар. Съезд шешімдеріне сәйкес Алашорданың негізгі мақсат-міндеттері. Ойыл уәлаяты. Түркістан Мұхтарияты. Алаш автономиясының Уақытша Сібір Облыстық Кеңесі (Г.Н.Потанин басқарған) тарапынан қолдау табуы (2 сағат);

4) Алашорда және Кеңес өкіметі. 1918 жылдың 28 қаңтарында Алашорда үкіметі қызметінің басталуы (Семей-Алаш қаласы). "Сарыарқа" газеті беттеріндегі Алаш автономиясы мен үкіметі – Алашорда туралы ресми жарияланымдар. Қазақстан аймақтарында Кеңес өкіметінің орнатылуы (1918 ж. ақпан-маусым). Алашорда және Кеңес өкіметі арасындағы келіссөздер нәтижесі. Семейдегі Орталық және Облыстық Алашорда комитетінің Кеңес өкіметімен саяси қақтығысы. 1918 жылғы маусым оқиғалары. Қазақстан аймақтарында Кеңес өкіметінің құлатылуы. Алашорда және Уақытша Сібір үкіметі қарым-қатынастары (2 сағат);

5) Алашорда үкіметі және оның қызметі. Алашорда билігінің тұрақты сипатқа көшуі (маусым-қараша 1918 жыл). Алашорда үкіметінің қабылдаған қаулылары мен шешімдері. Ішкі саясаттағы ұстанымдары. Земство және Қазақ комитеттеріндегі алашордашылардың қызмет өрістері. Алашорда және Қазақ соты. Алашорда және Алаш атты әскерін жасақтау. Алашорда бөлімдері: Батыс Алашорда (Жымпиты), Бөкей ордасы, Маңғыстау, Ақтөбе, Торғай, Қостанай өңірлері, Ақмола мен Жетісу облыстарындағы Алашорда басқармалары және Түркістандағы оңтүстік қанаты (2 сағат).

13. "Алашорда және ресейлік әскери-саяси күштер" (8 сағат):

1) Алашорда және ресейлік саяси күштер азаматтық қарсыласу кезеңінде: Антикеңестік күштермен бірлесіп Кеңес өкіметіне қарсы шығуының тарихи себептері (1918 ж.). Алашорда және облыстық, уездік деңгейлердегі саяси күштер: өзара саяси, экономикалық, әлеуметтік және әскери саладағы байланыстар. Алашорда әскери құрылымдарының Қазақстанның территориялық кеңістігінде ресейлік майдандарға тартылуы (1918-1919 жж.). Алашорда және Түркістан байланыстары (2 сағат);

2) Алашорданың 1919 жылғы тарихи қалыптасқан жағдайлар барысындағы қызметі: Алашорданың Комучпен, Уфа Директориясымен және Колчак үкіметімен саяси

қарым-қатынасы. Өлкедегі Алашорда және Колчак билігі арасындағы саяси күрес. Азаматтық қарсыласу кезеңіндегі саяси-әскери жағдайлар және Алашорда әскері. Алашорда және Кеңес өкіметі (1919-1920 жж.) (2 сағат);

3) Алашорда қозғалысы қайраткерлерінің кеңестік Қазақстан тұсындағы қоғамдық-саяси қызметтері: Алашорда қайраткерлерінің Кеңес өкіметімен мәмілеге келуі. Кеңес өкіметі тарапынан амнистия жариялануы. XX ғасырдың 20-жылдардағы Қазақстанның саяси өмірі және алаш зиялылары. Қазақ зиялыларының кеңестік Қазақстанды қалыптастырудағы қызмет бағыттары (1 сағат);

4) Большевиктік өкімет тұсындағы Алаш қозғалысына соқтығу және қаралау саясаты (1920–1940 жж.): Кеңес билігінің Алаш қозғалысына қатысушыларға қатысты көзқарасы мен шешімдері. Қазақстандағы "Кіші Қазан" науқаны. Алаш зиялыларының Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен шеттетілуі. "Байшыл-алашордашылдар", " оңшыл", "ұлтшыл-уклонист" деп айыпталған қазақ қайраткерлері. Эмиграция қайраткерлері (М.Шоқаев, Р.Мәрсеков, И.Жайнақов). "Ұлтшыл-уклонистер" (С.Садуақасұлы, С.Қожанұлы, Ж.Мыңбайұлы, Н.Нұрмақұлы, Ы.Мұстамбайұлы, т.б.). Қазақ қайраткерлерін жіктеуі мен бөлуі және қарама-қарсы қоюы. Орталық пен кеңестік республика арасындағы келіспеушіліктер: Алаш мүддесінің жаңғыруы. Ұлт қайраткерлерін қуғындау, репрессиялау науқаны. 1937 жылғы зұлмат және оның тарихи сабақтары (2 сағат);

5) Кеңес өкіметі жылдарындағы Алаш туралы таным-түсінік эволюциясы: 1940-1991 жылдар аралығында Алаш жөніндегі пікірлердің әркилылығы. Эмиграция мен тұтқындағы қайраткерлердің мемлекетшілдік мұраты. Кеңестік жылымықтан кейінгі Алаш тарихына көзқарас. "ЕСЕП" партиясы мен "Жас тұлпар" ізденісі. 1986 жылғы көтерілісті басу науқанында "Алаш әсерінің" сыналуы. 1988 жылы Алаштың 5 тұлғасының "ақталу" үдерісі (2 сағат).

14. "Алаш құндылықтары және ұлт зиялылары" (8 сағат):

1) ел тарихында Алаш қайраткерлері есімдерінің жаңғыртылуы. Алаш құндылықтары – демократия және қоғамдық серпіліс бастауы: Алашорда қайраткерлерінің көзқарастар эволюциясы. Алаш құндылықтары мен әлемдік саяси демократиялық қозғалыстар арасындағы ұқсастық пен айырмашылық. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Шоқай, М.Дулатұлы, М.Тынышбайұлы, Х.Досмұхамедұлы, т.б. қайраткерлердің әлемдік үйлесімділік, ұлт бостандығы, зиялылық, білім мен ғылым хақындағы пікір-пайымдары. Алашорда қайраткерлерінің өмірінен және қызметінен құнды деректер. Алашорда қайраткерлерінің қоғамдық-саяси портреті. Алашорда қайраткерлерінің рухани мұрасы. Алашорда қозғалысы қайраткерлерінің және ұрпақтарының қилы тағдыры (1 сағат);

2) Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан – ұлттық қозғалыс көсемі: Ә.Бөкейханның қайраткер ретінде қалыптасуы: шыққан тегі, ірі саяси орталықтарда білім алуы, Кенесары көтерілісінің тағылымдары, Ресей және Еуропа азат ойларының ықпалы.

Ф.Щербинаның экспедициясына қатысуы. Мерзімдік баспасөз қызметіне араласа бастауы. Қарқаралы петициясын ұйымдастырудағы рөлі. Қазақстанда кадеттер партиясын құрудағы әрекеті. Мемлекеттік Думаға мүшелігі. Абақтыға қамалуы. Абай өлеңдерін жарыққа шығарудағы және қазақ фольклоры үлгілерін жариялаудағы еңбегі. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсындағы қайраткерлігі. Жалпыұлттық пікірсайыстар және Ә.Бөкейханның "Қазақ" газетіндегі публицистикалық мақалалары. Уақытша үкіметтің құрамындағы қызметі. Ұлт автономиясы және мемлекеттік құрылым туралы тұжырымдамалары. 1917 жылғы жел-тоқсандағы жалпықазақ съезі және Ұлт Кеңесі – Алашорда төрағасы санатындағы мемлекеттік қызметі. Ә.Бөкейханның кеңес билігі кезеңіндегі қайраткерлігі мен шығармашылығы (1 сағат);

3) Алаш қайраткерлерінің ағартушылық саласындағы қызметі және ғылыми ізденістері: А.Байтұрсынұлының және М.Дулатұлының саяси қайраткерлік, әдеби-көсемсөздік, ғылыми және ағартушылық қызметтерінің бірлігі мен тұтастығы. А.Байтұрсынұлының "Тіл-құрал" еңбегі. Алаш қайраткерлерінің мектепке арналған пән оқулықтарын жазудағы қызметі. Инженер М.Тынышпаевтың тарихи зерттеулері. Дәрігерлер Х.Досмұхамедұлы мен С.Аспандияұлының әдеби және тарихи еңбектері. Қайраткер-қаламгерлер тұлғасы: С.Сәдуақасұлының, С.Қожанұлының, Н.Төреқұлұлының және т.б. шығармашылығы. Қазақ білімпаздарының 1924 жылғы съезі. Әліпби, терминология, аты-жөн, оқу бағдарламасы, ауыз әдебиеті, т.б. мәселелер төңірегіндегі пікірталастар. 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылар съезі (1 сағат);

4) Алаш зиялыларының Түркістан кезеңі: XX ғасырдың 20-жылдарындағы Түркістан. Халық ағарту мен баспасөз саласындағы зиялылардың қайраткерлігі. "Талап " ұйымының қызметіндегі ортақ мәдени бірлік пен ықпалдастық. З.У.Тоған Түркістан тұлғалары туралы. Х.Досмұхамедұлының ұйымдастырушылық қызметі (1 сағат);

5) Алаш зиялыларының мәдени ұйымдары және олардың маңызы: "Бірлік" – қазақ қоғамының мұраты мен мақсаттарына сәйкес Омбы қаласында құрылған тұңғыш ұлттық жастар ұйымы. Қазақстанда 1917 жылы ашылған мәдени-ағарту ұйымдары: " Еркін дала" (Орынбор), "Жанар" (Семей), "Қамқор" (Торғай), "Жас қазақ" (Орал), " Үміт" (Троицк), "Оқығандар" (Көкшетау), "Ынтымақ" (Атбасар), "Қызмет" (Кереку), " Жас тілек" (Ақтөбе), т.б. Олардың өнер, білім, ғылым саласын дамытудағы миссиясы. " Талап" қауымы және оның қызметі (Ташкент) (1 сағат);

6) "Алаш" баспасөзі және қазақ қоғамы: "Қазақ" газеті (1913-1918 жж.). XX ғасырдың екінші онжылдығындағы қазақ өмірінің энциклопедиясы. Басылымның ұстанымы мен тақырыптық бағыттары. Алаш бағытындағы "Бірлік туы", "Сарыарқа", " Жас азамат", "Ұран" газеттері және "Абай" журналы, олардың жарық көру тарихы және авторлары. "Ақ жол" газеті (1920-1926 жж.) және Алаш қайраткерлерінің публицистік қызметі. Сталиннің Қазөлкекомға осы басылым туралы хаты. "Ескі" интеллигенцияға көзқарас (1 сағат);

7) Алаш қозғалысы кезеңіндегі қазақ әдебиеті және ұлт азаттығының сарындары: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Нарманбет Орманбетұлы, Ғұмар Қараш, т.б. көркемсөз өкілдерінің шығармашылығы және ұлттық ояну көріністері. М.Дулатұлының "Оян, қазақ", А.Байтұрсынұлының "Маса" жинақтары – азаттық қозғалысының манифестері. М.Жұмабаев символизміндегі ұлттық және түрікшілдік сарындар. "Алаш" ұранды өлең-жырлар. "Ақ жол" және "Еңбекші қазақ" газеттерінің беттеріндегі әдеби пікірталастар (А.Байтұрсынұлының, С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың, Н.Төреқұлұлының, Ғ.Тоғжанұлының, т.б. мақалалары). Ұлт әдебиетшілерінің "Алқа" тұжырымдамасы және ҚазАПП (2 сағат).

15.Қорытындылау (1 сағат).

3 тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

16. Пәндік нәтижелер бойынша 9-сыныптың соңында білім алушылар:

1) Алаш қозғалысының тарихын, мемлекеттілікті жаңғырту бойынша қазақ қайраткерлерінің батыл тәжірибесін;

2) Қазақ мемлекеттілігінің тәжірибесі санатындағы Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі, Алаш автономиясы және Түркістан автономиясы сынды тарихи құбылыстарды ;

3) әлемдік демократия дамуы тарихындағы Алаш автономиясының орны мен рөлін;

4) Алаш зиялыларының саясат пен экономикадағы, білім-ғылым мен мәдениеттегі пікір-пайымын, тұжырымдамасын;

5) мемлекет пен ұлттың дамуы туралы Алаш құндылықтарын;

6) Алаш пен адамзаттың рухани-құндылықтарының сабақтастығын;

7) ұлт қайраткерлерінің Отанына және елдік мұратқа деген адалдығын;

8) кеңестік қатаң жүйеде жүріп тәуелсіздік үшін күрескен Алаш зиялылары мен олардың ізбасарларының тағдырын, атқарған қызметін;

9) Алаш зиялыларының шығармашылық мұрасын, ағартушылық еңбегін білуі тиіс;

10) жеке тұлғалық, әлеуметтік, қоғамдық құбылыстар мен дәстүрлердің мәдениеттанымдық негізін;

11) Алаш қозғалысына тікелей және жанама қатысты тарихи оқиғалардың даму заңдылықтары мен себеп-салдарын анықтау әдіс-тәсілдерін;

12) түрлі деректерден тарихи ақпарат алу жүйесін;

13) тақырыптық тарихи фактілерді талдап қорытуды;

14) тарихи карталармен, хронологиялық кестелермен жұмыс істеу тәртібін меңгеруі тиіс.

17. Тұлғалық нәтижелер білім алушылардың:

1) тәуелсіздік тарихынан тағылым алуынан;

2) азаматтық жауапкершілігінен;

3) ұлттық болмыс, ұлттық таным, ұлттық намыс, ұлттық сана категорияларынан;

4) қазіргі қоғам сұранымына қажет әлеуметтік белсенділігінен;

5) ұлтжандылық қасиеттерінен;

6) қарым-қатынас мәдениетін меңгеруінен;

7) әлем мәдениетіне, зайырлылық пен өркениетке құрметпен қарау дағдысынан көрініс табуы тиіс.

18. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер бойынша білім алушылар:

1) Алаш тұлғаларының отандық ғылым мен білімнің бастауындағы мұраларын зерделеу тәжірибесін;

2) тарихи үдерістерді дербес талдай білуді, тарихи фактілер, құбылыстар мен тұлғаларға дербес көзқарас білдіру бейімін және тақырыптық негізде түйінді тұжырымдарды жасай білуі;

3) алаштануға қатысты деректермен жұмыс істей білу, оларды саралау, жинақтау және тарихи оқиғаларды бағалау мен осы саладағы білімін шығармашылықпен дамыту дағдысын;

4) мемлекетшілдік ізденістерге, қайраткерлік еңбекке құрметпен қарайтын және елдік дәстүр құндылықтарын жете түсінетін саналылық келбетін;

5) ғылыми ізденімпаздық қабілетін, қазіргі жаңа технологиялар негізінде ақпаратты жүйелеу, өңдей білу, сақтау және тарата білуді қолдана білуі тиіс.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
73-қосымша

Негізгі орта және жалпы орта білім берудің 9-11 сыныптарына арналған "Абайтану" курсының үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Түсінік хат

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы Ұлттық даму жоспарының "Білім беру сапасын арттыру" 3-міндетін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысымен бекітілген "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасының "Қазақстандық бірегейлік пен зияткерлік әлеуетті дамыту " 1-міндетін, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының "Патриотизм құндылықтарын дәріптеу" 6-жалпыұлттық басымдығын, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 8 қаңтардағы "Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан" атты мақаласы ескере отырып, әзірленді.

2. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары, Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы – заңдылық.

3. Бағдарламада:

Абай мұрасының XX ғасырдың 30-60 жылдарындағы және қазіргі Тәуелсіздік кезеңіндегі зерттелу жайы қарастырылды;

ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, аудармалары мен поэмалары, поэзияға қойған биік мақсаттары, қазіргі абайтанудағы өзекті мәселелер топтастырылып берілді;

Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударылды;

Абайдың талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығына көңіл бөлінді.

4. Бағдарлама Абай Құнанбайұлының:

қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын;

ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешелігі мен шеберлігін; шығыс пен еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуын және оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен қарасөз жанрында теңдессіз дүниелер тудырғандығын;

Абайдың әдеби мұрасының аударма арқылы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туындылар екендігін;

Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын;

Абайтану ілімін қалыптастырған М.Әуезовтің Абайдың ақындық дәстүрінің негізгі арналарын сараптап, Абайдың ақындық мектебін айқындап, оның ақындық айналасын ғылыми жүйелеп беруінің маңызы мен мәнін оқушының ғылыми негізде ұғынуына және тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін терең танып, білуіне;

курстың соңына қарай: "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" деп өсиет қалдырған қайраткер, кемеңгер ойшыл Абай "Қазақтың бас ақыны" ретінде танылуына бағытталған.

2-тарау. Курсты оқытудың мақсаты мен міндеттері:

Ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.

Курсты оқытудың міндеттері:

1) қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану. Абай шығармаларын оқып, білудің өзектілігін, абайтану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғындыру;

2) ақынның мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын түсіндіру арқылы оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту, автордың ұстанымын түсінуге баулу, көркем туындының тілдік ерекшеліктерін, идеялық мәнін талдауға, пікір алмасуға үйрету, жастардың өмірден өз орнын табуға бағыттау;

3) Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан таныту, ақынның көркем-әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани-мәдени құндылықтарды оқушылардың бойына дарыту, ақын идеяларын күнделікті тұрмыста басшылыққа алуға тәрбиелеу, шығармаларының адамгершілікті, имандылықты, махаббатты, достықты, әділеттілікті, татулықты, бірлікті жырлайтындығын келер ұрпаққа үлгі-өнеге ету;

4) Абайтанудың кезеңдерін саралап, шығармашылығындағы тұлға, толық адам концепциясына қатысты өзекті мәселелерді айқындау. Ұлы ақынның өмірбаяндық тың деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын көрсету;

5) ғұлама ойшылдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымын сөз ету, қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл күй, тарихи таным үрдісі туралы жазған ғылыми-философиялық трактаттарындағы көзқарастарымен таныстыру;

6) ақынның шетел ақындарының шығармаларын аударудағы шеберлігі, қарасөздері, өленді мен поэмаларындағы ақындық биік мұрат, адамгершілік идеяларын таныту;

7) Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдау. Қазіргі абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау турасындағы жұмыстарынан хабардар ету.

Курс жүктемесінің көлемі:

1) 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

2) 10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

3) 11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Ескерту. 2-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Курстың базалық мазмұны

9-сыныптағы базалық білім мазмұны

1. Кіріспе. Адамзаттың Абайы - 1 сағат. Пән туралы түсінік, мақсат-міндеттері. Абайтанудың өзектілігі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан" атты мақаласындағы түйінді тұжырымдар, Абайды оқыту, түсіндіру, жұртқа таныту жолындағы абайтану ғылымының міндеті туралы.

2. "Абайды білмек парыз ойлы жасқа" тарауын оқытуға - 10 сағат бөлінген:

1) Абайдың өмірі - 2 сағат. Мұхтар Әуезов "Абайдың өмірбаяны" мақаласы, ақын өмір сүрген заман, ата-тегі, туып-өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі; әлеумет ісіне араласуы, Абайдың рухани дүниетанымының өсу және қалыптасу кезеңдері;

2) Ақынның халық даналығын тануы - 2 сағат, Абай ақындығының бастаулары, ақынның білім алған мектептері және білімін кеңейту арналары, ауыз әдебиеті Абайдың үлгі алған қайнар бұлағы, қазақтың халықтық өлең-жырларын, ертегі, қисса, аңыз әңгімелерін әжесі Зереден, халық ақындары Дулат, Шөже, Байкөкше, Балталардан есітіп, жадына тоқуы;

3) Абай шығармаларындағы шығыстық сарындар - 1 сағат, Абайдың араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгеруі, шығыс әдебиеті Абайдың нәр алған рухани мектебі, Абайдың алғашқы шығармашылығына тән шығыстық сарындар, Абай шығармаларындағы шығыстық сипаттарды зерттеудің бүгінгі бағыт-бағдары, Абай шығармаларының шығысқа қатысы жайын түбегейлі қарастырып, ғылыми деңгейге көтерудегі Мұхтар Әуезовтің еңбегі, Абай шығармашылығына шығыс әсерінің М. Мырзахметұлының еңбектерінде жаңаша зерттелуі, Абай шығармашылығының шығыс әдебиетімен және шығыс мәдениетімен байланысын қарастырудағы жаңаша көзқарастар мен тың бағыт-бағдар;

4) Абай және орыс әдебиеті - 1 сағат, Абайдың орыс әдебиетіне ден қоюы, орыстың классиктері Пушкин, Толстой, Лермонтов, Крылов, Салтыков-Щедрин, Некрасовтармен қатар революционер-демократ ағартушылар Герцен, Чернышевский, Добролюбовтардың еңбектерін оқуы, ақын аудармаларының қазақ әдебиетін жаңа ой орамдарымен байытуы, Абай аудармаларының ерекшеліктері;

5) Абай және Пушкин - 2 сағат, Абайдың Пушкиннен аудармалары, ақын аудармасында көркем бейнелі ойдың ұлттық танымға сай тәржімалануы, "Онегиннің өлердегі сөзі" өленді Абайдың өзінің тапқан көркемдік шешімі екендігі, аударманы түпнұсқамен салыстыра оқығанда көрінетін ерекшеліктер;

6) Абай және батыс әдебиеті - 2 сағат, Абай шығармашылығына шығыс, орыс, батыс әдебиеті әсерінің тарихи-әлеуметтік негіздері, Абайдың қазақ тілінің қуатын көтеріп, құнарын арттырудағы шығармашылық ізденісіне ауыз әдебиетінің, шығыс, орыс, Еуропа әдебиеті мен мәдениетінің зор ықпалы болғандығы, Абайдың өлең құрылымында да, ойшылдық, сыншылдық алымында да орыс әдебиетінің ықпалы бар екендігі, Еуропаның ұлы ақын-жазушылары Шекспир, Байрон, Гете, Дюмалардың, философтар Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, Дарвин, т.б. еңбектерімен танысуы, Дж. Байрон "Көңілім менің қараңғы", А. Мицкевич "Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі", И. В. Гете-М. Ю. Лермонтов "Қараңғы түнде тау қалғып" өленділері;

7) Абай мұрасының орыс және өзге тілдерде танылуы - 1 сағат, Абай өленділерінің шет тілдерге аударылуы, өзге тілге тәржімаланған ақын өленділерінің көркемдік ерекшеліктері.

3. "М. Әуезов және абайтану мәселелері" тарауын оқытуға - 4 сағат бөлінген:

1) Абай мұрасын зерттеушілер және абайтану ғылымының қалыптасуы - 1 сағат, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов және т.б. зерттеушілердің ақын шығармалары жайында айтқан пікірлері;

2) М. Әуезовтің Абайтануға қатысты зерттеу еңбектері - 2 сағат, Абай мұрасы жайында, ақын мұрасын тану, насихаттау, таныту жолындағы ізденістер, Абай шығармашылығы турасындағы шығыс және батыс әдебиетіне қатысты мәселелер;

3) ақын шығармаларының басылымдары - 1 сағат, ақын мұрасының XX ғасырдың алғашқы ширегінде жинақталуы, жариялануы және оған ықпал еткен адамдар, Кәкітай Ысқақұлының Абай шығармаларының ең алғашқы жинағын шығарудағы еңбегі.

4. "Абай шығармаларындағы ғылым, білім тақырыбы" тарауын оқытуға - 10 сағат бөлінген:

1) "Ғылымға көңіл берсеңіз" – 5 сағат, "Жасымда ғылым бар деп ескермедім" өлеңінің басты идеясы – жастарды ғылым, білімге үндеу, халықтың болашағы үшін ғылым-білімнің маңызын, мақсат-міндетін айқындауы, ғылым, білімді уағыздаған ағартушы ақынның ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалауы;

2) "Интернатта оқып жүр" өлеңінің негізгі тақырыбы, білім алу, ғылым, өнер үйрену, ақынның ағартушылық-демократтық көзқарастары, жас шәкірттерге "Пайда ойлама, ар ойла" деп, артық білуге талап қылуды аманаттауы, отаршыл патша өкіметінің жымысқы саясатына орай "Қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге" деп, өзі үміт еткен қазақ жастарына жар салуы, еңбексіз, ықылас-ынтасыз, михнатсыз нағыз ғылым, білімнің қолға түспейтінін айтуы;

3) "Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде жастарды еңбек етіп, оқу оқып, білім алуға шақыруы, ақынның өсиет айтып, келешекке бағдарлама боларлық өлеңі, өлеңнің тағылымдық-тәрбиелік мәні, ғалым болу мен адам болу мәселесінің өзара сабақтастығы жайындағы ақын пікірі, Абайдың ғылыми ой-пікір қорытуы;

4) "Сегізінші" қарасөзіндегі ақыл, насихат туралы пікірі, ғылым, білім, ар, ұят жайлы пайымдаулары, ақыл, білім жөніндегі философиялық тұжырымы;

5) "Он жетінші" қарасөзіндегі адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттер жайындағы ойлары, ақыл, қайрат, жүрек туралы философиялық ой түйіні.

"Жиырма бесінші" қарасөзінде озық елдердің өнерін, ғылымын, білімін үйреніп, зарарынан қашық, пайдасына ортақ болуға үндеуі, "Балаң бала болсын десең, оқыт" деп өсиет айтуы;

6) Абай қарасөздеріндегі тәлім-тәрбие мәселесі. "Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік" - 5 сағат, Абай қарасөздерінде көтерілген негізгі мәселелер және даналық ой-пікірлері, ақынның халқына айтқан өсиет-насихаттары, қарасөздеріндегі пікірлерінің өлеңдерінде айтылатын ойларымен тығыз байланысы, өзіндік ерекшелігі;

7) "Екінші" қарасөзіндегі ақынның халқын намысқойлыққа, еңбексүйгіштікке, іскерлікке шақырған идеялары, халықтың бойындағы жағымсыз қылықтарды сынай

отырып, одан арылудың жолдарын көрсетуі, ұлттық дамудың тиімді экономикалық маңызын назарға салуы, еліне еңбекқорлықты, іскерлікті, мал табу жолдарын айтқан өсиетнамасы;

8) "Оныншы" қарасөзіндегі бала тәрбиесі туралы ойы, "Ғылымсыз ахирет те, дүние де жоқтығын" айта отырып, баланы оқуға, білім алу жолына бағыттаудың маңызын көрсетуі;

9) "Он сегізінші" қарасөзіндегі киіну мәдениеті туралы көзқарасы, ақынның кербездік ұғымы жайындағы топшылау-тұжырымы, адам баласының ақыл, білім, ар, мінез сияқты нәрселермен озатындығын үлгі-өнеге етіп қалдыруы;

10) "Он тоғызыншы" қарасөзінде Абайдың адамның естілігіне психологиялық, педагогикалық талдау жасауы, ақынның ес туралы ой тоқтамы, естігенді еске сақтаудың маңыздылығы жөніндегі ой-пікірі;

11) "Отызыншы" қарасөзінде Абайдың адам мінездеріндегі жағымсыз әрекеттерді сынауы, ар, есті, намысты білмей тұрып, адамдық, арлылық, батырлық болмайтындығына қатысты тұжырымы, өлімнің, өмірдің мәні туралы философиялық танымы.

11. "Абай танымындағы ән мен күй" тарауын оқытуға - 4 сағат бөлінген:

1) Абай әндерінің таралуы - 1 сағат, ән мен күй, өнер құдіреті туралы толғанысы, жақсы әннің көкейге ой салатын эстетикалық мәні, Абай әндерінің мазмұны, халық арасына таралуы турасында, Абай әндерінің халық әндерімен ұқсастықтары және айырмашылықтары, Абайдың музыкалық туындыларындағы әуен мен ырғақтар;

2) "Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар" - 3 сағат, "Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа", "Құлақтан кіріп бойды алар", "Өзгеге, көңілім, тоярсың" өлеңдері мен күйлері, "Сегіз аяқ", "Көзімнің қарасы", "Айттым сәлем, қалам қас" әні, ән мен күйдің халықтың өмірінде алатын орны, ақынның ән және күй өнері туралы пікірі, Абайдың қазақ музыка өнеріне енгізген жаңалығы хақында, Абай әндерінің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері.

12. Поэмаларын оқытуға - 2 сағат бөлінген:

1) "Ескендір" поэмасы, поэманың тақырыбы мен идеясы және көркемдік маңызы, ақын поэмасының романтикалық және реалистік сипаты, поэманың сюжеті мен композициясы, эпикалық дастандағы Ескендір мен Аристотель образдары, Абайдың шағын поэма жазудағы шеберлігі.

13. Қорытындылауға - 1 сағат бөлінген.

10-сыныпқа арналған "Абайтану" курсы оқу пәнінің білім мазмұны төмендегідей тақырыптардан тұрады.

1.Кіріспе. Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла - 1 сағат, Абай өмір сүрген дәуірдің ерекшелігі. Ақынның келешек ұрпаққа арнаған адамгершілік жайлы өсиеттері. Қазіргі кездегі Абай ілімінің өзектілігі.

2."Абай мұрасының XX ғасырдың отызыншы-алпысыншы жылдары зерттелуі" тарауын оқытуға - 2 сағат бөлінген:

1.Абайтану мәселесіне қатысты әр алуан көзқарастар, әлеуметтік-саяси идеялар, Ғ.Тоғжанов, Н.Төреқұлов, І.Қабылов, С.Мұқанов, Е.Смайылов, З.Шашкин, т.б. Абай еңбектеріне қатысты зерттеулері, ой-пікірлері.

3. "Абай шығармаларындағы білім, өнер тақырыбы" тарауын оқытуға - 6 сағат бөлінген:

1) Ақын қарасөздеріндегі философиялық ойдың ұлттық дүниетаныммен үндес келетіндігі, Абайдың өнер, еңбек, талап, ықылас-ынта, қайрат-қажыр, терең ой, т.б. адами қасиеттер турасындағы ой тұжырымдары;

2) "Талапты ерге нұр жауар" - 2 сағат, отыз екінші қарасөзіндегі ғылым, білім үйренудің мақсатын айқындауы, ғылым-білімді іске жарату, оны ақиқат мақсатпен үйренуге назар аударуы, хақиқат, ақыл, бахас ұғымдары жөніндегі танымы.

3) "Еңбек етсең ерінбей" - 1 сағат, отыз үшінші қарасөзінде қазақтың қолы өнерлі адамын Абайдың әулие санауы, жастарға артық ісмерлер іздеп, өнер арттыруды, түзден өнер іздеуге бағыт-бағдар көрсетуі, қолөнерді дамытуға кері әсер ететін талапсыздық, еріншектік, мақтаншақтық, тамыршылдық кеселдерінен сақтануды айтуы;

4) "Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы" өлеңі - 2 сағат, өлеңнің идеясы, өлеңге қойған эстетикалық талабы, ақындықтың мұрат-мақсаты туралы, поэзияның қоғамдық мәні мен міндетіне зор маңыз беруі, аят, хадис, бәйітсымал, мешіт, мінәжат, уәли сынды дін деректерімен өлеңнің бағасын халық ұғымына түсінікті етіп айтып беруі, сөздің асылы ретінде поэзияны жоғары бағалауы;

5) "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін" өлеңі- 1 сағат, поэзияның әлеуметтік мәні жөніндегі тың түйіні, пікір сонылығы, бейнелеу, айту ерекшелігі, ақынның "өлеңі бар, өнерлі інілеріне" жөн-жоба көрсетуі.

4. "Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер" тарауын оқытуға - 7 сағат бөлінген:

1) Абайдың табиғаттың көркем көріністерін жырлайтын лирикалық туындылары, табиғат құбылыстарын күнделікті өмірмен, адамдардың күнкөріс, іс-әрекетімен, көңіл-күйімен астастыра суреттеу шеберлігі;

2) Табиғат лирикасы - 3 сағат, "Желсіз түнде жарық ай" өлеңінде ақынның түнгі табиғат көріністерінің әсем суретін поэзия тілімен өрнектеуі, ақын кейіпкерлерінің сезім толқыныстарын табиғат құбылыстарымен астастыра бейнелеуі;

3) "Қараша, жел-тоқсанмен сол бір-екі ай" өлеңіндегі Абайдың өз тұсындағы қоғамдық, тұрмыстық жүйеге көзқарасы, елдің шаруашылық әрекеті, тіршілік тәсілі, табиғат қабағын баққан мінезін суреттеу шеберлігі;

4) "Көлеңке басын ұзартып" өлеңінде ақынның адам көңіл күйін шебер суреттеуі, ақынның тыңдаушысын таппай қапаланған шағындағы сезім толғанысы, ақынның философиялық ой түйіні;

5) Абайдың қарасөздеріндегі еңбек туралы таным мен толғам - 2 сағат, отыз жетінші қарасөзіндегі Абайдың дүниетанымдық көзқарастары, адам болмысы жайындағы танымы, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарды түсіндіруі, ақынның көңілде жүрген көрікті ойларын мақал-мәтел етіп өрнектеуі;

6) "Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа" өлеңі - 2 сағат, ақынның адал еңбекпен мал табуды насихаттауы, ар-ұяттан безген тойымсыз би, болыстарды шенеуі, адамның үш асыл қасиеті ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек деген ой түйіні;

7) "Түбінде баянды еңбек егін салған" өлеңіндегі ақынның жас ұрпақты еңбек етуге, отырықшылдыққа шақыруы, оқу оқып, білім алуға, білімін халықтың қажетіне жаратуға үндеуі.

5. "Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек" тарауын оқытуға - 6 сағат бөлінген:

1) Абайдың билік, ел басқару, қоғамдық құрылыс, халық тарихына қатысты қайраткерлік қажыр танытып, азаматтық үнін естіртуі;

2) "Би екеу болса, дау төртеу болады" - 2 сағат, үшінші қарасөзіндегі халық мүддесіне қызмет ету жөніндегі пікірлері, биліктің құрылымы жөнінде ой айтуы, үшінші сөздің көсемсөз (публицистика) жанрына жататындығы, ақынның саяси-әлеуметтік болмыс туралы толғанысы;

3) "Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да" өлеңі - 4 сағат, өлеңнің идеялық мәні, Абайдың қазақ қоғамындағы әділетсіздік, зұлымдық іс-әрекеттер жайындағы ойлары, алуан түрлі адамдардың психологиясын суреттеу шеберлігі;

4) "Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман" өлеңінде Абайдың сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік топтардың іс-әрекетін әшкерелеуі, еңбексіздікті, алармандық мінез-құлықтарды сатира тілімен сынауы, ақынның алдамшылық, жәдігөйлік, айлакерлікке қатысты байламы, өлеңдегі түйінді ой;

5) "Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап" өлеңіндегі ақынның өрелі ойы, ел жағдайы туралы ой қорытуы, ақынның қосанжар өмір құбылысын салыстыруы, ақынның айтқалы отырған негізгі ойы;

6) "Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек" өлеңіндегі ақынның дүние, әлем туралы танымы, заман сырын, адам құлқын философиялық таразылауы, ой қуып, ақылға еру хақында, өлеңдегі өмір құбылыстарын суреттеу ерекшелігі, әлеуметтік өмірдің шынайы суреттері, адамгершілік, әділеттілік мәселелері.

6. Сыншыл, сатиралық мазмұндағы шығармаларын оқытуға - 4 сағат бөлінген:

1) ақын сынының негізгі объектісі мен тақырыбы, Абайдың өз заманындағы қоғамдық қайшылықтарды, ел билеу жүйесін, ұлық, болыс, би, т.б. пысықтардың жемқорлық айла-амалдарын әшкерелеу шеберлігі;

2) "Улы сия, ащы тіл" - 1 сағат, он бірінші қарасөзіндегі ант, серт, ұят, адалдық ұғым-түсініктері, жағымсыз мінез, қылықтарды сынауы, ұлықтардың қарапайым жұртты алдап, ел ішіндегі бұзақыларды тыймауының салдары неге әкеліп соқтыратыны жайында айтқан пікірлері;

3) "Адасқанның алды жөн, арты соқпақ" өлеңіндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерге сыншылдықпен қарауы, әлеуметтік теңсіздік туралы ойлары, ел үстінен күн көрген алаяқ би, болыстарды, мал-мүліктің буына семірген байлар мен патша әкімдерін сынауы;

4) "Байлар жүр жиған малын қорғалатып" өлеңінде пысықтардың, қу мен сұмдардың елге салған лаңын айтуы, адал еңбекті, тыныштықты сақтау жайындағы пайымы, заман келбетін, әлеуметтік қайшылықты сипаттауы, адал еңбек еткен малды байларды жем етіп жүрген атқамінер әкімсымақ, қу пысықтарды шенеуі;

5) "Сабырсыз, арсыз, еріншек" өлеңіндегі адамгершілік қасиеттерден ада адамдардың іс-әрекеті туралы ойлары, адам психологиясының келеңсіз жақтары, аярлық мінезі жайындағы тұжырымдары, ақынның әлеуметтік, саяси көзқарасы.

7. Абайдың аудармаларын оқытуға - 2 сағат бөлінген:

1) Абайдың Лермонтовтан аударған "Тұтқындағы батыр", "Өзіңе сенбе, жас ойшыл" өлеңдері, орыс классиктерімен үндестігі, аудармашылық шеберлігі, көркемдік қиял, еркін аударма, аудармаларындағы ұлттық бояу нақыштар, қоғам мен заман сырының мән-мағынасы, ақын аудармаларының негізгі тақырыбы.

8. Поэмаларын оқытуға - 3 сағат бөлінген:

1) "Масғұт" поэмасы - 2 сағат, поэманың тақырыбы, идеялық-көркемдік маңызы, поэмадағы шығыстық сарындар, ақынның шығармасына арқау еткен адамгершілік идеясы, поэманың тәрбиелік мәні;

2) "Әзім әңгімесі" дастаны - 1 сағат, "Әзім әңгімесі" поэмасының "Мың бір түн" хикаяларымен үндестігі, Абайдың поэмасына желі, арқау болған уақиғалар, поэманың аяқталмағандығы, шығыстық хикаяларды ақын өзіне қажет ұстаздық, тәрбиелік ой-мақсаттарға пайдаланып, көпке үлгі етуді мақсат еткендігі.

8. Қорытынды сабаққа - 1 сағат бөлінген.

11-сыныптағы білім мазмұны:

1. Кіріспе. "Абайтану" курсы туралы түсінік - 1 сағат. Курсты оқытудың мақсат-міндеттері, өзектілігі.

2. Қазіргі абайтану мәселелерін оқытуға - 1 сағат бөлінген:

1) Абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы. Қазіргі абайтану мәселелерінің даму бағыттары.

3. "Білімдіден шыққан сөз" тарауын оқытуға - 2 сағат бөлінген:

1)Абайдың оқу, білім, ғылым турасындағы туындыларының тақырыбы мен идеясы, ақын шығармашылығының зор қоғамдық, танымдық маңызы;

2) Өзіңнен өзің есеп ал", он бесінші қарасөзіндегі адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі, жақсы-жаман нәрсенің парқын пайымдау туралы, адам өмірі туралы философиялық топшылауы, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас мәдениеті, ақынның ақылды және ақылсыз кісінің белгілі бір парқы туралы философиялық көзқарасы, қызығушылық, мастық, есерлік ұғым-түсініктері туралы танымы;

3) Отыз бірінші қарасөздегі ақынның педагогтік, ұстаздық жөніндегі ой-пікірлері, есітіп білгенді есте сақтау тәсілдері, ой кеселдерінен сақтанудың жолдары турасындағы ойлары.

4. "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" тарауын оқытуға - 7 сағат бөлінген:

1) үлкен адамгершілік, қайраткерлік, оқымыстылық биікке көтерілген ақынның тұтас халыққа арнап айтқан үндеуі;

2) "Осы мен өзім – қазақпын" - 1 сағат, тоғызыншы қарасөзіндегі қазақ халқының, оның тұрмыс-тіршілігінің кемшілік тұстарын сынауы, ақын пікірлерінің бүгінгі қоғамдағы өзектілігі, өмір философиясының қағидалары;

3) "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" өлеңі - 1 сағат, өлеңдегі еңбекші халықтың мүддесі, ақынның өзі өмір сүрген қоғамның тарихи шындығын бейнелеуі, заманның кемшілік, қайшылықтарын сынауы, "Бас-басына би болған өңкей қиқым" деп , елдің сиқын бұзып жүрген мансабы жоғары шенеуніктердің психологиясы туралы тұжырымы, Абай лирикасында ұлттық мінез психологиясының көркем жинақталуы, Абайдың адам жанының сырлары жөніндегі танымы;

4) "Жақсылық ұзақ тұрмайды" өлеңі - 1 сағат, қоғам өміріндегі әлеуметтік жағдайға сипаттама, үміт пен уайым, жақсылық пен жамандық, қайғы, талап ұғым-түсініктері, адамға тән аталмыш қасиеттерді сипаттау ерекшелігі;

5) "Бөтен елде бар болса" өлеңінде қазақ қауымында етек алған атқамінерлер арасындағы бас араздық, бақастық көріністерін сынауы, "Нанымы жоқ, анты бар" деген жолдағы жинақтаушылық сипаттағы ой тұжырымы;

6) "Сегіз аяқ" өлеңі - 2 сағат, Абайдың өз заманы, дәуірі және оның адамдары жайлы ой толғанысы, әлеуметті сынауы, халқын еңбекке үндеуі, өлеңнің ырғақтық, құрылымдық ерекшеліктері, өлеңде ақынның өзекжарды ойларын кестелі тілмен өрнектеуі, халықты мәдениет, прогрестік даму жолына бағыттаудағы идеялары;

7) "Ішім өлген, сыртым сау" лирикалық өлеңіндегі ақынның көңіл күйі, аяр, екіжүзді, опасыз, сатқын жандарды шенеуі, адамдардың мінез-құлық психологиясын сипаттаудағы шеберлігі;

8) "Қажымас дос халықта жоқ" өлеңі - 1 сағат, Абайдың адамгершілік, әділдік, қайырымдылық, кеңпейілділік турасындағы философиялық ой-пікірлері, өз заманындағы қоғам тіршілігінің жағымсыз тұстарын сынауы, достық, татулық, қадір-құрмет жайындағы пайымдаулары, өлеңнің тәлім-тәрбиелік маңызы;

9) Жиырма екінші қарасөзіндегі ақынның қалыптасқан қоғамдық, саяси жүйеге сыни көзқарасы, қазақ тұрмысының әлеуметтік құрылымы туралы пікірі, бай, мырза, би , болыс, есті кісі, ғаріп-қасар, қу мен сұм ұғым-түсініктері хақындағы философиялық пайымдаулары, аталмыш қарасөздің танымдық, тәрбиелік мәні.

5. "Абай – сатирик" тарауын оқытуға - 4 сағат бөлінген:

1) "Болыс болдым, мінеки", "Мәз болады болысың" өлеңдері, билікке таласқан пенденің әлеуметтік-психологиялық бейнесі, болыс, ояз, ел туралы ой-толғаныстары,

жағымпаз болыстың портреті, іс, оқиға желісін болыстың өз атынан баяндау тәсілі, болыстың іс-әрекет, мінез-құлқын, психологиясын бейнелеу шеберлігі, патшадан шен таққан болыстардың халық үстінен байыған дүниеқоңыз, шенқұмар мінездерін әшкерелеуі, өлеңнің көркемдік-эстетикалық құрылымы, екі өлеңнің өзара үндестігі, ақынның билеушілер мінезін суреттеудегі шеберлігі, ақын өмір сүрген дәуірдегі тарихи факторлар, заманның кемшілік-қайшылықтары, өлеңдегі улы мысқыл, сарказм;

2) "Көзінен басқа ойы жоқ" өлеңіндегі ақынның өнерге, оқуға үндеген ағартушылық бағыттағы ойлары, дүмше молдаларды сынап-мінеуі, ой көзі, көңіл көзі, парасат көзі жайында ой қорытуы;

3) "Менсінбеуші ем наданды" өлеңіндегі надандық ұғымдары жөніндегі ақын пікірлері, ұлттың бойындағы мерез мінезбен күресуден қажыған ақынның қамығып, қынжылуы, ақынның қоғамдағы қайшылықтарға сыни көзқарасы, өлеңде айтылған ақынның өзекті ойы, ақынның надандық пен қараңғылыққа қарсылық білдірген жан айқайы;

4) "Бойы бұлғаң" сатирасында заман, тұрмыстағы зиянды дерттерді өткір тілмен сынауы, ел ішін дендеп кеткен өсек, өтірік, ұрлық, пәлекор-жалақорларды "улы сия, ащы тілмен" шенеуі, ақынның туған елінің тоқыраған тағдырына кейіген кекті үні;

5) қырық бірінші қарасөзіндегі қазаққа ақыл беруге қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керектігі туралы пікірлері, адамшылықтан кетіретін жайттарды сынға алуы, билік пен байлықтың ұлттық мүддеге қызмет етуі жөніндегі ұстанымы.

6. "Махаббатсыз дүние бос" тарауын оқытуға - 4 сағат бөлінген:

1) Абай өлеңдеріндегі махаббат, ғашықтық сезімі, сүйіспеншілік тақырыбы, махаббат лирикасына жататын өлеңдеріндегі философиялық ой толғамдары;

2) "Қор болды жаным", "Ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол" өлеңдері, лирикаларындағы махаббат сезімі, тұрақтылық, сүйіспеншілік жайындағы ой-топшылаулары, ғашықтық, құмарлық ұғымдарына қатысты толғаныстары, сүйіспеншілік мәселелеріне байланысты философиялық тұжырымдары;

3) "Сен мені не етесің" өлеңіндегі ақынның жастық шақ, махаббатқа толы күндері туралы түйінді ойлары мен пікірлері, өлеңнің құрылымдық өлшемі, ерекшелігі;

4) "Білектей арқасында өрген бұрым" өлеңінде қазақ аруының сымбатты бейнесін сипаттауы, Абай лирикаларында көрініс беретін әсемдік туралы пайым түсініктер, әйел ажары, сұлулық туралы талап-талғамы;

5) "Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы" атты лирикалық өлеңіндегі қазақ әйелінің сөзбен сомдалған портреті, сұлулыққа, жарасымдылыққа, мәдениеттілікке, ізеттілікке тәрбиелеу мұраты;

6) "Қызарып, сұрланып" өлеңінде ақынның ғашықтық сезімді, махаббат мұңын айшықты кестелеуі, Абайдың махаббат сезімдерін жырлаудағы шеберлігі.

7. "Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ" тарауын оқытуға - 7 сағат бөлінген:

1) ақын шығармаларындағы исламдық дүниетаным және Алланы тану туралы философиялық ойлары, Абайдың діни танымы;

2) Жүсіп Баласағұн, Йасауи ілімдері және Абай - 2 сағат, Жүсіп Баласағұнның " Жәуанмәртлік", Йасауидің "Хал ілімі" және Абайдың "Толық адам" ілімінің арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер және дәстүр жалғастығы, "Хал ілімінің" адамның ақиқатты сезіну сезімдерін қамтитыны, "Өзін таныған Алланы таниды" деген пайғамбар хадисін Йасауидің басшылыққа алуы, Жәуанмәртілік – адамгершілік негізі, А. Машановтың, М. Мырзахметұлының, Т. Жұртбайдың, Ғ. Есімнің еңбектері негізінде ;

3) Абайдың "Толық адам" философиясы - 1 сағат, Абайдың толық адам туралы ойы "Ғылым таппай мақтанба" өлеңінен бастау алатындығы, өлеңнің адамгершілік жайындағы философиялық ой толғауға негізделуі, толық адам болу үшін ақыл, қайрат, жүрек үшеуін тең ұстау керектігі, адам бойында осы үш ерекшелік табиғи тұтастық тапса, нағыз мінсіз мінез соңда қалыптасатындығы туралы ақын пікірі, Абай өлеңдері мен қарасөздерінде қозғалып отыратын Алланы сүю, тіршілік, жаратылыс заңдылықтарын ұғындыруға ұмтылу мәселелері;

4) Абай іліміндегі "Хауас" мәселесі - 2 сағат, "Лай суға май бітпес қой өткенге" өлеңінде ақынның өз қайғысына ел қайғысын қосып жырлауы, наным, сенім жөніндегі ой тоқтамы, Абайдың исламның ғылыми негіздерін ұғындыруы, абайтанудағы Абайдың сопылық дүниетанымын арқау еткен іргелі ғылыми еңбектер;

5) "Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес" лирикасындағы табиғат пен адам турасындағы ой-толғанысы, жаратылыс құбылыстары туралы тұжырымы;

6) жетінші қарасөзіндегі жан мен тән құмары туралы ұғымдар, бала мінезінің өзгеріске түсу сырлары, ғылым, білім тәрбиесі, дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырларын білу туралы ақынның кесімді пікірі;

7) отыз сегізінші қарасөзінің негізгі идеясы Алла, Адам хақында, Алла тағала болмысы, ақынның хақиқат туралы ойы, өлшеулі мен өлшеусіздік ұғымы, пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер турасындағы ой толғамдары;

8) қырық үшінші қарасөзіндегі жибили және кәсиби ұғым-түсініктері, жан қуатының үш элементі жайындағы философиялық көзқарастары, ақынның дүниені, болмысты тануы, Абайдың хауас туралы көзқарасы, хауас ұғымының Абай шығармаларындағы көрінісі, ішкі-сыртқы сезім түйсіктері, ақын Алланың бойындағы сегіз сипатқа өз жанынан екі сипат қосып (әділет, рахым) 10 сипатқа айналдырып, хауас ретінде тануы;

9) "Осы үш сүю болады имани гүл" - 2 сағат, Абайдың қазақ қауымының рухани жағынан іштей тазарып, ұстанар жолының сенімді бағыт-бағдарын көрсету, ақынның ішкі нанымы, адамшылық жолындағы үгіт пен мораль философиясы жайлы танымы, Алланы сүю, адамзатты сүю, хақ жолын сүю "Иманигүл" философиясының негізі болатындығы туралы.

10. "Қазақтың бас ақыны" тарауын оқытуға - 5 сағат бөлінген:

1) Абайдың өнегелі, өрнекті сөздерін тегіс тану, білу – абыройлы борыш, қасиетті парыз, А. Байтұрсынұлының "Қазақтың бас ақыны" деген мақаласының абайтанудағы орны;

2) Абай өлеңдерінің тілі және қазақ поэзиясына енгізген жаңалығы - 2 сағат, Абай туындыларының көркем тілі, қазақ поэзиясына енгізген жаңалығы, ақынның шеберлік тәсілдері, даралық ерекшеліктері, Абай шығармаларының текстологиясы;

3) Абайдың ақындық мектебі - 2 сағат, Абай мектебінің қалыптасқан дәстүрі, жаңашылдығы, прогрессивті мақсат-мүддесі, әлеуметтік белсенділігі, Абайдың ақындық дәстүрі туралы түрлі тұжырымдар мен байыптаулар, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Мұқаметханов, А. Нұрқатов, М. Мырзахметов, Ө. Күмісбаев, Т. Жұртбай т.б. ғалымдар еңбектерінің абайтану ілімін дамытудағы қызметі, Абайдың талантты ақын шәкірттері Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Әсет, Әріп, Әубәкір, т.б. хақында;

4) Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушы ақындар - 1 сағат, ақынның әдебиеттегі дәстүрін ілгері дамытқан ақындар А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, М. Жұмабаев, Қ. Аманжолов, М. Мақатаев, Т. Айбергенов, т.б.

10. Қорытынды сабаққа - 1 сағат бөлінген.

4-тарау. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

1. 9-сыныптың соңында оқушылар:

1) Абайтанудың қазіргі уақыттағы өзектілігін, рухани қажеттілігін түйсінулері;

2) Абайды оқу, түсіну, жұртқа танытудағы басты мақсат пен міндеттерді білуі;

3) ақынның қазақтың халықтық өлең-жырларынан, ертегі, қисса, аңыз әңгімелерінен үйренгендігін білуі;

4) ақын шығармашылығына шығыс, батыс, орыс әдебиеттерінің тигізген игі ықпалын білуге;

5) ақын аудармаларының қазақ әдебиетін көркем ой оралымдарымен байытқандығын білуі;

6) Абайтану ғылымының негізін салушылар мен оның қалыптасу кезеңдерін және алғашқы зерттеушілердің еңбектері жайында білуі;

7) ақын шығармашылығындағы шығыс, батыс, орыс әдебиеттеріне қатысты күрмеуі қиын мәселелерді білуі;

8) ақын шығармаларының басылымдары мен оған ықпал еткен адамдар хақында білуі;

9) Абайдың ғылым, білім тақырыбына жазған өлеңдерінің, қарасөздерінің басты идеясын және философиялық көзқарастарындағы тағылымдарын түсіне білуі;

10) ән мен күй өнері жайындағы толғанысын және эстетикалық талғамын білуі;

11) поэмаларының тақырыбын, көркемдік-идеялық маңызын, тәлім-тәрбиелік мәнін, көркемдік ерекшеліктерін білуі;

12) ақын шығармаларының көркем-образдылық қасиеттерін талдай білуі тиіс.

1.Оқушылардың "Абайтану" курсы бойынша игерген білімдерінің нәтижелері:

1) ақын шығармаларын жазудағы суреткерлік шеберліктерін білуі;

2) өлеңдері, қарасөздері, аудармалары, поэмаларының тақырыптық және идеялық көркемдік негіздерін, мән-мағынасын талдап, суреткерлік шеберліктерін айқындай білуі;

3) ақынның поэзияның қоғамдық мәні мен маңызына қойған биік талабын білуі;

4) Абайдың қазақтың сөз өнерін тың ой оралымдарымен байытып, ұлттық көркем ойды дамытудағы көшбасшылық рөлін білуі;

5) өлеңдері мен қарасөздерінің арасындағы өзара үндестікті түсіне білуі;

6) өлеңдері, қарасөздері, аудармалары, поэмаларындағы авторлық ұстанымдардың маңызын көрсете білуі тиіс.

2. 10-11-сыныптардың соңында оқушылар:

1) ақын өмір сүрген дәуірді және халық ауыз әдебиеті шығармаларын оқып, үлкендерден естіп, жадына тоқығандығын білуі;

2) шығыс, батыс және орыс әдебиеттерінің інжу-маржандарын оқып танысқандығын білуі;

3) ақын мұраларының зерделенуі мен абайтану ғылымының қалыптасу тарихын, кезеңдерін білуі;

4) ғұлама ойшылдың ғылым, білім, өнер, ел билеу, тарих, қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл күй, табиғат көрінісі, махаббат, діни таным тақырыбында және сыншылдық көзқараста жазылған философиялық қарасөздерінің, өлеңдерінің, поэмаларының, аудармаларының мән-мағынасын, маңызын түсінуі;

5) ақынның ән мен күй өнері хақындағы пайымдауларын түсінуі;

6) қазіргі абайтану ғылымының даму бағыттарын, абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы екендігін білуі;

7) Абайдың "Толық адам" философиясы мен "Иманигүл", "Хауас", "Жәуанмәртлік" ілімдері туралы білулері:

8) ұлы ақынның философиялық ақыл-нақыл сөздерінің маңыздылығын, мән-мағынасын түсінуі;

9) ақынның қазақ поэзиясына енгізген жаңалығын, аудармашылық шеберлігін танып білуі;

10) Абайтану бойынша курс жұмыстарын, ғылыми жобалар жаза білуі;

11) Абайтануға қатысты ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей білуі;

12) оқушы өзіне қажетті материалдарды интернет арқылы тауып, пайдалана білуі;

13) Абай атымен байланысты ғылым және өнер ордаларымен шығармашылық қарым-қатынасқа түсе білуді меңгерулері тиіс.

3. Оқушылардың "Абайтану" курсы таңдау пәні бойынша игерген білімдерінің нәтижелері:

1) Абай шығармаларының зерттелуін және ақынның өлең, қарасөз, поэма жазудағы суреткерлік өнері мен аударма жасаудағы шеберліктерін білуі;

2) өлеңдері, қарасөздері, поэмалары, аудармаларының тақырыбын, идеялық негізін, маңызын талдай отырып, суреттеу шеберлігін айқындай алуы;

3) философиялық тұрғыдан жазылған қарасөздерінің тақырыптарын, ондағы авторлық ұстанымдарды және маңызын көрсете білуі;

4) ақын аудармаларының ұлттық көркем ойды байытып, шағын уақиғалы поэма жазудағы шеберлігін білуі;

5) Абай өлеңдерін талдай отырып, суреткерлік шеберлігін, ақындық қуатын, көркемдік шешімін, қазақ өлеңіне енгізген жаңалығын айқындай білуі тиіс.

Оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1) Абай "Шығармаларының екі томдық толық жинағы" Алматы "Жазушы" 2005 ж;

2) М. О. Әуезов Абай Құнанбаев "Монография. Мақалалар, зерттеулер" Алматы " Санат" 1995 ж;

3) М. Бейсенбаев "Абай және оның заманы" Алматы "Жазушы" 1988 ж;

4) Тұрсын Жұртбай "Құнанбай / Тарихи және әдеби тұлға/" Алматы "Алаш" 2004 ж;

5) М.О.Әуезов "Абайтанудан жарияланбаған материалдар" Алматы "Ғылым" 1988 ж ;

6) М. О. Әуезов "Абай жолы" 4 том, Алматы "Жазушы" 2007 ж;

7) Абай туралы естеліктер, Семей 2010 ж;

8) Қ. Мұқамедханов "Абайдың ақын шәкірттері" Алматы 1994 ж;

9) Ұ. Әбілдаұлы "Абайды оқу әліппесі" Алматы "Рауан" 1994 ж;

10) М. Мырзахметұлы "Абай жүрген ізбенен" Алматы "Қазақстан" 1985 ж;

11) Б. Байғалиев "Абай өмірбаяны мұрағат деректерінде" "Алматы" "Арыс" баспасы , 2001 ж;

12) "Абай энциклопедиясы" "Атамұра" 1995 ж;

13) М. О. Әуезов және Абайтану проблемалары, Алматы, 1982 ж;

14) Қ. Мұқамедханов "Абай мұрагерлері" Алматы "Атамұра" 1995 ж;

15) М. Мырзахметұлы "Әуезов және Абай" Алматы "Қазақстан" 1997 ж;

16) М. О. Әуезов "Абайды білмек парыз ойлы жасқа" Алматы "Санат" 1997 ж;

17) Абайтану тарихы, Алматы, 1994 ж;

18) Қ. Өмірәлиев "Абай афоризмі" Алматы, 1994 ж;

19) М. Мырзахметұлы "Абайды оқы, таңырқа", "Ана тілі" 1993 ж;

20) Т. Қожакеев "Абай-сатирик" "Білім" қоғамы, 1970 ж;

21) Қ. Мұқамедханов "Абай шығармаларының текстологиясы жайында" Қаз. Мем. КӘБ, 1959 ж;

22) Абай тілінің сөздігі "Ғылым" 1968 ж;

23) Т. Тәжібаев "Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары" Қаз. Мем. КӘБ, 1957 ж;

24) К. Шаймерденова "Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары" "Рауан" 1990 ж;

25) Ғ.Есім. Хакім Абай (даналық дүниетанымы). Атамұра-Қазақстан. Алматы, 1994. 198-б.

26) Хакім Абай. Астана "Фолиант", 2012.

27) Республикалық "Абай" журналы.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
74-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Жалпы орта білім беретін мектептерде "Қазақ тілі" пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

3. "Қазақ тілі" оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;

2) білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өмірде өзі еркімен қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) қазақ тілі жүйесін құраушы кіші жүйелерді, тіл бірліктерін және олардың табиғатын танып біледі;

4) тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады;

5) "Қазақ тілі" пәні бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

2-тарау. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 2-тарау. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұны

4. "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

2) 11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Оқу мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

1) тыңдалым және айтылым;

2) оқылым;

3) жазылым;

4) әдеби тіл нормасы.

6. "Тыңдалым және айтылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) болжау;

2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;

3) негізгі ойды анықтау;

4) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау;

5) сөйлеу мәдениетін дамыту;

7. "Оқылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ақпаратты түсіну;

2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;

3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;

4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

5) мәліметтерді өңдей білу;

6) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

8. "Жазылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;

2) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;

3) эссе жазу;

4) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;

5) шығармашылық жұмыс;

6) мәтіндерді түзету және редакциялау.

9. Әдеби тіл нормасы бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) орфография;

2) орфоэпия;

3) лексика;

4) грамматика;

5) пунктуация.

10. 10-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іскағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б. мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама

тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік пікір жаза білу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу), әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

11. 11-сыныпқа арналған Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру, мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу; сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау, таза ғылыми және публицистикалық стильдерін тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іс-қағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын,

мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі, мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия, мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау, көтерілген мәселе бойынша академиялық тұрғыдан эссе жаза білу, мәселенің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап жазу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу, әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді қазіргі орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, әлеуметтік-саяси шешендік қатынас аясында сөз әдебі мен сөйлеу мәнерін дұрыс қолдану, мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып), мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

12. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында "10" сынып, "2.1" екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" оқыту мақсатының реттік саны.

13. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) тыңдалым және айтылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Болжау	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу
2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс , интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс , интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау
3. Негізгі ойды анықтау	10.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру	11.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру
4. Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау	10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау	11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
5. Сөйлеу мәдениетін дамыту	10.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу	11.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу

2) оқылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Ақпаратты түсіну	10.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау	11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау
2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	10.2.2.1 ғылыми-көпшілік стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері)	11.2.2.1 таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы)
3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	10.2.3.1 көпшілікке арналған дәріс , интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау	11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі дәріс, интервью, мақала, баяндама , тезис, аннотация, рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
	10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми , ресми іскағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет , ауызекі сөйлеу стилі)	11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми , ресми іскағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет , ауызекі сөйлеу стилі)

4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
5. Мәліметтерді өңдей білу	10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу	11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
6. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	10.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу	11.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру

3) жазылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	10.3.1.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу	11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, тезис, аннотация, рецензия жазу
2. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	10.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу	11.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау
3. Эссе жазу	10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу ("келісу, келіспеу" эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	11.3.3.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу ("келісу, келіспеу" эссесі , дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
4. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу	10.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу)	11.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
5. Шығармашылық жұмыс	10.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу	11.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу
6. Мәтіндерді түзету және редакциялау	10.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау	11.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)

4) әдеби тіл нормасы:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Орфографиялық норма	10. 4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Орфоэпиялық норма	10. 4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	11.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
3. Лексикалық норма	10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу	11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)
4. Грамматикалық норма	10. 4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу	11.4.4.1 мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)
5. Пунктуациялық норма	10. 4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу	11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

14. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

15. Осы оқу бағдарламасы жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының (оқыту қазақ тілінде) ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 10-сынып:

Лексика- грамматикалық бөлім	Граммати-калық материал	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық- саяси) талдай отырып, негізі ойды

			анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру
1. Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті	Кітаби тіл. Сөйлеу тілі	Оқылым	10.2.2.1 ғылыми-көпшілік стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері); 10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу
		Жазылым	10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (" келісу, келіспеу" эссесі)
		Әдеби тіл нормалары	10.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; 10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2-тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау
			10.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі)

2. Индустрия ландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті	Сөз дәлдігі	Оқылым	мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 10.2.3.1 көпшілікке арналған дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
		Жазылым	10.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; 10.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу
3-тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу
			10.2.3.1 көпшілікке арналған интервью құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік

3. Адамзат дамуының жаһандық мәселелері. Тілдік жүйе және норма	Сөз қолданысындағы ерекшеліктер және стиль. Ғылыми әдебиет тілінің ерекшеліктері	Оқылым	алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу; 10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
		Жазылым	10.3.1.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу; 10.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу
		Әдеби тіл нормалары	10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу
		Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау
			10.2.3.1 көпшілікке арналған очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми

4. Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма	Сөз тазалығы. Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктері	Оқылым	іскағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
		Жазылым	10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе); 10.3.1.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, нұсқаулық жазу; 10.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
		Әдеби тіл нормалары	10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу
4-тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу
			10.2.3.1 көпшілікке арналған мақаланың құрылымы мен

5. Сәулет өнері. Тілдік жүйе және норма	Жаңа қолданыс тағы сөздер. Ғылыми әдебиет атаулары ның ерекшелігі	Оқылым	рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу
		Жазылым	10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе); 10.3.1.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазу; 10.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
		Әдеби тіл нормалары	10.4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

2) 11-сынып

Лексика-грамматикалық бөлім	Грамматикалық материал	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; 11.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру
			11.2.2.1 таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер,

		Оқылым	ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы); 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі тезис, аннотацияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
1. Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер	Ойталқы (диспут). Ғылыми стильдің тілдік ерекшелік тері	Жазылым	11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис, аннотация жазу; 11.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу; 11.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)
		Әдеби тіл нормалары	11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; 11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу
2-тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере

			отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
2. Экология: ядролық және мұнай өндірістері. Шешендік сөздер	Айтыс. Сыни пікірдің өзіндік ерекшелігі	Оқылым	11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 11.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру
		Жазылым	11.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; 11.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу
		Әдеби тіл нормалары	11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)
3-тоқсан			

		Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау; 11.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу
3. Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция. Шешендік сөздер	Сөзталас. Ресми іскағаздар стилінің тілдік ерекшелік тері	Оқылым	11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі интервью, мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
		Жазылым	11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью жазу; 11.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен

			үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; 11.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)
		Әдеби тіл нормалары	11.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
4. Әлемді өзгерткен өнертабыстары Шешендік сөздер	Пікір алмасу. Публицистикалық стильдің тілдік ерекшелік тері	Тыңдалым және айтылым	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; 11.1.2.1 мамандандырылған тараяадағы арнайы мәтіндердегі (бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау
		Оқылым	11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
		Жазылым	11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, рецензия жазу; 11.3.3.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

		Әдеби тіл нормалары	11.4.4.1 мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)
4-тоқсан			
5. Туризм: экотуризм. Шешендік сөздер	Әңгіме және дөңгелек үстел. Ой айқынды лығы. Сөз дәлдігі. Пікірталас мәдениетіндегі сөз қолданыс тар	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу
		Оқылым	11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
		Жазылым	11.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; 11.3.3.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (" келісу, келіспеу" эссесі)
		Әдеби тіл нормалары	11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
75-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11 (12) - сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.03.2024 № 54 (01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Жалпы орта білім беретін мектептерде "Қазақ тілі" пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

3. "Қазақ тілі" оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;

2) білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өзі еркімен қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) қазақ тілі жүйесін құраушы кіші жүйелерді, тіл бірліктерін және олардың табиғатын танып біледі;

4) тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып-біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады;

5) "Қазақ тілі" пәні бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

2-тарау. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұны

4. "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Оқыту мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

5) тыңдалым және айтылым;

6) оқылым;

7) жазылым;

8) әдеби тіл нормасы.

6. "Тыңдалым және айтылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) болжау;

2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;

3) негізгі ойды анықтау;

4) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау;

5) сөйлеу мәдениетін дамыту.

10. "Оқылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

7) ақпаратты түсіну;

8) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;

9) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;

10) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

11) мәліметтерді өңдей білу;

12) әртүлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

11. "Жазылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

7) әртүлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;

8) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;

9) эссе жазу;

10) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;

11) шығармашылық жұмыс;

12) мәтіндерді түзету және редакциялау.

12. Әдеби тіл нормасы бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) орфография;

2) орфоэпия;

3) лексика;

4) грамматика;

5) пунктуация.

13. 10-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іскағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б. мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия және мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің

стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік пікір жаза білу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу), әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

(А. Байтұрсынұлы, А.Ысқақов, С.Исаев, Ы.Маманов секілді ғалымдардың еңбектерінен алынған мәтіндер)	5.5 Зат есімнің морфологиялық белгілері 5.6 Зат есімнің синтаксистік қызметі 5.7 Есімдіктер. Есімдіктің лексика-семантикалық сипаты 5.8 Есімдіктің морфологиялық ерекшеліктері 5.9 Есімдіктің синтаксистік қызметі 5.10 Морфологиялық талдау	Мәтінтудыру	және бейвербалды құралдарды пайдалану талаптарын білу; 10.2.3.2 қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша материалдарды талдап, жинақы мәтін, сөйлейтін сөзге тезис және эссе жазу, сұхбат алу үшін сұрақтар құрастыру дағдыларын қалыптастыру
		Лексика-грамматикалық норма	10.3.1.3 сөздің морфемдік құрамын, негізгі немесе туынды түбір екенін, сөзжасамдық тәсілін (синтетикалық, аналитикалық), грамматикалық мағыналарын көрсете отырып, сөзжасамдық-морфологиялық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	10.3.2.3 айтылым кезінде сөзді сазына келтіріп, лебізді ырғақты топтарға бөліп, сөз ішіндегі және сөз арасындағы өзгерістерді сақтап айту дағдыларын орнықтыру
6. Сын есім. Сан есім			
Заттың сыны мен саны (сын есім мен сан есімді зерттеген ғалымдардың мәтіндерінен үзінділер)	6.1 Сан есімнің лексика-семантикалық ерекшеліктері 6.2 Сан есімнің сөзжасамы 6.3 Сан есімнің мағыналық түрлері 6.4 Сан есімнің синтаксистік қызметі 6.5 Семантикалық тәсіл бойынша туатын сын есімдер 6.6 Синтетикалық тәсіл арқылы туатын сын есімдер	Мәтінтану	10.1.1.4 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау; 10.1.2.1 мәтіннің стилін ажырата білу, әр стильге тән жалпы ерекшеліктерді анықтау; 10.1.2.2 әр стильге тән жанрларды білу, ажырату, құрылымын, типтік ерекшеліктерін, жазылу мақсатын анықтау
		Мәтінтудыру	10.2.1.1 көркем мәтін стилінің талаптарын сақтап, күрделі жоспар бойынша берілген тақырыпта шығарма жазу;

	6.7 Сын есімнің морфологиялық құрылымы 6.8 Күрделі сын есімдер 6.9 Сын есімнің шырай категориясы 6.10 Сын есімнің синтаксистік қызметі 6.11 Морфологиялық талдау		10.2.2.2 ресми стильдің өмірге қажетті үлгілерін талапқа сай жазуды қалыптастыру
		Лексика-грамматикалық норма	10.3.1.3 сөздің морфемдік құрамын, негізгі немесе туынды түбір екенін, сөзжасамдық тәсілін (синтетикалық, аналитикалық), грамматикалық мағыналарын көрсете отырып, сөзжасамдық-морфологиялық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	10.3.2.2 жазбаша мәтін тудыру кезінде сөйлем ішіндегі және сөйлем соңындағы тыныс белгілерді қоюдағы ұстанымдарды (мағыналық, грамматикалық, интонациялық) сақтай білу
7. Етістік			
Түрленімге бай сөз табы (етістікті зерттеген ғалымдардың еңбектерінен үзінділер)	7.1 Етістіктің жіктелу ерекшеліктері 7.2 Салттық және сабақтылық категориясы 7.3 Етіс категориясы 7.4 Шақ категориясы 7.5 Рай категориясы 7.6 Есімшелер категориясы 7.7 Көсемшелер категориясы 7.8 Амалдың өту сипаты категориясы 7.9 Етістіктің сөйлемдегі қызметі	Мәтінтану	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, ойды жалғастыру; 10.1.1.3 ойын (автордың көзқарасы мен ақпарат берілген тұстарын) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу; 10.1.2.1 мәтіннің стилін ажырата білу, әр стильге тән жалпы ерекшеліктерді анықтау
		Мәтінтудыру	10.2.1.2 көркем әдебиетке жататын жанрларда (поэзия, проза, эссе, новелла) мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру; 10.2.4.1 ғылыми стильдің қолдану аясын, стильдік сипатын және тілдік ерекшеліктерін сақтап, ғылыми жұмыстар жазу, слайдтар дайындау және оларды көпшілік алдында

	7.10 Морфологиялық талдау		қорғау дағдыларын қалыптастыру
		Лексика-грамматикалық норма	10.3.1.3 сөздің морфемдік құрамын, негізгі немесе туынды түбір екенін, сөзжасамдық тәсілін (синтетикалық, аналитикалық), грамматикалық мағыналарын көрсете отырып, сөзжасамдық-морфологиялық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	10.3.2.1 қосымшалар мен шылауларды үндестік заңына сай жазу, ықшамдалған, кіріккен, бірікken, тіркескен сөздердің емлесін сақтау
4-тоқсан			
8. Үстеу			
Мағынаны қалай толықтырамыз? (үстеуді зерттеген ғалымдардың еңбектерінен алынған мәтіндер)	8.1 Үстеудің лексика-грамматикалық топтары: мезгіл және мекен үстеулері 8.2 Мөлшер және сын-қимыл үстеулері 8.3 Күшейткіш үстеулер 8.4 Мақсат үстеулері 8.5 Себеп-салдар үстеулері 8.6 Үстеулердің сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалуы 8.7 Үстеулердің басқа сөз таптарымен тіркесу дәрежесі 8.8 Үстеулердің сөйлемдегі қызметі 8.9 Морфологиялық талдау	Мәтінтану	10.1.1.2 мәтіннен автор позициясын және жалпы ақпаратты талқылау сұрақтары арқылы анықтау; 10.1.1.5 мәтіндегі қорытынды бөлімнің орнына өз біліміне сүйеніп қорытынды жасау; 10.1.2.3 әр стильдің өзіне тән тілдік (лексика-грамматикалық) ерекшеліктерін ажырату
		Мәтінтудыру	10.2.1.3 ауызекі сөйлеу стилінің элементтері бар әңгіме жанрында мәтін жазу дағдыларын игеру; 10.2.2.1 іскери этикетті, ділмарлықты, қозғалу әрекеттерін әсерлі сөйлеу мен үйлестіру арқылы тыңдаушыны тарту тәсілдерін игеру
		Лексика-грамматикалық норма	10.3.1.3 сөздің морфемдік құрамын, негізгі немесе туынды түбір екенін, сөзжасамдық тәсілін (синтетикалық, аналитикалық), грамматикалық

			мағыналарын көрсете о т ы р ы п , сөзжасамдық-морфологи ялық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	10.3.2.3 айтылым кезінде сөзді сазына келтіріп, лебізді ырғақты топтарға бөліп, сөз ішіндегі және сөз арасындағы өзгерістерді сақтап айту дағдыларын орнықтыру
9. Шылау, еліктеу, одағай сөздер			
Сөйлемдегі көмекшілер мен оқшаулар (шылау, оқшау, еліктеу сөздерді зерттеген ғалымдардың еңбектерінен алынған мәтіндер)	9.1 Жалғаулықтар: ыңғайластық жалғаулықтар 9.2 Қарсылық мәнді жалғаулықтар 9.3 Талғау мәнді жалғаулықтар 9.4 Себеп мәнді жалғаулықтар 9.5 Салдар мәнді жалғаулықтар 9.6 Шарт мәнді жалғаулықтар 9.7 Септеуліктер 9.8 Демеуліктер 9.9 Еліктеу сөздер 9.10 Одағай 10.11 Морфологиялық талдау	Мәтінтану	10.1.1.4 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау; 10.1.2.2 әр стильге тән жанрларды білу, ажырату , құрылымын, типтік ерекшеліктерін, жазылу мақсатын анықтау
		Мәтінтудыру	10.2.1.4 сәлемдесу, қарату, танысу, өтініш айту, рұқсат сұрау, шақыру, кешірім сұрау, алғыс айту, қоштасу кезінде ұлттық этикет талаптарын сақтау; 10.2.3.2 қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша материалдарды талдап, жинақы мәтін, сөйлейтін сөзге тезис және эссе жазу, сұхбат алу үшін сұрақтар құрастыру дағдыларын қалыптастыру
		Лексика-грамматикалық норма	10.3.1.1 дыбыстың жіктелімін, жасалуын, буын түрлерін, буын үндесімін, тасымал тәртібін, сөйлеудегі ырғақты топтарды, сөз ішіндегі және сөз арасындағы дыбыстық өзгерістерді, интонацияның құрамдас бөліктерін анықтау, фонетика-фонологиялық талдау жасау

		Айтылым-жазылым нормалары	10.3.2.1 қосымшалар мен шылауларды үндестік заңына сай жазу, ықшамдалған, кіріккен, біріккен, тіркескен сөздердің емлесін сақтау

2) 11-сынып:

Лексикалық бөлім	Әдеби тіл нормалары	Білім алу әрекетінің түрлері	Білім алушылар білуге тиісті оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Сөз тіркесі синтаксисі			
Синтаксистік қатынастар (М.Балақаев, Т.Сайрамбаев, Ә.Әбілақов еңбектерінен алынған мәтіндер)	1.1 Тұрақты тіркес 1.2 Түйдекті тіркестер 1.3 Сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен тұлғалары 1.4 Сөз тіркесінің құрылысы 1.5 Аналитикалық байланыс 1.6 Синтетикалық байланыс 1.7 Есімді және етістікті сөз тіркестері 1.8 Қабыса байланысқан сөз тіркестері 1.9 Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері 1.10 Матаса байланысқан сөз тіркестері 1.11 Жанаса байланысқан сөз тіркестері 1.12 Үстеулер қатысқан есімді тіркестер 1.13 Көсемшелі сөз тіркестері	Мәтінтану	11.1.1.1 мәтін бойынша өз көзқарастарын айту, өз көзқарастарын дәлелдеу үшін дұрыс қорытынды шығару; 11.1.1.3 ойын (автордың көзқарасы мен ақпарат берілген тұстарын) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау; 11.1.2.2 әр стильге тән жанрларды білу, ажырату, құрылымын, типтік ерекшеліктерін, жазылу мақсатын салыстыру
		Мәтінтудыру	11.2.1.1 күрделі жоспар бойынша берілген талаптарға шығарма жазу кезінде жоспар жүйесін сақтау және шығарманы дұрыс қорытындылау; 11.2.2.1 іскери этикетті, ділмарлықты, қозғалу әрекеттерін әсерлі сөйлеу мен үйлестіру арқылы тыңдаушыны тарту тәсілдерін жетілдіру
		Лексика-грамматикалық норма	11.3.1.3 сөйлемдердің айтылу мақсатын, түрлерін, құрылысын, сөз ішіндегі байланысу түрлері мен тәсілдерін, сөйлем мүшелерін, құрмаластың құрамындағы сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, тыныс белгілерін анықтай

			отырып, толық синтаксистік талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	11.3.2.1 қазақ тілінің орфографиялық ережелеріне сүйеніп бас әріптің, игерілген/ игерілмеген кірме сөздер мен бейүндес сөздердің емлесін білу
2. Жай сөйлем синтаксисі			
Сөйлем (жай сөйлем синтаксисі мамандарының еңбектерінен алынған мәтіндер)	2.1 Белгілі жақты сөйлем 2.2 Белгісіз жақты сөйлем 2.3 Жалпылама жақты сөйлем 2.4 Жақсыз сөйлемдер 2.5 Етістікті және есімді жақсыз сөйлемдер 2.6 Субъектінің қалып-күйін білдіретін жақсыз сөйлемдер 2.7 Модальді жақсыз сөйлемдер 2.8 Номинативті сөйлемдер 2.9 Сілтеу мәнді сөйлемдер 2.10 Жорамалдау, болжау мәнді ситуативтік сөйлемдер	Мәтінтану	11.1.1.2 оқиғалар, идеялар, құндылықтар, деректер арасындағы байланысты проблемалық сұрақтар арқылы анықтау; 11.1.1.5 мәтінде көтерілген мәселенің (саяси-қоғамдық, тәрбиелік) маңыздылығын анықтап, баға беру; 11.1.2.3 әр стильдің өзіне тән тілдік (лексика-грамматикалық) ерекшеліктерін салыстыру
		Мәтінтудыру	11.2.1.2 көркем әдебиетке жататын жанрларда (поэзия, проза, эссе, новелла) мәтін тудыру дағдыларын жетілдіру; 11.2.3.1 публицистикалық стиль ерек-шеліктерін сақтап, көпшілік алдында сөйлеу техникасын дамыту: тыңдаушы-ның назарын аударту, аудиториямен байланыс, үйлесімді қозғалыс, өзіне деген сенімділік дағдыларын жетілдіру
		Лексика-грамматикалық норма	11.3.1.3 сөйлемдердің айтылу мақсатын, түрлерін, құрылысын, сөз ішіндегі байланысу түрлері мен тәсілдерін, сөйлем мүшелерін, құрмаластың құрамындағы

			сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, тыныс белгілерін анықтай отырып, толық синтаксистік талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	11.3.2.1 қазақ тілінің орфографиялық ережелеріне сүйеніп бас әріптің, игерілген/ игерілмеген кірме сөздер мен бейүндес сөздердің емлесін білу
2-тоқсан			
3. Құрмалас сөйлем синтаксисі			
Күрделі ойды білдіретін құрылымдар (құрмалас сөйлем синтаксисі мамандарының еңбектерінен алынған мәтіндер)	3.1 Құрмалас сөйлемнің қалыптасу жолдары мен өзіндік белгілері 3.2 Құрмалас сөйлемнің жай сөйлемнен өзгешелігі 3.3 Құрмалас сөйлемнің құрылымы және компоненттерінің орналасу тәртібі 3.4 Құрмалас сөйлемнің түрлері. Салалас құрмалас сөйлем. Ыңғайлас салалас құрмалас 3.5 Қарсылықты салалас құрмалас 3.6 Себеп-салдар салалас құрмалас 3.7 Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем 3.8 Талғаулы салалас құрмалас 3.9 Кезектес салалас құрмалас 3.10 Көп құрамды салалас құрмалас сөйлем	Мәтінтану	11.1.1.4 әртүрлі формадағы мәтіндердегі оқиғалар мен құбылыстардың уақытша және себеп-салдарлық өзара байланысын анықтау; 11.1.2.1 мәтіннің стилін ажырата білу, әр стильге тән жалпы ерекшеліктерді салыстыру
		Мәтінтудыру	11.2.1.3 ауызекі сөйлеу стилінің элементтері бар әңгіме жанрында мәтін жазу дағдыларын жетілдіру; 11.2.4.1 ғылыми стильдің қолдану аясын, стильдік сипатын және тілдік ерекшеліктерін сақтап, ғылыми жұмыстар жазу, слайдтар дайындау және оларды көпшілік алдында қорғау дағдыларын жетілдіру
		Лексика-грамматикалық норма	11.3.1.3 сөйлемдердің айтылу мақсатын, түрлерін, құрылысын, сөз ішіндегі байланысу түрлері мен тәсілдерін, сөйлем мүшелерін, құрмаластың құрамындағы сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, тыныс белгілерін анықтай

			отырып, толық синтаксистік талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	11.3.2.2 сөйлем соңында, сөйлем ішінде қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді пунктуациялық ұстанымдарға (мағыналық, грамматикалық, интонациялық) сай қоя білу
4. Сабақтас құрмалас сөйлем			
Тілдегі сабақтаса байланыс (бір-біріне бағына байланысқан сабақтас сөйлемдер мен сөз тіркестеріне қатысты мәтіндер)	4.1 Көсемше, есімше, шартты рай арқылы жасалған сабақтас құрмалас сөйлемдер 4.2 Мезгіл бағыныңқылы сабақтас 4.3 Шартты бағыныңқылы сабақтас 4.4 Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас 4.5 Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас 4.6. Себеп бағыныңқылы сабақтас 4.7 Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас 4.8 Мақсат бағыныңқылы сабақтас 4.9 Көп бағыныңқылы сабақтас	Мәтінтану	11.1.1.1 мәтін бойынша өз көзқарастарын айту, өз көзқарастарын дәлелдеу үшін дұрыс қорытынды шығару; 11.1.1.4 әртүрлі формадағы мәтіндердегі оқиғалар мен құбылыстардың уақытша және себеп-салдарлық өзара байланысын анықтау; 11.1.2.2 әр стильге тән жанрларды білу, ажырату , құрылымын, типтік ерекшеліктерін, жазылу мақсатын салыстыру
		Мәтінтудыру	11.2.1.4 әлеуметтік-тұрмыстық қатынас (тілек айту, бата беру, құттықтау, көңіл айту, қолдау көрсету және т.б.) кезінде ұлттық тілде қалыптасқан шаблондарды сақтау; 11.2.2.2 ресми стильдің өмірге қажетті үлгілерін талапқа сай жазуды жетілдіру
		Лексика-грамматикалық норма	11.3.1.3 сөйлемдердің айтылу мақсатын, түрлерін, құрылысын, сөз ішіндегі байланысу түрлері мен тәсілдерін, сөйлем мүшелерін, құрмаластың құрамындағы сөйлемдердің байланысу

			тәсілдерін, тыныс белгілерін анықтай отырып, толық синтаксистік талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	11.3.2.2 сөйлем соңында, сөйлем ішінде қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді пунктуациялық ұстанымдарға (мағыналық, грамматикалық, интонациялық) сай қоя білу
3-тоқсан			
5. Төл сөз бен төлеу сөз			
Қысқа әңгіме шеберлері (қысқа әңгіме шеберлерінің шығармаларынан алынған мәтіндер)	5.1. Төл сөздің құрылымдық мазмұны 5.2. Төлеу сөздің түрлері (тәуелді сөз, ұсынылған сөз) 5.3 Төл сөз бен төлеу сөздің айырмашылықтары мен ұқсастықтары 5.4 Төл сөзді төлеу сөзге айналдырғанда кездесетін ерекшеліктер 5.5 Хабарлы сөйлемді төлеу сөзге айналдыру 5.6 Сұраулы сөйлемді төлеу сөзге айналдыру 5.7 Диалог 5.8 Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері	Мәтінтану	11.1.1.2 оқиғалар, идеялар, құндылықтар, деректер арасындағы байланысты проблемалық сұрақтар арқылы анықтау; 11.1.1.5 мәтінде көтерілген мәселенің (саяси-қоғамдық, тәрбиелік) маңыздылығын анықтап, баға беру; 11.1.2.3 әр стильдің өзіне тән тілдік (лексика-грамматикалық) ерекшеліктерін салыстыру
		Мәтінтудыру	11.2.1.5 өлең оқу, монолог айту, диалогқа түсу кезінде сөз сазын және бейвербалды құралдарды пайдалану талаптарын жетілдіру; 11.2.3.2 қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша материалдарды талдап, жинақы мәтін, сөйлейтін сөзге тезис және эссе жазу, сұхбат алу үшін сұрақтар құрастыру дағдыларын жетілдіру
			11.3.1.3 сөйлемдердің айтылу мақсатын, түрлерін, құрылысын, сөз ішіндегі байланысу

		Лексика-грамматика лық норма	түрлері мен тәсілдерін, сөйлем мүшелерін, құрмаластың құрамындағы сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, тыныс белгілерін анықтай отырып, толық синтаксистік талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	11.3.2.2 сөйлем соңында, сөйлем ішінде қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді пунктуациялық ұстанымдарға (мағыналық, грамматикалық, интонациялық) сай қоя білу
6. Мемлекеттік тілдің қоғамдағы қызметі			
Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлкеттік тілі (мемлекеттік тілдің ахуалына байланысты әлеуметтік зерттеулер, тіл ахуалына қатысты БАҚ мақалалары)	6.1 Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі 6.2 Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты 6.3 Тіл және мәдениет 6.4 Тіл және тарих 6.5 Мемлекеттік тіл және БАҚ 6.6 Әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер 6.7 Мемлекеттік тілдің құқықтық негізі 6.8 Мемлекеттік тілдің дамуына латын әліпбиінің әсері	Мәтінтану	11.1.1.3 ойын (автордың көзқарасы мен ақпарат берілген тұстарын) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау; 11.1.2.1 мәтіннің стилін ажырата білу, әр стильге тән жалпы ерекшеліктерді салыстыру
		Мәтінтудыру	11.2.1.3 ауызекі сөйлеу стилінің элементтері бар әңгіме жанрында мәтін жазу дағдыларын жетілдіру; 11.2.3.1 публицистикалық стиль ерекшеліктерін сақтап, көпшілік алдында сөйлеу техникасын дамыту: тыңдаушының назарын аударту, аудиториямен байланыс, үйлесімді қозғалыс, өзіне деген сенімділік дағдыларын жетілдіру
		Лексика-грамматика	11.3.1.1 әр стильге тән лексика-грамматикалық ерекшеліктерді анықтай отырып, сөйлемдерді фонологиялық-ырғақтық

		лық норма	топтарға бөліп, айтылуы бойынша өрнектеп, ішіндегі дыбыстық өзгерістерді анықтау
		Айтылым-жазылым нормалары	11.3.2.3 айтылым кезінде сөзді сазына келтіріп, лебізді ырғақты топтарға бөліп, сөз ішіндегі және сөз арасындағы өзгерістерді сақтап айту дағдыларын жетілдіру
7. Қазақ тіліндегі функционалдық стильдер			
Ауызекі сөйлеу және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндер (ауызекі сөйлеу және көркем әдебиет стилінен алынған мәтіндер)	7.1 Ауызекі сөйлеу стилі. Ауызекі сөйлеу стилінің лингвистикалық белгілері 7.2 Ауызекі сөйлеу стилінің лексикасы 7.3 Ауызекі сөйлеу стилінің морфологиясы 7.4 Ауызекі сөйлеу стилінің синтаксисі 7.5 Көркем әдебиет стилі 7.6 Көркем әдебиет стилінің лексикасы 7.7 Көркем әдебиет стилінің қолданылу аясы 7.8 Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктері 7.9 Жазушы стилі	Мәтінтану	11.1.1.1 мәтін бойынша өз көзқарастарын айту, өз көзқарастарын дәлелдеу үшін дұрыс қорытынды шығару; 11.1.1.5 мәтінде көтерілген мәселенің (саяси-қоғамдық, тәрбиелік) маңыздылығын анықтап, баға беру; 11.1.2.3 әр стильдің өзіне тән тілдік (лексика-грамматикалық) ерекшеліктерін салыстыру
		Мәтінтудыру	11.2.1.2 көркем әдебиетке жататын жанрларда (поэзия, проза, эссе, новелла) мәтін тудыру дағдыларын жетілдіру; 11.2.1.3 ауызекі сөйлеу стилінің элементтері бар әңгіме жанрында мәтін жазу дағдыларын жетілдіру
		Лексика-грамматика лық норма	11.3.1.1 әр стильге тән лексика-грамматикалық ерекшеліктерді анықтай отырып, сөйлемдерді фонологиялық- ырғақтық топтарға бөліп, айтылуы бойынша өрнектеп, ішіндегі дыбыстық өзгерістерді анықтау
			11.3.2.1 қазақ тілінің орфографиялық ережелеріне сүйеніп бас әріптің, игерілген/ игерілмеген кірме сөздер

		Айтылым-жазылым нормалары	мен бейүндес сөздердің емлесін білу; 11.3.2.3 айтылым кезінде сөзді сазына келтіріп, лебізді ырғақты топтарға бөліп, сөз ішіндегі және сөз арасындағы өзгерістерді сақтап айту дағдыларын жетілдіру
4-тоқсан			
8. Ғылыми стиль			
Ғылыми стильдің қалыптасу тарихы (білім, ғылым, инновация тақырыбындағы ғылыми мәтіндер)	8.1 Ғылыми стильдің лексикасы 8.2 Ғылыми стильдің қолданылу аясы 8.3 Ғылыми стильдің мақсаты 8.4 Ғылыми стильдің стильдік сипаттары 8.5 Ғылыми стильдің тілдік амал-тәсілдері 8.6 Ғылыми стильдің лингвистикалық белгілері 8.7 Ғылыми шығармалар түрлері 8.8 Ғылыми терминологияның элементтері	Мәтінтану	11.1.1.2 оқиғалар, идеялар, құндылықтар, деректер арасындағы байланысты проблемалық сұрақтар арқылы анықтау; 11.1.1.4 әртүрлі формадағы мәтіндердегі оқиғалар мен құбылыстардың уақытша және себеп-салдарлық өзара байланысын анықтау; 11.1.2.1 мәтіннің стилін ажырата білу, әр стильге тән жалпы ерекшеліктерді салыстыру
		Мәтінтудыру	11.2.1.2 көркем әдебиетке жататын жанрларда (поэзия, проза, эссе, новелла) мәтін тудыру дағдыларын жетілдіру; 11.2.4.1 ғылыми стильдің қолдану аясын, стильдік сипатын және тілдік ерекшеліктерін сақтап, ғылыми жұмыстар жазу, слайдтар дайындау және оларды көпшілік алдында қорғау дағдыларын жетілдіру
		Лексика-грамматикалық норма	11.3.1.2 мәтіннің стилін, жанрын, қолдану аясын, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін көрсетіп, ондағы сөздерге толық лексикалық талдау жасау
			11.3.2.3 айтылым кезінде сөзді сазына келтіріп, лебізді ырғақты топтарға

		Айтылым-жазылым нормалары	бөліп, сөз ішіндегі және сөз арасындағы өзгерістерді сақтап айту дағдыларын жетілдіру
9. Терминдер және кірме сөздер			
Қазақ тіл білімінің терминдер жүйесі (А.Байтұрсынұлы, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы ғылыми сияқты ғалымдардыі еңбектерінен алынған мәтіндер)	9.1 Тіл білімі терминдері 9.2 Терминдердің құрылымы мен лексика-грамматикалық ерекшеліктері 9.3 Терминдер жасаудың негізгі принциптер 9.4 Өзге тілдерден аударылып енген терминдер 9.5 Аударылмай енген терминдер 9.6 Терминнің тілдік сипаты 9.7 Халықаралық терминдер 9.8 Терминге қойылатын талаптар	Мәтінтану	11.1.1.3 ойын (автордың көзқарасы мен ақпарат берілген тұстарын) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау; 11.1.2.2 әр стильге тән жанрларды білу, ажырату , құрылымын, типтік ерекшеліктерін, жазылу мақсатын салыстыру
		Мәтінтудыру	11.2.1.1 күрделі жоспар бойынша берілген талаптарға шығарма жазу кезінде жоспар жүйесін сақтау және шығарманы дұрыс қорытындылау; 11.2.4.1 ғылыми стильдің қолдану аясын, стильдік сипатын және тілдік ерекшеліктерін сақтап, ғылыми жұмыстар жазу, слайдтар дайындау және оларды көпшілік алдында қорғау дағдыларын жетілдіру
		Лексика-грамматикалық норма	11.3.1.2 мәтіннің стилін, жанрын, қолдану аясын, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін көрсетіп, ондағы сөздерге толық лексикалық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	11.3.2.1 қазақ тілінің орфографиялық ережелеріне сүйеніп бас әріптің, игерілген/ игерілмеген кірме сөздер мен бейүндес сөздердің емлесін білу
10. Ресми іс-қағаздар стилінің тілі. Публицистикалық стиль			
		Мәтінтану	11.1.1.5 мәтінде көтерілген мәселенің (саяси-қоғамдық, тәрбиелік) маңыздылығын анықтап, баға беру;

Бұқаралық ақпарат құралдары (Тіл мәселесін көтерген публицистикалық мәтіндер)	10.1 Ресми іс-қағаздар стилінің қолданылу аясы 10.2 Ресми іс-қағаздар стиліндегі стандарт тілдік бірліктер 10.3 Публицистикалық стиль. Түрлері. Мақсаты 10.4 Публицистикалық стильдің қолданылу аясы 10.5 Публицистикалық стильдің лексикасы 10.6 Публицистикалық стильдің негізгі қызметтері 10.7 Публицистикалық стильдің экстралингвистикалық сипаты 10.8 Публицистикалық стиль және орфоэпиялық норма 10.9 Публицистикалық стиль. Шешендік сөздер		11.1.2.1 мәтіннің стилін ажырата білу, әр стильге тән жалпы ерекшеліктерді салыстыру
		Мәтінтудыру	11.2.2.2 ресми стильдің өмірге қажетті үлгілерін талапқа сай жазуды жетілдіру; 11.2.3.1 публицистикалық стиль ерекшеліктерін сақтап, көпшілік алдында сөйлеу техникасын дамыту, тыңдаушының назарын аударту, аудиториямен байланыс, үйлесімді қозғалыс, өзіне деген сенімділік дағдыларын жетілдіру
		Лексика-грамматикалық норма	11.3.1.1 әр стильге тән лексика-грамматикалық ерекшеліктерді анықтай отырып, сөйлемдерді фонологиялық-ырғақтық топтарға бөліп, айтылуы бойынша өрнектеп, ішіндегі дыбыстық өзгерістерді анықтау
		Айтылым-жазылым нормалары	11.3.2.3 айтылым кезінде сөзді сазына келтіріп, лебізді ырғақты топтарға бөліп, сөз ішіндегі және сөз арасындағы өзгерістерді сақтап айту дағдыларын жетілдіру

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
77-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету , дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады.

3. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) "Қазақ әдебиеті" бағдарламасы білім алушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында құрастырылған;

2) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

3) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

4) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

5) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

2-тарау. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің мазмұны

4. "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Қазақ әдебиеті" пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен

қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

6. "Түсіну және жауап беру" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;

2) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;

3) көркем шығармадағы образ;

4) шығарма үзінділерімен жұмыс;

5) қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу.

7. "Анализ және интерпретация" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әдеби шығарманың композициясы;

2) автор бейнесі;

3) көркем шығарманың тілі;

4) шығармашылық жұмыс;

5) қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар.

8. "Бағалау және салыстыру" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) тарихи және көркемдік құндылығы;

2) заманауилығы мен жаңашылдығы;

3) әдеби эссе;

4) әдеби сын.

9. 10- сыныпқа арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну, әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың әртүрлі композициялық ерекшеліктерін талдау, автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісі, шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін ашу, көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс жазу, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау;

3) бағалау және салыстыру: шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру, шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, әдеби сын жазу.

10. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Абай Құнанбаев "Сегіз аяқ", "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым", "Лай суға май бітпес қой өткенге" өлеңдері; Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөз, "Масғұт" поэмасы;

2) М. Сәрсеке "Қаныш Сәтбаев" роман-эссе;

3) А. Кемелбаева "Шашты" әңгімесі;

4) Т. Сұлтанбеков "Көшпелі алтын" ғылыми фантастикалық әңгіме;

5) Оразақын Асқар "Шетте жүрген бауырларға" өлеңі;

6) Ш. Мұртаза "Бесеудің хаты" драмасы;

7) Ж. Бөдеш "Жалғыз" поэмасы.

11. 11-сыныпқа арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну, әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету, көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер мен дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы, шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын ашу, әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс жазу, әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау, шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

12. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) О. Бөкей "Атау кере" повесі;

2) Ж. Әбдірашев "Дала, сенің ұлыңмын" өлеңі;

3) Б. Мұқай "Өмірзая" романы;

4) Е. Әбікен "Пәтер іздеп жүр едік" әңгімесі;

5) М. Әуезов "Абай жолы" роман-эпопеясы 1, 2-том;

6) Қ. Мырзалиев "Қызыл кітап" поэмасы;

7) С. Балғабаев "Тойдан қайтқан қазақтар" комедиялық драмасы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

13. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4 кодында "10" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

14. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) түсіну және жауап беру:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	10.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну	11.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну
2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	10.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану	11.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау
3. Көркем шығармадағы образ	10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау	11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету
4. Шығарма үзінділерімен жұмыс	10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану	11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
5 . Қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу	10.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру	11.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру
2) анализ және интерпретация:		
	10-сынып	11-сынып
1. Әдеби шығарманың композициясы	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау	11.2.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау
2. Автор бейнесі	10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау	11.2.2.1 шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау
3. Көркем шығарманың тілі	10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау	11.2.3.1 шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау
4. Шығармашылық жұмыс	10.2.4.1 көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу	11.2.4.1 әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу
5. Қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар	10.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау	11.2.5.1 әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау

3) бағалау және салыстыру:

	10-сынып	11-сынып
		11.3.1.1 шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи

1. Тарихи және көркемдік құндылығы	10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау	және көркемдік құндылығын бағалау
2. Заманауилығы мен жаңашылдығы	10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру	11.3.2.1 көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау
3. Әдеби эссе	10.3.3.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	11.3.3.1 шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
4. Әдеби сын	10.3.4.1 ғылыми еңбектерге сүйене отырып әдеби сын жазу	11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып , әдеби сын жазу

15. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

16. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті " оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып:

Бөлім	Оқытылатын шығармалар	Дағдылар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	10.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; 10.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану; 10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; 10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; 10.1.5.1 ұлттық құндылықтардың

			маңыздылығын контекстермен үндестіру
Қалың елім, қазағым	Абай шығармашылығы: "Сегіз аяқ", "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым", "Лай суға май бітпес қой өткенге" өлеңдері, Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөз, "Масғұт" поэмасы	Анализ және интерпретация	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау; 10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау; 10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау; 10.2.4.1 көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 10.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау
		Бағалау және салыстыру	10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау; 10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру; 10.3.3.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 10.3.4.1 ғылыми еңбектерге сүйене отырып әдеби сын жазу
2-тоқсан			
			10.1.2.1. әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; 10.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану;

Қазақтың Қанышы	М. Сәрсеке "Қаныш Сәтбаев" роман-эссе	Түсіну және жауап беру	10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; 10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; 10.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру
		Анализ және интерпретация	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау; 10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау; 10.2.4.1 көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме) жазу
		Бағалау және салыстыру	10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау; 10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру; 10.3.4.1 ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, шығармаға әдеби сын жазу
3-тоқсан			
			10.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; 10.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану; 10.1.3.1 көркем шығармадағы

Парасат пайымы	А. Кемелбаева "Шашты" әңгімесі, Т. Сұлтанбеков "Көшпелі алтын" ғылыми фантастикалық әңгімесі, Оразақын Асқар "Шетте жүрген бауырларға" өлеңі	Түсіну және жауап беру	кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; 10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; 10.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру
		Анализ және интерпретация	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау; 10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау; 10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау; 10.2.4.1 көркем шығармадада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 10.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау
		Бағалау және салыстыру	10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау; 10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру; 10.3.3.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 10.3.4.1 ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, шығармаға әдеби сын жазу

4-тоқсан			
Тарих тағылымы	Ш. Мұртаза "Бесеудің хаты" драмасы, Ж. Бөдеш "Жалғыз" поэмасы	Түсіну және жауап беру	10.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; 10.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану; 10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; 10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
		Анализ және интерпретация	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау; 10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау; 10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау; 10.2.4.1 көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме) жазу; 10.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау
		Бағалау және салыстыру	10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау; 10.3.3.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 10.3.4.1 ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, шығармаға әдеби сын жазу

2) 11-сынып:

Бөлім	Оқытылатын шығармалар	Дағдылар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Кеңістік пен уақыт	О. Бөкей "Атау кере" повесі, Ж. Әбдірашев "Дала, сенің ұлыңмын" өлеңі	Түсіну және жауап беру	11.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; 11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 11.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау; 11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; 11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 11.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру
		Анализ және интерпретация	11.2.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау ; 11.2.2.1 шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау; 11.2.3.1 шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

			11.2.4.1 әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең) жазу; 11.2.5.1 әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау
		Бағалау және салыстыру	11.3.1.1 шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 11.3.2.1 көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау; 11.3.3.1 шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу
2-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	11.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; 11.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау; 11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 11.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру

Заман шындығы	Б. Мұқай "Өмірзая" романы, Ерболат Әбікен "Пәтер іздеп жүр едік" әңгімесі	Анализ және интерпретация	11.2.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау ; 11.2.2.1 шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау; 11.2.3.1 шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау; 11.2.4.1 әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 11.2.5.1 әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау
		Бағалау және салыстыру	11.3.1.1 шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 11.3.2.1 көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау; 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу
3-тоқсан			
			11.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; 11.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау;

Ғасырлық туынды	М. Әуезов "Абай жолы" роман-эпопеясы 1, 2-том	Түсіну және жауап беру	11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; 11.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру
		Анализ және интерпретация	11.2.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау; 11.2.2.1 шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау; 11.2.3.1 шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау; 11.2.4.1 әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 11.2.5.1 әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдау
			11.3.1.1 шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 11.3.2.1 көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау;

		Бағалау және салыстыру	11.3.3.1 шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу
4-тоқсан			
Табиғат және адам	Қ. Мырзалиев "Қызыл кітап" поэмасы, С. Балғабаев "Тойдан қайтқан қазақтар" комедиялық драмасы	Түсіну және жауап беру	11.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; 11.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау; 11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
		Анализ және интерпретация	11.2.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау; 11.2.2.1 шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау; 11.2.3.1 шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау; 11.2.4.1 әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (

			эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 11.2.5.1 әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау
		Бағалау және салыстыру	11.3.2.1 көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау; 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
78-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 78-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету , дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады.

3. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) "Қазақ әдебиеті" бағдарламасы білім алушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында құрастырылған;

2) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

3) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

4) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

5) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

2-тарау. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің мазмұны

4. "Қазақ әдебиеті" пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

5. "Қазақ әдебиеті" пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

6. "Түсіну және жауап беру" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;

2) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;

3) көркем шығармадағы образ;

4) шығарма үзінділерімен жұмыс;

5) қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу.

7. "Анализ және интерпретация" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әдеби шығарманың композициясы;

2) автор бейнесі;

3) көркем шығарманың тілі;

4) шығармашылық жұмыс;

5) қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар.

8. "Бағалау және салыстыру" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) тарихи және көркемдік құндылығы;

2) заманауилығы мен жаңашылдығы;

3) әдеби эссе;

4) әдеби сын.

9. 10-сыныпқа арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну, әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстыру, шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы, шығармадағы автор стилі мен көркемдегіш құралдардың қызметін ашу, көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу, әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру, шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

10. 10 сыныпта оқуға арналған көркем шығармалар тізімі:

1) Абай Құнанбаев "Сегіз аяқ", "Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы", "Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да", "Сабырсыз, арсыз, еріншек", "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым", "Болыс болдым, мінеки", "Лай суға май бітпес қой өткенге" өлеңдері; Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөз, Отыз үшінші қарасөз, "Ескендір" поэмасы;

2) Жүсіпбек Аймауытов "Ақбілек" романы;

3) Ә. Кекілбаев "Аңыздың ақыры" повесі;

4) М. Мағауин "Шақан – шері" романы;

5) Ш. Айтматов "Алғашқы ұстаз" повесі;

6) Ұ. Есдәулет "Біз түркілерміз";

7) Қ. Жұмаділов "Тағдыр" романы;

8) Шахимардан Құсайынов "Томирис" драмасы;

9) Ш. Мұртаза "Тәуекел той" әңгімесі.

11. 11-сыныпқа арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәнінің базалық мазмұны:

$\infty - \infty$

түріндегі анықталмағандықтарды ашу әдістерін қолдану;

10.4.1.15 - бірінші тамаша шекті қолданып шектерді есептеу;

10.4.1.16 - аргумент өсімшесі мен функция өсімшесінің анықтамаларын білу;

10.4.1.17 - функция туындысының анықтамасын білу және анықтама бойынша функцияның туындысын табу;

10.4.1.18 - тұрақты функцияның және дәрежелік функцияның туындыларын табу;

10.4.1.19 - функция дифференциалы анықтамасын және дифференциалдың геометриялық мағынасын білу;

10.4.1.20 - функция дифференциалын табу;

10.4.1.21 - дифференциалдаудың ережелерін білу және қолдану;

10.4.1.22 - күрделі функцияның туындысын табу;

10.4.1.23 - тригонометриялық функциялардың туындыларын табу;

10.4.1.24 - кері тригонометриялық функциялардың туындыларын табу;

10.4.1.25 - берілген нүктеде функция графигіне жүргізілген жанама теңдеуін құру;

10.4.1.26 - функцияның аралықта өсуінің (кемуінің) қажетті және жеткілікті шартын білу;

10.4.1.27 - функцияның өсу (кему) аралықтарын табу;

10.4.1.28 - функцияның кризистік нүктелерінің және экстремум нүктелерінің анықтамаларын, функция экстремумының бар болу шартын білу;

10.4.1.29 - функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерін табу ;

10.4.1.30 - функцияның екінші ретті туындысын табу;

10.4.1.31 - функция графигінің иілу нүктесінің анықтамасын және функция графигінің аралықтағы дөңестігінің (ойыстығының) қажетті және жеткілікті шартын білу,

11.4.1.9 - айналу денесінің көлемін анықталған интеграл көмегімен есептеу формуласын білу және қолдану;

11.4.1.10 - нақты көрсеткішті дәрежелік функция анықтамасын білу; дәреже көрсеткішіне тәуелді дәрежелік функция графигін салу;

11.4.1.11 - дәрежелік функция қасиеттерін білу;

11.4.1.12 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысын табу ережелерін білу және қолдану;

11.4.1.13 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның интегралын табу ережесін білу және қолдану;

11.4.1.14 көрсеткіштік функция анықтамасын білу және оның графигін салу;

11.4.1.15 көрсеткіштік функция қасиеттерін есептер шығаруда қолдану;

11.4.1.16 сан логарифмі, ондық және натурал логарифмдер анықтамаларын білу;

11.4.1.17 логарифм қасиеттерін білу және оны логарифмдік өрнектерді түрлендіруде қолдану;

11.4.1.18 логарифмдік функцияның анықтамасын білу және оның графигін салу;

11.4.1.19 логарифмдік функция қасиеттерін білу және қолдану;

11.4.1.20 көрсеткіштік функцияның туындысы мен интегралын табу;

11.4.1.21 логарифмдік функцияның туындысын табу;

11.4.1.22 дифференциалдық теңдеулер туралы негізгі ұғымдарды білу;

11.4.1.23 дифференциалдық теңдеулердің жалпы және дербес шешімдері анықтамаларын білу;

11.4.1.24 - айнымалылары ажыратылатын дифференциалдық теңдеулерді шешу;

11.4.1.25 - екінші ретті біртекті сызықты дифференциалдық теңдеулерді шешу (ay" +by'+cy=0 түріндегі ,мұндағы a,b,c - тұрақты шамалар);

	10.4.1.32 - функция графигінің дөңес (ойыс) аралықтарын таба білу; 10.4.1.33 - туындының көмегімен функцияның қасиеттерін зерттеу және оның графигін салу; 10.4.1.34 - функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндерін табу	
2. Математикалық тіл және математикалық модель	10.4.2.	11.4.2.
	10.4.2.1 - туындының геометриялық мағынасын білу; 10.4.2.2 - туындының физикалық мағынасын білу; 10.4.2.3 - нақты құбылыстар мен процестердің ықтималдық модельдерін құру	11.4.2.1 - анықталған интегралды жұмыс пен арақашықтықты есептеуге берілген физикалық есептерді шығару үшін қолдану; 11.3.2.2 - математикалық статистиканың негізгі терминдерін білу және түсіну;
3. Математикалық модельдеудің көмегімен есеп шығару	10.4.3.	11.4.3.
	10.4.3.1 - туындының физикалық мағынасына сүйене отырып, қолданбалы есептер шығару; 10.4.3.2 - туындының геометриялық мағынасын қолданып есептер шығару; 10.4.3.3 - функцияның ең үлкен (ең кіші) мәндерін табуға байланысты қолданбалы есептер шығару	11.4.3.1 - физикалық есептерді шығаруда дифференциалдық теңдеулерді қолдану; 11.4.3.2 - гармоникалық тербелістің теңдеуін құру және шешу

16. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

17. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Алгебра және анализ бастамалары" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 -11 сыныптарына арналған "Алгебра және анализ бастамалары" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7-9-сыныптардағы алгебра курсын қайталау		
	Функция және оның берілу тәсілдері. Функциялардың графиктерін түрлендіру	10.4.1.1 - функция анықтамасын және берілу тәсілдерін білу; 10.4.1.2 - функция графигіне түрлендірулер орындай алу (параллель көшіру, сығу және созу) ;.
		10.4.1.3 - функция қасиеттерін анықтай алу;

Функция, оның қасиеттері және графигі	Функцияның қасиеттері	10.4.1.4 - функцияның берілген графигі бойынша оның қасиеттерін: 1) функцияның анықталу облысы; 2) функцияның мәндер жиыны; 3) функцияның нөлдері; 4) функцияның периодтылығы; 5) функцияның бірсарындылық аралықтары; 6) функцияның таңбатұрақтылық аралықтары; 7) функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері; 8) функцияның жұптылығы, тақтылығы; 9) функцияның шектелгендігі; 10) функция үзіліссіздігі; 11) функцияның экстремумдары сипаттай алу;
	Бөлшек-сызықты функция	10.4.1.5 - $y = \frac{ax+b}{cx+d}, c \neq 0$, бөлшек-сызықты функциясының қасиеттерін анықтау және оның графигін салу
	Күрделі және кері функция ұғымдары	10.4.1.6 - кері функцияның анықтамасын білу және берілген функцияға кері функцияны табу және өзара кері функциялар графиктерінің орналасу қасиетін білу; 10.4.1.7 - f(g(x)) күрделі функциясын ажырата білу және функциялар композициясын құру
Тригонометриялық функциялар	Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері	10.2.3.1 - тригонометриялық функциялар анықтамаларын, қасиеттерін білу және олардың графиктерін сала білу
	Тригонометриялық функциялардың графиктерін түрлендірулер көмегімен салу	10.2.3.2 - тригонометриялық функциялардың графиктерін түрлендірулер көмегімен сала білу
Кері тригонометриялық функциялар	Арксинус, арккосинус, арктангенс және арккотангенс	10.2.3.3 - арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс анықтамаларын білу және олардың мәндерін таба білу;
		10.2.3.4 - кері тригонометриялық функциялардың анықтамалары мен қасиеттерін білу; 10.2.3.5 - кері тригонометриялық функциялардың графиктерін салу;

	Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері	10.2.3.6 - кері тригонометриялық функциялары бар өрнектерді түрлендірулер орындау
	Кері тригонометриялық функциялары бар қарапайым теңдеулер	10.2.3.7 - кері тригонометриялық функциялары бар қарапайым теңдеулерді шеше алу
2-тоқсан		
Тригонометриялық теңдеулер	Қарапайым тригонометриялық теңдеулер	10.2.3.8 - қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шеше алу; 10.2.3.9 - тригонометриялық теңдеулерді көбейткіштерге жіктеу арқылы шешу;
	Тригонометриялық теңдеулер және олардың жүйелерін шешу әдістері	10.2.3.10 - квадрат теңдеуге келтірілетін тригонометриялық теңдеулерді шеше алу; 10.2.3.11 - тригонометриялық теңдеулерді тригонометриялық өрнектерді түрлендіру формулаларын қолдану арқылы шеше алу; 10.2.3.12 - біртекті тригонометриялық теңдеулерді шеше алу; 10.2.3.13 - тригонометриялық теңдеулерді тригонометриялық функциялардың дәрежесін төмендету формулалары арқылы шеше алу; 10.2.3.14 - тригонометриялық теңдеулерді қосымша аргумент енгізу әдісі арқылы шеше алу; 10.2.3.15 - тригонометриялық теңдеулерді универсал алмастыру арқылы шеше алу; 10.2.3.16 - тригонометриялық теңдеулер жүйелерін шеше алу
Тригонометриялық теңсіздіктер	Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу	10.2.3.17 - қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерді шеше алу; 10.2.3.18 - тригонометриялық теңсіздіктерді шеше алу
	Комбинаторика элементтері және оларды оқиғалардың ықтималдықтарын табуда	10.3.1.1 - қайталанбайтын және қайталанбалы "алмастырулар", "орналастырулар", "терулер" ұғымдарын ажырата білу; 10.3.1.2 - қайталанбайтын алмастырулар, орналастырулар және терулерді есептеу үшін формулаларды қолдану; 10.3.1.3 - қайталанбалы алмастырулар, орналастырулар

Ықтималдық	қолданылуы. Жуықтап есептеулер үшін Ньютон биномы	және терулерді есептеу үшін формулаларды қолдану; 10.3.1.4 - комбинаторика формулаларын қолданып, ықтималдықтарды табуға есептер шығару; 10.3.1.5 - жуықтап есептеулер үшін Ньютон биномын (натурал көрсеткішпен) қолдану
	Оқиға ықтималдығы және оның қасиеттері	10.3.2.1 - кездейсоқ оқиға ұғымын, кездейсоқ оқиға түрлерін білу және оларға мысалдар келтіру; 10.3.2.2 - ықтималдықтар қасиеттерін қолданып, кездейсоқ оқиғалардың ықтималдығын есептеу
	Шартты ықтималдық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері	10.3.2.3 - ықтималдықтарды қосу ережелерін түсіну және қолдану * P(A + B) = P(A) + P(B) * P(A +B) = P(A) + P(B) – P(A · B); 10.3.2.4 - ықтималдықтарды көбейту ережелерін түсіну және қолдану * P(A · B) = P(A) · P(B) *P(A · B) = P(A) · PA(B)= P(B)PB(A);
	Толық ықтималдық формуласы және Байес формуласы	10.3.2.5 - толық ықтималдық формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.3.2.6 - Байес формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану
	Бернулли формуласы және оның салдарлары	10.3.2.7 - Бернулли схемасын қолдану шартын және Бернулли формуласын білу; 10.3.2.8 - Бернулли формуласы мен оның салдарларын есептер шығаруда қолдану
	Нақты құбылыстар мен процестердің ықтималдық моделдері	10.4.2.3 - нақты құбылыстар мен процестердің ықтималдық модельдерін құру
3-тоқсан		
	Бірнеше айнымалысы бар көпмүшелер және олардың стандарт түрі	10.2.1.1 - бірнеше айнымалысы бар көпмүшенінің анықтамасын білу және оны стандарт түрге келтіру, стандарт түрдегі көпмүшенің дәрежесін анықтау
	Біртекті және симметриялы көпмүшелер	10.2.1.2 - симметриялы және біртекті көпмүшелерді танып білу

Көпмүшелер	Бір айнымалысы бар көпмүшенің жалпы түрі	10.2.1.3 - бір айнымалысы бар көпмүшелерді ажырата және оны стандарт түрге келтіре алу; 10.2.1.4 - бір айнымалысы бар көпмүшенің бас коэффициентін, дәрежесін және бос мүшесін табу
	Көбейткіштерге жіктеу әдісі арқылы бір айнымалысы бар көпмүше түбірлерін табу	10.2.1.5 - көбейткіштерге жіктеу әдісі арқылы бір айнымалысы бар көпмүшенің түбірлерін табу; 10.2.1.6 - көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу үшін $x^n - a^n, x^{2n+1} + a^{2n+1}, n \in N$ формулаларын қолдану
	Көпмүшені көпмүшеге "бұрыштап " бөлу	10.2.1.7 - көпмүшені көпмүшеге " бұрыштап" бөлуді орындау
	Безу теоремасы, Горнер схемасы	10.2.1.8 - Безу теоремасын және оның салдарларын есеп шығаруда қолдану; 10.2.1.9 - симметриялы және біртекті көпмүшелер түбірлерін табудың түрлі тәсілдерін қолдану; 10.2.1.10 - көпмүше түбірлерін табу үшін Горнер схемасын қолдану
	Анықталмаған коэффициенттер әдісі	10.2.1.13 - анықталмаған коэффициенттер әдісін білу және оны көпмүшені көбейткіштерге жіктеуде қолдану.
	Бүтін коэффициетті көпмүшенің рационал түбірлері туралы теорема	10.2.1.11 - бір айнымалысы бар бүтін коэффициетті көпмүшенің рационал түбірі туралы теореманы оның түбірлерін табуда қолдану
	Квадрат теңдеу түріне келтірілетін жоғары дәрежелі теңдеулер	10.2.2.1 - жоғары дәрежелі теңдеулерді шешуде көбейткіштерге жіктеу әдісін қолдану; 10.2.2.2 - жоғары дәрежелі теңдеулерді шешуде жаңа айнымалы енгізу әдісін қолдану
	Үшінші дәрежелі көпмүше үшін жалпыланған Виет теоремасы	10.2.1.12 - жалпыланған Виет теоремасын білу және оны үшінші ретті көпмүшелерге қолдану
	Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі	10.4.1.8 - функцияның нүктедегі шегінің анықтамасын білу және оны есептеу; 10.4.1.9 - функцияның шексіздіктегі шегінің анықтамасын білу және оны есептеу
		10.4.1.10 - функция графигіне жүргізілген асимптотаның

Функцияның шегі және үзіліссіздігі	Функция графигінің асимптоталары	анықтамасын білу және асимптоталардың теңдеулерін құра білу
	Сан тізбегінің шегі	10.4.1.11 - функцияның шексіздіктегі шегінің қасиеттерін қолданып сан тізбектерінің шектерін табу
	Функцияның нүктедегі және жиындағы үзіліссіздігі	10.4.1.12 - функцияның нүктедегі үзіліссіздігінің және функцияның жиындағы үзіліссіздігінің анықтамаларын білу; 10.4.1.13 - үзіліссіз функциялардың қасиеттерін білу және оларды функция үзіліссіздігін дәлелдеуде қолдану
	Шектерді табу. Бірінші тамаша шек	10.4.1.14 - шектерді есептеуде $\frac{0}{0}; \frac{\infty}{\infty}$ және $\infty - \infty$ түріндегі анықталмағандықтарды ашу әдістерін қолдану; 10.4.1.15 - бірінші тамаша шекті қолданып шектерді есептеу
Туынды	Туындының анықтамасы	10.4.1.16 - аргумент өсімшесі мен функция өсімшесінің анықтамаларын білу; 10.4.1.17 - функция туындысының анықтамасын білу және анықтама бойынша функцияның туындысын табу; 10.4.1.18 - тұрақты функцияның және дәрежелік функцияның туындыларын табу
	Функция дифференциалы ұғымы	10.4.1.19 - функция дифференциалы анықтамасын және дифференциалдың геометриялық мағынасын білу; 10.4.1.20 - функция дифференциалын табу
	Туынды табу ережелері	10.4.1.21 - дифференциалдаудың ережелерін білу және қолдану
	Күрделі функция туындысы	10.4.1.22 - күрделі функцияның туындысын табу
	Тригонометриялық функциялардың туындылары	10.4.1.23 - тригонометриялық функциялардың туындыларын табу;
	Кері тригонометриялық функциялардың туындылары	10.4.1.24 - кері тригонометриялық функциялардың туындыларын табу

	Туындының физикалық және геометриялық мағынасы	10.4.2.1 - туындының геометриялық мағынасын білу; 10.4.2.2 - туындының физикалық мағынасын білу; 10.4.3.1 - туындының физикалық мағынасына сүйене отырып, қолданбалы есептер шығару; 10.4.3.2 - туындының геометриялық мағынасын қолданып есептер шығару
	Функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуі	10.4.1.25 - берілген нүктеде функция графигіне жүргізілген жанама теңдеуін құру
4-тоқсан		
Туындының қолданылуы	Функцияның өсу және кему белгілері	10.4.1.26 - функцияның аралықта өсуінің (кемуінің) қажетті және жеткілікті шартын білу; 10.4.1.27 - функцияның өсу (кему) аралықтарын табу
	Функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелері	10.4.1.28 - функцияның кризистік нүктелерінің және экстремум нүктелерінің анықтамаларын, функция экстремумының бар болу шартын білу; 10.4.1.29 - функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерін табу
	Функция графигінің иілу нүктелері, функция графигінің дөңестігі. Функцияны дөңестікке зерттеу	10.4.1.30 - функцияның екінші ретті туындысын табу; 10.4.1.31 - функция графигінің иілу нүктесінің анықтамасын және функция графигінің аралықтағы дөңестігінің (ойыстығының) қажетті және жеткілікті шартын білу, 10.4.1.32 - функция графигінің дөңес (ойыс) аралықтарын таба білу
	Туындының көмегімен функцияны зерттеу және графигін салу.	10.4.1.33 - туындының көмегімен функцияның қасиеттерін зерттеу және оның графигін салу
	Функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндері	10.4.1.34 - функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндерін табу; 10.4.3.3 - функцияның ең үлкен (ең кіші) мәндерін табуға байланысты қолданбалы есептер шығару
	Кездейсоқ шамалар	10.3.2.9 - кездейсоқ шаманың не екенін түсіну және кездейсоқ шамаларға мысалдар келтіру

Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары	Дискретті кездейсоқ шамалар	10.3.2.10 - дискретті және үзіліссіз кездейсоқ шамалардың анықтамаларын білу және оларды ажырата алу; 10.3.2.11 - кейбір дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім заңы кестесін құру
	Үзіліссіз кездейсоқ шама ұғымы	10.3.2.12 - дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімі ұғымын және оның қасиеттерін білу
	Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары	10.3.2.13 - дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімін есептеу; 10.3.2.14 - дискретті кездейсоқ шаманың дисперсиясы мен орташа квадраттық (стандартты) ауытқуын есептеу; 10.3.2.15 - дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын
	Дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім түрлері. Үлкен сандар заңы	10.3.2.16 - дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім түрлерін ажырата білу: биномдық үлестірім , геометриялық үлестірім, гипергеометриялық үлестірім; 10.3.2.17 - үлкен сандар заңының тұжырымдамасын білу
10-сыныптағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау		

2) 11-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
10-сыныптағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау		
	Алғашқы функция және анықталмаған интеграл.	11.4.1.1 - алғашқы функция және анықталмаған интеграл анықтамаларын білу; 11.4.1.2 - анықталмаған интеграл қасиеттерін білу және қолдану; 11.4.1.3 - негізгі анықталмаған интегралдарды 1. $\int kdx = kx + C$ 2. $\int x^n dx = \frac{x^{n+1}}{n+1} + C, n \neq -1;$ 3. $\int \cos xdx = \sin x + C;$

Алғашқы функция және интеграл	Анықталмаған интеграл қасиеттері	4. $\int \sin\ xdx = -\cos\ x + C$; 5. $\int \frac{dx}{\cos^2 x} = tgx + C$; 6. $\int \frac{dx}{\sin^2 x} = -ctgx + C$ білу және оларды есептер шығаруда қолдану
	Интегралдау тәсілдері	11.4.1.4 - айнымалыны алмастыру әдісімен интегралды есептеу; 11.4.1.5 - бөліктеп интегралдау әдісімен интегралды есептеу
	Қисықсызықты трапеция және оның ауданы. Анықталған интеграл.	11.4.1.6 - қисықсызықты трапецияның анықтамасын білу және оның ауданын табу үшін Ньютон – Лейбниц формуласын қолдану
	Анықталған интегралдың геометриялық және физикалық есептерді шығаруда қолданылуы	11.4.1.7 - анықталған интеграл ұғымын білу, анықталған интегралды есептей білу; 11.4.1.8 - берілген сызықтармен шектелген жазық фигураның ауданын есептеу; 11.4.1.9 - айналу денесінің көлемін анықталған интеграл көмегімен есептеу формуласын білу және қолдану; 11.4.2.1 - анықталған интегралды жұмыс пен арақашықтықты есептеуге берілген физикалық есептерді шығару үшін қолдану
Математикалық статистика элементтері	Бас жиын және таңдама	11.3.2.2 - математикалық статистиканың негізгі терминдерін білу және түсіну
	Дискретті және интервалды вариациялық қатарлар	11.3.3.1 - математикалық статистиканың негізгі терминдерін білу және түсіну; 11.3.3.2 - дискретті және аралық вариациялық қатарларды құрастыру үшін таңдаманы өңдеу
		11.3.3.3 - берілген шартқа сәйкес вариациялық қатарлардың деректерін талдау;

	Кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын таңдамалар бойынша бағалау	11.3.3.4 - таңдама бойынша кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын бағалау
2-тоқсан		
Дәрежелер мен түбірлер. Дәрежелік функция	n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері	11.2.1.1 - n-ші дәрежелі түбір және n-ші дәрежелі арифметикалық түбір анықтамасын білу; 11.2.1.2 - n-ші дәрежелі түбір қасиеттерін білу
	Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру.	11.2.1.3 - рационал көрсеткішті дәреже анықтамасын және қасиеттерін білу; 11.2.1.4 - алгебралық өрнектерді түрлендіру үшін рационал көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану
	Иррационал өрнектерді түрлендіру.	11.2.1.5 - иррационал өрнектерді түрлендіру үшін n-ші дәрежелі түбір қасиеттерін қолдану
	Дәрежелік функция, оның қасиеттері мен графигі	11.4.1.10 - нақты көрсеткішті дәрежелік функция анықтамасын білу; дәреже көрсеткішіне тәуелді дәрежелік функция графигін салу; 11.4.1.11 - дәрежелік функция қасиеттерін білу
	Нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысы мен интегралы	11.4.1.12 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысын табу ережелерін білу және қолдану; 11.4.1.13 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның интегралын табу ережесін білу және қолдану
Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер	Иррационал теңдеулер мен олардың жүйелері	11.2.2.1 - иррационал теңдеудің анықтамасын білу, оның мүмкін мәндер жиынын анықтай алу; 11.2.2.2 - теңдеудің екі жағын бірдей n-ші дәрежеге шығару әдісі арқылы иррационал теңдеулерді шеше алу; 11.2.2.3 - айнымалыны алмастыру әдісі арқылы иррационал теңдеулерді шеше алу; 11.2.2.4 - иррационал теңдеулер жүйелерін шеше алу
	Иррационал теңсіздіктер	11.2.2.5 - иррационал теңсіздіктерді шеше алу
3-тоқсан		
		11.1.1.1 - комплекс санның және оның модулінің анықтамаларын білу;

Комплекс сандар	Жорамал сандар. Комплекс сандар анықтамасы	11.1.1.2 - комплекс санды комплекс жазықтықта кескіндеу алу; 11.1.1.3 - түйіндес комплекс сандар анықтамасы мен олардың қасиеттерін білу
	Алгебралық түрдегі комплекс сандарға амалдар қолдану	11.1.2.1 - алгебралық түрде берілген комплекс сандарға арифметикалық амалдар қолдану; 11.1.2.2 - алгебралық түрдегі комплекс санды бүтін дәрежеге шығарғанда мәнінің заңдылығын қолдану; 11.1.2.3 - комплекс санның квадрат түбірін таба алу;
	Квадрат теңдеулердің комплекс түбірлері	11.1.2.4 - квадрат теңдеулерді комплекс сандар жиынында шешу
	Алгебраның негізгі теоремасы	11.1.2.5 - алгебраның негізгі теоремасын және оның салдарларын білу
Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар	Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері және графигі	11.4.1.14 көрсеткіштік функция анықтамасын білу және оның графигін салу; 11.4.1.15 көрсеткіштік функция қасиеттерін есептер шығаруда қолдану
	Сан логарифмі және оның қасиеттері	11.4.1.16 сан логарифмі, ондық және натурал логарифмдер анықтамаларын білу; 11.4.1.17 логарифм қасиеттерін білу және оны логарифмдік өрнектерді түрлендіруде қолдану
	Логарифмдік функция, оның қасиеттері және графигі	11.4.1.18 логарифмдік функцияның анықтамасын білу және оның графигін салу; 11.4.1.19 логарифмдік функция қасиеттерін білу және қолдану
	Көрсеткіштік функцияның туындысы мен интегралы	11.4.1.20 көрсеткіштік функцияның туындысы мен интегралын табу
	Логарифмдік функцияның туындысы	11.4.1.21 логарифмдік функцияның туындысын табу
	Көрсеткіштік теңдеулер және олардың жүйелері	11.2.2.6 - көрсеткіштік теңдеулерді шешу әдістерін білу және қолдану; 11.2.2.7 - көрсеткіштік теңдеулер жүйелерін шеше білу
		11.2.2.8 - логарифмдік теңдеулерді шешу әдістерін білу және қолдану ;

Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	Логарифмдік теңдеулер және олардың жүйелері	11.2.2.9 - логарифмдік теңдеулер жүйелерін шеше білу
	Көрсеткіштік теңсіздіктер	11.2.2.10 - көрсеткіштік теңсіздіктер мен олардың жүйелерін шеше білу;
	Логарифмдік теңсіздіктер	11.2.2.11 - логарифмдік теңсіздіктер мен олардың жүйелерін шеше білу
4-тоқсан		
Дифференциалдық теңдеулер	Дифференциалдық теңдеулер туралы жалпы мағлұмат	11.4.1.22 дифференциалдық теңдеулер туралы негізгі ұғымдарды білу; 11.4.1.23 дифференциалдық теңдеулердің жалпы және дербес шешімдері анықтамаларын білу
	Айнымалылары ажыратылатын бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер	11.4.1.24 - айнымалылары ажыратылатын дифференциалдық теңдеулерді шешу; 11.4.3.1 - физикалық есептерді шығаруда дифференциалдық теңдеулерді қолдану
	Екінші ретті тұрақты коэффициентті біртекті сызықтық дифференциалдық теңдеулер.	11.4.1.25 - екінші ретті біртекті сызықты дифференциалдық теңдеулерді шешу (ay''+by'+cy=0 түріндегі ,мұндағы a,b,c -тұрақты шамалар); 11.4.3.2 - гармоникалық тербелістің теңдеуін құру және шешу
10-11-сыныптардағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау		

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
105-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Алгебра және анализ бастамалары" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 105-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Жалпы орта білім беру деңгейінде "Алгебра және анализ бастамалары" пәнін оқыту маңызды болып табылады, себебі оны оқып-үйрену барысында математиканың практикалық маңыздылығы, тұлғаның логикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ, ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқып-білуге қажетті математикалық білім мен білік негіздерін игеру қоршаған ортаның біртұтастығы туралы түсінікті қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Мақсаты: қазіргі замандағы қоғамда өзін еркін сезінуге адамға қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту; практикалық іс-әрекеттерде қолдануда, басқа пәндерді үйренуде, білім алуды жалғастыруда қажетті математикалық білімді меңгеру.

4. Міндеттері:

Бағдарламаның "Алгебра", "Статистика және ықтималдықтар теориясы", " Математикалық модельдеу және анализ" бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге ықпал ету;

есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді суреттеп беруге бағыттау;

практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен олардың нақтылығын айқындауда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар түрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, белсенділік , табандылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

2-тарау. "Алгебра және анализ бастамалары" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Алгебра және анализ бастамалары" оқу пәнінің мазмұны

5. "Алгебра және анализ бастамалары" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. 10-сыныпқа арналған "Алгебра және анализ бастамалары" пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 7-9-сыныптардағы алгебра курсын қайталау;

2) "Функция, оның қасиеттері және графигі". Функция және оның берілу тәсілдері. Функциядың графиктерін түрлендіру. Функцияның қасиеттері. Кері функция ұғымы. Күрделі функция;

3) "Тригонометриялық функциялар". Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері. Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс;

4) "Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер". Қарапайым тригонометриялық теңдеулер. Тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістері. Қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерді шешу;

5) "Ықтималдық". Оқиға ықтималдығы және оның қасиеттері. Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері;

6) "Туынды". Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі. Функцияның нүктедегі және жиындағы үзіліссіздігі. Туындының анықтамасы. Туындыны табу ережелері. Туындының физикалық және геометриялық мағынасы. Функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуі. Күрделі функцияның туындысы. Тригонометриялық функциялардың туындылары;

7) "Туындының қолданылуы". Функцияның өсу және кему белгілері. Функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелері. Туындының көмегімен функцияны зерттеу және оның графигін салу. Функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндері;

8) "Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары". Кездейсоқ шамалар. Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамалар. Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары;

9) 10-сыныптағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау.

7. 11-сыныпқа арналған "Алгебра және анализ бастамалары" пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 10-сыныптағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау;

2) "Алғашқы функция және интеграл". Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интеграл қасиеттері. Қисықсызықты трапеция және оның ауданы. Анықталған интеграл. Жазық фигуралар аудандары мен айналу денелерінің көлемдерін анықталған интеграл көмегімен есептеу;

3) "Дәреже және түбір. Дәрежелік функция". n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері. Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Иррационал өрнектерді түрлендіру. Дәрежелік функция, оның қасиеттері мен графигі. Нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысы мен интегралы;

4) "Иррационал теңдеулер". Иррационал теңдеулер. Иррационал теңдеулерді шешу әдістері;

5) "Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар". Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері мен графигі. Санның логарифмі және оның қасиеттері. Логарифмдік функция, оның қасиеттері мен графигі. Көрсеткіштік функцияның туындысы мен интегралы. Логарифмдік функцияның туындысы;

6) "Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер". Көрсеткіштік теңдеулер. Логарифмдік теңдеулер. Көрсеткіштік теңсіздіктер. Логарифмдік теңдеулер. Логарифмдік теңсіздіктер;

7) "Математикалық статистика элементтері". Бас жиын және таңдама. Дискретті және интервалды вариациялық қатарлар. Кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын таңдама бойынша бағалау;

8) 10-11 сыныптардағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімше ішінде тізбектеліп жазылған оқыту мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік жасайды.

9. Оқу пәнінің мазмұны үш бөлімді қамтиды: "Алгебра", "Статистика және ықтималдықтар теориясы", "Математикалық модельдеу және анализ".

10. "Алгебра" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру,

2) Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары;

3) Тригонометрия.

11. "Статистика және ықтималдықтар теориясы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Ықтималдықтар теориясының негіздері;
2) Статистика және деректерді талдау.
12. "Математикалық модельдеу және анализ" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) Математикалық анализ бастамалары;
2) Математикалық тіл және математикалық модель;
3) Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

13. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында "10" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқу мақсатының реттік саны.

14. Білім алушыларға қойылатын мақсаттар:

1-бөлім. "Алгебра"		
Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1.Алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру	10.1.1.	11.1.1.
		11.1.1.1 - n-ші дәрежелі түбір және n-ші дәрежелі арифметикалық түбірдің анықтамасын білу; 11.1.1.2 - n-ші дәрежелі түбір қасиеттерін білу; 11.1.1.3 - рационал көрсеткішті дәреже анықтамасын және қасиеттерін білу; 11.1.1.4 - алгебралық өрнектерді түрлендіру үшін рационал көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану; 11.1.1.5 - иррационал өрнектерді түрлендіруде n-ші дәрежелі түбір қасиеттерін қолдану;
2. Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары	10.1.2.	11.1.2.
		11.1.2.1 - иррационал теңдеудің анықтамасын білу, оның мүмкін болатын мәндер жиынын анықтай алу; 11.1.2.2 - теңдеудің екі жағын n дәрежеге шығару әдісі арқылы иррационал теңдеулерді шеше алу ; 11.1.2.3 - айнымалыны алмастыру әдісі арқылы иррационал теңдеулерді шеше алу; 11.1.2.4 - көрсеткіштік теңдеулерді шеше алу; 11.1.2.5 - логарифмдік теңдеулерді шеше алу;

		11.1.2.6 - көрсеткіштік теңсіздіктерді шеше алу; 11.1.2.7 - логарифмдік теңсіздіктерді шеше алу;
3.Тригонометрия	10.1.3.	11.1.3.
	10.1.3.1 - тригонометриялық функциялар анықтамаларын, қасиеттерін білу және олардың графиктерін сала білу; 10.1.3.2 - тригонометриялық функциялардың графиктерін түрлендірулер көмегімен сала білу ; 10.1.3.3 - арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс анықтамаларын білу және олардың мәндерін таба білу; 10.1.3.4 - құрамында кері тригонометриялық функциялары бар өрнектердің мәндерін табу; 10.1.3.5 - қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шеше алу; 10.1.3.6 - тригонометриялық теңдеулерді көбейткіштерге жіктеу арқылы шеше алу; 10.1.3.7 - квадрат теңдеуге келтірілетін тригонометриялық теңдеулерді шеше алу; 10.1.3.8 - біртекті тригонометриялық теңдеулерді шеше алу; 10.1.3.9 - қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерді шеше алу;	
2-бөлім. "Статистика және ықтималдықтар теориясы"		
Бөлімше	10-сынып	11-сынып
	10.2.1.	11.2.1.
	10.2.1.1 - кездейсоқ оқиға ұғымын, кездейсоқ оқиға түрлерін білу және оларға мысалдар келтіру; 10.2.1.2 - ықтималдықтар қасиеттерін қолданып, кездейсоқ оқиғалардың ықтималдығын есептеу; 10.2.1.3 - ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелерін: * $P(A \cdot B) = P(A) \cdot P(B)$; * $P(A + B) = P(A) + P(B)$; * $P(A + B) = P(A) + P(B) - P(A \cdot B)$ түсіну және қолдану;	

1. Ықтималдықтар теориясының негіздері	10.2.1.4 - кездейсоқ шаманың не екенін түсіну және кездейсоқ шамаларға мысалдар келтіру; 10.2.1.5 - дискретті және үзіліссіз кездейсоқ шамалардың анықтамаларын білу және оларды ажырата алу; 10.2.1.6 - кейбір дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім заңы кестесін құру; 10.2.1.7 - дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімі ұғымын және оның қасиеттерін білу; 10.2.1.8 - дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімін есептеу; 10.2.1.9 - дискретті кездейсоқ шаманың дисперсиясы мен орташа квадраттық (стандартты) ауытқуын есептеу; 10.2.1.10 - дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын қолдану арқылы есептер шығару;	
2. Статистика және деректерді талдау	10.2.2.	11.2.2.
		11.2.2.1 - математикалық статистиканың негізгі терминдерін білу және түсіну; 11.2.2.2 - дискретті және аралық вариациялық қатарларды құрастыру үшін таңдаманы өңдеу; 11.2.2.3 - таңдама бойынша кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын бағалау;
3-бөлім. "Математикалық модельдеу және анализ"		
Бөлімше	10-сынып	11-сынып
	10.3.1.	11.3.1.
	10.3.1.1 - функция анықтамасын және берілу тәсілдерін білу; 10.3.1.2 - функция графигіне түрлендірулер орындай алу (параллель көшіру, сығу және созу) ; 10.1.1.3 - функция қасиеттерін анықтай алу; 10.3.1.4 - функцияның берілген графигі бойынша оның қасиеттерін: 1) функцияның анықталу облысы; 2) функцияның мәндер жиыны;	11.3.1.1 - алғашқы функция және анықталмаған интеграл анықтамаларын білу; 11.3.1.2 - анықталмаған интеграл қасиеттерін білу және қолдану; 11.3.1.3 - негізгі анықталмаған интегралдарды 1. $\int x^n dx = \frac{x^{n+1}}{n+1} + C, n \neq -1;$ 2.

1. Математикалық анализ бастамалары	3) функцияның нөлдері; 4) функцияның периодтылығы; 5) функцияның бірсарындылық аралықтары; 6) функцияның таңбатұрақтылық аралықтары; 7) функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері; 8) функцияның жұптылығы, тақтылығы; 9) функцияның шектелгендігі; 10) функция үзіліссіздігі; 11) функцияның экстремумдары сипаттай алу; 10.3.1.5 - кері функцияның анықтамасын білу және берілген функцияға кері функцияны табу және өзара кері функциялар графиктерінің орналасу қасиетін білу; 10.3.1.6 - f(g(x)) күрделі функциясын ажырата білу және функциялар композициясын құру; 10.3.1.7 - функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегінің анықтамасын білу; 10.3.1.8 - үзіліссіз функцияның анықтамасын білу; 10.3.1.9 - функция туындысының анықтамасын білу және анықтама бойынша функцияның туындысын табу; 10.3.1.10 - тұрақты функцияның және дәрежелік функцияның туындыларын табу; 10.3.1.11 - дифференциалдаудың ережелерін білу және қолдану; 10.3.1.12 - функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін құрастыру; 10.3.1.13 - тригонометриялық функциялардың туындыларын табу; 10.3.1.14 - күрделі функцияның анықтамасын білу және оның туындысын табу; 10.3.1.15 - функцияның аралықта өсуінің (кемуінің) қажетті және жеткілікті шартын білу және қолдану; 10.3.1.16 - функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерінің анықтамаларын және	$\int \cos x dx = \sin x + C;$ 3. $\int \sin x dx = -\cos x + C$; 4. $\int \frac{dx}{\cos^2 x} = tgx + C$; 5. $\int \frac{dx}{\sin^2 x} = -ctgx + C$ білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.1.4 - қисық сызықты трапецияның анықтамасын білу және оның ауданын табу үшін Ньютон-Лейбниц формуласын қолдану; 11.3.1.5 - анықталған интеграл ұғымын білу және оны есептеу; 11.3.1.6-берілген сызықтармен шектелген жазық фигураның ауданын есептеу; 11.3.1.7 - айналу денесінің көлемін анықталған интеграл көмегімен есептеу формуласын білу және қолдану; 11.3.1.8 - дәрежелік функция анықтамасын білу және дәреже көрсеткішіне тәуелді дәрежелік функция графигін салу; 11.3.1.9 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысын табу ережелерін білу және қолдану; 11.3.1.10 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның интегралын табу ережелерін білу және қолдану; 11.3.1.11 - көрсеткіштік функция анықтамасын білу және оның графигін салу; 11.3.1.12 - көрсеткіштік функцияның негізіне қатысты қасиеттерін білу; 11.3.1. 13 - сан логарифмі, ондық және натурал логарифмдер анықтамаларын білу;

	экстремумының бар болу шартын білу; 10.3.1.17 - функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерін табу; 10.3.1.18 - туындының көмегімен функция қасиеттерін зерттеу және оның графигін салу; 10.3.1.19 - функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндерін табу;	11.3.1.14 - логарифм қасиеттерін білу және оны логарифмдік өрнектерді түрлендіруде қолдану; 11.3.1.15 - логарифмдік функцияның анықтамасын, қасиеттерін білу және оның графигін салу; 11.3.1.16 - көрсеткіштік функцияның туындысы мен интегралын табу; 11.3.1.17 - логарифмдік функцияның туындысын табу;
2. Математикалық тіл және математикалық модель	10.3.2.	11.3.2.
	10.3.2.1 - туындының геометриялық мағынасын білу; 10.3.2.2 - туындының физикалық мағынасын білу;	
3. Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару	10.3.3.	11.3.3.
	10.3.3.1 - туындының физикалық мағынасына сүйене отырып, қолданбалы есептер шығару; 10.3.3.2 - туындының геометриялық мағынасын қолданып есептер шығару; 10.3.3.3 - функцияның ең үлкен (ең кіші) мәндерін табуға байланысты қолданбалы есептер шығару;	

15. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

16. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Алгебра және анализ бастамалары" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі қосымшада берілген ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Алгебра және анализ бастамалары" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 10-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7-9-сыныптардағы алгебра курсын қайталау		
	Функция және оның берілу тәсілдері	10.3.1.1 - функция анықтамасын және берілу тәсілдерін білу;
		10.3.1.2 - функция графигіне түрлендірулер орындай алу (

Функция, оның қасиеттері және графигі	Функциялардың графиктерін түрлендіру	параллель көшіру, сығу және созу) ;
	Функция қасиеттері	10.1.1.3 - функция қасиеттерін анықтай алу; 10.3.1.4 - функцияның берілген графигі бойынша оның қасиеттерін: 1) функцияның анықталу облысы; 2) функцияның мәндер жиыны; 3) функцияның нөлдері; 4) функцияның периодтылығы; 5) функцияның бірсарындылық аралықтары; 6) функцияның таңбатұрақтылық аралықтары; 7) функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері; 8) функцияның жұптылығы, тақтылығы; 9) функцияның шектелгендігі; 10) функция үзіліссіздігі; 11) функцияның экстремумдары сипаттай алу;
	Кері функция ұғымы	10.3.1.5 - кері функцияның анықтамасын білу және берілген функцияға кері функцияны табу және өзара кері функциялар графиктерінің орналасу қасиетін білу;
	Күрделі функция	10.3.1.6 - f(g(x)) күрделі функциясын ажырата білу және функциялар композициясын құру;
Тригонометриялық функциялар	Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері	10.1.3.1 - тригонометриялық функциялар анықтамаларын, қасиеттерін білу және олардың графиктерін сала білу; 10.1.3.2 - тригонометриялық функциялардың графиктерін түрлендірулер көмегімен сала білу ;
	Арксинус, арккосинус, арктангенс , арккотангенс	10.1.3.3 - арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс анықтамаларын білу және олардың мәндерін таба білу; 10.1.3.4 - құрамында кері тригонометриялық функциялары бар өрнектердің мәнін табу;
2-тоқсан		
	Қарапайым тригонометриялық теңдеулер	10.1.3.5 - қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шеше алу;

Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер	Тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістері	10.1.3.6 - тригонометриялық теңдеулерді көбейткіштерге жіктеу арқылы шеше алу; 10.1.3.7 - квадрат теңдеуге келтірілетін тригонометриялық теңдеулерді шеше алу; 10.1.3.8 - біртекті тригонометриялық теңдеулерді шеше алу;
	Қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерді шешу	10.1.3.9 - қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерді шеше алу
Ықтималдық	Оқиға ықтималдығы және оның қасиеттері	10.2.1.1 - кездейсоқ оқиға ұғымын, кездейсоқ оқиға түрлерін білу және оларға мысалдар келтіру; 10.2.1.2 - ықтималдықтар қасиеттерін қолданып, кездейсоқ оқиғалардың ықтималдығын есептеу;
	Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері	10.2.1.3 - ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелерін: * $P(A \cdot B) = P(A) \cdot P(B)$; * $P(A + B) = P(A) + P(B)$; * $P(A + B) = P(A)+P(B) - P(A \cdot B)$ түсіну және қолдану;
3-тоқсан		
Туынды	Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі	10.3.1.7 - функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегінің анықтамасын білу;
	Функцияның нүктедегі және жиындағы үзіліссіздігі	10.3.1.8 - үзіліссіз функцияның анықтамасын білу;
	Туындының анықтамасы	10.3.1.9 - функция туындысының анықтамасын білу білу және анықтама бойынша функцияның туындысын табу;
	Туындыны табу ережелері	10.3.1.10 - тұрақты функцияның және дәрежелік функцияның туындыларын табу; 10.3.1.11 - дифференциалдаудың ережелерін білу және қолдану;
	Туындының физикалық және геометриялық мағынасы	10.3.2.1 - туындының геометриялық мағынасын білу; 10.3.2.2 - туындының физикалық мағынасын білу; 10.3.3.1 - туындының физикалық мағынасына сүйене отырып, қолданбалы есептер шығару; 10.3.3.2 - туындының геометриялық мағынасын қолданып есептер шығару;

	Функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуі	10.3.1.12 - функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін құрастыру;
	Күрделі функцияның туындысы	10.3.1.14 - күрделі функцияның анықтамасын білу және оның туындысын табу;
	Тригонометриялық функциялардың туындылары	10.3.1.13 - тригонометриялық функциялардың туындыларын табу;
Туындының қолданылуы	Функцияның өсу және кему белгілері	10.3.1.15 - функцияның аралықта өсуінің (кемуінің) қажетті және жеткілікті шартын білу және қолдану;
	Функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелері	10.3.1.16 - функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерінің анықтамаларын және экстремумының бар болу шартын білу; 10.3.1.17 - функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерін табу;
	Туындының көмегімен функцияны зерттеу және оның графигін салу	10.3.1.18 - туындының көмегімен функция қасиеттерін зерттеу және оның графигін салу;
	Функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндері	10.3.1.19 - функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндерін табу; 10.3.3.3 - функцияның ең үлкен (ең кіші) мәндерін табуға байланысты қолданбалы есептер шығару;
4-тоқсан		
Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары	Кездейсоқ шамалар	10.2.1.4 - кездейсоқ шаманың не екенін түсіну және кездейсоқ шамаларға мысалдар келтіру;
	Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамалар	10.2.1.5 - дискретті және үзіліссіз кездейсоқ шамалардың анықтамаларын білу және оларды ажырата алу; 10.2.1.6 - кейбір дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім заңы кестесін құру;
	Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары	10.2.1.7 - дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімі ұғымын және оның қасиеттерін білу; 10.2.1.8 - дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімін есептеу; 10.2.1.9 - дискретті кездейсоқ шаманың дисперсиясы мен

		орташа квадраттық (стандартты) ауытқуын есептеу; 10.2.1.10 - дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын қолдану арқылы есептер шығару;
10-сыныптағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау		

2) 11-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
10-сыныптағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау		
Алғашқы функция және интеграл	Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интеграл қасиеттері	11.3.1.1 - алғашқы функция және анықталмаған интеграл анықтамаларын білу; 11.3.1.2 - анықталмаған интеграл қасиеттерін білу және қолдану; 11.3.1.3 - негізгі анықталмаған интегралдарды 1. $\int x^n dx = \frac{x^{n+1}}{n+1} + C, n \neq -1;$ 2. $\int \cos x dx = \sin x + C;$ 3. $\int \sin x dx = -\cos x + C$; 4. $\int \frac{dx}{\cos^2 x} = tgx + C$; 5. $\int \frac{dx}{\sin^2 x} = -ctgx + C$ білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
	Қисықсызықты трапеция және оның ауданы. Анықталған интеграл.	11.3.1.4 - қисықсызықты трапецияның анықтамасын білу және оның ауданын табу үшін Ньютон-Лейбниц формуласын қолдану; 11.3.1.5 - анықталған интеграл ұғымын білу және оны есептеу;
	Жазық фигуралар аудандары мен айналу денелерінің көлемдерін	11.3.1.6 - берілген сызықтармен шектелген жазық фигураның ауданын есептеу;

	анықталған интеграл көмегімен есептеу	11.3.1.7 - айналу денесінің көлемін анықталған интеграл көмегімен есептеу формуласын білу және қолдану;
2-тоқсан		
Дәреже мен түбір. Дәрежелік функция	n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері	11.1.1.1 - n-ші дәрежелі түбір және n-ші дәрежелі арифметикалық түбірдің анықтамасын білу; 11.1.1.2 - n-ші дәрежелі түбір қасиеттерін білу;
	Рационал көрсеткішті дәреже	11.1.1.3 - рационал көрсеткішті дәреже анықтамасын және қасиеттерін білу;
	Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру	11.1.1.4 - алгебралық өрнектерді түрлендіру үшін рационал көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану;
	Иррационал өрнектерді түрлендіру	11.1.1.5 - иррационал өрнектерді түрлендіруде n-ші дәрежелі түбір қасиеттерін қолдану;
	Дәрежелік функция, оның қасиеттері мен графигі	11.3.1.8 - дәрежелік функция анықтамасын білу және дәреже көрсеткішіне тәуелді дәрежелік функция графигін салу;
	Нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысы мен интегралы	11.3.1.9 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысын табу ережелерін білу және қолдану; 11.3.1.10 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның интегралын табу ережелерін білу және қолдану;
Иррационал теңдеулер	Иррационал теңдеулер. Иррационал теңдеулерді шешу әдістері	11.1.2.1 - иррационал теңдеудің анықтамасын білу, оның мүмкін болатын мәндер жиынын анықтай алу; 11.1.2.2 - теңдеудің екі жағын n дәрежеге шығару әдісі арқылы иррационал теңдеулерді шеше алу ; 11.1.2.3 - айнымалыны алмастыру әдісі арқылы иррационал теңдеулерді шеше алу;
3-тоқсан		
	Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері мен графигі	11.3.1.11 - көрсеткіштік функция анықтамасын білу және оның графигін салу; 11.3.1.12 - көрсеткіштік функцияның негізіне қатысты қасиеттерін білу;

Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар	Сан логарифмі және оның қасиеттері	11.3.1. 13 - сан логарифмі, ондық және натурал логарифмдер анықтамаларын білу; 11.3.1.14 - логарифм қасиеттерін білу және оны логарифмдік өрнектерді түрлендіруде қолдану;
	Логарифмдік функция, оның қасиеттері мен графигі	11.3.1.15 - логарифмдік функцияның анықтамасын, қасиеттерін білу және оның графигін салу
	Көрсеткіштік функцияның туындысы мен интегралы	11.3.1.16 - көрсеткіштік функцияның туындысы мен мен интегралын табу;
	Логарифмдік функцияның туындысы	11.3.1.17 - логарифмдік функцияның туындысын табу;
Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	Көрсеткіштік теңдеулер	11.1.2.4 - көрсеткіштік теңдеулерді шеше алу;
	Логарифмдік теңдеулер	11.1.2.5 - логарифмдік теңдеулерді шеше алу;
	Көрсеткіштік теңсіздіктер	11.1.2.6 - көрсеткіштік теңсіздіктерді шеше алу;
	Логарифмдік теңсіздіктер	11.1.2.7 - логарифмдік теңсіздіктерді шеше алу;
4-тоқсан		
Математикалық статистика элементтері	Бас жиын және таңдама	11.2.2.1 - математикалық статистиканың негізгі терминдерін білу және түсіну;
	Дискретті және интервалды вариациялық қатарлар	11.2.2.2 - дискретті және аралық вариациялық қатарларды құрастыру үшін таңдаманы өңдеу;
	Кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын таңдамалар бойынша бағалау	11.2.2.3 - таңдама бойынша кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын бағалау;
10-11 сыныптардағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау		

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
106-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Геометрия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Жалпы орта білім беру (қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы) деңгейінде " Геометрия" пәнін оқыту маңызды болып табылады, себебі оны оқып-үйрену барысында математиканың практикалық маңыздылығы, тұлғаның логикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ, ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқып-білуге қажетті математикалық білім мен білік негіздерін игеру қоршаған ортаның бір тұтастығы туралы түсінікті қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Мақсаты: практикалық іс-әрекетте қолдануға, басқа пәндерді игеруге, білім алуды жалғастыруға қажетті математикалық білімді оқушылардың меңгеруі; жалпы адами құндылықтар және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлер негізінде оқушылардың зияткерлігін дамыту.

4. Міндеттері:

1) Геометрияның бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

2) математикалық тіл мен негізгі математикалық заңдарды қолдану дағдыларын дамытуға ықпал ету;

3) әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге жәрдем беру;

4) нақты процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді құру және интерпретациялау дағдыларын дамыту;

5) әртүрлі теориялық облыстар мен практикалық іс-әрекеттерде зерттеулер және есептер шешу үшін математикалық әдістерді қолданудың дағдыларын дамыту;

6) логикалық және сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

7) коммуникативтік, әртүрлі дереккөздерден ақпаратты іздеу және қолдану дағдыларын дамыту;

8) өздігінен, топта жұмыс істеуге қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

9) қоғамның ілгерілеуі үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;

10) математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

2-тарау. "Геометрия" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Геометрия" оқу пәнінің мазмұны

5. "Геометрия" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. 10-сыныпқа арналған "Геометрия" пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 7-9-сыныптардағы геометрия курсын қайталау;

2) "Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік". Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары. Кеңістіктегі түзулердің өзара орналасуы. Тетраэдр. Параллелепипед. Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Жазықтықтардың параллельдігі;

3) "Кеңістіктегі перпендикулярлық". Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы. Үш перпендикуляр туралы теорема. Кеңістіктегі арақашықтықтар. Кеңістіктегі бұрыштар. Жазықтықтардың перпендикулярлығы. Тікбұрышты параллелепипед. Жазық фигураның жазықтыққа ортогональ проекциясы және оның ауданы;

4) "Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар". Кеңістіктегі векторлар және оларға амалдар қолдану. Коллинеар және компланар векторлар. Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі. Кеңістіктегі вектордың координаталары. Координатасымен берілген векторларды қосу және азайту, координатасымен берілген векторды санға көбейту. Векторды үш компланар емес вектор бойынша жіктеу. Екі нүктенің арақашықтығы. Кесіндіні берілген қатынаста бөлу. Кесінді ортасының координаталары. Векторлардың скаляр көбейтіндісі. Сфера теңдеуі. Жазықтық теңдеуі. Кеңістіктегі түзудің теңдеуі;

5) 10-сыныптағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау.

7. 11-сыныпқа арналған "Геометрия" пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 10-сыныптағы геометрия курсын қайталау;

2) "Көпжақтар". Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік. Көпжақ ұғымы. Призма және оның элементтері, призма түрлері. Призманың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Пирамида және оның элементтері. Дұрыс пирамида. Қиық пирамида. Пирамиданың, қиық пирамиданың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Көпжақтардың жазықтықпен қималары. Дұрыс көпжақтар;

3) "Кеңістіктегі түзу мен жазықтық теңдеулерінің қолданылуы". Кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Кеңістістегі нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтық. Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрышты, түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу;

4) "Айналу денелері және олардың элементтері". Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Конус және оның элементтері. Конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Қиық конус және оның элементтері. Қиық конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Сфера, шар және олардың элементтері. Сфераға жүргізілген жанама жазықтық. Сфера бетінің ауданы. Шар және оның элементтері. Шардың, сфераның жазықтықпен қималары. Цилиндр, конус және шардың жазықтықпен қималары;

5) "Денелердің көлемдері". Денелер көлемдерінің жалпы қасиеттері. Призма көлемі. Пирамида және қиық пирамида көлемдері. Цилиндр көлемі. Конус және қиық конус көлемдері. Кеңістік фигураларының ұқсастығы. Шар және оның бөліктерінің көлемдері . Геометриялық денелердің комбинациялары;

6) 10-11-сыныптардағы алгебра және анализ бастмалары курсын қайталау.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтиды. Әр бөлім ішінде тізбектеліп жазылған оқу мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік жасайды.

9. "Геометрия" оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) Геометриялық фигуралар туралы түсінік;

2) Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы;

3) Метрикалық қатынастар;

4) Векторлар және түрлендірулер.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

10. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші сан бөлім ретін, үшінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.1.2. кодында "10" - сынып, "1" - бөлім, "2" - оқу мақсатының реттік саны.

11. Білім алушыларға қойылатын талаптар:

Бөлім	10-сынып	11-сынып
	10.1.	11.1.
		11.1.1 - көпжақты бұрыш пен геометриялық дене ұғымдарын білу, оларды жазықтықта кескіндеу алу;

1.Геометриялық фигуралар туралы түсінік	10.1.1 - тетраэдр және параллелепипедтің анықтамаларын білу, тетраэдр, параллелепипедті және олардың элементтерін жазықтықта кескіндей алу; 10.1.2 - тікбұрышты параллелепипед анықтамасын және қасиеттерін білу;	11.1.2 - көпжақтың анықтамасын және оның элементтерін білу; 11.1.3 - призманың анықтамасын, оның элементтерін, призма түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.1.4 - пирамиданың анықтамасын, оның элементтерін, пирамида түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.1.5 - қиық пирамида анықтамасын білу, оны жазықтықта кескіндей алу; 11.1.6 - дұрыс көпжақтың анықтамасын білу, дұрыс көпжақтардың түрлерін ажырата білу; 11.1.7 - цилиндрдің анықтамасын, оның элементтерін білу; цилиндрді жазықтықта кескіндей алу; 11.1.8 - конустың анықтамасын, оның элементтерін білу; конусты жазықтықта кескіндей алу; 11.1.9 - қиық конустың анықтамасын, оның элементтерін білу, қиық конусты жазықтықта кескіндей алу; 11.1.10 - сфера, шардың анықтамаларын білу; жазықтықта кескіндей алу; 11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу ;
	10.2.	11.2.
	10.2.1 - стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын білу; оларды кескіндеу және математикалық символдар арқылы жазып көрсету; 10.2.2 - кеңістіктегі параллель және айқас түзулер анықтамаларын білу, оларды анықтау және кескіндеу; 10.2.3 - кеңістіктегі параллель түзулердің қасиеттерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану ; 10.2.4 - түзу мен жазықтықтың параллельдік белгісін және қасиеттерін білу, оларды есептер шығаруда қолдану;	11.2.1 - көпжақтың жазықтықпен қималарын сала білу;

2. Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы	10.2.5 - жазықтықтардың параллельдік белгісін және қасиеттерін білу, оларды есептер шығаруда қолдану; 10.2.6 - перпендикуляр түзулердің анықтамасы мен қасиеттерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.2.7 - түзу мен жазықтықтың перпендикулярлық анықтамасын, белгісін және қасиеттерін білу, оларды есептер шығаруда қолдану ; 10.2.8 - кеңістіктегі перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы анықтамаларын білу; 10.2.9 - кеңістіктегі екі түзу арасындағы бұрыш анықтамасын білу; 10.2.10 - айқас түзулер арасындағы бұрыш пен олардың ортақ перпендикулярын сызбада кескіндей алу; 10.2.11 - жазық фигураның ортогональ проекциясын жазықтықта салу;	11.2.2 - цилиндрдің, конустың және шардың жазықтықпен қималарын кескіндеу; 11.2.3 - сфера мен жазықтықтың өзара орналасуын білу; 11.2.4 - пирамида төбесінің табан жазықтығына проекциясының орналасуын анықтау; 11.2.5 - көпжақтар мен айналу денелерінің комбинацияларын жазықтықта кескіндеу;
	10.3.	11.3.
	10.3.1 - үш перпендикуляр туралы теореманы білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.3.2 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрыштың	11.3.1 - призманың бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.2 - пирамиданың (қиық пирамиданың) бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару; 11.3.4 - цилиндрдің бүйір беті және толық беті аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.5 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.3.6 - конустың бүйір және толық беті аудандары формулаларын қорытып шығару

3. Метрикалық қатыстар	анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу; 10.3.3 - жазықтықтар арасындағы бұрыштың (екіжақты бұрыш) анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу; 10.3.4 - жазықтықтардың перпендикулярлық белгісі мен қасиетін білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.3.5 - нүктеден жазықтыққа дейінгі және айқас түзулер арасындағы арақашықтықтарды таба білу; 10.3.6 - жазық фигураның жазықтыққа ортогональ проекциясы ауданының формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.3.7 - тікбұрышты параллелепипедтің қасиеттерін қорытып шығару және есептер шығаруда қолдану;	және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.7 - қиық конустың бүйір беті және толық беті аудандары формуларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.8 - сфера бетінің ауданын табуға есептер шығару; 11.3.9 - сфераға жанама жазықтықтың анықтамасын және қасиетін білу; 11.3.10 - шар мен сфераның жазықтықпен қималарына байланысты есептер шығару; 11.3.11 - кеңістік денелерінің көлемдерінің қасиеттерін білу және қолдану; 11.3.12 - призма көлемін табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 11.3.13 - пирамида және қиық пирамида көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.14 - цилиндр көлемін табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 11.3.15 - конус және қиық конус көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.16 - шар және оның бөліктері көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есеп шығаруда қолдану; 11.3.17 - кеңістіктегі ұқсас фигуралар көлемдерінің қасиетін білу және оны есептер шығаруда қолдану; 11.3.18 - геометриялық денелерінің комбинациясына берілген практикалық мазмұнды есептер шығару;
	10.4.	11.4.
	10.4.1 - кеңістіктегі вектор, вектордың ұзындығы, тең векторлар анықтамаларын білу, 10.4.2 - векторларды қосу және векторды санға көбейтуді орындау ;	

4. Векторлар және түрлендірулер	10.4.3 - кеңістіктегі коллинеар және компланар векторлардың анықтамаларын білу; 10.4.4 - кеңістіктегі векторлардың скаляр көбейтіндісінің анықтамасы мен қасиеттерін білу; 10.4.5 - кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі анықтамасын білу және оны кескіндей алу; 10.4.6 - кеңістіктегі нүктені оның координаталары бойынша тікбұрышты координаталар жүйесінде кескіндеу; 10.4.7 - кеңістіктегі екі нүкте арасындағы арақашықтықты таба білу; 10.4.8 - кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүкте координаталарының формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.4.9 - кесінді ортасының координаталары формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.4.10 - сфера теңдеуін білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.4.11 - вектордың координаталары ұғымын білу, вектор координаталарын бірлік векторлар бойынша жіктеп таба білу; 10.4.12 - кеңістіктегі вектордың координаталарын және ұзындығын таба білу; 10.4.13 - координаталарымен берілген векторларды қосуды және векторды санға көбейтуді орындау; 10.4.14 - векторлардың коллинеарлық және компланарлық шартын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.4.15 - векторды үш компланар емес векторлар бойынша жіктеу; 10.4.16 - координаталық түрдегі векторлардың скаляр көбейтіндісі формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;	11.4.1 - нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтықты табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 11.4.2 - түзулер арасындағы бұрышты (түзулердің теңдеулері бойынша) табу; 11.4.3 - координаталардағы түзулердің параллельдігі мен перпендикулярлығы шартын есептер шығаруда қолдану; 11.4.4 - координаталардағы сфера мен жазықтықтың өзара орналасуына есептер шығару; 11.4.5 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу;	

	10.4.17 - кеңістіктегі екі вектордың арасындағы бұрышты есептеу; 10.4.18 - кеңістіктегі векторлардың перпендикулярлық шартын білу және қолдану; 10.4.19 - жазықтықтың жалпы теңдеуін (ax+by+cz+d=0) нормаль вектор $\vec{n}(a;b;c)$ және осы жазықтықтағы нүкте бойынша қорытып шығару; 10.4.20 - түзудің канондық теңдеуін құрастыру; 10.4.21 - түзу теңдеуінің канондық түрінен параметрлік түріне көше алу; 10.4.22 - берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін құру;	

12. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

13. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Геометрия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша қосымшада берілген ұзақ мерзімді жоспарыға сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 -11 сыныптарына арналған "Геометрия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7-9-сыныптардағы геометрия курсын қайталау		
	Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары	10.2.1 - стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын білу; оларды кескіндеу және математикалық символдар арқылы жазып көрсету;
	Кеңістіктегі түзулердің өзара орналасуы	10.2.2 - кеңістіктегі параллель және айқас түзулер анықтамаларын білу, оларды анықтау және кескіндеу; 10.2.3 - кеңістіктегі параллель түзулердің қасиеттерін білу және

Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік		оларды есептер шығаруда қолдану ;
	Тетраэдр, параллелепипед	10.1.1 - тетраэдр және параллелепипедтің анықтамаларын білу, тетраэдр, параллелепипедті және олардың элементтерін жазықтықта кескіндей алу;
	Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Жазықтықтардың параллельдігі	10.2.4 - түзу мен жазықтықтың параллельдік белгісін және қасиеттерін білу, оларды есептер шығаруда қолдану; 10.2.5 - жазықтықтардың параллельдік белгісін және қасиеттерін білу, оларды есептер шығаруда қолдану;
2-тоқсан		
Кеңістіктегі перпендикулярлық	Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы. Үш перпендикуляр туралы теорема	10.2.6 - перпендикуляр түзулердің анықтамасы мен қасиеттерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.2.7 - түзу мен жазықтықтың перпендикулярлық анықтамасын, белгісін және қасиеттерін білу, оларды есептер шығаруда қолдану ; 10.2.8 - кеңістіктегі перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы анықтамаларын білу;
	Кеңістіктегі арақашықтықтар	10.3.1 - үш перпендикуляр туралы теореманы білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.3.5 - нүктеден жазықтыққа дейінгі және айқас түзулер арасындағы арақашықтықтарды таба білу;
	Кеңістіктегі бұрыштар	10.2.9 - кеңістіктегі екі түзу арасындағы бұрыш анықтамасын білу; 10.2.10 - айқас түзулер арасындағы бұрыш пен олардың ортақ перпендикулярын сызбада кескіндей алу; 10.3.2 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрыштың анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу; 10.3.3 - жазықтықтар арасындағы бұрыштың (екіжақты бұрыш) анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу;

	Жазықтықтардың перпендикулярлығы	10.3.4 - жазықтықтардың перпендикулярлық белгісі мен қасиетін білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
3-тоқсан		
Кеңістіктегі перпендикулярлық	Тікбұрышты параллелепипед	10.1.2 - тікбұрышты параллелепипед анықтамасын және қасиеттерін білу; 10.3.7 - тікбұрышты параллелепипедтің қасиеттерін қорытып шығару және есептер шығаруда қолдану;
	Жазық фигураның жазықтыққа ортогональ проекциясы және оның ауданы	10.2.11 - жазық фигураның ортогональ проекциясын жазықтықта салу; 10.3.6 - жазық фигураның жазықтыққа ортогональ проекциясы ауданының формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;
Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар	Кеңістіктегі векторлар және оларға амалдар қолдану. Коллинеар және компланар векторлар	10.4.1 - кеңістіктегі вектор, вектордың ұзындығы, тең векторлар анықтамаларын білу, 10.4.2 - векторларды қосу және векторды санға көбейтуді орындау ; 10.4.3 - кеңістіктегі коллинеар және компланар векторлардың анықтамаларын білу;
	Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі	10.4.5 - кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі анықтамасын білу және оны кескіндей алу; 10.4.6 - кеңістіктегі нүктені оның координаталары бойынша тікбұрышты координаталар жүйесінде кескіндеу;
	Кеңістіктегі вектордың координаталары	10.4.11 - вектордың координаталары ұғымын білу, вектор координаталарын бірлік векторлар бойынша жіктеп таба білу;
	Координатасымен берілген векторларды қосу және азайту, координатасымен берілген векторды санға көбейту	10.4.13 - координаталарымен берілген векторларды қосуды және векторды санға көбейтуді орындау;
	Векторды үш компланар емес вектор бойынша жіктеу	10.4.14 - векторлардың коллинеарлық және компланарлық шартын білу және оны есептер шығаруда қолдану;

		10.4.15 - векторды үш компланар емес векторлар бойынша жіктеу;
	Екі нүктенің арақашықтығы	10.4.7 - кеңістіктегі екі нүкте арасындағы арақашықтықты таба білу; 10.4.12 - кеңістіктегі вектордың координаталарын және ұзындығын таба білу;
	Кесіндіні берілген қатынаста бөлу	10.4.8 - кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүкте координаталарының формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану;
	Кесінді ортасының координаталары	10.4.9 - кесінді ортасының координаталары формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
4-тоқсан		
Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар	Векторлардың скаляр көбейтіндісі	10.4.4 - кеңістіктегі векторлардың скаляр көбейтіндісінің анықтамасы мен қасиеттерін білу; 10.4.16 - координаталық түрдегі векторлардың скаляр көбейтіндісі формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.4.17 - кеңістіктегі екі вектордың арасындағы бұрышты есептеу; 10.4.18 - кеңістіктегі векторлардың перпендикулярлық шартын білу және қолдану;
	Сфера теңдеуі	10.4.10 - сфера теңдеуін білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Жазықтық теңдеуі	10.4.19 - жазықтықтың жалпы теңдеуін (ax+by+cz+d=0) нормаль вектор және осы жазықтықтағы нүкте бойынша қорытып шығару;
	Кеңістіктегі түзудің теңдеуі	10.4.20 - түзудің канондық теңдеуін құрастыру; 10.4.21 - түзу теңдеуінің канондық түрінен параметрлік түріне көше алу; 10.4.22 - берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін құру;
10-сыныптағы геометрия курсын қайталау		

2) 11-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары

1-тоқсан		
10-сыныптағы геометрия курсын қайталау		
Көпжақтар	Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік	11.1.1 - көпжақты бұрыш пен геометриялық дене ұғымдарын білу, оларды жазықтықта кескіндеу алу;
	Көпжақ ұғымы	11.1.2 - көпжақтың анықтамасын және оның элементтерін білу; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
	Призма және оның элементтері, призма түрлері	11.1.3 - призманың анықтамасын, оның элементтерін, призма түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
	Призманың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.3.1 - призманың бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу ;
	Пирамида және оның элементтері. Дұрыс пирамида	11.1.4 - пирамиданың анықтамасын, оның элементтерін, пирамида түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.2.4 - пирамида төбесінің табан жазықтығына проекциясының орналасуын анықтау; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
	Қиық пирамида	11.1.5 - қиық пирамида анықтамасын білу, оны жазықтықта кескіндей алу; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
2-тоқсан		
Көпжақтар	Пирамиданың, қиық пирамиданың жазбасы, бүйір беті және толық бетінің аудандары	11.3.2 - пирамиданың (қиық пирамиданың) бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу ;

	Көпжақтардың жазықтықпен қималары	11.2.1 - көпжақтың жазықтықпен қималарын сала білу;
	Дұрыс көпжақтар	11.1.6 - дұрыс көпжақтың анықтамасын білу, дұрыс көпжақтардың түрлерін ажырата білу;
Кеңістіктегі түзу мен жазықтық теңдеулерінің қолданылуы	Кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы	11.2.6 - кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуын білу;
	Кеңістіктегі нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтық	11.4.1 - нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтықты табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрышты, түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу	11.4.2 - түзулер арасындағы бұрышты (түзулердің теңдеулері бойынша) табу; 11.4.3 - координаталардағы түзулердің параллельдігі мен перпендикулярлығы шартын есептер шығаруда қолдану; 11.4.5 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу;
3-тоқсан		
	Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.7 - цилиндрдің анықтамасын, оның элементтерін білу; цилиндрді жазықтықта кескіндей алу; 11.3.4 - цилиндрдің бүйір беті және толық беті аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.5 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу ;
	Конус және оның элементтері. Конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.8 - конустың анықтамасын, оның элементтерін білу; конусты жазықтықта кескіндей алу; 11.3.5 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.3.6 - конустың бүйір және толық беті аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану;

		11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу ;
Айналу денелері және олардың элементтері	Қиық конус және оның элементтері. Қиық конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.9 - қиық конустың анықтамасын, оның элементтерін білу, қиық конусты жазықтықта кескіндей алу; 11.3.5 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.3.7 - қиық конустың бүйір беті және толық беті аудандары формуларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу ;
	Сфера, шар және олардың элементтері. Сфера бетінің ауданы	11.1.10 - сфера, шардың анықтамаларын білу; жазықтықта кескіндей алу; 11.3.8 - сфера бетінің ауданын табуға есептер шығару;
	Сфераға жүргізілген жанама жазықтық	11.2.3 - сфера мен жазықтықтың өзара орналасуын білу; 11.4.4 - координаталардағы сфера мен жазықтықтың өзара орналасуына есептер шығару; 11.3.9 - сфераға жанама жазықтықтың анықтамасын және қасиетін білу; 11.3.10 - шар мен сфераның жазықтықпен қималарына байланысты есептер шығару;
	Цилиндр, конус және шардың жазықтықпен қималары	11.2.2 - цилиндрдің, конустың және шардың жазықтықпен қималарын кескіндеу;
4-тоқсан		
	Денелер көлемдерінің жалпы қасиеттері	11.3.11 - кеңістік денелерінің көлемдерінің қасиеттерін білу және қолдану;
	Призма көлемі	11.3.12 - призма көлемін табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Пирамида және қиық пирамида көлемдері	11.3.13 - пирамида және қиық пирамида көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану;

Денелердің көлемдері	Цилиндр көлемі	11.3.14 - цилиндр көлемін табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Конус және қиық конус көлемдері	11.3.15 - конус және қиық конус көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
	Кеңістік фигураларының ұқсастығы	11.3.17 - кеңістіктегі ұқсас фигуралар көлемдерінің қасиетін білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Шар және оның бөліктерінің көлемдері	11.3.16 - шар және оның бөліктері көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есеп шығаруда қолдану;
	Геометриялық денелердің комбинациялары	11.2.5 - көпжақтар мен айналу денелерінің комбинацияларын жазықтықта кескіндеу; 11.3.18 - геометриялық денелерінің комбинациясына берілген практикалық мазмұнды есептер шығару;
10-11-сыныптардағы геометрия курсын қайталау		

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
107-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Геометрия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Жалпы орта білім беру (қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы) деңгейінде " Геометрия" пәнін оқыту маңызды болып табылады, себебі оны оқып-үйрену барысында математиканың практикалық маңыздылығы, тұлғаның логикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ, ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқып-білуге қажетті математикалық білім мен білік

негіздерін игеру қоршаған ортаның бір тұтастығы туралы түсінікті қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Мақсаты: қазіргі замандағы қоғамда өзін еркін сезінуге адамға қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту; практикалық іс-әрекеттерде қолдануда, басқа пәндерді үйренуде, білім алуды жалғастыруда қажетті математикалық білімді меңгеру.

4. Міндеттері:

1) геометрия бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

2) әр түрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге ықпал ету;

3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді суреттеп беруге бағыттау;

4) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен олардың нақтылығын айқындауда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

5) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әр түрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

6) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, белсенділік, табандылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

7) геометрияны оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

2-тарау. "Геометрия" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Геометрия" оқу пәнінің мазмұны

5. "Геометрия" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. 10-сыныпқа арналған "Геометрия" пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 7-9-сыныптардағы геометрия курсын қайталау;

2) "Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы". Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары. Кеңістіктегі екі түзудің өзара орналасуы. Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Екі жазықтықтың өзара орналасуы:

3) "Кеңістіктегі бұрыш. Кеңістіктегі арақашықтық". Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрыш. Перпендикуляр және көлбеу. Үш перпендикуляр туралы теорема. Түзу мен жазықтық арасындағы бұрыш. Жазықтықтар арасындағы бұрыш. Кеңістіктегі арақашықтық;

4) "Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар". Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі. Екі нүктенің арақашықтығы. Кесінді ортасының координаталары. Сфера теңдеуі. Кеңістіктегі вектордың координаталары. Векторлардың коллинеарлығы және компланарлығы. Векторларды қосу, векторды санға көбейту. Векторлардың скаляр көбейтіндісі:

5) 10-сыныптағы геометрия курсын қайталау.

7. 11-сыныпқа арналған "Геометрия" пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 10-сыныптағы геометрия курсын қайталау;

2) "Көпжақтар". Көпжақ ұғымы. Призма және оның элементтері. Тік және дұрыс призма. Тікбұрышты параллелепипед және оның қасиеттері. Призманың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Пирамида және оның элементтері. Қиық пирамида. Пирамиданың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Қиық пирамида бетінің ауданы. Дұрыс көпжақтар;

3) "Айналу денелері және олардың элементтері". Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Конус және оның элементтері. Конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Қиық конус және оның элементтері. Қиық конус бетінің ауданы. Сфера және шар. Сфера бетінің ауданы. Айналу денелерінің жазықтықпен қималары;

4) "Денелер көлемдері". Денелер көлемдерінің жалпы қасиеттері. Призма көлемі. Пирамида және қиық пирамида көлемдері. Цилиндр көлемі. Конус және қиық конус көлемдері. Шар көлемі;

5) 10-11-сыныптардағы геометрия курсын қайталау.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтиды. Әр бөлім ішінде тізбектеліп жазылған

оқу мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік жасайды.

9. "Геометрия" Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) Геометриялық фигуралар туралы түсінік;

2) Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы;

3) Метрикалық қатынастар;

4) Векторлар және түрлендірулер.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

10. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші сан бөлім ретін, үшінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.4. кодында "10" - сынып, "2" - бөлім, "4" - оқу мақсатының реттік саны.

11. Білім алушыларға қойылатын талаптар:

Бөлім	10-сынып	11-сынып
1. Геометриялық фигуралар туралы түсінік	10.1.1.	11.1.1.
		11.1.1 - көпжақ анықтамасын және оның элементтерін білу; 11.1.2 - призманың анықтамасын, оның элементтері, призма түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.1.3 - тікбұрышты параллелепипедтің анықтамасы мен қасиеттерін білу және оны жазықтықта кескіндеу; 11.1.4 - пирамиданың анықтамасын, оның элементтері, пирамида түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.1.5 - қиық пирамиданың анықтамасын білу, оны жазықтықта кескіндей алу; 11.1.6 - дұрыс көпжақтың анықтамасын білу және дұрыс көпжақтардың түрлерін ажырату; 11.1.7 - цилиндрдің анықтамасын, оның элементтерін білу; цилиндрді жазықтықта кескіндей алу; 11.1.8 - конустың анықтамасын, оның элементтерін білу; конусты жазықтықта кескіндей алу; 11.1.9 - қиық конустың анықтамасын, оның элементтерін

		білу; қиық конусты жазықтықта кескіндей алу; 11.1.10 - сфера, шардың анықтамаларын білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай білу.
2. Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы	10.2.	11.2.
	10.2.1 - стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын білу және оларды математикалық символдар арқылы жазып көрсету; 10.2.2 - кеңістіктегі параллель және айқас түзулердің анықтамаларын білу және оларды анықтау және кескіндеу; 10.2.3 - кеңістіктегі параллель түзулердің қасиеттерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.2.4 - түзу мен жазықтықтың параллельдік және перпендикулярлық белгілерін, қасиеттерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.2.5 - жазықтықтардың параллельдігі мен перпендикулярлығының белгілерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.2.6 - кеңістіктегі екі түзу арасындағы бұрыш анықтамасын білу.	11.2.1 - цилиндрдің, конустың және шардың жазықтықпен қималарын кескіндеу; 11.2.2 - сфера мен жазықтықтың өзара орналасуын білу; 11.2.3 - пирамида төбесінің табан жазықтығына проекциясының орналасуын анықтау.
	10.3.	11.3.
	10.3.1 - үш перпендикуляр туралы теореманы білу және оны есептер шығаруда қолдану;	11.3.1 - призманың бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын есептер шығаруда қолдану; 11.3.2 - пирамиданың (қиық пирамиданың) бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын есептер шығаруда қолдану; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару; 11.3.4 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару;

3.Метрикалық қатынастар	10.3.2 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрыштың анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу; 10.3.3 - жазықтықтар арасындағы бұрыштың (екіжақты бұрыш) анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу; 10.3.4 - нүктеден жазықтыққа дейінгі және айқас түзулер арасындағы арақашықтықтарды таба білу; 10.3.5 – кеңістіктегі перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы анықтамаларын білу.	11.3.5 - цилиндрдің бүйір және толық беті аудандарының формулаларын есептер шығаруда қолдану; 11.3.6 - конустың бүйір және толық беті аудандарының формулаларын есептер шығаруда қолдану; 11.3.7 - қиық конустың бүйір және толық беті аудандарының формулаларын есептер шығаруда қолдану; 11.3.8 - сфера бетінің ауданын табуға есептер шығару; 11.3.9 - кеңістік денелерінің көлемдерінің қасиеттерін білу және қолдану; 11.3.10 - призма көлемін табу формуласын қолдану; 11.3.11 - пирамида және қиық пирамида көлемдерін табу формулаларын қолдану; 11.3.12 - цилиндр көлемін табу формуласын қолдану; 11.3.13 - конус және қиық конус көлемдерін табу формулаларын қолдану; 11.3.14 - шар көлемін табу формуласын қолдану.
4. Векторлар және түрлендірулер	10.4.	11.4.
	10.4.1 - кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесін жазықтықта кескіндей алу және оны сипаттау; 10.4.2 - кеңістіктегі екі нүкте арасындағы арақашықтықты таба білу; 10.4.3 - кеңістіктегі кесінді ортасының координаталарын таба білу; 10.4.4 - сфера теңдеуін білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.4.5 - кеңістіктегі вектордың координаталарын және ұзындығын таба білу; 10.4.6 - кеңістіктегі коллинеар және компланар векторлардың анықтамаларын, векторлардың коллинеарлық шартын білу; 10.4.7 - векторларды қосу және азайтуды, векторды санға көбейтуді орындау;	

	10.4.8 - координаталық түрдегі векторлардың скаляр көбейтіндісі формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану.	

12. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

13. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Геометрия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі қосымшада берілген ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Геометрия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7-9-сыныптардағы геометрия курсын қайталау		
Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтар өзара орналасуы	Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары	10.2.1 - стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын білу және оларды математикалық символдар арқылы жазып көрсету;
	Кеңістіктегі екі түзудің өзара орналасуы	10.2.2 - кеңістіктегі параллель және айқас түзулердің анықтамаларын білу және оларды анықтау және кескіндеу; 10.2.3 - кеңістіктегі параллель түзулердің қасиеттерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану ;
	Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы	10.2.4 - түзу мен жазықтықтың параллельдік және перпендикулярлық белгілерін, қасиеттерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
	Екі жазықтықтың өзара орналасуы	10.2.5 - жазықтықтардың параллельдігі мен перпендикулярлығының белгілерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
2-тоқсан		
	Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрыш	10.2.6 - кеңістіктегі екі түзу арасындағы бұрыш анықтамасын білу;

Кеңістіктегі бұрыш. Кеңістіктегі арақашықтық	Перпендикуляр және көлбеу	10.3.5 – кеңістіктегі перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы анықтамаларын білу;
	Үш перпендикуляр туралы теорема	10.3.1 - үш перпендикуляр туралы теореманы білу және оны есептер шығаруда қолдану;
3-тоқсан		
Кеңістіктегі бұрыш. Кеңістіктегі арақашықтық	Түзу мен жазықтық арасындағы бұрыш	10.3.2 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрыштың анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу;
	Екі жазықтық арасындағы бұрыш. Екіжақты бұрыш	10.3.3 - жазықтықтар арасындағы бұрыштың (екіжақты бұрыш) анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу;
	Кеңістіктегі арақашықтық.	10.3.4 - нүктеден жазықтыққа дейінгі және айқас түзулер арасындағы арақашықтықтарды таба білу;
Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар	Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі	10.4.1 - кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесін жазықтықта кескіндей алу және оны сипаттау;
	Екі нүктенің арақашықтығы	10.4.2 - кеңістіктегі екі нүкте арасындағы арақашықтықты таба білу;
	Кесінді ортасының координаталары	10.4.3 - кеңістіктегі кесінді ортасының координаталарын таба білу;
	Сфера теңдеуі	10.4.4 - сфера теңдеуін білу және оны есептер шығаруда қолдану;
4-тоқсан		
Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар	Кеңістіктегі вектордың координаталары	10.4.5 - кеңістіктегі вектордың координаталарын және ұзындығын таба білу;
	Векторлардың коллинеарлығы және компланарлығы	10.4.6 - кеңістіктегі коллинеар және компланар векторлардың анықтамаларын, векторлардың коллинеарлық шартын білу;
	Векторларды қосу, векторды санға көбейту	10.4.7 - векторларды қосу және азайтуды, векторды санға көбейтуді орындау;
	Векторлардың скаляр көбейтіндісі	10.4.8 - координаталық түрдегі векторлардың скаляр көбейтіндісі формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;
10-сыныптағы геометрия курсын қайталау		

2) 11-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
10-сыныптағы геометрия курсын қайталау		
Көпжақтар	Көпжақ ұғымы	11.1.1 - көпжақ анықтамасын және оның элементтерін білу;
	Призма және оның элементтері. Тік және дұрыс призма	11.1.2 - призманың анықтамасын, оның элементтері, призма түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
	Тікбұрышты параллелепипед және оның қасиеттері	11.1.3 - тікбұрышты параллелепипедтің анықтамасы мен қасиеттерін білу және оны жазықтықта кескіндеу;
	Призманың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай білу; 11.3.1 - призманың бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын есептер шығаруда қолдану;
	Пирамида және оның элементтері	11.1.4 - пирамиданың анықтамасын, оның элементтері, пирамида түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
	Қиық пирамида	11.1.5 - қиық пирамиданың анықтамасын білу, оны жазықтықта кескіндей алу; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
2-тоқсан		
Көпжақтар	Пирамиданың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай білу; 11.3.2 - пирамиданың (қиық пирамиданың) бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын есептер шығаруда қолдану;
	Қиық пирамида бетінің ауданы	11.3.2 - пирамиданың (қиық пирамиданың) бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын есептер шығаруда қолдану;

	Дұрыс көпжақтар	11.1.6 - дұрыс көпжақтың анықтамасын білу және дұрыс көпжақтардың түрлерін ажырату;
3-тоқсан		
Айналу денелері және олардың элементтері	Цилиндр және оның элементтері	11.1.7 - цилиндрдің анықтамасын, оның элементтерін білу; цилиндрді жазықтықта кескіндей алу; 11.3.4 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару;
	Цилиндрдің жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай білу; 11.3.5 - цилиндрдің бүйір және толық беті аудандарының формулаларын есептер шығаруда қолдану;
	Конус және оның элементтері	11.1.8 - конустың анықтамасын, оның элементтерін білу; конусты жазықтықта кескіндей алу; 11.3.4 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару;
	Конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай білу; 11.3.6 - конустың бүйір және толық беті аудандарының формулаларын есептер шығаруда қолдану;
	Қиық конус және оның элементтері	11.1.9 - қиық конустың анықтамасын, оның элементтерін білу; қиық конусты жазықтықта кескіндей алу; 11.3.4 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару;
	Қиық конус бетінің ауданы	11.3.7 - қиық конустың бүйір және толық беті аудандарының формулаларын есептер шығаруда қолдану;
	Сфера және шар	11.1.10 - сфера, шардың анықтамаларын білу; оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.2.2 - сфера мен жазықтықтың өзара орналасуын білу;

		11.3.4 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару;
	Сфера бетінің ауданы	11.3.8 - сфера бетінің ауданын табуға есептер шығару;
	Айналу денелерінің жазықтықпен қималары	11.2.1 - цилиндрдің, конустың және шардың жазықтықпен қималарын кескіндеу;
4-тоқсан		
Денелер көлемдері	Денелер көлемдерінің жалпы қасиеттері	11.3.9 - кеңістік денелерінің көлемдерінің қасиеттерін білу және қолдану;
	Призма көлемі	11.3.10 - призма көлемін табу формуласын қолдану;
	Пирамида және қиық пирамида көлемдері	11.3.11 - пирамида және қиық пирамида көлемдерін табу формулаларын қолдану;
	Цилиндр көлемі	11.3.12 - цилиндр көлемін табу формуласын қолдану;
	Конус және қиық конус көлемдері	11.3.13 - конус және қиық конус көлемдерін табу формулаларын қолдану;
	Шар көлемі	11.3.14 - шар көлемін табу формуласын қолдану;
10-11-сыныптардағы геометрия курсын қайталау		

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
108-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Информатика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарда "Информатика" оқу пәнін оқытудың мақсаты білім алушыларды аппараттық және бағдарламалық

қамтамасыз ету саласында терең біліммен, іскерлікпен және дағдылармен қамтамасыз ету, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды практикада тиімді пайдалану үшін деректерді, ақпараттық процестер мен жүйелерді ұсыну, ақпараттық объектілерді, Компьютерлік желілер мен ақпараттық қауіпсіздікті құру және қайта құру болып табылады.

3. Негізгі міндеттері:

1) білім алушылардың ақпараттық процестердің қоғамдағы рөлі жайлы, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективалары туралы түсінігін қалыптастыру;

2) білім алушыларға жүйені талдау, шешім ұсыну, бағдарламалық қосымшалар жасау, оларды дамытып жетілдіру, сонымен қатар, өздерінің өнімдерін бағалау мүмкіндігін беру мақсатында компьютердің жұмыс істеуінің негізгі қағидаларын түсінуін қамтамасыз ету;

3) талдау, абстракция, үлгілеу мен программалау арқылы білім алушыларға әртүрлі тапсырмаларды шешуді үйрету;

4) білім алушылардың логикалық, алгоритмдік, сондай-ақ, жалпылау және үйлестік тапсырмаларды құрамдас бөліктерге бөлу және ортақ заңдылықтарды табу, қойылған міндеттерді орындауға қажетті тиімді және рационалды тәсілдер табу сияқты қамтитын есептік ойлау қабілетін дамыту;

5) білім алушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру – жалпы ережелерді ұстану және жеке тұлға мен бүкіл Қазақстандық қауымның мүддесінде әрекет ету;

6) білім алушылардың пән аясында академиялық тілді меңгеруіне және терминологиялық лексиканы байытуға жағдай жасау;

7) есептеуіш платформалар негізінде басқарылатын электрондық құрылғыларды құру, құру, программалаудың тәсілдері және қағидаттарымен білім алушыларды таныстыру;

8) қазіргі таңдағы программалау ортасында программалау дағдыларын дамыту;

9) тәжірибеде қолдану арқылы білімді тереңдету және оқуға деген ынтаны арттыру;

10) әртүрлі білім саласында (математика, физика, информатика) алған білімдерін кіріктіріп қолдану;

11) ғылыми-техникалық әзірлемелерге деген қызығушылықтарын дамыту;

12) білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

2-тарау. "Информатика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Информатика" пәнінің мазмұны

4. "Информатика" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдерінен тұрады. Бөлімшелер күтілетін нәтижелер: дағды немесе білік, білім немесе түсінік түрінде сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын әр бөлім бөлімшелерге бөлінген.

6. Жаратылыстану-математика бағытындағы "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны 6 бөлімді қамтиды:

1) аппараттық және программалық қамтамасыз ету;

2) деректерді ұсыну;

3) ақпараттық процестер мен жүйелер;

4) ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру;

5) қосымшаларды әзірлеу;

6) компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік

7. "Аппараттық және программалық қамтамасыз ету" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) аппараттық қамтамасыз ету;

2) программалық қамтамасыз ету.

8. "Деректерді ұсыну" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) есептеу жүйелері;

2) компьютердің логикалық негіздері;

3) ақпаратты кодтау.

9. "Ақпараттық процестер мен жүйелер" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) реляциялық деректер қоры;

2) мәліметтер қорын құру;

3) құрылымдалған сұраныстар;

4) ақпараттық технологияларды дамытудағы қазіргі заманғы процестер.

10. "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) 3D – модельдеу;

2) web (веб)-жобалау.

11. "Қосымшаларды әзірлеу" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) алгоритмдер және программалар;

2) мобильдік қосымшалар;

3) IT Startup (ай-ти стартап).

12. "Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) компьютерлік желілерді ұйымдастыру;

2) желіде жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

13. 10-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) Аппараттық және программалық қамтамасыз ету: басқару құрылғысының (бұдан әрі - БҚ), арифметика- логикалық құрылғының (бұдан әрі - АЛҚ) және жад регистрінің процессордың бір бөлігі ретінде функциясын сипаттау.

2) Деректерді ұсыну: есептеу жүйелері: ондық жүйедегі бүтін сандарды екілік, сегіздік, он алтылық санау жүйесіне аудару және кері аудару. Компьютердің логикалық негіздері: логикалық операциялар (дизъюнкция, конъюнкция, инверсия); логикалық өрнектер; ақиқат кестесі; Компьютердің логикалық элементтері (конъюнктор, дизъюнктор, инвертор); логикалық сызбалар. Ақпаратты кодтау: Unicode (юникод) және ASCII (аск(и)и) символдарын кодтау кестелері.

3) Ақпараттық процестер мен жүйелер: реляциондық деректер қоры: жол, жазба, индекс, бірінші кілт; Bigdata (бигдейта) (үлкен деректер). Деректер қорын "structured query language" (стракчуред куери лангуйдж) ("құрылымдалған сұраныстар тілі") (бұдан әрі SQL (эс кю эль)) әзірлеу: деректер қорын, мәліметтер типін, біркестелі және көпкестелі деректер қоры; формалар; есептер; сұраныстар. Құрылымдық сұраныстар: конструктор режимінде іріктеуге сұраныстар жасау, SQL (эс кю эль), конструктордың және (SQL) (эс кю эль) көмегімен іріктеуге бағытталған сұраныстарды жасау; web (веб) -беттердің деректер қорымен байланысы.

4) Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру: web-жобалау: HTML (аш ти эм эл) (Hyper Text Markup Language — (хайпер текст маркап лангуйдж) "гипермәтіндік белгілеу тілі"), CSS (си эс эс) (Cascading Style Sheets — (каскадинг стайл шит) каскадты кестелер стилі); скрипттерді пайдалану, web (веб)-парақшаға мультимедиа нысандарын енгізу.

5) Қосымшаларды әзірлеу: алгоритмдер мен программалар: пайдаланушы функциялары және процедуралары, жолдармен жұмыс жасау, файлдармен жұмыс жасау, сұрыптау әдістері; графтардағы іздеу алгоритмдері.

6) Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік: компьютерлік желілерді ұйымдастыру: желілік компоненттер (тораптар, маршрутизаторлар, коммутаторлар); IP (ай-пи)-мекен-жайы; DNS (ди эн эс) (Domain Name System (домейн нейм систем) — домендік атаулар жүйесі); жеке виртуалды желілер. Ақпараттық қауіпсіздік: ақпараттық қауіпсіздік, құпиялық, тұтастық және қол жетімділік; деректерді шифрлау; пайдаланушы деректерінің қауіпсіздік шаралары - құпиясөздер, есеп жазбалары, сәйкестендіру, биометриялық сәйкестендіру.

14. 11-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) аппараттық және программалық қамтамасыз ету: мобильдік құрылғылар сипаттамасы. Программалық қамтамасыз ету: Виртуалды машиналар; аппараттық және программалық қамтамасыз етудің даму заңдылықтары;

2) ақпараттық процестер мен жүйелер: ақпараттық технологияларды дамытудағы қазіргі заманғы процестер: машина оқыту қағидаттары, нейрондық желілер; жасанды интеллект; нейрондық желілерді жобалау; "мұғаліммен оқыту" әдісі; Blockchain технологиясы; Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері; электрондық үкімет порталы; "заттар интернеті";

3) ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру: 3D – модельдеу: виртуалды және кеңейтілген шындық; олардың адам денсаулығына әсері; бірінші тұлға көрінісімен 3D панорама (виртуалды саяхат) жасау;

4) қосымшаларды әзірлеу: мобильді қосымшалар: мобильді қосымшалар интерфейсі ; мобильді қосымшаларды әзірлеу және орнату; ақылды үй, ақылды үй құрылғысымен басқару үшін программаларды әзірлеу. IT Startup (ай-ти стартап): Crowdfunding (краудфандинг) платформаларының жұмыс қағидалары; маркетингтік жарнама, өнімді өткізу және сату жолдары;

5) компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік: ақпараттық қауіпсіздік: ақпараттарды және зияткерлік меншікті қорғау; электрондық цифрлық қолтаңба, сипаттау, пайдалану алгоритмі.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

15. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында " 10" – сынып, "2.1" – екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" – оқу мақсатының реттік саны.

16. Білім алушыларға қойылатын мақсаттар:

1) Аппараттық және программалық қамтамасыз ету

Білім алушылар міндетті:		
Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1. Аппараттық қамтамасыз ету	10.1.1.1 басқару құрылғысының (БҚ), арифметика- логикалық құрылғының (АЛҚ) және жад регистрінің процессордың бір бөлігі ретінде функциясын сипаттау	11.1.1.1 ұялы құрылғылардың негізгі құрауыштарының сипаттамасын салыстыру: планшеттер, телефондар
2. Программалық қамтамасыз ету		11.1.2.1 виртуалды машиналардың қызметін сипаттау; 11.1.2.2 аппараттық және программалық қамтамасыз етуде даму заңдылықтарын сипаттайтын мысалдар келтіру.

2) Деректерді ұсыну

Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1. Есептеу жүйелері	10.2.1.1 ондық жүйедегі бүтін сандарды екілік, сегіздік, он алтылық санау жүйесіне аудару және кері аудару	
2. Компьютердің логикалық негіздері	10.2.2.1 логикалық операцияларды қолдану (дизъюнкция, конъюнкция, инверсия); 10.2.2.2 берілген логикалық элементтер үшін ақиқат кестесін құру; 10.2.2.3 1 негізгі логикалық элементтердің нысаналы мақсатын түсіндіру: конъюнктор, дизъюнктор, инвертор; 10.2.2.4 логикалық өрнектерді логикалық сызбаға және керісінше ауыстыру	
3. Ақпаратты кодтау	10.2.3.1 Unicode және ASCII символдарын кодтау кестесін салыстыру	

3) Ақпараттық процестер мен жүйелер

Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1. Реляциондық деректер қоры	10.3.1.1 "реляциондық деректер қоры" ұғымын түсіндіру 10.3.1.2 жол, жазба, индекс терминдерінің анықтамасын құрастыру 10.3.1.3 деректер қорында бірінші кілтті анықтау 10.3.1.4 Bigdata оң және теріс әсерлерін бағалау	
2. Мәліметтер қорын жасау	10.3.2.1 деректер қорында мәліметтер типін анықтау (SQL); 10.3.2.2 біркестелі деректер қорын құру (SQL); 10.3.2.3 көпкестелі деректер қорын құру (SQL); 10.3.2.4 деректерді енгізуге арналған форма жасау (SQL); 10.3.2.5 алынған мәліметтерді қолдана отырып, есептерді жасау (SQL);	
3. Құрылымдалған сұраныстар	10.3.3.1 конструктордың көмегімен іріктеуге бағытталған сұраныстарды жасау (SQL (эс кю эль));	

	10.3.3.2 web –парақша мен деректер қорынның байланысын орнату	
4. Ақпараттық технологияларды дамытудағы қазіргі заманғы үрдістер		11.3.4.1 машиналық оқыту принциптерін, нейрондық желілерді (нейрондық және синапстар) түсіндіру; 11.3.4.2 өнеркәсіпте, білім беруде, ойын индустриясында, қоғамда жасанды интеллект қолдану саласын сипаттау; 11.3.4.3 дайын алгоритмдермен математикалық модельдеудің электрондық кестелеріндегі/ бағдарламаларындағы нейрондық желілерді жобалау; 11.3.4.4 жасанды интеллектіні әзірлеуде "мұғаліммен оқыту" әдісін қолдану ауқымын сипаттау; 11.3.4.5 Blockchain технологиясының мақсаты мен жұмысын түсіндіру; 11.3.4.6 Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерін талдау; 11.3.4.7 2 электрондық үкімет порталының функцияларын сипаттау; 11.3.4.8 "заттар интернетінің" жұмыс қағидаларын сипаттау; 11.3.4.9 "заттар интернетінің" перспективасы туралы айту

4) Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру

1. 3D - модельдеу		11.4.1.1 виртуалды және кеңейтілген шындықтың мақсатын түсіндіру; 11.4.1.2 адамның психикалық және физикалық денсаулығына виртуалды және кеңейтілген шындықтың әсері туралы айту 11.4.1.3 бірінші тұлға көрінісімен 3D панорама (виртуалды саяхат) жасау;
2. Web (веб)-жобалау	10.4.2.1 web (веб)-парақшаларды жасауда HTML (аш ти эм эл)-тегтерін қолдану 10.4.2.2 web-парақшаларды жасауда CSS (си эс эс) қолдану 10.4.2.3 web (веб)-парақшаларды жасауда дайын скриптілерді қолдану	

	10.4.2.4 Web (Веб)-бетке мультимедиа нысандарын кірістіру үшін HTML (аш ти эм эл) тегтерін қолдану	

5) Қосымшалар әзірлеу

Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1. Алгоритмдер және программалар	10.5.1.1 Функциялар мен процедураларды пайдаланып бағдарламалау тілінде кодты жазу; 10.5.1.2 жолдарды өңдеу үшін процедуралар мен функцияларды пайдалану; 10.5.1.3 ақпаратты оқу және жазу үшін файлдарды пайдалану; 10.5.1.4 практикалық есептерді шешу үшін сұрыптау алгоритмдерін іске асыру; 10.5.1.5 практикалық есептерді шешу үшін іздеу алгоритмдерін іске асыру	
2. Мобильдік қосымшалар		11.5.2.1 конструкторде ыңғайлы мобильдік қосымшасының интерфейсін құру; 11.5.2.2 разрабатывать мобильное приложение, используя блоки кода с условиями и циклами; 11.5.2.3 әзірленген мобильді қосымшаны орнату жолын түсіндіру 11.5.2.4 ақылды үй датчиктерінен деректер жіберуді ұйымдастыру; 11.5.2.5 ақылды үй датчиктерінен алынған деректерді шығару бағдарламаларын өңдеу; 11.5.2.6 ақылды үй құрылғысын басқару үшін бағдарлама әзірлеу
3. IT Startup (ай-ти стартап)		11.5.3.1 Startup (стартап) түсінігін баяндау; 11.5.3.2 Crowdfunding (краудфандинг) платформаларының жұмыс істеу қағидаларын сипаттау; 11.5.3.3 өнімді насихаттау және сату жолдарын сипаттау; 11.5.3.4 маркетингтік жарнама жасау (инфографика, бейне)

6) Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік

Бөлімше	10-сынып	11-сынып
	10.6.1.1 желілік компоненттердің қызметін сипаттау (желілік	

1. Компьютерлік желілерді ұйымдастыру	түйіндер, бағдарлауыш, коммутатор) 10.6.1.2 IP (ай пи)–адрестің жазылуы мен қызметтерін, ұсынылуын түсіндіре алу 10.6.1.3 (DNS (ди эн эс)) домен аттар жүйесінің қызметтерін сипаттау 10.6.1.4 жеке виртуалды желінің мақсатын түсіндіру	
2. Ақпараттық қауіпсіздік	10.6.2.1 "Ақпараттық қауіпсіздік", "құпиялық", "тұтастық" және " қолжетімділік" терминдерінің мағынасын түсіндіру; 10.6.2.2 Деректерді шифрлау қажеттілігін бағалау; 10.6.2.3 қолданушының мәліметтеріне қатысты қауіпсіздік шаралардың қолданылуын түсіндіру: құпиясөз, тіркелу жазулары, аутентификация, биометриялық аутентификация	11.6.2.1 ақпараттарды немесе зияткерлік меншікті қорғау қажеттіліктерін дәлелдеу (1996 жылғы 10 маусымдағы "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", 2015 жылғы 16 қарашадағы "Ақпаратқа қол жеткізу туралы", 2003 жылғы 7 қаңтарғы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары); 11.6.2.2 электронды сандық қолтаңба және сертификаттың қолданылуын сипаттау; 11.6.2.3 электронды сандық қолтаңба қолдану алгоритмін сипаттау

18. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

19. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Информатика " оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша қосымшада берілген ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Параграф 3. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 -11 сыныптарына арналған "Информатика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып

Бөлімдер	Тақырыптар, мазмұны	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
	Компьютерлік желілердің жұмыс жасау принциптері	10.6.1.1 желілік компоненттердің мақсатын сипаттау (тораптар, маршрутизаторлар, коммутаторлар); 10.6.1.2 IP (ай пи)-мекен-жайының мақсатын және көрсетілуін түсіндіру;

10.1А Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік		10.6.1.3 домендік атаулардың жүйесінің (DNS (ди эн эс)) мақсатын түсіндіру 10.6.1.4 жеке виртуалды желінің мақсатын түсіндіру
	Ақпараттық қауіпсіздік	10.6.2.1 1 "ақпараттық қауіпсіздік", "құпиялық", "тұтастық" және "қол жетімділік" терминдер маңызын түсіндіру
	Ақпаратты қорғау әдістері	10.6.2.2 Деректерді шифрлау қажеттілігін бағалау
	Идентификациялау әдістері	10.6.2.3 Пайдаланушы деректерін қорғау шараларын қолдануды түсіндіру: парольдер, тіркеулік жазба, аутентификация, биометриялық аутентификация
10.1В Деректерді ұсыну	Бір санау жүйесінен екінші санау жүйесіне сандарды аудару	10.2.2.1 ондық жүйедегі бүтін сандарды екілік, сегіздік, он алтылық санау жүйесіне және кері аудару
	Логикалық операциялар (дизъюнкция, конъюнкция, инверсия)	10.2.2.1 логикалық операцияларды қолдану (дизъюнкция, конъюнкция, инверсия)
	Ақиқат кестесін құру	10.2.2.2 берілген логикалық элементтер үшін ақиқат кестесін құру
	Компьютердің логикалық элементтері	10.2.2.3 маңызды логикалық элементтердің мақсатын түсіндіру : конъюнктор, дизъюнктор, инвертор
	Компьютердің логикалық негіздері	10.2.2.4 логикалық өрнекті логикалық сызбаға өзгерту немесе керісінше; 10.1.1.1 басқару құрылғысының (БҚ), арифметика- логикалық құрылғының (АЛҚ) және жад регистрінің процессордың бір бөлігі ретінде функциясын сипаттау
	Мәтіндік ақпаратты кодтау принциптері	10.2.3.1 Unicode (юникод) және ASCII (аск(и)й) символдарын кодтау кестесін салыстыру
2-тоқсан		
	Пайдаланушы функциялары мен процедуралары	10.5.1.1 функциялар мен процедураларды пайдаланып бағдарламалау тілінде код жазу
	Жолдармен жұмыс жасау	10.5.1.2 жолдарды өңдеу үшін процедуралар мен функцияларды пайдалану

10.2А Алгоритмдеу және программалау	Файлдармен жұмыс жасау	10.5.1.3 Ақпаратты оқу және жазу үшін файлдарды пайдалану
	Сұрыптау әдістері	10.5.1.4 практикалық есептерді шешу үшін сұрыптау алгоритмдерін іске асыру
	Графтардағы алгоритмдер	10.5.1.5 практикалық есептерді шешу үшін графтардағы алгоритмдерді іске асыру
3-тоқсан		
10.3 А Веб-жобалау	HTML (аш ти эм эл) web (веб)-сайттарын әзірлеу әдістері.	10.4.2.1 web (веб)-парақшаларды әзірлеуде HTML (аш ти эм эл)-тегтерін қолдану
	Мәтінді форматтау (қаріп, абзац, тізімдер)	10.4.2.1 web (веб)-парақшаларды әзірлеуде HTML (аш ти эм эл)-тегтерін қолдану
	Таблицалар	10.4.2.1 web (веб)-парақшаларды әзірлеуде HTML (аш ти эм эл)-тегтерін қолдану
	CSS (си эс эс)	10.4.2.2 web (веб)-парақшаларды жасауда CSS (си эс эс) қолдану
	Мультимедианы енгізу	10.4.2.4 веб -бетте мультимедиа нысандарын енгізу үшін HTML (аш ти эм эл) тегтерін қолдану
	Скрипттер пайдалану	10.4.2.3 web (веб)-беттерді әзірлеу кезінде дайын скрипттерді пайдалану
	Деректер базасымен web (веб)-беттердің байланысы	10.3.3.3 web (веб)-беттердің деректер базасымен байланысын орнату
4-тоқсан		
10.4А Ақпараттық жүйелер	Bigdata (бигдейта)	10.3.1.4 Bigdata(бигдейта)-ны пайдалануда оң және теріс әсерлерін бағалау
	Деректер қорының негізгі ұғымдары	10.3.1.1 "реляциондық деректер қоры" ұғымын түсіндіру 10.3.1.2. жол, жазба, индекс терминдерінің анықтамасын құрастыру
	Деректер қорында бастапқы кілт	10.1.2.4 программалық жасақтаманы суреттерді өңдеу үшін пайдалану деректер қорында бірінші кілтті анықтау
	Деректер қорын әзірлеу	10.3.2.1 деректер қоры жолдарының мәліметтер типін анықтау (SQL) (эс кю эль); 10.3.2.2 біркестелі деректер қорын құру (SQL) (эс кю эль); 10.3.2.3 көпкестелі деректер қорын құру (SQL) (эс кю эль);

	Формалар	10.3.2.4 деректерді енгізуге арналған форма жасау (SQL) (эс кю эль);
	Есептер	10.3.2.5 алынған мәліметтерді қолдана отырып, есептер жасау (SQL) (эс кю эль);
	Сұраныстар	10.3.3.1 конструкторды пайдаланып іріктеу сұрауын құру
	Құрылымдалған сұраныстар	10.3.3.2 web –парақша мен деректер қорынның байланысын орнату

2) 11-сынып

Бөлімдер	Тақырыптар, мазмұны	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
11.1А Жасанды интеллект	Жасанды интеллект	11.3.4.1 машина оқыту, нейрондық желілер (нейрондар және синапстардың) қағидаттарын түсіндіру;
		11.3.4.2 өнеркәсіпте, білім беруде, ойын индустриясында, қоғамда жасанды интеллект қолдану саласын сипаттау;
	Жасанды интеллекті жобалау	11.3.4.3 электрондық кестелердегі/ математикалық модельдеу бағдарламаларындағы нейрондық желілерді жобалау; 11.3.4.4 жасанды интеллектіні әзірлеуде "мұғаліммен оқыту" әдісін қолдану ауқымын сипаттау;
2-тоқсан		
11.2А 3D - жобалау	Виртуалды және кеңейтілген шындық	11.4.1.1 виртуалды және кеңейтілген шындықтың мақсатын түсіндіру;
	Виртуалды шындықтағы адам	11.4.1.2 Виртуалды және кеңейтілген шындықтың психикалық және физикалық денсаулыққа әсері туралы айту;
	3D-панорама және виртуалды тур	11.4.1.3 бірінші тұлға көрінісі бар 3D-панорама жасау (виртуалды тур;
	Виртуалды турдың 3D-панорамасын әзірлеу	11.4.1.3 бірінші тұлға көрінісі бар 3D-панорама жасау;
11.2В Аппараттық қамтамасыз ету	Виртуалды машиналар	11.1.2.1 виртуалды машиналардың мақсатын сипаттау;
		11.1.1.1 мобильді құрылғылардың негізгі компоненттерінің сипаттамаларын салыстыру: планшеттер, телефондар;

	Мобильдік құрылғылар сипаттамасы	11.1.2.2 аппараттық және программалық қамтамасыз етуде даму заңдылықтарын сипаттайтын мысалдар келтіру;
3-тоқсан		
11.3А Заттар интернеті	Заттар интернеті деген не	11.3.4.8 "заттар интернетінің" жұмыс қағидаларын сипаттау; 11.3.4.9 "заттар интернетінің" перспективалары туралы айту;
	Мобильді қосымшаны құру	11.5.2.1 конструкторде ыңғайлы мобильдік қосымшасының интерфейсін құру; 11.5.2.2 кодтың блоктарымен және циклдарымен мобильді қосымшаны жасау; 11.5.2.3 әзірленген мобильді қосымшаны орнату жолын түсіндіру;
	Ақылды үй	11.5.2.4 ақылды үй датчиктерінен алынған деректерді шығаруды ұйымдастыру; 11.5.2.5 ақылды үй датчиктерінен алынған деректерді шығару бағдарламаларын әзірлеу;
	Ақылды үй жобасын әзірлеу	11.5.2.6 ақылды үй құрылғысын басқару үшін бағдарлама әзірлеу;
11.3В IT Startup (ай-ти стартап)	Startup (стартап)-ты іске қалай қосады?	11.5.3.1 Startup (стартап) түсінігін баяндау 11.5.3.2 Crowdfunding (краудфандинг) платформасының жұмыс принциптерін сипаттау;
	Жобаны алға жылжыту	11.5.3.3 өнімді нарықта алға жылжыту және сату жолдарын сипаттау;
	IT Startup (ай-ти стартап) және жарнама	11.5.3.4 маркетингтік жарнама құру (инфографика, видео);
4-тоқсан		
	Қазақстандағы цифрландыру	11.3.4.6 Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерін талдау;
	Blockchain (блокчейн) технологиясы	11.3.4.5 Blockchain (блокчейн) технологиясының мақсаты мен жұмыс істеу қағидатын түсіндіру;
	Ақпараттарды құқылы қорғау	11.6.2.1 ақпараттарды және зияткерлік меншікті (1996 жылғы 10 маусымдағы "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", 2015 жылғы 16 қарашадағы " Ақпаратқа қол жеткізу туралы", 2003 жылғы 7 қаңтарғы "

11.4А Сандық сауаттылық		Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары) қорғаудың қажеттілігін негіздеу;
	Электронды цифрлық қолтаңба және сертификат	11.6.2.2 описывать назначение электронной цифровой подписи и сертификата 11.6.2.3 Электрондық үкімет порталында электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану
	Электронды үкімет	11.3.4.7 электрондық үкімет порталының функцияларын сипаттау

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
109-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Информатика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Информатика" оқу пәнін оқыту мақсаты білім алушыларды негізгі біліммен, тиімді пайдалануға арналған заманауи ақпараттық технологиялармен жүретін жұмыс дағдылары және қабілеттерімен қамтамасыз ету болып табылады.

3. Негізгі міндеттері:

1) білім алушылардың ақпараттық процестердің қоғамдағы түсінігін, ақпараттық технологияларды адам іс-әрекетінің әр түрлі салаларында пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективаларын қалыптастыру;

2) білім алушылардың ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде, оқуда және одан әрі жұмысында тиімді пайдалана алу мүмкіндігін қалыптастыру;

3) білім алушыларға жүйені талдау, шешімдерді әзірлеу, программалық қосымшалар жасау, өздерінің өнімдерін бағалау үшін, олардың компьютермен жұмыс істеудің базалық қағидаларды түсіну түсініктерін дамыту;

4) талдау, абстракция, модельдеу мен программалау арқылы білім аушыларға әр түрлі тапсырмаларды шешуді үйрету;

5) білім алушыларда логикалық, алгоритмдік, сонымен қатар, жалпылау мен үйлестік, тапсырмаларды құрамдас бөлікке ажырату мен ортақ заңдылықтарды бөлу, қойылған тапсырмаларды шешуге тиімді және рационалды тәсілдер табу мүмкіндіктерін қосатын есептік ойлауды дамыту;

6) білім алушыларда ақпараттық мәдениетті қалыптастыру – жалпы ережелерді ұстану және жеке тұлға мен бүкіл қазақстандық әлеуметтің мүддесін көздеу;

7) жасанды интеллект, Blockchain, Startup, Crowdfunding терминдерін түсіну;

8) білім алушылардың академиалық тілді меңгеруіне және пән бойынша ұғымдық аппаратты байытуға септік жасау.

2-тарау. "Информатика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Информатика" оқу пәнінің мазмұны

4. "Информатика" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Оқу пәнінің мазмұны бағдарламаның пән бойынша оқыту бөлімдерінен тұрады. Әр бөлім бөлімшелерге бөлінген. Бөлімшелер күтілетін нәтиже, дағды немесе білік, білім немесе түсінік түрінде оқыту мақсаттарын қамтиды.

6. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) компьютерлік жүйелер;

2) ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру;

3) ақпараттық процестер және жүйелер;

4) қосымшаны құру;

7. "Компьютерлік жүйелер" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) бұлттық технологиялар;

2) ақпараттық қауіпсіздік.

8. "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) дизайн теориясы;

2) видео контент құру;

3) веб-жобалау;

4) 3D – модельдеу.

9. "Ақпараттық процестер мен жүйелер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: ақпараттық технологияларды дамытудың заманауи үрдістері.

10. "Қосымшаларды әзірлеу" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) мобильдік қосымшалар;

2) IT STARTUP (ай-ти стартап).

11. 10-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Компьютерлік жүйелер"

Ақпараттық қауіпсіздік: "ақпараттық қауіпсіздік", деректер "құпиялылығы" және " тұтастығы"; қауіпсіздік шаралары - деректерді резервтік көшіру және шифрлау; жеке тұлғаны сәйкестендіру әдістері;

2) "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру"

Дизайн теориясы: "дизайн", "қолданылуы", визуалды дизайнның классификациясы; Ақпаратты қабылдау принциптері; "жақсы дизайн" қағидаттары (ыңғайлылық, қарапайымдылық); графикалық файл пішімдері; графикалық файлдарды түрлендіру; сайттың дизайн-макетін әзірлеу.

Бейне контентін құру: видео түсірілімнің негізгі қағидалары және бейнелерді өңдеу; бейнемен жұмыс істеу бағдарламалары; бейне клиптерді өңдеу.

Веб-жобалау: сайттар конструкторы; веб-беттегі мультимедиа; сайтты алға жылжыту әдістері; сайтты жариялау.

3) "Ақпараттық процестер мен жүйелер"

Ақпараттық технологияларды дамытудың қазіргі заманғы үрдістері: машиналық оқытудың принциптері, нейрондық желілер; жасанды интеллект қолдану салалары; Blockchain (блокчейн) технологиясының мақсаты мен жұмыс принципі.

12. 11-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Компьютерлік жүйелер"

Бұлттық технологиялар: файлдарды ортақ пайдалану.

Ақпараттық қауіпсіздік: ақпаратты және зияткерлік меншікті қорғау; электрондық цифрлық қолтаңба, мақсат, қолдану алгоритмі.

2) "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру"

3D – модельдеу: виртуалды және кеңейтілген шындық; олардың адам денсаулығына әсері; бірінші тұлға көрінісімен 3D панорама (виртуалды саяхат) жасау.

3) "Ақпараттық процестер мен жүйелер"

Ақпараттық технологияларды дамытудағы заманауи үрдістер: Қазақстанда цифрландыру процесінің қазіргі заманғы үрдістері; электрондық үкімет порталы.

4) "Қосымшаларды әзірлеу"

Мобильді қосымшалар: мобильді қосымшалар интерфейсі; мобильді қосымшаларды әзірлеу және орнату.

IT Startup (ай-ти стартап): Crowdfunding (краудфандинг) платформаларының жұмыс қағидалары; маркетингтік жарнама, өнімді өткізу және сату жолдары.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

13. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.1.2.1. кодында " 10" – сынып, "1.2" – бірінші бөлімнің екінші бөлімшесі, "1" – оқу мақсатының реттік саны.

14. Білім алушыларға қойылатын мақсаттар:

1) Компьютерлік жүйелер

Білім алушылар міндетті		
Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1. Бұлттық технологиялар		11. 1. 1. 1 бұлтты технологияның не екенін түсіндіру 11. 1. 1. 2 жалпыға қолжетімділікке арналған файлдарды (мәтіндік құжаттар, күнтізбелер, презентациялар, кестелер) қолдану, қашықтан және бірлесіп өңдеу
2. Ақпараттық қауіпсіздік	10.1.2.1 "ақпараттық қауіпсіздігі", "құпиялылық" және "тұтастық" терминдерінің мағынасын түсіндіру 10.1.2.2 қауіпсіздік шараларын, оның ішінде түсініктерді сипаттаңыз: деректерді резервтік көшіру және шифрлау 10.1.2.3 әртүрлі сәйкестендіру әдістерін қолдануды дәйектеу	11.1.2.1 ақпараттарды және зияткерлік меншікті (1996 жылғы 10 маусымдағы "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", 2015 жылғы 16 қарашадағы " Ақпаратқа қол жеткізу туралы", 2003 жылғы 7 қаңтарғы " Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары) қорғаудың қажеттілігін негіздеу 11.1.2.2 электрондық цифрлық қолтаңбаның және сертификаттың мақсатын сипаттау 11.1.2.3 электрондық үкімет порталында электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану

2) Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру

Бөлімше	10-сынып	11-сынып
	10.2.1.1 "дизайн", "қолдану" ұғымдарын түсіндіру	

1. Дизайн теориясы	10.2.1.2 түрлер бойынша көрнекі дизайнды жіктеу 10.2.1.3 ақпараттарды қабылдау принциптері жобада қалай іске асырылатынын түсіндіру 10.2.1.4 "жақсы дизайн" қағидаттарын іске асыру (ыңғайлылық, қарапайымдылық және т.б.) 10.2.1.5 сурет файл форматтары арасындағы айырмашылықты түсіндіру 10.2.1.6 графикалық файлдарды түрлендіру қажеттілігін түсіндіру 10.2.1.7 Веб-эргономиканың ерекшеліктерін ескере отырып, графикалық редактор арқылы сайттың дизайн-макетін жасау	
2. Бейне контенттер құру	10.2.2.1 бейнемонтаж және бейнежазбаның негізгі қағидаларын қадағалау 10.2.2.2 бейне клиптерді өз сценарийіңізге сәйкес өңдеп, дыбыстарды, суреттерді, әсерлерді , өтулерді және мәтінді қосу 10.2.2.3 бейнемен жұмыс істеу үшін бағдарламалардың мүмкіндіктерін салыстыру	
3. Веб-жобалау	10.2.3.1 сайттар конструкторын қолданып веб-сайт жасау 10.2.3.2 мультимедианы веб-бетте орналастыру (дыбыс және бейне) 10.2.3.3 веб-сайтты насихаттау әдістерін сипаттау 10.2.3.4 сайтты жариялау үшін файлды алмастырғышты пайдалану	
4.3D - модельдеу		11.2.4.1 виртуалды және кеңейтілген шындықтың мақсатын түсіндіру 11.2.4.2 адамның психикалық және физикалық денсаулығына виртуалды және кеңейтілген шындықтың әсері туралы айту 11.2.4.3 бірінші тұлға көрінісімен 3D панорама (виртуалды саяхат) жасау

3) Ақпараттық процестер және жүйелер

Бөлімше	10-сынып	11-сынып
	10.3.1.1 Машиналық оқыту принциптерін, нейрондық	

1. Ақпараттық технологияларды дамытудағы қазіргі заманғы үрдістер	желілерді (нейрондық және синапстар) түсіндіру 10.3.1.2 өнеркәсіпте, білім беруде, ойын индустриясында, қоғамда жасанды интеллект қолдану саласын сипаттау 10.3.1.3 Blockchain технологиясының мақсаты мен жұмысын түсіндіру	11.3.1.1 Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерін талдау 11.3.1.2 электрондық үкімет порталының функцияларын сипаттау

4) Қосымшаларды әзірлеу

Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1. Мобильді қосымшалар		11.4.1.1 конструкторде ыңғайлы мобильдік қосымшасының интерфейсін құру 11.4.1.2 кодтың блоктарымен және циклдарымен мобильді қосымшаны жасау 11.4.1.3 әзірленген мобильді қосымшаны орнату жолын түсіндіру
2. IT STARTUP (ай-ти стартап)		11.4.2.1 Startup (стартап) түсінігін баяндау 11.4.2.2 Crowdfunding (краудфандинг) платформаларының жұмыс істеу қағидаларын сипаттау 11.4.2.3 өнімді насихаттау және сату жолдарын сипаттау 11.4.2.4 маркетингтік жарнама жасау (инфографика, бейне)

15. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

16. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Информатика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша қосымшада берілген ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Информатика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып

Бөлімдер	Тақырыптар, мазмұны	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
	Ақпараттық қауіпсіздік	10.1.2.1 "ақпарат қауіпсіздігі", "құпиялылық" және "тұтастық" терминдерінің мағынасын түсіндіру

10.1А Ақпараттық қауіпсіздік	Ақпаратты қорғау әдістері	10.1.2.2 қауіпсіздік шараларын, оның ішінде түсініктерді сипаттаңыз: деректерді резервтік көшіру және шифрлау
	Жеке тұлғаны идентификациялау әдістері	10.1.2.3 әртүрлі сәйкестендіру әдістерін қолдануды дәйектеу
10.1В Бейне контент құру	Бейнемен жұмыс істеуге арналған программалар	10.2.2.3 бейнемен жұмыс істеу үшін бағдарламалардың мүмкіндіктерін салыстыру
	Бейне түсіру	10.2.2.1 бейнемонтаж және бейнежазбаның негізгі қағидаларын қадағалау
	Бейне монтаждаудың ережесі	10.2.2.1 бейнемонтаж және бейнежазбаның негізгі қағидаларын қадағалау
	Бейнені монтаждау	10.2.2.2 бейне клиптерді өз сценарийіңізге сәйкес өңдеп, дыбыстарды, суреттерді, әсерлерді , өтулерді және мәтінді қосу
	Жобаны әзірлеу және қорғау	10.2.2.1 бейнемонтаж және бейнежазбаның негізгі қағидаларын қадағалау 10.2.2.2 бейне клиптерді өз сценарийіңізге сәйкес өңдеп, дыбыстарды, суреттерді, әсерлерді , өтулерді және мәтінді қосу
2-тоқсан		
10.2А Дизайн теориясы	Біздің өміріміздегі дизайн	10.2.1.1 "Дизайн", "қолдану" ұғымдардың түсіндіру 10.2.1.2 түрлер бойынша көрнекі дизайнды жіктеу
	"Жақсы дизайн" принципі	10.2.1.3 ақпараттарды қабылдау принциптері жобада қалай іске асырылатынын түсіндіру 10.2.1.4 "жақсы дизайн" қағидаттарын іске асыру (ыңғайлылық, қарапайымдылық және т.б.)
	Веб-бетке арналған графика	10.2.1.5 сурет файл форматтары арасындағы айырмашылықты түсіндіру 10.2.1.6 графикалық файлдарды түрлендіру қажеттілігін түсіндіру
	Сайт дизайнын әзірлеу	10.2.1.7 Веб-эргономиканың ерекшеліктерін ескере отырып, графикалық редактор арқылы сайттың дизайн-макетін жасау
3-тоқсан		
		10.2.1.7 Веб-эргономиканың ерекшеліктерін ескере отырып,

10.3А Веб-жобалау	Сайттың картасы	графикалық редактор арқылы сайттың дизайн-макетін жасау
	Сайттың басты беті	10.2.3.1 сайттар конструкторын қолданып веб-сайт жасау
	Мазмұны	10.2.3.1 сайттар конструкторын қолданып веб-сайт жасау
	Веб-беттегі мультимедия	10.2.3.2 мультимедианы веб-бетте орналастыру (дыбыс және бейне)
	Сайтты жариялау	10.2.3.4 сайтты жариялау үшін файлды алмастырғышты пайдалану
	Сайтты насихаттау	10.2.3.3 веб-сайтты насихаттау әдістерін сипаттау
4-тоқсан		
10.4А Жасанды интеллект және Blockchain (блокчейн) технологиясы	Машиналық оқыту принциптері	10.3.1.1 машиналық оқыту принциптерін, нейрондық желілерді (нейрондық және синапстар) түсіндіру
	Нейронды желілердің жұмысы және ұйымдастыру принциптері	10.3.1.1 машиналық оқыту принциптерін, нейрондық желілерді (нейрондық және синапстар) түсіндіру
	Жасанды интеллектіні қолдану саласы	10.3.1.2 өнеркәсіпте, білім беруде, ойын индустриясында, қоғамда жасанды интеллект қолдану саласын сипаттау
	Blockchain (блокчейн) технологиясы	10.3.1.3 Blockchain (блокчейн) технологиясының мақсаты мен жұмысын түсіндіру

2) 11-сынып

Бөлімдер	Тақырыптар, мазмұны	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
11.1А Бұлттық технологиялар	Бұлттық технологияны іскерлік саласында қолдану	11.1.1.1 бұлтты технологияның не екенін түсіндіру 11.1.1.2 жалпыға қолжетімділікке арналған файлдарды (мәтіндік құжаттар, күнтізбелер, презентациялар, кестелер) қолдану, қашықтан және бірлесіп өңдеу
2-тоқсан		
11.2А 3D – модельдеу	Виртуалды және кеңейтілген шындық	11.2.4.1 виртуалды және кеңейтілген шындықтың мақсатын түсіндіру
	Виртуалды шындықтағы адам	11.2.4.2 адамның психикалық және физикалық денсаулығына виртуалды және кеңейтілген шындықтың әсері туралы айту

	Виртуалды тур	11.2.4.3 бірінші тұлғадан көрінісі бар 3D панорама (виртуалды саяхат) жасау
3-тоқсан		
11.3В Мобильді қосымшалар	Мобильді қосымшаларды құру	11.4.1.1 конструкторде ыңғайлы мобильдік қосымшасының интерфейсін құру 11.4.1.2 кодтың блоктарымен және циклдарымен мобильді қосымшаны жасау 11.4.1.3 әзірленген мобильді қосымшаны орнату жолын түсіндіру
11.3В IT Startup (ай-ти стартап)	Өзіңнің Startup-ыңды қалай іске қосу керек	11.4.2.1 Startup (стартап) түсінігін баяндау; 11.4.2.2 Crowdfunding (краудфандинг) платформаларының жұмыс істеу қағидаларын сипаттау
	Жобаны алға жылжыту	11.4.2.3 өнімді насихаттау және сату жолдарын сипаттау
	IT Startup (ай-ти стартап) және жарнама	11.4.2.4 маркетингтік жарнама жасау (инфографика, бейне)
4-тоқсан		
11.4В Сандық сауаттылық	Қазақстандағы цифрлау	11.3.1.1 Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерін талдау
	Ақпараттарды құқылы қорғау	11.1.2.1 ақпараттарды және зияткерлік меншікті (1996 жылғы 10 маусымдағы "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", 2015 жылғы 16 қарашадағы "Ақпаратқа қол жеткізу туралы", 2003 жылғы 7 қаңтарғы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары) қорғаудың қажеттілігін негіздеу
	Электронды цифрлық қолтаңба және сертификат	11.1.2.2 электрондық цифрлық қолтаңбаның және сертификаттың мақсатын сипаттау 11.1.2.3 электрондық үкімет порталында электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану
	Электронды үкімет	11.3.1.2 электрондық үкімет порталының функцияларын сипаттау

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі

№ 399 бұйрығына
110-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 110-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Химия" пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларға зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алу, ақпаратты сыни бағалау және шешім қабылдау үшін химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсіну.

3. Негізгі міндеттері:

1) заттар және олардың бір-бірімен әрекеттесу заңдылығы туралы білім жүйесін қалыптастыру (фактілер, түсініктер, заңдар және теориялар);

2) зияткерлік және эксперименталдық біліктер мен дағдылар түрінде іс-әрекеттердің танымал әдістерін жүзеге асыру тәжірибелерін қалыптастыру;

3) жаңа проблемаларды шешуде жаңа бір жағдайда бұрын меңгерілген білім және білікті өз бетімен жаңғыртуды талап ететін шығармашылық, ізденіс іс-әрекеттер тәжірибесін қалыптастыру, танымал іс-әрекеттер негізінде жаңа әдісін қалыптастыру;

4) қоғамның әрбір мүшесінің өмірлік проблемасын шешуге әсер ететін, "Химия" пәнінің жиынтық үлесі болып табылатын өзекті және пәндік құзыреттіліктің қалыптасуында көрінетін, қоршаған ортаға қарым-қатынасын көрсететін адам әрекетінің объектіге немесе қаражатқа құнды және сындарлы қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру.

2-тарау. "Химия" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Химия" оқу пәнінің мазмұны

4. "Химия" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Оқу пәнінің мазмұны 5 бөлімнен тұрады:

1) заттардың бөлшектері;

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;

3) химиялық реакциялардың энергетикасы;

4) химия және қоршаған орта;

5) химия және өмір.

6. "Заттардың бөлшектері" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) атомдар, иондар және молекулалар;

2) атом құрамы мен құрылысы;

3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы;

4) химиялық байланыстың түрлері.

7. "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) химиялық элементтердің периодтық заңы мен периодтық жүйесі;

2) заттар массасының сақталу заңы;

3) тотығу-тотықсыздану реакциялары.

8. "Химиялық реакциялардың энергетикасы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) химиялық реакцияның жылдамдығы;

2) химиялық тепе-теңдік;

3) қышқылдар мен негіздер теориялары. Электролиттер ерітінділеріндегі иондық тепе-теңдіктер.

9. "Химия және қоршаған орта" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Жер химиясы;

2) көміртек және оның қосылыстары.

10. "Химия және өмір" бөлімі "Биохимия" бөлімшесінен тұрады.

11. "Химия" оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) "Атом құрылысы. Атом – күрделі бөлшек", радиоактивтілік, энергетикалық деңгейлер және деңгейшелер, кванттық сандар және орбитальдар;"Орташа салыстырмалы атомдық массаны есептеу" тақырыбына есептер шығару;

2) Периодтар мен топтардағы "Элементтер мен олардың қосылыстарының периодты өзгеруі", период және топ бойынша қышқылды-негіздік қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары, периодтар және топтарда қосылыстардың тотығу-тотықсыздану қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары;

3) "Химиялық байланыс". Ковалентті байланыс, ковалентті байланыс қасиеттері, гибридтену түрлері: sp, sp2, sp3, электртерістілік және байланыс полярлығы, иондық байланыс, электронды жұптардың тебісу теориясы, металдық байланыс, сутекті байланыс;

№ 1 зертханалық тәжірибе: "Ковалентті байланысты заттардың (N2, O2, алмаз) модельдерін құрастыру";

4) "Стехиометрия". Химияның негізгі стехиометриялық заңдары, салыстырмалы атомдық және молекулалық масса, зат мөлшері;

5) "Кинетика". Химиялық реакция жылдамдығы, концентрацияның реакция жылдамдығына әсері, қысымның химиялық реакция жылдамдығына әсері, температураның химиялық реакция жылдамдығына әсері, катализ;

"Әрекеттесуші массалар заңы" тақырыбына есептер шығару;

№ 2 практикалық жұмыс: "Химиялық реакция жылдамдығына әртүрлі факторлардың әсерін зерттеу";

№ 2 зертханалық тәжірибе: "Химиялық реакция жылдамдығына әртүрлі катализаторлар әсерінің тиімділігін зерттеу";

6) "Химиялық тепе-теңдік". Химиялық тепе-теңдікке әсер ететін факторлар, Ле-Шателье-Браун принципі, тепе-теңдік константасы, өнеркәсіптік процестердегі химиялық тепе-теңдік;

№ 3 зертханалық тәжірибе: "Әртүрлі факторлардың динамикалық тепе теңдік күйіне әсерін зерделеу";

"Тепе-теңдік константасын мен тепе-теңдік күйдегі концентрацияларды табу";

7) "Тотығу-тотықсыздану реакциялары". гальваникалық элементтер, электролит;

8) "17-топ элементтері". Галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары, галогендердің тотығу-тотықсыздану қасиетттері, сулы ерітіндідегі галогенид иондарын анықтау, галогендер және олардың қосылыстарының қолданылуы;

9) "2 (II)-топ элементтері". 2 (II)-топ элементтерінің физикалық қасиеттері; 2 (II)-топ элементтерінің химиялық қасиетттері; табиғи карбонаттар;

10) "Органикалық химияға кіріспе". Органикалық заттардың құрамы мен құрылысы , функционалдық топтар, гомологтық қатар, алифатты қосылыстардың IUPAC номенклатурасы, изомерия түрлері, алкандар, алкандардың жану өнімдері, алкандардың бос-радикалды орынбасу реакциясы механизмі, галогендеу;

№ 4 зертханалық тәжірибе: "Органикалық заттар молекулаларының модельдерін құрастыру";

"Жану өнімдері және гомологиялық қатар бойынша заттардың молекулярлық формулаларын анықтау" тақырыбына есептер шығару

11) "Қанықпаған көмірсутектер". Алкендердің құрамы, құрылымы және реакцияға түсу қабілеті, стереоизомерия;

№ 5 зертханалық тәжірибе: "Байланыстың қанықпағандығына сапалық реакция";

12) "Галогеналкандар". Галогеналкандарды алу,

13) "Спирттер: біратомды, көпатомды спирттер". Спирттердің жіктелуі және химиялық қасиеттері, этил спиртін өнеркәсіптік өндіру, фенол, оның құрылысы мен қасиеттері;

№ 6 зертханалық тәжірибе: "Бір атомды және көпатомды спирттерге сапалық реакциялар";

Көрсетілім: "Глюкозаны ашыту арқылы этил спиртін алу";

12. "Химия" оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны

1) "Ароматты қосылыстар қатары". Бензол молекуласының құрылысы, бензол және оның гомологтарын алу, бензол және оның гомологтарының химиялық қасиеттері;

2) "Карбонилді қосылыстар". Карбонильді қосылыстардың құрылысы және номенклатурасы, альдегидтер мен кетондардың алынуы, карбон қышқылдарының қасиеттері, этерификация реакциясы, күрделі эфирлер және сабын;

№2 зертханалық тәжірибе: "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу";

3) "Тірі ағза химиясы". Көмірсулардың жіктелуі және олардың құрылысы, көмірсулардың қасиеттері және қолданылуы;

№ 2 зертханалық тәжірибе: "Альдегидоспирт ретінде глюкозаның химиялық қасиеттері. Крахмалға сапалық реакция";

4) "Аминдер және аминқышқылдары". Аминдердің жіктелуі және номенклатурасы, аминдердің физикалық, химиялық қасиеттері және алынуы, аминқышқылдарының құрамы, құрылысы, биологиялық рөлі, аминқышқылдардың физикалық және химиялық қасиеттері;

№ 3 зертханалық тәжірибе: "Аммиак және аминдер молекуласының модельдерін құрастыру"; пептидтік байланыс; нәруыздың түзілуі;

№ 4 зертханалық тәжірибе: "Аминқышқылы молекуласының модельдерін құрастыру және ассиметриялы көміртек атомын анықтау";

№ 5 зертханалық тәжірибе: "Аминқышқылдар қасиеттері";

4) "Тірі ағза химиясы". Нәруыздар, нәруыз молекулаларының құрылымы, полипептидтер құрылымын анықтау, ферменттер ролі және қолданылуы, ДНҚ құрылымы, биологиялық маңызды металдар, қоршаған ортаның ауыр металдармен ластануы, ауыр металдардың нәруыздарға әсері;

№ 6-зертханалық тәжірибесі "ДНҚ моделін жасау"

№ 1 практикалық жұмыс: "Денатурация және нәруыздардың түсті реакциялары";

6) "Синтетикалық полимерлер". Жоғары молекулалы қосылыстар, полимерлену реакциясы, поликонденсация реакциялары, полиамидтер мен полиэфирлер, пластиктердің қолданылуы және қоршаған ортаға әсері;

№ 7 зертханалық тәжірибе: "Полимерлер және олардың қасиеттері";

№ 2 практикалық жұмыс: "Пластмассаларды және талшықтарды тану";

7) "Органикалық синтез". Органикалық қосылыстардағы негізгі функционалдық топтар, органикалық заттардың генетикалық байланысы;

8) "14-топ элементтері". 14 (IV)-топ элементтері қасиеттерінің өзгеруі, 14 (IV) топ элементтері және олардың қосылыстарының химиялық қасиеттері, 14 (IV)-топ элементтері оксидтерінің қасиеттері, жай заттардың табиғатта таралу түрлері және алыну әдістері;

9) "Азот және күкірт". Азот молекуласы құрылысының ерекшеліктері мен қасиеттері, аммиак және аммоний тұздары, азотты тыңайтқыштардың өнеркәсіптік алынуы, азот оксидтері және нитраттарының қоршаған ортаға экологиялық әсері, күкірттісутек және сульфидтер, күкірт оксидтері, күкірт диоксидінің қоршаған ортаға әсері және қолданылуы; күкірт қышқылын алудың жанасу әдісі;

Көрсетілім: "Күкірт және азот қышқылдарының тотықтырғыш қасиеттері";

10) "Қышқыл және негіз ерітінділері". Қышқыл және негіздер теориясы, судың иондық көбейтіндісі, сутектік көрсеткіш, қышқыл және негіздер күші, буферлі ерітінділер;

11) "Металдар өндірісі". Металдар және құймаларды алу, электролитті өнеркәсіпте қолдану, металл өндірісі кезіндегі қоршаған ортаны қорғау проблемалары;

12) "Ауыспалы металдар". Ауыспалы металдардың жалпы сипаттамасы; кешенді қосылыстар; ауыспалы металдардың биологиялық ролі;

13) "Жаңа заттарды және материалдарды өндіру". Жаңа материалдарды әзірлеу және құру, физиологиялық белсенді табиғи және синтетикалық қосылыстар, дәрілік препараттарды синтездеу және өндіру, нанотехнология, нанокөміртекті бөлшектердің құрылымы, жаңа полимерлерді алу, жаңа материалдардың практикалық мәні;

14) "Жасыл химия". "Жасыл химияның" 12 принципі. Атмосфера, гидросфера, литосфераның ластануы. Жердің озон қабатының бұзылуы, Ғаламдық жылыну.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

13. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында "10"-сынып, "2.1" – екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" – оқыту мақсатының реттік саны.

1) Заттардың бөлшектері

Білім алушылар жасай алады

	10-сынып	11-сынып
1.1 Атомдар, молекулалар және иондар	10.1.1.1 химияның негізгі стехиометриялық заңдарының тұжырымдамасын, қолдану аясын атау: зат массасының сақталу заңы, көлем қатынастар заңы, Авогадро заңы;	
1.2 Атомның құрамы мен құрылысы	10.1.2.1 "нуклидтер" мен "нуклондар" ұғымының мағынасын түсіндіру; 10.1.2.2 қоспадағы химиялық элементтің табиғи изотоптарының орташа салыстырмалы атомдық массаларын есептеу; 10.1.2.3 радиоактивтіліктің табиғатын және радиоактивті изотоптарды қолдануды түсіндіру	
1.3 Атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы	10.1.3.1 квант сандарының сипаттамасы мен мәндерін атау; 10.1.3.2 алғашқы 36 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын жазу	
1.4 Химиялық байланыстың түрлері	10.1.4.1 донор-акцепторлы және алмасу механизмі бойынша ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; 10.1.4.2 қос және үш еселі байланыстың түзілуін түсіндіру; 10.1.4.3 ковалентті байланыстың қасиеттерін сипаттау; 10.1.4.4 әртүрлі гибридтену түрлерін түсіндіру; 10.1.4.5 заттың құрылысы мен қасиеттерінің өзара байланысын түсіндіру; 10.1.4.6 атомдардың электртерістілік ұғымының физикалық мәнін түсіндіру және оның негізінде химиялық байланыстың түрін болжау; 10.1.4.7 иондық байланыстың қарама-қарсы зарядталған иондардың электростатикалық тартылуы нәтижесінде түзілетіндігін түсіну; 10.1.4.8 металдық байланыстың табиғатын және оның металдардың физикалық қасиеттеріне әсерін түсіндіру; 10.1.4.9 сутекті байланыстың түзілу механизмін түсіндіру;	

2) Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары

Білім алушылар білуі тиіс:		
	10-сынып	11-сынып
2.1 Периодтық заң және периодтық жүйе	10.2.1.1 химиялық элемент атомдарының қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарының сипаттау: радиусы, иондану энергиясы, электронтартқыштық, электртерістілік және тотығу дәрежесі 10.2.1.2 период және топ бойынша химиялық элементтердің оксидтерінің, гидроксидтерінің және сутекті қосылыстарының қышқылдық-негіздік қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру 10.2.1.3 топ бойынша галогендердің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіру 10.2.1.4 галогендердің тотығу-тотықсыздану реакция теңдеулерін құрастыру 10.2.1.5 2 (II) топ элементтерінің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіре алу 10.2.1.6 - табиғаттағы карбонаттар айналымының схемасын құру және олардың қолданылу аймағын атау	11.2.1.1 14 (IV) топ элементтерінің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіру; 11.2.1.2 14 (IV) элементтерінің және олардың қосылыстарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 11.2.1.3 14 (IV) топэлементтерінің +2 және +4 тотығу дәрежелі оксидтерінің қасиеттерін түсіндіре алу 11.2.1.4 14 (IV) топ элементтерінің жай заттары және химиялық қосылыстарының алыну әдістерін сипаттау; 11.2.1.5 азот молекуласының төмен химиялық белсенділігін түсіндіріңіз 11.2.1.6 аммоний ионындағы байланыстардың түзілу механизмін түсіндіру 11.2.1.7 азот тыңайтқыштары өндірісі үдерісін түсіндіру; 11.2.1.8 азот оксидтерінің атмосфераға, нитраттардың топыраққа және су ресурстарына әсерін талдау; 11.2.1.9 азот қосылыстарының қоршаған ортаға әсерін азайту мәселелерін шешудің жолдарын ұсыну; 11.2.1.10 - күкіртсутектің тотықсыздандырғыш қасиеттерін түсіндіру; 11.2.1.11 - сульфид-ионының сапалық реакциясын білу; 11.2.1.12 - атмосфераның күкірт диоксидімен ластану көздерін және қышқыл жаңбырдың түзілу мәселелерін атау; 11.2.1.13 тағам өнеркәсібінде күкірт (IV) оксидін қолданылу аймағын атау; 11.2.1.14 - күкірт қышқылын жанасу әдісімен алу процесін түсіндіру; 11.2.1.15 - күкірт қышқылының қолдану аймағын атау;

		11.2.1.16 - ауыспалы элементтер айнымалы тотығу дәрежесін көрсететінін білу; 11.2.1.17 атомдар құрылысы негізінде ауыспалы металдардың физикалық және химиялық қасиеттерін түсіндіру; 11.2.1.18 кешенді қосылыстың құрылымын сипаттау; 11.2.1.19 гемоглобин құрамында темір (+2) кешенінің болатынын түсіндіру және оттегін тасымалдаудағы оның ролін түсіну; 11.2.1.20 иіс газымен улану қалай жүретіндігін түсіндіру және алғашқы көмек көрсету әдісін сипаттау
2.2 Заттар массасының сақталу заңы	10.2.2.1 қалыпты және стандартты жағдайда "молярлық концентрация", "молярлық көлем" шамаларын қолданып есептеулер жүргізу; 10.2.2.2 бастапқы заттардың белгілі зат мөлшерлері (массалары, көлемдері, бөлшек сандары) бойынша реакцияға қатысқан заттардың біреуі артық мөлшерде және құрамында белгілі үлесте қоспалары бар болған жағдайда реакция өнімдерінің зат мөлшерлерін (массаларын, көлемдерін, бөлшек сандарын) есептеу;	11.2.2.1 параллель жүретін реакциялар теңдеулері бойынша есептер шығару;
	10.4.2.1 - органикалық химия - бұл көмірсутектер және олардың туындыларының химиясы деп түсіну 10.4.2.2 - көмірсутектердің эмпирикалық, молекулалық, құрылымдық және кеңістіктік формулаларын ажырату 10.4.2.3 - функционалдық топтар бойынша органикалық қосылыстардың негізгі кластарын ажырату 10.4.2.4 - гомологтық қатардың қалыптасуын және оның өкілдері қасиеттерінің ұқсастығын түсіндіру	11.4.2.1 альдегидтердің, кетондардың және карбон қышқылдарының функциональды топтарының құрылысын сипаттау; 11.4.2.2 альдегидтердің, кетондардың және карбон қышқылдарының құрылымдық формулаларын құрастыру және оларды IUPAC бойынша атау 11.4.2.3 карбон қышқылдарының физикалық қасиеттерін және алыну жолдарын түсіндіру 11.4.2.4 альдегидтер және кетондардың нуклеофильді қосылу реакциясына мысалдар келтіру 11.4.2.5 карбон қышқылдарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру

4.2 Көміртек және оның қосылыстары	10.4.2.5 - қосылыстардың құрылымдық формуласын құру және оларды IUPAC номенклатурасы бойынша атау 10.4.2.6 - изомерия түрлерін атау және изомерлер формулаларын құрастыру: құрылымдық, байланыстың орны бойынша, функционалдық топтар және классаралық изомерлер 10.4.2.7 - әр түрлі алкандардың жану процесін зерттеу және олардың отын ретінде қолдануын түсіндіру 10.4.2.8 - алкандардың жану өнімдерін және қоршаған ортаға экологиялық салдарын бағалау 10.4.2.9 - берілген жану өнімдері бойынша заттың гомологтық қатары бойынша молекулалық формуласын анықтау 10.4.2.10 - алкандардың галогендеу реакция теңдеулерін құру 10.4.2.11 - "қанықпағандық" терминін және оның қосылыстың қасиеттеріне әсерін түсіндіру 10.4.2.12 - алкендердің қанықпағандығын тәжірибе жүзінде дәлелдеу 10.4.2.13 - электрофильді және нуклеофильді бөлшектерді ажырату 10.4.2.14 - полимерлеу реакциясының мәнін түсіндіру 10.4.2.15 - химиялық реагенттерге қатысы бойынша пластиктердің салыстырмалы инерттілігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу 10.4.2.16 полиэтилен өндірісі процесінің схемасын құру 10.4.2.17 полиалкендердің қолдану аймағын атау және олардың өнімдерін қайта өңдеудің маңыздылығын бағалау 10.4.2.18 алкадиендердің құрылысы негізінде олардың қасиеттерін түсіндіру 10.4.2.19 каучук пен резинаның табиғатта таралуын, алыну жолдарын оқу 10.4.2.20 алкиндердің құрылымдық формулаларын	11.4.2.6 этерификация реакциясының механизмін сипаттау 11.4.2.7 карбон қышқылдары, күрделі эфирлер, сабын, синтетикалық жуғыш заттар және биодизельді отындардың қолданылу аймағын атау 11.4.2.8 майлардың құрамы мен құрылысын білу 11.4.2.9 бензол молекуласының құрылымын түсіндіру 11.4.2.10 бензол және оның гомологтарын алу реакцияларын құрастыру 11.4.2.11 бензолды нитрлеу және галогендеу реакциясының механизмін түсіндіру; 11.4.2.12 органикалық қосылыстар синтезі үшін бензол реакциясының маңыздылығын түсіндіру 11.4.2.13 толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесуін түсіндіру 11.4.2.14 "мономер", " құрылымдық буын", "олигомер", " полимер", "полимерлену дәрежесі " негізгі ұғымдарын ажырату 11.4.2.15 полимерлену реакциясының теңдеуін құрастыру , поликонденсация реакциясының теңдеуін құру 11.4.2.16 поликонденсация реакциясы негізінде алынатын полимерлер гидролизденіп, биологиялық ыдырай алатынын түсіну 11.4.2.17 полиэтилен, полипропилен, полистирол, тефлон, поливинилхлорид, полиметилметакрилат, полиэфир, фенолформальдегид шайыры және олардың негізінде алынған пластмассалардың қасиеттерін, қолдану аймағын атау 11.4.2.18 пластмасса және наноталшықтарды тәжірибе жүзінде анықтау 11.4.2.19 қоршаған ортаға пластиктер өндірісінің және қолданысының әсерін талдау

	құрастыру, химиялық қасиеттері мен алыну жолдарын оқу 10.4.2.21 мұнайды айдау үдерісінің маңызын түсіну және қолданылу аясын сипаттау 10.4.2.22 термиялық және катализдік крекинг процесін түсіндіру 10.4.2.23 мұнайға серік газдардан маңызды өнімдер алу жолдарын білу 10.4.2.24 спирттерді функционалдық топтардың орналасуы және гидроксил тобының саны бойынша жіктеу 10.4.2.25 - молекуладағы атомдардың өзара әсері негізінде спирттердің химиялық қасиеттерін түсіндіру 10.4.2.26- біратомды және көпатомды спирттерге сапалық реакция жүргізу 10.4.2.27 - этанолды этиленді гидратациялау және глюкозаны ашыту арқылы алу реакциясының теңдеулерін құрастыру 10.4.2.28 - этанолды алу әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау; 10.4.2.29 спирттердің адам ағзасына уытты әсерін зерделеу 10.4.2.30 фенолдың құрамы мен құрылысын, пластмасса өндіруде фенолдың қолданылуын білу 10.4.2.31 галогеналкандарды алу реакциясының радикалды механизімін түсіндіру; 10.4.2.32 галогеналкандардың әсеріне байланысты қоршаған ортада туындаған мәселелерді айқындау; 10.4.2.33 нуклеофильді реагенттермен галогеналкандардың реакция теңдеулерін құрастыру; 10.4.2.34 галогеналкандардың нуклеофильді орынбасу реакциясының механизмін түсіндіру;	11.4.2.20 полимерлерді утилизациялау процесін сипаттау 11.4.2.21 жаңа материалдарды жасаумен және өндірумен айналысатын ғылымдар саласын атау 11.4.2.22 аспиринді, таксолды физиологиялық белсендігі жоғары табиғи және синтетикалық қосылыстардың өкілдері ретінде атау 11.4.2.23 физиологиялық белсенділік үшін хиральділік және молекулалық қабаттың маңыздылығын түсіндіру 11.4.2.24 синтетикалық дәрілік препарат үлгісі ретінде аспиринді алу процесін сипаттау 11.4.2.25 дәрілік заттарды өндіру проблемаларын атау 11.4.2.26 "нанобөлшек", " нанохимия" және "нанотехнология " ұғымдарының физикалық мәнін түсіндіру; 11.4.2.27 нанобөлшектерді синтездеу және зерттеу әдістерін сипаттау; 11.4.2.28 нанобөлшектердің қолдану аймағын атау 11.4.2.29 наноматериалдардың ерекшеліктерін сипаттау 11.4.2.30 көміртекті нанобөлшектер құрылымын сипаттау: фуллерен С60, графен, нанотүтік, наножіп, наноталшықтар; 11.4.2.31 кристалдарды өсіру және полимеризациялау жолымен наноматериалдардың алынуын сипаттау 11.4.2.32 жаңа полимерлер және композициялық материалдар өндірудің маңыздылығын түсіндіру; 11.4.2.33 сапалық реакциялар көмегімен функционалды топтарды анықтау 11.4.2.3 физикалық және химиялық сынақ көмегімен қосылыстарды анықтау 11.4.2.35 органикалық қосылыстардың негізгі

		кластарының генетикалық байланысын сипаттау 11.4.2.36 қарапайым органикалық синтезді жүргізе алу және түзілген өнімнің шығымын бағалау

5. Химия және өмір:

Білім алушылар жасай алады		
	10-сынып	11-сынып
		11.5.1.1 аминдердің жіктелуін және номенклатурасын білу; 11.5.1.2 аммиак және аминдер құрылымын салыстыру; 11.5.1.3 аминдердің физикалық қасиеттерін түсіндіру; 11.5.1.4 аммиак, аминдер және анилиннің негіздік қасиеттерін салыстыру; 11.5.1.5 нитрилдерді тотықсыздандыру арқылы және галогеналкандардан нуклеофильді орынбасу реакциялары арқылы аминдердің түзілу механизмін сипаттау; 11.5.1.6 нитроқосылыстарды тотықсыздандырып анилин алу реакциясы теңдеуін құрастыру; 11.5.1.7 аминқышқылдардың жүйелі және тривиальді аталуынбілу; 11.5.1.8 аминқышқылдар молекулаларының құрамын, құрылысын сипаттау; 11.5.1.9 алмастырылатын және алмастырылмайтын аминқышқылдардың биологиялық ролін түсіндіру; 11.5.1.10 аминқышқылдардың биполярлы иондар түзу қабілетін түсіндіру; 11.5.1.11 аминқышқылдардың екідайлылығын тәжірибе жүзінде дәлелдеу; 11.5.1.12 -аминқышқылдардан нәруыздар алу кезінде пептидтік байланыстардың түзілуін түсіну; 11.5.1.13 нәруыздар гидролизнің реакция теңдеуін құрастыру; 11.5.1.14 глюкоза, фруктоза, рибоза, дезоксирибоза, сахароза, крахмал және целлюлозаның молекулаларының сызықты және циклді формасын құрастыру;

5.1 Биохимия		11.5.1.15 глюкозаның функционалдық топтарын тәжірибе жүзінде анықтай алу; 11.5.1.16 глюкозаның спирттік, сүт қышқылды, май қышқылды ашу реакцияларының теңдеулерін құрастыру; 11.5.1.17 крахмалға сапалық реакция жүргізе алу; 11.5.1.18 сахароза, крахмал, целлюлозаның гидролиз өнімдерін атау; 11.5.1.19 крахмал және целлюлозаның құрылысын, қасиеттерін салыстыру; 11.5.1.20 нәруыздардың өмір үшін ролін сипаттау 11.5.1.21 гидролиз реакциясы бойынша берілген деректер негізінде полипептидтің құрамын анықтау; 11.5.1.22 ақуызға сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жасау; 11.5.1.23 "құлып және кілт" моделі тұрғысынан ферменттердің әрекетін және ферментативті катализ процесін түсіндіру; 11.5.1.24 ингибирлі бәсекелестікті түсіндіру; 11.5.1.25 ДНҚ құрылымының моделін сипаттау; 11.5.1.26 ДНҚ молекуласындағы ақуыздың біріншілік құрылымын кодтау жүйесін түсіндіру; 11.5.1.27 АТФ гидролизі құрылымын және сызбасын құрастыру; 11.5.1.28 биологиялық маңызды металдардың: темір, магний, кальций, калий, натрийдің ролін бағалау; 11.5.1.29 қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау; 11.5.1.30 ауыр металдардың тірі ағзаға уытты әсерін түсіндіру

26. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

27. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Химия" оқу

пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына (төмендетілген оқу жүктемесімен) сәйкес іске асырылады.

Параграф 3. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 -11 сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар (төмендетілген оқу жүктемесімен)

1)10-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырыбы/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
10.1 Атом құрылысы	Атом – күрделі бөлшек. "Орташа салыстармалы атомдық массаны есептеу" тақырыбына есептер шығару	10.1.2.1 "нуклидтер" мен " нуклондар" ұғымының физикалық мәнін түсіндіру 10.1.2.2 табиғи қоспадағы химиялық элемент изотоптарының орташа салыстырмалы атомдық массаларын есептеу
	Радиоактивтілік	10.1.2.3 радиоактивтіліктің табиғатын және радиоактивті изотоптарды қолдануды түсіндіру
	Энергетикалық деңгейлер. Кванттық сандар және орбитальдар	10.1.3.1 Квант сандарының мәні мен сипаттамасын атау 10.1.3.2 алғашқы 36 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын жазу
10.1 Элементтер мен олардың қосылыстарының периодты өзгеруі	Период және топ бойынша элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары	10.2.1.1 химиялық элемент атомдарының физикалық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарының сипаттау: атом радиусы, иондану энергиясы, электронтартқыштық, электртерістілік және тотығу дәрежесі
	Периодтар және топтарда қосылыстардың тотығу-тотықсыздану қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары	10.2.1.2 период және топ бойынша химиялық элементтердің оксидтерінің, гидроксидтерінің және сутекті қосылыстарының қышқылдық-негіздік қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру 10.2.1.3 периодтық кестеде орналасуы бойынша химиялық элементтердің және олардың қосылыстарының қасиеттерін болжау
		10.1.4.1 донор-акцепторлы және алмасу механизмі бойынша ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру

10.1 Химиялық байланыс	Ковалентті байланыс. Ковалентті байланыс қасиеттері	10.1.4.2 қос және үш еселі байланыстың түзілуін түсіндіру 10.1.4.3 ковалентті байланыстың қасиеттерін сипаттау
	Гибридтену түрлері: sp, sp2, sp3. №1 зертханалық тәжірибе " Ковалентті байланысты заттардың (N2, O2, алмаз) моделін құрастыру "	10.1.4.4 гибридтелу түрінің әртүрлілігінің физикалық мәнін түсіндіру 10.1.4.5 заттың құрылысы мен қасиеттерінің өзара байланысын түсіндіру
	Электртерістілік және байланыс полярлығы	10.1.4.6 атомдардың электртерістілік ұғымының физикалық мәнін түсіндіру және оның негізінде химиялық байланыстың түрін болжау
	Иондық байланыс	10.1.4.7 иондық байланыстың қарама-қарсы зарядталған иондардың электростатикалық тартылуы нәтижесінде түзілетіндігін түсіну
	Металдық байланыс	10.1.4.8 металдық байланыстың табиғатын және оның металдардың физикалық қасиеттеріне әсерін түсіндіру
	Сутектік байланыс	10.1.4.9 сутекті байланыстың түзілу механизмін түсіндіру
	Кристалдық торлар.	10.1.4.10 кристалл тор типтері және байланыс түрлері әртүрлі қосылыстардың қасиеттерін болжау
10.1 Стехио-метрия	Химияның негізгі стехиометриялық заңдары	10.1.1.1 химияның негізгі стехиометриялық заңдарының тұжырымдамасын, қолдану аясын атау: зат массасының сақталу заңы , көлем қатынастар заңы, Авогадро заңы
	Салыстырмалы атомдық және молекулалық масса	10.1.1.2 "салыстырмалы атомдық масса", "салыстырмалы молекулалық масса" және " молярлық масса" ұғымдарының физикалық мәнін түсіндіру
	Реакция теңдеулері бойынша есептеулер. "Теориялық	10.2.2.1 қалыпты және стандартты жағдайда "молярлық концентрация", "молярлық көлем" ұғымдарын қолданып есептеулер жүргізу 10.2.2.2 бастапқы заттардың белгілі зат мөлшерлері (массалары , көлемдері, бөлшек сандары) бойынша реакцияға қатысқан заттардың біреуі артық мөлшерде

	мүмкіндікпен салыстырғандағы өнімнің проценттік шығымын есептеу"	және құрамында белгілі үлесте қоспалары бар болған жағдайда реакция өнімдерінің зат мөлшерлерін (массаларын, көлемдерін, бөлшек сандарын) есептеу 10.2.2.3 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын процентпен есептеу
2 тоқсан		
10.2 Термо-динамикаға кіріспе	Ішкі энергия және энтальпия. №1 практикалық жұмыс " Бейтараптану реакциясының жылу эффектісін анықтау"	10.3.1.1 ішкі энергия және энтальпия өзгерістер жылу эффектісі болып табылатындығын түсіну; 10.3.1.2 химиялық реакциялар - байланыстардың үзілуі мен жаңа байланыстардың түзілу процесін қамтитындығын түсіну; 10.3.1.3 реакцияның энтальпия өзгерісін тәжірибе жүзінде анықтау және оны анықтамалық деректер негізінде есептеу
	Гесс заңы және оның салдары. Есеп шығару "Гесс заңы және оның салдарын қолдану"	10.3.1.4 Гесс заңының физикалық мәнін түсіндіру және оны химиялық реакцияның энтальпия өзгерісін есептеу үшін қолдана алу
	Энтропия	10.3.1.5 энтропияны жүйенің ретсіздік өлшемі ретінде түсіндіру және оны анықтамалық деректер арқылы есептеу
10.2 Кинетика	Химиялық реакция жылдамдығы	10.3.2.1 гомогенді және гетерогенді реакциялар үшін жылдамдық өрнегін білу 10.3.2.2 қарапайым реакциялардың орташа жылдамдығына есептеулер жүргізу
	Концентрацияның реакция жылдамдығына әсері. Қысымның реакция жылдамдығына әсері. Есеп шығару "Әрекеттесуші массалар заңы"	10.3.2.3 қайтымды реакциялар үшін әрекеттесуші массалар заңының қолданылатындығын түсіндіру 10.3.2.4 әрекеттесуші массалар заңы бойынша есептеулер жүргізу 10.3.2.5 химиялық реакция жылдамдығына қысымның әсерін түсіндіру
	Температураның реакция жылдамдығына әсері. № 2	10.3.2.6 химиялық реакция жылдамдығына температураның әсерін тәжірибе жүзінде зерделеу;

	практикалық жұмыс "Химиялық реакция жылдамдығына әр түрлі факторлардың әсерін зерттеу". жылдамдығы	10.3.2.7 химиялық реакция жылдамдығына концентрацияның әсерін тәжірибе жүзінде зерделеу 10.3.2.8 "белсендіру энергиясы" ұғымының физикалық мәнін түсіндіру
	Катализ. №2 зертханалық тәжірибе "Реакция жылдамдығына әр түрлі катализаторлар әсерінің тиімділігін зерттеу"	10.3.2.9 катализ процесінің мәнін түсіндіру 10.3.2.10 гомогенді және гетерогенді катализді ажырату; 10.3.2.11 катализаторлардың әсер ету механизмін түсіндіру
10.2 Химиялық тепе-теңдік	Химиялық тепе-теңдік	10.3.3.1 химиялық тепе-теңдіктің динамикалық сипатын түсіндіру
	Химиялық тепе-теңдікке әсер ететін факторлар. Ле-Шателье-Браун принципі. №3 зертханалық тәжірибе " Динамикалық тепе-теңдік күйін зерттеу"	10.3.3.2 химиялық тепе-теңдікке температура, концентрация және қысым өзгерісінің әсерін болжау 10.3.3.3 не себепті катализатор тепе-теңдіктің тез орнауына әсер ететінін, бірақ ығысуына әсер етпейтіндігін түсіндіру; 10.3.3.4 әр түрлі факторлардың тепе-теңдіктің ығысуына әсерін тәжірибе жүзінде зерттеу
	Тепе-теңдік константасы. " Тепе-теңдік константасын мен тепе-теңдік күйдегі концентрацияларды табу" тақырыбына есептер шығару	10.3.3.5 берілген реакция үшін тепе-теңдік константасын жазу; 10.3.3.6 тепе-теңдік константасына әр түрлі факторлардың әсерін болжау 10.3.3.7 тепе-теңдік константасына қатысты есептерді шығару
3-тоқсан		
10.3 Тотығу-тотықсыздану реакциялары	Тотығу-тотықсыздану процесі	10.2.3.1 электрондық-иондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакциясы теңдеулерін құрастыру 10.2.3.2 жартылай иондық реакция әдісімен тотығу-тотықсыздану реакция теңдеулерін құрастыру
	Электрохимиялық потенциалдар қатары	10.2.3.3 "стандартты электродтық потенциал" ұғымын сипаттау
	Гальваникалық элементтер. №3 практикалық жұмыс " Металдардың электрохимиялық кернеу қатарын құрастыру"	10.2.3.4 сулы ерітіндідегі химиялық реакциялардың жүру мүмкіндігін болжау үшін стандартты электродтық потенциалдар кестесін қолдану; 10.2.3.5 гальваникалық элементті химиялық реакция энергиясын электр энергиясына айналдыратын құрылғы есебінде түсіну;

		10.2.3.6 гальваникалық элементтің жұмыс принципін түсіндіру; 10.2.3.7 аккумуляторларды зарядтау және разрядтау процесін сипаттау
10.3 17-топ элементтері 10.3 топ элементтері 2 (II) группы	Галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары	10.2.1.4 топ бойынша галогендердің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіру
	Галогендердің тотығу-тотықсыздану қасиетттері	10.2.1.5 галогендердің тотығу-тотықсыздану реакция теңдеулерін құрастыру 10.2.1.6 галогендердің және олардың қосылыстарының физиологиялық ролін анықтау
	2 (II)-топ элементтерінің физикалық және химиялық қасиеттеріқасиеттері	10.2.1.7 2 (II) топ элементтерінің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіре алу
	Табиғи карбонаттар	10.2.1.8 табиғаттағы карбонаттар айналымының схемасын құру және олардың қолданылу аймағын атау
10.3 Органикалық химияға кіріспе	Органикалық заттардың құрамы мен құрылысы	10.4.2.1 органикалық химия - бұл көмірсутектер және олардың туындыларының химиясы деп түсіну 10.4.2.2 көмірсутектердің эмпирикалық, молекулалық, құрылымдық және кеңістіктік формулаларын ажырату 10.2.2.3 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын пайызбен есептеу
	Гомологтық қатар. Алифатты қосылыстардың Теориялық және қолданбалы химияның халықаралық одағы номенклатурасы. №4 зертханалық тәжірибе "Органикалық заттар молекулаларының модельдерін құрастыру"	10.4.2.4 гомологтік қатардың қалыптасуын және оның өкілдері қасиеттерінің ұқсастығын түсіндіру; 10.4.2.5 қосылыстардың құрылымдық формуласын құру және оларды Теориялық және қолданбалы химияның халықаралық одағы номенклатурасы бойынша атау
	Изомерия түрлері.	10.4.2.6 изомерия түрлерін атау және изомерлер формулаларын құрастыру: құрылымдық, байланыстың орны бойынша, функционалдық топтар және классаралық изомерлер

	Алкандар. Алкандардың жану өнімдері. "Жану өнімдері және гомологтық қатарлар бойынша заттардың формулаларын анықтау" тақырыбына есептер шығару	10.4.2.7 әр түрлі алкандардың жану процесін зерттеу және олардың отын ретінде қолдануын түсіндіру 10.4.2.8 алкандардың жану өнімдерін және қоршаған ортаға экологиялық салдарын бағалау; 10.4.2.9 берілген жану өнімдері бойынша заттың молекулалық формуласын анықтау
	Алкандардың бос-радикалды орынбасу реакциясы механизмі. Галогендеу	10.4.2.10 алкандардың галогендеу реакция теңдеулерін құру
4-тоқсан		
10.4 Қанықпаған көмірсутектер	Алкендердің құрамы, құрылымы және реакцияға түсу қабілеті. №5 зертханалық тәжірибе " Байланыстың қанықпағандығына сапалық реакция"	10.4.2.11 "қанықпағандық" терминін және оның қосылыстың қасиеттеріне әсерін түсіндіру 10.4.2.12 - алкендердің қанықпағандығын тәжірибе жүзінде дәлелдеу
	Алкендердің қосылу реакциялары	10.4.2.13 электрофильді және нуклеофильді бөлшектерді ажырату
	Полимеризация.	10.4.2.14 полимерлеу реакциясының физикалық мәнін түсіндіру 10.4.2.15 химиялық реагенттерге қатысы бойынша пластиктердің салыстырмалы инерттілігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу 10.4.2.16 полиэтилен өндірісі процесінің схемасын құру 10.4.2.17 полиалкендердің қолдану аймағын атау және олардың өнімдерін қайта өңдеудің маңыздылығын бағалау
	Алкадиендер	10.4.2.18 алкадиендердің қасиеттерін олардың құрылысы негізінде түсіндіру 10.4.2.19 алкиндердің табиғатта таралуын, каучук пен резинаның алынуын зерделеу
	Алкиндер	10.4.2.20 алкиндердің құрылымдық формулаларын құрастыру, алкиндердің химиялық қасиеттері мен алыну жолдарын зерделеу
		10.4.2. 21 мұнайды фракциялау процесін және фракциялардың қолдану аясын түсіндіру

	Мұнай, құрамы, алыну жолдары. Табиғи газдар және көмір: негізгі өнімдер және оны өндіру жолдары	10.4.2.22 термиялық және катализдік крекинг процесін түсіндіру 10.4.2.23 мұнайға серік газдардан маңызды өнімдер алу жолдарын білу
10.4 Галоген-алкандар	Галогеналкандарды алу	10.4.2.31 галогеналкандарды алу реакциясының радикалды механизімін түсіндіру; 10.4.2.32 галогеналкандардың әсеріне байланысты қоршаған ортада туындаған мәселелерді айқындау
	Галогендердің нуклеофильді орынбасу реакциялары	10.4.2.33 нуклеофильді реагенттермен галогеналкандардың реакция теңдеулерін құрастыру; 10.4.2.34 нуклеофильді орынбасу реакциясының механизмін түсіндіру
10.4 Спирттер	Спирттердің жіктелуі және химиялық қасиетттері. №6 зертханалық тәжірибе "Біратомды және көпатомды спирттерге сапалық реакция жүргізу".	10.4.2.24 спирттерді функционалдық топтардың орналасуы және гидроксил тобының саны бойынша жіктеу 10.4.2.25 молекуладағы атомдардың өзара әсері негізінде спирттердің химиялық қасиеттерін түсіндіру; 10.4.2.26 біратомды және көпатомды спирттерге сапалық реакция жүргізу
	Этил спиртін өнеркәсіптік өндіру Көрсетілім "Глюкозаны ашыту арқылы этил спиртін алу"	10.4.2.27 этанолды этиленді гидратациялау және глюкозаны ашыту арқылы алу реакциясының теңдеулерін құрастыру; 10.4.2.28 этанолды алу әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау 10.4.2.29 спирттердің адам ағзасына уытты әсерін зерттеу
	Фенол, оның құрамы мен қасиеттері	10.4.2.30 фенолдың құрамы мен қасиеттерін білу, пластмасса өндіруде фенолдың қолданылуы

2) 11-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырып/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
	Бензол молекуласының құрылысы .	

11.1 Ароматты қосылыстар қатары	№1 зертханалық тәжірибе "Бензол және толуол молекуласының моделін құрастыру"	11.4.2.9 бензол молекуласының құрылымын түсіндіру
	Бензол және оның гомологтарын алу	11.4.2.10 бензол және оның гомологтарын алу реакцияларын құрастыру
	Бензол және оның гомологтарының химиялық қасиеттері.	11.4.2.11 бензолды нитрлеу және галогендеу реакциясының механизмін түсіндіру 11.4.2.12 органикалық қосылыстар синтезі үшін бензол реакциясының маңыздылығын түсіндіру 11.4.2.13 толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесуін түсіндіру
11.1 Карбонилді қосылыстар	Карбонильді қосылыстардың құрылысы және номенклатурасы	11.4.2.1 альдегидтер және кетондардың; карбонды қышқылдар функциональды топтарының құрылысын білу; 11.4.2.2 альдегидтер және кетондардың, карбонды қышқылдардың құрылымдық формулаларын құрастыру және оларды Теориялық және қолданбалы химияның халықаралық одағы бойынша атау
	Альдегидтер және кетондардың алынуы	11.4.2.3 альдегидтер және кетондарды алудың түрлі әдістерін түсіндіру
	Альдегидтер және кетондардың тотығу, нуклеофильді қосылу реакциялары.	11.4.2.4 альдегидтер және кетондардың нуклеофильді қосылу реакциясына мысалдар келтіру
	Карбон қышқылдарының қасиеттері. №2 зертханалық тәжірибе: "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу "	11.4.2.5 карбон қышқылдарының физикалық қасиеттерін және алыну жолдарын түсіндіру
	Этерификация реакциясы. Күрделі эфирлер және сабын.	11.4.2.6 этерификация реакциясының механизмін сипаттау 11.4.2.7 карбон қышқылдары, күрделі эфирлер, сабын, синтетикалық жуғыш заттар және биодизельді отындардың қолданылу аймағын атау
	Майлар. Майлардың құрылысы мен қасиеттері	11.4.2. 8 майлардың құрамы мен құрылысын білу
2-тоқсан		

11.2 Аминдер және амин-қышқылдар	Аминдердің жіктелуі және номенклатурасы. №3 зертханалық тәжірибе "Аммиак және аминдер молекуласының модельдерін құрастыру"	11.5.1.1 аминдердің жіктелуін және номенклатурасын атау 11.5.1.2 аммиак және аминдер құрылымын салыстыру
	Аминдердің физикалық, химиялық қасиеттері және алынуы .	11.5.1.3 аминдердің физикалық қасиеттерін түсіндіру 11.5.1.4 аммиак, аминдер және анилиннің негіздік қасиеттерін салыстыру 11.5.1.5 нитрилдерді тотықсыздандыру арқылы және галогеналкандардан нуклеофильді орынбасу реакциялары арқылы аминдердің түзілу механизмін сипаттау 11.5.1.6 нитроқосылыстарды тотықсыздандырып анилин алу реакциясы теңдеуін құрастыру
	Аминқышқылдар: құрамы, құрылысы, биологиялық ролі №4 зертханалық тәжірибе " Аминқышқылы молекуласының модельдерін құрастыру және ассиметриялы көміртегі атомдарын анықтау"	11.5.1.7 аминқышқылдардың жүйелі және тривиальді аталуын атау 11.5.1.8 аминқышқылдардың құрамын, құрылысын сипаттау; 11.5.1.9 алмастырылатын және алмастырылмайтын аминқышқылдардың биологиялық ролін түсіндіру
	Аминқышқылдар қасиеттері. №5 зертханалық тәжірибе " Аминқышқылдар қасиеттері"	11.5.1.10 аминқышқылдардың биполярлы иондар түзу қабілетін түсіндіру 11.5.1.11 аминқышқылдардың екідайлылығын тәжірибе жүзінде дәлелдеу
	Пептидтік байланыс. Нәруыздың түзілуі	11.5.1.12 -аминқышқылдардан нәруыздар алу кезінде пептидтік байланыстардың түзілуін түсіндіру 11.5.1.13 нәруыздар гидролизнің реакция теңдеуін құрастыру
	Көмірсулар: глюкоза, фруктоза, рибоза, дезоксирибоза, сахароза, крахмал және целлюлоза	11.5.1.14 глюкоза, фруктоза, рибоза, дезоксирибоза, сахароза, крахмал және целлюлозаның молекулаларының сызықты және циклді формасын құрастыру
	Құрылысы, қасиеттері және қолданылуы. №6 зертханалық	11.5.1.15 глюкозаның функционалдық топтарын тәжірибе жүзінде анықтау 11.5.1.16 глюкозаның спирттік, сүт қышқылды, май қышқылды ашу реакцияларының теңдеулерін құрастыру

	тәжірибе "Альдегидоспирт ретінде глюкозаның химиялық қасиеттері. Крахмалға сапалық реакция"	11.5.1.17 крахмалға сапалық реакция жүргізу 11.5.1.18 сахароза, крахмал, целлюлозаның гидролиз өнімдерін атау 11.5.1.19 крахмал және целлюлозаның құрылысын, қасиеттерін салыстыру
	Нәруыздар. Нәруыз молекулаларының құрылымы	11.5.1.20 өмір үшін нәруыздардың ролін сипаттау; 11.5.1.21 нәруыздың бірінші, екінші, үшінші реттік құрылымдарын ажырату 11.5.1.22 нәруыздың әр түрлі құрылымдарының пішінін анықтайтын факторларды атау 11.5.1.23 нәруыз қасиеттерінің аминқышқылдардың сапалық және сандық құрамына тәуелділігін сипаттау
11.2 Тірі ағза химиясы	Полипептидтер құрылымын анықтау. №1 практикалық жұмыс "Денатурация және нәруыздардың түсті реакциялары"	11.5.1.24 гидролиз реакциясы бойынша берілген деректер негізінде полипептидтің құрамын анықтау 11.5.1.25 нәруызға сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жасау; 11.5.1.26 нәруыздардың денатурациясы реакциясын тәжірибе жүзінде жасау
	Ферменттер ролі және қолданылуы	11.5.1.27 "құлып және кілт" моделі тұрғысынан ферменттердің әрекетін және ферментативті катализ процесін түсіндіру 11.5.1.28 ингибирлі бәсекелестікті түсіндіру
	Дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымы. №7 зертханалық тәжірибе " Дезоксирибонуклеин қышқылының моделін жасау"	11.5.1.29 дезоксирибонуклеин және рибонуклеин қышқылының құрылымы моделін сипаттау 11.5.1.30 дезоксирибонуклеин қышқылының молекуласындағы ақуыздың біріншілік құрылымын кодтау жүйесін түсіндіру
	Аденозинтрифосфат және энергия	11.5.1.31 аденозинтрифосфат гидролизі құрылымын және сызбасын құрастыру
	Биологиялық маңызды металдар	11.5.1.32 биологиялық маңызды металдар: темір, магний, кальций, калий, натрийдің рөлін бағалау

	Қоршаған ортаның ауыр металдармен ластануы	11.5.1.33 қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау
	Ауыр металдардың нәруызға әсері .	11.5.1.34 ауыр металдардың тірі ағзаға уытты әсерін түсіндіру
11.2 Синтетикалық полимерлер	Жоғары молекулалы қосылыстар	11.4.2.14 "мономер", " құрылымдық" "буын", "олигомер", "полимер", "полимерлену дәрежесі" негізгі ұғымдарын білу
	Полимерлену реакциясы №8 зертханалық тәжірибе " Полимерлену реакциясы" Поликонденсация реакциялары: полиамидтер мен полиэфирлер	11.4.2.15 полимерлену реакциясы теңдеулерін құрастыру, поликонденсация реакциясы теңдеулерін құру 11.4.2.16 поликонденсация реакциясы негізінде алынатын полимерлер гидролизденіп, биологиялық ыдырай алатынын түсіну
	Пластиктердің қолданылуы және қоршаған ортаға әсері. № 2 практикалық жұмыс " Пластмассаларды және талшықтарды тану"	11.4.2.17 полиэтилен, полипропилен, полистирол, тефлон, поливинилхлорид, полиметилметакрилат, полиэфир, фенолформальдегид шайыры және олардың негізінде алынған пластмассалардың қасиеттерін, қолдану аймағын атау 11.4.2.18 пластмасса және талшықтарды тәжірибе жүзінде анықтау 11.4.2.19 қоршаған ортаға пластиктер өндірісінің және қолданысының әсерін талдау; 11.4.2.20 полимерлерді утилизациялау процесін сипаттау
3 тоқсан		
11.3 Органикалық синтез	Органикалық қосылыстардағы негізгі функционалдық топтар.	11.4.2.33 сапалық реакциялар көмегімен функционалды топтарды анықтау 11.4.2.34 физикалық және химиялық сынақ көмегімен қосылыстарды анықтау
	Органикалық заттардың генетикалық байланысы.	11.4.2.35 органикалық қосылыстардың негізгі кластарының генетикалық байланысын сипаттау 11.4.2.36 қарапайым органикалық синтезді жүргізе алу және түзілген өнімнің шығымын бағалау
		11.2.1.1 14 (IV) топ элементтерінің физикалық және химиялық

11.3 14-топ элементтері	14 (IV)топ элементтері қасиеттерінің өзгеруі	қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіру
	14(IV) топ элементтері және олардың қосылыстарының химиялық қасиеттері.	11.2.1.2 14 (IV) элементтерінің және олардың қосылыстарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 11.2.2.1 параллель жүретін реакциялар теңдеулері бойынша есептер шығару
	Әр түрлі тотығу дәрежелерін көрсететін 14 (IV) -топ элементтері оксидтерінің қасиеттері	11.2.1.3 14 (IV) топ элементтерінің +2 және +4 тотығу дәрежелі оксидтерінің қасиеттерін түсіндіру
	Жай заттардың табиғатта таралу түрлері және алыну әдістері	11.2.1.5 14 (IV) топ элементтерінің жай заттары және химиялық қосылыстарының алыну әдістерінің реакция теңдеулерін құру 11.2.1.6 14 (IV) топ элементтерінің және оның қосылыстарының таралуы және қолданылуы туралы мәліметтерді талдай білу
11.3 Азот және күкірт	Азот молекуласы құрылысының ерекшеліктері мен қасиеттері	11.2.1.7 азот молекуласының химиялық белсенділігінің төмендігін түсіндіру
	Аммиак және аммоний тұздары.	11.2.1.8 аммоний ионындағы байланыстардың түзілу механизмін ажырату
	Аммиакты өнеркәсіпте алу	11.2.1.10 аммиакты өнеркәсіпте өндірудің (Габер процесі) ғылыми принциптерін түсіндіру
	Азотты тыңайтқыштардың өнеркәсіптік алынуы	11.2.1.11 азот тыңайтқыштары өндірісі үдерісінің химизмін түсіндіру
	Азот оксидтері және нитраттарының қоршаған ортаға экологиялық әсері	11.2.1.12 азот оксидтерінің атмосфераға, нитраттардың топыраққа және су ресурстарына әсерін талдау 11.2.1.13 азот қосылыстарының қоршаған ортаға әсерін азайту мәселелерін шешудің жолдарын ұсыну
	Күкірттісутек және сульфидтер	11.2.1.14 күкіртсутектің тотықсыздандырғыш қасиеттерін түсіндіру 11.2.1.15 сульфид ионын тәжірибе жүзінде анықтау
		11.2.1.16 атмосфераның күкірт диоксидімен ластану көздерін атау

	Күкірт диоксиді және қышқыл жаңбырлар. Тағам өнеркәсібінде күкірт диоксидін қолдану. №1 көрсетілім "Күкірт және азот қышқылдарының тотықтырғыш қасиеттері"	және қышқыл жаңбырдың түзілу мәселелерін сипаттау; 11.2.1.17 тағам өнеркәсібінде күкірт диоксиді қолданылу аймағын атау 11.2.2.2 тізбектеле жүретін реакция теңдеулері бойынша есептер шығару
	Күкірт қышқылын алудың контакт әдісі	11.2.1.18 күкірт қышқылын жанасу әдісімен алу процесін түсіндіру 11.2.1.19 күкірт қышқылын өнеркәсіптік өндірудің ғылыми принциптерін түсіндіре алу 11.2.1.20 күкірт қышқылының қолданылу аймағын атау 11.2.2.3 олеумнің түзілуіне және сұйытылуына есептер шығару
11.3 Қышқыл және негіз ерітінділері	Қышқыл-негіздік теория	11.3.4.1 Аррениус, Льюис және Бренстед-Лоури теорияларын және олардың қолдану шектерін сипаттау
	Судың иондық көбейтіндісі. Сутектік көрсеткіш	11.3.4.2 судың иондық көбейтіндісін білу 11.3.4.3 күшті қышқыл және күшті негіздің рНін есептеу
	Буферлі ерітінділер	11.3.4.4 буферлі ерітінділердің әсер ету принципін түсіндіру 11.3.4.5 буферлі ерітінділердің қолдану аймағын атау
4 тоқсан		
11.4 Металдар өндірісі	Металдар және құймаларды алу	11.2.3.1 металдарды алудың маңызды әдістерін талдау: гидрометаллургия, пирометаллургия, электрометаллургия және олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау 11.2.3.2 ғылымда, техникада және тұрмыста қолданылатын маңызды құймалардың құрамын атау: шойын, болат, жез, қола, мельхиор, дюралюминий; 11.2.3.3 шойын және болатты алу әдістерін және қасиеттерін сипаттау
		11.2.3.4 металдарды электролизбен алу әдісін түсіндіру 11.2.3.5 гальваностегия, гальванопластика процестерін ажырату

	Электролизді өнеркәсіпте қолдану .	11.2.3.6 коррозиядан қорғау және декоративті мақсаттар үшін гальваникалық жабындарды қолдану принциптерін зерделеу
	Химиялық өндірістің ғылыми принциптері	11.2.3.7 химиялық өндірістің жалпы ғылыми принциптерін атау 11.2.3.8 екіншілік қайта өңдеудің қажеттілігін негіздеу
	Металл өндірісі кезіндегі қоршаған ортаны қорғау проблемалары	11.2.3.9 металлургия өнеркәсібінің экологиялық проблемаларын түсіндіру
11.4 Ауыспалы металдар	Ауыспалы металдардың жалпы сипаттамасы	11. 2.1.22 ауыспалы элементтер айнымалы тотығу дәрежесін көрсететінін білу 11.2.1.23 атомдар құрылысы негізінде ауыспалы металдардың физикалық және химиялық қасиеттерін түсіндіру; 11.2.2.4 орынбасу реакциялары теңдеулері бойынша есептер шығару
	Кешенді қосылыстар.	11.2.2.24 комплексті қосылыстардың құрылысын сипаттау 11.2.1.25 ауыспалы металдардың кешенді қосылыстарының химиялық қасиеттерін сипаттау
	Ауыспалы металдардың биологиялық ролі.	11.2.1.26 гемоглобин құрамында темір (+2) кешенінің болатынын түсіндіру және оттегін тасымалдаудағы оның ролін түсіну 11.2.1.27 иіс газымен улану қалай жүретіндігін түсіндіру және алғашқы көмек көрсету әдісін сипаттау
	Жаңа материалдар	11.4.2.21 жаңа материалдарды жасаумен және өндірумен айналысатын ғылымдар саласын білу
	Физиологиялық белсенді табиғи және синтетикалық қосылыстар	11.4.2.22 аспиринді, таксолды физиологиялық белсендігі жоғары табиғи және синтетикалық қосылыстардың өкілдері ретінде атау 11.4.2.23 физиологиялық белсенділік үшін хиральділік және молекулалық қабаттың маңыздылығын түсіндіру

11.4 Жаңа заттарды және материалдарды өндіру	Дәрілік препараттарды синтездеу және өндіру	11.4.2.24 синтетикалық дәрілік препарат үлгісі ретінде аспиринді алу процесін сипаттау 11.4.2.25 - дәрілік заттарды өндіру проблемаларын тізімдеу
	Нанотехнология.	11.4.2.26 "нанохимия" және " нанотехнология" ұғымдарының физикалық мәнін түсіндіру 11.4.2.27 нанобөлшектерді синтездеу және зерттеу әдістерін сипаттау 11.4.2.28 нанобөлшектердің қолдану аймағын атау
	Нанокөміртекті бөлшектердің құрылымы	11.4.2.29 наноматериалдардың ерекшеліктерін сипаттау 11.4.2.30 көміртекті нанобөлшектер құрылымын сипаттау: фуллерен С60, графен, нанотүтік, наножіп, наноталшықтар 11.4.2.31 кристалдарды өсіру және полимеризациялау жолымен наноматериалдардың алынуын сипаттау
11.4 "Жасыл химия"	"Жасыл химияның" 12 принципі. Атмосфера, гидросфера, литосфераның ластануы	11.4.1.1 "Жасыл химияның" 12 принципін атау және оны түсіндіру 11.4.1.2 атмосфера, гидросфера және литосфераның ластану масштабын түсіндіру
	Жердің озон қабатының бұзылуы	11.4.1.3 озон қабатының бұзылу себептерін зерделеу
	Ғаламдық жылыну Мини- жоба: " Қоршаған ортаны қорғау"	11.4.1.4 "парниктi эффектінің" әсерін болжау; 11.4.1.5 "парниктi эффектінің" және озон қабатының бұзылу мәселелерін ажырату; 11.4.1.6 ғаламдық мәселелерді шешудің жолдарын бағалау

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
111-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 111-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Химия" пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларға зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, білім алушыларға химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмкіндік беру.

3. Негізгі міндеттері:

1) заттар және олардың бір-бірімен әрекеттесу заңдылығы туралы білім жүйесін қалыптастыру (фактілер, түсініктер, заңдар және теориялар);

2) зияткерлік және эксперименталдық біліктер мен дағдылар түрінде іс-әрекеттердің танымал әдістерін жүзеге асыру тәжірибелерін қалыптастыру;

3) жаңа проблемаларды шешуде жаңа бір жағдайда бұрын меңгерілген білім және білікті өз бетімен жаңғыртуды талап ететін шығармашылық, ізденіс іс-әрекеттер тәжірибесін қалыптастыру, танымал іс-әрекеттер негізінде жаңа әдісін қалыптастыру;

4) қоғамның әрбір мүшесінің өмірлік проблемасын шешуге әсер ететін, "Химия" пәнінің жиынтық үлесі болып табылатын өзекті және пәндік құзіреттіліктің қалыптасуында көрінетін, қоршаған ортаға қарым-қатынасын көрсететін адам әрекетінің объектіге немесе қаражатқа құнды және сындарлы қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру.

2-тарау. "Химия" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Химия" оқу пәнінің мазмұны

4. "Химия" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық

актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Оқу мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 5 бөлімнен тұрады:

1) заттардың бөлшектері;

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;

3) химиялық реакциялардың энергетикасы;

4) химия және қоршаған орта;

5) химия және өмір.

6. "Заттардың бөлшектері" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) атомдар, иондар және молекулалар;

2) атом құрамы мен құрылысы;

3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы;

4) химиялық байланыстардың түрлері.

7. "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) периодтық заң мен периодтық жүйе;

2) заттар массасының сақталу заңы;

3) стандартты электрондық потенциалдар.

8. "Химиялық реакциялардың энергетикасы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;

2) химиялық реакцияның жылдамдығы;

3) химиялық тепе-теңдік;

4) қышқылдар мен негіздер теориясы. Электролиттер ерітінділеріндегі иондық тепе-теңдіктер.

9. "Химия және қоршаған орта" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жер химиясы;

2) көміртек және оның қосылыстары.

10. "Химия және өмір" бөлімі "Биохимия" бөлімшесінен тұрады.

11. 10-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Атом құрылысы". Атом құрылысының заманауи теориясы; атомдағы электрон күйі және қозғалысы; Квант саны; Паули принципі; Хунд ережесі; Клечковский ережесі ; изотоптар; радиоактивті заттар туралы түсінік; ядролық реакциялар және олардың Қазақстанның энергетикалық потенциалындағы маңызы;

№1көрсетілім: "Атом құрылысы моделі";

Есеп шығару: "құрамындағы химиялық элемент атомының массалық үлесі бойынша қосылыстың химиялық формуласын табу".

2) "Периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық жүйесі". Периодтық заң және периодтық жүйе атом құрылысы тұрғысынан; атом валенттілігі және валенттілік мүмкіндігі; атомның тотығу дәрежесі; негізгі топшада және периодта элемент қасиеттерінің периодты өзгеруі; Периодта және топта қосылыстардың қышқылды-негіздік қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары; қоршаған ортаның химиялық бейнесін және технология мен ғылымның дамуы үшін периодтық заңның мәнін түсіну.

3) Химиялық байланыс және зат құрылысы; химиялық байланыс түрінің біртұтас электронды табиғаты; ковалентті химиялық байланыс; ковалентті химиялық байланыс қасиеттері; ковалентті байланыстың донорлы- акцепторлы механизммен түзілуі ; атом орбитальдарының гибридтелуі (sp, sp2, sp3) және молекула геометриясы; электртерістілік және байланыс полярлығы; ионды химиялық байланыс және иондық кристалдық тор; металдық байланыс және металдық кристалдық тор; сутектік байланыс ; жай және күрделі заттардың қасиеттерінің химиялық байланыс және кристалдық тор типіне тәуелділігі;

№2 көрсетілім: "Графит, алмаз, көміртегі (IV) оксидінің кристалдық тор моделі";

№3 көрсетілім: "Натрий, мыс хлоридтерінің кристалдық тор моделі";

№ 1 зертханалық тәжірибе: "Әр түрлі химиялық байланысты заттардың молекуласын даярлау. Түрлі кристалдық торлы заттардың қасиеттерін оқу".

4) "Химиялық реакциялар заңдылығы". Химиялық реакциялардың жіктелуі; жай, бинарлы және күрделі бейорганикалық заттардың қатысуымен тотығу-тотығу реакциялары; тұз ерітінділерінің және балқымаларының электролизі; қышқыл, сілті және тұз ерітінділерінің pH-і; тұздар гидролизі; химиялық реакциялардың жылу эффектісі және оның маңызы;

№4 көрсетілім: "Өнеркәсіптік үдерістер электролизінің бейне көрсетілімдері: мыс, алюминий, натрий гидроксиді және хлоридінің өнеркәсіптік өндірісі";

№ 2 зертханалық тәжірибе: "Гидроксидтер, қышқыл және тұздар қасиеттерін зерттеу. Тұздар гидролизі";

№5 көрсетілім: "Экзо-эндотермиялық реакциялар".

5) "Кинетика". Химиялық реакция жылдамдығы; химиялық реакция жылдамдығына әсер ететін факторлар; катализаторлар мен ингибиторлар; гомогенді және гетерогенді катализ; Қазақстанда катализдік химия ғылымының дамуы;

6) "Химиялық тепе-теңдік". Химиялық тепе-теңдік және оның ығысуына әсер етуші жағдайлар. Ле Шателье-Браун принциптері;

№3 зертханалық тәжірибе: "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы (аммоний не калий тиоционаты мен темір (III) хлориді концентрациясының өзгеруі бойынша".

7) "Металдар мен бейметалдардың жалпы сипаттамасы". Металдар және бейметалдар: химиялық элементтер және жай заттар; металдар мен бейметалдардың (

атом, ион) құрылысы және кристалдық торларының ерекшелігі, металдар мен бейметалдар, олардың қосылыстарының қасиеттерінің период және топ бойынша өзгеруі; металдар және бейметалдар: негізгі физикалық және химиялық қасиеттері; металдардың электрохимиялық кернеу қатары; металдар, бейметалдар және олардың қосылыстарының табиғатта кездесуі; тірі ағзалардың іс-әрекетінде металдар және бейметалдардың биологиялық ролі;

№6 көрсетілім: "Металдар, бейметалдар және олардың қосылыстарының үлгілері, металдардың кристалдық тор модельдері";

№4 зертханалық тәжірибе: "Типтік металдар, бейметалдар мен амфотерлі элементтердің химиялық қасиеттері".

8) "Маңызды s-элементтер және олардың қосылыстары". Химиялық элементтердің периодтық жүйесіндегі s-элементтердің орны, атом құрылысының ерекшелігі, олардың металдық және тотықсыздандырғыштық қасиеттерін салыстыру; натрий, калий және олардың маңызды қосылыстарының физикалық, химиялық қасиеттері, алынуы, қолданылуы, биологиялық маңызы; кальций, магний және олардың қосылыстарының физикалық, химиялық қасиеттері, алынуы, қолданылуы, биологиялық маңызы; судың кермектігі, оны жою жолдары; сілтілік металдар мен сілтілік жер металдарының табиғи қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары;

№7 көрсетілім: "Натрий, калий және кальцийдің сумен әрекеттесуі. Натрий, калий және кальций иондарына сапалық реакция (жалын түсінің өзгеруі);

№5 зертханалық тәжірибе: "Натрий, калий, магний, кальцийдің маңызды тұздарының үлгілерімен танысу, металдардың химиялық белсенділігін салыстыру. Сілтілік және сілтілік-жер металдары тұздарының жалынды бояуы".

9) "Маңызды d-элементтер және олардың қосылыстары". d-элементтердің периодтық жүйедегі орны, атом құрылысының ерекшелігі; Қазақстандағы мыс, мырыш, темір, хром және олардың қосылыстарының кен орындары; мыс, мырыш және олардың маңызды қосылыстары. Хром және оның қосылыстары; темір және оның қосылыстары; коррозия түрлері және коррозияның алдын алу шаралары;

№6 зертханалық тәжірибе: "Cu2+, Zn2+ иондарын тануға сапалық реакция";

№7 зертханалық тәжірибе: №10 "Fe2+, Fe3+ иондарын тануға сапалық реакция";

№1 практикалық жұмыс: "Темір (II), (III), мыс (II), мырыш, хром (III) гидроксидтерін алу; қышқыл мен сілтінің гидроксидтерге әсерін зерттеу".

10) "Маңызды p-элементтер және олардың қосылыстары". Периодтық жүйедегі p-элементтердің орны, олардың атом құрылысының ерекшеліктері; алюминий және олардың қосылыстары; көміртек, кремний және олардың қосылыстарының қасиеттері; көміртек, кремний және олардың қосылыстарының табиғатта таралуы; азот молекуласы құрылысы және қасиеттерінің ерекшеліктері; аммиак, аммоний тұздары; ортофосфор қышқылы және фосфаттар; азот және фосфор қосылыстарының тыңайтқыш ретінде қолданылуы; азот оксидтерінің, нитраттар және фосфаттардың қоршаған ортаға

экологиялық әсері; күкірт, оның оксидтері, қышқылдары, сульфаттар; күкірт қышқылының қасиеттері; галогендер; хлорсутек, тұз қышқылы және хлоридтер;

"йод ерітіндісінің крахмалға әсері"; адам тіршілігіндегі йодтың биологиялық ролі; йод жетіспеушілігінен туындайтын аурулардан Қазақстан тұрғындарын сақтандыру шаралары;

№ 8 көрсетілім: "Еріген заттың белсендірілген көмірге сіңірілуі (адсорбция);

№ 2 практикалық жұмыс: "Кейбір аниондарға сапалық реакция" тақырыбына эксперименттік есептер шығару.

11) "Бейорганикалық қосылыстарды және құймаларды өндіру"; Қазақстанда қара және түсті металдарды және олардың құймаларын алу; жанасу әдісімен күкірт қышқылын өндіру; аммиак, азот қышқылыш өндіру; Қазақстандағы силикат өндірісі; химиялық және металлургиялық өндіріс қалдықтарымен қоршаған ортаның ластануы.

12. 11- сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Органикалық химияға кіріспе". Көміртек атомы құрылысының ерекшеліктері; гибридизация; органикалық қосылыстардағы химиялық байланыстардың сипатттамасы және электрондық табиғаты А.М.Бутлеровтың органикалық қосылыстардың химиялық құрылыс теориясының негізгі қағидалары;изомерия және гомологтық қатар; бос радикалдар туралы ұғым және олардың тірі ағзалар өміріндегі маңызы; органикалық заттардың номенклатурасы мен жіктелуі; органикалық қосылыстардың табиғатттағы және адам өміріндегі маңызы; органикалық химияның дамуындағы Қазақстандық ғалымдардың ролі;

№1 көрсетілім: "Органикалық затттар үлгілері (мұнай, керосин, этанол, глицерин, глюкоза, сахароза, парафин, мақта, ағаш сүрегі)";

2) "Көмірсутектер және олардың көздері". Алкандар; циклоалкандар; алкендер. полиэтилен;

№2 көрсетілім: "Метан, этилен, ацетиленнің жануы. Каучуктер.резина, эбонит үлгілерімен танысу";

№ 1 зертханалық тәжірибе: "Этиленнің, ацетиленнің, мұнай үлгісінің және бензолдың калий;

3) "Көмірсутектер және олардың көздері". Алкадиендер; алкиндер; арендер және олардың туындылары; көмірсутектердің және олардың туындыларының генетикалық байланысы; көмірсутектердің табиғи көздері және олардың Қазақстандағы кен орындары; газ, мұнай, көмірді өңдеу; Казақстанда көмір және мұнай-газ өндірістерінің дамуы; Қазақстанда өнімді өндірудегі, өңдеудегі экологиялық аспектілер;

№ 2 зертханалық тәжірибе: "Изопренді каучуктің шарөзекті моделін құрастыру".

4) "Оттекті органикалық қосылыстар". Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі, номенклатурасы; біратомды және көпатомды спирттер; фенол; альдегидтер; кетондар; карбон қышқылдары;

№3 зертханалық тәжірибе: "Спирттердің суда еруі, жануы және біратомды және көпатомды спирттерге сапалық реакциялары";

№ 1 практикалық жұмыс: "Оттекті органикалық қосылыстарға сапалық реакциялар"

.

5) "Оттекті органикалық қосылыстар". Жай және күрделі эфирлер; майлар; сабын және жуғыш заттар; Қазақстандағы сабын және синтетикалық жуғыш заттар өндірісі; көмірсулардың жіктелуі, биологиялық рөлі; моносахаридтер; глюкоза; фруктоза; дисахаридтер; сахароза; лактоза; полисахаридтер; крахмал; целлюлоза.

№ 3 көрсетілім: "Сабын және жуғыш ұнтақ ерітінділерін индикаторлармен сынау"

№ 4 зертханалық тәжірибе: "Тамақ өнімдеріндегі крахмалды анықтау"

6) "Құрамында азоты бар органикалық қосылыстар. Гетероциклді қосылыстар. Нуклеин қышқылдары". Аминдер; анилин; аминқышқылдары; нәруыздар; нуклеин қышқылдары;

№ 4 көрсетілім: "Аминқышқылдарында функционалдық топтардың барын дәлелдеу

";

№ 5 көрсетілім: "Нәруыздардың еруі және тұнбаға түсуі, белоктар денатурациясы; белоктардың жануы (жүн, құс қауырсыны);

№ 7 зертханалық тәжірибе: "Нәруыздардың түсті реакциялары";

№ 6 көрсетілім: "ДНК мен РНК молекулаларының модельдері".

7) "Жасанды және синтетикалық полимерлер Химия адам өмірінде".

Жасанады және синтетикалық полимерлер; пластмассалар, каучуктер, талшықтар; Қазақстандағы полимерлер өндірісі; дәрумендер және гормондар туралы түсінік; биогенді органикалық заттардың рөлі; химия және өмір; экологиялық мәселелер;

№ 7 көрсетілім: "Пластмассалар, синтетикалық каучуктер және талшықтар үлгілерімен таныстыру".

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

13. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында "10"-сынып, "2.1" – екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" – оқыту мақсатының реттік саны.

1) Заттардың бөлшектері

Білім алушылар орындауы тиіс…		
	10-сынып	11-сынып
1.1 Атомдар, молекулалар және иондар	10.1.1.1 - құрамындағы химиялық элемент атомының массалық үлесі бойынша қосылыстың химиялық формуласын шығару	

1.2 Атомның құрамы мен құрылысы	10.1.2.1 - атом құрылысының заманауи теориясын білу 10.1.2.2 - s, p, d, f орбитальдарының пішінін ажырату; 10.1.2.3 - радиоактивтілік табиғатын және радиоактивті изотоптардың қолданылуын түсіндіру	
1.3 Атомда электрондардың қозғалысы және таралуы	10.1.3.1 - квант сандарының сипаттамасы мен мәндерін білу; 10.1.3.2 - электрон орбитальдарын толтыру ережелерін: минимальді энергия принципі, Паули принципі, Хунд ережесін қолдану; 10.1.3.3 - алғашқы 36 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын жазу	
1.4 Химиялық байланыстың түрлері	10.1.4.1 - донор-акцепторлы және алмасу механизмі бойынша ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; 10.1.4.2 - ковалентті байланыстың қасиеттерін сипаттау; 10.1.4.3 - H2, Cl2, O2, N2, HCl, NH3 молекулалары үшін Льюис диаграммасын құру 10.1.4.4 - әртүрлі гибридтелу түрлерінің мәнін түсіндіру; 10.1.4.5 - BF3, CH4, NH3, H2O, BeCl2 мысалында молекуланың электронды және кеңістіктік құрылысына зат қасиетінің тәуелділігін түсіндіру 10.1.4.6 - атомдардың электртерістілік ұғымының физикалық мәнін түсіндіру және оның негізінде химиялық байланыстың түрін болжау; 10.1.4.7 - иондық байланыстың қарама-қарсы зарядталған иондардың электростатикалық тартылуы нәтижесінде түзілетіндігін түсіну; 10.1.4.8 - NaCl, CaO, MgF2, KH қосылыстары үшін Льюис диаграммасын құру 10.1.4.9 - металдық байланыстың табиғатын және оның металдардың физикалық қасиеттеріне әсерін түсіндіру; 10.1.4.10 - сутекті байланыстың түзілу механизмін түсіндіру;	

	10.1.4.11 - кристалл тор типтері және байланыс түрлері әртүрлі қосылыстардың қасиеттерін болжау	

2) Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары

Білім алушылар орындауы тиіс…		
	10-сынып	11-сынып
	10.2.1.1 - периодтық заңның физикалық мәнін түсіндіру; 10.2.1.2 - валенттілік және атомның тотығу дәрежесі ұғымдарының физикалық мәнін түсіндіру; 10.2.1.3 - химиялық элемент атомдарының қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарының сипаттау: радиусы, иондану энергиясы, электронтартқыштық, электртерістілік және тотығу дәрежесі; 10.2.1.4 - период және топ бойынша химиялық элементтердің оксидтерінің, гидроксидтерінің және сутекті қосылыстарының қышқылдық-негіздік қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру; 10.2.1.5 - периодтық кестеде орналасуы бойынша химиялық элементтердің және олардың қосылыстарының қасиеттерін болжау; 10.2.1.6 - периодтық кестенің ашылуымен байланысты дамыған ғылымдардың негізгі бағыттарын тізімдеу; 10.2.1.7 - химиялық реакцияларды үдерістің бағыты, саны мен құрамы, реагенттер мен реакция өнімдеріндегі химиялық элементтердің тотығу дәрежелерінің өзгеруі бойынша жіктей білу; 10.2.1.8 - радиоактивті заттар ұғымын білу; 10.2.1.9 - радиоактивті ыдырау типін білу және қарапайым ядролық реакциялар теңдеуін құра алу (a, b-, b+, g ыдырау); 10.2.1.10 - Қазақстан энергетикалық потенциалында ядролық реакциялар мәнін түсіну;	

2.1 Периодтық заң және периодтық жүйе	10.2.1.11 - металдар және бейметалдар құрылысының ерекшелігін сипаттау: радиусы, иондану энергиясы, электронтартқыштық, кристалл торы; 10.2.1.12 - период және топта металл, бейметалл және олардың қосылыстарының қасиеттерінің өзгеру заңдылығын болжау; 10.2.1.13 - металдар және бейметалдардың негізгі физикалық қасиеттерін түсіндіру; 10.2.1.14 - электрохимиялық кернеу қатарында металдардың орналасу принципін түсіну; 10.2.1.15 - металдар және бейметалдардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.16 - типтік металдар, бейметалдар мен амфотерлі элементтердің химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу; 10.2.1.17 - металдар, бейметалдар және олардың қосылыстарының табиғатта таралуы туралы білу 10.2.1.18 - атом құрылысы негізінде s-элементтердің жалпы қасиеттерін түсіндіру 10.2.1.19 - s-элементтердің металдық, тотықсыздандырғыштық қасиеттерін салыстыру және реакция теңдеулерін құрастыру 10.2.1.20 - натрий, калий және олардың маңызды қосылыстарының алыну әдістерін білу; 10.2.1.21 - натрий, калий және кальцийдің сумен реакциясының химиялық белсенділігін ажыратуды түсіндіру ; 10.2.1.22 - кальций, магний және олардың қосылыстарының негізгі қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру 10.2.1.23 - калий, натрий, кальций иондарының сапалық реакциясын зерттеу (жалынды бояуы) 10.2.1.24 - атом құрылысы негізінде d-элементтердің	

	периодтық жүйедегі орнын түсіндіру 10.2.1.25 - мыс, мырыш және олардың маңызды қосылыстарының қасиеттерін және қолданылуын түсіндіру 10.2.1.26 - Cu2+, Zn2+ иондарын тани білу; 10.2.1.27 - хром және оның қосылыстарың қасиеттерін және қолданылуын түсіндіру 10.2.1.28 - темір және оның қосылыстарының алынуын, тән физикалық және химиялық қасиеттерін сипаттау; 10.2.1.29 - Fe2+, Fe3+ иондарын тани білу; 10.2.1.30 - темір (II), (III), мыс (II), мырыш, хром (III) гидроксидтерін тәжірибе жүзінде ала білу және олардың қышқыл және сілтілермен әрекеттесуін зерделеу 10.2.1.31 - атом құрылысы көзқарасы тұрғысынан периодта және топта р-элементтердің қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіру 10.2.1.32 - алюминий оксиді және гидроксидінің екәдайлы қасиеттерін оқып білу 10.2.1.33 - алюминий және оның құймаларының қолданылуын сипаттау 10.2.1.34 - көміртек, кремний және олардың қосылыстарының физикалық, химиялық қасиеттерін оқып білу 10.2.1.35 - иіс газымен уланудың қалай жүретінін түсіндіру және алғашқы көмек көрсету әдістерін сипаттау 10.2.1.36 - молекула құрылысы негізінде азоттың төмен химиялық белсенділігін түсіндіру; 10.2.1.37 - газтәрізді аммиактың және оның сулы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін және алынуын сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.38 - ортофосфор қышқылының және фосфаттардың физикалық, хиимялық қасиеттерін оқып білу;	

	10.2.1.39 - құрамында күкірті бар қазбалы отындардың жануы кезіндегі күкірт диоксидінің түзілуін сипаттау; 10.2.1.40 - сұйылтылған және концентрлі күкірт қышқылының қасиеттерін салыстыру 10.2.1.41 - топ бойынша галогендердің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру 10.2.1.42 - тұз қышқылының химиялық қасиеттерін оқып білу және оның қолданылу аймағын білу; 10.2.1.43 - хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат-, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат-иондарына сапалық реакцияны білу; 10.2.1.44 - аниондарды анықтау бойынша тәжірибе жоспарын құру және оны іс –жүзінде жүзеге асыру; 10.2.1.45 - күкірт қышқылын өнеркәсіптік өндірудің жанасу үдерісін сипаттаужәне оның өнеркәсіп үшін мәнін білу 10.2.1.46 - аммиак және азот қышқылын өнеркәсіптік өндіру әдістерін және оның өнімдерінің қолданылу саласын сипаттау	
2.2 Заттар массасының сақталу заңы	10.2.2.1 - металдар мен оның қосылыстарындағы генетикалық байланысты көрсететін химиялық реакция теңдеулері бойынша реагенттің немесе өнімнің массасына, зат мөлшеріне есептер шығару; 10.2.2.2 - металдар қатысуымен жүретін химиялық реакциялар теңдеуі бойынша (құрамында қоспасы бар реагенттер, теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы практикалық шығымның массалық үлесі) есептер шығару	
	10.2.3.1 - зат формуласы бойынша элементтің тотығу дәрежесін анықтай алу; 10.2.3.2 - электронды баланс әдісін қолданып тотығу және	

2.3 Стандартты электрондық потенциалдар	тотықсыздану теңдеулерін құрастыра алу; 10.2.3.3 - ерітінді және балқыма арқылы электр тоғы өткен кезде жүретін үдерістерді оқу және түсіндіру 10.2.3.4 - электролит ерітінділерін және балқымаларын электролиздеу кезінде электродтарда түзілетін электролиз өнімдерін болжау; 10.2.3.5 - ерітінді және балқыма электролизі үдерісі сызбанұсқасын құра алу 10.2.3.6 - электролиз өнімдерінің массасын, көлемін (газ) есептей алу; 10.2.3.7 - коррозия түрлерін, коррозияның болу себептерін білу және оның конструкцияларының пайдалану ұзақтығына кері әсерін түсіндіру; 10.2.3.8 - өнеркәсіпте металдарды алу әдістерін білу; 10.2.3.9 - тұрмыста, техникада және ғылымда қолданылатын маңызды құймалардың құрамын атау: шойын, болат, жез, қола, мельхиор, дюраль; 10.2.3.10 - шойын және болаттың алыну әдістерін және қасиеттерін сипаттау; 10.2.3.11 - шыны, цемент өндіру үдерісін және олардың қолданылуын сипаттау	

3) Химиялық реакциялардың энергетикасы

Білім алушылар орындауы тиіс…		
	10-сынып	11-сынып
3.1 Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар	10.3.1.1 - жылу эффектісі бойынша химиялық реакцияларды жіктей алу; 10.3.1.2 - химиялық реакциялардың жылу эффектісі мәнін түсіндіру; 10.3.1.3 - химиялық реакциялардың жылу эффектісін есептей алу	
	10.3.2.1 - химиялық реакция жылдамдығына температура, концентрация, қысымның әсерін тәжірибелік зерттеу;	

3.2 Химиялық реакция-лардың жылдамдығы	10.3.2.2 - химиялық реакция жылдамдына әртүрлі факторлар өзгерісінің әсерін түсіндіру; 10.3.2.3 - әрекеттесуші заттар концентрациясы және температурасы өзгеруі кезіндегі реакция жылдамдығының өзгерісін есептей алу; 10.3.2.4 - химиялық реакция жылдамдығына катализаторлар және ингибиторлар әсерін түсіндіру 10.3.2.5 - гомогенді және гетерогенді катализ механизмін түсіндіру 10.3.2.6 - Қазақстанда катализдік химияның дамуын білу	
3.3 Химиялық тепе-теңдік	10.3.3.1 - әр түрлі факторлардың тепе-теңдіктің ығысуына әсерін тәжірибе жүзінде зерттеу; 10.3.3.2 - химиялық тепе-теңдікке температура, концентрация және қысым өзгерісінің әсерін болжау; 10.3.3.3 - тепе-теңдік константасы өрнегін құра алу	
3.4 Қышқылдар мен негіздер теориясы. Электролиттер ерітінділеріндегі иондық тепе-теңдіктер	10.3.4.1 - ерітіндінің pH мәні бойынша тұздар, қышқылдар және гидроксид ерітінділерінің сапалық құрамын дәлелдеу; 10.3.4.2 - оның сапалық құрамы бойынша тұз ерітінділерінің ортасын болжау	

4) Химия және қоршаған орта

Білім алушылар орындауы тиіс…		
	10-сынып	11-сынып
	10.4.1.1 - кейбір металдар мен бейметалдардың және олардың қосылыстарының қоршаған ортаға әсерін зерделеу; 10.4.1.2 - тірі ағзалардың іс-әрекетінде металдар және бейметалдардың биологиялық рөлін түсіндіру; 10.4.1.3 - натрий және калий қосылыстарының биологиялық рөлін түсіндіру 10.4.1.4 - кальций және магнийдің биологиялық рөлін түсіндіру; 10.4.1.5 - судың кермектілігін және оны жою әдістерін түсіндіру;	

4.1 Жер химиясы	10.4.1.6 - Қазақстанда таралған сілтілік және сілтілік жер металдардың табиғи қосылыстарын білу 10.4.1.7 - Қазақстандағы мыс, мырыш, темір, хром және олардың қосылыстарының кен орындары атау; 10.4.1.8 - азот оксидтерінің атмосфераға, нитраттардың топырақ және су ресурстарына әсерін анализдеу; 10.4.1.9 - азот және фосфор қосылыстарының қоршаған ортаға әсерін азайтудың мәселелерін шешу жолдарын ұсыну; 10.4.1.10 - қышқыл жаңбырлардың қалыптасуындағы күкірт диоксидінің ролін және оның қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 10.4.1.11 - тағам өнімдерін консервілеуде күкірт диоксидінің қолданылуын түсіндіру; 10.4.1.12 - адам ағзасындағы йодтың биологиялық рөлін білу және Қазақстан территориясында йод жетіспеушілігіне байланысты туындайтын ауруларды түсіндіру және осы мәселелерді шешу жолын ұсыну; 10.4.1.13 - Қазақстандағы химиялық өндірістердің экологиялық мәселелерін түсіндіру; 10.4.1.14 - химиялық және металлургиялық өндіріс қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін бағалау	11.4.1.1 - "Жасыл химияның" 12 принципін білу және түсіндіру; 11.4.1.2 - атмосфера, гидросфера және литосфераның ластану көздерін білу, жаһандану мәселелерін шешу жолдарын ұсыну; 11.4.1.3 - "парниктік эффект" пен озон қабатының бұзылу мәселелері арасындағы айырмашылықты түсіндіру; 11.4.1.4 - Қазақстан химиялық өнеркәсібінің әр түрлі саласындағы экологиялық мәселелерді болжау және оның шешу жолдарын ұсыну
		11.4.2.1 - көмірсутектердегі көміртектің гибридизациясын зерделеу; 11.4.2.1 - С-С байланысының түзілу қабылетін және көміртек атомының құрылыс ерекшеліктерін түсіндіру; 11.4.2.3 - А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстар теориясының негізгі қағидаларын білу; 11.4.2.4 - көмірсутектердің молекулалық, эмпирикалық, құрылымдық формулаларын ажырату

		11.4.2.5 - изомерлердің түрлерін атау және құрылымдық, байланыстардың орналасуы, функционалдық топтар және класаралық изомерлерінің формулаларын құру; 11.4.2.6 - бос радикалдар туралы ұғымды қалыптастыру 11.4.2.7 - тірі ағзалар өміріндегі радикалдардың рөлін білу; 11.4.2.8 - гомологтық қатарлардың қалай түзілетіндігін түсіну 11.4.2.9 - гомологтардың ұқсастығы мен айырмашалығын түсіндіру; 11.4.2.10 - қосылыстардың құрылымдық формулаларын құру және оларды IUPAC номенклатурасы бойынша атау; 11.4.2.11 - органикалық қосылыстардың адам өміріндегі маңызын түсіну; 11.4.2.12 - қазақстандық ғалымдардың органикалық химияны дамуындағы үлесі 11.4.2.13 - әртүрлі алкандардың жану үдерісін зерттеу және олардың отын ретінде қолданылуын түсіндіру; 11.4.2.14 - алкандардың жану өнімдерін білу және олардың қоршаған ортаға әсерін бағалау ; 11.4.2.15 - берілген жану өнімдері бойынша заттардың молекулалық формулаларын анықтау; 11.4.2.16 - органикалық заттардың масссалық үлестері және олардың буының салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттардың қарапайым молекулалық формуларын анықтау; 11.4.2.17 - циклоалкандардың гомологтық қатарын, құрылысын, физикалық, химиялық қасиеттерін . қарастыру 11.4.2.18 - изомерлерінің формулаларын құрастыру, IUPAC бойынша атау; 11.4.2.19 - алкендердің көмірсутектердің алыну жолдарын

		, физикалық және химиялық қасиеттерін, құрылысын, гомологтық қатарын қарастыру; 11.4.2.20 - полимерлену реакция теңдеулерін құра білу (полиэтилен , полипропилен, поливинилхлорид); 11.4.2.23 - алкадиендардің құрылысы, қасиеттерін білу; 11.4.2.24 - алкадиендердің қасиеттерін құрылысы негізінде түсіндіру; 11.4.2.25 - диендердің полимерлену реакциялары өнімдерінің шаростерженді модельдерін құрастыру (изопрен); 11.4.2.26 - алкиндердің алыну жолдарын,физикалық және химиялық қасиеттерін, құрылысын, гомологтық қатарын қарастыру; 11.4.2.27 - электрондардың делокализациясы тұрғысынан бензол молекуласының құрылымын түсіндіру; 11.4.2.28 - бензолды және оның гомологтарын алу, реакцияларының теңдеулерін құру ; 11.4.2.29 - бензол және оның гомологтарына тән қасиеттерді сипаттау; 11.4.2.30 - органикалық синтезде бензолды қолдануды білу 11.4.2.31 - органикалық қосылыстардың негізгі кластарының генетикалық байланысының сызбанұсқасын құру; 11.4.2.32 - өнімнің шығымын реагант мөлшері (көлем. масса) және реакция өнімнің берілген шамасы (көлем, массса) бойынша есептеу; 11.4.2.33 - көміртек қосылыстарын отын ретінде қолдануға болатынын білу; 11.4.2.34 - көмір, мұнай, табиғи газдардың Қазақстандағы кен орындарын карта бойынша анықтау;
4.2 Көміртек және оның қосылыс-тары		

		11.4.2.35 - шикі мұнайды айдау үдерісінің маңызын түсіну және өңдіру үдерісін сипаттау; 11.4.2.36 - шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аясын білу; 11.4.2.37 - қазба отындар қорының шектеулі екенін түсіну; 11.4.2.38 - көмірсутек отындарын жағу қоршаған ортаның ластануына әкеп соғатынын және оның климатқа әсерін білу; 11.4.2.39 - спирттер, альдегидтер, кетондар,карбон қышқылдары, эфирлердің функционалдық топтарының құрылысын сипаттау; 11.4.2.40 - спирттер, альдегидтер, кетондар,карбон қышқылдары, эфирлердің құрылымдық формулаларын құру және IUPAC бойынша атау; 11.4.2. 41 - спирттердің құрылымдық, функционалдық топ , класаралық изомерлерінің формуларын құру және жіктелуін атау; 11.4.2.42 - спирттердің және фенолдың алу жолдарын білу; 11.4.2.43 - спирттер мен фенолдың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 11.4.2.44 - спирттер мен фенолдың қолдану аясын атау; 11.4.2.45 - спирттердің адам ағзасына уытты әсерін зерделеу; 11.4.2.46 - альдегидтер мен кетондардың құрылымдық формулаларын құру және оларды IUPAC бойынша атау ; 11.4.2.47 - альдегидтер мен кетондарды алу реакция теңдеулерін құрастыру; 11.4.2.48 - альдегидтер мен кетондарды тәжірибе жүзінде анықтау; 11.4.2.49 - альдегидтер мен кетондардың тотығу және тотықсыздану реакция өнімдерін атау; 11.4.2.50 - карбон қышқылдарының алу тәсілдерін және физикалық қасиеттерін түсіндіру;

		11.4.2.51 - карбон қышқылының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 11.4.2.52 - карбон қышқылдары, күрделі эфирлер, сабын, синтетикалық жуғыш заттардың қолдану аясын атау; 11.4.2.53 - синтетикалық жуғыш заттардан табиғатты қорғау қажеттігін түсіну; 11.4.2.54 - аминдердің номенклатурасы мен жіктелуін білу; 11.4.2.55 - анилин, аминдар, аммиактың негізгі қасиеттері мен құрылымын салыстыру; 11.4.2.56 - аминдер мен аниалиннің физикалық қасиеттерін түсіндіру; 11.4.2.57 - анилин мен аминдерді алу реакция теңдеулерін құрастыру; 11.4.2.58 - "мономер", " элементарлық буын", "олигомер", "полимер", "полимерлену дәрежесі" ұғымдарын ажырату; 11.4.2.59 - полимеризация мен поликонденсация реакцияларының теңдеулерін құру ; 11.4.2.60 - кейбір полимерлер мен пластмассалардың қолдану аясын және қасиеттерін атау; 11.4.2.61 - тәжірибе жүзінде пластмассалар мен талшықтарды анықтау; 11.4.2.62 - Қазақстанда өндірілетін полимерлердің түрлерін білу

5) Химия және өмір

Білім алушылар орындауы тиіс …		
	10-сынып	11- сынып
		11.5.1.1 - жай және күрделі эфирлерді алу реакцияларының теңдеулерін құрастыру; 11.5.1.2 - майлардың құрамы мен құрылысын білу ; 11.5.1.3 - майлардың функциясын түсіну; 11.5.1.4 - майларға сапалық реакция жасау;

5.1 Биохимия		11.5.1.5 - майлардың сабындану және гидролиз өнімдерін атау; 11.5.1.6 - глюкоза, фруктоза, рибоза, дезоксирибоза, сахароза, крахмал және целлюлоза молекулалары формулаларының айырмашылығын білу; 11.5.1.7 - глюкозада функционалдық топтардың болуын тәжірибе жүзінде анықтау; 11.5.1.8 - глюкозаның сүт қышқылды және спирттік ашуының реакция теңдеуін құрастыру; 11.5.1.9 - крахмалға сапалық реакцияны жасау; 11.5.1.10 - сахароза, крахмал және целлюлоза гидролизінің реакция өнімдерін атау; 11.5.1.11 - крахмал мен целлюлозаның құрылысы мен қасиеттерін салыстыру; 11.5.1.12 - аминқышқылдарын тривиалды және жүйелі номенклатуралар бойынша атауларын білу; 11.5.1.13 - аминқышқылдары молекулаларының құрамы мен құрылысын сипаттау; 11.5.1.14 - аминқышқылдарының екідайлылығын қарастыру; 11.5.1.15 - а – аминоқышқылдарынан нәруыздарды алудағы пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 11.5.1.16 - нәруыздар гидролизі өнімдерін білу; 11.5.1.17 - нәруыздардың қызметін білу; 11.5.1.18 - нәруыздардың сапалық реакцияларын және денатурациясын білу; 11.5.1.19 - нуклеин қышқылдары туралы жалпы ұғымды және олардың жіктелуін білу; 11.5.1.20 - ДНК мен РНК құрылымдарын салыстыру; 11.5.1.21 - ДНК мен РНК биологиялық рөлін түсіндіру; 11.5.1.22 - гендік инженерия мен биотехнологияның маңыздылығын түсіну;

		11.5.1.23 - дәрумендер мен гормондардың адам ағзасындағы функциясын сипаттау; 11.5.1.24 - кейбір дәрумендердің табиғаттағы көздерін білу

14. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

15. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына (төмендетілген оқу жүктемесімен) сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Химия" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар (төмендетілген оқу жүктемесімен)

1) 10-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырыбы/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
10.1 Атом құрылысы	Атом құрылысының заманауи теориясы. Атомдағы электрон күйі және қозғалысы. Көрсетілім №1 " Атом құрылысы моделі"	10.1.2.1 - атом құрылысының заманауи теориясын білу 10.1.2.2 - s, p, d, f орбитальдарының пішінін ажырату
	Квант саны. Паули принципі, Хунд ережесі, Клечковский ережесі	10.1.3.1 - квант сандарының сипаттамасы мен мәндерін білу; 10.1.3.2 - электрон орбитальдарын толтыру ережелерін: минимальді энергия принципі, Паули принципі, Хунд ережесін қолдану; 10.1.3.3 - алғашқы 36 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын жазу
	Изотоптар. Есеп шығару: " Құрамындағы химиялық элемент атомының массалық үлесі бойынша қосылыстың химиялық формуласын табу"	10.1.2.3 - радиоактивтілік табиғатын және радиоактивті изотоптардың қолданылуын түсіндіру; 10.1.1.1 - құрамындағы химиялық элемент атомының массалық үлесі бойынша қосылыстың химиялық формуласын шығару
	Радиоактивті заттар туралы түсінік. Ядролық реакциялар және олардың Қазақстанның энергетикалық потенциалындағы маңызы	10.2.1.8 - радиоактивті заттар ұғымын білу; 10.2.1.9 - радиоактивті ыдырау типін білу және қарапайым ядролық реакциялар теңдеуін құра алу (a, b-, b+, g ыдырау);

		10.2.1.10 - Қазақстан энергетикалық потенциалында ядролық реакциялар мәнін түсіну
10.1 Периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық жүйесі	Периодтық заң және периодтық жүйе атом құрылысы тұрғысынан. Атом валенттілігі және валенттілік мүмкіндігі. Атомның тотығу дәрежесі Негізгі топшада және периодта элемент қасиеттерінің периодты өзгеруі	10.2.1.1 - периодтық заңның физикалық мәнін түсіндіру 10.2.1.2 - валенттілік және атомның тотығу дәрежесі ұғымдарының физикалық мәнін түсіндіру; 10.2.1.3 - химиялық элемент атомдарының қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарының сипаттау: радиусы, иондану энергиясы, электронтартқыштық, электртерістілік және тотығу дәрежесі
	Периодта және топта қосылыстардың қышқылды-негіздік қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары	10.2.1.4 - период және топ бойынша химиялық элементтердің оксидтерінің, гидроксидтерінің және сутекті қосылыстарының қышқылдық-негіздік қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру
	Қоршаған ортаның химиялық бейнесін және технология мен ғылымның дамуы үшін периодтық заңның мәнін түсіну	10.2.1.5 - периодтық кестеде орналасуы бойынша химиялық элементтердің және олардың қосылыстарының қасиеттерін болжау; 10.2.1.6 - периодтық кестенің ашылуымен байланысты дамыған ғылымдардың негізгі бағыттарын тізімдеу
	Химиялық байланыс түрінің біртұтас электронды табиғаты Ковалентті химиялық байланыс. Ковалентті химиялық байланыс қасиеттері Ковалентті байланыстың донорлы-акцепторлы механизммен түзілуі Көрсетілім №2 "Графит, алмаз, көміртегі (IV) оксидінің кристалдық тор моделі"	10.1.4.1 - донор-акцепторлы және алмасу механизмі бойынша ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; 10.1.4.2 - ковалентті байланыстың қасиеттерін сипаттау; 10.1.4.3 - H2, Cl2, O2, N2, HCl, NH3 молекулалары үшін Льюис диаграммасын құру
	Атом орбитальдарының гибридтелуі (sp, sp2, sp3) және молекула геометриясы	10.1.4.4 - әртүрлі гибридтелу түрлерінің мәнін түсіндіру; 10.1.4.5 - BF3, CH4, NH3, H2O, BeCl2 мысалында молекуланың электронды және кеңістіктік құрылысына зат қасиетінің тәуелділігін түсіндіру
		10.1.4.6 - атомдардың электртерістілік ұғымының

10.1 Химиялық байланыс және зат құрылысы	Электртерістілік және байланыс полярлығы	физикалық мәнін түсіндіру және оның негізінде химиялық байланыстың түрін болжау
	Ионды химиялық байланыс және иондық кристалдық тор. Металдық байланыс және металдық кристалдық тор. Көрсетілім №3 "Натрий, мыс хлоридтерінің кристалдық тор моделі"	10.1.4.7 - иондық байланыстың қарама-қарсы зарядталған иондардың электростатикалық тартылуы нәтижесінде түзілетіндігін түсіну; 10.1.4.8 - NaCl, CaO, MgF2, KH қосылыстары үшін Льюис диаграммасын құру; 10.1.4.9 - металдық байланыстың табиғатын және оның металдардың физикалық қасиеттеріне әсерін түсіндіру
	Сутектік байланыс. Жай және күрделі заттардың қасиеттерінің химиялық байланыс және кристалдық тор типіне тәуелділігі. Зертханалық тәжірибе № 1 " Әртүрлі химиялық байланысты заттардың молекуласын даярлау. Түрлі кристалдық торлы заттардың қасиеттерін оқу"	10.1.4.10 - сутекті байланыстың түзілу механизмін түсіндіру; 10.1.4.11 - кристалл тор типтері және байланыс түрлері әртүрлі қосылыстардың қасиеттерін болжау
2-тоқсан		
10.2 Химиялық реакциялар заңдылығы	Химиялық реакциялардың жіктелуі	10.2.1.7 - химиялық реакцияларды үдерістің бағыты, саны мен құрамы, реагенттер мен реакция өнімдеріндегі химиялық элементтердің тотығу дәрежелерінің өзгеруі бойынша жіктей білу
	Жай, бинарлы және күрделі бейорганикалық заттардың қатысуымен тотығу-тотығу реакциялары	10.2.3.1 - зат формуласы бойынша элементтің тотығу дәрежесін анықтай алу; 10.2.3.2 - электронды баланс әдісін қолданып тотығу және тотықсыздану теңдеулерін құрастыра алу
	Тұз ерітінділерінің және балқымаларының электролизі. Көрсетілім №4 "Өнеркәсіптік үдерістер электролизінің бейне көрсетілімдері: мыс, алюминий, натрий гидроксиді және хлоридінің өнеркәсіптік өндірісі"	10.2.3.3 - ерітінді және балқыма арқылы электр тоғы өткен кезде жүретін үдерістерді оқу және түсіндіру; 10.2.3.4 - электролит ерітінділерін және балқымаларын электролиздеу кезінде электродтарда түзілетін электролиз өнімдерін болжау; 10.2.3.5 - ерітінді және балқыма электролизі үдерісі сызбанұсқасын құра алу;

		10.2.3.6 - электролиз өнімдерінің массасын, көлемін (газ) есептей алу
	Қышқыл, сілті және тұз ерітінділерінің pH-і Тұздар гидролизі Зертханалық тәжірибе № 2 "Гидроксидтер, қышқыл және тұздар қасиеттерін зерттеу. Тұздар гидролизі"	10.3.4.1 - ерітіндінің pH мәні бойынша тұздар, қышқылдар және гидроксид ерітінділерінің сапалық құрамын дәлелдеу; 10.3.4.2 - оның сапалық құрамы бойынша тұз ерітінділерінің ортасын болжау
	Химиялық реакциялардың жылу эффектісі және оның маңызы Көрсетілім №5 "Экзо – эндотермиялық реакциялар"	10.3.1.1 - жылу эффектісі бойынша химиялық реакцияларды жіктей алу; 10.3.1.2 - химиялық реакциялардың жылу эффектісі мәнін тұсіндіру; 10.3.1.3 - химиялық реакциялардың жылу эффектісін есептей алу
10.2 Кинетика	Химиялық реакция жылдамдығы. Химиялық реакция жылдамдығына әсер ететін факторлар.	10.3.2.1 - химиялық реакция жылдамдығына температура, концентрация, қысымның әсерін тәжірибелік зерттеу; 10.3.2.2 - химиялық реакция жылдамдына әртүрлі факторлар өзгерісінің әсерін түсіндіру; 10.3.2.3 - әрекеттесуші заттар концентрациясы және температурасы өзгеруі кезіндегі реакция жылдамдығының өзгерісін есептей алу
	Катализаторлар мен ингибиторлар. Гомогенді және гетерогенді катализ.	10.3.2.4 - химиялық реакция жылдамдығына катализаторлар және ингибиторлар әсерін түсіндіру; 10.3.2.5 - гомогенді және гетерогенді катализ механизмін түсіндіру; 10.3.2.6 - Қазақстанда катализдік химияның дамуын білу
10.2 Химиялық тепе-теңдік	Химиялық тепе-теңдік және оның ығысуына әсер етуші жағдайлар. Ле Шателье-Браун принциптері. Зертханалық тәжірибе №3 " Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы (аммоний не калий тиоционаты мен темір (III) хлориді концентрациясының өзгеруі бойынша"	10.3.3.1 - әр түрлі факторлардың тепе-теңдіктің ығысуына әсерін тәжірибе жүзінде зерттеу; 10.3.3.2 - химиялық тепе-теңдікке температура, концентрация және қысым өзгерісінің әсерін болжау; 10.3.3.3 - тепе-теңдік константасы өрнегін құра алу
3-тоқсан		

10.3 Металдар мен бейме-талдардың жалпы сипат-тамасы	Металдар және бейметалдар: химиялық элементтер және жай заттар. Металдар мен бейметалдардың (атом, ион) құрылысы және кристалдық торларының ерекшелігі, металдар мен бейметалдар, олардың қосылыстарының қасиеттерінің период және топ бойынша өзгеруі Көрсетілім №6 "Металдар, бейметалдар және олардың қосылыстарының үлгілері; металдардың кристалдық тор модельдері"	10.2.1.11 - металдар және бейметалдар құрылысының ерекшелігін сипаттау: атом радиусы, иондану энергиясы, электронтартқыштық, кристалл торы; 10.2.1.12 - период және топта металл, бейметалл және олардың қосылыстарының қасиеттерінің өзгеру заңдылығын болжау
	Металдар және бейметалдар: негізгі физикалық және химиялық қасиеттері. Металдардың электрохимиялық кернеу қатары. Зертханалық тәжірибе №4 "Типтік металдар, бейметалдар мен амфотерлі элементтердің химиялық қасиеттері"	10.2.1.13 - металдар және бейметалдардың негізгі физикалық қасиеттерін түсіндіру; 10.2.1.14 - электрохимиялық кернеу қатарында металдардың орналасу принципін түсіну; 10.2.1.15 - металдар және бейметалдардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.16 - типтік металдар, бейметалдар мен амфотерлі элементтердің химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу
	Металдар, бейметалдар және олардың қосылыстарының табиғатта кездесуі	10.2.1.17 - металдар, бейметалдар және олардың қосылыстарының табиғатта таралуы туралы білу; 10.4.1.1 - кейбір металдар мен бейметалдардың және олардың қосылыстарының қоршаған ортаға әсерін зерделеу
	Тірі ағзалардың іс- әрекетінде метлдар және бейметалдардың биологиялық ролі	10.4.1.2 - тірі ағзалардың іс-әрекетінде металдар және бейметалдардың биологиялық рөлін түсіндіру
	Химиялық элементтердің периодтық жүйесіндегі s-элементтердің орны, атом құрылысының ерекшелігі, олардың металдық және тотықсыздандырғыштық қасиеттерін салыстыру	10.2.1.18 - атом құрылысы негізінде s-элементтердің жалпы қасиеттерін түсіндіру; 10.2.1.19 - s-элементтердің металдық, тотықсыздандырғыштық қасиеттерін салыстыру және реакция теңдеулерін құрастыру
	Натрий, калий және олардың маңызды қосылыстарының физикалық, химиялық қасиеттері, алынуы, қолданылуы,	10.2.1.20 - натрий, калий және олардың маңызды қосылыстарының алыну әдістерін білу;

	биологиялық маңызы. Көрсетілім №7 "Натрий, калий және кальцийдің сумен әрекеттесуі. Натрий, калий және кальций иондарына сапалық реакция (жалын түсінің өзгеруі)	10.2.1.21 - натрий, калий және кальцийдің сумен реакциясының химиялық белсенділігін ажыратуды түсіндіру 10.4.1.3 - натрий және калий қосылыстарының биологиялық рөлін түсіндіру
10.3 Маңызды s-элементтер және олардың қосылыстары	Кальций, магний және олардың қосылыстарының физикалық, химиялық қасиеттері, алынуы, қолданылуы, биологиялық маңызы Зертханалық тәжірибе №5 "Натрий, калий, магний, кальцийдің маңызды тұздарының үлгілерімен танысу, металдардың химиялық белсенділігін салыстыру. Сілтілік және сілтілік-жер металдары тұздарының жалынды бояуы"	10.2.1.22 - кальций, магний және олардың қосылыстарының негізгі қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.23 - калий, натрий, кальций иондарының сапалық реакциясын зерттеу (жалынды бояуы) 10.4.1.4 - кальций және магнийдің биологиялық рөлін түсіндіру
	Судың кермектігі, оны жою жолдары. Сілтілік металдар мен сілтілік жер металдарының табиғи қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары	10.4.1.5 - судың кермектігін және оны жою әдістерін түсіндіру; 10.4.1.6 - Қазақстанда таралған сілтілік және сілтілік жер металдардың табиғи қосылыстарын білу; 10.2.2.1 - металдар мен оның қосылыстарындағы генетикалық байланысты көрсететін химиялық реакция теңдеулері бойынша реагенттің немесе өнімнің массасына, зат мөлшеріне есептер шығару
	d-элементтердің периодтық жүйедегі орны, атом құрылысының ерекшелігі. Қазақстандағы мыс, мырыш, темір , хром және олардың қосылыстарының кен орындары	10.2.1.24 - атом құрылысы негізінде d-элементтердің периодтық жүйедегі орнын түсіндіру; 10.4.1.7 - Қазақстандағы мыс, мырыш, темір, хром және олардың қосылыстарының кен орындары атау
	Мыс, мырыш және олардың маңызды қосылыстары. Зертханалық тәжірибе №6 "Cu2+, Zn2+ иондарын тануға сапалық реакция"	10.2.1.25 - мыс, мырыш және олардың маңызды қосылыстарының қасиеттерін және қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.26 - Cu2+, Zn2+ иондарын тани білу
	Хром және оның қосылыстары	10.2.1.27 - хром және оның қосылыстарың қасиеттерін және қолданылуын түсіндіру
	Темір және оның қосылыстары. Зертханалық тәжірибе №7 "Fe2+,	10.2.1.28 - темір және оның қосылыстарының алынуын, тән

10.3 Маңызды d-элементтер және олардың қосылыстары	Fe3+ иондарын тануға сапалық реакция"	физикалық және химиялық қасиеттерін сипаттау; 10.2.1.29 Fe2+, Fe3+ иондарын тани білу
	Практикалық жұмыс №1 "Темір (II), (III), мыс (II), мырыш, хром (III) гидроксидтерін алу; қышқыл мен сілтінің гидроксидтерге әсерін зерттеу"	10.2.1.30 - темір (II), (III), мыс (II), мырыш, хром (III) гидроксидтерін тәжірибе жүзінде ала білу және олардың қышқыл және сілтілермен әрекеттесуін зерделеу
	Коррозия түрлері және коррозияның алдын алу шаралары	10.2.3.7 - коррозия түрлерін, коррозияның болу себептерін білу және оның конструкцияларының пайдалану ұзақтығына кері әсерін түсіндіру 10.2.2.2 - металдар қатысуымен жүретін химиялық реакциялар теңдеуі бойынша (құрамында қоспасы бар реагенттер, теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы практикалық шығымның массалық үлесі) есептер шығару
4-тоқсан		
	Периодтық жүйедегі p-элементтердің орны, олардың атом құрылысының ерекшеліктері. Алюминий және олардың қосылыстары.	10.2.1.31 - атом құрылысы көзқарасы тұрғысынан периодта және топта p-элементтердің қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіру; 10.2.1.32 - алюминий оксиді және гидроксидінің екәдайлы қасиеттерін оқып білу; 10.2.1.33 - алюминий және оның құймаларының қолданылуын сипаттау;
	Көміртек, кремний және олардың қосылыстарының қасиеттері. Көміртек, кремний және олардың қосылыстарының табиғатта таралуы. Көрсетілім № 8 "Еріген заттың белсендірілген көмірге сіңірілуі (адсорбция)	10.2.1.34 - көміртек, кремний және олардың қосылыстарының физикалық, химиялық қасиеттерін оқып білу; 10.2.1.35 - иіс газымен уланудың қалай жүретінін түсіндіру және алғашқы көмек көрсету әдістерін сипаттау
	Азот молекуласы құрылысы және қасиеттерінің ерекшеліктері. Аммиак, аммоний тұздары. Ортофосфор қышқылы және фосфаттар. Азот және фосфор	10.2.1.36 - молекула құрылысы негізінде азоттың төмен химиялық белсенділігін түсіндіру; 10.2.1.37 - газтәрізді аммиактың және оның сулы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін және алынуын сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 10.4.1.8 - азот оксидтерінің атмосфераға, нитраттардың

10.4 Маңызды р-элементтер және олардың қосылыстары	қосылыстарының тыңайтқыш ретінде қолданылуы. Азот оксидтерінің, нитраттар және фосфаттардың қоршаған ортаға экологиялық әсері.	топырақ және су ресурстарына әсерін анализдеу; 10.4.1.9 - азот және фосфор қосылыстарының қоршаған ортаға әсерін азайтудың мәселелерін шешу жолдарын ұсыну; 10.2.1.38 - ортофосфор қышқылының және фосфаттардың физикалық, хииялық қасиеттерін оқып білу
	Күкірт, оның оксидтері, қышқылдары, сульфаттар. Күкірт қышқылының қасиеттері	10.2.1.39 - құрамында күкірті бар қазбалы отындардың жануы кезіндегі күкірт диоксидінің түзілуін сипаттау; 10.4.1.10 - қышқыл жаңбырлардың қалыптасуындағы күкірт диоксидінің ролін және оның қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 10.2.1.40 - сұйылтылған және концентрлі күкірт қышқылының қасиеттерін салыстыру; 10.4.1.11 - тағам өнімдерін консервілеуде күкірт диоксидінің қолданылуын түсіндіру
	Галогендер. Хлорсутек, тұз қышқылы және хлоридтер. Адам тіршілігіндегі йодтың биологиялық ролі. Йод жетіспеушілігінен туындайтын аурулардан Қазақстан тұрғындарын сақтандыру шаралары	10.2.1.41 - топ бойынша галогендердің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру; 10.2.1.42 - тұз қышқылының химиялық қасиеттерін оқып білу және оның қолданылу аймағын білу; 10.4.1.12 - адам ағзасындағы йодтың биологиялық ролін білу және Қазақстан территориясында йод жетіспеушілігіне байланысты туындайтын ауруларды түсіндіру және осы мәселелерді шешу жолын ұсыну
	Практикалық жұмыс № 2 "Кейбір аниондарға сапалық реакция" тақырыбына эксперименттік есептер шығару	10.2.1.43 - хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат-, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат-иондарына сапалық реакцияны білу; 10.2.1.44 - аниондарды анықтау бойынша тәжірибе жоспарын құру және оны іс –жүзінде жүзеге асыру
		10.2.3.8 - өнеркәсіпте металдарды алу әдістерін білу; 10.2.3.9 - Тұрмыста, техникада және ғылымда қолданылатын

10.4 Бейорганикалық қосылыстарды және құймаларды өндіру	Қазақстанда қара және түсті металдарды және олардың құймаларын алу	маңызды құймалардың құрамын атау: шойын, болат, жез, қола, мельхиор, дюралюминий; 10.2.3.10 - шойын және болаттың алыну әдістерін және қасиеттерін сипаттау; 10.4.1.13 - Қазақстандағы химиялық өндірістердің экологиялық мәселелерін түсіндіру
	Жанасу әдісімен күкірт қышқылын өндіру	10.2.1.45 - күкірт қышқылын өнеркәсіптік өндірудің жанасу үдерісін сипаттаужәне оның өнеркәсіп үшін мәнін білу
	Аммиак, азот қышқылыш өндіру	10.2.1.46 - аммиак және азот қышқылын өнеркәсіптік өндіру әдістерін және оның өнімдерінің қолданылу саласын сипаттау
	Қазақстандағы силикат өндірісі	10.2.3.11 - шыны, цемент өндіру үдерісін және олардың қолданылуын сипаттау
	Химиялық және металлургиялық өндіріс қалдықтарымен қоршаған ортаның ластануы	10.4.1.14 - химиялық және металлургиялық өндіріс қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін бағалау

2) 11-сынып

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Көміртек атомы құрылысының ерекшеліктері. Гибридизация. Органикалық қосылыстардағы химиялық байланыстардың сипатттамасы және электрондық табиғаты .Көрсетілім №1 " Органикалық затттар үлгілері (мұнай, керосин, этанол, глицерин, глюкоза, сахароза, парафин, мақта , ағаш сүрегі)"	11.4.2.1 - көмірсутектердегі көміртектің гибридизациясын зерделеу; 11.4.2.1 - С-С байланысының түзілуін және көміртек атомының құрылыс ерекшеліктерін түсіндіру
	.А.М.Бутлеровтың органикалық қосылыстардың химиялық құрылыс теориясының негізгі қағидалары. Изомерия және гомологтық қатар	11.4.2.3 - А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидаларын білу; 11.4.2.4 - көмірсутектердің молекулалық, эмпирикалық, құрылымдық формулаларын ажырату; 11.4.2.5 - изомерлердің түрлерін атау және көміртек қаңқасы, еселі байланыстың орналасуы, функционалдық топтар және

11.1 Органикалық химияға кіріспе Орагникалық қосылыстардың құрылыс теориясы		класаралық изомерлерінің формулаларын құру
	Бос радикалдар туралы ұғым және олардың тірі ағзалар өміріндегі маңызы	11.4.2.6 - бос радикалдар туралы ұғымды қалыптастыру; 11.4.2.7 - тірі ағзалар өміріндегі радикалдардың ролін білу
	Органикалық заттардың номенклатурасы мен жіктелуі. Зертханалық тәжірибе №1 "Метан, этан, этилен, ацетилен, бензол, метанол, этанол, сірке қышқылы молекулаларының модельдері"	11.4.2.8 - гомологтық қатарлардың қалай түзілетіндігін түсіну; 11.4.2.9 - гомологтардың ұқсастығы мен айырмашалығын түсіндіру; 11.4.2.10 - қосылыстардың құрылымдық формулаларын құру және оларды IUPAC номенклатурасы бойынша атау
	Органикалық қосылыстардың табиғатттағы және адам өміріндегі маңызы. Органикалық химияның дамуындағы Қазақстандық ғалымдардың ролі	11.4.2.11 - органикалық қосылыстардың адам өміріндегі маңызын түсіну 11.4.2.12 - қазақстандық ғалымдардың органикалық химияны дамуындағы үлесін түсіну
11. Көмірсутек-тер және олардың көздері	Алкандар. Көрсетілім №2 "Метан, этилен, ацетиленнің жануы. Каучуктер.резина, эбонит үлгілерімен танысу"	11.4.2.13 - әртүрлі алкандардың жану үдерісін зерттеу және олардың отын ретінде қолданылуын түсіндіру; 11.4.2.14 - алкандардың жану өнімдерін білу және олардың қоршаған ортаға әсерін бағалау; 11.4.2.15 - берілген жану өнімдері бойынша заттардың молекулалық формулаларын анықтау; 11.4.2.16 - органикалық заттардың масссалық үлестері және олардың буының салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттардың қарапайым молекулалық формуларын анықтау
	Циклоалкандар	11.4.2.17 - циклоалкандардың гомологтық қатарын, құрылысын, физикалық, химиялық қасиеттерін . қарастыру 11.4.2.18 - изомерлерінің формулаларын құрастыру, IUPAC бойынша атау
	Алкендер. Полиэтилен.	11.4.2.19 - алкендердің алыну жолдарын,физикалық және химиялық қасиеттерін, құрылысын, гомологтық қатарын қарастыру:

		11.4.2.20 - полимерлену реакция теңдеулерін құра білу (полиэтилен, полипропилен, поливинилхлорид)
2-тоқсан		
11.2 Көмірсутектер және олардың көздері	Алкадиендер Зертханалық тәжірибе № 2 "Изопренді каучуктің шарөзекті моделін құрастыру"	11.4.2.23 - алкадиендердің құрылысы, қасиеттерін білу; 11.4.2.24 - алкадиендердің қасиеттерін құрылысы негізінде түсіндіру; 11.4.2.25 - диендердің полимерлену реакциялары өнімдерінің шаростерженді модельдерін құрастыру (изопрен)
	Алкиндер	11.4.2.26 - алкиндердің алыну жолдарын, физикалық және химиялық қасиеттерін, құрылысын, гомологтық қатарын қарастыру
	Арендер және олардың туындылары	11.4.2.27 - электрондардың делокализациясы тұрғысынан бензол молекуласының құрылымын түсіндіру; 11.4.2.28 - бензолды және оның гомологтарын алу реакцияларының теңдеулерін құру; 11.4.2.29 - бензол және оның гомологтарына тән қасиеттерді сипаттау; 11.4.2.30 - органикалық синтезде бензолды қолдануды білу
	Көмірсутектердің және олардың туындыларының генетикалық байланысы	11.4.2.31 - органикалық қосылыстардың негізгі кластарының генетикалық байланысының сызбанұсқасын құру; 11.4.2.32 - өнімнің шығымын реагант мөлшері (көлем, масса) және реакция өнімнің берілген шамасы (көлем, массса) бойынша есептеу
	Көмірсутектердің табиғи көздері және олардың Қазақстандағы кен орындары. Газ, мұнай, көмірді өңдеу. Казақстанда көмір және	11.4.2.33 - көміртек қосылыстарын отын ретінде қолдануға болатынын білу; 11.4.2.34 - көмір, мұнай, табиғи газдардың Қазақстандағы кен орындарын карта бойынша анықтау; 11.4.2.35 - шикі мұнайды айдау үдерісінің маңызын түсіну және өңдіру үдерісін сипаттау;

	мұнай-газ өндірістерінің дамуы. Қазақстанда өнімді өндірудегі, өңдеудегі экологиялық аспектілер	11.4.2.36 - шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аясын білу; 11.4.2.37 - қазба отындар қорының шектеулі екенін түсіну; 11.4.2.38 - көмірсутек отындарын жағу қоршаған ортаның ластануына әкеп соғатынын және оның климатқа әсерін білу
3-тоқсан		
11.3 Оттекті органикалық қосылыстар	Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі, номенклатурасы	11.4.2.39 - спирттер, альдегидтер, кетондар,карбон қышқылдары, эфирлердің функционалдық топтарының құрылысын сипаттау. ; 11.4.2.40 - спирттер, альдегидтер, кетондар,карбон қышқылдары, эфирлердің құрылымдық формулаларын құру және IUPAC бойынша атау
	Біратомды және көпатомды спирттер. Фенол Зертханалық тәжірибе №3 "Спирттердің суда еруі, жануы және біратомды және көпатомды спирттерге сапалық реакциялары"	11.4.2. 41 - спирттердің құрылымдық, функционалдық топ , класаралық изомерлерінің формуларын құру және жіктелуін атау 11.4.2.42 - спирттердің және фенолдың алу жолдарын білу; 11.4.2.43 - спирттер мен фенолдың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 11.4.2.44 - спирттер мен фенолдың қолдану аясын атау; 11.4.2.45 - спирттердің адам ағзасына уытты әсерін зерделеу
	Альдегидтер. Кетондар. Карбон қышқылдары. Практикалық жұмыс № 1 "Оттекті органикалық қосылыстарға сапалық реакциялар "	11.4.2.46 - альдегидтер мен кетондардың құрылымдық формулаларын құру және оларды IUPAC бойынша атау ; 11.4.2.47 - альдегидтер мен кетондарды алу реакция теңдеулерін құрастыру; 11.4.2.48 - альдегидтер мен кетондарды тәжірибе жүзінде анықтау; 11.4.2.49 - альдегидтер мен кетондардың тотығу және тотықсыздану реакция өнімдерін атау; 11.4.2.50 - карбон қышқылдарының алу тәсілдерін және физикалық қасиеттерін түсіндіру;

		11.4.2.51 - карбон қышқылының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
11.3 Оттекті органикалық қосылыстар	Жай және күрделі эфирлер. Майлар. Сабын және жуғыш заттар .Казақстандағы сабын және синтетикалық жуғыш заттар өндірісі. Көрсетілім № 3 "Сабын және жуғыш ұнтақ ерітінділерін индикаторлармен сынау"	11.5.1.1 - жай және күрделі эфирлерді алу реакцияларының теңдеулерін құрастыру; 11.5.1.2 - майлардың құрамы мен құрылысын білу ; 11.5.1.3 - майлардың функциясын түсіну; 11.5.1.4 - майларға сапалық реакция жасау; 11.5.1.5 - майлардың сабындану және гидролиз өнімдерін атау; 11.4.2.52 - карбон қышқылдары, күрделі эфирлер,сабын, синтетикалық жуғыш заттардың қолдану аясын атау; 11.4.2.53 - синтетикалық жуғыш заттардан табиғатты қорғау қажеттігін түсіну
	Көмірсулардың жіктелуі, биологиялық рөлі. Моносахаридтер. Глюкоза. Фруктоза Дисахаридтер. Сахароза. Лактоза. Полисахаридтер. Крахмал. Целлюлоза. Зертханалық тәжірибе № 4 "Тамақ өнімдеріндегі крахмалды анықтау"	11.5.1.6 - глюкоза, фруктоза, рибоза, дезоксирибоза, сахароза, крахмал және целлюлоза молекулалары формулаларының айырмашылығын білу; 11.5.1.7 - глюкозада функционалдық топтардың болуын тәжірибе жүзінде анықтау; 11.5.1.8 - глюкозаның сүт қышқылды және спирттік ашуының реакция теңдеуін құрастыру; 11.5.1.9 - крахмалға сапалық реакцияны жасау; 11.5.1.10 - сахароза, крахмал және целлюлоза гидролизінің реакция өнімдерін атау; 11.5.1.11 - крахмал мен целлюлозаның құрылысы мен қасиеттерін салыстыру
4-тоқсан		
	Аминдер. Анилин	11.4.2.54 - аминдердің номенклатурасы мен жіктелуін білу; 11.4.2.55 - анилин, аминдер, аммиактың негізгі қасиеттері мен құрылымын салыстыру; 11.4.2.56 - аминдер мен аниалиннің физикалық қасиеттерін түсіндіру;

		11.4.2.57 - анилин мен аминдерді алу реакция теңдеулерін құрастыру
11.4 Құрамында азоты бар органикалық қосылыстар. Гетероциклді қосылыстар. Нуклеин қышқылдары	Аминқышқылдары. Көрсетілім № 4: "Аминқышқылдарында функционалдық топтардың барын дәлелдеу"	11.5.1.12 - аминқышқылдарын тривиалды және жүйелі номенклатуралар бойынша атауларын білу; 11.5.1.13 - аминқышқылдары молекулаларының құрамы мен құрылысын сипаттау; 11.5.1.14 - аминқышқылдарының екідайлылығын қарастыру
	Нәруыздар Көрсетілім № 5 : " Нәруыздардың еруі және тұнбаға түсуі, белоктар денатурациясы; белоктардың жануы (жүн, құс қауырсыны) Зертханалық тәжірибе № 5 "Нәруыздардың түсті реакциялары "	11.5.1.15 - а – аминоқышқылдарынан нәруыздарды алудағы пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 11.5.1.16 - нәруыздар гидролизі өнімдерін білу; 11.5.1.17 - нәруыздардың функциясын білу ; 11.5.1.18 - нәруыздардың сапалық реакцияларын және денатурациясын білу
	Нуклеин қышқылдары Көрсетілім № 6 "ДНК мен РНК молекулаларының модельдері"	11.5.1.19 - нуклеин қышқылдары туралы жалпы ұғымды және олардың жіктелуін білу; 11.5.1.20 - ДНК мен РНК құрылымдарын салыстыру; 11.5.1.21 - ДНК мен РНК биологиялық рөлін түсіндіру ; 11.5.1.22 - гендік инженерия мен биотехнологияның маңыздылығын түсіну
	Жасанады және синтетикалық полимерлер; пластмассалар, каучуктер, талшықтар Қазақстандағы полимерлер өндірісі. Көрсетілім № 7 " Пластмассалар, синтетикалық каучуктер және талшықтар үлгілерімен таныстыру".	11.4.2.58 - "мономер", " элементарлық буын", "олигомер", "полимер", "полимерлену дәрежесі" ұғымдарын ажырату; 11.4.2.59 - полимеризация мен поликонденсация реакцияларының теңдеулерін құру ; 11.4.2.60 - кейбір полимерлер мен пластмассалардың қолдану аясын және қасиеттерін атау; 11.4.2.61 - тәжірибе жүзінде пластмассалар мен талшықтарды анықтау; 11.4.2.62 - Қазақстанда өндірілетін полимерлердің түрлерін білу
		11.5.1.23 - дәрумендер мен гормондардың адам ағзасындағы функциясын сипаттау;

11.4. Жасанды және синтети-калық поли-мерлер Химия адам өмірінде	Дәрумендер және гормондар туралы түсінік. Биогенді органикалық заттардың рөлі.	11.5.1.24 - кейбір дәрумендердің табиғаттағы көздерін білу
	Химия және өмір. Экологиялық мәселелер.	11.4.1.1 - "Жасыл химияның" 12 принципін атау және түсіндіру; 11.4.1.2 - атмосфера, гидросфера және литосфераның ластану көздерін білу, жаһандану мәселелерін шешу жолдарын ұсыну; 11.4.1.3 - "парниктік эффект" пен озон қабатының бұзылу мәселелері арасындағы айырмашылықты түсіндіру; 11.4.1.4 - Қазақстан химиялық өнеркәсібінің әр түрлі саласындағы экологиялық мәселелерді болжау және оның шешу жолдарын ұсыну

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
112-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Физика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 112-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Физика" оқу пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүиетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.

3. Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері мынадай болып табылады :

1) білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы іргелі білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерді меңгеруіне ықпал ету;

2) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлективтік мәдениетін дамытуға, физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастыру;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) меңгерген дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда, қоғам мен адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қолдану.

2-тарау. "Физика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Физика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

4. "Физика" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Оқу пәнінің мазмұны 9 бөлімді қамтиды:

механика;

молекулалық физика;

электр және магнетизм;

тербелістер;

толқындар;

оптика;

кванттық физика;

нанотехнология және наноматериалдар;

космология.

6. "Механика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

кинематика;

динамика;

статика және гидростатика

сақталу заңдары;

гидродинамика.

7. "Молекулалық физика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
молекулалық физика;
газ заңдары;
термодинамика негіздері;
сұйық және қатты денелер.
8. "Электр және магнетизм" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
электростатика;
тұрақты ток;
әртүрлі ортадағы электр тогы.
магнит өрісі;
электромагниттік индукция.
9. "Тербелістер" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
механикалық тербелістер;
электромагниттік тербелістер;
айнымалы ток.
10. "Толқындар" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
электромагниттік толқындар.
11. "Оптика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
толқындық оптика;
геометриялық оптика.
12. "Кванттық физика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
атомдық және кванттық физика;
атом ядросының физикасы.
13. 10-сыныпқа арналған "Физика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

"Кинематика". Дене қозғалысы кинематикасының негізгі теңдеулері мен графиктері ; салыстырмалы қозғалыс, қисық сызықты қозғалыс кинематикасы;

"Динамика".Күштер; күштерді қосу; Ньютон заңдары; бүкіл әлемдік тартылыс заңы ; гравитациялық өрістегі дене қозғалысы;

"Статика және гидростатика". Массалар центрі; тепе-теңдік түрлері, қатынас ыдыстар; Паскаль заңы, атмосфералық қысым, Торричелли тәжірибесі.

"Сақталу заңдары". Механикадағы импульс және энергияның сақталу заңдары, серпімді және серпімсіз соқтығысулар;

"Гидродинамика". Газдар мен сұйықтардың ламинарлық және турбуленттік ағысы, денелердің тұтқыр сұйықтағы қозғалысы;

№ 1 Зертханалық жұмыс: "Тұтқыр сұйықта қозғалатын кішкентай шардың қозғалысын зерттеу";

"Молекулалық физика". Молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары, термодинамикалық параметрлер; кристалл және кристалл емес заттар,

қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың моделі, молекула-кинетикалық теорияның негізгі теңдеуі;

"Газ заңдары". Идеал газ күйінің теңдеуі; изопроцестер; адиабаталық процесс;

"Термодинамика негіздері". Идеал газдың ішкі энергиясы, термодинамикалық жұмыс, жылу мөлшері, жылусыйымдылық, термодинамиканың бірінші заңы, адиабаталық процесс, термодинамиканың екінші заңы, жылу қозғалтқыштары;

"Сұйық және қатты денелер". Қаныққан және қанықпаған бу, ауаның ылғалдылығы, шық нүктесі, сұйықтың беттік керілуі, жұғу, қылтүтіктік құбылыстар;

"Электростатика". Электр заряды, Кулон заңы, электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі, біртекті электр өрісіндегі электр өрісінің кернеулігі мен потенциалдар арасындағы байланыс, электрсыйымдылық; конденсаторлар; электр өрісінің энергиясы;

"Тұрақты ток". Электр тогы, ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі; толық тізбек үшін Ом заңы, электр тогының жұмысы мен қуаты, ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті, пайдаланылған энергия құны;

№ 2 Зертханалық жұмыс. "Өткізгіштерді аралас жалғауды оқып үйрену"

№ 3 Зертханалық жұмыс. "Ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау".

"Әртүрлі ортадағы электр тогы". Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік, жартылай өткізгіштердегі электр тогы, жартылай өткізгішті құралдар, электролит ерітінділеріндегі электр тогы, электролиз заңы, газдардағы және вакуумдегі электр тогы;

№ 4 Зертханалық жұмыс: "Электролиттердегі электр тогының пайда болуын зерттеу ";

"Магнит өрісі". Магнит өрісі; тогы бар өткізгіштердің әсері, Ампер тәжірибесі, магнит индукциясының векторы; бұрғы ережесі; Ампер күші; зарядталған бөлшектердің магнит өрісіндегі қозғалысы; заттардың магниттік қасиеттері; жасанды магниттер; соленоид;

"Электромагниттік индукция". Магнит ағыны, электромагниттік индукция, электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; магнит өрісінің энергиясы; электрқозғалтқыш және тұрақты токтың электрогенераторы;

14. 11- сыныпқа арналған "Физика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

"Механикалық тербелістер". Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері;

"Электромагниттік тербелістер". Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер; механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастық;

"Айнымалы ток". Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; электр тізбегіндегі кернеу резонансы; Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану;

№ 1 Зертханалық жұмыс: "Трансформатор орамасындағы орам санын анықтау";

"Электромагниттік толқындар". Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы; радиобайланыс; детекторлы радиоқабылдағыш; аналогты-сандық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары;

"Толқындық оптика". Жарықтың интерференциясы; жарықтың дифракциясы; дифракциялық торлар; жарықтың поляризациясы;

№ 2 Зертханалық жұмыс: "Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау";

№ 3 Зертханалық жұмыс: "Поляризация құбылысын бақылау";

"Геометриялық оптика". Геометриялық оптика заңдары, жазық-параллель пластинадан шағылу, толық ішкі шағылу; оптика-талшықты тасымалдаушылар, оптикалық құралдар;

№ 4 Зертханалық жұмыс: шынының сыну көрсеткішін анықтау;

"Атомдық және кванттық физика". Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы; сәулеленудің түрлері; спектрлер; спектрлік құралдар; спектрлік анализ; инфракызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; электромагниттік сәулелену шкаласы; фотоэффект; фотоэффектіні қолдану; жарық қысымы; жарықтың химиялық әсері; лазерлер; голография; фотография; томография;

"Атом ядросының физикасы".

Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атомдық ядро; ядроның нуклондық моделі; изотоптар; ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы; ядролық реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролардық бөлінуі; тізбекті ядролық реакция; сындық масса; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар;

№ 5 Зертханалық жұмыс: "Жартылай ыдырау периодын анықтау";

"Нанотехнология және наноматериалдар". Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелелері және дамуы; наноматериалдар;

"Космология". Жұлдыздар әлемі; жұлдызға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; біздің Галактика; басқа Галактикалардың ашылуы; квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау; қара құрдым; Әлемнің ұлғаюы; Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері; әлемнің моделдері; өмір және Әлем туралы ойлар; қара материя; нетронды жұлдыздар; аса жаңа жұлдыздар; Герцшпрунг-Рассел диаграммасы.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

15. Бағдарламада "оқу мақсаттары" төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді . Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында "10" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқу мақсатының реттік саны.

Білім алушылар білуі тиіс:

Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1.1 Кинематика	10.1.1.1 - кинематика теңдеулерін қолдану және орын ауыстыру, жылдамдық, үдеудің графиктерін талдай білу	
	10.1.1.2 - жылдамдықтар мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңына күнделікті өмірден мысалдар келтіру	
	10.1.1.3 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау	
1.2 Динамика	10.1.2.1 - бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру	
	10.1.2.2 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын түсіну және ғарыш аппаратының қозғалысын сипаттау	
	10.1.2.3 - көкжиекке бұрыш жасай және вертикаль лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі физикалық шамалардың өзгерісін сипаттау	
1.3 Статика және гидростатика	10.1.3.1 - абсолют қатты дененің және денелер жүйесінің массалар центрін анықтау	
	10.1.3.2- Паскаль заңын сипаттау және оның қолданылуы	
	10.1.3.3- гидростатикалық қысым терминін түсіндіру	
1.4. Сақталу заңдары	10.1.4.1 - сақталу заңдарын сандық және эксперименттік есептерді шығаруда қолдану	
1.5 Гидродинамика	10.1.5.1 сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттау	
	10.1.5.2 - тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтау және физикалық шамалардың өлшеу дәлдігін ескеру	
	10.1.5.3 - эксперименттің нәтижесіне әсер етуші	

	факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну	
2.1 Молекулалық физика	10.2.1.1 - температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау 10.2.1.2 -қатты дененің, сұйықтың, газдың модельдерін молекулалық кинетикалық теорияның негізінде сипаттау; 10.2.1.3-кристалл және кристалл емес қатты заттардың құрылысын ажырату	
2.2 Газ заңдары	10.2.2.1 - идеал газ күйінің негізгі теңдеуін қолдану және газ процестерінің графиктерін ажырату	
2.3 Термодинамика негіздері	10.2.3.1 - термодинамиканың бірінші және екінші заңының мағынасын түсіндіру	
	10.2.3.2 - жылу қозғалтқышының жұмыс істеу принципі мен қолданылуын сипаттау	
2.4 Сұйық және қатты денелер	10.2.4.1 -ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау	
	10.2.4.2 - сұйықтың беттік керілу құбылысының табиғатын түсіну және қылтүтіктік құбылыстардың өмірдегі маңызы.	
	10.2.4.4- серпімді деформация кезіндегі Юнг модулін анықтау	
3.1 Электростатика	10.3.1.1 - электр өрісінің қасиетін талқылау және оның күштік сипаттамасын анықтау	
	10.3.1.2 - электр өрісінің қозғалыстағы зарядтарға әсерін сипаттау;	
	10.3.1.3 - гравитациялық және электростатикалық өрістердің қасиеттерін салыстыру	
	10.3.1.4 - конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда қолдану	
	10.3.2.1 - сыртқы тізбектегі электр қозғаушы күші пен кернеу түсуінің айырмашылығын түсіну	

3.2 Тұрақты ток	10.3.2.2 - өткізгіштерді аралас жалғауды зерттеу	
	10.3.2.3- толық тізбек үшін Ом заңын қолдану және қысқа тұйықталудың салдарын түсіну	
	10.3.2.4 - эксперимент арқылы ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау	
3.3 Әртүрлі ортадағы электр тогы	10.3.3.1 - әртүрлі ортадағы электр тогының пайда болуын салыстыру 10.3.3.2 - электролиттердегі электр тогының пайда болу шартын эксперимент арқылы анықтау	
	10.3.3.3-жартылай өткізгішті құралдардың қолданылуына мысалдар келтіру	
	10.3.3.4 - асқын өткізгіштік құбылысы мен практикалық қолданылуын сипаттау;	
3.4 Магнит өрісі	10. 3.4.1 - өткізгіштің магнит өрісін сипаттайтын шамаларды түсіну	
	10. 3.4.2 - сол қол ережесін қолдануды және зарядталған бөлшектердің қозғалысы мен тогы бар өткізгішке магнит өрісінің әсерін сипаттау	
	10. 3.4 .3 - магниттік материалдардың(неодим магниттер, датчиктер, сейсмометрлер, металл детекторлар) заманауи қолдану аймағын және олардың қолдану үрдісін талқылау	
	10.3.4.4 - жасанды магниттерді эксперимент жүзінде жинау және қолданылу аясын түсіндіру	
	10.3.4.5 - соленоидтың магнит өрісіне әсер ететін факторларды сипаттау	
3.5 Электромагниттік индукция	10.3.5.1 - магнит ағыны өзгеруі салдарынан электр қозғаушы күштің пайда болуын түсіндіру	
	10.3.5.2 - Ленц ережесін түсіндіру	
	10.3.5.3 - электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін түсіндіру	

	10.3.5.4 - магниттік-резонанстық томографияның практикалық маңызын түсіндіру	
4.1 Механикалық тербелістер		11.4.1.1 - эксперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен гармоникалық тербелісті (x(t), v(t), a(t)) зерттеу
4.2 Электромагниттік тербелістер		11.4.2.1 - еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттау 11.4.2.2 - механикалық және электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастықтарды сәйкестендіру
4.3 Айнымалы ток		11.4.3.1 - генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттеу
		11.4.3.2 - физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен элерктр қозғаушы күші максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттау
		11.4.3.3 - резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылуына саласына мысал келтіру; 11.4.3.4 - Резонанстық жиілікті есептеу
		11.4.3.5 - электр энергиясын тасымалдау үшін жоғары кернеудегі айнымалы токтың экономикалық артықшылықтарын түсіндіру
		11.4.3.6 - трансформатор орамасындағы орам санын эксперимент арқылы анықтау
		11.4.3.7 - Қазақстандағы электр энергиясы көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау
		11.5.1.1 - электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіру және олардың қасиеттерін сипаттау
		11.5.1.2 - жоғары жиілікті электромагниттік тербелістердің модуляциясы мен детекциясын сипаттау

5.1 Электромагниттік толқындар		11.5.1.3-радиоқабылдағыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру
		11.5.1.4 - аналогтықпен салыстырғанда сандық форматтағы сигналды берудің артықшылықтарын түсіндіру
		11.5.1.5 - байланыс құралдарын жүйелеу және оларды жетілдірудің жолдарын ұсыну
6.1 Толқындық оптика		11.6.1.1 – жарық жылдамдығын анықтаудың зертханалық және астрономиялық әдістерін түсіндіру
		11.6.1.2 – дифракциялық торды толқын ұзындығын анықтау үшін қолдану
		11.6.1.3 - жарықтың интерференциясы, дифракция және поляризация құбылыстарын талдау арқылы жарықтың электромагниттік табиғатын тәжірибелік түрде дәлелдеу
6.2 Геометриялық оптика		11.6.2.1 - шынының сыну көрсеткішін эксперименттік жолмен анықтау; 11.6.2.2 - жарық сигналдарын тасымалдауда оптоталшықты технологияның артықшылығын түсіндіру
		11.6.2.3 - телескоп, микроскоп және лупадағы сәуленің жолын салу және түсіндіру
7.1 Кванттық физика		11.7.1.1 - электромагнитік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатының дәлелдейтін мысалдар келтіру(элементар бөлшектердің толқындық табиғаты);
		11.7.1.2 - спектрлік талдау әдісін және оның қолданылуын сипаттау
		11.7.1.3 - электромагниттік сәулелену, олардың пайда болу табиғаты мен затпен әрекеттесуіне қарай ажырату
		11.7.1.4 - фотоэффектінің табиғатын түсіндіру және оны қолдануға мысалдар келтіру
		11.7.1.5 - фотосинтез және фотография үдерісін мысалға

		келтіре отырып, жарықтың химиялық әсерін сипаттау
		11.7.1.6 - компьютерлік және магниттік-резонанстық томографияны салыстыру
		11.7.1.7-лазер құрылғысының әсері мен қолданылуын түсіндіру; 11.7.1.8 - голографияның даму кезеңдерін талқылау
7.2 Атом ядросының физикасы		11. 7.2.1- радиоактивті ыдырау заңы негізінде ядролық қалдықтармен аймақтың зақымдануының ұзаққа созылу себептерін түсіндіру
		11. 7.2.2 - графикалық тәсіл арқылы жартылай ыдырау периодын анықтау
		11. 7.2.3- ядролық реакцияны жазу кезінде массалық және зарядтық санның сақталу заңын қолдану
		11. 7.2.4 - радиоактивті сәулелердің иондалу және өтімділік қабілеттерін түсіндіру; 11. 7.2.5 - радиоактивті материалдарды өңдеуді, қолдануды, сақтауды және олармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сипаттау
		11. 7.2.6 - ядролық реакторлардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін сипаттау; 11. 7.2.7 - ядролық энергетиканың даму кезеңдерін талқылау
8.1 Нанотехнология және наноматериалдар		11.8.1.1- наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын, қолдануын түсіндіру
		11.9.1.1 - жұлдыздардың жыракқтылығы бойынша жіктелетінін, көрінерлік жұлдыздық шамамен және абсолют жұлдыздық шамамен сипатталатынын түсіндіру
		11.9.1.2 - Жұлдыздар эволюциясын түсіндіру үшін Герцшпрунг-Рассель диаграммасын қолдану; 11.9.1.3 - қара құрдымдар, нейтронды жұлдыздар және аса жаңа жұлдыздардың қасиеттерін сипаттау

9.1 Космология		11.9.1.4 - ара қашықтықты анықтау үшін қолданылатын " жаңа тәсілдерді" әдісін пайдалануды сипаттау
		11.9.1.5 - Әлемнің ұлғаюы мен күңгірт энергия туралы пікірталасты талқылау; 11.9.1.6 - берілген астрономиялық бақылауларға сүйене отырып әлемнің ұлғаюы туралы болжамды талқылау
		11.9.1.7 - Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын бағалай алу
		11.9.1.8 - микротолқынды фондық сәулелену туралы ақпаратты қолданып, Үлкен Жарылыс теориясын түсіндіру

16. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

17. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Физика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі қосымшада берілген ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 -11 сыныптарына арналған "Физика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімшесі	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Кинематика	Дене қозғалысы кинематикасының теңдеулері мен графиктері	10.1.1.1- кинематика теңдеулерін қолдану және орын ауыстыру, жылдамдық, үдеудің графиктерін талдай білу
	Салыстырмалы қозғалыс	10.1.1.2 - жылдамдықтар мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңына күнделікті өмірден

		мысалдар келтіру
	Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы	10.1.1.3 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау;
Динамика	Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары	10.1.2.1- бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру
	Бүкіл әлемдік тартылыс заңы	10.1.2.2 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын түсіну және ғарыш аппаратының қозғалысын сипаттау
	Гравитациялық өрістегі снарядтың қозғалысы	10.1.2.3 - көкжиекке бұрыш жасай және вертикаль лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі физикалық шамалардың өзгерісін сипаттау
	Массалар центрі. Тепе-теңдік түрлері	10.1.3.1 - абсолют қатты дененің массалар центрін анықтау және әртүрлі тепе-теңдікті түсіндіру

Статика және гидростатика	Қатынас ыдыстар. Гидравликалық пресс. Паскаль заңын қолдану Торичелли тәжірибесі	10.1.3.2- Паскаль заңын сипаттау және оның қолданылуы 10.1.3.3- гидростатикалық қысым терминін түсіндіру
Сақталу заңдары	Механикадағы импульс пен энергияның сақталу заңдары	10.1.4.1- сақталу заңдарын сандық және эксперименттік есептерді шығаруда қолдану
Гидродинамика	Сұйықтық кинематикасы	10.1.5.1 - сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттау
	№ 1 Зертханалық жұмыс: "Тұтқырлығы әртүрлі сұйықта қозғалатын кішкентай шардың қозғалысын зерттеу"	10.1.5.2. - тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтау және физикалық шамалардың өлшеу дәлдігін ескеру; 10.1.5.3 - эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну
2-тоқсан		
Молекулалық физика	Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері қағидалары.	10.2.1.1- температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау; 10.2.1.2 - қатты дененің, сұйықтың, газдың модельдерін

		Термодинамикалық параметрлер Кристалл және кристалл емес заттар	Молекулалық кинетикалық теорияның негізінде сипаттау; 10.2.1.3 - кристалл және кристалл емес қатты заттардың құрылысын ажырату
Газ заңдары		Идеал газ күйінің теңдеуі Изопроцестер.Адиабаталық процесс	10.2.2.1 - идеал газ күйінің негізгі теңдеуін қолдану және газ процестерінің графиктерін ажырату
Термодинамика негіздері		Термодинамика заңдарын қолдану Жылу қозғалтқыштары.	10.2.3.1 – термодинамиканың бірінші және екінші заңының мағынасын түсіндіру; 10.2.3.2 – жылу қозғалтқышының жұмыс істеу принципі мен қолданылуын сипаттау
Сұйық және қатты денелер		Ауаның ылғалдылығы, шық нүктесі Сұйықтың беттік керілуі. Жұғу, қылтүтіктік құбылыстар Қатты денелердің механикалық қасиеттері	10.2.4.1 - ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау; 10.2.4.2 - сұйықтың беттік керілу құбылысының табиғатын түсіну және қылтүтіктік құбылыстардың өмірдегі маңызы. 10.2.4.2- серпімді деформация кезіндегі Юнг модулін анықтау
3-тоқсан			
Электростатика	Электр өрісі		10.3.1.1 – электр өрісінің қасиетін талқылау және оның күштік сипаттамасын анықтау; 10.3.1.2 - зарядтың қозғалысына электростатикалық өрістің әсерін сипаттау;
			10.3.1.3 - гравитациялық және электростатикалық өрістердің қасиеттерін салыстыру
	Электрсыйымдылық.		10.3.1.4 – конденсаторларды тізбектей

	Конденсаторлар. Сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр мөлшері	және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда қолдану
Тұрақты ток	Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі. Кернеу және потенциалдар айырмасы № 2 Зертханалық жұмыс "Өткізгіштерді аралас жалғауды оқып үйрену"	10.3.2.1 –- сыртқы тізбектегі электр қозғаушы күші пен кернеу түсуінің айырмашылығын түсіну 10.3.2.2 - өткізгіштерді аралас жалғауды зерттеу
	Толық тізбек үшін Ом заңы	10.3.2.3- толық тізбек үшін Ом заңын қолдану және қысқа тұйықталудың салдарын түсіну
	Электр тогының жұмысы мен қуаты № 3 Зертханалық жұмыс "Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау".	10.3.2.4 – эксперимент арқылы ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау
Әртүрлі ортадағы электр тогы	Металдардағы, жартылай өткізгіштердегі, электролиттердегі, газдар мен вакуумдағы электр тогы. № 4 Зертханалық жұмыс: "Электролиттердегі электр тогының пайда болу шарттарын зерттеу"	10.3.3.1 – әртүрлі ортадағы электр тогының пайда болуын салыстыру; 10.3.3.2 - Электролиттердегі электр тогының пайда болу шарттарын эксперимент арқылы анықтау
	Жартылай өткізгішті құралдар	10.3.3.3 – жартылай өткізгішті құралдардың қолданылуына мысалдар келтіру

	Асқын өткізгіштік	10.3.3.4 - асқын өткізгіштік құбылысы мен практикалық қолданылуын сипаттау
4-тоқсан		
Магнит өрісі	Магнит өрісі. Магнит индукциясының векторы. Бұрғы ережесі.	10.3.4.1 – өткізгіштің магнит өрісін сипаттайтын шамаларды түсіну
	Ампер күші, Лоренц күші.	10.3.4.2 – сол қол ережесін қолдануды және зарядталған бөлшектердің қозғалысы мен тогы бар өткізгішке магнит өрісінің әсерін сипаттау
	Заттың магниттік қасиеттері.	10.3.4.3 – магниттік материалдардың (неодим магниттер, датчиктер, сейсмометрлер, металл детекторлар) заманауи қолдану аймағын және олардың қолдану үрдісін талқылау
	Жасанды магниттер.Соленоид	10.3.4.4 - жасанды магниттерді эксперимент жүзінде жинау және қолданылу аясын түсіндіру; 10.3.4.5- соленоидтың магнит өрісіне әсер ететін факторларды сипаттау

Электромагниттік индукция	Электромагниттік индукция заңы. Электромагниттік құралдар	10.3.5.1- магнит ағыны өзгеруі салдарынан электр қозғаушы күштің пайда болуын түсіндіру; 10.3.5.2- Ленц ережесін түсіндіру; 10.3.5.3 - электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін түсіну
	Магниттік-резонанстық томография	10.3.5.4 - магниттік-резонанстық томографияның практикалық маңызын түсіну

2) 11-сынып

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімшесі	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Механикалық тербелістер	Гармоникалық тербелістер	11.4.1.1 - эксперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен гармоникалық тербелісті (x(t), v(t), a(t)) зерттеу
Электромагниттік тербелістер	Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер	11.4.2.1 - еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттау; 11.4.2.2 - механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіру
	Айнымалы ток генераторы	11.4.3.1 - генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттеу
	Еріксіз электромагниттік тербелістер. Айнымалы ток	11.4.3.2 - физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен электр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттау

Айнымалы ток	Айнымалы ток тізбегіндегі резонанс	11.4.3.3 - резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылуына мысал келтіру; 11.4.3.4 - резонанстық жиілікті есептеу
	Электр энергиясын өндіру, тасымалдау және қолдану, трансформатор	11.4.3.5 - электр энергиясын тасымалдау үшін жоғары кернеудегі айнымалы токтың экономикалық артықшылықтарын түсіндіру
	№ 1 Зертханалық жұмыс: "Трансформатор орамасындағы орам санын анықтау"	11.4.3.6 - трансформатор орамасындағы орам санын эксперимент арқылы анықтау
	Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану	11.4.3.7 - Қазақстандағы электр энергиясы көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау
2 - тоқсан		
Электромагниттік толқындар	Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы	11.5.1.1 - электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіру және олардың қасиеттерін сипаттау
	Радиобайланыс	11.5.1.2 - жоғары жиілікті электромагниттік тербелістердің модуляциясы мен детектрленуін сипатт ау; 11.5.1.3 - радиоқабылдағыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру
	Аналогты-сандық түрлендірулер. Байланыс арналары	11.5.1.4 - аналогтықпен салыстырғанда сандық форматтағы сигналды берудің артықшылықтарын түсіндіру
	Байланыс құралдары	11.5.1.5 - байланыс құралдарын жүйелеу және оларды жетілдірудің жолдарын ұсыну
Толқындық оптика	Жарықтың интерференциясы Жарықтың дифракциясы	11.6.1.1 – жарық жылдамдығын анықтаудың зертханалық және астрономиялық әдістерін түсіндіру
	Дифракциялық торлар № 2 Зертханалық жұмыс: "Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау"	11.6.1.2 – дифракциялық торды толқын ұзындығын анықтау үшін қолдану
	Жарықтың поляризациясы. № 3 Зертханалық жұмыс: "Жарықтың поляризациясын бақылау"	11.6.1.3- жарықтың интерференциясы, дифракция және поляризация құбылыстарын талдау арқылы жарықтың электромагниттік табиғатын тәжірибелік түрде дәлелдеу

Геометриялық оптика	Геометриялық оптика заңдары № 4 Зертханалық жұмыс: шынының сыну көрсеткішін анықтау;	11.6.2.1 - шынының сыну көрсеткішін эксперименттік жолмен анықтау; 11.6.2.2 - жарық сигналдарын тасымалдауда оптоталшықты технологияның артықшылығын түсіндіру
	Оптикалық құралдар	11.6.2.3 - телескоп, микроскоп және лупадағы сәуленің жолын салу және түсіндіру
3-тоқсан		
Кванттық физика	Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы	11.7.1.1 - электромагнитік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатынын дәлелдейтін мысалдар келтіру (элементар бөлшектердің толқындық табиғаты)
	Спектрлік талдау	11.7.1.2 - спектрлік талдау әдісін және оның қолданылуын сипаттау
	Электромагниттік сәулелену шкаласы	11.7.1.3 - электромагниттік сәулеленуді, олардың пайда болу табиғаты мен затпен әрекеттесуіне қарай ажырату
	Фотоэффектіні қолдану	11.7.1.4 - фотоэффектінің табиғатын түсіндіру және оны қолдануға мысалдар келтіру
	Жарықтың химиялық әсері	11.7.1.5 - фотосинтез және фотография үдерісін мысалға келтіре отырып, жарықтың химиялық әсерін сипаттау
	Рентгендік сәулелену	11.7.1.6 - компьютерлік және магниттік-резонанстық томографияны салыстыру
	Лазерлер.	11.7.1.7 - лазер құрылғысының әсері мен қолданылуын түсіндіру; 11.7.1.8 - голографияның даму кезеңдерін талқылау
	Табиғи радиоактивтілік. Радиоактивті ыдырау заңы	11.7.2.1- - радиоактивті ыдырау заңы негізінде ядролық қалдықтармен аймақтың зақымдануының ұзаққа созылу себептерін түсіндіру
	№5 Зертханалық жұмыс: " Жартылай ыдырау периодын анықтау"	11.7.2.2 - графикалық тәсіл арқылы жартылай ыдырау периодын анықтау
	Ядролық реакциялар. Ауыр ядролардық бөлінуі. Тізбекті ядролық реакция	11. 7.2. 3 - ядролық реакцияны жазу кезінде массалық және зарядтық санның сақталу заңын қолдану

Атом ядросының физикасы	Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері. Радиациядан қорғану	11.7.2.4 – радиоактивтті сәулелердің иондалу табиғатын және өтімділік қабілеттерін түсіндіру; 11.7.2.5 - радиоактивті материалдарды өңдеуді, қолдануды, сақтауды және олармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сипаттау
	Ядролық реактор. Ядролық энергетика	11.7.2.6 - ядролық реакторлардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін сипаттау; 11.7.2.7 - ядролық энергетиканың даму кезеңдерін талқылау
Нанотехнология және наноматериалдар	Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, наноматериалдарды дамытудың проблемалары және келешегі	11.8.1.1 - наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын, қолдануын түсіндіру
4-тоқсан		
Космология	Жұлдыздар әлемі. Жұлдыздық шамалар.	11.9.1.1 - жұлдыздардың жыракТылығы бойынша жіктелетінін, көрінерлік жұлдыздық шамамен және абсолют жұлдыздық шамамен сипатталатынын түсіндіру
	Жұлдыздардың классификациясы	11.9.1.2 - жұлдыздар эволюциясын түсіндіру үшін Герцшпрунг-Рассель диаграммасын қолдану; 11.9.1.3 - қара құрдымдар, нейтронды жұлдыздар және аса жаңа жұлдыздардың қасиеттерін сипаттау
	Қашықтықты анықтау	11.9.1.4 - ара қашықтықты анықтау үшін қолданылатын " жаңа тәсілдер" әдісін пайдалануды сипаттау
	Күңгірт энергия. Әлемнің үдеуі мен ұлғаюы	11.9.1.5 - Әлемнің ұлғаюы мен күңгірт энергия туралы пікірталасты талқылау; 11.9.1.6 - берілген астрономиялық бақылауларға сүйене отырып әлемнің ұлғаюы туралы болжамды талқылау
	Үлкен жарылыс теориясы. Қызыл ығысу	11.9.1.7 - Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын бағалай алу;
		11.9.1.8 - микротолқынды фондық сәулелену туралы ақпаратты қолданып, Үлкен Жарылыс теориясын түсіндіру

3-тарау. "Физика оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру (төмендетілген оқу жүктемесімен) 1-параграф. "Физика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру (төмендетілген оқу жүктемесімен)

18. "Физика" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (төмендетілген оқу жүктемесімен):

1) 10-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Оқу пәнінің мазмұны 10 бөлімді қамтиды:

механика;

жылу физикасы;

электр және магнетизм;

электромагниттік тербелістер;

электромагниттік толқындар;

оптика;

салыстырмалы теорияның элементтері;

кванттық физика;

нанотехнология және наноматериалдар;

космология.

20. "Механика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

кинематика;

динамика;

статика;

сақталу заңдары;

сұйықтар мен газдардың механикасы.

21. "Жылу физикасы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

молекулалы-кинетикалық теория негіздері;

газ заңдары;

термодинамика негіздері;

сұйық және қатты денелер.

22. "Электр және магнетизм" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

электростатика;

ұрақты ток;

әртүрлі ортадағы электр тогы;

магнит өрісі;

электромагниттік индукция.

23. "Электромагниттік тербелістер" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

механикалық тербелістер;

электромагниттік тербелістер;

айнымалы ток.

24. "Электромагниттік толқындар" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

толқындық қозғалыс;

электромагниттік толқындар.

25. "Оптика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

толқындық оптика;

геометриялық оптика.

26. "Салыстырмалы теорияның элементтері" бөлімі "Салыстырмалы теорияның элементтері" бөлімшесінен тұрады.

27. "Кванттық физика" бөлімі келесі бөлімшесінен тұрады:

атомдық және кванттық физика;

атом ядросының физикасы.

28. "Нанотехнология және наноматериалдар" бөлімі "Нанотехнология және наноматериалдар" бөлімшесінен тұрады.

29. "Космология" бөлімі "Космология" бөлімшесінен тұрады.

30. 10-сыныпқа арналған "Физика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Кинематика". Қазіргі замандағы физиканың рөлі. Физикалық өлшеулер; физикалық шамалардың қателіктері; өлшеулер нәтижесін өңдеу;

Теңүдемелі қозғалыс кинематикасының негізгі теңдеулері мен ұғымдары; инвариантты және салыстырмалы физикалық шамалар; Галилейдің салыстырмалылық принципі; қисық сызықты қозғалыс кинематикасы; көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы.

№1 Зертханалық жұмыс: көлбеу жазықтық бойымен қозғалатын дененің үдеуін анықтау;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

2) "Динамика". Күштер; күштерді қосу; Ньютон заңдары; бүкіл әлемдік тартылыс заңы; абсолют қатты дененің инерция моменті; импульс моменті; импульс моментінің сақталу заңы және оның кеңістік қасиеттерімен байланысы; айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

3) "Статика". Массалар центрі; тепе-теңдік түрлері.

№ 2 Зертханалық жұмыс: бір-біріне бұрыш жасай бағытталған күштерді қосу;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

4) "Сақталу заңдары". Механикадағы импульс пен энергияның сақталу заңдары және олардың кеңістік пен уақыттың қасиеттерімен байланысы;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

5) "Сұйықтар мен газдардың механикасы". Гидродинамика. Сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстары; Үзіліссіздік теңдеуі. Бернулли теңдеуі. Көтергіш күш; Тұтқыр сұйықтың қозғалысы. Стокс формуласы. Денелерді қапталдай ағуы;

№3 Зертханалық жұмыс: тұтқыр сұйықта қозғалатын кішкентай шардың жылдамдығының оның радиусынан тәуелділігін зерттеу;

6) "Газдардың молекулалық- кинетикалық теория негіздері". Газдардың молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары және оның тәжірибелік дәлелдемелері; термодинамикалық жүйелер және термодинамикалық параметрлер; тепе-теңдік және тепе-теңдік емес күйдегі термодинамикалық жүйе; температура - зат бөлшектерінің жылулық қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының өлшемі; идеал газ; газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуі;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

7) "Газ заңдары". Идеал газ күйінің теңдеуі; изопроцестер; изопроцесстер графиктері; Дальтон заңы;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару; молекулалық физиканың заңын компьютерлік модельдеу.

8) "Термодинамика негіздері". Идеал газдың ішкі энергиясы; термодинамикалық жұмыс; жылу мөлшері; жылусыйымдылық; термодинамиканың бірінші заңы; термодинамиканың бірінші заңын изопроцестерге қолдану; адиабаталық процесс, Пуассон теңдеуі; қайтымды және қайтымсыз процестер; энтропия; термодинамиканың екінші заңы; айналмалы үдерістер және оның пайдалы әсер коэффициенті; Карно циклі ;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

9) "Сұйық және қатты денелер". Қаныққан және қанықпаған бу; ауаның ылғалдылығы; фазалық диаграммалар; үштік нүкте; заттың кризистік күйі; сұйықтың беткі қабатының қасиеттері; жұғу, қылтүтіктік құбылыстар; кристалл және аморф денелер; қатты денелердің механикалық қасиеттері;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

10) "Электростатика". Электр заряды; зарядтың беттік және көлемдік тығыздығы; зарядтың сақталу заңы; Кулон заңы; электр өрісі; біртекті және біртекті емес электр өрісі; электр өрісінің кернеулігі; электр өрісінің суперпозиция принципі; электр өрісінің кернеулік векторының ағыны; Гаусс теоремасы; зарядтың орын ауыстыруы кезіндегі электр өрісінің жұмысы; потенциал; электр өрісінің потенциалдар айырымы; эквипотенциал беттер; біртекті электр өрісі үшін кернеулік пен потенциалдар айырымы

арасындағы байланыс; электр өрісіндегі өткізгіштер мен диэлектриктер; электрсыйымдылығы; конденсаторлар; конденсаторларды жалғау; электр өрісінің энергиясы;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

11) "Тұрақты ток". Электр тогы; тізбек бөлігіне арналған Ом заңы; өткізгіштерді аралас жалғау; ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі; толық тізбек үшін Ом заңы; Кирхгоф заңдары; электр тогының жұмысы мен қуаты; Джоуль –Ленц заңы; ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті;

№4 Зертханалық жұмыс: өткізгіштерді аралас жалғауды оқып үйрену;

№5 Зертханалық жұмыс: ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

12) "Әртүрлі ортадағы электр тогы". Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік; жартылай өткізгіштердегі электр тогы; жартылайөткізгішті құралдар; электролит ерітінділеріндегі және балқыламалардағы электр тогы; электролиз заңы; газдардағы электр тогы; вакуумдегі электр тогы; электронды-сәулелік түтікше;

№ 6 Зертханалық жұмыс: шамның қыл сымының, резистордың және жартылай өткізгішті диодтың вольт-амперлік сипаттамасы;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

13) "Магнит өрісі". Магнит өрісі; тогы бар өткізгіштің өзара әрекеттесуі, Ампер тәжірибелері; бұрғы ережесі; Ампер күші, сол қолы ережесі; Лоренц күші; магнит өрісіндегі зарядталған бөлшектердің қозғалысы; заттың магниттік қасиеттері; кюри температуры;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

14) "Электромагниттік индукция". Ампер күшінің жұмысы; магнит ағыны; электромагниттік индукция құбылысы; электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; өздік индукция; индуктивтілік; магнит өрісінің энергиясы; электр қозғалтқыш және тұрақты токтың электр генераторы.

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

31. 11- сыныпқа арналған "Физика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Механикалық тербелістер". Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері.

2) Электромагниттік тербелістер". Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер; механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастық.

Практикалық жұмыстар: мазмұндық есептерді шығару; электромагниттік тербелістерді компьютерлік модельдеу; тербелмелі контурдың әртүрлі параметрлері үшін электрлік тербелістер кезіндегі кернеудің және ток күшінің, электр және магнит энергиясының уақытқа тәуелділігін компьютерлік модельдеу.

3) "Айнымалы ток". Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; айнымалы ток; айнымалы ток тізбегінде активті және реактивті кедергі; активті және реактивті кедергілерден тұратын айнымалы токтың тізбектелген электр тізбегі үшін Ом заңы; айнымалы ток тізбегіндегі қуат; электр тізбегіндегі кернеу резонансы; Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

4) "Толқындық қозғалыс". Серпімді механикалық толқындар; бойлық және тұрғын толқындардың теңдеуі; механикалық толқындардың таралуы; механикалық толқындардың интерференциясы; Гюйгенс принципі; механикалық толқындардың дифракциясы;

№ 1 Зертханалық жұмыс: Ауадағы дыбыстың жылдамдығын анықтау.

"Электромагниттік толқындар".

5) Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылу; радиобайланыс; детекторлы радиоқабылдағыш; аналогты-сандық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары;

Практикалық жұмыстар: эксперименттік есептерді шығару; электромагниттік толқындарды компьютерлік модельдеу және олардың қасиеттерін зерделеу.

6) "Толқындық оптика". Жарықтың электромагниттік табиғаты; жарықтың жылдамдығы; жарықтың дисперсиясы; жарықтың интерференциясы; жарықтың дифракциясы; дифракциялық торлар; жарықтың поляризациясы;

№ 2 Зертханалық жұмыс: жарықтың интерференциясын, дифракциясын және поляризациясын бақылау;

7) "Геометриялық оптика". Гюйгенс принципі; жарықтың шағылу заңы; жазық және сфералық айналар; жарықтың сыну заңы; толық ішкі шағылу; линзалар жүйесінде кескін салу; жұқа линза формуласы; оптикалық құралдар;

№ 3 Зертханалық жұмыс: шынының сыну көрсеткішін анықтау;

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; ойыс айнаға түскен және шағылған стандартты сәулелердің жүрісі; жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жүрісі; көз бен фотоаппараттың оптикалық жүйелерін салыстыру.

8) "Салыстырмалы теорияның элементтері".

Салыстырмалы теорияның постулаттары; Лоренц түрлендірулері; энергия; релятивистік динамикадағы импульс және масса; материалдық дене үшін энергия мен массаның байланыс заңы;

9) "Атомдық және кванттық физика".

Сәулеленудің түрлері; спектрлер; спектрлік құралдар; спектрлік анализ; инфракызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; жылулық сәулелену; Стефан –Больцман және Винн заңдары; ультракүлгін апаты; Планк формуласы;

фотондар; фотоэффект; электромагниттік сәулелену шкаласы фотоэффектіні қолдану; жарық қысымы; жарықтың химиялық әсері; рентгендік сәулелену; жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы; альфа бөлшектің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесі; Бор постулаттары; Франк және Герц тәжірибелері; сызықты емес оптика туралы түсінік; лазерлер; бөлшектің толқындық қасиеттері; Бор теориясының қиыншылығы; де Бройль толқындары;

№ 4 Зертханалық жұмыс: сәулеленудің тұтас және сызықтық спектрлерін бақылау;

10) "Атом ядросның физикасы". Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы ; атомдық ядро; ядроның нуклондық моделі; изотоптар; ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы; ядролық реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролардық бөлінуі; тізбекті ядролық реакция; сындық масса; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар;

№ 5 Зертханалық жұмыс: дайын сурет бойынша зарядталған бөлшектердің тректерін оқып үйрену;

11) "Нанотехнология және наноматериалдар".

Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелер және даму кезеңдері; наноматериалдар.

12) "Космология".

Жұлдыздар әлемі; жұлдызға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; Күн-Жер байланыстары; жұлдыздардың планеталық жүйелері; Жер топтарындағы планеталар және гигант-планеталар; Күн жүйесіндегі кіші денелер; біздің Галактика; басқа Галактикалардың ашылуы; квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау; Әлемнің ұлғаюы; Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері; әлемнің моделдері; өмір және Әлем туралы ойлар; адамзаттың космостық болашағы және космосты игеру.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі (төмендетілген оқу жүктемесімен)

Бөлімшелер	10-сынып	11-сынып
	10.1.1.1 - қазіргі заманғы физиканың рөлі туралы пікірін айту және өз пікірін дәлелдеу	
	10.1.1.2 - жүйелік және кездейсоқ қателіктерді ажырата білу	
	10.1.1.3 - тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтау	
	10.1.1.4 - физикалық шамалардың өлшеу дәлдігін ескере отырып, эксперименттік зерттеудің соңғы нәтижесін жазу	

1.1 Кинематика	10.1.1.5 - жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі графигін пайдалана отырып, теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру формуласын қорытып шығару	
	10.1.1.6 - сандық және графиктік есептерді шығаруда кинематика теңдеулерін қолдану	
	10.1.1.7- инварианты және салыстырмалы физикалық шамаларды ажырату	
	10.1.1.8 - жылдамдықтарды қосу мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңын есеп шығаруда қолдану	
	10.1.1.9 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау	
	10.1.1.10 - көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі кинематикалық шамаларын анықтау	
1.2 Динамика	10.1.2.1 - бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру	
	10.1.2.2 - инертті масса мен гравитациялық массаның физикалық мағынасын түсіндіру	
	10.1.2.3 - материалдық нүктенің гравитациялық өріс кернеулігі мен потенциалының қашықтыққа тәуелділік графигін түсіндіру	
	10.1.2.4 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын есептер шығаруда қолдану	
	10.1.2.5 - материалдық дененің инерция моментін есептеу үшін Штейнер теоремасын қолдану	
	10.1.2.6 - есептерді шешу кезінде айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін оның әртүрлі формаларында қолдану	
	10.1.2.7 - айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық	

	шамалардың арасындағы сәйкестікті жүргізу	
1.3 Статика	10.1.3.1 - абсолют қатты дененің және денелер жүйесінің массалар центрін анықтау	
	10.1.3.2 - әртүрлі тепе-теңдікті түсіндіру кезінде себеп-салдар байланысын орнату	
	10.1.3.3 - күштерді қосудың заңдылығын эксперименттік тексеру және күш шамасын тәжірибелік жолмен анықтау	
1.4. Сақталу заңдары	10.1.4.1 - сақталу заңдарын сандық және эксперименттік есептерді шығаруда қолдану	
1.5. Сұйықтар мен газдардың механикасы	10.1.5.1 - сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттау	
	10.1.5.2 - үзіліссіздік теңдеуі мен Бернулли теңдеуін эксперименттік , сандық және сапалық есептерді шығаруда қолдану	
	10.1.5.3 - Торричелли теңдеуін эксперименттік, сандық және сапалық есептерді шығаруда қолдану	
	10.1.5.4 - эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну	
2.1 Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері	10.2.1.1 - температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау	
	10.2.1.2 - идеал газ моделін сипаттау	
	10.2.1.3- молекулалық кинетикалық теорияның негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолдану	
	10.2.2.1 - идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолдану	
	10.2.2.2 - тұрақты температура кезінде қысымның газ көлеміне тәуелділігін зерттеу (Бойль-Мариотт заңы)	

2.2 Газ заңдары	10.2.2.3 - тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температураға тәуелділігін зерттеу (Гей-Люссак заңы)	
	10.2.2.4 - тұрақты көлем кезінде қысымның газ температурасына тәуелділігін зерттеу (Шарль заңы)	
	10.2.2.5 - газ заңдарын сандық және графиктік есептер шығаруда қолдану	
2.3 Термодинамика негіздері	10.2.3.1 - бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолдану	
	10.2.3.2 - термодинамиканың бірінші заңын изопроцестерге және адиабаталық процеске қолдану	
	10.2.3.3 - идеал жылу қозғалтқышы үшін Карно циклін сипаттау	
	10.2.3.4 - жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті формуласын есептерді шығаруда қолдану	
2.4 Сұйық және қатты денелер	10.2.4.1 - гигрометрдің және психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау	
	10.2.4.2 - сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі тәсілдермен анықтау	
	10.2.4.3 - әртүрлі қатты денелер мысалында кристалдық және аморфты денелердің құрылымын ажырату	
	10.2.4.4 - серпімді деформация кезіндегі Юнг модулін анықтау	
	10.3.1.1 - электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолдану	
	10.3.1.2 - суперпозиция принципін электр өрісінің қорытқы кернеулігін анықтау үшін пайдалану	
	10.3.1.3 - зарядталған жазықтықтың, шардың, сфераның электр өрісінің кернеулігін анықтау	

3.1 Электростатика	10.3.1.4 - нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептеу	
	10.3.1.5 - электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолдану	
	10.3.1.6 - гравитациялық және электростатикалық өрістерде күшті және энергетикалық сипаттамаларды салыстыру	
	10.3.1.7 - диэлектриктердегі поляризация құбылысы мен өткізгіштердегі электростатикалық индукция құбылысына салыстырмалы талдау жасау	
	10.3.1.8 - конденсатор сыйымдылығының оның параметрлеріне тәуелділігін зерттеу	
	10.3.1.9 - конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда	
	10.3.1.10 - электр өрісінің энергиясын есептеу;	
3.2 Тұрақты ток	10.3.2.1 - аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану	
	10.3.2.2 - өткізгіштерді аралас жалғауды зерттеу	
	10.3.2.3 - элерктр қозғаушы күші мен кернеу көзінің әртүрлі жұмыс режиминдегі (жұмыстық, бос жүріс, қысқа тұйықталу) байланысын зерттеу	
	10.3.2.4 - толық тізбек үшін Ом заңын қолдану	
	10.3.2.5 - эксперимент арқылы ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау	
	10.3.2.6 - электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолдану	
	10.3.3.1 - металдардағы электр тогын сипаттау және кедергінің температураға тәуелділігін талдау	

3.3 Әртүрлі ортадағы электр тогы	10.3.3.2 - жоғары температурада асқын өткізгішті материалдарды алудың келешегін талқылау	
	10.3.3.3-жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіру	
	10.3.3.4-шамның қылсымының, резистордың және жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамасын зерттеу	
	10.3.3.5 - электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолдану	
	10.3.3.6 - газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттау	
3.4 Магнит өрісі	10.3.4.1 - магнит индукция векторының физикалық мағынасын заманауи техниканың жетістіктері мен есептер шығару арқылы түсіндіру	
	10.3.4.2 - электр өлшеуіш құралдардың, электр қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру	
	10.3.4.3 - токомак, циклотрон, андронды коллайдер, магниттік тордың жұмыс істеу принципін талдау және поляр шұғыласының табиғатын түсіндіру	
	10.3.4.4 - зарядталған бөлшектердің қозғалысына магнит өрісінің әсерін зерттеу	
	10.3.4.5 - заттың магниттік қасиеттері бойынша топтастыру және олардың қолдану аймағын анықтау	
	10.3.4.6 - магниттік материалдарды (неодим магниттер, датчиктер, сейсмометрлер, металл іздегіш) заманауи қолдану аймағын және олардың қолдану үрдісін талқылау	
	10.3.5.1 - электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін зерттеу	

3.5 Электромагниттік индукция	10.3.5.2 - электромагниттік индукция заңын есептер шығаруда қолдану	
	10.3.5.3 - механикалық және магнит өрісінің энергиялары арасындағы сәйкестікті жүргізу	
	10.3.5.4 - қолданыстағы электрқозғалтқыштың моделін зерттеу және Фарадей заңы мен Ленц ережесін қолданып алынған нәтижелерді пайдалана отырып дәлелді түрде түсіндіру	
4.1 Механикалық тербелістер		11.4.1.1 - эксперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен гармоникалық тербелісті (x(t), v(t), a(t)) зерттеу
4.2 Электромагниттік тербелістер		11.4.2.1 - еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттау
		11.4.2.2 - механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіру
		11.4.2.3 - компьютерлік моделдеу арқылы заряд пен ток күшінің уақытқа тәуелді графиктерін зерттеу
4.3 Айнымалы ток		11.4.3.1 - генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттеу
		11.4.3.2 - физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен элерктр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттау
		11.4.3.3 - синусоидалы айнымалы ток немесе кернеуді гармоникалық функция түрінде көрсете алу
		114.3.4 - айнымалы ток тізбегінде тек активті жүктеме кезінде(резистор) фаза ығысуын сипаттау
		11.4.3.5 - айнымалы ток тізбегінде реактивті жүктемелер кезінде (катушка, конденсатор) фаза ығысуын сипаттау
		11.4.3.6 - R, L, C -дан тұратын айнымалы токтың тізбектелген электр тізбегін есептеу

		11.4.3.7 - айнымалы токтың активті және реактивті қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру
		11.4.3.8 - векторлық диаграмма салу арқылы қуат коэффициентін анықтау
		11.4.3.9 - резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылуына мысал келтіру;
		11.4.3.10 - резонанстық жиілікті есептеу
		11.4.3.11 - трансформатордың жұмыс істеу принципін талдау
		11.4.3.12 - электр энергиясын тасымалдау үшін жоғары кернеудегі айнымалы токтың экономикалық артықшылықтарын түсіндіру
		11.4.3.14 - Қазақстандағы электр энергиясы көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау
5.1 Толқындық қозғалыс		11.5.1.1 - ауадағы тұрғын дыбыс толқындарының пайда болуын зерттеу
		11.5.1.2 - графикалық әдісті қолданып түйіндер мен шоғырларды анықтау және тұрғын толқындардың пайда болуын түсіндіру
		11.5.1.3 - судың бетінде екі көзде пайда болған интерференцияны зерттеу
5.2 Электромагниттік толқындар		11.5.2.1 - электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіру және олардың қасиеттерін сипаттау
		11.5.2.2 - жоғары жиілікті электромагниттік тербелістердің модуляциясы мен детекторлауды сипаттау
		11.5.2.3 - амплитудалық және жиіліктік модуляцияны ажырату
		11.5.2.4 - детекторлы радиоқабылдағыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру
		11.5.2.5 - аналогтықпен салыстырғанда сандық

		форматтағы сигналды берудің артықшылықтарын түсіндіру
		11.5.2.6 - байланыс құралдарын жүйелеу және оларды жетілдірудің жолдарын ұсыну
6.1 Толқындық оптика		11.6.1.1 жарық жылдамдығын анықтаудың зертханалық және астрономиялық әдістерін түсіндіру
		11.6.1.2 - призма арқылы өткен кездегі ақ жарықтың жіктелуін түсіндіру
3. Табиғатты пайдалану және геоэколо-гия	3.2 Геоэкологиялық зерттеулер негіздері	10.3.2.1 - геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттеу; 10.3.2.2 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыру және графикалық түрде ұсыну; 10.3.2.3 - ғаламдық экологиялық проблемалардың пайда болуында географиялық заңдылықтардың орнын анықтау; 10.3.2.4 - экологиялық проблемаларды шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің рөлін анықтау; 10.3.2.5 - Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыдан аудандастыру негізінде экологиялық проблемаларды шешу жолдарын ұсыну	11.3.2.1 - қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктеу; 11.3.2.2 - қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктеу; 11.3.2.3 - дүниежүзі елдерін қоршаған ортаның сапасы бойынша жіктеу; 11.3.2.4 - қоршаған орта сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар (жергілікті/ аймақтық компоненттің негізінде) әзірлеу
4. Геоэко-номика	4.1 Геоэконо-мика негіздері	10.4.1.1 - геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттерін, негізгі категорияларын түсіндіру; 10.4.1.2 - елдер мен аймақтар-дың экономикалық дамуында-ғы географиялық кеңістіктің рөлін анықтау(қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде); 10.4.1.3 - шаруашылық салаларын орналастыруда факторлар мен алғышарттардың жиынтығын талдау; 10.4.1.4 - дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша жіктеу; 10.4.1.5 - дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру (қазақстандық	11.4.1.1 - Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстырып талдау; 11.4.1.2 - Қазақстан аймақтарының экономикалық даму

		компонентті қосымша қамту негізінде); 10.4.1.6 - дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу; 10.4.1.7 - Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтың құрылымын, шаруашылық салаларының арақатынасын, шаруашылығының аумақтық құрылымын, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау	әлеуетін анықтау(өз аймағы негізінде);
5. Геосаясат	5.1 Геосаясат негіздері	10.5.1.1 - геосаясаттың мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәнін, негізгі категорияларын түсіндіру; 10.5.1.2 - негізгі геосаяси объектілер мен субъектілерді анықтау; 10.5.1.3 - түрлі көрсеткіштер немесе олардың жиынтығы бойынша ерекшеленген геосаяси аймақтарды анықтау; 10.5.1.4 - геосаясаттағы физикалық-географиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, саяси, әскери, технологиялық факторларға баға беру; 10.5.1.5 - мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдау;	11.5.1.1 - қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіру; 11.5.1.2 - Қазақстанның геосаяси жағдайына кешенді баға беру; 11.5.1.3 - Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтау; 11.5.1.4 - Қазақстанның дүниежүзі елдері мен дүниежүзілік және аймақтық ұйымдармен байланыстарын күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу
	6.1 Дүниежүзі аймақтары	10.6.1.1 - дүниежүзінің түрлі белгілер бойынша физикалық географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық, геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіру; 10.6.1.2 - дүниежүзінің тарихи-географиялық аймақтарын, олардың	11.6.1.1 - Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтау; 11.6.1.2 - ғаламдану жағдайында

		құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын шығармашылық түрде ұсыну	Қазақстанның геогра-фиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруін зерттеу арқылы болжау
6. Елтану	6.2 Дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері	10.6.2.1 - дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын белгілерді анықтау; 10.6.2.2 - көрсеткіштердің бірі бойынша графикалық түрде дүниежүзі елдерінің рейтингін көрсету (таңдау бойынша); 10.6.2.3 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингтерін сипаттау (есепке/бағалауға алынатын көрсеткіштер, бағалау субъектісі, нәтижелерінің қолдану аясы); 10.6.2.4 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің рейтингтерін графикалық түрде көрсету; 10.6.2.5 - елдің рейтингте орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша рейтингтің басында, ортасында және соңында орналасқан үш елдің мысалында)	11.6.2.1 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін индекстер мен рейтингтердегі Қазақстан орнының динамикасын зерттеу (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында); 11.6.2.2 - Қазақстанның жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін рейтингтерде орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында); 11.6.2.3 - қолданбалы елтанушылық ақпараттың маңыздылығын, субъектілері мен тұтынушыларын анықтау; 11.6.2.4 - түрлі мақсатты аудиториялар үшін дүниежүзі елдерінің кешенді елтану сипаттамаларын дайындау және шығармашылық нысанда әзірлеу, графикалық нысанда көрсеткіштердің жиынтығы бойынша айқындалған әлем елдерінің рейтингтері мен индекстерін ұсыну
7. Адамзатың ғаламдық проблемлары	7.1 Ғаламдық проблемаларды шешу	10.7.1.1 - адамзаттың дамуындағы проблемаларын топтастыру; 10.7.1.2 - ғаламдық проблемалардың критерийлерін, себептері	11.7.1.1 - ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттеу; 11.7.1.2 - Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтау;

		мен салдарын, аумақтық көріністерін анықтау	11.7.1.3 - ғаламдық, оның ішінде Қазақстан аумағында байқалатын проблемалардың алдын алудың немесе шешудің өзіндік жобасын ұсыну

17. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

18. Осы оқу бағдарламасы жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған "География" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған "География" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып

Бөлімше	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1. Географиялық зерттеу әдістері		
1.1 Жалпы география-лық әдістер	Зерттеу әдістерінің түрлері	10.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру, сандық, аудандастыру әдістерін қолданады
2. Картография және геоинформатика		
2.1 Карто-графия	Заманауи картографиялық әдістер	10.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану
2.2 Геоинфор-матика негіздері	Географиялық деректер базасы	10.2.2.1 - Microsoft Excel бағдарламасын қолдану арқылы тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру
	География-лық дерек-терді визуа-лизациялау	10.2.2.2 - статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммаларды, тақырыптық картасызбалар жасау
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология		
3.1 Табиғатты пайдалану	Табиғатты пайдалану түрлері	10.3.1.1 - табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау, графикалық түрде ұсыну
	Табиғатты пайдалану қағидаттары	10.3.1.2 - тиімді табиғатты пайдаланудың қағидаттарын анықтау;
2-тоқсан		
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология		

3.2 Геоэколо-гиялық зерттеу негіздері	Геосфералардың ластануы	10.3.2.1 - геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттеу;
	Геоэкологиядағы антро-погендік факторлар	10.3.2.2 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыру және графикалық түрде ұсыну; 10.3.2.3 - ғаламдық экологиялық проблемалардың пайда болуында географиялық заңдылықтардың орнын анықтау;
	Ғаламдық экология-лық проблемалар	10.3.2.4 - экологиялық проблемаларды шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің рөлін анықтау;
	Қазақстанның экологиялық проблемалары	10.3.2.5 - Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыдан аудандастыру негізінде экологиялық проблемаларды шешу жолдарын ұсыну
3-тоқсан		
4. Геоэкономика		
4.1 Геоэконо-мика негіздері	Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі	10.4.1.1 - геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттерін түсіндіру, негізгі категорияларын түсіндіру; 10.4.1.2 - елдер мен аймақтардың экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлін анықтау (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде);
	Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары	10.4.1.3 - шаруашылық салаларын орналастыруда факторлар мен алғышарттардың жиынтығын талдау;
	Дүниежүзі-лік шаруашылықтың құрылымы	10.4.1.4 - дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша жіктеу;
	Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері	10.4.1.5 - дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде); 10.4.1.6 - дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу;
	Қазақстан Республика-сы экономи-калық даму-ындағы	10.4.1.7 - Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтың құрылымын, шаруашылық салаларының арақатынасын,

	мақ-сатты көр-сеткіштер мен индика-торлар	шаруашылығының аумақтық құрылымын, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау
5. Геосаясат		
5.1 Геосаясат негіздері	Геосаясаттың өзектілігі	10.5.1.1 - геосаясаттың мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәнін, негізгі категорияларын түсіндіру; 10.5.1.2 - негізгі геосаяси объектілер мен субъектілерді анықтау;
	Дүниежүзі-нің геосаяси кеңістігі	10.5.1.3 - түрлі көрсеткіштер немесе олардың жиынтығы бойынша ерекшеленген геосаяси аймақтарды анықтау;
	Геосаясат-тағы геогра-фиялық факторлар	10.5.1.4 - геосаясаттағы физикалық-географиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, саяси, әскери, технологиялық факторларға баға беру;
	Мемлекет-тік аумақтың морфологиясы	10.5.1.5 - мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдау;
4-тоқсан		
6. Елтану		
6.1 Дүниежүзі аймақтары	Кешенді географиялық аудандастыру	10.6.1.1 - дүниежүзінің түрлі белгілер бойынша физикалық географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық, геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіру; 10.6.1.2 - дүниежүзінің тарихи-географиялық аймақтарын, олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын шығармашылық түрде ұсыну
6.2 Дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері	Салыстыр-малы елтану	10.6.2.1 - дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын белгілерді анықтау; 10.6.2.2 - көрсеткіштердің бірі бойынша әлем елдерінің рейтингін графикалық түрде ұсыну; 10.6.2.3 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингтерін сипаттау (есепке/ бағалауға алынатын көрсеткіштер, бағалау субъектісі, нәтижелерінің қолдану аясы);

		10.6.2.4 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің рейтингтерін графикалық түрде көрсету; 10.6.2.5 - елдің рейтингте орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша рейтингтің басында, ортасында және соңында орналасқан үш елдің мысалында)
7. Адамзаттың ғаламдық проблемалары		
7.1 Ғаламдық проблемаларды шешу	Ғаламдық проблема-лардың география-лық аспектілері	10.7.1.1 - адамзаттың дамуындағы проблемаларын топтастыру; 10.7.1.2 - ғаламдық проблемалардың критерийлерін, себептері мен салдарын, аумақтық көріністерін анықтау

2) 11-сынып

Бөлімше	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1. Географиялық зерттеулер әдістері		
1.1 Жалпы географиялық әдістер	Өзекті география-лық зерттеу әдістері	11.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану; 11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану;
2. Картография және геоинформатика		
2.1 Карто-графия	Заманауи картографиялық әдістер	11.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес электронды картографиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану (сандық карталарды оқу, олардың қолданысымен географиялық объектілер мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау)
2.2 Геоинфор-матика негіздері	Геоақпараттық зерттеу әдістері	11.2.2.1 - геоақпараттық әдіс-тер мен геоақпараттық жүйе-лер (ГАЖ) технологиялары-ның ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен байланыстарын түсіндіру
	Географиялық деректер базасы	11.2.2.2 - компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру;

	Географиялық деректерді визуализациялау	11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология		
3.1 Табиғатты пайдалану	Табиғатты пайдалану-ды реттеу	11.3.1.1 - табиғатты пайдалану түрлерінің заңнамалық тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкестігін анықтау (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде);
	Табиғатты қорғауда жеке тұлға-ның рөлі	11.3.1.2 - жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, "экологиялық ізін" есептеу;
2-тоқсан		
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология		
3.2 Геоэкология-лық зерттеулер негіздері	Қоршаған ортаның антропогендік өзгеруі	11.3.2.1 - қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктеу
	Қоршаған ортаның сапасы	11.3.2.2 - қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктеу; 11.3.2.3 - дүниежүзі елдерін қоршаған ортаның сапасы бойынша жіктеу;
	Геоэкологиялық жобалау	11.3.2.4 - қоршаған орта сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу(жергілікті/ аймақтық компоненттің негізінде)
3-тоқсан		
4. Геоэкономика		
4.1 Геоэкономи-ка негіздері	Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті	11.4.1.1 - Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстырып талдау; 11.4.1.2 - Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтау(өз аймағы негізінде);
	Геоэкономикалық даму стратегиясы	11.4.1.5 - Қазақстан өңірлерінің экономикалық даму стратегияларының жобаларын (өз өңірінің мысалында) ұсыну
5. Геосаясат		
5.1 Геосаясат негіздері	Заманауи геосаяси үдерістер	11.5.1.1 - қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіру
	Қазақстанның геосаяси жағдайы	11.5.1.2 - Қазақстанның геосаяси жағдайына кешенді баға беру
		11.5.1.3 - Қазақстан Республикасының геосаяси

	Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі	қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтау; 11.5.1.4 - Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде ұсыныстарды әзірлеу
4-тоқсан		
6. Елтану		
6.1 Дүниежүзі аймақтары	Дүниежүзі аймақтар картасында Қазақстаның орны	11.6.1.1 - Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтау; 11.6.1.2 - ғаламдану жағдайында Қазақстанның географиялық аймақтар картасын-дағы орнының өзгеруін зерттеу арқылы болжау
6.2 Дүниежүзі елдерін салыстыру тәсілдері	Қазақстанның халықаралық салыстырулардағы орны	11.6.2.1 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін индекстер мен рейтингтердегі Қазақстан орнының динамикасын зерттеу (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында); 11.6.2.2 - Қазақстанның жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін рейтингтерде орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында);
	Қолданбалы елтану	11.6.2.3 - қолданбалы елтанушылық ақпараттың маңыздылығын, субъектілері мен тұтынушыларын анықтау; 11.6.2.4 - түрлі мақсатты аудиториялар үшін кешенді дүниежүзі елдерінің кешенді елтанушылық сипаттамаларды әзірлеу және шығармашылық түрде ұсыну (елдер мен ұсыну формасы – таңдау бойынша)
7. Адамзаттың ғаламдық проблемалары		
7.1 Ғаламдық проблемаларды шешу	Ғаламдық проблемаларды шешу жолдары	11.7.1.1 - ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттеу; 11.7.1.2 - Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтау ;

		11.7.1.3 - ғаламдық, оның ішінде Қазақстан аумағында байқалатын проблемалардың алдын алудың немесе шешудің өзіндік жобасын ұсыну

3-тарау. "География" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру (төмендетілген оқу жүктемесімен) 1-параграф. "География" оқу пәнінің мазмұны

19. "География" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімді қамтиды:

1) географиялық зерттеу әдістері;

2) картография және геоинформатика;

3) табиғатты пайдалану және геоэкология;

4) геоэкономика;

5) геосаясат;

6) елтану;

7) адамзаттың ғаламдық проблемалары.

21. Оқу пәнінің мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер білім, білік, түсінік және дағдыларды қамтитын күтілетін нәтижелер түріндегі оқу мақсаттарынан тұратын бөлімшелерге бөлінген.

22. "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі "Жалпы географиялық әдістер" бөлімшесінен тұрады.

23. "Картография және геоинформатика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) картография;

2) геоинформатика негіздері.

24. "Табиғатты пайдалану және геоэкология" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) табиғатты пайдалану;

2) геоэкологиялық зерттеу негіздері.

25. "Геоэкономика" бөлімі "Геоэкономика негіздері" бөлімшесінен тұрады.

26. "Геосаясат" бөлімі "Геосаясат негіздері" бөлімшесінен тұрады.

27. "Елтану" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) дүниежүзі аймақтары;

2) елдерді салыстыру әдістемесі.

28. "Адамзаттың ғаламдық проблемалары" бөлімі "Ғаламдық проблемаларды шешу " бөлімшесінен тұрады.

29. 10-сыныпқа арналған География" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістері". Жалпы географиялық әдістер; зерттеу әдістерінің түрлері;

2) "Картография және геоинформатика". Картография; заманауи картографиялық әдістер; геоинформатика негіздері; географиялық деректер базасы; географиялық деректерді визуализациялау;

3) "Табиғатты пайдалану және геоэкология". Табиғатты пайдалану; табиғатты пайдалану түрлері. табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау; табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары, экологиялық таза өндірістерді жобалау; геоэкологиялық зерттеулер негіздері; геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі, геосфералардың ластануы, геоэкологиялық аудандастыру; геоэкологиядағы антропогендік факторлар; ғаламдық экологиялық проблемалар, экологиядағы инновациялық технологиялар; Қазақстанның экологиялық проблемалары,

4) "Геоэкономика". Геоэкономика негіздері; геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі; шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары; дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы; дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері; дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері; экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе; Қазақстан Республикасы экономикалық дамуындағы мақсатты көрсеткіштер;

5) "Геосаясат". Геосаясат негіздері; геосаясаттың өзектілігі; дүниежүзінің геосаяси кеңістігі; геосаясат және географиялық факторлар; мемлекеттік аумақтың морфологиясы; мемлекеттік шекара;

6) "Елтану". Дүниежүзі аймақтары; кешенді географиялық аудандастыру; дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері; салыстырмалы елтану;

7) "Адамзаттың ғаламдық проблемалары". Ғаламдық проблемаларды шешу; ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері.

30 11-сыныпқа арналған География" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістері". Жалпыгеографиялық әдістер; географиялық зерттеулердің өзекті әдістері;

2) "Картография және геоинформатика". Картография; заманауи картографиялық әдістер; геоинформатика негіздері; геоақпараттық жүйелер; географиялық деректер базасы; географиялық деректерді визуализациялау;

3) "Табиғатты пайдалану және геоэкология". Табиғатты пайдалану; табиғатты пайдалануды реттеу, табиғатты қорғау шаралары; табиғатты қорғауда жеке тұлғаның

рөлі; геоэкологиялық зерттеулер негіздері; қоршаған ортаның антропогендік өзгеруі; қоршаған ортаның сапасы; геоэкологиялық жобалау;

4) "Геоэкономика". Геоэкономика негіздері; Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті; геоэкономикалық даму стратегиялары;

5) "Геосаясат". Геосаясат негіздері; заманауи геосаяси процестер; Қазақстанның геосаяси жағдайы; Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі; Қазақстанның геосаяси интеграциясы;

6) "Елтану". Дүниежүзі аймақтары; дүниежүзін аймақтарға аудандастырудың қолданбалы аспектілері; дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны; елдері салыстыру әдістері; дүниежүзі елдерінің салыстырмалы көрсеткіштері; дүниежүзі елдерін халықаралық салыстырулардағы Қазақстанның орны; өмір сүру деңгейін жоғарлатудағы азаматтың рөлі; қолданбалы елтану;

7) "Адамзаттың ғаламдық проблемалары". Ғаламдық проблемаларды шешу; ғаламдық проблемаларды шешу жолдары.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

31. Бағдарламада оқу мақсаттары қолдануға ыңғайлы болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.1 кодында: "10" – сынып, "2.1." - бөлімше; "1" - оқу мақсатының реттік нөмірі.

Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаттары	
		10-сынып	11-сынып
1. География-лық зерттеу әдістері	1.1 Жалпы география-лық әдістер	10.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру, сандық әдістерін қолдану; 10.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану; 10.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолданады	11.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама, аудандастыру әдістерін қолдану; 11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану;
	2.1 Карто-графия	10.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес картографиялық	11.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес электронды картографиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану (сандық карталарды оқу, олардың қолданысымен

		зерттеулер әдістерін қолдану	географиялық объектілер мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау)
2. Карто-графия және геоинфор-матика	2.2 Геоинфор-матика негіздері	10.2.2.1 - Microsoft Excel бағдарламасын қолдану арқылы тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру; 10.2.2.2 - статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммаларды жасау; 10.2.2.3 - ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың графикалық редакторларын қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау	11.2.2.1 - қашықтықтан зерделеу әдістерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 11.2.2.2 - геоақпараттық әдіс-тер мен геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) технологиялары-ның ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен байланыстарын түсіндіру; 11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау; 11.2.2.4 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау
	3.1 Табиғатты пайдалану	10.3.1.1 - табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау, графикалық түрде ұсыну; 10.3.1.2 - тиімді табиғатты пайдаланудың қағидаттарын анықтау; 10.3.1.3 - табиғатты пайдалану түрлерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу (жергілікті аймақтық компоненттің негізінде); 10.3.1.4 - экологиялық таза өндірістік жобаларды ұсыну(жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде)	11.3.1.1 - табиғатты пайдалану түрлерінің заңнамалық тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкестігін анықтау (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде); 11.3.1.2 - жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, " экологиялық ізін" есептеу;
		10.3.2.1 - геоэкологияның негізгі категорияларын түсіндіру;	

3. Табиғатты пайдалану және геоэколо-гия	3.2 Геоэколо-гиялық зерттеулер негіздері	10.3.2.2 - геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттеу; 10.3.2.3 - дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастыру; 10.3.2.4 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыру және графикалық түрде ұсыну; 10.3.2.5 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторлардың азайту жолдарын ұсыну; 10.3.2.6 - ғаламдық экологиялық проблемалардың пайда болу механизмін түсіндіру; 10.3.2.7 - геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау; 10.3.2.8 - ғаламдық экология-лық проблемаларды шешудегі әлемдік тәжірибені зерттеу; 10.3.2.9 - Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыдан аудандастыру; 10.3.2.10 - Қазақстандағы экологиялық проблемалардың шешу жолдарын ұсыну	11.3.2.1 - қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктеу; 11.3.2.2 - қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктеу; 11.3.2.3 - дүниежүзі елдерін қоршаған ортаның сапасы бойынша жіктеу; 11.3.2.4 - қоршаған орта сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу(жергілікті/ аймақтық компоненттің негізінде); 11.3.2.5 - қоршаған ортаның бұзылған аумақтарын қалпына келтіру жөнінде жобаларды ұсыну (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде)
		10.4.1.1 - геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттерін, негізгі категорияларын түсіндіру; 10.4.1.2 - елдер мен аймақтардың экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлін анықтау(қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде);	

4. Геоэко-номика	4.1 Геоэкономика негіздері	10.4.1.3 - шаруашылық салала-рын орналастыруда кеңістіктік (аумақтық) факторларды талдау; 10.4.1.4 - дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын заманауи орналастыру факторларын талдау; 10.4.1.5 - дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша жіктеу; 10.4.1.6 - дүниежүзі шаруашылығының аумақтық модельдерін талдау; 10.4.1.7 - дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде); 10.4.1.8 - дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу; 10.4.1.9 - дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларына баға беру (қазақстан-дық компонентті қосымша қамту негізінде); 10.4.1.10 - Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтың құрылымын, шаруашылық салаларының арақатынасын, шаруашылы-ғының аумақтық құрылымын, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау	11.4.1.1 - Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстырып талдау; 11.4.1.2 - Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтау(өз аймағы негізінде); 11.4.1.3 - Қазақстан аймақтарын экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде стратегиялардың жобаларын ұсыну (өз аймағы негізінде); 11.4.1.4 - Қазақстан өнімдерінің танымалдығын арттыру жөнінде шығармашылық идеяларды ұсыну
		10.5.1.1 - геосаясаттың мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәнін, негізгі категорияларын түсіндіру;	

5. Геосаясат	5.1 Геосаясат негіздері	10.5.1.2 - негізгі геосаяси объектілер мен субъектілерді анықтау; 10.5.1.3 - дүниежүзінің геосаяси кеңістігін талдау; 10.5.1.4 - геосаясаттағы физикалық-географиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, саяси, әскери, технологиялық факторларға баға беру; 10.5.1.5 - мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдау және жіктеу; 10.5.1.6 - мемлекеттік шекаралардың функциясын, түрлерін, анықтау және белгілеу шараларын, динамикасын талдау; 10.5.1.7 - Қазақстан Республикасының мемлекет-тік шекараларының қалыптасу үдерісін, басты көрсеткіштері мен динамикасын зерттеу;	11.5.1.1 - қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіру; 11.5.1.2 - Қазақстанның геосаяси жағдайына кешенді баға беру; 11.5.1.3 - Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтау; 11.5.1.4 - Қазақстанның дүниежүзі елдері мен дүниежүзілік және аймақтық ұйымдармен байланыстарын күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу
	6.1 Дүниежүзі аймақтары	10.6.1.1 - дүниежүзінің түрлі белгілер бойынша физикалық географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық, геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіру; 10.6.1.2 - кешенді географиялық және тарихи-географиялық аудандастырудың өз үлгісін ұсыну; 10.6.1.3 - дүниежүзінің тарихи-географиялық аймақтарын, олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын шығармашылық түрде ұсыну	11.6.1.1 – дүниежүзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер келтіріп түсіндіру; 11.6.1.2 - Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтау;

6. Елтану	6.2 Дүниежүзі елдерін салыстыру	10.6.2.1 - дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын белгілерді анықтау; 10.6.2.2 - көрсеткіштердің бірі бойынша графикалық түрде дүниежүзі елдерінің рейтингін көрсету (таңдау бойынша); 10.6.2.3 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингтерін сипаттау (есепке/бағалауға алынатын көрсеткіштер, бағалау субъектісі, нәтижелерінің қолдану аясы); 10.6.2.4 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің рейтингтерін графикалық түрде көрсету; 10.6.2.5 - елдің рейтингте орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша рейтингтің басында, ортасында және соңында орналасқан үш елдің мысалында)	11.6.2.1 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін индекстер мен рейтингтердегі Қазақстан орнының динамикасын зерттеу (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында); 11.6.2.2 - Қазақстанның жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін рейтингтерде орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында); 11.6.2.3 - елдің индекстер мен рейтингтерде орнын анықтағанда есепке алынатын өмір сүру деңгейінің жеке көрсеткіштерін жоғарылату жөнінде жеке азаматтың рөлін түсіндіру; 11.6.2.4 - қолданбалы елтанушылық ақпараттың маңыздылығын, субъектілері мен тұтынушыларын анықтау; 11.6.2.5 - түрлі мақсатты аудиториялар үшін кешенді дүниежүзі елдерінің кешенді елтанушылық сипаттамаларды әзірлеу және шығармашылық түрде ұсыну (елдер мен ұсыну формасы – таңдау бойынша)
		10.7.1.1 - адамзаттың дамуындағы проблемаларын топтастыру; 10.7.1.2 - ғаламдық проблемалардың критерийлерін анықтау;	11.7.1.1 - ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттеу; 11.7.1.2 - Қазақстанның аумағында көрініс тапқан

7. Адамзатың ғаламдық проблема-лары	7.1 Ғаламдық проблемаларды шешу	10.7.1.3 - ғаламдық проблемалардың себептері мен салдарын анықтап, топтастыру; 10.7.1.4 - ғаламдық проблемалардың аумақтық көріністерін анықтау	ғаламдық проблемаларды анықтау; 11.7.1.3 - ғаламдық, оның ішінде Қазақстан аумағында байқалатын проблемалардың алдын алудың немесе шешудің өзіндік жобасын ұсыну

32. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

33. Осы оқу бағдарламасы жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған "География" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады (төмендетілген оқу жүкетемесімен).

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы "География" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар (төмендетілген оқу жүкетемесімен)

10-сынып

Бөлімше	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1. Географиялық зерттеу әдістері		
1.1 Жалпы географиялық әдістер	Зерттеу әдістерінің түрлері	10.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру, сандық әдістерін қолдану; 10.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану; 10.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолданады
2. Картография және геоинформатика		
2.1 Карто-графия	Заманауи картографиялық әдістер	10.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану
2.2 Геоинфор-матика негіздері	Географиялық деректер базасы	10.2.2.1 - Microsoft Excel бағдарламасын қолдану арқылы тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру
	Географиялық деректерді визуа-лизациялау	10.2.2.2 - статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммаларды жасау; 10.2.2.3 - ақпараттық-коммуникациялық

		технологиялардың графикалық редакторларын қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология		
3.1 Табиғатты пайдалану	Табиғатты пайдалану түрлері	10.3.1.1 - табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау, графикалық түрде ұсыну
	Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары	10.3.1.2 - табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттарын анықтау; 10.3.1.3 - табиғатты пайдалану түрлерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде)
	Экологиялық таза өндірістерді жобалау	10.3.1.4 - экологиялық таза өндірістік жобаларды ұсыну (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде)
2-тоқсан		
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология		
3.2 Геоэколо-гиялық зерттеу негіздері	Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі	10.3.2.1 - геоэкологияның негізгі категорияларын түсіндіру
	Геосфералардың ластануы	10.3.2.2 - геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттеу
	Геоэкологиялық аудандастыру	10.3.2.3 - дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастыру
	Геоэкологиядағы антропогендік факторлар	10.3.2.4 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыру және графикалық түрде ұсыну; 10.3.2.5 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторлардың азайту жолдарын ұсыну;
	Ғаламдық экологиялық проблемалар	10.3.2.6 - ғаламдық экологиялық проблемалардың пайда болу механизмін түсіндіру; 10.3.2.7 - геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау; 10.3.2.8 - ғаламдық экология-лық проблемаларды шешудегі әлемдік тәжірибені зерттеу;
		10.3.2.9 - Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыдан аудандастыру;

	Қазақстанның экологиялық проблемалары	10.3.2.10 - Қазақстандағы экологиялық проблемалардың шешу жолдарын ұсыну
3-тоқсан		
4. Геоэкономика		
4.1 Геоэконо-мика негіздері	Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі	10.4.1.1 - геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттерін, негізгі категорияларын түсіндіру; 10.4.1.2 - елдер мен аймақтардың экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлін анықтау(қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде);
	Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары	10.4.1.3 - шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік (аумақтық) факторларды талдау; 10.4.1.4 - дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын заманауи орналастыру факторларын талдау;
	Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы	10.4.1.5 - дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша жіктеу;
	Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері	10.4.1.6 - дүниежүзі шаруашылығының аумақтық модельдерін талдау;
	Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіш-тері	10.4.1.7 - дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде); 10.4.1.8 - дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу;
	Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе	10.4.1.9 - дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларына баға беру (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде);
	Қазақстан Республикасы экономикалық дамуындағы мақ-сатты көр-сеткіштер мен индикаторлар	10.4.1.10 - Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтың құрылымын, шаруашылық салаларының арақатынасын, шаруашылы-ғының аумақтық құрылымын, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау
5. Геосаясат		

5.1 Геосаясат негіздері	Геосаясаттың өзектілігі	10.5.1.1 - геосаясаттың мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәнін, негізгі категорияларын түсіндіру; 10.5.1.2 - негізгі геосаяси объектілер мен субъектілерді анықтау;
	Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі	10.5.1.3 - дүниежүзінің геосаяси кеңістігін талдау
	Геосаясаттағы географиялық факторлар	10.5.1.4 - геосаясаттағы физикалық-географиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, саяси, әскери, технологиялық факторларға баға беру
	Мемлекеттік аумақтың морфологиясы	10.5.1.5 - мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдау және жіктеу;
	Мемлекеттік шекара	10.5.1.6 - мемлекеттік шекаралардың функциясын, түрлерін, анықтау және белгілеу шараларын, динамикасын талдау; 10.5.1.7 - Қазақстан Республикасының мемлекет-тік шекараларының қалыптасу үдерісін, басты көрсеткіштері мен динамикасын зерттеу;
4-тоқсан		
6. Елтану		
6.1 Дүниежүзі аймақтары	Кешенді географиялық аудандастыру	10.6.1.1 - дүниежүзінің түрлі белгілер бойынша физикалық географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық, геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіру; 10.6.1.2 - кешенді географиялық және тарихи-географиялық аудандастырудың өз үлгісін ұсыну ; 10.6.1.3 - дүниежүзінің тарихи-географиялық аймақтарын, олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын шығармашылық түрде ұсыну
		10.6.2.1 - дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын белгілерді анықтау; 10.6.2.2 - көрсеткіштердің бірі бойынша графикалық түрде дүниежүзі елдерінің рейтингін көрсету (таңдау бойынша);

6.2 Дүниежүзі елдері	Салыстырмалы елтану	10.6.2.3 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингтерін сипаттау (есепке/ бағалауға алынатын көрсеткіштер, бағалау субъектісі, нәтижелерінің қолдану аясы); 10.6.2.4 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің рейтингтерін графикалық түрде көрсету; 10.6.2.5 - елдің рейтингте орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша рейтингтің басында, ортасында және соңында орналасқан үш елдің мысалында)
7. Адамзаттың ғаламдық проблемалары		
7.1 Ғаламдық проблемаларды шешу	Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері	10.7.1.1 - адамзаттың дамуындағы проблемаларын топтастыру; 10.7.1.2 - ғаламдық проблемалардың критерийлерін анықтау; 10.7.1.3 - ғаламдық проблемалардың себептері мен салдарын анықтап, топтастыру; 10.7.1.4 - ғаламдық проблемалардың аумақтық көріністерін анықтау

11-сынып

Бөлімше	Тақырып	Оқу мақсаттары
1 тоқсан		
1. Географиялық зерттеулер әдістері		
1.1 Жалпы географиялық әдістер	Өзекті география-лық зерттеу әдістері	11.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама, аудандастыру әдістерін қолдану; 11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану;
2. Картография және геоинформатика		
2.1 Карто-графия	Заманауи картографиялық әдістер	11.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес электронды картографиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану (сандық карталарды оқу, олардың қолданысымен географиялық объектілер мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау)

2.2 Геоинфор-матика негіздері	Геоақпаратық зерттеу әдістері	11.2.2.1 - қашықтықтан зерделеу әдістерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 11.2.2.2 - геоақпараттық әдістер мен геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) технологияларының ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен байланыстарын түсіндіру
	Географиялық деректер базасы	11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру
	Географиялық деректерді визуализациялау	11.2.2.4 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология		
3.1 Табиғатты пайдалану	Табиғатты пайдалануды реттеу	11.3.1.1 - табиғатты пайдалану түрлерінің заңнамалық тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкестігін анықтау (жергілікті/ аймақтық компоненттің негізінде)
	Табиғатты қорғауда жеке тұлғаның рөлі	11.3.1.2 - жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, "экологиялық ізін" есептеу;
2-тоқсан		
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология		
3.2 Геоэкология-лық зерттеулер негіздері	Қоршаған ортаның антропогендік өзгеруі	11.3.2.1 - қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктеу
	Қоршаған ортаның сапасы	11.3.2.2 - қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктеу; 11.3.2.3 - дүниежүзі елдерін қоршаған ортаның сапасы бойынша жіктеу; 11.3.2.4 - қоршаған орта сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу(жергілікті/ аймақтық компоненттің негізінде);
	Геоэкологиялық жобалау	11.3.2.5 - қоршаған ортаның бұзылған аумақтарын қалпына келтіру жөнінде жобаларды ұсыну (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде)
3-тоқсан		
4. Геоэкономика		
		11.4.1.1 - Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және

4.1 Геоэкономика негіздері	Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті	аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстырып талдау; 11.4.1.2 - Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтау(өз аймағы негізінде);
	Геоэкономикалық даму стратегиялары	11.4.1.3 - Қазақстан аймақтарын экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде стратегиялардың жобаларын ұсыну (өз аймағы негізінде); 11.4.1.4 - Қазақстан өнімдерінің танымалдығын арттыру жөнінде шығармашылық идеяларды ұсыну
5. Геосаясат		
5.1 Геосаясат негіздері	Заманауи геосаяси үдерістер	11.5.1.1 - қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіру
	Қазақстанның геосаяси жағдайы	11.5.1.2 - Қазақстанның геосаяси жағдайына кешенді баға беру
	Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі	11.5.1.3 - Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтау;
	Қазақстан-ның геосаяси интеграциясы	11.5.1.4 - Қазақстанның дүниежүзі елдері мен дүниежүзілік және аймақтық ұйымдармен байланыстарын күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу
4-тоқсан		
6. Елтану		
6.1 Дүниежүзі аймақтары	Дүниежүзі елдерін аймақтарға аудандасты-рудың қолданбалы аспектілері	11.6.1.1 - дүниежүзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер келтіріп түсіндіру;
	Дүниежүзі аймақтар картасында Қазақстаның орны	11.6.1.2 - Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтау;
	Қазақстанның халықаралық салыстырулардағы орны	11.6.2.1 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін индекстер мен рейтингтердегі Қазақстан орнының динамикасын зерттеу (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында); 11.6.2.2 - Қазақстанның жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін рейтингтерде орналасқан орына әсер ететін

		географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында);
6.2 Дүниежүзі елдерін салыстыру	Өмір сүру деңгейін жоғарылатудағы азаматтың орны	11.6.2.3 - елдің индекстер мен рейтингтерде орнын анықтағанда есепке алынатын өмір сүру деңгейінің жеке көрсеткіштерін жоғарлату жөнінде жеке азаматтың рөлін түсіндіру
	Қолданбалы елтану	11.6.2.4 - қолданбалы елтанушылық ақпараттың маңыздылығын, субъектілері мен тұтынушыларын анықтау; 11.6.2.5 - түрлі мақсатты аудиториялар үшін кешенді дүниежүзі елдерінің кешенді елтанушылық сипаттамаларды әзірлеу және шығармашылық түрде ұсыну (елдер мен ұсыну формасы – таңдау бойынша)
7. Адамзаттың ғаламдық проблемалары		
7.1 Ғаламдық проблемалар-ды шешу	Ғаламдық проблемаларды шешу жолдары	11.7.1.1 - ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттеу; 11.7.1.2 - Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтау ; 11.7.1.3 - ғаламдық, оның ішінде Қазақстан аумағында байқалатын проблемалардың алдын алудың немесе шешудің өзіндік жобасын ұсыну

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
118-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 (12) сыныптарына арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.03.2024 № 54 (01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Отандық тарихты зерделеу өткен тарихи оқиғаларды түсіну және оларды талдау негізінде қазіргі замандағы орнын анықтау, азаматтық ұстанымын қалыптастыру және оқиғалар мен құбылыстарға жеке көзқарасын білдіре отырып, олардың маңызы мен мәнін түсінуді қамтамасыз ететін жеке тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған.

3. Оқу пәнінің мазмұны білім алушыларға әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

4. Оқу пәнінің мақсаты – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

5. Оқу пәнінің міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру;

2) тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білім алушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтылық пен қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;

3) әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

5) өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;

6) әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;

7) әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

8) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

9) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану.

2-тарау. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мазмұны

6. "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

10-сыныпта:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) этникалық және әлеуметтік процестер;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан;

4) мәдениеттің дамуы.

11-сыныпта:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) саяси-құқықтық процестер;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы;

4) білім мен ғылымның дамуы.

9. "Өркениет: даму ерекшеліктері" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады :

1) Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы;

2) Ұлы дала өркениеті;

3) Орталық Азия және әлемдік өркениет.

10. "Этникалық және әлеуметтік процестер" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қазақ халқының шығу тегінің бастауы;

2) дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы.

11. "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер;

2) Ұлы даланың көшпенді империялары;

3) қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет;

4) тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту.

12. "Мәдениеттің дамуы" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы;

2) кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті;

3) ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет.

13. "Өркениет: даму ерекшеліктері" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі;

2) дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері;

3) Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік- экономикалық дамуы.

14. "Саяси-құқықтық процестер" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы;

2) Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты.

15. "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың эволюциясы;

2) "Алаш" – қоғамдық ой және ұлттық идея;

3) "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы – XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негізі.

16. "Білім мен ғылымның дамуы" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы;

2) XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы;

3) қазіргі кезеңдегі Қазақстандық білім және ғылым жүйесі.

17. Оқыту мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

18. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

19. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) өзгеріс пен сабақтастық;

2) себеп пен салдар;

3) дәлел;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

20. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) "Өзгеріс пен сабақтастық" бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді; тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) "Себеп және салдар" бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді; тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) "Дәлел" бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтардың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

4) "Ұқсастық пен айырмашылық" бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) "Маңыздылық" бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) "Интерпретация" бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

21. 10-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы. "Орталық Азия" ұғымының тарихи және географиялық аспектілері. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы. Орталық Азия

өркениеттері пайда болуының факторлары. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктері. Ұлы Дала өркениеті. "Ұлы Дала" ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі). Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктері. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті. Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығы және өзара байланысы. Ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсері. Орталық Азия және әлемдік өркениет. Орталық Азия халықтарының әлемдік материалдық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Орталық Азия халықтарының әлемдік рухани мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Зерттеу жұмысы: Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала;

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Қазақ халқының шығу тегі. "Антропогенез ", "этногенез", "этнос" ұғымдары. Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық процестер. Қазақ этносының қалыптасуы – көп ғасырларлық этникалық процестердің нәтижесі. Мәдени-генетикалық код - ұлттың негізі. Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы. Қазақтарда ру-тайпалық құрылым қалыптасуының тарихи шарттары. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының эволюциясы. Туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызы. "Ауызша тарихнама", "шежіре", "ру", "тайпа", "ата-жұрт", "атамекен", "ел" ұғымы. Қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлі. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуі. "Ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдары. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың қызметі. Зерттеу жұмысы: Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы. " Мемлекет", "билік", "саяси ұйым" ұғымдары. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары. Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Ұлы Түрік қағанатының қалыптасуы мен дамуы. Түркі империясының мұрагерлері. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігі. Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы түркі империясының рөлі. Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері. Шыңғысханның әлем тарихындағы рөлі. Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуы. XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігі және олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер етуі. Қазақ хандығы – Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет. Ақ Орда мен Қазақ хандығының тарихи сабақтастығы. Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақ хандарының Қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен нығаюындағы рөлі. Қазақ хандығының саяси институттары. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Бабаларымыздың ұлан-ғайыр аумақты қорғап сақтаудағы

рөлі. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы. Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуы. Қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген ұлт-азаттық күресі. Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендіктің қалпына келтірілуі. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі. "Автономдық кеңес республикасы", "Кеңес одағы республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтары. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлі. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалпына келтірілуі – тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиялары мен бағдарламалары; Зерттеу жұмысы: Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы;

4) мәдениеттің дамуы. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті – дала өркениетінің мұрасы. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері. " Мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", " қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдары. Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің эволюциясы және сабақтастығы. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. " Әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдары. Қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтары: әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрмет көрсету- шынайы патриотизмнің көрінісі. Дала өркениеті тарихымен мәдениетінің ескерткіштері. Тарихи және мәдени ескерткіштердің классификациясы. Қазақстанның рухани құндылықтары – ұлттық бірегейліктің негізі. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы: бастауы, дәстүрі, қазіргі уақыттағы дамуы. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның мәдениеті. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет. Қазақстандық мәдениеттің дамуы. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесі. Зерттеу жұмысы: Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды.

22. 11-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі. Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығы және егіншілік. Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері. "Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі", " қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдары. Дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерінің классификациясы. Қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесіндегі кәсіптері мен қолөнері. Қазақтардың қолөнері мен кәсіптерінің этнографиялық зерттелуі. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері. Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдары. Қазақстан аумағында қалалардың

пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі. Отырықшы және көшпенді халықтардың экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынасы және өзара әсері. Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы. "Экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдары . XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторлар. Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдері. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болашағы. Зерттеу жұмысы: Әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері;

2) саяси-құқықтық процестер. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы. "Аграрлық саясат", "көші-қон саясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдары. Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдері. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы полиэтникалық қоғамның қалыптасуы. "Депортация", "арнайы қоныс аударылғандар", "полиэтникалық қоғам", "ұлттық саясат", "интернационализм" ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлері. Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты. "Көші-қон ", "эмиграция", "иммиграция", "репатриант", "диаспора", "ирридента" ұғымдары. Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтары. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі. Зерттеу жұмысы: Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы. "Зар заман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары. "Алаш" – қоғамдық ой және ұлттық идея. "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері. Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастары ("Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары). "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы – XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары. "Мәңгілік Ел" идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығы. Мемлекеттің идеология саласындағы саясаты("Мәңгілік Ел" – патриоттық актісі" және "Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы"). Зерттеу жұмысы: Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі;

4) білім мен ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның көрнекті ғалымдары мен ойшылдары. XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы. XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы зерттеулер. Зерттеушілердің Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесі. XIX ғасырда

Қазақстанда оқу орындарының пайда болуы мен дамуы. XIX ғасырда -XX ғасырдың басында Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерінің ерекшеліктері. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. Сауатсыздықты жою. Мектептік, кәсіби және жоғары білім беру. Кеңестік білім беру жүйесінің реформалары. Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлі. Қазақстанның көрнекті ғалымдары. Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтары және қарама-қайшылықтары. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесінің дамуы: жетістіктері, проблемалары және болашағы. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жаңғыртылуы. Қазақстанның әлемдік білім және ғылым кеңістігіне кірігуі. Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы стратегиялары мен бағдарламалары. Қазақстан Республикасының "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасы. Қазақстан Республикасының инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдары. Зерттеу жұмысы: Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

23. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік санын көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.2 кодында "10" – сынып, " 2.1." – бөлім мен бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

1) 1- бөлім:

10-сынып Өркениет: даму ерекшеліктері	11-сынып Өркениет: даму ерекшеліктері
Білім алушылар:	
10.1.1.1 "Орталық Азия" түсінігін аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану	11.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу
10.1.1.2 әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу	11.1.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің ерекшеліктерін "тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі" , "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдарын пайдалана отырып анықтау
10.1.1.3 Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау	11.1.1.3 картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін классификациялау
10.1.2.1 картаны пайдаланып "Ұлы Дала" тарихи-географиялық аймағын анықтау	11.1.1.4 этнографиялық материалдар негізінде қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау
10.1.2.2 тарихи дерек көздерді талдау негізінде " Ұлы Дала" ұғымының мәнін түсіндіру	11.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу
10.1.2.3 Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру	11.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөліне талдау жасау

10.1.2.4 Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктерін сипаттау	11.1.2.3 сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесіндегі көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттау
10.1.2.5 Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдау	11.1.2.4 дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтау
10.1.2.6 "Өркениет" ұғымын айқындау критерийлерін пайдалана отырып, Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін сипаттау	11.1.3.1 Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономикалық жүйе", " дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалану
10.1.2.7 әртүрлі көзқарастарды талдау арқылы ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсерін бағалау	11.1.3.2 XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау
10.1.3.1 Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау	11.1.3.3 Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау
10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау	11.1.4.4 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау

2) 2-бөлім:

10- сынып Этникалық және әлеуметтік процестер	11- сынып Саяси-құқықтық процестер
Білім алушылар:	
10.2.1.1 Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдалану	11.2.1.1 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "аграрлық саясат", "көші-қон саясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдарын пайдалану
10.2.1.2 этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағында этногенездің кезеңдерін айқындау	11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу
10.2.2.1 қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", " ата-жұрт", " ата-мекен" ұғымдарын пайдалану	11.2.1.3 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "депортация", "арнайы қоныстандырылғандар", "полиэтникалық қоғам", " ұлттық саясат", "интернационализм" ұғымдарын пайдалану
10.2.2.2 тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау	11.2.1.4 Кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін түсіндіру
10.2.2.3 қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар)	11.2.2.1 көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", "эмиграция", " иммиграция", "репатриант", "диаспора", "ирридента " ұғымдарын пайдалану
10.2.2.4 қазақ көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызын түсіндіру	11.2.2.2 Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру
	11.2.2.3 мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және

10.2.2.5 қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін түсіндіру	конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау
10.2.2.6 қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін "ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдарын пайдалану	11.2.2.4 Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау
10.2.2.7 дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін түсіндіру	
10.2.2.8 туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде "мәдени-генетикалық код" ұғымын қолдану	

3) 3- бөлім:

10-сынып Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан:	11-сынып Қоғамдық саяси ойдың дамуы
Білім алушылар:	
10.3.1.1 Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін "мемлекет", "билік", "саяси ұйым" ұғымдарын пайдалану	11.3.1.1 ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау
10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру	11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
10.3.1.3 Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау	11.3.1.3 қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын анықтау
10.3.2.1 деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау	11.3.1.4 қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зар-заман" өкілдерінің идеяларын түсіндіру
10.3.2.2 ерте және дамыған ортағасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау	11.3.1.5 XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдау
10.3.2.3 түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау	11.3.2.1 "Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау
10.3.2.4 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу	11.3.2.2 қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру
10.3.2.5 XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау	11.3.3.1 "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау
10.3.3.1 Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау	11.3.3.3 "Мәңгілік Ел" – патриоттық актісін" және " Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын" зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіру
10.3.3.2 Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау	
10.3.3.3 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу	

10.3.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау	
10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу	
10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу	
10.3.4.4 Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін "автономдық кеңес республикасы", " кеңес одағы республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдалану	
10.3.4.5 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау	
10.3.4.6 Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау	
10.3.4.7 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып, Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау	

4) 4- бөлім:

10 - сынып Мәдениеттің дамуы	11- сынып Білім мен ғылымның дамуы
Білім алушылар:	
10.4.1.1 қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін "мәдениет", "дала өркениеті", " материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", " қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдарын пайдалану	11.4.1.1 әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау
10.4.1.2 қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін анықтау; - Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын талдау	11.4.1.2 ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу
10.4.1.3 қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін "әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", " діл (менталитет)" ұғымдарын пайдалану	11.4.2.1 XVIII ғасырдағы -XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын түсіндіру
10.4.1.4 қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде түсіндіру	11.4.2.2 XVIII ғасырдағы-XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің еңбектерін зерделеу негізінде Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалау
10.4.1.5 дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу	11.4.2.3 XIX-XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында оқу орындарының дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау
10.4.1.6 типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау	11.4.2.4 XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы білім беру мекемелерін қызметтік ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу
	11.4.2.5 Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін "сауатсыздықты жою"

10.4.1.7 қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтау	, "қызыл отау", "мұғалімдер институты", "мектептегі білім беру", "кәсіби білім беру", "жоғары оқу орындары" ұғымдарын пайдалану
10.4.1.8 халықтың рухани -адамгершілік құндылықтарын сипаттайтын қазақ әдебиетінің маңызды жетістіктерін анықтау	11.4.2.6 Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау
10.4.1.9 фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау	11.4.2.7 Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлін анықтау
10.4.2.1 Кеңестік дәуірдегі Қазақстанның мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды анықтау	11.4.2.8 Кеңестік кезеңде ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалау
10.4.2.2 кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай келе, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау	11.4.2.9 Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтарын және қарама-қайшылықтарын талдау
10.4.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау	11.4.3.1 Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау
10.4.3.2 халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру	11.4.3.2 әлемдік білім мен ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құру маңыздылығын бағалау
10.4.3.3 ұлттық мәдениет туралы білімді қорытындылау	11.4.3.3 Қазақстан Республикасының "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау
10.4.3.4 халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде "Туған жер" ұғымын қолдану	

24. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

25. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 сыныптарына арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

26. Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін әр тақырыптық бөлім білім алушылардың зерттеу жұмысымен аяқталады. Ұзақ мерзімді жоспарда зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шеңберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

3-параграф. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 сыныптарына арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 10-сынып:

Бөлім	Тарау	Тақырыптар	Оқыту мақсаттары

1-тоқсан			
Өркениет: даму ерекшеліктері	Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы	Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері	10.1.1.1 "Орталық Азия" түсінігін аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану
		Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы	10.1.1.2 әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу
		Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары	10.1.1.3 Орталық Азия өркениеттері нің ежелгі ошақтарының ерекшелікте рін сипаттау
	"Ұлы Дала өркениеті	"Ұлы Дала": тарихи-географиялық сипаттамасы	10.1.2.1 картаны пайдаланып "Ұлы Дала" тарихи-географиялық аймағын анықтау; 10.1.2.2 тарихи дерек көздерді талдау негізінде "Ұлы Дала" ұғымының мәнін түсіндіру
		Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі)	10.1.2.3 Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру; 10.1.2.4 Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениет тердің ерекшеліктерін сипаттау; 10.1.2.5 Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдау
		Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті	10.1.2.6 "Өркениет" ұғымын айқындау критерийлерін пайдалана отырып, Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін сипаттау; 10.1.2.7 әртүрлі көзқарастарды талдау арқылы ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсерін бағалау
			10.1.3.1 Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет

	Орталық Азия және әлемдік өркениет	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі	жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау; 10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау
	Зерттеу жұмысы	Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала	
2-тоқсан			
Этникалық және әлеуметтік процестер	Қазақ халқының шығу тегі	Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер	10.2.1.1 Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдалану; 10.2.1.2 этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін айқындау
	Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы	қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары	10.2.2.1 қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа ", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдалану; 10.2.2.2 тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау; 10.2.2.8 туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде "мәдени-генетикалық код" ұғымын қолдану
			10.2.2.3 қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар);

	және әлеуметтік ұйымдасуы	қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктері	10.2.2.4 қазақ көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционал дық маңызын түсіндіру; 10.2.2.5 қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін түсіндіру
		Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері	10.2.2.6 қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін "ақсүйек", " қарасүйек", "хан", " сұлтан", "би", "батыр" ұғымдарын пайдалану; 10.2.2.7 дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін түсіндіру
	Зерттеу жұмысы	Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы	
3-тоқсан			
	Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер	Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы	10.3.1.1 Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін "мемлекет" , "билік ", "саяси ұйым" ұғымдарын пайдалану; 10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.1.3 Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау
			10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.2.1 деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын

	Ұлы Дала көшпенділерінің империялары	Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері	зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау; 10.3.2.2 ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау; 10.3.2.3 Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау
		Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.2.4 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу; 10.3.2.5 XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау
Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет	Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.3.1 Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау
		Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;	10.3.3.2 Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау; 10.3.3.3 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ

			хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу
	Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттілік тің қайта жаңғыртылуы	Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі	10.3.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау; 10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу ; 10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу
		Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.4.4 Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін "автономдық кеңес республикасы", "кеңес одағы республикасы", " унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдалану; 10.3.4.5 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау
		Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.4.6 Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау; 10.3.4.7 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей

			отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау
	Зерттеу жұмысы	Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы	
4-тоқсан			
Мәдениеттің дамуы	Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы	Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері	10.4.1.1 Қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін "мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдарын пайдалану; 10.4.1.2 қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін анықтау - Қазақстан аумағындағы тарихи-этнографиялық үдерістердің сабақтастығын талдау
		Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы	10.4.1.3 қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін " әдет-ғұрып" "рәсім", " салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдарын пайдалану; 10.4.1.4 қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде түсіндіру
		Тарихи және мәдени ескерткіштер	10.4.1.5 дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу; 10.4.1.6 типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау
			10.4.1.7 Қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтау; 10.4.1.8 халықтың рухани -адамгершілік құндылықтарын

		Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы	сипаттайтын қазақ әдебиетінің маңызды жетістіктерін анықтау; 10.4.1.9 фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау
	Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті	Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар	10.4.2.1 Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттарды және жанрларды анықтау; 10.4.2.2 кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай отырып, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау
	Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет	Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы	10.4.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау; 10.4.3.2 халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру; 10.4.3.3 ұлттық мәдениет туралы білімді қорытындылау; 10.4.3.4 халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде " Туған жер" ұғымын қолдану
	Зерттеу жұмысы	Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды	

2) 11-сынып:

Бөлім	Тарау	Тақырып	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
			11.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу; 11.1.1.2 көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің

	Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі	Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы	ерекшеліктерін " тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі", "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдарын пайдалана отырып анықтау; 11.1.1.3 картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін жіктеу
		Қолөнер мен кәсіптер	11.1.3.4 этнографиялық материалдардың қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау
	Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері	Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі	11.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу; 11.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін талдау
Өркениет: даму ерекшелік тері		Экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынас және өзара әсері	1 1 . 1 . 2 . 3 сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесінде көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттау; 11.1.2.4 дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтау
		XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы	11.1.3.1 Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", " жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалану; 11.1.3.2 XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау

	Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы	Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы	11.1.3.3 Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау; 11.1.4.4 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау
	Зерттеу жұмысы	Әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері	
2-тоқсан			
Саяси-құқықтық процестер	Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы	Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы)	11.2.1.1 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "аграрлық саясат", "көші-қонсаясаты", "моноэтностықкұрам" ұғымдарын пайдалану; 11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу
		Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы	11.2.1.3 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "депортация", "арнайы қонысаударылғандар", "полиэтникалық қоғам", "ұлттық саясат", "интернационализм" ұғымдарын пайдалану; 11.2.1.2 Қазақстанда халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу; 11.2.1.4 Кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін түсіндіру;
			11.2.2.1 көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", "эмиграция", "иммиграция

	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты	", "репатриант", " диаспора", "ирридента" ұғымдарын пайдалану; 11.2.2.2 Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру
		Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі	11.2.2.3 мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау
		Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі	11.2.2.4 Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау
	Зерттеу жұмысы	Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры	
3-тоқсан			
	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы	Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы	11.3.1.1 Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау; 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
		Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы	11.3.1.3 Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын анықтау; 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
			11.3.1.4 Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи

Қоғамдық-саяси ойдың дамуы		"Зарзаман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары	тағдыры туралы " Зар-заман" өкілдерінің идеяларын түсіндіру; 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
		XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары	11.3.1.5 XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдау; 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
	"Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея	"Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері	11.3.2.1 "Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау
		"Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары	11.3.2.2 Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру; 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі	11.3.3.1 "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау
		Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары	11.3.3.2 "Мәңгілік Ел" идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығын анықтау; 11.3.3.3 "Мәңгілік Ел – патриоттық актісін" және "Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын" зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіру
	Зерттеу жұмысы	Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі	

4-тоқсан			
Білім мен ғылым ның дамуы	Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы	Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы	11.4.1.1 әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау; 11.4.1.2 ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу
	XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы	XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы зерттеулер	11.4.2.1 XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын түсіндіру; 11.4.2.2 XVIII-XX ғасырдың басындазерттеушілердің еңбектерін зерделеу негізінде Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалау
		XIX - XX ғасырдың басында Қазақстандағы оқу орындарының қызметі	11.4.2.3 XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау; 11.4.2.4 XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерін қызметтік ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу
		Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары	11.4.2.5 Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін "сауатсыздықты жою", "қызыл отау", " мұғалімдер институты", " мектептегі білім беру", " кәсіби білім беру", " жоғары оқу орындары" ұғымдарын пайдалану; 11.4.2.6 Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау
			11.4.2.7 Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым

		Қазақ КСР Ғылым академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы	академиясының рөлін анықтау; 11.4.2.8 Кеңестік кезеңдегі ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалау; 11.4.2.9 Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтарын және қарама-қайшылықтарын талдау
	Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі	Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы	11.4.3.1 Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау; 11.4.3.2 әлемдік білім және ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құрудың маңыздылығын бағалау; 11.4.3.3 Қазақстан Республикасы "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау
	Зерттеу жұмысы	Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.	

3-тарау. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру (төмендетілген оқу жүктемесімен). 1-параграф. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мазмұны

27. "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28.Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

29. "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

30. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

10-сыныпта:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) этникалық және әлеуметтік процестер;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан;

4) мәдениеттің дамуы.

11-сыныпта:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) саяси-құқықтық процестер;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы;

4) білім мен ғылымның дамуы.

31. "Өркениет: даму ерекшеліктері" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы;

2) Ұлы дала өркениеті;

3) Орталық Азия және әлемдік өркениет.

32. "Этникалық және әлеуметтік процестер" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қазақ халқының шығу тегінің бастауы;

2) дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы.

33. "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер;

2) Ұлы даланың көшпенді империялары;

3) қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет;

4) тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту.

34. "Мәдениеттің дамуы" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы;

2) кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті;

3) ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет.

35. "Өркениет: даму ерекшеліктері" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі;

2) дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері;

3) Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік- экономикалық дамуы.

36. "Саяси-құқықтық процестер" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы;

2) Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты.

37. "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың эволюциясы;

2) "Алаш" – қоғамдық ой және ұлттық идея;

3) "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы – XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негізі.

38. "Білім мен ғылымның дамуы" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы;

2) XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы;

3) қазіргі кезеңдегі Қазақстандық білім және ғылым жүйесі.

39. Оқыту мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

40. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

41. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) өзгеріс пен сабақтастық;

2) себеп пен салдар;

3) дәлел;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

42. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) "Өзгеріс пен сабақтастық" бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді; тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) "Себеп және салдар" бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді; тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) "Дәлел" бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтардың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

4) "Ұқсастық пен айырмашылық" бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) "Маңыздылық" бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) "Интерпретация" бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

43. 10-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы. "Орталық Азия" ұғымының тарихи және географиялық аспектілері. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы. Орталық Азия өркениеттері пайда болуының факторлары. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктері. Ұлы Дала өркениеті. "Ұлы Дала" ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі). Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктері. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті. Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығы және өзара байланысы. Ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсері. Орталық Азия және әлемдік өркениет. Орталық Азия халықтарының әлемдік материалдық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Орталық Азия халықтарының әлемдік рухани мәдениеттің дамуына қосқан үлесі.

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Қазақ халқының шығу тегі. "Антропогенез ", "этногенез", "этнос" ұғымдары. Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық процестер. Қазақ этносының қалыптасуы – көп ғасырларлық этникалық процестердің нәтижесі. Мәдени-генетикалық код - ұлттың негізі. Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы. Қазақтарда ру-тайпалық құрылым қалыптасуының тарихи шарттары. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының

эволюциясы. Туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызы. "Ауызша тарихнама", "шежіре", "ру", "тайпа", "ата-жұрт", "атамекен", "ел" ұғымы. Қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасыуының біріктіруші рөлі. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуі. "Ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдары. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың қызметі.

ғылымның дамуы. XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы зерттеулер. Зерттеушілердің Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесі. XIX ғасырда Қазақстанда оқу орындарының пайда болуы мен дамуы. XIX ғасырда -XX ғасырдың басында Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерінің ерекшеліктері. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. Сауатсыздықты жою. Мектептік, кәсіби және жоғары білім беру. Кеңестік білім беру жүйесінің реформалары. Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлі. Қазақстанның көрнекті ғалымдары. Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтары және қарама-қайшылықтары. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесінің дамуы: жетістіктері, проблемалары және болашағы. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жаңғыртылуы. Қазақстанның әлемдік білім және ғылым кеңістігіне кірігуі. Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы стратегиялары мен бағдарламалары. Қазақстан Республикасының "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасы. Қазақстан Республикасының инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдары. Зерттеу жұмысы: Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

66. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік санын көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.2 кодында "10" – сынып, " 2.1." – бөлім мен бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

1) 1- бөлім:

10-сынып Өркениет: даму ерекшеліктері	12-сынып Өркениет: даму ерекшеліктері
10.1.1.1 "Орталық Азия" түсінігін аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану	12.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу
10.1.1.2 әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу	12.1.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің ерекшеліктерін "тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі" , "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдарын пайдалана отырып анықтау
10.1.1.3 Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау	12.1.1.3 картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін классификациялау
10.1.2.1 картаны пайдаланып "Ұлы Дала" тарихи-географиялық аймағын анықтау	12.1.1.4 этнографиялық материалдар негізінде қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау
10.1.2.2 тарихи дерек көздерді талдау негізінде " Ұлы Дала" ұғымының мәнін түсіндіру	12.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу

10.1.2.3 Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру	12.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөліне талдау жасау
10.1.2.4 Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктерін сипаттау	12.1.2.3 сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесіндегі көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттау
10.1.2.5 Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдау	12.1.2.4 дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтау
10.1.2.6 "Өркениет" ұғымын айқындау критерийлерін пайдалана отырып, Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін сипаттау	12.1.3.1 Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономикалық жүйе", " дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалану
10.1.2.7 әртүрлі көзқарастарды талдау арқылы ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсерін бағалау	12.1.3.2 XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау
10.1.3.1 Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау	12.1.3.3 Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау
10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау	12.1.3.4 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау
11-сынып Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан.	
11.1.1.1 Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін "мемлекет", "билік", "саяси ұйым" ұғымдарын пайдалану	
11.1.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру	
11.1.1.3 Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау	
11.1.2.1 деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау	
11.1.2.2 ерте және дамыған ортағасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау	
11.1.2.3 түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау	
11.1.2.4 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу	
11.1.2.5 XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау	
11.1.3.1 Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау	
11.1.3.2 Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау	
11.1.3.3 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу	
11.1.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау	
11.1.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу	
11.1.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу	
11.1.4.4 Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін "автономдық кеңес республикасы", "кеңес одағы республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдалану	

11.1.4.5 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау
11.1.4.6 Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау
11.1.4.7 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып, Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау

2) 2-бөлім:

10- сынып Этникалық және әлеуметтік процестер	12- сынып Саяси-құқықтық процестер
10.2.1.1 Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдалану	12.2.1.1 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "аграрлық саясат", "көші-қон саясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдарын пайдалану
10.2.1.2 этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағында этногенездің кезеңдерін айқындау	12.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу
10.2.2.1 қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", " ата-жұрт", " ата-мекен", "ел" ұғымдарын пайдалану	12.2.1.3 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "депортация", "арнайы қоныстандырылғандар", "полиэтникалық қоғам", " ұлттық саясат", "интернационализм" ұғымдарын пайдалану
10.2.2.2 тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау	12.2.1.4 Кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін түсіндіру
10.2.2.3 қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар)	12.2.2.1 көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", "эмиграция", " иммиграция", "репатриант", "диаспора", "ирридента " ұғымдарын пайдалану
10.2.2.4 қазақ көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызын түсіндіру	12.2.2.2 Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру
10.2.2.5 қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін түсіндіру	12.2.2.3 мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау
10.2.2.6 қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін "ақсүйек", "қарасүйек" , "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдарын пайдалану	12.2.2.4 Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау
10.2.2.7 дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін түсіндіру	
10.2.2.8 туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде "мәдени-генетикалық код" ұғымын қолдану	
11 – сынып Мәдениеттің дамуы	
11.2.1.1 қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін "мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдарын пайдалану	

11.2.1.2 қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін анықтау; - Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын талдау
11.2.1.3 қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін "әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдарын пайдалану
11.2.1.4 қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде түсіндіру
11.2.1.5 дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу
11.2.1.6 типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау
11.2.1.7 қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтау
11.2.1.8 халықтың рухани -адамгершілік құндылықтарын сипаттайтын қазақ әдебиетінің маңызды жетістіктерін анықтау
11.2.1.9 фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау
11.2.2.1 Кеңестік дәуірдегі Қазақстанның мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды анықтау
11.2.2.2 кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай келе, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау
11.2.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау
11.2.3.2 халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру
11.2.3.3 ұлттық мәдениет туралы білімді қорытындылау
11.2.3.4 халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде "Туған жер" ұғымын қолдану

3) 3- бөлім:

12-сынып Қоғамдық саяси ойдың дамуы
12.3.1.1 ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау
12.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
12.3.1.3 қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын анықтау
12.3.1.4 қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зар-заман" өкілдерінің идеяларын түсіндіру
12.3.1.5 XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдау
12.3.2.1 "Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау
12.3.2.2 қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру
12.3.3.1 "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау
12.3.3.3 "Мәңгілік Ел" – патриоттық актісін" және "Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын" зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіру

4) 4- бөлім:

12- сынып Білім мен ғылымның дамуы
Білім алушылар:
12.4.1.1 әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау
12.4.1.2 ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу
12.4.2.1 XVIII ғасырдағы -XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын түсіндіру

12.4.2.2 XVIII ғасырдағы-XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің еңбектерін зерделеу негізінде Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалау
12.4.2.3 XIX-XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында оқу орындарының дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау
12.4.2.4 XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы білім беру мекемелерін қызметтік ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу
12.4.2.5 Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін "сауатсыздықты жою", "қызыл отау", "мұғалімдер институты", "мектептегі білім беру", "кәсіби білім беру", "жоғары оқу орындары" ұғымдарын пайдалану
12.4.2.6 Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау
12.4.2.7 Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлін анықтау
12.4.2.8 Кеңестік кезеңде ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалау
12.4.2.9 Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтарын және қарама-қайшылықтарын талдау
12.4.3.1 Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау
12.4.3.2 әлемдік білім мен ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құру маңыздылығын бағалау
12.4.3.3 Қазақстан Республикасының "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау

67. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

68. Осы оқу бағдарламасы Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттары мен өнер саласындағы мамандандырылған мектептерінің 10-11(12)-сыныптарына арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

69. Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін әр тақырыптық бөлім білім алушылардың зерттеу жұмысымен аяқталады. Ұзақ мерзімді жоспарда зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шеңберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

3-параграф. Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттары мен өнер саласындағы мамандандырылған мектептерінің 10-11(12)-сыныптарына арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырыптар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
			10.1.1.1 "Орталық Азия" түсінігін аймақтың тарихи және географиялық

Өркениет: даму ерекшеліктері	Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы	Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері	ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану
		Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы	10.1.1.2 әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу
		Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары	10.1.1.3 Орталық Азия өркениеттері нің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау
	Ұлы Дала өркениеті	"Ұлы Дала": тарихи-географиялық сипаттамасы	10.1.2.1 картаны пайдаланып "Ұлы Дала" тарихи-географиялық аймағын анықтау; 10.1.2.2 тарихи дерек көздерді талдау негізінде "Ұлы Дала" ұғымының мәнін түсіндіру
2-тоқсан			
Өркениет: даму ерекшеліктері	Ұлы Дала өркениеті	Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі)	10.1.2.3 Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру; 10.1.2.4 Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктерін сипаттау; 10.1.2.5 Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдау
		Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті	10.1.2.6 "Өркениет" ұғымын айқындау критерийлерін пайдалана отырып, Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін сипаттау; 10.1.2.7 әртүрлі көзқарастарды талдау арқылы ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсерін бағалау
			10.1.3.1 Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау

	Орталық Азия және әлемдік өркениет	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі	арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау; 10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау
	Зерттеу жұмысы. Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала		
3-тоқсан			
Этникалық және әлеуметтік процестер	Қазақ халқының шығу тегі	Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер	10.2.1.1 Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдалану; 10.2.1.2 этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін айқындау
	Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы	қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары	10.2.2.1 қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен", "ел" ұғымдарын пайдалану; 10.2.2.2 тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау; 10.2.2.8 туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде "мәдени-генетикалық код" ұғымын қолдану
4-тоқсан			
			10.2.2.3 қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар);

Этникалық және әлеумет тік процестер	Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы	Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктері	10.2.2.4 қазақ көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционал дық маңызын түсіндіру; 10.2.2.5 қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін түсіндіру
		Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері	10.2.2.6 қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін "ақсүйек", " қарасүйек", "хан", " сұлтан", "би", "батыр" ұғымдарын пайдалану; 10.2.2.7 дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін түсіндіру
	Зерттеу жұмысы. Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы		

2)11-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырыптар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
	Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер	Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы	11.1.1.1 Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін "мемлекет" , "билік", "саяси ұйым" ұғымдарын пайдалану; 11.1.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 11.1.1.3 Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау
			11.1.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 11.1.2.1 деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет

Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	Ұлы Дала көшпенділерінің империялары	Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері	құрылысындағы сабақтастықты анықтау; 11.1.2.2 ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау; 11.1.2.3 Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау
		Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері	11.1.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 11.1.2.4 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу; 11.1.2.5 XIII - XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау
2-тоқсан			
	Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет	Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі	11.1.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 11.1.3.1 Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау
		Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары	11.1.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 11.1.3.2 Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау;

			11.1.3.3 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу
Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы	Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі	11.1.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау; 11.1.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу ; 11.1.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу
		Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі	11.1.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 11.1.4.4 Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін "автономдық кеңес республикасы", "кеңес одағы республикасы", " унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдалану; 11.1.4.5 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау
		Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы	11.1.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 11.1.4.6 Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау; 11.1.4.7 мемлекеттік стратегиялар мен

			бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау
	Зерттеу жұмысы. Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы		
3-тоқсан			
Мәдениеттің дамуы	Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы	Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері	11.2.1.1 Қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін "мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдарын пайдалану; 11.2.1.2 қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін анықтау - Қазақстан аумағындағы тарихи-этнографиялық үдерістердің сабақтастығын талдау
		Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы	11.2.1.3 қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін "әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдарын пайдалану; 11.2.1.4 қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде түсіндіру
		Тарихи және мәдени ескерткіштер	11.2.1.5 дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу; 11.2.1.6 типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау
			11.2.1.7 Қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтау; 11.2.1.8 халықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын

		Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы	сипаттайтын қазақ әдебиетінің маңызды жетістіктерін анықтау; 11.2.1.9 фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау
4-тоқсан			
Мәдениеттің дамуы	Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті	Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар	11.2.2.1 Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттарды және жанрларды анықтау; 11.2.2.2 кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай отырып, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау
	Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет	Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы	11.2.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау; 11.2.3.2 халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру; 11.2.3.3 ұлттық мәдениет туралы білімді қорытындылау; 11.2.3.4 халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде " Туған жер" ұғымын қолдану
	Зерттеу жұмысы.Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды		

3)12-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
			12.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу;

Өркениет: даму ерекшеліктері	Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі	Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы	12.1.1.2 көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін " тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі", "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдарын пайдалана отырып анықтау; 12.1.1.3 картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін жіктеу
		Қолөнер мен кәсіптер	12.1.3.4 этнографиялық материалдардың қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау
	Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері	Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі	12.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу; 12.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін талдау
		Экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынас және өзара әсері	12.1.2.3 сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесінде көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттау; 12.1.2.4 дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтау
		XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы	12.1.3.1 Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", " жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалану; 12.1.3.2 XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын

	Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы		анықтаған факторларды талдау
		Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы	12.1.3.3 Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау; 12.1.3.4 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау
	Зерттеу жұмысы	Әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері	
2-тоқсан			
Саяси-құқықтық процестер	Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы	Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы)	12.2.1.1 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "аграрлық саясат", "көші-қонсаясаты", "моноэтностыққұрам" ұғымдарын пайдалану; 12.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу
		Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы	12.2.1.3 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "депортация", "арнайы қонысаударылғандар", "полиэтникалық қоғам", "ұлттық саясат", "интернационализм" ұғымдарын пайдалану; 12.2.1.2 Қазақстанда халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу; 12.2.1.4 Кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін түсіндіру;
			12.2.2.1 көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", "эмиграция", "иммиграция

		Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты	", "репатриант", " диаспора", "ирридента" ұғымдарын пайдалану; 12.2.2.2 Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру
	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі	12.2.2.3 мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау
		Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі	12.2.2.4 Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау
	Зерттеу жұмысы	Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры	
3-тоқсан			
	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы	Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы	12.3.1.1 Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау; 12.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
		Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы	12.3.1.3 Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын анықтау; 12.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
			12.3.1.4 Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи

Қоғамдық-саяси ойдың дамуы		"Зарзаман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары	тағдыры туралы " Зар-заман" өкілдерінің идеяларын түсіндіру; 12.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
		XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары	12.3.1.5 XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдау; 12.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
	"Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея	"Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері	12.3.2.1 "Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау
		"Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары	12.3.2.2 Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру; 12.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі	12.3.3.1 "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау
		Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары	12.3.3.2 "Мәңгілік Ел" идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығын анықтау; 12.3.3.3 "Мәңгілік Ел – патриоттық актісін" және "Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын" зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіру
	Зерттеу жұмысы	Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі	

4-тоқсан			
Білім мен ғылымның дамуы	Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы	Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы	12.4.1.1 әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау; 12.4.1.2 ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу
	XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы	XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы зерттеулер	12.4.2.1 XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын түсіндіру; 12.4.2.2 XVIII-XX ғасырдың басында зерттеушілердің еңбектерін зерделеу негізінде Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалау
		XIX - XX ғасырдың басында Қазақстандағы оқу орындарының қызметі	12.4.2.3 XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау; 12.4.2.4 XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерін қызметтік ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу
		Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары	12.4.2.5 Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін "сауатсыздықты жою", "қызыл отау", "мұғалімдер институты", "мектептегі білім беру", "кәсіби білім беру", "жоғары оқу орындары" ұғымдарын пайдалану; 12.4.2.6 Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау
			12.4.2.7 Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым

		Қазақ КСР Ғылым академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы	академиясының рөлін анықтау; 12.4.2.8 Кеңестік кезеңдегі ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалау; 12.4.2.9 Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтарын және қарама-қайшылықтарын талдау
	Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі	Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы	12.4.3.1 Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау; 12.4.3.2 әлемдік білім және ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құрудың маңыздылығын бағалау; 12.4.3.3 Қазақстан Республикасы "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау
	Зерттеу жұмысы	Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.	

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
119-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 119-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Дүниежүзі тарихы" пәнін оқыту өткен тарихты ұғыну және қазіргі әлемде өз орнын, азаматтық ұстанымын және оқиғалар мен құбылыстарға деген қарым-қатынасын анықтап, олардың мәні мен бағытын түсіну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған. Тарихты зерделеу патриотизмге тәрбиелеу, білім алушылардың бойында азаматтық-құқықтық сананың қалыптасуына, жалпы мәдениеттік даму, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы әлеуметтенуге септігін тигізеді.

3. Дүниежүзі тарихы пәнін оқу оқушылардың әр түрлі тарихи кезеңдегі әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі сұрақтары бойынша түсінік қалыптастыруды көздейді.

4. Оқу пәнінің мақсаты - дүниежүзі тарихының негізгі оқиғалары мен процестерін оқу негізінде тарихи санасы қалыптасқан, азаматтық-патриоттық қасиеттерге ие, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, тарихи білім мен дағдыларын оқу процесінде және әлеуметтік жағдайда белсенді әрі шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

5. Оқу пәнінің міндеттері:

1) тарихи кезеңдегі қоғамдағы негізгі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени мәселелер туралы білімдерді қалыптастыру;

2) тарихи кезеңдер бойы адамзат қалыптастырған патриотизмді, толеранттылықты, гуманистік ұғыптар мен демократиялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;

3) әлемдік-тарихи процесс туралы толық біртұтас білім қалыптастыру;

4) оқиғалар мен құбылыстарды тарихи себептілігі, салыстырмалылығы мен көзқарастар, тарихи оқиғалар және тұлғаларға баға беруде сыни тұрғыдан зерттеу барысында, өткен және қазіргі таңдағы пікірталастық мәселелерге білім алушы тарапынан өзіндік көзқарас білдіруді дамыту;

5) тарихи деректердің типтерімен жұмыс жасау, іздеу және тарихи материалды жіктеу дағдыларын дамыту;

6) деректерді қолдана отырып жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерді ұғыну үшін тарихи білімдері мен дағдыларын қолдана білу қабілетін дамыту;

8) коммукативтік дағдыларды дамыту: өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топта жұмыс жасау, деректерден алынған ақпараттарды пайдалану.

2-тарау. "Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің мазмұны

6. "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10- сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

2) 11- сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

10-сынып:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) этникалық және әлеуметтік процестер;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан;

4) мәдениеттің дамуы.

11-сынып:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) саяси-құқықтық процестер;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы;

4) білім мен ғылымның дамуы.

9. "Өркениет: даму ерекшеліктері" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады :

1) өркениет түсінігі және оның түрлері;

2) әлем өркениеттерінің тарихы;

3) өркениеттердің өзара әрекеттесуі.

10. "Этникалық және әлеуметтік процестер" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) антропогенез және этногенез;

2) әлем тарихындағы этносаралық қатынастар;

3) қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары.

11. "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер;

2) әлем тарихының барысына әсер еткен әскери-саяси оқиғалар;

3) революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде.

12. "Мәдениеттің дамуы." бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары;

2) өнер – қоғам дамуының бейнесі;

3) қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары.

13. "Өркениет: даму ерекшеліктері" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық;

2) мемлекеттердің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері;

3) қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі.

14. "Саяси-құқықтық процестер" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам;

2) әлемнің қазіргі саяси жүйесі;

3) қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі.

15. "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы;

2) XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер;

3) XX ғасырдағы- XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар.

16. "Білім мен ғылымның дамуы" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде;

2) ғылыми-техникалық прогресс;

3) қазіргі заманғы ғылыми технологиялар.

17. Оқыту мақсаттары әр тарау ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

18. "Дүниежүзі тарихы" пәні бойынша оқыту мақсаттары мен тәсілдерін тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) дәлел;

2) өзгеріс пен сабақтастық;

3) себеп пен салдар;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

19. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) "Дәлел" бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден , қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

2) "Өзгеріс пен сабақтастық" бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

3) "Себеп және салдар" бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды, ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

4) "Ұқсастық пен айырмашылық" бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) "Маңыздылық" бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) "Интерпретация" бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

20. 10-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Өркениет: зерттеудің теориялары мен тәсілдері. " Өркениет" түсінігі. "Өркениет" түсінігін зерттеудегі негізгі тәсілдер. Өркениеттердің жіктелуі. Өркениеттің дәстүрлі (аграрлы) түрі: отырықшы-егіншілік, көшпелі. Өркениет дамуының индустриалдық және постиндустриалдық кезеңдері. Қазіргі заманғы өркениеттің дамуына ақпараттық технологиялардың ықпалы. Әлем өркениеттерінің тарихы. Ежелгі әлем өркениеттері (Ежелгі Египет, Ежелгі Месопотамия, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан, Ежелгі Греция, Ежелгі Рим). Ежелгі діни наным-сенімдер (синтоизм, индуизм, иудаизм, зороастризм, манихейлік, даосизм). Ежелгі философиялық ілімдер (Платон, Сократ, Аристотель, Конфуций, Лао Цзы). Африка (бушмендер, нубийлер, Гана, Мали, Сунгай), Америка (майя, инктер, ацтектер) және Австралия мен Океанияның (полинезиялық, Таити аралының тайпалары, гавайлықтар) дәстүрлі өркениеттері. Әлемдік діндер және өркениеттің дамуы (буддизм,

христиандық, ислам). Қазіргі заманғы әлемдік діндердің даму тенденциялары. Қазіргі заманғы деструктивті діни ұйымдар мен ағымдар. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі. Өркениеттердің сауда-экономика саласындағы өзара әрекеттесулері (Ұлы жібек жолы, халықаралық ұйымдар: Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы(МЭЕҰ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) және тағы басқалар. Өркениеттердің дипломатиялық саладағы өзара әрекеттесулері. Дипломатия өркениеттердің өзара жақындасу факторы ретінде. Өркениеттердің өзара әрекеттесуінің әскери-саяси аспектісі (жаулаушылық соғыстар, отарлық экспансия, әскери-саяси одақтар, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыс, жергілікті қақтығыстар, этносаралық қақтығыстар). Мәдениеттер диалогі (мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара ықпалдары);

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Антропогенез және этногенез. Адамның пайда болуы туралы теориялар (діни, ғарыштық, эволюциялық). "Этнос", "этногенез", " ұлт" ұғымдары. Этностардың пайда болуына байланысты теориялар. Әлемнің этникалық картасы: өткен заман және қазіргі уақытта (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен ыдырауы, "ұлттық сана", этностардың ассимиляциясы, шағын этностардың проблемалары). Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар. Ұлтаралық қатынастар: мәселелер және қарама-қайшылықтар. Ұлтаралық қақтығыстардың себептері мен салдарлары (ұлтшылдық, шовинизм, нәсілдік кемсітушілік, нацизм). Этностардың бейбіт өзара әрекеттесуінің тәсілдері (халықаралық интеграция, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропа Одағы (ЕО), Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы(ТҮРКСОЙ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО), Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Қазақстан халқы Ассамблеясы және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары. Социогез туралы теориялардың әртүрлілігі (формациялық тәсіл, өркениеттік тәсіл және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары (қоғам ұйымдасуының қандық-туыстық, көршілік-аумақтық, макроэтникалық қағидалары). Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясы;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер. "Мемлекет", "билік", "басқару институты" ұғымдары . Мемлекеттің пайда болу теориялары (Аристотель, Платон, Конфуций, Ф. Аквинский, Н. Макиавелли, Дж. Локк, Т. Гоббс, Т. Джефферсон, Ф. Энгельс және тағы басқалар). Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін (монархия, республика, теократиялық мемлекеттер). Саяси режимдердің типтері (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық). Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери - саяси оқиғалар. Антикалық дәуірдегі әлемдік империяларының қалыптасуы (Парсы империясы, Александр Македонский империясы, Рим империясы). Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары Батыс Рим империясының ыдырауы мен антикалық кезеңінен

орта ғасырларға көшу процесінің бір факторы ретінде. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары (Араб халифаты мен кресшілер мемлекеттерінің құрылуы мен ыдырауы). Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының әсері (Моңғол империясы, Алтын Орда, Әмір Темір империясы, Мәскеу мемлекеті, Құбылай мемлекеті, Ильханат). Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері (капиталистік дамудың жеделдетілуі, Еуропада либералдық әлеуметтік идеялардың таратылуы). Дүниежүзілік соғыстар және халықаралық қатынастар жүйесі: Версаль - Вашингтон, Ялта - Потсдам жүйелері. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде. Буржуазиялық революциялар индустриалды қоғам қалыптасуының катализаторы ретінде (XVII ғасырдағы Ағылшын буржуазиялық революциясы, XVIII ғасырдағы Француз буржуазиялық революцияы, АҚШ-ғы тәуелсіздік үшін соғыс, Еуропадағы 1848 жылғы "ұлттар көктемі"). Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды тәсілі ретінде (1917 жылғы Қазан Социалистік революциясы, Қытайдағы 1946-1949 жылдардағы Азаматтық соғыс, 1959 жылғы Куба революциясы). Социалистік революциялар нәтижесіндегі қоғамдық құрылымының өзгеруі. Қазіргі заманның революциялары: себептері мен салдарлары (Шығыс Еуропадағы 1989-1990 жылдардағы "барқыт революциясы", Таяу Шығыстағы 2010-2011 жылдардағы "Араб көктемі", бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі "түрлі-түсті революциялар"). Қоғам проблемаларын революциялық жолмен шешудің салдарлары;

4) мәдениеттің дамуы. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалуға бағытталған ЮНЕСКО-ның қызметі . ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасының тізімі. Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы (Эрмитаж, Лувр, Британ мұражайы, Метрополитен, Жапония Ұлттық мұражайы, Египет мұражайы, Уффици галереясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы және тағы басқалар). Әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау барысындағы мұражайлардың рөлі. Өнер – қоғам дамуының көрінісі. Тарихи процестер аясындағы өнердің бағыттары мен стильдері (абстракционизм, модернизм, постмодернизм, авангардизм, футуризм, кубизм, сюрреализм, экспрессионизм, гиперреализм, хайтек стилі және тағы басқалар). Өнердің бағыттары мен стильдерінің дамуына қоғамдық процестердің тигізетін әсері. Қазіргі кездегі өнердің даму тенденциялары. Бұқаралық мәдениет және оның қазіргі қоғамға тигізетін әсері (кино, радио, теледидар, интернет, спорт, музыка, қазіргі заманғы әдебиет, қазіргі заманғы бейнелеу өнері). Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары. Жалпыадамзаттық моральдық құндылықтардың қалыптасуы (діни және философиялық идеялар, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, фольклор, дәстүрлі музыка мен әдебиет, отбасылық құндылықтар). Тарихи оқиғалар аясындағы құндылықтардың өзгеруі (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы). Қоғамның адамгершілік құндылықтарды қайта бағалауына ықпал еткен XX ғасырдың

тарихи оқиғалары. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі (прагматизм, рационализм, шектен тыс дарашылдық, нигилизм, конформизм, әлеуметтік апатия, тұтынушылық психология, діни фанатизм, неофашизм , бейресми жастар ұйымдары);

21. 11-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениеттер: даму ерекшеліктері. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері (" экономика" және "экономикалық жүйе" ұғымдары). Елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктері. Дәстүрлі (аграрлық) экономика. Нарықтық экономика (либералды экономика). Жоспарлы (социалистік) экономика. Аралас экономика. Табиғи және географиялық факторлардың мемлекеттердің экономикалық дамуына тигізетін әсері. Табиғи және географиялық факторларға байланысты елдердің экономикалық мамандандырылуы (Парсы шығанағы елдері, Канада, Австралия, Түркия, Бразилия және тағы басқалар). Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары (Жапония, Израиль, Сингапур, Малайзия және тағы басқалар). Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің біркелкі емес экономикалық даму мәселелері (бұрынғы отарлардың экономикалық дамуы, неоколониализм, шикізатқа бағытталған экономикалар). Мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлі;

саяси-құқықтық процестер. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемелекет ұғымы, принциптері мен қалыптасуының тарихи алғышарттары (мемлекеттік билікті бөлу принципі, заңның үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі). Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі (Адам мен азаматтың құқықтары туралы декларациясы, АҚШ-тың тәуелсіздік туралы декларациясы, АҚШ-та құлдықты жою туралы Заң, Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы). Азаматтық қоғамның түсінігі мен жалпы сипаттамасы (Үкіметтік емес ұйымдар, лоббизм, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар). Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің қазіргі заманғы даму тенденциялары. Үкіметтік емес ұйымдар және олардың азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы рөлі. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі. Халықаралық қатынастардағы Ялта-Потсдам жүйесінің ыдырау себептері. Әлемнің биполярлы жүйесінің ерешеліктері. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі. "Постбиполярлы жүйе", "көпвекторлы саясат", "бірполярлы әлем" ұғымдары. Халықаралық қатынастардың қазіргі замандағы тенденциялары. Қазіргі кезеңдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі кездегі қауіп-қатерлері (сепаратизм, ланкестік,

фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі, ірі мемлекеттердің қарсыласуы). Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттердің бірлескен әрекеттері. Халықаралық және аймақтық ұйымдары: Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), НАТО, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК), Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ) және тағы басқалар;

қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары (либерализм, ұлтшылдық, социал-демократия, марксизм, экзистенциализм, прагматизм, позитивизм). XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер. Бостандық пен азаматтық құқықтар үшін күрес. М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы (сатьяграха, свараджа, свадеши). Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы (нәсілдік кемсітушілік, сегрегация, азаматтық құқықтар үшін күрес). Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші (апартеид, азаматтық құқықтар). XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар. Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі. Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушысы (зайырлы мемлекет, этатизм). Франклин Делано Рузвельт және оның "жаңа бағыты". Ф. Рузвельттің бейбіт және соғыс кезіндегі ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта өрлеуі (голлизм, Бесінші республика). Дэн Сяопин – көрнекті Қытай реформаторы ("қытайлық ерекшелігі бар социализм", "бір ел – екі жүйе"). Ли Куан Ю, Махатхир Мохаммад: "үшінші әлемнен бірінші әлемге" ("экономикалық ғажайып", "азиялық серпініс", жаңа индустриалды елдер). Н.Ә.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі. "Қазақстан - 2030" , "Қазақстан - 2050" даму стратегиялары, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы. Мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығы.

білім мен ғылымның дамуы. Білім алу жалпы адамзаттық құндылық ретінде. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері (пиктография, иероглифтер, сына жазу, руникалық жазу, кітап бастыру және тағы басқалары). Мектептегі білім беру: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін (гимнасия, палестра, академия, спарталық мектеп, схоластика, жеті "еркін өнер", мектебтер, медреселер, жексенбілік мектептер, қолөнер мектептері және тағы басқалар). Мектептегі білім берудің заманауи модельдері. Жоғары білім беру жүйесі: тарих пен қазіргі кезең (Кордова, Прага, Оксфорд, Кембридж, Сорбонна университеттері және тағы басқалары). Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлі. Жоғарғы білім берудің заманауи модельдері. Ғылыми-техникалық прогресс. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері. "Өнеркәсіп төңкерісі", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдары. Қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Қазіргі кездегі ғылыми технологиялар. Қазіргі заманғы

ақпараттық технологиялар. Қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсері. Қазіргі ғылымның перспективалық салалары (робототехника, космонавтика, гендік инженерия).

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

22. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік санын көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.2 кодында "10" – сынып, " 2.1." – бөлім мен бөлімше, "2" – оқу мақсатының реттік саны.

1- бөлім:

10- сынып Өркениет: даму ерекшеліктері	11- сынып Өркениет: даму ерекшеліктері
Білім алушылар:	
10.1.1.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "өркениет", " өркениет типі" терминдерін қолдану	11.1.1.1 мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономика" және " экономикалық жүйе" ұғымдарын қолдану
10.1.1.2 "Өркениет" түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру	11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу
10.1.2.1 өркениеттің дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды түрінің ерекшеліктерін анықтау	11.1.1.3 мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін анықтау
10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшелітерін түсіндіру
10.1.3.1 ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін талдау	11.1.1.5 елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау
10.1.3.2 мемлекет пен қоғамның дамуы туралы ежелгі философиялық ілімдерді зерттеу	11.1.1.6 мемлекеттердің мысалында жоспарлы (социалистік) экономикаға тән белгілерін анықтау
10.1.3.3 локальді өркениеттердің ерекшеліктерін талдау	11.1.1.7 экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін зерттеу
10.1.3.4 әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау	11.1.2.1 экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің амалдарын зерттеу
10.1.3.5 қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын анықтау	11.1.2.2 қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдау
10.1.3.6 қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалау	11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау
10.1.4.1 себеп-салдарлық байланысты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау	11.1.3.2 өлшемшарттар негізінде мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу
10.1.4.2 әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтау	1.1.3.3 мемлекеттердің кедейшілік мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекетін зерттеп, оның тиімділігін анықтау

	11.1.3.4 мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау
10.1.4.3 қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау	
10.1.4.4 ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін түсіндіру	
10.1.4.5 қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын анықтау	

2- бөлім:

10- сынып Этникалық және әлеуметтік процестер	11-сынып Саяси-құқықтық процестер
Білім алушылар:	
10.2.1.1 антропогенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау	11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін " құқықтық мемелекет" ұғымын қолдану
10.2.1.2 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "этнос", "этногенез", "ұлт" ұғымдарын қолдану	11.2.1.2 мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдау
10.2.1.3 әлем картасын пайдалана отырып әртүрлі тарихи кезеңдердегі этникалық процестерді түсіндіру	11.2.1.3 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу
10.2.1.4 қазіргі кездегі ассимиляция мен саны аз этностардың жойылып кету себептерін анықтау	11.2.1.4 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесі дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін " азаматтық қоғам" ұғымын қолдану
10.2.1.5 жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени лікті сақтаудың маңыздылығын негіздеу	11.2.1.5 құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының байланысын анықтау
10.2.2.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "ұлтшылдық", " шовинизм", "нәсілдік кемсітушілік" терминдерін қолдану	11.2.1.6 мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау
10.2.2.2 ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын анықтау	11.2.2.1 Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау
10.2.2.3 ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін талдау	11.2.2.2 әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау
10.2.2.4 ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін дәлелдеу	11.2.2.3 қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін "постбиполярлық жүйе", " көпвекторлы саясат", "бір полярлы әлем" ұғымдарын қолдану
10.2.3.1 тарихи процестерді түсіндіру үшін " социогенез", "формациялық әдіс", "өркениеттік әдіс" ұғымдарын қолдану	11.2.2.4 қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау
10.2.3.2 социгенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау	11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін "сепаратизм", "терроризм", "фундаментализм", "экстремизм", "миграция", "босқындар" терминдерін қолдану

10.2.3.3 қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формаларын, оларға тән белгілерін анықтай отырып түсіндіру	11.2.3.2 сепаратизм, экстремизм және халықаралық лаңкестіктің таралу себептері мен салдарларын анықтау
10.2.3.4 қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттеу	11.2.3.3 бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау

3- бөлім:

10- сынып Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	11-сынып Қоғамдық-саяси ойдың дамуы
Білім алушылар:	
10.3.1.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін "мемлекет", "билік", "басқару институты" терминдерін қолдану	11.3.1.1 қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін "либерализм", "ұлтшылдық", "социал -демократия", "марксизм", "экзистенциализм", "прагматизм", "позитивизм" түсініктерін қолдану
10.3.1.2 деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып, салыстыру	11.3.1.2 қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалау
10.3.2.1 деректерді қолдана отырып грек-парсы соғыстарының мысалында ерте империялардың пайда болу процесін түсіндіру	11.3.1.3 XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттеу
10.3.2.2 эллинизмді таратудағы А.Македонскийдің жорықтарының рөлін бағалау	11.3.2.1 Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде "гандизм" ұғымын түсіндіру
10.3.2.3 халықтардың ұлы қоныс аударуының жағымды және жағымсыз салдарларын анықтау	11.3.2.2 Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыздылығын анықтау
10.3.2.4 тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өтудің заңдылығын тұжырымдау	11.3.2.3 АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "нәсілдік кемсітушілік", "сегрегация" ұғымдарын қолдану
10.3.2.5 дәйекті қорытындылар жасау арқылы араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының себептерін анықтау	11.3.2.4 азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау
10.3.2.6 моңғол шапқыншылығының Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесіне әсерін талдау	11.3.2.5 Оңтүстік Африка Республикасындағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "апартеид" ұғымын қолдану
10.3.2.7 әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып моңғол шапқыншылығының салдарларын бағалау	11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау
10.3.2.8 Наполеон соғыстары мен Еуропа мемлекеттеріндегі капиталистік дамудың ілгерілеуі арасындағы себеп-салдарлық байланысты орнату	11.3.3.2 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "этатизм", "зайырлы мемлекет" ұғымдарын қолдану
10.3.2.9 Наполеон Кодексінің Еуропадағы либералды қоғамдық идеялардың таралуындағы маңыздылығын бағалау	11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі туралы қорытындылар жасау
10.3.2.10 тарихи құжаттарды талдау негізінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын түсіндіру	11.3.3.4 бейбіт және соғыс кезеңіндегі Ф. Рузвельттің ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін анықтау
10.3.2.11 Версаль-Вашингтон және Ялта-Потсдам жүйелерінің тиімділігін және олардың қазіргі заманға әсерін бағалау	11.3.3.5 Франциядағы әлеуметтік-саяси процестерді түсіндіру үшін "голлизм" ұғымын қолдану

10.3.3.1 аграрлы қоғамнан индустриалды қоғамға өту заңдылықтарын тұжырымдау	11.3.3.6 Ш. Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын дәлелдеу
10.3.3.2 буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді түсіндіру	11.3.3.7 әлеуметтік-экономикалық процестерді түсіндіру үшін "қытайлық ерекшелігі бар социализм " ұғымын қолдану
10.3.3.3 социалисттік революцияның мәнін түсіну үшін әлеуметтік теңдік идеясының даму кезеңдерін зерттеу	11.3.3.8 Қытай Халық Республикасы мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің себептерін талдау
10.3.3.4 капитализмнен социализмге өтудің әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарттарын анықтау	11.3.3.9 тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы "экономикалық ғажайып " факторларын тұжырымдау
10.3.3.5 социалистік революциялардың нәтижесінде қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерін түсіндіру	11.3.3.10 Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру
10.3.3.6 Шығыс Еуропадағы "барқыт" революцияларының мазмұны мен нәтижелерін талдау	11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау
10.3.3.7 "араб көктемі" және "түрлі-түсті революциялардың" ішкі және сыртқы факторларын анықтау	11.3.3.12 "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" стратегияларының мысалында мемлекет дамуының ұзақ мерзімді жоспарының тиімділігін дәлелдеу
	11.3.3.13 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясын ұсынудың өзектілігін негіздеу

4-бөлім:

10- сынып Мәдениеттің дамуы	11-сынып Білім мен ғылымның дамуы
Білім алушылар:	
10.4.1.1 ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтап қалу жолдарын түсіндіру	11.4.1.1 тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктеу
10.4.1.2 ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің мысалында тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын анықтау	11.4.1.2 адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап бастыру ісінің маңыздылығын анықтау
10.4.1.3 әлемнің ең ірі мұражайларын зерттеп, ерекшеліктерін анықтау	11.4.1.3 адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттау
10.4.1.4 әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың рөлін түсіндіру	11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау
10.4.2.1 қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін " абстракционизм", "модернизм", "постмодер- низм", "авангардизм", "футуризм", "кубизм", "сюрреализм" , "экспрессионизм", "гиперреа- лизм", "хайтек" терминдерін қолдану	11.4.1.5 мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін , оның ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтай отырып салыстыру
10.4.2.2 өнердің стильдері мен бағыттарының дамуына қоғамдық процестердің әсерін анықтау	11.4.1.6 жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтай отырып зерттеу

10.4.2.3 әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтау	11.4.1.7 ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдау
10.4.2.4 өзгерістер пен сабақтастықтарды анықтай отырып, қазіргі кездегі өнердің даму тенденцияларын анықтау	11.4.1.8 заманауи жоғарғы білім беру үлгілерін салыстырып, артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау
10.4.2.5 бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін түсіндіріп, оның қазіргі қоғамға әсерін талдау	11.4.2.1 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін "өнеркәсіп революциясы", " ғылыми-техникалық революция" ұғымдарын қолдану
10.4.3.1 қоғамның тарихи даму контекстіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мысалдарын зерттеу	11.4.2.2 қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау
10.4.3.2 қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін анықтау	11.4.2.3 әлеуметтік-экономикалық процестердің ерекшеліктерін түсіндіру үшін "ғылыми-техникалық прогресс" ұғымын қолдану
10.4.3.3 қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарының маңызын түсіндіру	11.4.2.4 қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттеу
10.4.3.4 жаһанданудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін талдау	11.4.3.1 қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсерін зерттеу
	11.4.3.2 адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжау
	11.4.3.3 ғылымның заманауи тенденцияларының дамуын түсіндіру үшін "гендік инженерия", " нанотехнология", "энергияның балама көздері" ұғымдарын қолдану
	11.4.3.4 жаңа ғылыми бағытттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдау
	11.4.3.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлерінің дамуынның маңызын түсіндіру

23. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

24. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 -11 сыныптарына арналған "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 10-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			

Өркениет: даму ерекшеліктері	Өркениет түсінігі және оның түрлері	"Өркениет" түсінігі	10.1.1.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "өркениет", "өркениет типі" терминдерін қолдану; 10.1.1.2 "Өркениет" түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру
		Өркениеттің: дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды түрлері	10.1.2.1 өркениеттің дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды түрінің ерекшеліктерін анықтау; 10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау
	Әлем өркениеттерінің тарихы	Ежелгі әлем өркениеті	10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау; 10.1.3.1 ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін талдау
		Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері	10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау; 10.1.3.3 локальді өркениеттердің ерекшеліктерін талдау
		Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы	10.1.3.4 әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау; 10.1.3.6 қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалау
		Өркениеттер әрекеттестігінің сауда-экономикалық аясы	10.1.4.1 себеп-салдарлық байланыс ты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау; 10.1.4.2 әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдар дың рөлін анықтау

	Өркениеттер дің өзара әрекеттесуі	Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық аясы	10.1.4.3 қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау
		Өркениеттер әрекеттестігінің әскери-саяси аясы	10.1.4.4 ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін түсіндіру; 10.1.4.5 қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын анықтау
2-тоқсан			
Этника лық және әлеумет тік процестер	Антропогенез және этногенез	Адамның шығу тегі теориялары	10.2.1.1 антропогенездің теорияларын жүйелеу және тұжырымдау
		Этностардың пайда болуы және дамуы	10.2.1.2 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "этнос", " этногенез", "ұлт" ұғымдарын қолдану; 10.2.1.3 әлем картасын пайдалана отырып тарихи кезеңдердегі этникалық процестерді түсіндіру; 10.2.1.5 жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдениліктісақтаудың маңыздылығын негіздеу
	Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар	Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары	10.2.2.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін " ұлтшылдық", "шовинизм ", "нәсілдік кемсітушілік" терминдерін қолдану; 10.2.2.2 ұлтаралық қақтығыстар дың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын анықтау
			10.2.2.3 ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін талдау;

		Этносаралық қатынастар: бейбіт өзара әрекеттестік тәсілдері	10.2.2.4 ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін дәлелдеу
	Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары	Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі	10.2.3.1 тарихи процестерді түсіндіру үшін "социогенез", " формациялық әдіс", " өркениеттік әдіс" ұғымдарын қолдану; 10.2.3.2 социгенез теорияларын жүйелеу және тұжырымдау
		Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары	10.2.3.3 қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формаларын, оларға тән белгілерін анықтай отырып түсіндіру; 10.2.3.4 қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттеу
3 - тоқсан			
	Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер	Мемлекет түсінігі және саяси режимдердің түрлері	10.3.1.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін "мемлекет ", "билік", "басқару институты" терминдерін қолдану
			10.3.1.2 деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып, салыстыру
		Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы	10.3.2.1 деректерді қолдана отырып грек-парсы соғыстарының мысалында ерте империялардың пайда болу процесін түсіндіру; 10.3.2.2 эллинизмді таратуда А.Македонскийдің жорықтарының рөлін бағалау
			10.3.2.3 халықтардың ұлы қоныс аударуының

Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери -саяси оқиғалар	Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары ежелгі заманнан ортағасырларға өтудің бір факторы ретінде	жағымды және жағымсыз салдарларын анықтау; 10.3.2.4 тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өту заңдылығын тұжырымдау
		Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары	10.3.2.5 дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен мен крест жорықтарының себептерін анықтау
		Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының ықпалы	10.3.2.6 моңғол шапқыншылығы ның Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесіне әсерін талдау; 10.3.2.7 әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып моңғол шапқыншылығының салдарларын бағалау
		Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері	10.3.2.8 Наполеон соғыстары мен Еуропа мемлекеттеріндегі капиталистік дамудың ілгерілеуі арасындағы себеп-салдарлық байланысты орнату; 10.3.2.9 Наполеон Кодексінің Еуропадағы либералды қоғамдық идеялардың таралуындағы маңыздылығын бағалау
		XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстардың халықаралық қатынастар жүйесіне әсері	10.3.2.10 тарихи құжаттарды талдау негізінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын түсіндіру; 10.3.2.11 Версаль-Вашингтон және Ялта-Потсдам жүйелерінің тиімділігін және олардың қазіргі заманға әсерін бағалау

	Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде	Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы	10.3.3.1 аграрлы қоғамнан индустриалды қоғамға өту заңдылықтарын тұжырымдау; 10.3.3.2 буржуазиялық революция лардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді түсіндіру
		Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды әдісі ретінде	10.3.3.3 социалисттік революцияның мәнін түсіну үшін әлеуметтік теңдік идеясының даму кезеңдерін зерттеу; 10.3.3.4 капитализмнен социализмге өтудің әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарттарын анықтау
		Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары	10.3.3.6 Шығыс Еуропадағы "барқыт" революцияларының мазмұны мен нәтижелерін талдау; 10.3.3.7 "араб көктемі" және "түрлі-түсті революциялардың" ішкі және сыртқы факторларын анықтау
4 - тоқсан			
	Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары	Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі	10.4.1.1 ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын түсіндіру; 10.4.1.2 ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің мысалында тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын анықтау
		Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы	10.4.1.3 әлемнің ең ірі мұражайларын зерттеп, ерекшелік- терін анықтау ; 10.4.1.4 әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың рөлін түсіндіру;

Мәдениет тің дамуы	Өнер – қоғам дамуының бейнесі	Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері	10.4.2.1 қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін "абстракцианизм", "модернизм", "постмодернизм", "авангардизм", "футуризм", "кубизм", "сюрреализм", "экспрессионизм", "гиперреализм", "хайтек" терминдерін қолдану; 10.4.2.2 өнердің стильдері мен бағыттарының дамуына қоғамдық процестердің әсерін анықтау; 10.4.2.3 әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтау
		Зманауи өнердің даму тенденциялары	10.4.2.4 өзгерістер пен сабақтастықтарды анықтай отырып, қазіргі кездегі өнердің даму тенденцияларын анықтау; 10.4.2.5 бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін түсіндіріп, оның қазіргі қоғамға әсерін талдау
	Қазіргі қоғамның рухани-адамгер шілік құндылық тары	Тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі	10.4.3.1 қоғамның тарихи даму контекстіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеруінің мысалдарын зерттеу; 10.4.3.2 қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін анықтау
		Жаһандану жағдайындағы	10.4.3.3 қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру;

		рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі	10.4.3.4 жаһанданудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін талдау

2) 11-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Оқу мақсаттары. Білім алушылар тиісті:
1-тоқсан			
Өркениет: даму ерекшеліктері	Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық	Экономика және экономикалық жүйелердің типтері	11.1.1.1 мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономика" және " экономикалық жүйе" ұғымдарын қолдану; 11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу
		Дәстүрлі (аграрлық) экономика	11.1.1.3 мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін анықтау
		Нарықтық экономика	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшелітерін түсіндіру; 11.1.1.5 елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау
		Жоспарлы (социалистік) экономика	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру; 11.1.1.6 мемлекеттердің мысалында жоспарлы (социалистік) экономикаға тән белгілерін анықтау
		Экономиканың аралас түрі	11.1.1.7 экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін зерттеу
			11.1.2.1 экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық

	Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері	Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары	шектеуші факторларға төтеп берудің амалдарын зерттеу; 11.1.2.2 қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекет тердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдау
	Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау; 11.1.3.2 алғышарттардың негізінде мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу
		Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары	1.1.3.3 мемлекеттердің кедейшілік мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекетін зерттеп, оның тиімділігін анықтау; 11.1.3.4 мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау
2-тоқсан			
	Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	Құқықтық мемлекет түсінігі	11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін "құқықтық мемлекет" ұғымын қолдану
		Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі	11.2.1.2 мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдау; 11.2.1.3 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу
			11.2.1.4 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының

		Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы	қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін " азаматтық қоғам" ұғымын қолдану; 11.2.1.5 құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының тарихи байланысын анықтау
		Азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдар	11.2.1.6 мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау
Саяси-құқықтық процестер	Әлемнің қазіргі саяси жүйесі	Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі	11.2.2.1 Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау; 11.2.2.2 әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау
		Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі	11.2.2.3 қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін "постбиполярлық жүйе", "көпвекторлы саясат", "бір полярлы әлем" ұғымдарын қолдану; 11.2.2.4 қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау
	Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі	Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер	11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін " сепаратизм", "терроризм" , "фундаментализм", " экстремизм", "миграция", "босқын" терминдерін қолдану; 11.2.3.2 сепаратизм, экстремизм және халықаралық терроризмнің таралу себептері мен салдарларын анықтау
			11.2.2.4 тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму

		Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің бірлескен әрекеттері	тенденцияларын сипаттау ; 11.2.3.3 бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау
3 - тоқсан			
	Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы	Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары	11.3.1.1 қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін "либерализм", "ұлтшылдық", "социал-демократия", "марксизм", "экзистенциализм", "прагматизм", "позитивизм" түсініктерін қолдану; 11.3.1.2 қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалау; 11.3.1.3 XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттеу
	ХХ ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер	М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсылasу идеясы	11.3.2.1 Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде "гандизм" ұғымын түсіндіру; 11.3.2.2 Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсылasу идеяларының маңыздылығын анықтау
		Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы	11.3.2.3 АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "нәсілдік кемсітушілік", "сегрегация" ұғымдарын қолдану; 11.3.2.4 - азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау

Қоғамдық-саяси ойдың дамуы		Н. Манделла –апартеидке қарсы күресуші	11.3.2.4 азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азамат - тық позициясының маңыздылығын бағалау; 11.3.2.5 Оңтүстік Африка Республикасындағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "апартеид " ұғымын қолдану
	XX ғасырдағы – XXI ғасырдың. басындағы көрнекті саясаткер-реформатор лар	Мұстафа Кемал Ататүрік –Түрік Республикасының негізін қалаушы	11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау; 11.3.3.2 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "этатизм", "зайырлы мемлекет" ұғымдарын қолдану; 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытын-дылар жасау
		Франклин Делано Рузвельт және оның " жаңа бағыты"	11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау; 11.3.3.4 бейбіт және соғыс кезеңіндегі Ф. Рузвельттің ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін анықтау
		Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы	11.3.3.5 Франциядағы әлеуметтік-саяси процестерді түсіндіру үшін "голлизм" ұғымын қолдану; 11.3.3.6 Ш. Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын дәлелдеу
		Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы	11.3.3.7 әлеуметтік-экономикалық процестерді түсіндіру үшін "қытайлық ерекшелігі бар социализм " ұғымын қолдану; 11.3.3.8 ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан

			нарықтық экономикаға көшу себептерін талдау
		Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад: "үшінші әлемнен бірінші әлемге"	11.3.3.9 тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы "экономикалық ғажайып" факторларын тұжырымдау; 11.3.3.10 Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру
		Н. Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі	11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау; 11.3.3.12 "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" стратегияларының мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін дәлелдеу; 11.3.3.13 Қазақстан Республикасы ның Тұңғыш Президентінің " Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін негіздеу
4-тоқсан			
		Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері	11.4.1.1 тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктеу; 11.4.1.2 адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап бастыру ісінің маңыздылығын анықтау
			11.4.1.3 адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттау;

Білім мен ғылымның дамуы	Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде	Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін	11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау; 11.4.1.5 мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін, оның ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтай отырып салыстыру
		Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні	11.4.1.6 жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтай отырып зерттеу; 11.4.1.7 ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдау; 11.4.1.8 заманауи жоғары білім беру үлгілерін салыстырып, артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау
	Ғылыми-техникалық прогресс	Ғылыми-техникалық прогресстің тарихи кезеңдері	11.4.2.1 мемлекетердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін "өнеркәсіп революциясы", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдарын қолдану; 11.4.2.2 қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау;
		Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары	11.4.2.3 әлеуметтік-экономикалық процестердің ерекшеліктерін түсіндіру үшін "ғылыми-техникалық прогресс" ұғымын қолдану; 11.4.2.4 қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттеу

	Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар	Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар	11.4.3.1 қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсерін зерттеу; 11.4.3.2 адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжау
		Қазіргі ғылымның перспективті салалары	11.4.3.3 ғылымның заманауи тенденцияларының дамуын түсіндіру үшін "гендік инженерия", "нанотехнология", "энергияның балама көздері" ұғымдарын қолдану; 11.4.3.4 жаңа ғылыми бағыттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдау; 11.4.3.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлері дамуының маңызын түсіндіру

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
120-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 120-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Дүниежүзі тарихы" пәнін оқыту өткен тарихты ұғыну және қазіргі әлемде өз орнын, азаматтық ұстанымын және оқиғалар мен құбылыстарға деген қарым-қатынасын анықтап, олардың мәні мен бағытын түсіну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған. Тарихты зерделеу патриотизмге тәрбиелеу, білім алушылардың бойында азаматтық-құқықтық сананың қалыптасуына, жалпы мәдениеттік даму, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы әлеуметтенуге септігін тигізеді.

3. Дүниежүзі тарихы пәнін оқу оқушылардың әртүрлі тарихи кезеңдегі әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі сұрақтары бойынша түсінік қалыптастыруды көздейді.

4. Оқу пәнінің мақсаты – дүниежүзі тарихының негізгі оқиғалары мен процестерін оқу негізінде тарихи санасы қалыптасқан, азаматтық-патриоттық қасиеттерге ие, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, тарихи білім мен дағдыларын оқу процесінде және әлеуметтік жағдайда белсенді әрі шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

5. Оқу пәнінің міндеттері:

1) тарихи кезеңдегі қоғамдағы негізгі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени мәселелер туралы білімдерді қалыптастыру;

2) тарихи кезеңдер бойы адамзат қалыптастырған патриотизмді, толеранттылықты, гуманистік ұғыптар мен демократиялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;

3) әлемдік-тарихи процесс туралы толық біртұтас білім қалыптастыру;

4) оқиғалар мен құбылыстарды тарихи себептілігі, салыстырмалылығы мен көзқарастар, тарихи оқиғалар және тұлғаларға баға беруде сыни тұрғыдан зерттеу барысында, өткен және қазіргі таңдағы пікірталастық мәселелерге білім алушы тарапынан өзіндік көзқарас білдіруді дамыту;

5) тарихи деректердің типтерімен жұмыс жасау, іздеу және тарихи материалды жіктеу дағдыларын дамыту;

6) деректерді қолдана отырып жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерді ұғыну үшін тарихи білімдері мен дағдыларын қолдана білу қабілетін дамыту;

8) коммукативтік дағдыларды дамыту: өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топта жұмыс жасау, деректерден алынған ақпараттарды пайдалану.

2-тарау. "Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің мазмұны

6. "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

10-сынып:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) этникалық және әлеуметтік процестер;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан;

4) мәдениеттің дамуы.

11-сынып:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) саяси-құқықтық процестер;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы;

4) білім мен ғылымның дамуы.

9. "Өркениет: даму ерекшеліктері" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады :

1) өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері;

2) өркениеттердің жіктелуі;

3) әлем өркениеттерінің тарихы;

4) өркениеттердің өзара әрекеттесуі.

10. "Этникалық және әлеуметтік процестер" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) антропогенез және этногенез;

2) әлем тарихындағы этносаралық қатынастар;

3) қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары.

11. "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер;

2) әлем тарихының барысына әсер еткен әскери-саяси оқиғалар;

3) революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде.

12. "Мәдениеттің дамуы." бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары;

2) өнер – қоғам дамуының бейнесі;

3) қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары.

13. "Өркениет: даму ерекшеліктері" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық;

2) мемлекеттердің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері;

3) қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі.

14. "Саяси-құқықтық процестер" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам;

2) әлемнің қазіргі саяси жүйесі;

3) қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі.

15. "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы;

2) XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер;

3) XX ғасырдағы- XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар.

16. "Білім мен ғылымның дамуы" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде;

2) ғылыми-техникалық прогресс;

3) қазіргі заманғы ғылыми технологиялар.

17. Оқыту мақсаттары әр тарау ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

18. "Дүниежүзі тарихы" пәні бойынша оқыту мақсаттары мен тәсілдерін тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) дәлел;

2) өзгеріс пен сабақтастық;

3) себеп пен салдар;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

19. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) "Дәлел" бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік

қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден , қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

2) "Өзгеріс пен сабақтастық" бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

3) "Себеп және салдар" бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды, ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

4) "Ұқсастық пен айырмашылық" бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) "Маңыздылық" бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) "Интерпретация" бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

20. 10-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Өркениет: зерттеудің теориялары мен тәсілдері. " Өркениет" түсінігі. "Өркениет" түсінігін зерттеудегі негізгі тәсілдер. Өркениеттердің жіктелуі. Өркениеттің дәстүрлі (аграрлы) түрі: отырықшы-егіншілік, көшпелі. Өркениет дамуының индустриалдық және постиндустриалдық кезеңдері. Қазіргі заманғы өркениеттің дамуына ақпараттық технологиялардың ықпалы. Әлем өркениеттерінің тарихы. Ежелгі әлем өркениеттері (Ежелгі Египет, Ежелгі Месопотамия, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан, Ежелгі Греция, Ежелгі Рим). Ежелгі діни наным-сенімдер (синтоизм, индуизм, иудаизм, зороастризм, манихейлік, даосизм). Ежелгі философиялық ілімдер (Платон, Сократ, Аристотель, Конфуций, Лао Цзы). Африка (бушмендер, нубийлер, Гана, Мали, Сунгай), Америка (майя, инктер, ацтектер) және Австралия мен Океанияның (полинезиялық, Таити аралының тайпалары, гавайлықтар) дәстүрлі өркениеттері. Әлемдік діндер және өркениеттің дамуы (буддизм, христиандық, ислам). Қазіргі заманғы әлемдік діндердің даму тенденциялары. Қазіргі заманғы деструктивті діни ұйымдар мен ағымдар. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі. Өркениеттердің сауда-экономика саласындағы өзара әрекеттесулері (Ұлы жібек жолы, халықаралық ұйымдар: Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы(МЭЕҰ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (

ШЫҰ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) және тағы басқалар. Өркениеттердің дипломатиялық саладағы өзара әрекеттесулері. Дипломатия өркениеттердің өзара жақындасу факторы ретінде. Өркениеттердің өзара әрекеттесуінің әскери-саяси аспектісі (жаулаушылық соғыстар, отарлық экспансия, әскери-саяси одақтар, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыс, жергілікті қақтығыстар, этносаралық қақтығыстар). Мәдениеттер диалогі (мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара ықпалдары). Зерттеу жұмысы: Әлемдік тарих контекстіндегі өркениеттердің өзара әрекеттесу және өзара ықпалдасу тәсілдері.

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Антропогенез және этногенез. Адамның пайда болуы туралы теориялар (діни, ғарыштық, эволюциялық). "Этнос", "этногенез", " ұлт" ұғымдары. Этностардың пайда болуына байланысты теориялар. Әлемнің этникалық картасы: өткен заман және қазіргі уақытта (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен ыдырауы, "ұлттық сана", этностардың ассимиляциясы, шағын этностардың проблемалары). Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар. Ұлтаралық қатынастар: мәселелер және қарама-қайшылықтар. Ұлтаралық қақтығыстардың себептері мен салдарлары (ұлтшылдық, шовинизм, нәсілдік кемсітушілік, нацизм). Этностардың бейбіт өзара әрекеттесуінің тәсілдері (халықаралық интеграция, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропа Одағы (ЕО), Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы(ТҮРКСОЙ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО), Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Қазақстан халқы Ассамблеясы және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары. Социогез туралы теориялардың әртүрлілігі (формациялық тәсіл, өркениеттік тәсіл және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары (қоғам ұйымдасуының қандық-туыстық, көршілік-аумақтық, макроэтникалық қағидалары). Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясы. Зерттеу жұмысы: Әлем тарихындағы этникалық және әлеуметтік процестер;

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Құқық негіздері" оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

7. Оқу пәнінің білім мазмұны бес бөлімді қамтиды:

1) Мемлекет және құқық;

2) Жария құқық;

3) Жеке құқық;

4) Іс жүргізу құқығының негіздері;

5) Халықаралық құқық.

8. "Мемлекет және құқық" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Мемлекет және құқық туралы негізгі ұғымдар;

2) Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам;

3) Адам құқықтары түсінігі;

4) Сот төрелігінің қағидаттары. Құқық қорғау органдары.

9. "Жария құқық" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстан Республикасының конституциялық құқық жүйесі;

2) Әкімшілік құқық жүйесі;

3) Экологиялық құқық негіздері;

4) Қылмыстық құқық жүйесі;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі.

10. "Жеке құқық" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Азаматтық құқық жүйесі және оның негізгі институттары;

2) Тұтынушылар құқығы туралы заңнама;

3) Отбасы құқығы жүйесі;

4) Еңбек құқығы жүйесі.

11. "Іс жүргізу құқығының негіздері" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қылмыстық іс жүргізу құқығының негіздері;

2) Азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері;

3) Әкімшілік іс жүргізу құқығының негіздері.

12. "Халықаралық құқық" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Халықаралық жария құқығы;

2) Халықаралық құқықтағы адам құқықтарының қорғалуы.

13. "Мемлекет және құқық" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Заң шығару, құқықтық мәдениет, мемлекет қоғамның саяси жүйесінде;

2) Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуы;

3) Қазақстан Республикасында адам құқығын қорғау;

4) Сот жүйесі.

14. "Жария құқық" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстан Республикасындағы азаматтық және сайлау ;

2) Әкімшілік құқық бұзушылық түрлері;

3) Жер құқығы негіздері;

4) Қылмыстық құқық бұзушылық түрлері;

5) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік.

15. "Жеке құқық" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Азаматтық құқықтағы келісімшарттар мен міндеттемелердің жекелеген түрлері;

2) Тұтынушылар құқығының жүзеге асырылуы;

3) Авторлық құқық негіздері;

4) Отбасы құқығының институттары;

5) Еңбек құқығының базалық нормалары.

16. "Іс жүргізу құқығының негіздері" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қылмыстық іс жүргізу құқығының институттары;

2) Азаматтық іс жүргізу құқығының институттары;

3) Әкімшілік іс жүргізу құқығының институттары.

17. "Халықаралық құқық" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстан Республикасы - халықаралық құқық субъектісі.

18. Оқыту мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

19. 10-сыныпқа арналған "Құқық негіздері" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Мемлекет және құқық:

Мемлекет және құқық туралы негізгі ұғымдар.Құқықтың негізгі белгілері мен функциясы. Құқық жүйесі: саласы, құқықтық институт, құқықтық норма. Мемлекет құқықтың ерекше субъектісі: құқықтық нормаларды шығарушы және құқық субъектісі ретінде. Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам.Құқықтық мемлекет түсінігі және оның қағидаттары. Азаматтық қоғам түсінігі, оның негізгі элементтері мен институттары.Адам құқықтары түсінігі. Адам құқығы түсінігі және оның негізгі түрлері. Сот төрелігінің қағидаттары. Құқық қорғау органдары.Сот төрелігінің қағидаттары. Қазақстан Респбликасының құқық қорғау органдары: ішкі істер министирлігі, прокуратура, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдары.

2) Жария құқық. Қазақстан Республикасының конституциялық құқық жүйесі.Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының институттары: Президент, Парламент, Үкімет, Соттар және сот төрелігі, Конституциялық кеңес, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару.Әкімшілік құқық жүйесі. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық реттелуі: салалық және аймақтық басқару. Экологиялық құқық негіздері. Экологиялық құқықтың құқықтық

реттелу түсінігі мен нысаны.Қылмыстық құқық жүйесі. Қылмыстық құқықтың мазмұны мен құрылымы. Қылмыстық құқық бұзушылық және қылмыстық жауапкершілікке тартылатын тұлғалар. Қылмыстық жаза түсінігі және одан босату шарттары.Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған құқықтық және саяси актілер: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

Жеке құқық.

Азаматтық құқық жүйесі және оның негізгі институттары. Азаматтық құқықтың қағидаттары мен субъектілері. Азаматтық құқықтың объектілері. Мәміле түсінігі және оның түрлері. Меншік құқығы түсінігі және оның қорғалуы. Міндеттемелік құқық.Тұтынушылар құқығы туралы заңнама.Қазақстан Республикасында тұтынушылар құқықтарының заңды түрде бекітілуі. Отбасы құқығы жүйесі.Қазақстан Республикасындағы отбасы құқығының қайнар көздері. Қазақстан Республикасында отбасылық қарым-қатынастардың құқықтық реттелуі.Еңбек құқығы жүйесі. Қазақстан Республикасында еңбек қатынастарының құқықтық реттелуі.

Іс жүргізу құқығының негіздері.

Қылмыстық іс жүргізу құқығының негіздері. Қылмыстық процестің міндеттері мен қағидаттары. Қылмыстық процесс субъектілері. Қылмыстық іс жүргізу құқығындағы сот талқылауы негіздері: қылмыстық процестегі субъектілердің функционалдық рөлдері. Азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері. Азаматтық процестің міндеттері мен қағидаттары. Азаматтық процесстің субъектілері.Әкімшілік іс жүргізу құқығының негіздері. Әкімшілік процесс түсінігі, міндеттері мен қағидаттары.

Халықаралық құқық.

Халықаралық жария құқығы.Халықаралық жария құқығы түсінігі. Негізгі мемлекет субъектілері, халықаралық ұйымдар. Халықаралық құқықтағы адам құқықтарының қорғалуы.Қазіргі халықаралық құқықта адам құқықтарын қорғау механизмдері мен процедуралары.

20. 11-сыныпқа арналған "Құқық негіздері" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Мемлекет және құқық.

Заң шығару, құқықтық мәдениет, мемлекет қоғамның саяси жүйесінде.Заң шығару жүйесі: құқықтық актілердің құрылымы мен заң шығарудың кезеңдері. Заңдылық және құқықтық тәртіп. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет. Мемлекет қоғамның саяси жүйесінде.Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуы.Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарының дамуы. Қазақстан Республикасында адам құқығын

қорғау. Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы. Қазақстан Республикасындағы ювеналды юстиция: жасөспірімнің құқығын қорғау. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар құқықтарының қорғалуы және жүзеге асырылуы. Сот жүйесі. Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі.

2) Жария құқық.

Қазақстан Республикасындағы азаматтық және сайлау. Қазақстан Республикасының азаматтылығы. "Қан құқығы" және "Топырақ құқығы" қағидаттары. Қазақстан Республикасындағы сайлау құқығы. Сайлаушы, сайлау коммиссиясы, бақылаушы.Әкімшілік құқық бұзушылық түрлері. Қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық түрлері. Жер құқығы негіздері. Жер құқығының құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны. Жер және жер қойнауы түсініктерінің заңды айырмашылықтары.Қылмыстық құқық бұзушылық түрлері. Адам және азаматтардың конституциялық және басқа да құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылық. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік.

3) Жеке құқық.

Азаматтық құқықтағы келісімшарттар мен міндеттемелердің жекелеген түрлері. Сату-сатып алу келісімшарты. Айырбас және сыйға тарту келісімшарты. Жалға беру келісімшарты. Тұрғын үйді жалдау. Қарыз келісімшарты. Сақтандыру келісімшарты. Мұрагерлік құқық. Тұтынушылар құқығының жүзеге асырылуы. Қазақстан Республикасындағы тұтынушылар құқығын қорғау механизмдері. Авторлық құқық негіздері. Авторлық және сабақтас құқықтың құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны. Отбасы құқығының институттары. Отбасы. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттемелері. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балалардың құқығы мен мүддесін қорғау түрлері. Отбасы мүшелерінің алименттік міндеттемелері. Еңбек құқығының базалық нормалары. Еңбек қарым-қатынасы субъектілерінің құқықтары мен міндеттемелері және олардың мемлекеттік кепілдіктері. Еңбек дауларының қаралуы.

4) Іс жүргізу құқығының негіздері.

Қылмыстық іс жүргізу құқығының институттары. Қылмыстық қудалау – қылмыстық іс жүргізу құқығының институты. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша іс жүргізу. Алқабилер соты ұғымы және оның қызметінің негіздері. Азаматтық іс жүргізу құқығының институттары. Талап қою іс жүргізуінің негіздері. Азаматтық іс жүргізу құқығындағы соттық талқылаудың негіздері. Әкімшілік

іс жүргізу құқығының институттары. Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді қарастыратын уәкілетті органдар. Әкімшілік іс жүргізу құқығындағы соттық талқылаудың негіздері;

5) Халықаралық құқық.

Қазақстан Республикасы – халықаралық құқық субъектісі. Қазақстан халықаралық ұйымдардың қатысушысы. Халықаралық актілер негізінде Қазақстан Республикасы азаматтары құқығының жүзеге асырылуы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

21. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік санын көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.2 кодында "10" – сынып, " 2.1." – бөлім мен бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

1) Мемлекет және құқық:

Білім алушылар:	
10-сынып	11-сынып
10.1.1.1 - құқық белгілерін қорытындылай отырып, ұғымын түсіндіру	11.1.1.1 - нормативтік құқықтық актілердің негізгі элементтерін анықтау
10.1.1.2 - құқықтың функционалдық маңызын нақты мысалдар арқылы ашу	11.1.1.2 - нормативтік құқықтық актілердің әзірленуі , қабылдануы мен күшіне ену процесін зерттеу
10.1.1.3 - құқық жүйесі және оның негізгі элементтерін түсіндіру (құқық нормалары, сала, ішкі сала, құқықтық институт)	11.1.1.3 - заңдылық пен құқықтық тәртіп ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру
10.1.1.4 - мемлекетті құқық және құқықтық қатынастың негізгі субъектісі ретінде анықтау	11.1.1.4 - заңдарды білу және оларды орындаудың әлеуметтік пайдалылығы мен қажеттілігін түсіндіру
	11.1.1.5 - қазақстандық қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементін анықтау
10.1.2.1 - құқықтық мемлекет принциптерін айқындау	11.1.2.1 - Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық актілері (Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 жарлы-ғы), Адам құқық-тары және заңның үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 258 қаулысы) негізінде құқықтық мемлекеттің принциптерінің жүзеге асырылуын түсіндіру
10.1.2.2 - конституциялық принциптер негізінде азаматтық қоғамның элементтері мен институттарын ажырату	11.1.2.2 - Қазақстан Республикасының азаматтық қоғамының негізгі функционалдық қажеттілігін түсіндіру
10.1.3.1 - тұлғаның құқықтық мүмкіндіктері түсінігін көрсете отырып, адамның құқығы мен бостандығы ұғымдарын түсіндіру	11.1.3.1 - нақты мысал келтіре отырып, Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың құқығы мен бостандықтарын қорғау механизмін түсіндіру

10.1.3.2 - адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жіктеу (саяси, азаматтық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени)	11.1.3.2 - азаматтардың құқығын қорғайтын (адвокат , медиатор және тағы басқалардың) тұлғалардың функциялары мен құқықтық мәртебесін анықтау
10.1.3.3 - адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттардың маңыздылығын бағалау (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Экономикалық, әлеуметтік және және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт)	11.1.3.3 - Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау механизмдерін нақты жағдаяттар мысалында түсіндіру
	11.1.3.4 - Қазақстан Республикасындағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын жүзеге асыру және қорғау механизмдерін нақты жағдаяттар мысалында түсіндіру
10.1.4.1 - сот төрелігінің принциптерін нақты мысалдар келтіре отырып түсіндіру	11.1.4.1 - сот жүйесі элементтерін анықтау және оны графикалық түрде көрсету
10.1.4.2 - Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының функциялары мен құқықтық мәртебесін анықтау	11.1.4.2 - судьялар мәртебесі және олардың қызметінің кепілдемесін ашып көрсету

2) Жария құқық.

Білім алушылар:	
10-сынып	11-сынып
10.2.1.1 - Конституциялық құқық институт тарын құқықтық норма жүйесі ретінде түсіндіру	11.2.1.1 - азаматтық ұғымын ашып көрсету
10.2.1.2 - Конституциялық құқықтың қайнар көздерін анықтау және олардың міндеттерін түсіндіру (Конституция, Конституциялық заңдар, Конституциялық Кеңестің актілері және тағы басқалар)	11.2.1.2 - қазақстандық азаматтықты алу және азаматтықтан айырылудың негіздемелерін нақты мысалдар арқылы түсіндіру
	11.2.1.3 – Қазақстан Республикасы сайлаушыларының және сайлау процесінің басқа да субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау
10.2.2.1 - мемлекеттік басқарудың құқықтық реттелу ерекшеліктерін графикалық сызба құру арқылы түсіндіру	11.2.2.1 Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық нормаларына сәйкес тұлғалардың әрекетін саралау
10.2.3.1 - экологиялық құқықтың құқықтық реттеу ұғымы мен нысанын түсіндіру	11.2.3.1 - жер құқығының құқықтық реттеу ұғымы мен нысанын түсіндіру
10.2.3.2 - Экологиялық кодекс негізінде өзекті экологиялық проблемаларды шешудің құқықтық жолдарын ұсыну	11.2.3.2 - Қазақстан Республикасының Жер кодексі негізінде жерге меншік құқығы, пайдалану құқығы, және басқа да құқық түрлерін ажырату
10.2.4.1 - Қылмыстық кодекстің мазмұны мен құрылымын анықтау	11.2.4.1 - Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық нормаларына сәйкес тұлғалардың әрекетін саралау
10.2.4.2 - нақты өмірлік жағдаяттарды қылмыстық құқық нормаларына сәйкестендіру	
10.2.4.3 - нақты мысалдар арқылы қылмыстық теріс қылық пен қылмысты қоғамдық қауіптілік дәрежесіне сәйкес сипаттау	

10.2.4.4 - кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту ерекшеліктерін құқықтық жағдаят мысалында анықтау	
10.2.4.5 - жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып, қылмыстық құқық бұзушылықты бағалау	
10.2.4.6 - қылмыстық жауаптылықтан адамның босатылу шарттарын айқындау	
10.2.5.1 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалық саяси және құқықтық актілердің негізгі ережелерін түсіндіру	11.2.5.1 - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты басқа құқық бұзушылық түрлерінен (заңсыз сыйақы алу, алаяқтық) ажырату
10.2.5.2 - нақты жағдаяттарды талдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңның негізгі ережелерін пайдалану	11.2.5.2 – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау

3) Жеке құқық.

Білім алушылар:	
10-сынып	11-сынып
10.3.1.1 – Қазақстан Республикасы азаматтық құқығының қайнар көздерін түсіндіру (Азаматтық кодексі, заңдар, заңға тәуелді актілер, Азаматтық кодексін толықтыратын және нақтылайтын ережелер)	11.3.1.1 - келісімшарттың ерекше белгілерін айқындай отырып мазмұнын түсіндіру
10.3.1.2 - азаматтық құқық субъектілерін анықтау	11.3.1.2 - келісімшарттың негізгі шарттарын нақты мысалдар арқылы түсіндіру
10.3.1.3 - азаматтық құқық объектілерін олардың елеулі белгілері бойынша ажырата білу	11.3.1.3 - мұрагерлік құқықтың құқықтық реттелу ұғымы мен нысанын түсіндіру
10.3.1.4 - нақты мысал негізінде жеке мүліктік емес құқықтардың ерекшеліктерін анықтау	
10.3.1.5 - құқықтық жағдаят мысалында мәміле ұғымы және оның түрлерін түсіндіру	
10.3.1.6 - мысалдар келтіре отырып, меншік құқығы ұғымы және оның негізгі өкілеттілігін түсіндіру	
10.3.1.7 - құқықтық жағдаятты (казусты) талдай отырып, меншік құқығын қорғау жолдарын түсіндіру	
10.3.1.8 - заң терминдерін пайдаланып, міндеттемелік құқықтың мәнін ашу	
10.3.1.9 - міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін құқықтық жағдаятты талдай отырып анықтау	
10.3.2.1 – Қазақстан Республикасы тұтынушылар құқығы туралы заңына сәйкес құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау	11.3.2.1 - қылмыстық, әкімшілік, азаматтық кодекстердің жеке нормаларын қолдана отырып, тұтынушылар құқығын қорғау механизмдерін түсіндіру
10.3.2.2 - заң терминдерін пайдалана отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын нақты жағдаяттық мысалдармен (казустармен) түсіндіру	11.3.2.2 - нақты мысалдар келтіре отырып сатушы (өндіруші, орындаушы) және басқа да жұмысты орындаушы (қызмет көрсету) тұлғалардың құқығы мен міндеттерін анықтау

10.3.3.1 - отбасылық қарым-қатынастар саласын дағы нормативтік құқықтық актілердің қажетті лігін түсіндіру ("Қазақстан Республикасының неке және отбасы туралы кодексі", "Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңы")	11.3.3.1 - авторлық және сабақтас құқықтарды құқықтық реттеу ұғымы мен нысанын түсіндіру
10.3.3.2 - Қазақстан Республикасының отбасылық қарым-қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру	
10.3.3.3 - әртүрлі өмірлік жағдайларда балалар құқықтарының жүзеге асырылуын зерттеу	
10.3.4.1 - Қазақстан Республикасының еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру	
	11.3.4.1 - ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын нақты мысалдар арқылы түсіндіру
	11.3.4.2 - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығысыз қалған балалардың құқығы мен мүддесін қорғау формаларын айқындау
	11.3.4.3 - алименттік қатынастардың субъектілерін және алименттік қатынастардың пайда болу негіздерін құқықтық жағдаяттар мысалында анықтау
	11.3.5.1 - еңбек құқығын қамтамасыз ету тәсілдерінің тиімділігін құқықтық жағдаяттар мысалында бағалау
	11.3.5.2 - кәмелетке толмағандардың еңбек құқығын жүзеге асыруын зерттеу
	11.3.5.3 - жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарастыру механизмдерін құқықтық жағдаяттар мысалында анықтау

4) Іс жүргізу құқығының негіздері.

Білім алушылар:	
10-сынып	11-сынып
10.4.1.1 - қылмыстық процестің негізгі міндеттері мен принциптерін түсіндіру	11.4.1.1 - қылмыстық қудалауды жүзеге асыру шарттарын түсіндіру
10.4.1.2 - қылмыстық процесс субъектілерін ажырату	11.4.1.2 - кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін айқындау
10.4.1.3 - Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес сот талқылауының негіздері бойынша білімін шығармашылық түрде көрсету	11.4.1.3 - Қазақстан Республикасының алқабилер соты қызметінің құқықтық негіздерін анықтау
10.4.2.1 - азаматтық процестің негізгі міндеттері мен принциптерін талдау	11.4.2.1 - талап қою шарттарын түсіндіру
10.4.2.2 - азаматтық процестің субъектілерін ажырату	11.4.2.2 - талап қою арызын оның мазмұны мен формасына қойылатын шарттарға сәйкес құрастыру
	11.4.2.3 - Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес соттың істі қарау негіздері

10.4.2.3 - кәмелетке толмағандардың азаматтық процеске қатысу ерекшеліктерін анықтау	мен ерекшеліктері бойынша білімдерін шығармашылық түрде көрсету
10.4.3.1 - әкімшілік процесс ұғымын, оның міндеттері мен принциптерін түсіндіру	11.4.3.1 - әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді қарастыратын уәкілеттті органдардың (лауазымды тұлғалардың) құзыретін құқықтық жағдаяттар мысалында ажырата білу
10.4.3.2 - әкімшілік процесті жүзеге асырудың құқықтық негіздерін анықтау	11.4.3.2 - әкімшілік құқық бұзушылық бойынша соттың істі қарау ерекшеліктері туралы білімдерін шығармашылық түрде көрсету

5) Халықаралық құқық.

10-сынып	11-сынып
10.5.1.1 - халықаралық жария құқық ұғымын түсіндіру және оның реттейтін қоғамдық қатынастар салаларын анықтау	11.5.1.1 - Қазақстан Республикасы таныған халықаралық құқықтың қайнар көздері негізінде Қазақстан Республикасының халықаралық құқығы мен міндеттемелерін түсіндіру
10.5.2.1 - қазіргі халықаралық құқықтағы адам құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын органдар мен ұйымдарды анықтау	11.5.1.2 - Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде адам құқығы, еңбек қатынастары, білім беру салалалары бойынша құқықтарын жүзеге асыруын халықаралық актілер негізінде зерттеу

22. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

23. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған "Құқық негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 -11-сыныптарына арналған "Құқық негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 10 сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырыптар	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар тиісті:
1-тоқсан			
	Мемлекет және құқық туралы негізгі ұғымдар	Құқықтың негізгі белгілері мен функциясы	10.1.1.1 - құқық белгілерін қорытындылай отырып ұғымын түсіндіру; 10.1.1.2 - құқықтың функционалдық маңызын нақты мысалдар арқылы ашу
			10.1.1.3 - құқық жүйесі және оның негізгі элементтерін түсіндіру (құқық нормалары, сала, ішкі сала, құқықтық институт);

Мемлекет және құқық		Құқық жүйесі. Мемлекет құқықтың ерекше субъектісі ретінде	10.1.1.4 - мемлекетті құқық және құқықтық қатынастың негізгі субъектісі ретінде анықтау
	Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам	Құқықтық мемлекет түсінігі және оның принциптері	10.1.2.1 - құқықтық мемлекеттің принциптерін айқындау;
		Азаматтық қоғам түсінігі, оның негізгі элементтері мен институттары	10.1.2.2 - конституциялық принциптер негізінде азаматтық қоғамның элементтері мен институттарын ажырату;
	Адам құқықтары түсінігі	Адам құқығы түсінігі және оның негізгі түрлері	10.1.3.1 - тұлғаның құқықтық мүмкіндіктері түсінігін көрсете отырып, адамның құқығы мен бостандығы ұғымдарын түсіндіру; 10.1.3.2 - адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жіктеу (саяси, азаматтық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени); 10.1.3.3 - адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттардың маңыздылығын бағалау (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Экономикалық, әлеуметтік және және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт)
	Сот төрелігінің принциптері. Құқық қорғау органдары	Сот төрелігінің принциптері	10.1.4.1 - сот төрелігінің принциптерін нақты мысалдар келтіре отырып түсіндіру
		Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары	10.1.4.2 - Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының функциялары мен құқықтық мәртебесін анықтау

2-тоқсан			
Жария құқық	Қазақстан Республикасының конституциялық құқық жүйесі	Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының институттары	10.2.1.1 - Конституциялық құқық институт тарын құқықтық норма жүйесі ретінде түсіндіру; 10.2.1.2 - Конституциялық құқықтың қайнар көздерін анықтау және олардың міндеттерін түсіндіру (Конституция, Конституциялық заңдар, Конституциялық Кеңестің актілері және тағы басқалар)
	Әкімшілік құқық жүйесі	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық реттелуі	10.2.2.1 - мемлекеттік басқарудың құқықтық реттелу ерекшеліктерін графикалық сызба құру арқылы түсіндіру
	Экологиялық құқық негіздері	Экологиялық құқықтың құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны	10.2.3.1 - экологиялық құқықтың құқықтық реттеу ұғымын және нысанын түсіндіру; 10.2.3.2 - экологиялық кодекс негізінде өзекті экологиялық проблемаларды шешудің құқықтық жолдарын ұсыну
	Қылмыстық құқық жүйесі	Қылмыстық кодекс қылмыстық құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде	10.2.4.1 - қылмыстық кодекстің мазмұны мен құрылымын анықтау; 10.2.4.2 - нақты өмірлік жағдаяттарды қылмыстық құқық нормаларына сәйкестендіру
		Қылмыстық құқық бұзушылық және қылмыстық жауапкершілік ке тартылатын тұлғалар	10.2.4.3 - нақты мысалдар арқылы қылмыстық теріс қылық пен қылмысты қоғамдық қауіптілік дәрежесіне сәйкес сипаттау; 10.2.4.4 - кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту ерекшеліктерін құқықтық жағдаят мысалында анықтау

		Қылмыстық жаза түсінігі және одан босату шарттары	10.2.4.5 - жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып қылмыстық құқық бұзушылықты бағалау; 10.2.4.6 - адамның қылмыстық жауаптылықтан босатылу шарттарын айқындау
	Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі	Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған құқықтық және саяси актілер	10.2.5.1 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалық-саяси және құқықтық актілердің негізгі ережелерін түсіндіру; 10.2.5.2 - нақты жағдаяттарды талдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңның негізгі ережелерін пайдалану
3-тоқсан			
	Азаматтық құқық жүйесі және оның негізгі институттары	Азаматтық құқықтың принциптері мен субъектілері	10.3.1.1 - Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының қайнар көздерін түсіндіру (Азаматтық кодексі, заңдар, заңға тәуелді актілер, Азаматтық кодексін толықтыратын және нақтылайтын ережелер); 10.3.1.2 - азаматтық құқық субъектілерін анықтау
		Азаматтық құқықтың объектілері	10.3.1.3 - азаматтық құқық объектілерін олардың елеулі белгілері бойынша ажырата білу; 10.3.1.4 - нақты мысал негізінде жеке мүліктік емес құқықтардың ерекшеліктерін анықтау
		Мәміле түсінігі және оның түрлері	10.3.1.5 - құқықтық жағдаят мысалында мәміле ұғымын және оның түрлерін түсіндіру
			10.3.1.6 - мысалдар келтіре отырып, меншік құқығы ұғымын және

Жеке құқық		Меншік құқығы түсінігі және оның қорғалуы	оның негізгі өкілеттілігін түсіндіру; 10.3.1.7 - құқықтық жағдаятты (казусты) талдай отырып, меншік құқығын қорғау жолдарын түсіндіру
		Міндеттемелік құқық	10.3.1.8 - заң терминдерін пайдаланып, міндеттемелік құқықтың мәнін ашу; 10.3.1.9 - міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін құқықтық жағдаятты талдай отырып анықтау
	Тұтынушылар құқығы туралы заңнама	Қазақстан Республикасында тұтынушылар құқықтарының заңды түрде бекітілуі	10.3.2.1 - Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқығы туралы заңына сәйкес құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау; 10.3.2.2 - заң терминдерін пайдалана отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын нақты жағдаяттық мысалдармен (казустармен) түсіндіру
	Отбасы құқығы жүйесі	Қазақстан Республикасындағы отбасы құқығының қайнар көздері	10.3.3.1 - отбасылық қарым-қатынастар саласындағы нормативтік құқықтық актілердің қажеттілігін түсіндіру ("Қазақстан Республикасының неке және отбасы туралы кодексі", "Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңы")
		Қазақстан Республикасында отбасылық қарым-қатынастардың құқықтық реттелуі	10.3.3.2 - Қазақстан Республикасының отбасылық қарым-қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру; 10.3.3.3 - әртүрлі өмірлік жағдайларда балалар

			құқықтарының жүзеге асырылуын зерттеу
	Еңбек құқығы жүйесі	Қазақстан Республикасында еңбек қатынастары ның құқықтық реттелуі	10.3.4.1 - Қазақстан Республикасы еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру;
4-тоқсан			
Іс жүргізу құқығы ның негіздері	Қылмыстық іс жүргізу құқығының негіздері	Қылмыстық процестің міндеттері мен принциптері	10.4.1.1 - қылмыстық процестің негізгі міндеттері мен қағидаттарын түсіндіру
		Қылмыстық процесс субъектілері	10.4.1.2 - қылмыстық процесс субъектілерін ажырату
		Қылмыстық іс жүргізу құқығындағы сот талқылауының негіздері	10.4.1.3 - Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес сот талқылауының негіздері бойынша білімін шығармашылық түрде көрсету
	Азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері	Азаматтық процестің міндеттері мен принциптері	10.4.2.1 - азаматтық процестің негізгі міндеттері мен принциптерін талдау
		Азаматтық процестің субъектілері	10.4.2.2 - азаматтық процестің негізгі міндеттері мен принциптерін талдау; 10.4.2.3 - кәмелетке толмағандардың азаматтық процеске қатысу ерекшеліктерін анықтау
	Әкімшілік іс жүргізу құқығының негіздері	Әкімшілік процесс түсінігі, міндеттері мен принциптері	10.4.3.1 - әкімшілік процесс ұғымын, оның міндеттері мен принциптерін түсіндіру; 10.4.3.2 - әкімшілік процесті жүзеге асырудың құқықтық негіздерін анықтау
	Халықаралық жария құқығы	Халықаралық жария құқығы түсінігі	10.5.1.1 - халықаралық жария құқық ұғымын түсіндіру және оның реттейтін қоғамдық қатынастар саласын анықтау

Халықаралық құқық	Халықаралық құқықтағы адам құқықтарының қорғалуы	Қазіргі халықаралық құқықта адам құқықтарын қорғау механизмдері мен процедуралары	10.5.2.1 - қазіргі халықаралық құқықтағы адам құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын органдар мен ұйымдарды анықтау

2) 11 сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырыптар	Оқыту мақсаттары Білім алушылар тиісті:
1-тоқсан			
	Заң шығару, құқықтық мәдениет, мемлекет қоғамның саяси жүйесінде	Заң шығару жүйесі	11.1.1.1 - нормативтік құқықтық актілердің негізгі элементтерін анықтау; 11.1.1.2 - нормативтік құқықтық актілердің әзірленуі, қабылдануы мен күшіне ену процесін зерттеу
		Заңдылық және құқықтық тәртіп. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет	11.1.1.3 - заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру; 11.1.1.4 - заңдарды білу және оларды орындаудың әлеуметтік пайдалылығы мен қажеттілігін түсіндіру
		Мемлекет қоғамның саяси жүйесінде	11.1.1.5 - қазақстандық қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементін анықтау
	Қазақстан Республикасын да құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуы	Қазақстан Республикасы - құқықтық мемлекет	11.1.2.1 - Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық актілері (Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 жарлығы), Адам құқықтары және заңның үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 258

Мемлекет және құқық			қаулысы) негізінде құқықтық мемлекеттің принциптерінің жүзеге асырылуын түсіндіру
		Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарының дамуы	11.1.2.2 - Қазақстан Республикасы азаматтық қоғамының негізгі функционалдық қажеттілігін түсіндіру;
	Қазақстан Республикасын да адам құқығын қорғау	Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы	11.1.3.1 - нақты мысал келтіре отырып, Қазақстан Республикасының адам және азаматтың құқығы мен бостандықтарын қорғау механизмін түсіндіру; 11.1.3.2 - азаматтардың құқығын қорғайтын (адвокат, медиатор және тағы басқа) тұлғалардың функциялары мен құқықтық мәртебесін анықтау
		Қазақстан Республикасындағы ювеналды юстиция	11.1.3.3 - Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау механизмдерін нақты жағдаяттар мысалында түсіндіру
		Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар құқықтарының қорғалуы және жүзеге асырылуы	11.1.3.4 - Қазақстан Республикасындағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын жүзеге асыру және қорғау механизмдерін нақты жағдаяттар мысалында түсіндіру
	Сот жүйесі	Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі	11.1.4.1 - сот жүйесі элементтерін анықтау және оны графикалық түрде көрсету; 11.1.4.2 - судьялар мәртебесі және олардың қызметінің кепілдемесін ашып көрсету
2-тоқсан			
			11.2.1.1 - азаматтық ұғымын ашу; 11.2.1.2 - қазақстандық азаматтықты алу және

Жария құқық	Қазақстан Республикасындағы азаматтық және сайлау	Азаматтық - Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының институты	азаматтықтан айырылудың негіздемелерін нақты мысалдар арқылы түсіндіру
		Қазақстан Республикасындағы сайлау құқығы	11.2.1.3 - Қазақстан Республикасы сайлаушыларының және сайлау процесінің басқа да субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау
	Әкімшілік құқық бұзушылық түрлері	Қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық түрлері	11.2.2.1 - Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау
	Жер құқығы негіздері	Жер құқығының құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны	11.2.3.1 - жер құқығының құқықтық реттеу ұғымы мен нысанын түсіндіру; 11.2.3.2 - Қазақстан Республикасының Жер кодексі негізінде жерге меншік құқығы, пайдалану құқығы, және басқа да құқық түрлерін ажырату
	Қылмыстық құқық бұзушылық түрлері	Адам және азаматтардың конституциялық және басқа да құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылық	11.2.4.1 - Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау
		Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық	11.2.4.1 - Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау
	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік	11.2.5.1 - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты басқа құқық бұзушылық түрлерінен (заңсыз сыйақы алу, алаяқтық) ажырату; 11.2.5.2 - Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларына сәйкес

			адамдардың әрекетін саралау
3-тоқсан			
Жеке құқық	Азаматтық құқықтағы келісімшарттар мен міндеттемелердің жекелеген түрлері	Сату-сатып алу келісімшарты. Айырбас және сыйға тарту келісімшарты	11.3.1.1 - келісімшарттың ерекше белгілерін айқындай отырып мазмұнын түсіндіру; 11.3.1.2 - келісімшарттың негізгі шарттарын нақты мысалдар арқылы түсіндіру
		Жалға беру келісімшарты. Тұрғын үйді жалдау. Қарыз келісімшарты. Сақтандыру келісімшарты	11.3.1.1 - келісімшарттың ерекше белгілерін айқындай отырып мазмұнын түсіндіру; 11.3.1.2 - келісімшарттың негізгі шарттарын нақты мысалдар арқылы түсіндіру
		Мұрагерлік құқық	11.3.1.3 - мұрагерлік құқықтың құқықтық реттелу ұғымы мен нысанын түсіндіру;
	Тұтынушылар құқығының жүзеге асырылуы	Қазақстан Республикасындағы тұтынушылар құқығын қорғау механизмдері	11.3.2.1 - қылмыстық, әкімшілік, азаматтық кодекстердің жеке нормаларын қолдана отырып, тұтынушылар құқығын қорғау механизмдерін түсіндіру; 11.3.2.2 - нақты мысалдар келтіре отырып сатушы (өндіруші, орындаушы) және басқа да жұмысты орындаушы (қызмет көрсету) тұлғалардың құқығы мен міндеттерін анықтау
	Авторлық құқық негіздері	Авторлық және сабақтас құқықтың құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны	11.3.3.1 - авторлық және сабақтас құқықтарды құқықтық реттеу ұғымы мен нысанын түсіндіру;
		Отбасы. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттемелері	11.3.4.1 - ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын нақты мысалдар арқылы түсіндіру
		Ата-анасының қамқорлығысыз қалған	11.3.4.2 - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығысыз қалған

	Отбасы құқығы институттары	және жетім балалардың құқығы мен мүддесін қорғау түрлері	балалардың құқығы мен мүддесін қорғау формаларын айқындау
		Отбасы мүшелерінің алименттік міндеттемелері	11.3.4.3 - алименттік қатынастардың субъектілерін және алименттік қатынастардың пайда болу негіздерін құқықтық жағдаяттар мысалында анықтау
	Еңбек құқығының базалық нормалары	Еңбек қарым-қатынасы субъектілерінің құқықтары мен міндеттемелері және олардың мемлекеттік кепілдіктері	11.3.5.1 - еңбек құқығын қамтамасыз ету тәсілдерінің тиімділігін құқықтық жағдаяттар мысалында бағалау; 11.3.5.2 - кәмелетке толмағандардың еңбек құқығын жүзеге асыруын зерттеу
		Еңбек дауларының қаралуы	11.3.5.3 - жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарастыру механизмдерін құқықтық жағдаяттар мысалында анықтау
4-тоқсан			
Іс жүргізу құқығының негіздері	Қылмыстық іс жүргізу құқығының институттары	Қылмыстық құдалау - қылмыстық іс жүргізу құқығының институты	11.4.1.1 - қылмыстық құдалауды жүзеге асыру шарттарын түсіндіру
		Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша іс жүргізу	11.4.1.2 - кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін айқындау
		Алқабилер соты ұғымы және оның қызметінің негіздері	11.4.1.3 – Қазақстан Республикасы алқабилер соты қызметінің құқықтық негіздерін анықтау
	Азаматтық іс жүргізу құқығының институттары	Талап қою іс жүргізуінің негіздері	11.4.2.1 - талап қою шарттарын түсіндіру; 11.4.2.2 - талап қою арызын оның мазмұны мен формасына қойылатын шарттарға сәйкес құрастыру
			11.4.2.3 - Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу

		Азаматтық іс жүргізу құқығындағы соттық талқылаудың негіздері	кодексіне сәйкес соттың істі қарау негіздері мен ерекшеліктері бойынша білімдерін шығармашылық түрде көрсету
	Әкімшілік іс жүргізу құқығының институттары	Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді қарастыратын уәкілетті органдар	11.4.3.1 - әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді қарастыратын уәкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) құзыретін құқықтық жағдаяттар мысалында ажырата білу
		Әкімшілік іс жүргізу құқығындағы соттық талқылаудың негіздері	11.4.3.2 - әкімшілік құқық бұзушылық бойынша соттың істі қарау ерекшеліктері туралы білімдерін шығармашылық түрде көрсету
Халықаралық құқық	Қазақстан Республикасы халықаралық құқық субъектісі	Халықаралық актілер негізінде Қазақстан Республикасы азаматтары құқығының жүзеге асырылуы	11.5.1.1 - Қазақстан Республикасы таныған халықаралық құқықтың қайнар көздері негізінде Қазақстан Республикасының халықаралық құқығы мен міндеттемелерін түсіндіру; 11.5.1.2 - Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде адам құқығы, еңбек қатынастары, білім беру салалалары бойынша құқықтарын жүзеге асыруын халықаралық актілер негізінде зерттеу

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
122-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған "Құқық негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. 122-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Құқық негіздері" оқу пәнін оқыту білім алушылардың қазіргі қоғамдағы құқықтық және саяси қатынастардың субъектісі ретінде, өз құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асыру үшін қажетті білім мен дағдыларды игеруге бағытталған.

3. Оқу пәнінің мақсаты – белсенді азаматтық ұстанымы бар, құқықтық тұрғыдан сауатты тұлғаны тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық білімді тәжірибеде қолдана алу дағыдыларын дамыту.

4. Оқу пәнінің міндеттері:

1) әлеуметтік және құқықтық нормалар жүйесі: адам құқығы, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, заңдылық және құқықтық тәртіп туралы білімдерін тереңдету және кеңейту;

2) қазақстандық құқық пен халықаралық құқықтың базалық салаларының негізгі түсініктері мен мазмұны туралы білімдерін дамыту;

3) құқыққа деген оң көзқарасты қалыптастыру және заңдарды білу мен орындаудың әлеуметтік пайдалылығын түсіну;

4) қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық құндылықтар, гуманизм мен әділеттілік негізінде тұлғаның құқықтық санасын қалыптастыру;

5) оқу және тәжірибелік іс-әрекетте құқықтық ақпаратты табу, талдау және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

6) әртүрлі өмірлік жағдайларда құқықтық нормаларға сәйкес іс-әрекеттерді таңдау кезінде құқықтық білім мен дағдыларды қолдана алу біліктерін дамыту;

7) қоғамдағы құқықтық қатынастармен байланысты практикалық жағдаяттарды сын тұрғысынан талдау және бағалау дағдыларын дамыту;

8) қазіргі уақыттағы өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу дағдыларын дамыту.

2-тарау. "Құқық негіздері" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Құқық негіздері" оқу пәнінің мазмұны

5. "Құқық негіздері" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Құқық негіздері" оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

7. Оқу пәнінің білім мазмұны бес бөлімді қамтиды:

1) Мемлекет және құқық;

2) Жария құқық;

3) Жеке құқық;

4) Іс жүргізу құқығының негіздері;

5) Халықаралық құқық.

8. "Мемлекет және құқық" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Мемлекет және құқық туралы негізгі ұғымдар;

2) Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам;

3) Адам құқықтары түсінігі;

4) Сот төрелігінің қағидаттары. Құқық қорғау органдары.

9. "Жария құқық" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстан Республикасының конституциялық құқық жүйесі;

2) Әкімшілік құқық жүйесі;

3) Экологиялық құқық негіздері;

4) Қылмыстық құқық жүйесі;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі.

10. "Жеке құқық" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Азаматтық құқық жүйесі және оның негізгі институттары;

2) Тұтынушылар құқығы туралы заңнама;

3) Отбасы құқығы жүйесі;

4) Еңбек құқығы жүйесі.

11. "Іс жүргізу құқығының негіздері" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қылмыстық іс жүргізу құқығының негіздері;

2) Азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері;

3) Әкімшілік іс жүргізу құқығының негіздері.

12. "Халықаралық құқық" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Халықаралық жария құқығы;

2) Халықаралық құқықтағы адам құқықтарының қорғалуы.

13. "Мемлекет және құқық" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Заң шығару, құқықтық мәдениет, мемлекет қоғамның саяси жүйесінде;

2) Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуы;

3) Қазақстан Республикасында адам құқығын қорғау;

4) Сот жүйесі.

14. "Жария құқық" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстан Республикасындағы азаматтық және сайлау ;

2) Әкімшілік құқық бұзушылық түрлері;

3) Жер құқығы негіздері;

4) Қылмыстық құқық бұзушылық түрлері;

5) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік.

15. "Жеке құқық" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Азаматтық құқықтағы келісімшарттар мен міндеттемелердің жекелеген түрлері;

2) Тұтынушылар құқығының жүзеге асырылуы;

3) Авторлық құқық негіздері;

4) Отбасы құқығының институттары;

5) Еңбек құқығының базалық нормалары.

16. "Іс жүргізу құқығының негіздері" бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қылмыстық іс жүргізу құқығының институттары;

2) Азаматтық іс жүргізу құқығының институттары;

3) Әкімшілік іс жүргізу құқығының институттары.

17. "Халықаралық құқық" бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстан Республикасы - халықаралық құқық субъектісі.

18. Оқыту мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

19. 10 - сыныпқа арналған "Құқық негіздері" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Мемлекет және құқық:

Мемлекет және құқық туралы негізгі ұғымдар.

Құқықтың негізгі белгілері мен функциясы. Құқық жүйесі: саласы, құқықтық институт, құқықтық норма. Мемлекет құқықтың ерекше субъектісі: құқықтық нормаларды шығарушы және құқық субъектісі ретінде. Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам.Құқықтық мемлекет түсінігі және оның қағидаттары. Азаматтық қоғам түсінігі, оның негізгі элементтері мен институттары.Адам құқықтары түсінігі. Адам құқығы түсінігі және оның негізгі түрлері. Сот төрелігінің қағидаттары. Құқық қорғау

органдары.Сот төрелігінің қағидаттары. Қазақстан Респбликасының құқық қорғау органдары: ішкі істер министирлігі, прокуратура, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдары.

Жобалық-зерттеу жұмысы: Мемлекет және құқық формаларының эволюциясы

2) Жария құқық: Қазақстан Республикасының конституциялық құқық жүйесі.Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының институттары: Президент, Парламент, Үкімет, Соттар және сот төрелігі, Конституциялық кеңес, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару.Әкімшілік құқық жүйесі. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық реттелуі: салалық және аймақтық басқару. Экологиялық құқық негіздері. Экологиялық құқықтың құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны.Қылмыстық құқық жүйесі. Қылмыстық құқықтың мазмұны мен құрылымы. Қылмыстық құқық бұзушылық және қылмыстық жауапкершілікке тартылатын тұлғалар. Қылмыстық жаза түсінігі және одан босату шарттары.Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған құқықтық және саяси актілер: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Жобалық-зерттеу жұмысы: Жария құқық салалары ерекшеліктерінің сипаттамасы.

3) Жеке құқық:

Азаматтық құқық жүйесі және оның негізгі институттары. Азаматтық құқықтың қағидаттары мен субъектілері. Азаматтық құқықтың объектілері. Мәміле түсінігі және оның түрлері. Меншік құқығы түсінігі және оның қорғалуы. Міндеттемелік құқық.Тұтынушылар құқығы туралы заңнама.Қазақстан Республикасында тұтынушылар құқықтарының заңды түрде бекітілуі. Отбасы құқығы жүйесі.Қазақстан Республикасындағы отбасы құқығының қайнар көздері. Қазақстан Республикасында отбасылық қарым-қатынастардың құқықтық реттелуі.Еңбек құқығы жүйесі. Қазақстан Республикасында еңбек қатынастарының құқықтық реттелуі.Жобалық-зерттеу жұмысы : Жеке құқық – адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуының кепілдігі

4) Іс жүргізу құқығының негіздері: Қылмыстық іс жүргізу құқығының негіздері. Қылмыстық процестің міндеттері мен қағидаттары. Қылмыстық процесс субъектілері. Қылмыстық іс жүргізу құқығындағы сот талқылауы негіздері: қылмыстық процестегі субъектілердің функционалдық рөлдері. Азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері. Азаматтық процестің міндеттері мен қағидаттары. Азаматтық процесстің субъектілері.Әкімшілік іс жүргізу құқығының негіздері. Әкімшілік процесс түсінігі, міндеттері мен қағидаттары.Жобалық-зерттеу жұмысы: Құқыққа қатысты процестер қадамдарының сипаттамасы.

5) Халықаралық құқық:

Халықаралық жария құқығы.Халықаралық жария құқығы түсінігі. Негізгі мемлекет субъектілері, халықаралық ұйымдар. Халықаралық құқықтағы адам құқықтарының қорғалуы.Қазіргі халықаралық құқықта адам құқықтарын қорғау механизмдері мен процедуралары. Жобалық-зерттеу жұмысы: Адам құқықтарын қорғау жөніндегі қазіргі заманғы халықаралық ұйымдар.

20. 11 - сыныпқа арналған "Құқық негіздері" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Мемлекет және құқық. Заң шығару, құқықтық мәдениет, мемлекет қоғамның саяси жүйесінде.Заң шығару жүйесі: құқықтық актілердің құрылымы мен заң шығарудың кезеңдері. Заңдылық және құқықтық тәртіп. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет. Мемлекет қоғамның саяси жүйесінде.Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуы.Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарының дамуы. Қазақстан Республикасында адам құқығын қорғау. Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы. Қазақстан Республикасындағы ювеналды юстиция: жасөспірімнің құқығын қорғау. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар құқықтарының қорғалуы және жүзеге асырылуы.

Сот жүйесі. Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі. Жобалық-зерттеу жұмысы: Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының құқық жүйесі және мемлекеттік органдар жүйесі.

2) Жария құқық: Қазақстан Республикасындағы азаматтық және сайлау.

3-тарау. Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттары және өнер саласындағы мамандандырылған мектептерінің 10-11 (12) сыныптарына арналған "Шет тілі (екінші). Неміс тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Ескерту. 125-қосымша 3-тараумен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.03.2024 № 54 (01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф . "Шет тілі (екінші). Неміс тілі" оқу пәнінің мазмұны

27. "Шет тілі (екінші). Неміс тілі" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары мөлшері:

1) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

2) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

3) 12-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

28. Оқу бағдарламасында оқыту деңгейлеріне сәйкес Неміс тілін оқыту кезеңдері (сыныптар), сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша тілдік дағдылар мен дағдыларды бағалау критерийлері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым), бүкіл оқу кезеңіне арналған ұзақ мерзімді жоспар (10-11 (12)-сыныптар) қамтылады.

29. "Неміс тілі" оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны оқыту бөлімдері бойынша құрылымдалған (Тыңдалым, Айтылым, Оқылым, Жазылым, Неміс тілін қолдану).

30. Әр бөлімде көрсетілген оқыту мақсаттары мұғалімге сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін (Тыңдалым, Айтылым, Оқылым, Жазылым, Неміс тілін қолдану) дамыту бойынша жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

31. Бағдарламаның базалық мазмұны сыныптар бойынша неміс тілін оқытудың жалпы мақсаттарын ұсынады.

32. "Тыңдалым", "Айтылым", "Оқылым" және "Жазылым" бөлімдерінде шет тілін оқыту деңгейлерімен (10 – сынып – B1.1, 11-сынып-B1.2, 12 сынып-B1.2) байланысты сөйлеу қызметінің түрлері бойынша оқыту мақсаттары жазылған, оларға қол жеткізу неміс тілін оқытудың түпкілікті нәтижесіне бағытталған.

33. "Неміс тілін қолдану" бөлімінде білім алушы неміс тілінің лексикалық-грамматикалық, синтаксистік құрылымдарын сөйлеуде оқытудың ұсынылған деңгейіне сәйкес дұрыс қолдану талаптарымен танысады.

34. 10 сынып (B1.1 деңгейі):

35. Мәдениетаралық-коммуникативтік аспект:

1) Әлеуметтік-мәдени деңгейде шет тілді мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасау;

2) ұзақ талқылаулардың негізгі мазмұнын түсіну, өз пікірін айту немесе достық әңгімеде басқалармен сұхбаттасу, кез келген дерлік ойды білдіру үшін көптеген қарапайым тілдік құралдарды еркін пайдалану, өмірде туындайтын стандартты емес жағдайларды шешу;

3) таныс тақырыпқа әңгіме дайындамай қатысу;

4) шағым беру;

5) сұхбат / консультацияда бастама көрсету;

6) таныс немесе қызықтыратын тақырыптарға қарапайым дәйекті мәтіндер жазу;

7) жеке тәжірибелері мен әсерлері туралы хабарлай отырып, жеке сипаттағы хаттар жазу;

8) Елтану және мәдениеттану білімінің болуы, қарым-қатынас нормалары мен стереотиптерін, неміс тілінде сөйлейтіндердің ұлттық менталитетінің ұлттық сипаты мен ерекшеліктерін, олардың нақты тілдік және мәдени ортада қолданылуын білу;

9) мәлімдемелер құру, оларды мәтінге біріктіру қағидаларын білу;

10) әртүрлі коммуникативтік функцияларды орындау үшін мәлімдемелерді пайдалану;

11) өзара іс-қимыл схемаларына сәйкес мәлімдемені дәйекті құру.

36. Тәрбиелік аспект:

1) Неміс тілі мен мәдениетіне оң көзқарас таныту;

2)әртүрлі көзқарастарды құрметтеу, толеранттылық, Отанға деген патриоттық сезім.

37. Жалпы білім беру аспектісі: жалпы мәдениетті арттыру, ой-өрісін кеңейту, зерттелетін тілдің елі туралы, жалпы әлем туралы неміс тілі арқылы білім.

38. Даму аспектісі:

1) тілдік қабілеттер мен тілдік болжамдарды, сөйлеу мінез-құлық мәдениетін, неміс тілін үйренуге қызығушылықты, тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту: ерікті қасиеттер, есте сақтау; 2) берілген параметрлерде тілді меңгерудің тиімділігін қамтамасыз ететін анықтамалық әдебиеттерді, заманауи оқыту технологияларын пайдалану; 3) өз ойларын логикалық және дәйекті түрде ұсыну, жалпы қабылданған тақырыптар бойынша пікірталас, коммуникативтік сипаттағы стандартты емес жағдайларды шешу; 4) жалпыадамзаттық мәдениеттің дамуындағы ұлттық мәдениеттердің (өзіндік және шет тіліндегі) жетістіктері туралы және бөтен мәдениеттің айнасындағы Ана тілі мен мәдениетінің рөлі туралы кең түсініктердің болуы.

39. Стратегиялық аспект: тәуелсіз шет тілдік қарым-қатынасқа қабілетті және дайын екінші тілдік тұлғаның негізгі сипаттамаларын меңгеру.

40. 11 сынып (B1.2 деңгейі).

41. Мәдениетаралық-коммуникативтік аспект:

1) барлық деңгейлерде шет тілді мәдениет өкілдерімен табысты қарым-қатынас жасау;

2) ұзақ талқылаулардың негізгі мазмұнын егжей-тегжейлі түсіну;

3) туындаған проблемалар туралы хабарлама-сұрау салуды қабылдау;

4) сұхбат/ кеңес беру процесінде қажетті ақпаратты беру (мысалы, дәрігерге өз белгілерін сипаттау);

5) бір нәрсенің неліктен проблема екенін түсіндіру;

6) қысқа әңгіменің, мақаланың сюжетін, әңгіменің мазмұнын, деректі фильмді талқылауды, талқылауды баяндау;

7) өз көзқарасын білдіру және бірқатар нақтылау сұрақтарына жауап беру;

8) алдын ала дайындалған әңгімелесуді жүргізу, қолда бар ақпаратты тексеру және растау, бір нәрсенің қалай жасалатыны туралы әңгіме жасау, нақты нұсқаулар беру;

9) мүдделер саласында жатқан тұрмыстық және тұрмыстық емес мәселелер бойынша жинақталған нақты ақпаратпен жеткілікті сенімді алмасу;

10) қызығушылық тудыратын тақырыптарға қысқа, қарапайым эссе жазу;

11) Елтану және мәдениеттану білімінің болуы, қарым-қатынас нормалары мен стереотиптерді, неміс тілінде сөйлейтіндердің ұлттық менталитетінің ұлттық сипаты мен ерекшеліктерін, олардың нақты тілдік және мәдени ортада еркін қолданылуын білу ;

12) мәлімдемелер құру, оларды мәтінге біріктіру қағидаларын білу;

13) әртүрлі коммуникативтік функцияларды орындау үшін мәлімдемені еркін және бейсаналық пайдалану;

14) өзара іс-қимыл схемаларына сәйкес мәлімдемені дәйекті құру.

42. Тәрбиелік аспект:

1) Неміс тілі мен мәдениетіне оң көзқарас таныту;

2) әртүрлі көзқарастарды құрметтеу, Отанға деген толеранттылық пен патриотизм сезімін көрсету.

43. Жалпы білім беру аспектісі: жалпы мәдениетті арттыру, ой-өрісін кеңейту, зерттелетін тілдің елі туралы, жалпы әлем туралы неміс тілі арқылы білім.

44. Даму аспектісі:

1) тілдік қабілеттер мен тілдік болжамдарды, сөйлеу мінез-құлық мәдениетін, неміс тілін үйренуге қызығушылықты, тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту: ерікті қасиеттер, есте сақтау;

2) берілген параметрлерде тілді меңгерудің тиімділігін қамтамасыз ететін анықтамалық әдебиеттерді, заманауи оқыту технологияларын пайдалану;

3) өз ойларын логикалық және дәйекті түрде ұсыну, жалпы қабылданған тақырыптар бойынша пікірталас, коммуникативтік сипаттағы стандартты емес жағдайларды шешу;

4) жалпыадамзаттық мәдениеттің дамуындағы ұлттық мәдениеттердің (өзіндік және шет тіліндегі) жетістіктері туралы және бөтен мәдениеттің айнасындағы Ана тілі мен мәдениетінің рөлі туралы кең түсініктердің болуы.

45. Стратегиялық аспект: тәуелсіз шет тілдік қарым-қатынасқа қабілетті және дайын екінші тілдік тұлғаның негізгі сипаттамаларын меңгеру.

Параграф 2. Оқыту мақсаттарының жүйесі

46. Білім берудің мақсаттары бағдарламада кодтармен берілген. Кодтағы бірінші нөмір - сыныпты, екіншісі – бөлім нөмірін, ал үшіншісі - мақсаттың нөмірін білдіреді.

1 бөлім. Тыңдалым (Hören):

Білім алушылар білуі тиіс:		
10-сынып	11-сынып	12-сынып
B1.1	B1.2	B1.2
10.1.1 әдеби нормаға сәйкес анық айтылған мектепте, демалыста таныс тақырыптардың негізгі ережелерін түсіну	11.1.1 кәсіби ортада кездесетін белгілі тақырыптарға арналған әдеби нормалар шегінде анық айтылған сөздердің негізгі ережелерін түсіну	12.1.1 кәсіби ортада кездесетін белгілі тақырыптарға арналған әдеби нормалар шегінде анық айтылған сөздердің негізгі ережелерін түсіну
10.1.2 анық, айтылымы таныс болса, күнделікті мәселелер туралы және оқу туралы қарапайым ақпараттық хабарламаларды, оның ішінде негізгі ойды түсіну	11.1.2 оқу және болашақ кәсіби қызметке байланысты күнделікті сұрақтар мен тақырыптар туралы ақпараттық хабарламаларды түсіну	12.1.2 оқу және болашақ кәсіби қызметке байланысты күнделікті сұрақтар мен тақырыптар туралы ақпараттық хабарламаларды түсіну
10.1.3 барлығы анық, әдеби тілде айтылатын жағдайда, ұзақ пікірталастың негізгі түйіндерін түсіну	11.1.3 барлығы анық, әдеби тілде айтылған жағдайда ұзақ пікірталастың негізгі түйіндерін түсіну	12.1.3 барлығы анық, әдеби тілде айтылған жағдайда ұзақ пікірталастың негізгі түйіндерін түсіну

10.1.4 сөйлеу мәні таныс, ал сөзі қарапайым және құрылымы анық болған жағдайда оқу тақырыбы бойынша дәрісті не әңгімені түсіну	11.1.4 сөйлеу мәні таныс, ал сөздің өзі қарапайым және құрылымы анық болған жағдайда оқу және кәсіби тақырып бойынша дәрісті немесе әңгімені түсіну	12.1.4 сөйлеу мәні таныс, ал сөздің өзі қарапайым және құрылымы анық болған жағдайда оқу және кәсіби тақырып бойынша дәрісті немесе әңгімені түсіну

2-бөлім. Айтылым (Sprechen):

Білім алушылар білуі тиіс:		
10-сынып	11-сынып	12-сынып
B1.1	B1.2	B1.2
10.2.1 шапшаң, қарапайым тілде қызықтыратын мәселелер бойынша дәйекті түрдегі бекітуді сипаттай алу	11.2.1 шапшаң, қарапайым тілде қызықтыратын мәселелер бойынша дәйекті түрдегі бекітуді сипаттай алу	12.2.1 шапшаң, қарапайым тілде қызықтыратын мәселелер бойынша дәйекті түрдегі бекітуді сипаттай алу
10.2.2 таныс, қызықтыратын тақырыптарды, тәжірибені, осы тәжірибеге байланысты реакциясын, сезімін суреттеу	11.2.2 шапшаң бірдеңені, суреттеу не болмаса дәйекті түрдегі бекітуді айту, кітаптың не фильмнің сюжетін айту және оған деген өзінің реакциясын айту	12.2.2 шапшаң бірдеңені ,суреттеу не болмаса дәйекті түрдегі бекітуді айту, кітаптың не фильмнің сюжетін айту және оған деген өзінің реакциясын айту
10.2.3 ойын түсіну қиын болмайтын. дәлелді құру	11.2.3 жалпылама және оқу тақырыптарына қатысты сұхбаттасушының көзқарасын бағалау және өз пікірін түсіндіру, негіздеу	12.2.3 жалпылама және оқу тақырыптарына қатысты сұхбаттасушының көзқарасын бағалау және өз пікірін түсіндіру, негіздеу
10.2.4 қысқаша бір нәрсенің себептерін түсіндіру және бірдеңенің шешімін әртүрлі нұсқада, жоспар және әрекет арқылы түсіндіру	11.2.4 жанжақты бір нәрсенің себептерін түсіндіру және бірдеңенің шешімін әртүрлі нұсқада, жоспар және әрекет арқылы түсіндіру	12.2.4 жанжақты бір нәрсенің себептерін түсіндіру және бірдеңенің шешімін әртүрлі нұсқада, жоспар және әрекет арқылы түсіндіру
10.2.5 екпіндегі акцент пен интонацияға қарамастан түсінуге болатын тұрмыстық және оқу тақырыбы шеңберінде қысқаша және дайындалған хабарламалар жасау	11.2.5 екпіндегі акцент пен интонацияға қарамастан түсінуге болатын қызметтің кәсіби саласындағы тұрмыстық және оқу тақырыбы шеңберінде қысқаша және дайындалған хабарламалар жасау	12.2.5 екпіндегі акцент пен интонацияға қарамастан түсінуге болатын қызметтің кәсіби саласындағы тұрмыстық және оқу тақырыбы шеңберінде қысқаша және дайындалған хабарламалар жасау

3-бөлім. Оқылым (Leseverstehen):

Білім алушылар білуі тиіс:		
10-сынып	11-сынып	12-сынып
B1.1	B1.2	B1.2
10.3.1 қызықтыратын материалдар бойынша деректі ақпараттар бар қарапайым мәтіндерді оқу және оларды нақты түсіну	11.3.1 қызықтыратын материалдар бойынша деректі ақпараттар бар қарапайым мәтіндерді оқу және оларды егжей-тегжей түсіну	12.3.1 қызықтыратын материалдар бойынша деректі ақпараттар бар қарапайым мәтіндерді оқу және оларды егжей-тегжей түсіну
10.3.2 досымен үнемі хат алмасуға мүмкіндік беретін жеке басына қатысты хаттағы оқиғаның, сезімнің және ынтаның суреттеуін және сипаттауын түсіну;	11.3.2 бір-біреумен үнемі хат алмасуға мүмкіндік беретін жеке басына қатысты хаттағы оқиғаның , сезімнің және ынтаның суреттеуін түсіну	12.3.2 бір-біреумен үнемі хат алмасуға мүмкіндік беретін жеке басына қатысты хаттағы оқиғаның , сезімнің және ынтаның суреттеуін түсіну

10.3.3 нақты бір тапсырманы орындау үшін ақпаратты мәтіннің әртүрлі бөлімдерінен не болмаса әртүрлі мәтіндерден жинақтау және қажетті ақпаратты табу үшін үлкен мәтінді қарау	11.3.3 нақты бір тапсырманы орындау үшін ақпаратты мәтіннің әртүрлі бөлімдерінен не болмаса әртүрлі мәтіндерден жинақтау және қажетті ақпаратты табу үшін көлемі үлкен мәтінді қарау	12.3.3 нақты бір тапсырманы орындау үшін ақпаратты мәтіннің әртүрлі бөлімдерінен не болмаса әртүрлі мәтіндерден жинақтау және қажетті ақпаратты табу үшін көлемі үлкен мәтінді қарау
10.3.4 күнделікті жазба материалдарынан өзекті ақпаратты түсіну және табу, мысалы, хаттардан, жазбашалардан не болмаса қысқа ресми құжаттардан	11.3.4 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары шеңберінде көркем не көркем емес әдебиеттен ұзын мәтіндерді оқу	12.3.4 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары шеңберінде көркем не көркем емес әдебиеттен ұзын мәтіндерді оқу

4-бөлім. Жазылым (Schreiben):

Білім алушылар білуі тиіс:		
10-сынып	11-сынып	12-сынып
B1.1	B1.2	B1.2
10.4.1 жеке тұрған элементтерді байланыстырып, таныс және қызықтыратын мәселелер бойынша қарапайым мәтіндерді жазу	11.4.1 жеке тұрған элементтерді байланыстырып, көлемі ауқымды таныс және қызықтыратын мәселелер бойынша қарапайым мәтіндерді жазу	12.4.1 жеке тұрған элементтерді байланыстырып, көлемі ауқымды таныс және қызықтыратын мәселелер бойынша қарапайым мәтіндерді жазу
10.4.2 таныс және қызықтыратын мәселелер бойынша қарапайым сипаттамалар жазу	11.4.2 қарапайым байланысы бар мәтінде өз сезімі мен реакциясын тұжырымдап, өзінің тәжірибесін жазу	12.4.2 қарапайым байланысы бар мәтінде өз сезімі мен реакциясын тұжырымдап, өзінің тәжірибесін жазу
10.4.3 қызықтыратын тақырып бойынша қысқа және қарапайым эссе жазу	11.4.3 күнделікті таныс және әлеуметтік мәселелер бойынша іс жүзінде жиналған ақпараттарды қосындылау және еркін өз ойын жеткізу	12.4.3 күнделікті таныс және әлеуметтік мәселелер бойынша іс жүзінде жиналған ақпараттарды қосындылау және еркін өз ойын жеткізу
10.4.4 қажетті ақпаратты сұрап, жеке басына қатысты жазбалар мен хаттар жазу	11.4.4 қажетті ақпаратты сұрап, жеке басына қатысты жазбалар мен хаттар жазу	12.4.4 қажетті ақпаратты сұрап, жеке басына қатысты жазбалар мен хаттар жазу

5-бөлім. Неміс тілін қолдану (Sprachenwendung):

Білім алушылар білуі тиіс:		
10-сынып	11-сынып	12-сынып
B1.1	B1.2	B1.2
10.5.1 таныс /таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша абстракті құрама есімдерді және күрделі есім топтарын қолдану	11.5.1 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша абстракті құрама есімдерді және күрделі есім топтарын қолдану	12.5.1 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша абстракті құрама есімдерді және күрделі есім топтарын қолдану
10.5.2 сөйлеуде шектеусіз белгісіз, сілтеу, қатыстық есімдіктерді, сонымен қатар, сын есім мен үстеулердің салыстыру шырайларын қолдану	11.5.2 сөйлеуде шектеусіз белгісіз, сілтеу, қатыстық есімдіктерді, сонымен қатар, сын есім мен үстеулердің салыстыру шырайларын қолдану	12.5.2 сөйлеуде шектеусіз белгісіз, сілтеу, қатыстық есімдіктерді, сонымен қатар, сын есім мен үстеулердің салыстыру шырайларын қолдану
		12.5.3 сөзжасамның шексіз өнімді тәсілдерін (аффиксация, сөзжасам,

10.5.3зат есім мен сын есімнің септелуін, зат есімнің көпше түрі туралы білімдерін жүйелеу, таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша аталған білімді қолдану	11.5.3 зат есім мен сын есімнің септелуін, зат есімнің көпше түрі туралы білімдерін жүйелеу, таныс /таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша аталған білімді қолдану	конверсия), сөйлеу этикетінің негізгі нормаларын (реплика-клише, ең көп таралған бағалау лексикасы), синонимдерді , антонимдерді және басқа да қызметтік сөздерді бейтаныс жалпы және оқу тақырыптары бойынша мәлімдеме жасау үшін пайдалану
10.5.4 таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша сөз сөйлеуді құру үшін шектеусіз сөзжасамның негізгі тәсілдерін (аффикс, сөздерді қосу, конверсия), сөйлеу әдебінің негізгі нормаларын (реплика-клише, көп таратылған бағалау лексиканы), синоним, антоним және басқа да көмекші сөздерді қолдану	11.5.4 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша сөз сөйлеуді құру үшін шектеусіз сөзжасамның негізгі тәсілдерін (аффикс, сөздерді қосу, конверсия), сөйлеу әдебінің негізгі нормаларын (реплика-клише, көп таратылған бағалау лексиканы), синоним, антоним және басқа да көмекші сөздерді қолдану	12.5.4 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша сөз сөйлеуді құру үшін шектеусіз сөзжасамның негізгі тәсілдерін (аффикс, сөздерді қосу, конверсия), сөйлеу әдебінің негізгі нормаларын (реплика-клише, көп таратылған бағалау лексиканы), синоним, антоним және басқа да көмекші сөздерді қолдану
10.5.5 таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша әртүрлі мезгіл және модаль етістіктерді қамтыған сұрақтарды қолдану	11.5.5 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша әртүрлі мезгіл және модаль етістіктерді қамтыған әртүрлі сұрақтарды қолдану	12.5.5 жартылай таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша Partizip I және Partizip II (der lesende Schűler; das gelesene Buch) таралған анықтауышты қолдан
10.5.6 таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша Partizip I және Partizip II (der lesende Schűler ; das gelesene Buch) таралған анықтауышты қолдану	11.5.6 жартылай таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша Partizip I және Partizip II (der lesende Schűler; das gelesene Buch) таралған анықтауышты қолдану	12.5.6 таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша субстантивтенген есімше, шартты рай формасы: wűrde + Infinitiv тіркесін, Präteritum Konjunktiv қолдану
10.5.7 кейбір пассивті және әртүрлі мезгілдегі етістіктерді және олардың баламасын, модаль етістіктерді таныс жалпылама және оқу тақырыптарында қолдану	11.5.7 үздіксіз көбейген пассив және әртүрлі мезгілдегі етістіктерді және олардың баламасын, модаль етістіктерді таныс, жартылай таныс емес жалпылама және оқу тақырыптарында қолдану	12.5.7 жартылай таныс және таныс емес жалпылама және оқу тақырыптарында етістіктерді және тұрақты етістік тіркестерді aufhören mit D., gratulieren zu D., bedanken sich bei D./ für A., Angst haben vorD күрделі басқарумен қолдану
10.5.8 мүмкіндікті білдіру, модальдің әртүрлі тәсілдері бойынша білімді жүйелеу үшін haben/ sein + zu + Infinitiv құрылымын қолдану	11.5.8 әртүрлі модаль құрылымдарды, құрмалас салалас және бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары шеңберінде қолдану	12.5.8 қарсылықты бағыныңқылы сөйлем –сабақтас құрмалас сөйлемді obwohl/ obgleich жалғаулығымен таныс және жартылай таныс емес сөйлемдерде қолдану
10.5.9 сыпайы өтініште, жанама сұрақта ob жалғаулықпен Konjunktiv форманы haben, sein,	11.5.9 таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша субстантивтенген есімше, шартты	12.5.9 сөйлеуде қосымша сөздердің қызметтік маңыздылығы туралы білімдерін қолдану; мәтіндердің тұтастығын қамтамасыз ететін әртүрлі байланыс құралдарын,

werden, können, mögen етістіктерді таныс жалпылама және оқу тақырыптарында қолдану	рай формасы: würde + Infinitiv тіркесін, Präteritum Konjunktiv қолдану	орамдылығын (мысалы, zuerst, dann, nachher, zuletzt) үстеу көмегімен.
10.5.10 басқарумен жиі қолданатын етістіктерді қолдану; beginnen, vorhaben сияқты етістіктерден кейін, den Wunsch haben + тіркесті Infinitiv c zu (Ich habe vor, eine Reise zu machen), маңызы бар етістіктерді таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша қолдану	11.5.10 жартылай таныс және таныс емес жалпылама және оқу тақырыптарында етістіктерді және тұрақты етістік тіркестерді aufhören mit D., gratulieren zu D., bedanken sich bei D./ für A., Angst haben vorD күрделі басқарумен қолдану	12.5.10 таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша төл және төлеу сөздердің білдіру тәсілдерін қолдану
10.5.11 сабақтас және салалас құрмалас сөйлемдерді жалғаулықтарымен және жалғаулық сөздерімен таныс/ таныс емес жалпылама және оқу тақырыптарында қолдану	11.5.11 қарсылықты бағыныңқылы сөйлем –сабақтас құрмалас сөйлемді obwohl/ obgleich жалғаулығымен таныс және жартылай таныс емес сөйлемдерде қолдану	
10.5.12 предлогтардың функционалдық маңызы туралы, сөйлеудегі мәтіндегі әртүрлі қарым-қатынас құралдары туралы білімдерін оның тұтастығын, келісімділігін қамтамасыз ету үшін пайдалану (мысалы, zuerst, dann, nachher, zuletzt)	11.5.12 предлогтардың функционалдық маңызы туралы, сөйлеудегі мәтіндегі әртүрлі қарым-қатынас құралдары туралы білімдерін оның тұтастығын, келісімділігін қамтамасыз ету үшін пайдалану (мысалы, zuerst, dann, nachher, zuletzt)	

47. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылды.

48. Осы оқу бағдарламасы Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттары мен өнер саласындағы мамандандырылған мектептерінің 10-11(12)-сыныптарына арналған "Шет тілі (екінші). Неміс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Параграф 3. Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттары мен өнер саласындағы мамандандырылған мектептерінің 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Шет тілі (екінші). Неміс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып:

Тақырыптар	Бөлімдер	Оқу мақсаты
1-тоқсан		
	Тыңдалым	10.1.1 әдеби нормаға сәйкес анық айтылған мектепте, демалыста таныс тақырыптардың негізгі ережелерін түсіну
		10.2.1 шапшаң, қарапайым тілде қызықтыратын мәселелер бойынша дәйекті түрдегі бекітуді сипаттай алу;

1. Әлеуметтік кепілдік – мемлекет жетістігі: 1.1 Әлеуметтік қорғалу және кепілдіктер 1.2 Белсенді азаматтық ұстаным	Айтылым	10.2.2 таныс, қызықтыратын тақырыптарды, тәжірибені, осы тәжірибеге байланысты реакциясын, сезімін суреттеу
	Оқылым	10.3.1 қызықтыратын материалдар бойынша деректі ақпараттар бар қарапайым мәтіндерді оқу және оларды нақты түсіну; 10.3.2 досымен үнемі хат алмасуға мүмкіндік беретін жеке басына қатысты хаттағы оқиғанын, сезімнің және ынтаның суреттеуін және сипаттауын түсіну
	Жазылым	10.4.1 жеке тұрған элементтерді байланыстырып, таныс және қызықтыратын мәселелер бойынша қарапайым мәтіндерді жазу; 10.4.2 таныс және қызықтыратын мәселелер бойынша қарапайым сипаттамалар жазу
	Неміс тілін қолдану	10.5.1 таныс жалпы тақырыптар бойынша абстрактілі құрамдас зат есімдер мен күрделі атаулы топтарды қолдану; 10.5.2 сөйлеу барысында шектеусіз көлемде сілтеу, қатыстық, белгісіздік есімдіктерін, сонымен қатар, сын есім мен үстеулерді, олардың салыстырмалы шырайларын қолдану; 10.5.3 зат есім мен сын есімдердің септелуі, көпше түрдегі зат есімдердің жасалуы туралы білімдерді жүйелеу, аталған білімдерді таныс жалпы және оқу тақырыптары бойынша ой құрастыруға қолдану;
2-тоқсан		
	Тыңдалым	10.1.2 анық, айтылымы таныс болса, күнделікті мәселелер туралы және оқу туралы қарапайым ақпараттық хабарламаларды, оның ішінде негізгі ойды түсіну
	Айтылым	10.2.3 ойын түсіну қиын болмайтын. дәлелді құру
	Оқылым	10.3.3 нақты бір тапсырманы орындау үшін ақпаратты мәтіннің әртүрлі бөлімдерінен не болмаса әртүрлі мәтіндерден жинақтау

2. Кәсібилік: уақыт талабы: 2.1 Білім - табысқа апарар жол 2.2 Болашақ маманның кәсіби қасиеттері		және қажетті ақпаратты табу үшін үлкен мәтінді қарау
	Жазылым	10.4.3 қызықтыратын тақырып бойынша қысқа және қарапайым эссе жазу
	Неміс тілін қолдану	10.5.4 таныс жалпы және оқу тақырыптары бойынша ой құрастыру үшін сөзжасамның негізгі тәсілдерін (аффиксация, сөздерді біріктіру, конверсия), сөйлеу әдебінің негізгі нормаларын (реплика-клише, көп таралған бағалау лексикасы), синонимдер, антонимдер және өзге де көмекші сөздерді шектеусіз қолдану; 10.5.5 таныс жалпы және оқу тақырыптары бойынша етістіктің түрлі шақ формаларын және модальды түрлерін қамтитын сұрақтарды қолдану; 10.5.6 таныс жалпы және оқу тақырыптары шеңберінде Partizip I және Partizip II (der lesende Schuler ; das gelesene Buch/ таралған анықтамаларды қолдану;
3-тоқсан		
3. Көшбасшылық қасиеттерді қалай дамытамыз? 3.1 Жастардың бос уақытын ұйымдастыру 3.2 Тұлғааралық қарым-қатынас. Конфликтілі жағдайларды шешу	Тыңдалым	10.1.3 барлығы анық, әдеби тілде айтылатын жағдайда, ұзақ пікірталастың негізгі түйіндерін түсіну
	Айтылым	10.2.4 қысқаша бір нәрсенің себептерін түсіндіру және бірдеңенің шешімін әртүрлі нұсқада, жоспар және әрекет арқылы түсіндіру
	Оқылым	10.3.3 нақты бір тапсырманы орындау үшін ақпаратты мәтіннің әртүрлі бөлімдерінен не болмаса әртүрлі мәтіндерден жинақтау және қажетті ақпаратты табу үшін үлкен мәтінді қарау
	Жазылым	10.4.3 қызықтыратын тақырып бойынша қысқа және қарапайым эссе жазу
		10.5.7 таныс жалпы және оқу тақырыптары бойынша етістіктің түрлі мезгілдік формаларын, модальді етістіктерді және олардың эквиваленттерін, кейбір пассивті формаларды қолдану;

	Неміс тілін қолдану	10.5.8 міндеттілікті, мүмкіндікті білдіру үшін haben/sein + zu + Infinitiv құрылымын қолдану, модальділіктің түрлі тәсілдері туралы білімді жүйелеу; 10.5.9 таныс жалпы және оқу тақырыптарының қатары бойынша ob/об жалғаулығымен жанама сұрақтарды, ынтаны, сыпайы өтінішті білдіру үшін haben, sein, werden, konnen, mogen етістіктерінен шығатын Konjunktiv формаларын қолдану;
4-тоқсан		
4. Ғылым мен техника: 4.1 Қазақстан әлемдік аренада 4.2 Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігі 4.3 Қазақстан мен Германияның саяси жүйесі	Тыңдалым	10.1.4 сөйлеу мәні таныс, ал сөзі қарапайым және құрылымы анық болған жағдайда оқу тақырыбы бойынша дәрісті не әңгімені түсіну
	Айтылым	10.2.5 екіпіндегі акцент пен интонацияға қарамастан түсінуге болатын тұрмыстық және оқу тақырыбы шеңберінде қысқаша және дайындалған хабарламалар жасау
	Оқылым	10.3.4 күнделікті жазба материалдарынан өзекті ақпаратты түсіну және табу, мысалы, хаттардан, жазбашалардан не болмаса қысқа ресми құжаттардан
	Жазылым	10.4.4 қажетті ақпаратты сұрап, жеке басына қатысты жазбалар мен хаттар жазу
	Неміс тілін қолдану	10.5.10 басқарумен жиі қолданатын етістіктерді қолдану; beginnen, vorhaben сияқты етістіктерден кейін, den Wunsch haben + тіркесті Infinitiv c zu (Ich habe vor, eine Reise zu machen), маңызы бар етістіктерді таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша қолдану 10.5.11 таныс, таныс емес жалпы және оқу тақырыптарының қатары бойынша жалғаулықтар мен жалғаулық сөздерді пайдалана отырып, салалас құрмалас және бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді қолдану; 10.5.12 сөйлеу барысында көмекші сөздердің қызметтік

		маңыздылығы, мәтін тұтастығын, байланыстылығын қамтамасыз ету үшін (мысалы, zuerst, dann, nachher, zuletzt үстеулерінің көмегімен ондағы түрлі байланыс құралдары туралы білімдерін қолдану

2) 11 – сынып:

Тақырыптар	Бөлімдер	Оқу мақсаты
1-тоқсан		
1. Әлеуметтік кепілдік - мемлекет жетістігі: 1.1 Конституция - ҚР негізгі заңы 1.2 Ұлт денсаулығы – табысты болашақтың негізі. Медициналық сақтандыру	Тыңдалым	11.1.1 кәсіби ортада кездесетін белгілі тақырыптарға арналған әдеби нормалар шегінде анық айтылған сөздердің негізгі ережелерін түсіну
	Айтылым	11.2.1 шапшаң, қарапайым тілде қызықтыратын мәселелер бойынша дәйекті түрдегі бекітуді сипаттай алу
	Оқылым	11.3.1 қызықтыратын материалдар бойынша деректі ақпараттар бар қарапайым мәтіндерді оқу және оларды егжей-тегжей түсіну
	Жазылым	11.4.1 жеке тұрған элементтерді байланыстырып, көлемі ауқымды таныс және қызықтыратын мәселелер бойынша қарапайым мәтіндерді жазу
	Неміс тілін қолдану	11.5.1 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша абстракті құрама есімдерді және күрделі есім топтарын қолдану 11.5.2 сөйлеуде шектеусіз белгісіз, сілтеу, қатыстық есімдіктерді, сонымен қатар, сын есім мен үстеулердің салыстыру шырайларын қолдану 11.5.3 зат есім мен сын есімнің септелуін, зат есімнің көпше түрі туралы білімдерін жүйелеу, таныс /таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша аталған білімді қолдану
2-тоқсан		
	Тыңдалым	11.1.2 оқу және болашақ кәсіби қызметке байланысты күнделікті сұрақтар мен тақырыптар туралы ақпараттық хабарламаларды түсіну
		11.2.1 шапшаң, қарапайым тілде қызықтыратын мәселелер

2. Кәсібилік – уақыт талабы: 2.1 IT-технологиялар 2.2 Мәдениеттер диалогі	Айтылым	бойынша дәйекті түрдегі бекітуді сипаттай алу
	Оқылым	11.3.1 қызықтыратын материалдар бойынша деректі ақпараттар бар қарапайым мәтіндерді оқу және оларды егжей-тегжей түсіну 11.3.2 бір-біреумен үнемі хат алмасуға мүмкіндік беретін жеке басына қатысты хаттағы оқиғаның, сезімнің және ынтаның суреттеуін түсіну
	Жазылым	11.4.2 қарапайым байланысы бар мәтінде өз сезімі мен реакциясын тұжырымдап, өзінің тәжірибесін жазу
	Неміс тілін қолдану	11.5.4 таныс емес жалпы және оқу тақырыптары бойынша ой құрастыру үшін сөзжасамның продуктивті тәсілдерін (аффиксация, сөздерді біріктіру, конверсия), сөйлеу әдебінің негізгі нормаларын (реплика-клише, көп таралған бағалау лексикасы), синонимдер, антонимдер және өзге де көмекші сөздерді шектеусіз қолдану; 11.5.5 таныс емес жалпы және оқу тақырыптары бойынша етістіктің түрлі мезгілдік және модальді формаларын қамтитын түрлі типтегі сұрақтарды қолдану; 11.5.6 жартылай таныс емес жалпы және оқу тақырыптары шеңберінде Partizip I және Partizip II (der lesende Schuler; das gelesene Buch/ таралған анықтамаларды қолдану;
3-тоқсан		
	Тыңдалым	11.1.3 барлығы анық, әдеби тілде айтылған жағдайда ұзақ пікірталастың негізгі түйіндерін түсіну
	Айтылым	11.2.2 шапшаң бірдеңені, суреттеу не болмаса дәйекті түрдегі бекітуді айту, кітаптың не фильмнің сюжетін айту және оған деген өзінің реакциясын айту 11.2.3 жалпылама және оқу тақырыптарына қатысты сұхбаттасушының көзқарасын бағалау және өз пікірін түсіндіру, негіздеу

3. Көшбасшылық қасиеттерді қалай дамытамыз: 3.1 Пікірталас. Диспут. Көпшілік алдында сөйлеу 3.2 Қазіргі жастардың өздігінен білім алуы және өздерін дамытуы. 3.3 Қазақстандық патриотизм, жастардың құқықтары міндеттері.	Оқылым	11.3.3 нақты бір тапсырманы орындау үшін ақпаратты мәтіннің әртүрлі бөлімдерінен не болмаса әртүрлі мәтіндерден жинақтау және қажетті ақпаратты табу үшін көлемі үлкен мәтінді қарау
	Жазылым	11.4.3 күнделікті таныс және әлеуметтік мәселелер бойынша іс жүзінде жиналған ақпараттарды қосындылау және еркін өз ойын жеткізу
	Неміс тілін қолдану	11.5.7 таныс, жартылай таныс емес жалпы және оқу тақырыптары бойынша етістіктің түрлі мезгілдік формаларын, модальді етістіктерді және олардың эквиваленттерін, оның ішінде пассивті формалардың үздіксіз артушы әртүрлілігін қолдану; 11.5.8 таныс емес жалпы және оқу тақырыптары бойынша модальді құрылымдардың әртүрлілігін, салалас құрмалас және бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді қолдану; 11.5.9 жалпы және оқу тақырыптарының шеңберінде субстантивті қатысуларды, сілтемелік көңіл-күйдің түрлерін қолдану: wurde + Infinitiv, Prateritum Konjunktiv/; 11.5.10 таныс, жартылай таныс емес жалпы және оқу тақырыптары бойынша aufhoren mit D., gratulieren zu D., bedanken sich bei D./ fur A., Angst haben vorD түріндегі неғұрлым күрделі басқарумен етістіктер және тұрақты етістік тіркестерін қолдану;
4-тоқсан		
	Тыңдалым	11.1.4 сөйлеу мәні таныс, ал сөздің өзі қарапайым және құрылымы анық болған жағдайда оқу және кәсіби тақырып бойынша дәрісті немесе әңгімені түсіну
		11.2.4 жанжақты бір нәрсенің себептерін түсіндіру және бірдеңенің шешімін әртүрлі нұсқада, жоспар және әрекет арқылы түсіндіру

	Айтылым	11.2.5 екпіндегі акцент пен интонацияға қарамастан түсінуге болатын қызметтің кәсіби саласындағы тұрмыстық және оқу тақырыбы шеңберінде қысқаша және дайындалған хабарламалар жасау
4. Елдің экономикасы және бәсекеге қабілеттілігі: 4.1 Қазақстан мен Германияның дипломатиялық қарым-қатынасы 4.2 Жасыл экономика	Оқылым	11.3.4 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары шеңберінде көркем не көркем емес әдебиеттен ұзын мәтіндерді оқу
	Жазылым	11.4.4 қажетті ақпаратты сұрап, жеке басына қатысты жазбалар мен хаттар жазу
	Неміс тілін қолдану	11.5.11 таныс, жартылай таныс емес жалпы және оқу тақырыптарының қатары бойынша (obwohl/ obgleich) жалғаулықтарымен бағыныңқы құрмалас – қарсылықты бағыныңқы сөйлемдерді қолдану; 11.5.12 предлогтардың функционалдық маңызы туралы, сөйлеудегі мәтіндегі әртүрлі қарым-қатынас құралдары туралы білімдерін оның тұтастығын, келісімділігін қамтамасыз ету үшін пайдалану (мысалы, zuerst, dann, nachher, zuletzt)

3) 12 сынып:

Тақырыптар	Бөлімдер	Оқу мақсаттары
1- тоқсан		
1 Білім беру және оқыту 1.1.Қазақстандағы білім 1.2 Жоғары оқу орнында оқу	Тыңдалым	12.1.1 кәсіби ортада кездесетін белгілі тақырыптарға арналған әдеби нормалар шегінде анық айтылған сөздердің негізгі ережелерін түсіну
	Айтылым	12.2.1 шапшаң, қарапайым тілде қызықтыратын мәселелер бойынша дәйекті түрдегі бекітуді сипаттай алу
	Оқылым	12.3.1 қызықтыратын материалдар бойынша деректі ақпараттар бар қарапайым мәтіндерді оқу және оларды егжей-тегжей түсіну
	Жазылым	12.4.1 жеке тұрған элементтерді байланыстырып, көлемі ауқымды таныс және қызықтыратын мәселелер бойынша қарапайым мәтіндерді жазу

	Неміс тілін қолдану	12.5.1 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша абстракті құрама есімдерді және күрделі есім топтарын қолдану 12.5.2 сөйлеуде шектеусіз белгісіз, сілтеу, қатыстық есімдіктерді, сонымен қатар, сын есім мен үстеулердің салыстыру шырайларын қолдану 12.5.3 сөзжасамның шексіз өнімді тәсілдерін (аффиксация, сөзжасам, конверсия), сөйлеу этикетінің негізгі нормаларын (реплика-клише, ең көп таралған бағалау лексикасы), синонимдерді , антонимдерді және басқа да қызметтік сөздерді бейтаныс жалпы және оқу тақырыптары бойынша мәлімдеме жасау үшін пайдалану
2 - тоқсан		
2. Мамандық, мансап, жұмыс: 2.1 Танымал кәсіптер каталогы 2.2 Қоғамның игілігі үшін еңбек	Тыңдалым	12.1.2 оқу және болашақ кәсіби қызметке байланысты күнделікті сұрақтар мен тақырыптар туралы ақпараттық хабарламаларды түсіну
	Айтылым	12.2.2 шапшаң бірдеңені ,суреттеу не болмаса дәйекті түрдегі бекітуді айту, кітаптың не фильмнің сюжетін айту және оған деген өзінің реакциясын айту
	Оқылым	12.3.2 бір-біреумен үнемі хат алмасуға мүмкіндік беретін жеке басына қатысты хаттағы оқиғаның , сезімнің және ынтаның суреттеуін түсіну
	Жазылым	12.4.2 қарапайым байланысы бар мәтінде өз сезімі мен реакциясын тұжырымдап, өзінің тәжірибесін жазу
	Неміс тілін қолдану	12.5.4 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары бойынша сөз сөйлеуді құру үшін шектеусіз сөзжасамның негізгі тәсілдерін (аффикс, сөздерді қосу, конверсия), сөйлеу әдебінің негізгі нормаларын (реплика-клише, көп таратылған бағалау лексиканы), синоним, антоним және басқа да көмекші сөздерді қолдану 12.5.5 жартылай таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша

		Partizip I және Partizip II (der lesende Schűler; das gelesene Buch) таралған анықтауышты қолдан 12.5.6 таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша субстантивтенген есімше, шартты рай формасы: wűrde + Infinitiv тіркесін, Präteritum Konjunktiv қолдану
3- тоқсан		
3. Денсаулық және тамақтану 3.1.Салауатты өмір салты 3.2 Дұрыс тамақтану: принциптер, ережелер және тағамдар	Тыңдалым	12.1.3 барлығы анық, әдеби тілде айтылған жағдайда ұзақ пікірталастың негізгі түйіндерін түсіну
	Айтылым	12.2.3 жалпылама және оқу тақырыптарына қатысты сұхбаттасушының көзқарасын бағалау және өз пікірін түсіндіру, негіздеу
	Оқылым	12.3.3 нақты бір тапсырманы орындау үшін ақпаратты мәтіннің әртүрлі бөлімдерінен не болмаса әртүрлі мәтіндерден жинақтау және қажетті ақпаратты табу үшін көлемі үлкен мәтінді қарау
	Жазылым	12.4.3 күнделікті таныс және әлеуметтік мәселелер бойынша іс жүзінде жиналған ақпараттарды қосындылау және еркін өз ойын жеткізу
	Неміс тілін қолдану	12.5.7 жартылай таныс және таныс емес жалпылама және оқу тақырыптарында етістіктерді және тұрақты етістік тіркестерді aufhören mit D., gratulieren zu D., bedanken sich bei D./ für A., Angst haben vorD күрделі басқарумен қолдану 12.5.8 қарсылықты бағыныңқылы сөйлем –сабақтас құрмалас сөйлемді obwohl/ obgleich жалғаулығымен таныс және жартылай таныс емес сөйлемдерде қолдану
4 - тоқсан		
	Тыңдалым	12.1.4 сөйлеу мәні таныс, ал сөздің өзі қарапайым және құрылымы анық болған жағдайда оқу және кәсіби тақырып бойынша дәрісті немесе әңгімені түсіну

4. Саясат және қоғам 4.1 Қоғам өміріндегі саясаттың рөлі 4.2 Еуропа елдеріндегі саясат және қоғам	Айтылым	12.2.4 жанжақты бір нәрсенің себептерін түсіндіру және бірдеңенің шешімін әртүрлі нұсқада, жоспар және әрекет арқылы түсіндіру 12.2.5 екпіндегі акцент пен интонацияға қарамастан түсінуге болатын қызметтің кәсіби саласындағы тұрмыстық және оқу тақырыбы шеңберінде қысқаша және дайындалған хабарламалар жасау
	Оқылым	12.3.4 таныс емес жалпылама және оқу тақырыптары шеңберінде көркем не көркем емес әдебиеттен ұзын мәтіндерді оқу
	Жазылым	12.4.4 қажетті ақпаратты сұрап, жеке басына қатысты жазбалар мен хаттар жазу
	Неміс тілін қолдану	12.5.9 сөйлеуде қосымша сөздердің қызметтік маңыздылығы туралы білімдерін қолдану; мәтіндердің тұтастығын қамтамасыз ететін әртүрлі байланыс құралдарын, орамдылығын (мысалы, zuerst, dann, nachher, zuletzt) үстеу көмегімен 12.5.10 таныс жалпылама және оқу тақырыптары бойынша төл және төлеу сөздердің білдіру тәсілдерін қолдану

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
126-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің (қоғамдық-гуманитарлық бағыты, жаратылыстану-математикалық бағыты) 10-11 (12) сыныптарына арналған "Дене шынықтыру" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.03.2024 № 54 (01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Дене шынықтыру жалпы білім беретін мектептегі оқу пәні ретінде жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Оқу пәннің мақсаты - оқушылардың бойында өз денсаулығына қамқорлықпен қарауға қажеттілікті қалыптастыру, дененің физикалық және психикалық қасиеттерді жүйелі дамыту, салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене шынықтыру құралдарын шығармашылық тұрғыдан қолдану.

4. Оқу пәннің міндеттері:

1) денсаулықты нығайту, негізгі дененің физикалық сапаларын дамыту және ағзаның қызмет ету мүмкіндіктерін арттыру; базалық спорт түрлерінің техникалық-тактикалық әрекеттерін жетілдіру;

2) өз денсаулығына қамқорлықпен қарау, оны нығайту және сақтау қажеттіліктерін тәрбиелеу;

3) дене шынықтыру және спорттың пайда болу тарихы мен даму ерекшеліктері, салауатты өмір салтын дамытудағы рөлі туралы білім деңгейлерін игеру;

4) оқу және жарыс кезіндегі ұжымдық қарым-қатынас пен ынтымақтастықты орындау және жеке тұлғаның оң қасиеттерін тәрбиелеу.

5. "Дене шынықтыру" пәнін оқыту процесінде білім алушыларға:

1) жеке тазалық ережелерін сақтау қажеттілігін түсінуге; пәндік білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын күнделікті өмірлерінде қолдануға;

2) дене жаттығуларының адамның физикалық және энергетикалық жүйелеріне әсері туралы білу;

3) жеке бас пен моральдық-өнегелілік қасиеттерін дамыту және әділ бәсекелестік пен өздерін үздіксіз дамытудың қажеттілігін түсіну;

4) өзінің физикалық дамуын жетілдіруде қимыл-қозғалыс құзыреттіліктерін жақсарту қажеттіліктерін бағалауға; жалпы, кәсіптік-қолданбалы және сауықтыру-түзету бағытындағы дене жаттығуларымен шұғылданудың маңыздылығын бағалауға мүмкіндік береді.

2-тарау. "Дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1 параграф. "Дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұны

6. "Дене шынықтыру" пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 3 сағат, барлығы 102 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 3 сағат, барлығы 102 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Оқу бағдарламаның құрылымы мен мазмұны екі бөлімнен тұрады:

1) Дене шынықтыру туралы білім (ақпараттық компонент);

2) Денені жетілдіру және шеберлік (әрекеттік компонент).

8. "Дене шынықтыру туралы білім" бөлімінің мазмұны адамның таным белсенділігінің дамуы туралы негізгі түсініктеріне сәйкес:

1) "Қазақстандағы спорт пен дене шынықтырудың даму тарихы";

2) "Қазіргі қоғамдағы спорт және дене шынықтыру";

3) "Адамның дене мәдениеті" тақырыптарын қамтиды.

Бөлімде Қазақстандағы спорт пен дене шынықтыруды дамытудың, республикадағы ұлттық спорт түрлерінің қалыптасуы, қазіргі қоғамдағы дене шынықтыруды дамытудың негізгі бағыттары, белсенді демалысты ұйымдастыру жолдары және дене шынықтыру құралдарының көмегімен адам денсаулығын нығайту тәсілдері туралы мәліметтер енгізілген. Бұл бөлімде дене және спорттық дайындықтардың негізгі түсініктері, өз бетімен дене шынықтыру жаттығуларымен айналысуды ұйымдастыру мен өткізу ерекшеліктері жан-жақты ашылып көрсетілген және қауіпсіздік техникасын қадағалау мен талап етудің ережелері берілген.

9. "Денені жетілдіру және шеберлік" бөлімі білім алушылардың дене шынықтыру және тактикалық даярлықтарын шыңдауға бағытталған және аталған бөлімде арнайы дене дайындығы құралдары туралы ақпараттар берілген. Бағдарламада арнайы құралдар ретінде қолданбалы маңызға ие болатын базалық спорт түрлерінің (гимнастика негіздері, жеңіл атлетика, спорт ойындары, шаңғы және жүзу) дене жаттығулары мен қимыл-қозғалыс әрекеттері ұсынылады.

10. Вариативті компонент дене шынықтыру мұғалімі спорттық ойындарды тереңдетіп оқыту мақсатында оқытудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларын қолдануға және енгізуге бағдарлайды. Вариативті компонентті нақты білім беру ұйымы, материалдық базасы мен өңірдің орналасу ерекшеліктерін, білім алушының қызығушылықтарын және оқытушылар ұжымының мүмкіндіктерін ескере отырып дене шынықтыру мұғалімі әзірлейді.

11. Бағдарлама талаптарына және әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктері мен жыныстық даму ерекшеліктерін бағамдай отырып, мұғалім өздігінен жеке талаптар

қойып (қорытынды тапсырмалар), талаптардың өзіндік шкаласын құруына және сол бойынша білім алушылардың жылдық үлгерімдерін бағалауына болады. Бұл тәсілді қолдану негізделген, өйткені ол дене шынықтыру мұғалімдеріне бүкіл оқу кезеңінде олардың дамуының жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың үлгерімін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

12. Орта мектептегі дене шынықтырудың педагогикалық жүйесін ұйымдастырудың негізгі түрлері:

1) дене шынықтыру сабақтары;

2) оқу күндерінде ұйымдастырылатын дене тәрбиесі және сауықтыру іс-шаралары;

3) спорттық жарыстар мен мерекелік шаралар;

4) спорт секциялары мен үйірмелер;

5) дене жаттығуларымен өздігінен шұғылдану (үй тапсырмалары).

Сабақтар білім алушылардың дене шынықтыру пәнінің мазмұнын игеру процесіндегі іс-әрекеттерін ұйымдастырудың негізгі түрі болып табылады.

13. "Дене шынықтыру" пәнін оқыту барысында білім алушыларды білім беру ұйымының медицина қызметкері арнайы медициналық топқа бөлу медициналық тексерістің нәтижесі көрсетілген анықтаманың негізінде іске асырылады. Осы топтарды арнайы профилактикалық бағдарлама бойынша аурудың түріне байланысты оқытады.

14. Бұл бағдарлама мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұнын қамтиды және бұл міндеттерді барлық оқу жылында рет-ретімен шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

15. Дене шынықтыру бойынша сабақ өткізу процесінде пәнаралық байланыс іске асырылады:

1) "Қазақ тілі", "Орыс тілі", "Ағылшын тілі": сөз қорын дене шынықтыру саласында қолданылатын терминдермен толықтыру;

2) "Физика": "механикалық жұмыс", "ауаның қарсылығы", "дене салмағы", "біркелкі емес және біркелкі сырғу", "қуаттылық" секілді түсініктер бойынша қабылданған білім деңгейін қолдану;

3) "Алгебра және анализ бастамалары", "Геометрия": ұзындықты, биіктікті, жылдамдықты, қашықтықты, уақытты есептеу, ұзындық пен биіктікке секіру үшін жүгіруді есептеп шығару;

4) "Биология": шылым шегу мен алкоголдік ішімдік ішудің ағзаға тигізетін зияны туралы, зат алмасу процесі туралы материалдарды қолдану;

5) "Дүниежүзі тарихы", "Қазақстан тарихы": олимпиадалық қозғалыс тарихы; қазақтың ұлттық ойындарының пайда болу тарихы;

6) "География": көкжиек тұстарын білу, жергілікті жерлерде түрлі белгілер және карта бойынша бағдарлай білу біліктілігі;

7) "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық": саптық жаттығуларды пайдалану; кедергілер жолағынан өту; өмірлік маңызы бар қимыл-қозғалыс дағдылары мен біліктілікке, оларды түрлі жағдайларда қолдана білуді оқыту және үйрету; патриотизмді және өз Отанына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

16. 10-сыныптағы "Дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспар "Бағдарламаның бөлімдерінің жылдық сағаттар санын тоқсандарға бөлу".

Бағдарлама бөліктері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары. Сағаттар саны				
		1	2	3	4	S
Базалық	1. Жеңіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Спорт ойындары	15	8	15	7	45
	Футбол	8	-	-	7	15
	Баскетбол	-	8	7	-	15
	Волейбол	7	-	8	-	15
	3. Гимнастика	-	9	-	-	9
	4. Шаңғы дайындығы*	-	-	10	-	10
	5. Жүзу**	-	-	-	6	6
	Базалық бөлік бойынша барлығы:	22	17	25	20	84
Вариативті	Вариативтік бөлім білім беру ұйымының таңдауы бойынша белгілі бір спорттық ойынды (футбол, волейбол, баскетбол) тереңдетіп оқыту арқылы жүзеге асырылады	2	7	5	4	18
Оқу жылы бойынша сағаттар саны:		24	24	30	24	102

Ескерту:

*– Қарсыз аудандарда шаңғы дайындығы сабақтарының орнына жалпы төзімділікті дамытуға сауықтыру жүгіру сабақтары мен басқа да аэробты жүктеме жаттығуларын қолдану ұсынылады.

**– Жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, бағдарламаның жүзу бөлімін іске асыруға арналған уақытты спорттық дағдыларын жетілдіру үшін, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен оның орнына дене шынықтырудың спорттық ойын түрлерін қолдану ұсынылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.03.2024 № 54 (01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Білім негіздері:

1) Дене жаттығуларымен шұғылданудың жұмыс істеу қабілетіне тигізетін әсері. Дене шынықтырудың заманауи сауықтыру жүйелері және олардың түрлері және мазмұны.

18. Жеңіл атлетика:

1) Қашықтыққа байланысты жүгіру техникасы мен тактикасының ерекшеліктері. 100 м жүгіру. 4×100 м эстафеталық жүгіру. Кедергілер арқылы жүгіру. 800 м жүгіру. 3000 м (ер балалар) және 2000 м (қыз балалар) жүгіру.

2) Жеке тәсілмен ұзындыққа секіру, жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.

3) 18-20 м (ер балалар), 12-14 м (қыз балалар) түрлі жарақтарды нысанаға лақтыру. Граната лақтыру: ер балалар (700 г), қыз балалар (500 г).

19. Спорт ойындары:

1) Баскетбол: Қозғалу техникаларының игерілген элементтерінен құрылған комбинациялар. Допты қағып алу мен беруді қорғаушының қарсылығынсыз және қарсылық көрсету кезінде орындау нұсқалары. Қорғаушының қарсылығынсыз және қарсылық көрсету кезінде доппен қозғалу. Доппен және допсыз әрекет етуші ойыншыға қарсы әрекет (тартып алу, соғып жіберу, жармасу, жабу). Қорғаныстағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Қорғаныстағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Шабуылдағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Шабуылдағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Оқу-үйрену ойыны.

2) әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру;

3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру;

4) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу;

5) әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көз-қараста тәрбиелеу;

6) жеке қауіпсіздік және қоршаған ортаның қауіпсіздігі мәселелеріне саналы және жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру.

7. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады:

1) теориялық сабақтарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерін қолдана отырып, әңгімелесу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі;

2) практикалық сабақтар оқулықты, қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

8. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнін білім алушылар оқығанда:

1) әр азамат өз Отанының қауіпсіздігін және оны қорғаудың қажеттілігі мен маңызын түсінуге;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскери құралымдарында қызмет атқару үшін қажетті білім, білік және дағды алуға;

3) алынған пәндік білім, білік және дағдыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қызмет еткенде қолдануға;

4) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы толық логикалық бір-бірімен байланысты ұғымдар туралы үйлесімді жүйені қалыптастыруға;

5) өзінің дене бітімінің физикалық дамуының іс-әрекет құзыретін жақсарту қажеттілігін бағалауға;

6) жеке адамгершілік қасиеттерін дамытуға және үздіксіз өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсінуге;

7) сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау, мәселелерді шешу және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

2-тарау. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф . "Бастапқы әскери және технологиялық дайындық" оқу пәнінің мазмұны

9. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылына 34 сағат, сондай-ақ далалық оқу жиынына (лагерлік) вариативтік компоненттен 30 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатты құрайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Меншік түрлері мен нысандарына қарамастан, барлық жалпы білім беретін мектептерде жабдықпен және жиһазбен, көрнекі құралдармен, көрнекі үгіт жөніндегі стендтермен және оқытудың техникалық құралдарымен жарақтандыру нормаларына сәйкес бастапқы әскери және технологиялық даярлық бойынша оқу-материалдық база көзделген.

11. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағына білім алушылар білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіліп белгіленген киім үлгісінде қатысуы тиіс. Қару макеттері және өзге де әскери-техникалық құралдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі білім беру ұйымдарының есебінен іске асырылады.

12. Кіріспе сабақты өткізу кезінде білім алушыны әскери қызметке даярлау және Қазақстан Республикасын қорғауға, алғашқы әскери және технологиялық дайындықтың оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін адамгершілік-жігер, психологиялық және физикалық күшін жұмылдыра білу қажеттілігіне баса назар аударылады.

13. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушы әскери істі оқыту процесінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыруға тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді.

14. Әр сабақ сайын білім алушылар әскери анттың рөлі мен маңызын түсінулеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, оның дәстүрлері мен әскер түрлерінде

қызмет ету ерекшеліктеріне, әскери мамандыққа деген қызығушылықтарын дамытып, білім алушылардың әскери білім алуларына деген ұмтылыстарын ынталандыру керек. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғылары – бұл Қарулы Күштердің тұрмыс-тіршіліктерін реттестіретін заңдар жиынтығы, ал жарғы талаптарын орындау – әрбір әскери қызметкердің міндеті екендігін түсіндіру қажет.

15. Тактикалық дайындық алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша оқу материалын кешенді оқытуды қамтамасыз етеді:

1) білім алушылар сабақ кезінде мотоатқыштар бөлімшесінің ұйымдастыру құрылысы және штаттық қару-жарағының ұрыстық мүмкіндіктері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымдары, бөлімдерінің негізгі қару-жарақ түрлері мен әскери техникалар бойынша берік теориялық білім алады, сарбаздың әр түрлі ұрыстағы іс-әрекетіндегі қару және жарықшақты қол гранаталарын қолданудағы практикалық дағдылар шыңдалады;

2) тактикалық дайындықтың практикалық сабақтарында автоматтың макеттері, кіші жүргінші күрегінің, сонымен қатар оқу гранаталардың сөмкесінде бар болуы қарастырылуы тиіс.

16. Атыс дайындығы бойынша сабақ өткізу кезінде қару және оқ-дәрілерді қолданудың қауіпсіздік ережелеріне баса назар аударған дұрыс:

1) білім алушылар сабақ кезінде атыс қаруының құрылысы, оларды атуға даярлау тәртібі, ату негіздері мен ережесін, қаруды сақтау ережелерін игереді;

2) атыс дайындығының практикалық сабақтарында АК-74 салмақты-пішінді макеті, пневматикалық винтовка, сонымен қатар пневматикалық оқтардың болуы қарастырылады.

17. Саптық дайындық бойынша сабақтар саптық алаңда өткізіледі:

1) практикалық сабақтарды өткізу барысында саптық тәсілдерді үйрену кезінде оқытушының саптық тәсілді тұтас және бөлшектеп көрсетуіне баса назар аударылады;

2) білім алушылардың жаттығу жасауы міндетті түрде сабақта қарастырылады.

18. 10-сыныпта әскери топография сабақтарын білім алушыларға оқытқанда таныс емес аймақтарда картасыз және картамен бағдарлау, сол ауданда өзінің орналасқан орнын анықтау және азимут бойынша жүру бағытын компастың көмегімен және компассыз табуды, сонымен қатар ұшқышсыз қашықтықта ұшатын аспаптардан алынған ақпараттарды қолдануын үйретуді қарастырады.

19. 10-сыныпта өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технология негіздері бөлімінде – азаматтық қорғау және медициналық білім негіздері сабағында білім алушылар Қазақстан Республикасының халқын бейбіт және соғыс кезіндегі табиғи апаттарда, ірі апаттарда, қасірет пен террористік актіде атқарылатын іс-шаралармен таныстырады.

20. Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру

лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерлік) жиыны өткізіледі.

21. Оқу-дала жиыны курсы алғашқы әскери және технологиялық дайындық бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол жергілікті атқару органдарымен бірлесіп ұйымдастырылады және білім беру ұйымдарының оқу сағаттарымен қамтамасыз етіледі.

22. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнінің оқу нәтижелерін бағалау үшін ауызша сұрақ қою, жазба жұмыстың және практикалық жаттығулар бақылауын қолдану арқылы жүзеге асырады.

23. 11-сыныпта технологиялық дайындыққа арналған бөлім жол қозғалысы ережесін және автокөлік құралдарын қауіпсіз жүргізуді зерделеу қарастырылады.

24. Оқытудың негізгі нысандары теориялық, зертханалық-практикалық, практикалық және бақылау сабақтары болып табылады.

25. Теориялық және зертханалық-практикалық оқу сабақтарының ұзақтығы – 40 минут, ал міндеттерді белгілеу, қорытынды шығару, құжаттама ресімдеу және білім алушыларды ауыстыру уақытын қоса алғанда, автомобиль жүргізу бойынша практикалық сабақтардың ұзақтығы – 60 минут құрайды.

26. Зертханалық-практикалық сабақтарды үзіліссіз 80 минут ішінде өткізуге рұқсат етіледі.

27. Теориялық және зертханалық-практикалық сабақтарды оқытушы өткізеді, автомобиль жүргізу бойынша практикалық сабақтарды көлік жүргізуге үйрету шебері білім алушылармен жеке жүргізеді.

28. Зертханалық-практикалық сабақтар бір немесе бірнеше тақырып бойынша тиісті теориялық материалды зерделегеннен кейін иллюстрациялық және зерттеушілік жоспарда жүргізіледі.

29. Практикалық сабақ басталғанға дейін білім алушылар негізгі ережелерді орындау мен қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша міндетті нұсқаулықтан өтеді.

30. Практикалық жүргізу сабақтары әрбір білім алушылармен жеке автотренажерлерде, автодромдарда (жүргізіп үйренуге арналған алаңдарда) және 3 жылда кемінде 1 рет жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық уәкілетті органда келісуден өткен үйрету бағыттарында өткізіледі.

31. Білім алушылардың деңгейін анықтау және оның білімін бағалау үшін қорытынды сабақтар өткізіледі, олардың нәтижелері бойынша емтихандарға өздігінен дайындалу үшін ұсынымдар беріледі.

32. Әрбір оқыту ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты оқытудың оқу жылына есептелген күнтізбелік-тақырыптық жоспары құрылады.

33. Оқыту процесінде оқу пәндерімен пәнаралық байланыс іске асырылады:

1) "Қазақ тілі", "Орыс тілі", "Ағылшын тілі": сөз қорын алғашқы әскери және технологиялық дайындық саласына қатысты терминдермен толықтыру;

2) "Физика": уақыт, кеңістік және материяның физикалық процесінің адам және қоғамға тигізетін әсерін білу;3) "Биология": адам гигиенасы және физиологиясын білу, сонымен қатар зиянды дағдылардың ағзаға тигізетін зияны туралы білімді қолдану;

4) "Химия": уытты заттардың адам ағзасына тигізетін әсерін білу; әскери істе қолданылатын жарылғыш заттарды қолданғандағы қауіпсіздік тәртібін білу;

5) "Дүниежүзі тарихы", "Қазақстан тарихы": отансүйгіштікті тәрбиелеу, Қазақстан халқының тарихы мен мәдениетіне деген құрметті тәрбиелеу, бір тарихи процес ретінде адамзаттың тарихын білу;

6) "Құқық негіздері": мемлекеттің заң шығару негіздерін, Қазақстан азаматының құқығы мен міндеттерін білу;

7) "География": бағыт тұстарын білу, түрлі белгілер және топографиялық карта бойынша жергілікті жерде бағдарлау біліктілігі, қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының аумағы мен шекараларын анықтау;

8) "Дене шынықтыру": саптық жаттығуларды қолдану, граната лақтыру, кедергілер жолағынан өту;

9) "Информатика": білім беру процесін сүйемелдеуде білім алушылардың білімінің сапасын арттыру мақсатында IT-технология білімін пәндік ақпараттық ортада моделдеу , құрастыру және талдау.

34. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнінің базалық мазмұны. 10-сынып.

35. "Кіріспе сабағы" бөлімі:

1) білім алушыларға "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәніне оқыту мақсат-міндеттері мен мазмұнын;

2) "Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы", "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы", "Ұлттық қауіпсіздік туралы", " Азаматтық қорғану", "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, "Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген), "Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген). Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды.

36. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі" бөлімі:

1) Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері – Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, олардың құрамы және атқаратын қызметтерін;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Әскери бөлімнің жауынгерлік туы. Әскери анттың әскери қызметкерлерге қоятын талаптары. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеттерін;

3) Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары – Экстремизм түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Экстремизм, терроризм, олардың өзіндік сипаттары. Қазіргі әлемдегі террорлық қауіп-қатерлердің ұлғаю себептерін қамтиды.

37. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары" бөлімі:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері , басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айыру белгілерін;

2) Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары –Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарыларға мәлімдеме жасауды;

3) Әскери тәртіп, оның мәні мен мағынасы – Әскери тәртіп, марапаттау және жазалау. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері. Сарбаздарға көрсетілетін марапат түрлері. Сарбаздарға берілетін тәртіптік жазалауларды қамтиды.

38. "Тактикалық дайындық" бөлімі мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері – Бөлімшені ұйымдастыру. Штаттық қарулану және ұрыстық техника. Бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктерін қамтиды.

39. "Атыс дайындығы" бөлімі:

1) Калашников автоматы және қол пулеметі – Қару және патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Калашников автоматы және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеу механизмін;

2) Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау; Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен механизмдерінің, патронының құрылысын;

3) Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау –Автоматтың керек жарақтары. Автоматтың атудан кейінгі тазалау және майлау тәртібі. Автоматты сақтау. Автоматтың оқтарын тексеру және атысқа дайындау. Ату кезіндегі кідірістер және оны жою амалдарын;

4) Жарықшақты қол гранаталары – Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН, Ф-1, РГО) атқаратын қызметі және ұрыстық қасиеті. Гранаталар мен тұтандырғыштың құрылысы. Гранатаны лақтырған кездегі бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы. Гранатаны лақтыруға дайындауды қамтиды.

40. "Саптық дайындық" бөлімі:

1) Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс – Сап және оның элементтері. Алдын-ала және орындауға берілетін пәрмендер. Сапқа тұрғанға дейінгі және саптағы сарбаздың міндеттері Саптық тұрыс. "Сапқа тұр!", "Түзел!", "Тік тұр!", "Еркін тұр!", " Реттел!", "Тоқтат!", "Бас киімдеріңді (киімді) ШЕШ!", "Бас киімдеріңді (бас киімді) КИ !" пәрмендерін орындауды;

2) Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адым – Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайтадан бір қатарлы сапқа тұру. Саптық және жорықтық адыммен қозғалысты қамтиды.

41. "Әскери топография" бөлімі:

1) Жергілікті жерде картасыз бағдарлау – Бағдарлау туралы түсінік. Компаспен, аспан денелерінің және жергілікті заттар бойынша көкжиек тұстарын анықтау. Өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеме жасауды қамтиды;

2) Магнитті азимутты анықтау – Азимут және оны анықтау. Жергілікті жерде бағдарлаудың заманауи дербес жабдықтары. Спутниктік-навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтерді қамтиды: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС, Galileo.

42. "Әскери роботты техникалардың негіздері" бөлімі:

1) Әскери роботты техникалардың негіздері – Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалануды;

2) Роботтарды басқару алгоритмі – Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдерін;

3) Роботтарға арналған тапсырмалар – Роботтардың атқара алатын қызметтері. Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібін қамтиды.

43. "Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері" бөлімі:

1) Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы – Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындарын) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері. Азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдықталуын;

2) Ядролық қару және оның сипаттамасы – Ядролық жарылыстардың түрлері. Ядролық жарылыстың зақымдаушы факторлары және олардан қорғану тәсілдері. Ядролық зақымдау ошағы және оның сипаттамасы. Нейтронды оқ-дәрілердің зақымдаушы әсерінің ерекшеліктерін;

3) Химиялық қару – Химиялық қару және оны қолдану белгілері. Улаушы заттар, олардың улағыш қасиеті және олардан қорғану тәсілдері туралы қысқаша түсінік. Химиялық зақымдау ошағы, зақымдаудың алғашқы және екінші аумағын;

4) Биологиялық (бактериологиялық) қару – Биологиялық (бактериологиялық) қару, оның зақымдаушы әсері, қолдану белгілерін анықтау. Бактериологиялық құралдар, олардың улағыш әсері және олардан қорғану құралдары туралы қысқаша сипаттама. Бактериологиялық зақымдау ошағы, оның сипаттамасы. Бактериологиялық зақымдау ошағында жүргізілетін іс-шаралар. Карантин және обсервацияны;

5) Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары – Жалпыәскери газтұмылдырық, оның атқаратын қызметі және құрылысы. Азаматтық газтұмылдырықтар құрылысының ерекшеліктері. Сауыт-қорғанысты (маска) таңдау, жарамдылығын тексеру, газтұмылдырықты жинау және қалтаға салу. Газтұмылдырықты алып жүру және пайдалану тәртібі, зақымдалған адамға газтұмылдырық кигізу тәсілдері. Жарамсыз газтұмылдырықты пайдалану. Тыныс алу мүшелерін қорғаудың қарапайым құралдарын ;

6) Теріні қорғаудың жеке құралдары – Теріні қорғауға арналған қарапайым құралдар, қосымша герметизациялау және сіңдіру арқылы олардың қорғаныс қасиеттерін арттыру. Арнайы қорғаныс киімінің (Л-1 жеңіл қорғаныс кеудеше, сүзгілі қорғаныс киімі, жалпыәскери қорғаныс жабдығы) атқаратын қызметімен және оларды пайдалану ережелерімен танысуды;

7) Ұжымдық қорғану құралдары – Радиацияға қарсы тасалар мен панаханалар, олардың қорғау қасиеттері, жалпы құрылысы және іштей жабдықталуы. Қарапайым тасаны;

8) Эвакуациялау және халықты белгілеп шоғырландыру – Азаматтық қорғаныс дабылы және ол бойынша әрекет ету тәртібі. Эвакуациялау және орналастыру тәсілдері мен тәртібі. Эвакуацияланаушылардың міндеттері, олардың керек-жарақтары, қажетті жеке мүліктері, құжаттары мен азық-түліктері. Эвакуация бекетіндегі тәртіп, жүру бағыты және орналасатын орынға келу ережелер тәртібін;

9) Террорлық қауіп-қатер кезіндегі адамдардың қауіпсіздігі – Террорлық актілер бойынша қауіп-қатер төнген және террор болған кездегі азаматтардың атқаратын әрекеттері. Түрлі деңгейдегі қауіп-қатер төнген кезде әрекет ету тәртібі. Лаңкестік қауіпінің алдын алуда ақпараттық технологияның тиімділігін;

10) Табиғи апат аймақтарындағы адамдардың әрекеттері – Табиғи апаттар, зілзалалар, олардың сипаттамалары және келтіруі мүмкін салдары. Табиғи апаттар

және зілзалалар кезіндегі адамдардың әрекет ету тәртібі. Адамдардың табиғи апат салдарын жоюға, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысуларын;

11) Жарақат алу, қан ағу және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы көмек – Жарақат және олардың асқыну себептері туралы түсінік. Қансырау түрлері және олардың сипаттары. Күйік шалу себептері және олардың ауырлық деңгейлері. Естен танудың себебі. Жарақат алу және қансыраған кезде көрсетілетін алғашқы көмек. Асептика және антисептика туралы түсінікті;

12) Түрлі қайғылы оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы көмек – Сүйектің сынуы және оларды анықтау туралы түсінік. Соғып алу, шығып кету, буынның созылуы және оларды анықтау белгілері. Шина салудың негізгі ережелері. Түрлі қайғылы оқиға орын алған кезде алғашқы көмек көрсету тәсілдері; Үсік шалу, күнге күю және жылудың әсері, олардың алдын алу және көрсетілетін алғашқы көмек. Электр тогы соққан кезде көрсетілетін алғашқы көмек және көмек көрсеткен кезде сақтауы керек қауіпсіздік шараларын қамтиды.

44. Далалық-оқу жиынындағы (лагерьлік) оқу материалдарын тақырыптар бойынша жоспарлау үлгісі (ұлдарға арналған). 10-сынып.

45. "Тактикалық дайындық" бөлімі:

1) Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы және әскери техникасы –Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қаруланумен және әскери техникасымен, олардың атқаратын қызметтерімен, техникалық-тактикалық сипаттамаларымен танысу. Қарулану түрлері мен әскери техникаларды іс жүзінде көрсетуді;

2) Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі – Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі. Ұрыстағы сарбаздың міндеттері. Бөлімшені басқаруды;

3) Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу – Нормативтерді орындау: газтұмылдырықты кию, респираторды кию, "зақымдалушыға" газтұмылдырықты кигізу , жалпыәскери қорғаныс жабдығын кию. Дербес қобдиша және химиялық улануға қарсы пакет, олардың атқаратын қызметтері және пайдалану тәртібін;

4) Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері – Сарбаздың ұрыс кезінде жаяу әрекет ете отырып қозғалу тәсілдері. Ядролық жарылыс кезіндегі әрекетті;

5) Қорғаныстағы сарбаз – Ату позициясына (атыс жүргізуге арналған орынға) орналасу. Оқпана қазу және оны бүркемелеу. Қарсылас ядролық қару қолданғанда, атысқа дайындық басталғанда, әуе қарсыласы туралы дабыл қағылғанда, радиоактивті, химиялық және бактериологиялық зақымдау туралы дабыл қағылғанда орындалатын әрекеттер. Қарсыластың танкілері мен жаяу әскерлері түрлі бағыттан шабуылдаған кезде тойтарыс беру. Әуе нысандары бойынша оқ атуды;

6) Шабуылдағы сарбаз – Шабуылға дайындалған кезде орындалатын әрекеттер. Жүріп келе жатып шабуылдау кезіндегі сарбаздың колоннада қозғалуы және бөлімшенің ұрыстық сапындағы өз орнын алуы. Өткелдердегі кедергілерден өту және

шабуылдау. Траншеядағы жауды ату, граната лақтыру, қоян-қолтық ұрыс арқылы жою тәсілдері. Шабуыл кезінде радиоактивті (улаушы) заттармен зақымдалған жергілікті жерде әрекет етуді;

7) Бақылаушы сарбаз – Бақылау жүргізуге арналған орынды таңдау, оны жабдықтау және бүркемелеу. Нысандарды анықтау және бақылау нәтижелері туралы мәлімдеме жасау. Жергілікті жердің үлгісін құру және нысандарды үлгіде белгілеуді;

8) Шолушы сарбаз – Шолушы болып тағайындалған сарбаздың әрекеттері. Шолушылардың қозғалу, жергілікті жерді және заттарды шолу тәсілдері. Бақылау нәтижелері туралы мәлімдеуді қамтиды.

46. "Атыс дайындығы" бөлімі:

1) Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау, автоматтың бөлшектері мен механизмдерінің оқтауға дейінгі орналасу қалпын және ату кезіндегі бөлшек механизмдерінің жұмыс істеуімен танысуды;

2) Атуға ыңғайлануға жаттығу (АК-74, пневматикалық винтовка) – Оқжатарды патрондармен оқтау және оқжатарды сөмкеге салу. Атуға ыңғайлану (атуға қажет қалыпты қабылдау және автоматты оқтау). Ату (қарауыл мен өткізгішті орнату, иыққа тіреу, көздеу, шүріппені басу және ату кезінде автоматты мықтап ұстау). Атуды тоқтату, оқжатарды алу және атып болған соң автоматты тексеруді;

3) Қол гранаталарын лақтыру – Жарықшақты қол гранаталарын және танкіге қарсы гранаталарды лақтыруды;

4) Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату – Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) іс жүзінде атуды қамтиды.

47. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары" бөлімі:

1) Әскери бөлімнің (бөлімшенің) орналасуы, өмірі және күнделікті тұрмыс-тіршілігі – Әскери бөлімнің (бөлімшенің) тарихы. Әскери қызметшілердің орналасуы. Ақпараттық-тәрбие жұмысына арналған бөлме. Қару сақтауға арналған бөлме. Сарбаз асханасы, спорт базасы, оқу қалашықтарын;

2) Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері – Ротаның тәуліктік нарядының атқаратын қызметтері, құрамы және қаруланuы, рота бойынша күндізгі кезекшінің атқаратын міндеттері. Өзінің кезекті міндетін атқаратын күндізгі кезекшінің бекетін жабдықтау және жарақтандыру, тікелей бастықтары келген кездегі, "Жиын" белгісі берілгенде, дабыл және өрт болған жағдайдағы күндізгі кезекшінің әрекеттері. Бос ауысымдағы күндізгі кезекшінің әрекеттері, күндізгі кезекшінің телефон бойынша мәлімдеме беру тәртібі. Ротаға басқа ротаның әскери қызметшілер келген кездегі, рота аумағынан мүліктерді шығару кезіндегі күндізгі кезекшінің әрекеттерін;

3) Сақшының міндеттері – Қарауылдық қызметке тағайындалу және қарауылдың атқаратын міндеттері. Бекет және оны жабдықтау, жарақтандыру. Бекетке шабуыл жасалған кездегі сақшының әрекеттерін. Қаруды қолдану тәртібін;

4) Бекеттегі сақшының міндеттері және орындайтын әрекеттері – Қаруды оқтау тәртібі. Бекетте тұрған сақшы қаруының орналасу қалпы. Бекетті тапсырған және қабылдаған, бекетте өрт болған және өзінің немесе көрші бекет маңында тәртіп бұзушылық орын алған жағдайдағы сақшының әрекеттерін қамтиды.

48. "Саптық дайындық" бөлімі:

1) Әскери сәлемдесу – Бір орында және қозғалыс кезінде орындалатын әскери сәлемдесулерді;

2) Саптан шығу және сапқа қайта тұру – Саптан шығу және сапқа қайта тұру. Бастыққа келу және одан кетуді;

3) Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын іс-қимылдар – "Автоматты кеудеге! ", "Белдікке!", "Қаруды қой!", "Қаруға!", "Қаруды!" тәсілдерін орындауды;

4) Бөлімшенің сабы – Бөлімшені өрістетілген сапқа және жорықтық сапқа тұрғызу. Бөлімшені өрістетілген саптан жорықтыққа сапқа тұрғызу және қайтадан өрістетілген сапқа тұрғызу. Бөлімшенің жинақталуы және жазылуын қамтиды.

49. "Әскери топография" бөлімі азимут бойынша қозғалыс – Көкжиек тұстарын және магнитті азимутты анықтауға жаттығу. Азимут бойынша қозғалысты қамтиды.

50. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу пәнінің мазмұны. 11-сынып.

51. "Әскери қызметтің құқықтық негіздері" бөлімі:

1) Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі – Әскери қызметті өткеру қажеттілігі. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттері туралы заңдары;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау – Әскери есепке алу, әскери қызметке даярлау, әскери қызметке кірісу. Әскери қызмет (баламалы , келісімшарт бойынша), запаста болу;

3) Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері – Әскери қызметті өткеру тәртібі мен мазмұны. Әскери қызмет мерзімі. Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері.

52. "Атыс дайындығы" бөлімі:

1) Ату негіздері – Атыс құбылысы. Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы. Қарудың тебілісі. Траекторияның пайда болуы. Оқтың тесіп өту және қиратқыш әрекеті. Тура атудың практикалық маңызы;

2) Ату ережесі – Арақашықтықты мыңдық формула арқылы анықтау тәсілдері. Көздеу (дәлдеу) элементтері. Қозғалмайтын нысандар бойынша көздеу нүктесін және көздеуішті тағайындау.

53. "Саптық дайындық" бөлімі:

1) Саптық тәсілдер және қозғалыс – Саптық тәсілдерді орнында тұрып орындау. Қозғалыста орындалатын саптық тәсілдер;

2) Бөлімшені сапқа тұрғызу – Бөлімшенің кеңейтілген сапқа тұруы. Бөлімшені жорықтық сапқа тұрғызу. Саптық тәсілдерді орнында және қозғалыста орындау.

54. "Технологиялық дайындық" бөлімі:

1) Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері – Қазақстан Республикасының жол жүру саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері. Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны;

2) Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері – Қазақстан Республикасы Жол қозғалысы ережелерінде қамтылған негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың міндеттері. Жүргізушінің өзімен бірге болуы тиіс құжаттары;

3) Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары – Бағдаршам мен реттеушінің сигналдары. Арнайы сигналдарды қолдану. Авариялық сигнал беру және авариялық тоқтату белгісін қолдану. Маневрлеу. Көлік құралдарын жолдың жүру бөлігіне қою;

4) Жол белгілері – Ескерту белгілері. Басымдық белгілері. Тыйым салу белгілері. Алдын ала жазылатын белгілер. Ақпараттық-көрсеткіш белгілері. Сервис белгілері. Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар);

5) Жол таңбалары және олардың сипаттамалары – Таңбалардың жіктелуі. Көлденең және тік таңбалардың талаптарына сәйкес жүргізушілердің іс-әрекеті. Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелері;

6) Қозғалыс жылдамдығы – Қозғалыс жылдамдығы. Басып озу, алда кездескен жол айрығы. Аялдама және тұрақ. Қиылыстардан өту. Жаяу жүргіншілер өтпелері және маршруттық көлік құралдарының аялдамалары;

7) Әртүрлі жағдайдағы қозғалыстар – Теміржол жолдары арқылы қозғалыс. Автомагистральдар бойынша қозғалыс. Тұрғын аймақтардағы қозғалыс. Маршруттық көлік құралдарының басымдығы. Сыртқы жарық құралдарын және дыбыс сигналдарын пайдалану;

8) Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау – Механикалық көлік құралдарын тіркеп сүйреу. Оқу жүргізулері. Жолаушыларды тасымалдау. Жүктерді тасымалдау. Велосипедтер, мопедтер, көлік-арбалардың (шаналардың) қозғалысына, сондай-ақ жануарларды жолдан айдап өтуге қойылатын қосымша талаптар. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың қозғалысын қамтамасыз етуді қамтиды.

55. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бөлімі:

1) Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу – Қауіптердің негізгі ұғымдары мен жіктелуі. Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігі ;

2) Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі – Физикалық, химиялық және биологиялық факторлар арқылы адам денсаулығына әсер ету;

3) Әртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету – Электрлік және тұрмыстық газбен қауіпсіз жұмыс жүргізу. Тұрмыстық химия құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Компьютерді пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары;

4) Техногендік сипаттағы қауіптілік – Өнеркәсіптік апаттар (авариялар), олардың қысқаша сипаттамасы және ықтимал салдары. Жарылыстық-өрт қаупі бар нысандардағы апаттар (авариялар). Гидродинамикалық апаттар;

5) Экологиялық қауіпсіздік – Ауа және су құрамының ластануы. Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді пайдалану. Топырақтың ластануы;

6) Табиғи жағдайда автономды өмір сүру-ерікті және мәжбүрлі автономия. Өмір сүру тәсілдері. Қажетті авариялық қор;

7) Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері – Көшедегі қауіпсіздік. Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік. Адамдар көп жиналатын жерлердегі қауіпсіздік;

8) Террористік акт қаупі кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету – Жарылыс қаупі пайда болған жағдайдағы тәртіп ережелері. Кепілдікке алынған жағдайда;

9) Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері – Киберқауіпсіздіктің негізгі ұғымдары. Әлеуметтік желілерде қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелері. Ашық қол жетімді Wi-fi желілерін қауіпсіз пайдалану ережелері;

10) Жаппай зақымдану кезіндегі алғашқы көмек көрсету – Алғашқы көмек көрсету ерекшеліктері. Көмектің түрлері. Зардап шеккендерді зақымдану ошақтарынан эвакуациялау тәртібі;

11) Негізгі жұқпалы аурулар. Уланулар, интоксикация және олардың алдын алу – Жұқпалы аурулардың жіктелуі және оның алдын алу. Уланудың негізгі түрлері. Уланудың жалпы алгоритмі. Уланудың негізгі түрлері. Интоксикация кезіндегі көмек;

12) Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету – Автомобильдегі дәрі қобдишасында болатын дәрілік препараттардың тізбесі мен мақсаты. Әртүрлі жарақаттар кезінде алғашқы көмек көрсету ережелері. Жүрек қызметі мен тыныс алудың кенеттен тоқтаған кездегі алғашқы көмек көрсету.

2-параграф Тақырыптық жоспар "Сабақ уақытын жоспарлау және есептеу"

56. 10-сынып. Барлығы – 36 сағат (аптасына 1 сағат):

№	Бөлім, сабақ тақырыптарының атаулары және оларды сағаттарға бөлу	Сағат саны
1	2	3
Кіріспе сабақ– 1 сағат		

1	Білім алушылардың алғашқы әскери және технологиялық дайындықтарының мақсаты, міндеттері және мазмұны	1
1-бөлім. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі – 3 сағат		
2	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері	1
	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері	1
	Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары. Экстремизм түрлері	1
2-бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары – 3 сағат		
3	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары	1
	Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары	1
	Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы	1
3-бөлім. Тактикалық дайындық – 3 сағат		
4	Мотоатқыш бөлімшесінің ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері	3
4-бөлім. Атыс дайындығы – 4 сағат		
5	Калашников автоматы және қол пулеметі	1
	Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау	1
	Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау	1
	Жарықшақты қол гранаталары	1
5-бөлім. Саптық дайындық – 2 сағат		
6	Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс	1
	Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адыммен қозғалу	1
6-бөлім. Әскери топография – 2 сағат		
7	Жергілікті жерде картасыз бағдарлау	1
	Магнитті азимутты анықтау	1
7-бөлім. Әскери роботты техникалардың негіздері – 6 сағат		

8	Әскери роботты техникалардың негіздері	2
	Роботтарды басқару алгоритмі	2
	Роботтарға арналған тапсырмалар	2
8-бөлім. Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері – 12 сағат		
9	Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы	1
	Ядролық қару және оның сипаттамасы	1
	Химиялық қару	1
	Биологиялық (бактериологиялық) қару	1
	Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары	1
	Теріні қорғаудың жеке құралдары	1
	Ұжымдық қорғану құралдары	1
	Эвакуациялау және халықты шоғырландыру	1
	Террорлық қауіп-қатер кезіндегі адамдардың қауіпсіздігі	1
	Табиғи апат аймақтарындағы адамдардың әрекеттері	1
	Жарақат алу, қан ағу және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы көмек	1
	Түрлі қайғылы оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы көмек	1
	Барлығы	36

57. 10-сынып. Барлығы – 30 сағат (5 күн)

№	Бөлім, сабақ тақырыптарының атаулары және оларды сағаттарға бөлу	Сағат саны
1	2	3
1-бөлім. Тактикалық дайындық – 14 сағат		
1	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы және әскери техникасы	2
	Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі	1
	Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу	2
	Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері	1
	Қорғаныстағы сарбаз	3
	Шабуылдағы сарбаз	3
	Бақылаушы сарбаз	1

	Шолушы сарбаз	1
2 бөлім. "Атыс дайындығы" – 6 сағат		
2	Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары	1
	Атуға ыңғайлануға жаттығу (АК-74, пневматикалық винтовка)	1
	Қол гранаталарын лақтыру	2
	Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату	2
3-бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары – 4 сағат		
3	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) орналасуы, өмірі және күнделікті тұрмыс-тіршілігі	1
	Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері	1
	Сақшының міндеттері	1
	Бекеттегі сақшының міндеттері және орындайтын әрекеттері	1
4-бөлім. Саптық дайындық – 4 сағат		
4	Әскери сәлемдесу	1
	Саптан шығу және қайта сапқа тұру	1
	Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын қимылдар	1
	Бөлімшенің сабы	1
5-бөлім. Әскери топография – 2 сағат		
5	Азимут бойынша қозғалыс	2
Барлығы		30

58. Барлығы – 36 сағат (аптасына 1 сағат)

№	Бөлім, сабақ тақырыптарының атаулары және оларды сағаттарға бөлу	Сағат саны
1	2	3
1-бөлім. Әскери қызметтің құқықтық негіздері – 3 сағат		
1	Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі	1
	Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау	1
	Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері	1

2- бөлім. Атыс дайындығы – 3 сағат		
2	Ату негіздері	1
	Ату ережесі	2
3- бөлім. Саптық дайындық – 4 сағат		
3	Саптық тәсілдер және қозғалыс	2
	Бөлімшені сапқа тұрғызу	2
4- бөлім. Технологиялық дайындық – 10 сағат		
4	Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері	1
	Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері	1
	Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары	1
	Жол белгілері	3
	Жол таңбалары және олардың сипаттамалары	1
	Қозғалыс жылдамдығы	1
	Әртүрлі жағдайдағы қозғалыс	1
	Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау	1
5- бөлім. Өмір қауіпсіздігінің негіздері – 16 сағат		
5	Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу	1
	Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі	2
	Әртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету	1
	Техногендік сипаттағы қауіптілік	2
	Экологиялық қауіпсіздік	1
	Табиғи жағдайда автономды өмір сүру	2
	Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері	2
	Террористік акт қаупі кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету	1
	Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері	1
	Жаппай зақымдану кезіндегі алғашқы көмек көрсету	1
	Негізгі жұқпалы аурулар. Уланулар, интоксикация және олардың алдын алу	1
	Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету	1
Барлығы		36

3-параграф. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

59. Жалпы орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) әскери іс, белгілеуді, ұйымдастыру құрылымын, штаттық қаруландыруды және техниканы, төменгі тактикалық буын бөлімшесінің мүмкіндіктерін, бағдарлау құралдарын қолдануды, робототехника және IT-технология негіздерін, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысын ұйымдастыруды; қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолданғанда, террористік қауіп-қатерді және табиғи апатты хабарлау жүйесін және әрекет ету тәртібін; табиғи апаттардың сипаттарын, зақымдау ошақтарында құтқару және апаттан кейінгі қалпына келтіру жұмыстарын шұғыл ұйымдастыруды; штаттық қаруды, қорғанудың дербес және ұжымдық құралдарының, радиобелсенді және химиялық бақылау құрылғыларының атқаратын қызметін, құрылысы мен қолдану тәртібін, сондай-ақ, тұрғындарды эвакуациялауды, жергілікті жерде орналастыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібін; алғашқы көмектің міндеттері мен түрлерін, жолда жүру ережесін біледі;

2) әскери іс, робототехника және IT-технология негіздерін, ядролық, химиялық, биологиялық (бактериологиялық) қарулардың және басқа да адамдарды зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарының әсер ету ерекшеліктерін, оларды қолданған кезде шаруашылық нысандарына, қоршаған ортаға және экологияға тигізетін әсерін; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың салдары мен келтіруі мүмкін экономикалық және экологиялық шығынын, жол жүрісі жүйесін ұйымдастыруды түсінеді;

3) орын алған әртүрлі жағдаятта ұрыс алаңында сарбаздың рөлінде, радиациялық және химиялық бақылау жүргізу бекетінің құрамында барлаушы ретінде әрекет етуді; штаттық қаруды, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын, жараланғанда, қан кеткенде , күйік шалғанда және үсік шалғанда, күн өткенде, электрлі жарақат алғанда, суға батқанда алғашқы көмек көрсетуді; дененің түрлі бөліктері жараланғанда байлап, таңуды; дененің түрлі бөліктерінде сынықтың ашық және жабық түрі бойынша алғашқы көмек көрсетуді; интернет байланысты, аудио-визуалды технологияларды пайдаланады, автомобиль көлігін жүргізу, робототехника дағдыларын меңгереді, сандық фото және бейне жабдықтарды қолданады;

4) зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарын қолданғанда туындауы мүмкін тосын жағдайды; табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын, жолдардағы мүмкін болатын штаттан тыс жағдайларды талдайды;

5) зақымдаудың қазіргі заманғы қаруын қолданғанда туындауы мүмкін тосын жағдайда әрекет ету алгоритмін; табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдай туындағанда әрекет ету алгоритмін, жолда болуы мүмкін төтенше жағдайлар туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмдерін жинақтайды, синтездейді;

6) қабылданған шешімнің салдарын бағалайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
128-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік "Абай мектептерінің" 10-11-сыныптарына арналған "Абайтану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Абайтану" пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты:

1) Абай шығармашылығының идеялық, мазмұндық-құрылымдық сипатын, тілдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктерінен жүйелі білім беру;

2) білім алушылардың танымдық (тілдік танымдық, дүниетанымдық, тұлғатанымдық) қабілеттерін дамыту;

3) Абай ілімдері арқылы тұлғалық қасиеттерді: адамгершілік, этномәдени, тарихи, ұлттық құндылықтарды таныту, бағалай алу құзыретін дамыту, шығармашылық қабілетін шыңдау;

4) білім алушылардың өзіндік даму бағытын, сыни ой-пайымын қалыптастыру;

5) әдеби-эстетикалық талғамдары мен ізгілік және іскерлік құндылықтарын, коммуникативті құзыреттерін жетілдіру;

6) білім алушылардың сөздік қорын дамыту.

3. "Абайтану" пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының міндеттері:

1) Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде өрнектелген "қуатты ойды" таразылау, пәлсапалық сөздерінің мән-мағынасын ашу арқылы тәлімгерлік тағылымын таныту;

2) ақынның аудармашылық шеберлігін және нәзиралық дәстүрін таныту;

3) Абайдың қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын, ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын, өлең өнеріндегі қайталанбас қолтаңбасы мен шеберлігін, ақындық мектебін таныту;

4) ақын шығармалары арқылы ұлттық болмысымызды ұғыну, түрлі ұлттар әдебиетіндегі ұқсастықтарды ажырату, басқа ел әдебиетінің көрнекті үлгілерімен салыстыра алу;

5) Абайдың иман жолын таразылайтын ой толғамдарын шығармалары арқылы игеру, Алланы ақылмен тану қағидаттарын пайымдау;

6) ақынның шығармашылық бастауларын, қазақтың дәстүрлі өнерінен үйренгенін, сөз өнерін дамытудағы реформаторлық қырын, шығыс әдебиетімен байланысын зерделеу, Абай шығармашылығына шығыс мәдениетінің ықпалын тану, Абайдың тұлғалық кемелдену жолын саралау;

7) Абайдың орыс, еуропа әдебиеті классиктерімен шығармашылық өзектестігін, орыс, батыс қаламгерлерімен шығармашылық байланысын зерделеу, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын бағалау.

2-тарау. "Абайтану" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Абайтану" оқу пәнінің мазмұны

4. "Абайтану" пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Абайтану" пәні білімінің мазмұны бөлімдерге бөлінген:

1) білу және түсіну

2) талдау және жинақтау

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім).

6. "Білу және түсіну" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) көркем шығармадағы поэтикалық қолданыстардың мәнін ашу, мәтіндегі қызметін түсіну;

2) шығарма үзінділерімен жұмыс;

3) шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн;

4) көркем шығармадағы форма мен мазмұн бірлігі;

5) интерпретация (ауызша және жазбаша).

7. "Талдау және жинақтау" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын талдау;

2) көркем шығарманың образдар жүйесі, типтік характер;

3) көркем шығарманың тілі, стилі;

4) көркемдік тәсілдер.

8. "Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) шығармадағы тарихи шындық және көркемдік шешім;

2) рухани және көркем-эстетикалық құндылық;

3) әдеби шығармашылық;

4) әдеби сын.

9. 10-сыныпқа арналған "Абайтану" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) білу және түсіну:

көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; жекелеген нысандардың, сөз образының идеяны ашудағы рөлін түсіну; мәтіннің өзекті ойын/ шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын түсіну; шығармадағы объективті идеяны (пәлсапалық трактаттардағы мәнді), көркемдік шешімді айқындау; әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн бірлігін талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну; шығарманың идеялық мазмұнын заманауи көзқарастармен кіріктіре отырып интерпретациялау; көркем шығарманы өзге жанрда (әңгіме, мысал, миниатюра) ауызша/жазбаша интерпретациялау;

2) талдау және жинақтау:

әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын, талдау, (ментальді карта, кластер, тұжырым кестесі нысандарында) жинақтау; көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау; шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігі: лексика-семантикалық, мәнмәтіндік, образдық, мәнін талдау; шығармадағы көркемдік тәсілдерге талдау (троп пен фигура түрлері) авторлық идеалды айқындау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

көркем мәтіндегі шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; көркем мәтіндегі мәселені мазмұндас туынды үлгілерімен салыстырып бағалау; шығарманың танымдық, көркем-эстетикалық құндылығына баға беру; шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби хат, лирикалық эссе, миниатюра жазу; шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын (рецензия) жазу.

10. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) "Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек", "Жапырағы қуарған ескі үмітпен...", "Малға достың мұңы жоқ малдан басқа", "Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей", "Көк тұман – алдыңдағы келер заман", "Өлсе өлер табиғат, адам өлмес", "Әзелде жас қартаймақ", " Базарға қарап тұрсам әркім барар", "Тоты құс түсті көбелек", "Сағаттың шықылдағы емес ермек, "Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен", "Алланың өзі де рас, сөзі де рас", " Алла деген сөз жеңіл", "Лай суға май бітпес қой өткенге", "Болыс болдым, мінеки", " Мәз болады болысың", "Болды да партия", "Сәулең болса кеудеңде" өлеңдері;

2) "Бірінші", "Сегізінші", "Он екінші", "Он үшінші", "Он жетінші", "Жиырма екінші ", "Жиырма жетінші", "Қырық үшінші" қарасөздері;

3) қосымша оқуға:

Мекемтас Мырзахметұлы "Абайдың "Толық адам" ілімі";

Ғарифолла Есім "Хәкім Абай";

Ғарифолла Есім "Абай дүниетанымындағы Алла мен Адам болмысы".

11. 11-сыныпқа арналған "Абайтану" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) оқу және түсіну:

		Графикалық кескінді орындау әдістері	10.1.1.2. Графикалық кескінді орындаудың әртүрлі әдістері мен құралдарын білу
	Ақпаратты визуалдау құралдары	Негізгі сызу құралдары, жұмыстың тәсілдері мен жұмыс орнын ұйымдастыру	10.1.2.1. Негізгі сызба құрал- саймандарын білу; 10.1.2.2. Графикалық жұмыстарды орындауда сызба құрал-саймандарымен жұмыс жасаудың тәжірибелік дағдыларын көрсету
	Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер	Сызбаны безендіру ережелері (формат, масштаб, негізгі жазулар)	10.1.3.1 Стандарт бойынша сызба орындау мен безендіру ережелерін білу және сақтау; 10.1.3.2 Графикалық кескіндерді орындауда сызықтардың классификациясы мен түрлерін қолдану ережелерін білу
		Тәжірибелік жұмыс (сызық түрлері, сызба қаріптері, өлшемдерді қою).	10.1.3.3 Негізгі жазулар мен өлшемдерді қою, сызба қаріптері, сызық түрлері, масштабтар туралы білімдерін көрсете отырып, графикалық кескін орындау

	Сызбадағы геометриялық құрылым	Шеңберлерді және бұрыштарды, кесіндіні тең бөліктерге бөлу	10.1.4.1 Сызбада геометриялық салуларды әр түрлі сызба құралдарымен орындау (кесіндіні бөлу, шеңберлерді және бұрыштарды тең бөліктерге бөлу)
		Түйіндесулер	10.1.4.2. Овал, қисық сызықтар және әр түрлі түйіндесу сызбаларының тәсілдерін көрсету
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Проекциялау әдістері	Проекциялаудың негізгі әдістері	10.2.1.1 Проекциялау әдіс - тәсілдерін білу және түсіну
		Екі және үш жазықтыққа тік бұрыштап проекциялау	10.2.1.2 Екі немесе үш жазықтыққа проекциялаудың сызбадағы қажетті түрлерінің санын анықтау және білу; 10.7.1.1 Қызықты есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну
2-тоқсан			
	Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру тәсілдері	Аксонометриялық проекциялар	10.2.2.1 Тегіс геометриялық денелер мен көлемді бұйымдарды құру тәсілдерін білу және түсіну (аксонометрия); 10.2.2.2 Заттың (дененің) берілген көріністері бойынша, құрылымдау ережелерін білетінін көрсете отыра аксонометриялық проекцияны орындау; 10.7.1.1 Қызықты есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну
		Техникалық сурет және нобай	10.2.2.3 Эскиз бен техникалық сурет ерекшеліктерін анықтау және білу
			10.2.3.1. Бұйымдардың геометриялық

Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Заттың (геометриялық денелердің) сызбаларын оқу және орындау	Сызбаға өлшемдерді қою	формасының қасиеттерін ескере отырып, сызбаға өлшемдерді қоюды білу және қолдана алуларын көрсету
		Сызбадағы шарттар мен жеңілдетулер	10.2.3.2 Сызбада шарттар және жеңілдетулерді пайдаланып, проекциялау тәсілдерін қолдану туралы терең білімдерін көрсету
		Сызбаларды орындау және оқу	10.2.3.3 Бұйымдардың геометриялық формаларын талдау барысында сызбаларды оқу және орындау; 10.7.1.1 Қызықты есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну
3-тоқсан			
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Қималар мен тіліктер	Қима мен тілік түрлері	10.2.4.1 Сызбадағы қима мен тіліктердің біртұтастығын (маңыздылығын) білу және түсіну; 10.2.4.2 Сызбада қима мен тілікті кескіндеу ережелерін білу және қолдану; 10.2.4.3 Қима мен тіліктерді орындау барысында шарттар мен жеңілдетулерді қолдану
Кескіндерді түрлендіру	Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру	Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру (графикалық жұмыс)	10.3.1.1 Проекциялау әдістерін өзгерту арқылы заттардың (денелердің) сызбаларың орындау; 10.3.1.2 Кескіннің түрі мен құрамын өзгерту (кескінді ауыстыру) арқылы немесе кескіннің масштабын өзгерту арқылы заттардың (денелердің) сызбаларын орындау
			10.3.2.1 Ішінара кескіндері арқылы нысанның (заттың) толық көрінісін жаңадан жасау;

	Кескіндерді қайта құру (реконструкция)	Кескіндерді қайта құру (графикалық жұмыс)	10.3.2.2 Ауызша сипаттау арқылы геометриялық денелердің графикалық кескінін немесе сызбасын құру
Форманың қалыптасуы және құрылымдау	Геометриялық денелердің формаларының қалыптасу зандылықтары	Геометриялық денелердің формаларының қалыптасу зандылықтары	10.4.1.1 Геометриялық денелердің формаларының қалыптасуының негізгі зандылықтарын және принциптерін білу; 10.4.1.2 Әртүрлі беттер мен форма құрастыру тәсілдерін білу және түсінгендерін көрсету (көпқырлы және қисық беттер)
	Формаларды құрылымдау	Заттардың (геометриялық денелердің) формаларын құрылымдау	10.4.2.1 Берілген көрсеткіштер бойынша формаларды құрылымдау ; 10.7.1.1 Қызықты есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну
4-тоқсан			
Форманы түрлендіру	Зат формасын түрлендіру	Зат формасын түрлендіру	10.5.1.1 Бөлшектерін жою және басып шығару арқылы зат формасын түрлендіру
	Кескіндер арқылы заттардың формаларын түрлендіру	Кескіндер арқылы заттардың формаларын түрлендіру	10.5.2.1 Кеңістіктегі бұйымның проекциялау жазықтығына қатынасы туралы білгенін және түсінгенін көрсету; 10.5.2.2 Кеңістіктегі нысанның қалпын немесе бөліктерінің орнын ауыстырып, сызбасын орындау
	Стандарттау	Стандарттау. Бұйым, бөлшек және оның элементтері	10.6.1.1 Стандарттау, өзара алмасушылық, сәйкестендіру, бөлшек және жиынтық бірлігі туралы жалпы түсінікті білу
		Бөлшектердің қосылыстары.	10.6.2.1 Ажырайтын (бұранда) және

Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері	Бөлшектердің қосылыстары. Құрастыру сызбасы	Ажырайтын және ажырамайтын біріктірулер	ажырамайтын біріктірулерді және оны кескіндеуді білу
		Құрастыру сызбасы (графикалық жұмыс)	10.6.2.2 Құрастырмалы сызбаны орындау және безендіру ережелерін білу; 10.6.2.3 Құрастыру сызбасының егжей-тегжейін және эскизін білу және орындау
	Сәулет – құрылыс графикасының элементтері	Құрылыс сызбалары туралы жалпы мағлұмат	10.6.3.1 Құрылыс сызбаларының (жоспар, қасбет, тілік) ерекшеліктері мен міндетін түсіну
		Қарапайым құрылыс сызбаларын оқу және орындау	10.6.3.2 Әртүрлі ақпарат көздері мен жалпы ережелерді, шартты белгілерді қолдана отырып қарапайым құрылыс сызбаларын орындау және оқу

2) 11-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырып/Мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
	Ақпаратты визуалдаудағы кескіндердің рөлі	Компьютерлік графиканың негізгі түрлері	11.1.1.1. Растрлық, векторлық графикалық бағдарламалар редакторларының негіздерін білу және оларды қолдану
	Ақпаратты визуалдау құралдары	2D кескінін құру үшін БҚ (бағдарламамен қамтамасыз ету)	11.1.2.1 2D нысанасын жасау үшін (сызық қалындығы мен түсі, тік бұрыш, көпбұрыш, шеңбер, доға, эллипс, сплайн сызықтар, сызықпен түрлеу, өлшемдер қою, координаттық тор) бағдарламалық қамтамасыз ету (растрлық немесе векторлық) таңдау
			11.1.2.2 2D объектілерді жасау үшін графикалық редактордың тиісті аспаптарының мүмкіндіктерін қолдану;

		2D кескінін құру	11.1.2.3 Векторлық және растрлық графикада түстік модельдерін таңдауды талдау; 11.1.2.4 Векторлық және растрлық графикалардың графикалық операцияларын (ерекшелеу, жою, масштабтау, бұру, қозғалту, айнадағы суреті, ауқымды, қиюды) пайдалана білу
Ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары	Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер	Сызбаны безендіру ережелері (пішім, масштаб, негізгі жазулар)	11.1.3.1 2D обьектілердің графикалық безендіруін орындау үшін графикалық редактордың мүмкіндіктерін пайдалану
	Сызбадағы геометриялық құрылым	Примитивтерді (кітапханаларды) қолдана отырып, 2D объектінің кескінін құру	11.1.4.1 2D объектілерін (геометриялық құрылым, түйіндесу, кескіндер-көріністер) жасау үшін растрлық, векторлық кестенің түрлерін таңдау және технологияларын білу; 11.1.4.2 2D объектілерін құрастыру алдында клипарттар, кітапханалар, үлгілерді пайдалану
		Примитивтерді қолдана отырып, геометриялық құрылымдар орындау	11.1.4.3 Растрлы және векторлы графикалық 2D объектілерін (сызба қаріптері, сызба сызықтары, геометриялық құрылым, түйіндесулер, кескіндер - көріністер, тіліктер, қималар және т.б.) жасаудың үрдісін оңтайландыру мен жеделдету технологияларын пайдалана білу және кескіндерді баспада басып шығару; 11.7.1.1 Компьютерлік графика құралдарын пайдаланып графикалық модельдеу бойынша қолданбалы және

			шығармашылық тапсырмаларды орындау
2-тоқсан			
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру тәсілдері	Көлемді денелерді және үстіртін моделдеудің негізгі тәсілдері	11.2.2.1. Компьютерлік графика құралдары арқылы көлемді денелерді және үстіртін модельдеудің негізгі тәсілдерін пайдалану
		3D моделін құрудың негізгі кезеңдері	11.2.2.2. 3D моделін жасау үрдісін кезеңдерге бөлу (координаттық тор, геометриялық денелер, сплайндар, әртекті рационалды сплайндар, модельдер, негізінде модельдеу)
		3D моделін құрудағы растрлық және векторлық бағдарлама мүмкіндіктері	11.2.2.3 3D модельдерін (аксонометриялық проекция, техникалық сурет, жиынтық бірлік) жасау үшін растрлық, векторлық бағдарламалардың мүмкіндіктері мен тиісті құралдарын пайдалану
		Көлемді моделдеу операциясының негізіне сүйеніп 3D моделін құру	11.2.2.4 3D моделін (аксонометриялық проекция, техникалық сурет, жиынтық бірлік) жасауда көлемді денелерді модельдеу операцияларын қолдану (қаңқалы бетті жасау, біріктіру, қиылыстыру, алу, ұлғайту)
	Заттың (геометриялық денелердің) сызбаларын оқу және орындау	3D моделдердің визуалдау түрлерін анықтау	11.2.3.1 3D моделін визуалдау түрлерін анықтау және таңдау (аксонометриялық проекция, техникалық сурет), жиынтық бірліктер
		3D моделдерін тұрғызу тәсілдерін таңдау	11.2.3.2 Көлемді денелерді (призма, пирамида, цилиндр, конус, сфера, тор) және үстіртін модельдеуді салыстыру (күрделі формаларды) және құрастыру тәсілдерін таңдау

		3D моделдерінің текстурасы мен фактурасы	11.2.3.3 Визуалдау үдерісінде бұйымның текстурасы мен фактурасын көрсету
3-тоқсан			
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Қималар мен тіліктер	2D нысанның қима және тілік көрінісін орындау үшін БҚ (бағдарламамен қамтамасыз ету) қолдану	11.2.4.1 2D объектіні (қималар мен тіліктер) жасау үшін (растрлық немесе векторлық) бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау;
		Қима мен тілікті қалыптастыратын көлемді моделдеу тәсілдері	11.2.4.2 3D объектіде тіліктер мен қималардың құрылуы үшін көлемді денелерді модельдеудің негізгі операцияларын пайдалану
Кескіндерді түрлендіру	Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру	Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру (графикалық жұмыс)	11.3.1.1 Вескіннің түрі мен құрамын өзгерту (кескінді ауыстыру) арқылы немесе кескіннің масштабын өзгерту арқылы 2D немесе 3D объектілердің сызбаларын графикалық редакторларда орындау
Форманың қалыптасуы және құрылымдау	Беттің жазбалары	Геометриялық дене (заттардың) бетінің жазбалары	11.4.3.1 Компьютерлік графика құралдары арқылы қисық беттердің және қарапайым геометриялық денелердің жазбасын сызу (призма, пирамида. цилиндр, конус, сфера)
Форманы түрлендіру	Зат формасын түрлендіру	Зат формасын түрлендіру	11.5.1.1 Бөлшектерін жою және басып шығару арқылы 3D моделді түрлендіру
	Кескіндер арқылы заттардың формаларын түрлендіру	Кескіндер арқылы заттардың формаларын түрлендіру	11.5.2.1 Бөлшектерді ауыстыру арқылы 3D моделін түрлендіру
	Бөлшектердің қосылыстары. Құрастыру сызбасы	Жиынтық бірлігінің 3D-моделі. Кітапханамен жұмыс	11.6.2.1 2D ажырайтын және ажырамайтын қосылыстарының құрастыру сызбасын дайындау (кітапхананы пайдалану); 11.6.2.2 - жиынтық бірлігінің 3D-моделін орындау

Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері	Сәулет – құрылыс графикасының элементтері	Құрылыс сызбаларының элементтері	11.6.3.1 Әртүрлі ақпарат көздері мен жалпы ережелерді, шартты белгілерді қолдана отырып, құрылыс сызбаларын графикалық редакторларда орындау
	Инфографика (сұлбалар, графикалар және диаграммалар)	Әр түрлі саладағы инфографика	11.6.4.1. Инфографика жөнінде жалпы мағлұматтарды білу; 11.6.4.2. Инфографика тәсілдері (сұлба, кестелер мен диаграммалар) арқылы зерттеу нәтижесін және ақпаратты визуалдау
4-тоқсан			
Жобалау және жобалау графикасы	Жобалау әдістері	Жобалау әдістері. Жобалаудың негізгі кезеңдері	11.8.1.1 Әртүрлі саладағы жобалау әдістерімен танысу және кезеңдерін анықтау;
		Жобалау объектілеріне қойылатын талаптар	11.8.1.2. Жобалау нысандарына қойылатын негізгі эстетикалық, функциялық талаптарды анықтау
	Шығармашылық идеяларды визуализациялау	Графикалық құжаттар	11.8.2.1 Техникалық құжаттамалардың түрлеріне байланысты олардың құрамын және олардың ерекшеліктерін білу және ажырата алу
		Шығармашылық идеяларды визуалдау	11.8.2.2 Шығармашылық идеяларды визуалдаудың әртүрлі құралдарын (эскиз, макет, сызба) білу және қолдану
	Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар	Берілген тақырыпқа шығармашылық жоба орындау	11.7.2.1 – Техника/дизайн /сәулет салалары бойынша жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмаларды түрлі графика құралдарымен (қолмен орындалатын/ компьютерлік графика/ макеттеу) орындау

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
130-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Ұсынылып отырған пән Қазақстан Республикасының Президенті жолдауындағы Қазақстанның модернизациясы аясында және алға тартылған басымдықтардың бірі - нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыру арқылы бизнес ортаны түбегейлі жақсарту мен кеңейтуге сәйкес Қазақстан Республикасының мектептеріне арналып әзірленді.

3. Пәнді оқытудың мақсаты кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша оқушыларға базалық білімдер беру, өз таңдауы үшін жауапкершілікке үйрету, кәсіпкерлік ойлау жүйесі мен белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптасыру, қазіргі заманғы нарықтық жағдайда болашақтағы дербес әрекетіне қажетті дағдылардың практикалық базасын қалыптастыру болып табылады.

4. Оқыту міндеттері:

1) оқушылардың кәсіпкерлік пен бизнестің теориялық негіздерін қалыптастыру;

2) оқушылардың жеке қаржылық сауаттылықтың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі;

3) оқушыларда өз жетістіктері мен өмірлік ұстанымдарына қатысты жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

4) оқушыларда кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін көре білу біліктілігін қалыптастыру;

5) бизнес-идеяларды ойлап табу дағдыларын қалыптастыру және оларды кәсіпкерлік әрекет деңгейіне дейін дамыту;

6) бизнес-модельдеу дағдыларын дамыту және бизнестің өміршеңдігін арттыру мақсатында бәсекелестіктің құбылмалы жағдайларына бейімделе білу;

7) зерттеу дағдыларын қалыптастыру және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

5. "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәнінің ерекшеліктері:

1) пәнді Қазақстанның кәсіпкерлігі практикасы мен ерекшеліктерінің, даму тарихы мен қалыптасуының негіздеріне сүйене отырып, оқу пәнін құру;

2) оқытудың интерактивті және топтық ойын әдістемесі мен технологиясына, оқу үдерісіне оқушыларды белсенді араластыру жолдарына сүйене отырып оқу процесін құру;

3) Қазақстандық және әлемдік нарық жағдайларындағы кадрлық үрдістер мен жаппай кәсіпкерліктің (өмір сүру стилі ретіндегі кәсіпкерлік) даму үрдістері тұрғысынан талап етілетін XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру;

4) оқушының өмірлік саналы ұстанымдарын және өз әрекеті бойынша жасаған таңдауына жауапкершілікпен қарау қасиетін қалыптастыру үшін коучингтік тәсілдемелерді қолдану;

5) практикалық дағдылар мен біліктіліктерді қалыптастыруға бағытталған тренингтік форматты қолдану, сонымен бірге үдерісті ойындар (ағылш. gamification) пайдалану арқылы алғашқы тәжірибені қалыптастыру;

6) синергетикалық әсер алу мақсатымен пәнді өңіраралық деңгейде меңгертудегі өзара әрекеттестік аясында ақпарат алмасу үшін "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" курсы бойынша мектеп оқушыларының арнайы ресурсында ғаламтор-қауымдастық құру. Осы on-line порталы арқылы электрондық кітапхана базасы мен жұмыс материалдарының базасын, вебинар және қонақ алаңдарын, олимпиада, байқау және т.б . іс-шаралар алаңдарын құру, стартаптар мен инвесторлар арасындағы қарым-қатынас алаңдарын қалыптастыру;

7) пәнді практикалық және әдіснамалық тұрғыдан барынша тиімді толықтыру мен қамтамасыз етуге септігін тигізетін инфрақұрылым жасау;

8) ҚР кәсіпкерлік білім беру ассоциациясына мүше Қазақстанның кәсіпкерлік ЖОО-ы;

9) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

10) "Джуниор Эчивмент Қазақстан" қоғамдық қоры;

11) білім беру процесін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы дағдыларды дамытуға бағытталған үдерісті автоматты симуляциялайтын арнайы онлайн және офлайн ойындар арқылы қолдау;

12) Клиентке бағытталуды дамыту үшін ойлау-дизайны қағидаларын қолдану.

2-тарау. "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәнінің мазмұны

6. "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8

қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Оқу пәнінің мазмұны 10-сыныпта 4 бөлімнен тұрады:

1) "Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік";

2) "Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік";

3) "Әрекеттегі маркетинг";

4) "Ойлау дизайны".

8. "Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) "Кәсіпкерлікке кіріспе";

2) "Қазақстан экономикасына тарихи экскурс";

3) "Кәсіпкерлік тәсілдеме: бастамашылдық және даму мен жаңашылдыққа үздіксіз ұмтылу";

4) "Өндіріс үрдісіне қатысатын ресурстар";

5) "Нарықтың қызмет ету механизмі";

6) "Нарықтық тепе-теңдік".

9. "Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) "Бизнес неден басталады?";

2) "Кәсіпкерлік қызмет түрлері, кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формалары";

3) "Стартап мәдениет";

4) "Кәсіпкерліктегі инновациялар мен трендтер (әлемдік, аймақтық және жастардың)";

5) "Қазіргі жағдайдағы бәсекенің дамуы";

6) "Баға белгілеу – экономикалық категория ретінде баға қызметі мен мәні";

10. "Әрекеттегі маркетинг" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) "Маркетингіге кіріспе";

2) "Маркетинг-микс";

3) "Кабинеттік және далалық зерттеулер";

4) "SWOT талдау";

5) "Мақсатты аудитория, сегменттеу";

6) "Бренд"

7) "Маркетингілік коммуникациялар";

8) "Онлайн маркетингілік коммуникациялар".

11. "Ойлау дизайны" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) "Ойлау дизайнына кіріспе";

2) "Эмпатия";
3) "Талдау және синтез";
4) "Идея ойлап табу";
5) "Прототип жасау";
6) "Тестілеу";
7) "Сторителлинг".
12. Оқу пәнінің мазмұны 11-сыныпта 4 бөлімнен тұрады:
1) "Стартап акселератор (1)";
2) "Стартап акселератор (2)";
3) "Кәсіпкердің өзін-өзі алға жылжытуы";
4) "Даму стратегиясы".
13. "Стартап акселератор (1)" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) "Питчинг";
2) "Команда құру және кәсіпкерлік қызметтегі командалар рөлі";
3) "Канва бизнес-моделі, маңызды құндылықтарды анықтау. Бизнес-жоспар құрылымы";
4) "Стартап-жобалардағы маркетинг";
5) "Стартап-жобалардағы коммуникация арналары;
6) "Тұтынушылық және сатыпалушылық бейілділік";
7) "Стартаптардағы пайда арналары".
14. "Стартап акселератор (2)" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) "Бизнес ресурстар және ресурстарды басқару";
2) "Кәсіпкерлік қызметтегі серіктестік";
3) "Бизнестегі маңызды қызмет";
4) "Кәсіпкерлік қызметтегі салықтар";
5) "Шығындар құрылымы";
6) "Жобаның аяқталуы және оның нәтижелерін талдау – бизнес-жобалардың питчингі".
15. "Кәсіпкердің өзін-өзі алға жылжытуы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) "Жеке адамның активтері мен пассивтері";
2) "Жинақтаулар, кредиттер және депозиттер";
3) "Дүниежүзілік ақша бірліктері, электронды ақшалар";
4) "Қор нарығы";
5) "Жеке бюджетті басқару";
6) "Өзін-өзі алға жылжыту";
7) "Түйіндеме және түйіндеме құру тәжірибесі";
8) "Нетворкинг (кәсіби жүйелер)";
9) "Кәсіпкердің іскерлік қарым-қатынасы - келіссөздер мен келіссөздер жүргізу тәжірибелері";

10) "Эмоционалдық интеллект";

11) "Тайм-менеджмент".

16. "Даму стратегиясы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) "Бизнес ауқымын кеңейту – нарық дамуын болжау";

2) "Бизнес дамуының тәсілдері мен түрлері";

3) "Сапаны басқару";

4) "Халықаралық бизнес";

5) "Тұтынушының құқығын қорғау";

6) "Кәсіпкердің құқығын қорғау, бизнесті қолдау институттары";

7) "Кәсіпкерлердің жауапкершілігі (экономикалық, әлеуметтік, заңды, экологиялық, этикалық)";

8) "Мақсаттарды қоя білу";

9) "Өзіндік өмір стратегиясы".

17. 10-сыныпқа арналған "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Кәсіпкерлікке кіріспе". XXI ғасырдың қажетті дағдысы болып табылатын, ерекше ой тәсілі ретінде кәсіпкерлік туралы түсінік. Кәсіпкерлік ой дамуының тәсілдері . Экономикадағы және заманауи әлем дамуындағы кәсіпкерлер маңызы. Кәсіпкерлік призмасы арқылы оқушылардың өз көзқарасы мен мақсаттарын салыстыру. Кәсіпкер мен бизнесмен арасындағы айырмашылықты түсіну. Жас кәсіпкерлердің рөлін түсіну мен олардың қоғамдағы оң имиджін қалыптастыру. Нақты кәсіпкерлердің мысалдары мен тарихы. Қазақстан экономикасына тарихи экскурс. Экономика не зерттейтінін түсіну, микроэкономика мен макроэкономика арасындағы айырмашылық. Экономикалық түсініктермен, өндіріс үрдісінің ресурстары мен факторлары, нарықтың қызмет ету механизмі, сұраныс пен ұсыныс заңымен, нарықтық тепе-теңдікпен және терминологиялармен танысу. Кәсіпкерлік идеялар көздері (нарық мұқтаждықтары, хобби және т.с.с.). Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Теориялық білімді бекіту үшін офлайн-ойын, ойын дебрифингі; 3. Бизнес-кейстермен жұмыс жасау – өткен материалдар бойынша Қазақстан мен әлемнің нақты кәсіпкерлерінің сәттіліктері, сәтсіздіктері, қиындықтары мен шешімдерін көрсету.

2) "Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік". Кәсіпкерліктің экономикалық негіздері мен кәсіпкерлік қызмет түрлері. Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуындағы географиялық-аймақтық ерекшеліктерін, стартап және инновацияларды түсінеді. Баға бойынша және бағалық емес, жетілген және жетілмеген бәсекелестік түсінігі. Баға белгілеу – экономикалық категория ретінде баға қызметі мен мәні. "Көк мұхит" және " қызыл мұхит" стратегияларымен танысу. Әрекеттегі қазақстандық және әлемдік компаниялардың бизнес-кейстерінің мысалдары. Оқушылар арасында бақталастық сезімін құру мен бәсекелестік қағидаларын ұғыну.

Виртуалды кәсіпорынды құру үшін алынған білімдерді, топтық жұмыс-ойындар аясында, тәжірибеде қолдану. Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Ойын түрінде топтарда тәжірибелік жұмыс жасау.

3) "Әрекеттегі маркетинг". Нарықта отандық өндірушілердің нақты өнімдерін жылжыту бағдарламаларын құру призмалары тұрғысынан маркетингті оқыту. Топтарға бөлу, FMCG нарығында жұмыс жасайтын Қазақстанның нақты компаниясын таңдау. Әр команданың міндеті – облыс нарығында ұсынылған нақты өнімді жылжытудың маркетингілік стратегиясын жасау (мақсатты аудиторияны, ұранын, неймингін, коммуникацияның офлайн- және онлайн-каналдарын анықтау, жарнамалық өнімнің сыртқы түрін жасау мен әлеуметтік желілерде позициялау).

Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Өнімді жылжытудың маркетингілік стратегиясын жасауда алынған білімді қолдану бойынша топтарда тәжірибелік жұмыс.

4) "Ойлау дизайны". Ойлау дизайны әдістемесінің кезеңдерін қолдана отырып практикалық тапсырмалар арқылы клиенттерге бағытталған шешімдерді құру. " Эмпатия" кезеңінің аясында оқушылар мәселелік жайттарға тереңірек енеді. Адам (пайдаланушы), оның физикалық және эмоционалдық қажеттіліктері, жүріс-тұрысы, ойлары зерттеудің маңызды обьектісі болып табылады. Топтық жұмыс аясында олар сұрақтар қояды, тыңдайды және бақылайды. Келесі "Талдау және синтез" кезеңінде оқушылар жиналған ақпаратты талдайды, жүйелейді және түсіндіреді – барлық тыңдалынған және көрген ақпаратты нақты, маңызды мәселеге айналдырады. Осы кезеңде оқушылар аналитикалық ойлау дағдыларымен танысады, маңыздысын ажыратуға, ойлап табылған нәрселерді құрастыру және нақты міндеттерге айналдыруға үйренеді. "Идеяларды ойлап табу" кезеңінде оқушылар команданың басқа қатысушыларының идеяларымен өзінің идеяларын ойлап табу мен дамыту үшін оң әсер ету тәсілдерін меңгере отырып ми шабуылының қағидаларымен танысады. "Прототип жасау" және "Тестілеу" кезеңдерінде таңдалынған идеяларды болашақта іске асыруда кері байланысты алу үшін қолданылады.

Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Адамға бағытталған инновациялық шешімдерді жобалауда алынған білімдерді қолдану бойынша топтарда тәжірибелік жұмыс.

18. 11-сыныпқа арналған "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) " Стартап акселератор (1)". 10 сыныпта алынған білім мен дағдылар негізінде жеке өзіндік бизнес-идеямен жұмыс жасау. Жеке бизнес-модельді құру туралы түінікті қалыптастыру, өзгерістерді басқару дағдылары. Бизнес-модель жүйесін құру призмасы тұрғысынан жеке бизнесті құру мен жүргізудің тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың жеке бизнес-идеяларын қорғауы (жаздық демалысқа үй тапсырмасы), идеялардың келісілген бағалауы мен 2-5 адамнан тұратын командалар құру (хакатон

форматында қызығушылық танытқан тараптар (мектептер, аймақтық жоғары оқу орындары, жергілікті компаниялар) тарапынан мәселелерді құруға да мүмкін болады). Заманауи стартап-акселераторлар мысалымен негізгі құрал – канва бизнес-моделімен (Canvas) танысу. Бизнес-жоспар құрылымын түсіну. Өз өнімнің/қызмет көрсетудің құндылық ұсынысын, қолданушылар сегментін, коммуникациялар арналарын, пайдаланушылармен қатынас пен табыстар түсімдерін анықтау. Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Өзінің жеке жобасын жасауда алынған білімдерді қолдану бойынша топтарда тәжірибелік жұмыс жасау;

2) "Стартап акселератор (2)". Оқушылардың өзіндік жеке жобаларын жасаудың қорытынды кезеңі. Маңызды құндылықтарды құруға қажетті ресурстармен (материалды, физикалық, адами, зияткерлік) танысу. Әр ресурстарды талдау: оқушылардың жеке жобаларына қажетті ресурстарды таңдау, ресурстар құнын анықтау , олардың орналасуын анықтау. Маңызды құндылықтарды құру үшін ресурстарды басқару. Бизнес-концептіні құру (бизнес-модельдер, нарық мәселелері, команданың сипаты, мақсаттар). Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Өзінің жеке жобасын жасауда алынған білімдерді қолдану бойынша топтарда тәжірибелік жұмыс жасау;

3) "Кәсіпкердің өзін-өзі алға жылжытуы". Жеке қаржылық сауаттылықпен танысу, жеке қаржы ресурстарын басқара білу мен өзін-өзі алға жылжыту бағдарламасын жасақтау. Өзіндік презентация, өз-өзін сату, түйіндеме құру мен кәсіби байланыстар орнату бойынша тәжірибелік білім;

4) "Даму стратегиясы". Кәсіпкердің стратегиялық ойлау қабілетін дамыту. Бизнес-кейстер мен теориялар арқылы ішкі нарықта және халықаралық нарықтарда да бизнестің дамуының моделін таныстыру. Бизнесті қолдау институттарының рөлін бөліп қарастыру. Мақсат қою құралдары арқылы жеке дербес өмірлік стратегия мен мансапты (1-20 жыл) құру.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

19. Бағдарламаны оқуға ыңғайлы болу үшін кодтар енгізілді. Кодтың бірінші саны оқу сыныбын білдіреді, екінші және үшінші сандары – бөлім мен бөлімше нөмерін береді, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік саны. Мысалы, кодта 10.2.1.2: "10" – сынып, "2.1." – бөлім мен бөлімше саны, "2" – мақсаттың реттік саны.

1) 10-сынып:

Білім алушылар:		
Бөлім	Бөлімше	10-сынып білім алушыларының білім нәтижесі
	1.1 Кәсіпкерлікке кіріспе	10.1.1.1 "жеке кәсіпкер", " бизнесмен", "қажеттілік", "игілік" түсініктерін түсінеді;

		10.1.1.2 кәсіпкерліктің пәнін, мақсаттары мен міндеттерін түсінеді
	1.2 Қазақстан экономикасына тарихи экскурс	10.1.2.1 Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің тарихын талдай біледі; 10.1.2.2 экономикадағы кәсіпкерліктің мағынасын түсінеді ; 10.1.2.3 микроэкономика мен макроэкономика арасындағы айырмашылықты түсінеді
Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік	1.3 Кәсіпкерлік тәсілдеме: бастамашылдық және даму мен жаңашылдыққа үздіксіз ұмтылу	10.1.3.1 кәсіпкерлікті жеке мотивация мен өзін-өзі іске асыру формасы ретінде қарастырады; 10.1.3.2 кәсіпкер біліктілігі ретінде идеяның қалыптасу маңызын бағалайды; 10.1.3.3 бизнес-идеяны қалыптастыру құралын қолданады
	1.4 Өндіріс үрдісіне қатысатын ресурстар	10.1.4.1 тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторларды біледі ; 10.1.4.2 тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторлар арасындағы айырмашылықты түсінеді
	1.5 Нарықтың қызмет ету механизмі	10.1.5.1 сұраныс пен ұсыныс заңдарын түсінеді; 10.1.5.2 сұраныс пен ұсынысқа әсер ететін факторларды біледі
	1.6 Нарықтық тепе-теңдік	10.1.6.1 нарықта тепе-теңдіктің қалыптасуы, артықшылық пен тапшылықты біледі; 10.1.6.2 негізгі факторлардың өзгерісіне нарықтың бейімделу үрдісі ретінде сұраныс пен ұсыныс икемділігін түсінеді
	2.1 Бизнес неден басталады?	10.2.1.1 экономикалық құбылыс ретінде кәсіпкерлікті талдайды; 10.2.1.2 заманауи жағдайларда кәсіпкерліктің даму факторларын біледі
	2.2 Кәсіпкерлік қызмет түрлері, кәсіпкерліктің	10.2.2.1 кәсіпкерлік қызмет түрлерін ажырата біледі; 10.2.2.2 мемлекет экономикасындағы, соның ішінде

Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік	ұйымдастырушылық-құқықтық формалары	Қазақстандағы шағын және орта бизнестің рөлін түсінеді; 10.2.2.3 кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формаларын ажырата біледі
	2.3 Стартап мәдениет	10.2.3.1 стартап түсінігін суреттейді; 10.2.3.2 стартап пен жұмыс істеп тұрған бизнестің айырмашылығын біледі.
	2.4 Кәсіпкерліктегі инновациялар мен трендтер (әлемдік, аймақтық және жастардың)	10.2.4.1 Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуындағы географиялық-аймақтық ерекшеліктерін түсінеді; 10.2.4.2 Қазақстандағы кәсіпкерліктің заманауи тенденцияларын танып біледі; 10.2.4.3 кәсіпкерліктің трендтерінің болашақ кезеңдеріндегі болжамын талдайды
	2.5 Қазіргі жағдайдағы бәсекенің дамуы	10.2.5.1 баға бойынша және бағалық емес, жетілген және жетілмеген бәсекелестік мысалдарын сипаттайды; 10.2.5.2 бәсекелестік стратегиясы мен бәсекелестер түрлерін сипаттайды; 10.2.5.3 баға бойынша және бағалық емес бәсекені қолданудың тиімділігін бағалауды жасайды
	2.6 Баға белгілеу - экономикалық категория ретінде баға қызметі мен мәні	10.2.6.1 экономикалық категория ретінде баға қызметі мен мәнін түсінеді; 10.2.6.2 бағаны қалыптастырудың құрылымын сипаттайды; 10.2.6.3 баға саясатының мәнін түсінеді; 10.2.6.4 баға стратегияларын ажыратады
	3.1 Маркетингіге кіріспе	10.3.1.1 маркетинг және оның қызметін түсіндіреді; 10.3.1.2 өнім мен кәсіпорынның маркетингілік стратегиясын ажыратады.
	3.2 Маркетинг-микс	10.3.2.1 4P, 4C, маркетинг-микс құрамын түсінеді; 10.3.2.2 4P, 4C, қолдану форматын ажыратады.

Әрекет тегі маркетинг	3.3 Кабинеттік және далалық зерттеулер	10.3.3.1 кабинеттік және далалық зерттеулердің айырмашылығын біледі; 10.3.3.2 кабинеттік және далалық зерттеу әдістемесін қолданады.
	3.4 SWOT- талдау	10.3.4.1 SWOT талдаудың тағайындалуын түсіну; 10.3.4.2 зерттелетін өнімнің күшті және әлсіз жақтарын бағалау кезінде SWOT-талдауды тәжірибеде қолданады.
	3.5 Мақсатты аудитория, сегменттеу	10.3.5.1 тұтынушыны сегменттеудің мәні мен қағидаларын түсінеді; 10.3.5.2 белгілі бір мақсатты аудиториялардың қажеттіліктерін анықтайды.
	3.6 Бренд	10.3.6.1 брендтің негізгі құраушыларын біледі; 10.3.6.2 брендінің сипаттамалық және шығармашылық жағын ажыратады; 10.3.6.3 брендінің платформасын сипаттау үшін дағдыларды қолданады
	3.7 Маркетингілік коммуникациялар	10.3.7.1 ATL, BTL маркетингілік коммуникациялар кешенін ажыратады; 10.3.7.2 ATL, BTL арқылы соңғы тұтынушыға дейін зерттелетін өнімнің/қызмет көрсетудің құндылықтарын жеткізу жоспарын ұсынады.
	3.8 Онлайн маркетингілік коммуникациялар	10.3.8.1 сандық маркетингтің мәнін түсінеді; 10.3.8.2 сандық маркетинг арқылы соңғы тұтынушыға дейін зерттелетін өнімнің/қызмет көрсетудің құндылықтарын жеткізу жоспарын ұсынады
	4.1 Ойлау дизайнына кіріспе	10.4.1.1 ойлау дизайнының мәнін түсінеді; 10.4.1.2 ойлау-дизайны қай жерде қолдануға болатынын түсінеді; 10.4.1.3 ойлау-дизайны тәсілдерін бизнес-идеяларды іздестіру мен бизнес-үрдістерді ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілдерімен салыстырғандағы артықшылықтарын салыстыру.

Ойлау дизайны	4.2 Эмпатия	10.4.2.1 жобаға тікелей немесе жанама әсер ететін тұтынушылар тобын анықтай біледі; 10.4.2.2 эмпатия қағидаларын түсінеді және тәжірибеде қолдана біледі; 10.4.2.3 сұхбат жасай білу және ондағы сұрақтар кезектілігін дұрыс ұйымдастыра алады.
	4.3 Талдау және синтез	10.4.3.1 мәселені дұрыс айқындап және сипаттай біледі; 10.4.3.2 сұхбаттан алынған ең маңызды тұжырымдарды анықтайды; 10.4.3.3 ақпараттың маңызды сәттерін бөледі және оларды ары қарай қолдану үшін тиімді рәсімдей алады; 10.4.3.4 сұхбат кезінде алынған ақпаратты топтайды.
	4.4 Идея ойлап табу	10.4.4.1 брейнсторминг қағидалары мен қажеттілігін түсінеді; 10.4.4.2 брейнстормингті жүргізу ережелері мен оларды сақтап, орындай алуды біледі; 10.4.4.3 брейнсторминг кезеңдерін білу және кезеңдерін сақтап, айтылған идеяларды жүйелеу және солардың ішінен ең жақсысын таңдайды
	4.5 Прототип жасау	10.4.5.1 прототип жасауды түсінеді және қағидаларын түсіндіреді; 10.4.5.2 прототип жасаудың негізгі әдістерін біледі және қолдана алуды үйренеді
	4.6 Тестілеу	10.4.6.1 адамға бағытталған дизайн үшін тестілеудің маңызын түсінеді; 10.4.6.2 шешім қабылдау кезінде кері байланыстың маңызын және эмпатияны тереңірек дамыту мүмкіндігін түсінеді; 10.4.6.3 тәжірибеде алынған идеяларды қолдану мүмкіндігін бағалайды
		10.4.7.1 жасалынған жұмыс үрдісін сипаттау үшін сторителлинг қағидаларын түсінеді;

	4.7 Сторителлинг	10.4.7.2 ойлау-дизайнымен жұмыс жасау кезінде алынған барлық білімдерді тадау, тұжырымдар жасау және болашақта берілген қағидаларды қолдана алатындығын дәлелдеу

2) 11-сынып:

Бөлім	Бөлімше	11-сынып білім алушыларының білім нәтижесі
Стартап акселератор (1)	1.1 Питчинг	11.1.1.1 кәсіпкер (стартапер) үшін питчингтің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.1.1.2 оқу-ойын жағдайында өз идеяларын іске асыру үшін питчинг дағдыларын қолданады
	1.2 Команда құру және кәсіпкерлік қызметтегі командалар рөлі	11.1.2.1 команда мүшелері арасындағы рөлдерді анықтайды; 11.1.2.2 оқу-ойын жағдайында командаға қажетті адамдарды тарту үшін шешендік өнер дағдыларын қолданады
	1.3 Канва бизнес-моделі, маңызды құндылықтарды анықтау. Бизнес-жоспар құрылымы	11.1.3.1 бизнес-модель түсінігін суреттейді; 11.1.3.2 Канва бизнес моделінің және бизнес-жоспардың құрылымын түсінеді; 11.1.3.3 оқу-ойын жағдайында өз стартап идеялары үшін маңызды құндылықтарды қалыптастыру дағдыларын қолданады
	1.4 Стартап-жобалардағы маркетинг	11.1.4.1 стартап жоба үшін маркетингтің мәнін түсінеді; 11.1.4.2 тұтынушылар сегменттерін мен олардың қажеттіліктерін, нарық сыйымдылығын талдайды; 11.1.4.3 өміршеңдігі ең төмен өнімнің (MVP) қағидаларын түсінеді; 11.1.4.4 өз стартапында ең аз мөлшерде өнімді сату туралы шешім қабылдайды
	1.5 Стартап-жобалардағы коммуникация арналары	11.1.5.1 тұтынушыға құндылық "Қалай" (қандай арналар нәтижесінде) жеткізіледі? - деген сұраққа жауап береді; 11.1.5.2 қандай да бір коммуникация арналарын таңдау қандай пайда әкелетінін түсіндіреді

	1.6 Тұтынушылық және сатып алушылық бейілділік	11.1.6.1 "тұтынушылық және сатып алушылық бейілділік" түсінігін ажыратады; 11.1.6.2 коммуникация каналдары арқылы тұтынушылармен өзара қатынас стратегиясын құрады
	1.7 Стартаптардағы пайда арналары	11.1.7.1 АВ-тест, пайда түсімі арналарының мәнін түсінеді; 11.1.7.2 кіріс құрылымын талдайды; 11.1.7.3 оқу-ойын жағдайында АВ-тестіні талдау мақсатында қолданады
Стартап акселератор (2)	2.1 Бизнес ресурстар және ресурстарды басқару	11.2.1.1 стартаптарда ресурстардың мәні мен маңызын түсінеді; 11.2.1.2 адами, қаржылық, материалдық, интеллектуалды, бизнес ресурстарды ажыратады
	2.2 Кәсіпкерлік қызметтегі серіктестік	11.2.2.1 стартап үшін аутсорс пен серіктестіктің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.2.2.2 серіктестіктің қағидаларын сипаттайды; 11.2.2.3 өз жобасы үшін серіктестер тізімін құру үшін дағдыларын қолданады
	2.3 Бизнестегі маңызды қызмет	11.2.3.1 операциялық қызметтің мәнін түсінеді; 11.2.3.2 өз стартапында операциялық қызметті анықтау үшін дағдыны қолданады
	2.4 Кәсіпкерлік қызметтегі салықтар	11.2.4.1 салық және оның мемлекет үшін маңызын сипаттайды; 11.2.4.2 салық режимдерінің ерекшеліктерін ажырата біледі
	2.5 Шығындар құрылымы	11.2.5.1 шығын құрылымын түсінеді; 11.2.5.2 Стартап жобасында шығыс пен кіріс құрылымын талдайды
	2.6 Жобаның аяқталуы және оның нәтижелерін талдау – бизнес-жобалардың питчингі	11.2.6.1 стартап жобаның инвестициялық тартымдылығын түсінеді; 11.2.6.2 инвесторлардың назарын аудару үшін шешендік өнер (питчинг) дағдыларын қолданады
		11.3.1.1 актив және пассив, бюджеттің мәнін түсінеді;

Кәсіпкердің өзін-өзі алға жылжы туы	3.1 Жеке адамның активтері мен пассивтері	11.3.1.2 кірістер мен шығындарды ажырата біледі
	3.2 Жинақтаулар, кредиттер және депозиттер	11.3.2.1 ҚР екі деңгейлі банктік жүйені ажыратады; 11.3.2.2 депозиттер мен кредиттің мәнін түсінеді; 11.3.2.3 кредиттік және депозиттік мөлшерлемеге әсер етуші факторы ретіндегі инфляция түсінігін түсінеді; 11.3.2.4 депозиттік және кредиттік пайызды есептеуде дағдыларды қолданады
	3.3 Дүниежүзілік ақша бірліктері, электронды ақшалар	11.3.3.1 әлемдік ақша бірліктерінің жүйесін сипаттайды; 11.3.3.2 қолма қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды ажыратады
	3.4 Қор нарығы	11.3.4.1 қор нарығының жұмыс механизмін біледі; 11.3.4.2 қор нарығына экономикалық циклдардың әсерін біледі; 11.3.4.3 құнды қағаз түрлерінің айырмашылығын анықтайды
	3.5 Жеке бюджетті басқару	11.3.5.1 жеке бюджетті басқарудың негізін түсінеді; 11.3.5.2 жеке бюджетті басқару құралдарын қолданады
	3.6 Өзін-өзі алға жылжыту	11.3.6.1 өзін-өзі алға жылжыту мәні мен оның құрамын және жеке брендингті түсінеді; 11.3.6.2 құзыреттілік пен біліктіліктің айырмашылығын анықтайды
	3.7 Түйіндеме және түйіндеме құру тәжірибесі	11.3.7.1 өз түйіндемесін құру дағдыларын қолданады; 11.3.7.2 оқу-ойын жағдайында жұмысқа орналасуда өзін өзі дамыту дағдыларын қолданады
	3.8 Нетворкинг (кәсіби жүйелер)	11.3.8.1 адамдармен сенімді және ұзақ мерзімді қатынастың маңызы және өзара көмектесу қажеттігін түсінеді; 11.3.8.2 өз мәселесін шешу үшін екі жақты іс-әрекеттің кәсіби потенциалын пайдалану мүмкіндігін өз көзқарасымен суреттейді
		11.3.9.1 кәсіпкер үшін келіссөздердің маңызын түсінеді;

	3.9 Кәсіпкердің іскерлік қарым-қатынасы – келіссөздер мен келіссөздер жүргізу тәжірибелері	11.3.9.2 оқу-ойын жағдайы шеңберінде оқушылардың өзара қатынасындағы келіссөз дағдыларын қолданады
	3.10 Эмоционалдық интеллект	11.3.10.1 эмоционалды интеллект мәні мен мағынасын түсінеді; 11.3.10.2 эмоционалды интеллектіні басқарудың көмегімен өз мақсаттарына жету мүмкіндіктерін зерттейді
	3.11 Тайм-менеджмент	11.3.11.1 тайм-менеджментінің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.3.11.2 өз тиімділігін арттыру мақсатында уақытты басқару дағдыларын қолданады
Даму стратегия сы	4.1 Бизнес ауқымын кеңейту – нарық дамуын болжау	11.4.1.1 бизнестің ауқымын кеңейту және оның мәнін түсінеді; 11.4.1.2 нарық дамуының болжамын талдайды
	4.2 Бизнес дамуының тәсілдері мен түрлері	11.4.2.1 дамудың базалық стратегияларының мәнін түсінеді; 11.4.2.2 экономикалық өсу, ЖҰӨ, ЖІӨ мәнін түсінеді; 11.4.2.3 бизнес дамуының қарқынды және экстенсивті тәсілдерін танып біледі
	4.3 Сапаны басқару	11.4.3.1 сапаны басқару құрамын және оның мәнін түсінеді; 11.4.3.2 Кайдзен қағидасын суреттейді.
	4.4 Халықаралық бизнес	11.4.4.1 халықаралық бизнестің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.4.4.2 ойындық түрде халықаралық нарыққа Қазақстан өнімдерін шығарудың стратегиясын құруда өзіндік көзқарасты қалыптастыру үшін халықаралық бизнестің аясынан факторларды синтездейді.
	4.5 Тұтынушының құқығын қорғау	11.4.5.1 тұтынушылардың құқығын қорғауға бағытталған, мемлекет пен қоғамдық қозғалыс іске асырып отырған шаралар жиынтығымен танысады; 11.4.5.2 тұтынушылардың құқығын қорғау ұйымдарын ажырата біледі; 11.4.5.3 оқу-ойын жағдайында тұтынушылардың құқығын қорғау дағдыларын қолданады

	4.6 Кәсіпкердің құқығын қорғау, бизнес қолдау институттары	11.4.6.1 кәсіпкерлердің құқығын қорғауға бағытталған, мемлекет пен қоғамдық қозғалыс іске асырып отырған шаралар кешенімен танысады; 11.4.6.2 кәсіпкерлердің құқығын қорғау ұйымдарын ажырата біледі ; 11.4.6.3 кәсіпкерлік пен бизнес қолдау институттарын сипаттайды ; 11.4.6.4 ШОБ-ты мемлекеттік қолдау түрлерін түсінеді; 11.4.6.5 оқу-ойын жағдайында кәсіпкерлердің құқығын қорғау дағдыларын қолданады
	4.7 Кәсіпкерлердің жауапкершілігі (экономикалық, әлеуметтік, заңды, экологиялық, этикалық)	11.4.7.1 кәсіпкерлердің экономикалық, әлеуметтік, заңды, экологиялық, этикалық жауапкершілік түрлерін танып біледі
	4.8 Мақсаттарды қоя білу	11.4.8.1 мақсатты қоя білудің мәнін түсінеді; 11.4.8.2 мақсатты тиімді қою үшін мақсатты болжау құралын қолданады
	4.9 Өзіндік өмір стратегиясы	11.4.9.1 дұрыс мақсат қою арқылы жеке мансап стратегиясын құрады ; 11.4.9.2 жеке өмір стратегиясын қорғау кезінде шешендік өнер дағдыларын қолданады

20. Бөлімдер және бөлімшелер бойынша тоқсандықта бөлінген сағаттар саны мұғалімнің қарауы бойынша жіктеледі.

21. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) " Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып:

Бөлімдер	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан. Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік		

1.1 Кәсіпкерлікке кіріспе	Тұжырымдама "Кәсіпкерлік, бизнес және мен"	10.1.1.1 "жеке кәсіпкер", " бизнесмен", "қажеттілік", "игілік" түсініктерін түсінеді; 10.1.1.2 кәсіпкерліктің пәнін, мақсаттары мен міндеттерін, түсінеді
1.2 Қазақстан экономикасына тарихи экскурс	Қазақстан экономикасындағы кәсіпкерлік	10.1.2.1 Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің тарихын талдай біледі; 10.1.2.2 экономикадағы кәсіпкерліктің мағынасын түсінеді ; 10.1.2.3 микроэкономика мен макроэкономика арасындағы айырмашылықты түсінеді
1.3 Кәсіпкерлік тәсілдеме: бастамашылдық және даму мен жаңашылдыққа үздіксіз ұмтылу;	Идея кәсіпкерлік қызметтің негізі ретінде. Идеяны қалыптастырудың құралдары, идеяның сыртқы бағалануы	10.1.3.1 кәсіпкерлікті жеке мотивация мен өзін-өзі іске асыру формасы ретінде қарастырады; 10.1.3.2 кәсіпкер біліктілігі ретінде идеяның қалыптасу маңызын бағалайды; 10.1.3.3 бизнес-идеяны қалыптастыру құралын қолданады
1.4 Өндіріс үрдісіне қатысатын ресурстар	Өндіріс ресурстары мен факторлары	10.1.4.1 тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторларды біледі ; 10.1.4.2 тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторлар арасындағы айырмашылықты түсінеді
1.5 Нарықтың қызмет ету механизмі	Сұраныс пен ұсыныс заңдары. Сұраныс пен ұсынысқа әсер етуші факторлар	10.1.5.1 сұраныс пен ұсыныс заңдарын түсінеді; 10.1.5.2 сұраныс пен ұсынысқа әсер ететін факторларды біледі
1.6 Нарықтық тепе-теңдік	Нарықтық тепе-теңдіктің қалыптасуы. Сұраныс пен ұсныстың икемділігі	10.1.6.1 нарықта тепе-теңдіктің қалыптасуы, артықшылық пен тапшылықты біледі; 10.1.6.2 негізгі факторлардың өзгерісіне нарықтың бейімделу үрдісі ретінде сұраныс пен ұсыныс икемділігін түсінеді
2-тоқсан. Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік		
2.1 Бизнес неден басталады?	Заманауи жағдайларда кәсіпкерліктің дамуын талдау	10.2.1.1 экономикалық құбылыс ретінде кәсіпкерлікті талдайды; 10.2.1.2 заманауи жағдайларда кәсіпкерліктің даму факторларын біледі

2.2 Кәсіпкерлік қызмет түрлері, кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формалары	Кәсіпкерлік қызмет түрлері мен кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық -құқықтық формалары	10.2.2.1 кәсіпкерлік қызмет түрлерін ажырата біледі; 10.2.2.2 мемлекет экономикасындағы, соның ішінде Қазақстандағы шағын және орта бизнестің рөлін түсінеді; 10.2.2.3 кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формаларын ажырата біледі
2.3 Стартап мәдениет	Стартап- мәдениет. Стартап пен жұмыс істеп тұрған бизнестің арасындағы айырмашылық	10.2.3.1 стартап түсінігін суреттейді; 10.2.3.2 стартап пен жұмыс істеп тұрған бизнестің айырмашылығын біледі
2.4 Кәсіпкерліктегі инновациялар мен трендтер (әлемдік, аймақтық және жастардың)	Қазақстанда кәсіпкерліктің даму ерекшеліктері. Кәсіпкерліктегі тренділер. Кәсіпкерлік қызметтегі инновациялар	10.2.4.1 Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуындағы географиялық-аймақтық ерекшеліктерін түсінеді; 10.2.4.2 Қазақстандағы кәсіпкерліктің заманауи тенденцияларын танып біледі; 10.2.4.3 кәсіпкерліктің трендтерінің болашақ кезеңдеріндегі болжамын талдайды
2.5 Қазіргі жағдайдағы бәсекенің дамуы	Нарықтық экономиканың негізін қалаушы принципі ретінде бәсеке лестіктің мәні. Баға бойынша және бағалық емес, жетілген және жетілмеген бәсекелестік	10.2.5.1 баға бойынша және бағалық емес, жетілген және жетілмеген бәсекелестік мысалдарын сипаттайды; 10.2.5.2 бәсекелестік стратегиясы мен бәсекелестер түрлерін сипаттайды; 10.2.5.3 баға бойынша және бағалық емес бәсекені қолданудың тиімділігін бағалауды жасайды
2.6 Баға белгілеу - экономикалық категория ретінде баға қызметі мен мәні	Баға экономикалық категория ретінде	10.2.6.1 экономикалық категория ретінде баға қызметі мен мәнін түсінеді; 10.2.6.2 бағаны қалыптастырудың құрылымын сипаттайды; 10.2.6.3 баға саясатының мәнін түсінеді; 10.2.6.4 баға стратегияларын ажыратады
3-тоқсан. Әрекеттегі маркетинг		
3.1 Маркетингіге кіріспе	Маркетинг тарихы. Заманауи маркетинг	10.3.1.1 маркетинг және оның қызметін түсіндіреді; 10.3.1.2 өнім мен кәсіпорынның маркетингілік стратегиясын ажыратады

3.2 Маркетинг-микс	Маркетинг-микс	10.3.2.1 4P, 4C, маркетинг-микс құрамын түсінеді; 10.3.2.2 4P, 4C қолдану форматын ажыратады.
3.3 Кабинеттік және далалық зерттеулер	Кабинеттік және далалық зерттеулер	10.3.3.1 кабинеттік және далалық зерттеулердің айырмашылығын біледі; 10.3.3.2 кабинеттік және далалық зерттеу әдістемесін қолданады
3.4 SWOT- талдау	Компанияның дамуына әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар кешені	10.3.4.1 SWOT талдаудың тағайындалуын түсіну; 10.3.4.2 зерттелетін өнімнің күшті және әлсіз жақтарын бағалау кезінде SWOT-талдауды тәжірибеде қолданады
3.5 Мақсатты аудитория, сегменттеу	Тұтынушыларды сегменттеу. Мақсатты аудитория. Клиенттің бейнесін қалыптастыру	10.3.5.1 тұтынушыны сегменттеудің мәні мен қағидаларын түсінеді; 10.3.5.2 белгілі бір мақсатты аудиториялардың қажеттіліктерін анықтайды
3.6 Бренд	Бренд және оны құраушылары	10.3.6.1 брендтің негізгі құраушыларын біледі; 10.3.6.2 брендтің сипаттамалық және шығармашылық жағын ажыратады; 10.3.6.3 брендтің платформасын сипаттау үшін дағдыларды қолданады
3.7 Маркетингілік коммуникациялар	Жарнама, PR. Дәстүрлі (классикалық) жарнама түрлері және мақсатты аудиторияға тікелей әсер ету	10.3.7.1 ATL, BTL маркетингілік коммуникациялар кешенін ажыратады; 10.3.7.2 ATL, BTL арқылы соңғы тұтынушыға дейін зерттелетін өнімнің/қызмет көрсетудің құндылықтарын жеткізу жоспарын ұсынады
3.8 Онлайн маркетингілік коммуникациялар	Сандық маркетингтің заманауи құралдары. Сайт сандық маркетинг құралы ретінде Әлеуметтік медиада танымал болу	10.3.8.1 сандық маркетингтің мәнін түсінеді; 10.3.8.2 сандық маркетинг арқылы соңғы тұтынушыға дейін зерттелетін өнімнің/қызмет көрсетудің құндылықтарын жеткізу жоспарын ұсынады
4-тоқсан. Ойлау дизайны		
4.1 Ойлау дизайнына кіріспе	Адамға бағытталған өнімдерді құру әдісі	10.4.1.1 ойлау дизайнының мәнін түсінеді; 10.4.1.2 ойлау-дизайны қай жерде қолдануға болатынын түсінеді; 10.4.1.3 ойлау-дизайны тәсілдерін бизнес-идеяларды іздестіру мен

		бизнес-үрдістерді ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілдерімен салыстырғандағы артықшылықтарын салыстыру
4.2 Эмпатия	Мәселелік жайттарға тереңірек ену және пайдаланушылар тәжірибесі	10.4.2.1 жобаға тікелей немесе жанама әсер ететін тұтынушылар тобын анықтай біледі; 10.4.2.2 эмпатия қағидаларын түсінеді және тәжірибеде қолдана біледі; 10.4.2.3 сұхбат жасай білу және ондағы сұрақтар кезектілігін дұрыс ұйымдастыра алады
4.3 Талдау және синтез	Нақты, маңызды және іске асырылатын міндеттерді құрастыру	10.4.3.1 мәселені дұрыс айқындап және сипаттай біледі; 10.4.3.2 сұхбаттан алынған ең маңызды тұжырымдарды анықтайды; 10.4.3.3 ақпараттың маңызды сәттерін бөледі және оларды ары қарай қолдану үшін тиімді рәсімдей алады; 10.4.3.4 сұхбат кезінде алынған ақпаратты топтайды
4.4 Идея ойлап табу	Идеяны ойлап табу және шешім қабылдау	10.4.4.1 брейнсторминг қағидалары мен қажеттілігін түсінеді; 10.4.4.2 брейнстормингті жүргізу ережелері мен оларды сақтап, орындай алуды біледі; 10.4.4.3 брейнсторминг кезеңдерін білу және кезеңдерін сақтап, айтылған идеяларды жүйелеу және солардың ішінен ең жақсысын таңдайды
4.5 Прототип жасау	Табылған шешімдерді тестілеу үшін модель құру	10.4.5.1 прототип жасауды түсінеді және қағидаларын түсіндіреді; 10.4.5.2 прототип жасаудың негізгі әдістерін қолданады
4.6 Тестілеу	Кері байланысты алу және ең тиімді шешімді іздеу	10.4.6.1 адамға бағытталған дизайн үшін тестілеудің маңызын түсінеді; 10.4.6.2 шешім қабылдау кезінде кері байланыстың маңызын және эмпатияны тереңірек дамыту мүмкіндігін түсінеді; 10.4.6.3 тәжірибеде алынған идеяларды қолдану мүмкіндігін бағалайды
		10.4.7.1 жасалынған жұмыс үрдісін сипаттау үшін

4.7 Сторителлинг	Жасалынған материалдың презентациясы	сторителлинг қағидаларын түсінеді; 10.4.7.2 ойлау-дизайнымен жұмыс жасау кезінде алынған барлық білімдерді тадау, тұжырымдар жасау және болашақта берілген қағидаларды қолдана алатындығын дәлелдеу

2) 11-сынып:

Бөлімдер	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан. Стартап акселератор (1)		
1.1 Питчинг	Питчинг. Питчинг құрылымы	11.1.1.1 кәсіпкер (стартапер) үшін питчингтің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.1.1.2 оқу-ойын жағдайында өз идеяларын іске асыру үшін питчинг дағдыларын қолданады
1.2 Команда құру және кәсіпкерлік қызметтегі командалар рөлі	Командадағы рөлдер. Көшбасшы рөлі	11.1.2.1 команда мүшелері арасындағы рөлдерді анықтайды; 11.1.2.2 оқу-ойын жағдайында командаға қажетті адамдарды тарту үшін шешендік өнер дағдыларын қолданады
1.3 Канва бизнес-моделі, маңызды құндылықтарды анықтау. Бизнес-жоспар құрылымы	Canvas бизнес моделі. Маңызды құндылықты анықтау. Бизнес-жоспар құрылымы	11.1.3.1 бизнес-модель түсінігін суреттейді; 11.1.3.2 Канва бизнес моделінің және бизнес-жоспардың құрылымын түсінеді; 11.1.3.3 оқу-ойын жағдайында өз стартап идеялары үшін маңызды құндылықтарды қалыптастыру дағдыларын қолданады
1.4 Стартап-жобалардағы маркетинг	Стартап және әрекеттегі бизнестегі маркетинг тәсілдеріндегі айырмашылық. Вирусты маркетинг. Өміршеңдігі ең төмен өнім (MVP)	11.1.4.1 стартап жоба үшін маркетингтің мәнін түсінеді; 11.1.4.2 тұтынушылар сегменттерін мен олардың қажеттіліктерін, нарық сыйымдылығын талдайды; 11.1.4.3 өміршеңдігі ең төмен өнімнің (MVP) қағидаларын түсінеді; 11.1.4.4 өз стартапында ең аз мөлшерде өнімді сату туралы шешім қабылдайды
1.5 Стартап-жобалардағы коммуникация арналары	Коммуникация арналарының оңтайлысын таңдау	11.1.5.1 тұтынушыға құндылық " қалай" (қандай арналар нәтижесінде) жеткізіледі? - деген сұраққа жауап береді; 11.1.5.2 қандай да бір коммуникация арналарын таңдау

		қандай пайда әкелетінін түсіндіреді
1.6 Тұтынушылық және сатып алушылық бейілділік	Ұзақ мерзімді кәсіпкерлік қызметте клиенттер тарапынан бейілділіктің маңызы	11.1.6.1 "тұтынушылық және сатып алушылық бейілділік" түсінігін ажыратады; 11.1.6.2 коммуникация каналдары арқылы тұтынушылармен өзара қатынас стратегиясын құрады
1.7 Стартаптардағы пайда арналары	Пайданың түсу каналдарын іздестіру, пайда түсетін негізгі каналдарды таңдау	11.1.7.1 AB - тест, пайда түсімі арналарының мәнін түсінеді; 11.1.7.2 кіріс құрылымын талдайды; 11.1.7.3 оқу-ойын жағдайында AB-тестіні талдау мақсатында қолданады
2-тоқсан. Стартап акселератор (2)		
2.1 Бизнес ресурстар және ресурстарды басқару	Ресурстардың шектеулілігі және маңызы. Зияткерлік ресурстар. Материалдық ресурстар. Қаржылық ресурстар. Адами ресурстар	11.2.1.1 Стартаптарда ресурстардың мәні мен маңызын түсінеді; 11.2.1.2 адами, қаржылық, материалдық, интеллектуалды, бизнес ресурстарды ажыратады
2.2 Кәсіпкерлік қызметтегі серіктестік	Аутсорсинг. Серіктестік қатынас құрумен байланысты тәуекел мен қатынас жасау	11.2.2.1 стартап үшін аутсорс пен серіктестіктің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.2.2.2 серіктестіктің қағидаларын сипаттайды; 11.2.2.3 өз жобасы үшін серіктестер тізімін құру үшін дағдыларын қолданады
2.3 Бизнестегі маңызды қызмет	Негізгі қызмет. Эйзенхауэр матрицасы	11.2.3.1 операциялық қызметтің мәнін түсінеді; 11.2.3.2 өз стартапында операциялық қызметті анықтау үшін дағдыны қолданады.
2.4 Кәсіпкерлік қызметтегі салықтар	Қазақстан Республикасының экономикалық жүйесіндегі салықтардың рөлі. Кәсіпкерлік қызметіндегі салықтар және олардың түрлері	11.2.4.1 салық және оның мемлекет үшін маңызын сипаттайды; 11.2.4.2 салық режимдерінің ерекшеліктерін ажырата біледі
2.5 Шығындар құрылымы	Операциялық, қаржылық және инвестициялық шығындар	11.2.5.1 шығын құрылымын түсінеді; 11.2.5.2 стартап жобасында шығыс пен кіріс құрылымын талдайды
2.6 Жобаның аяқталуы және оның нәтижелерін талдау – бизнес-жобалардың питчингі	Жобаның инвестициялық тартымдылығы	11.2.6.1 стартап жобаның инвестициялық тартымдылығын түсінеді; 11.2.6.2 инвесторлардың назарын аудару үшін шешендік өнер (питчинг) дағдыларын қолданады

3-тоқсан. Кәсіпкердің өзін-өзі алға жылжытуы		
3.1 Жеке адамның активтері мен пассивтері	Оқушының кірістері мен шығындары. Тиімді бюджет.	11.3.1.1 актив және пассив, бюджеттің мәнін түсінеді; 11.3.1.2 кірістер мен шығындарды ажырата біледі
3.2 Жинақтаулар, кредиттер және депозиттер	Екі деңгейлі банктік жүйе. Депозиттер. Кредиттер. Кредиттік мөлшерлеме	11.3.2.1 ҚР екі деңгейлі банктік жүйені ажыратады; 11.3.2.2 депозиттер мен кредиттің мәнін түсінеді; 11.3.2.3 кредиттік және депозиттік мөлшерлемеге әсер етуші факторы ретіндегі инфляция түсінігі; 11.3.2.4 депозиттік және кредиттік пайызды есептеуде дағдыларды қолданады
3.3 Дүниежүзілік ақша бірліктері, электронды ақшалар	Ұлттық валюта. Қолма қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу. Пластикалық карталар	11.3.3.1 әлемдік ақша бірліктерінің жүйесін сипаттайды; 11.3.3.2 қолма қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды ажыратады
3.4 Қор нарығы	Құнды қағаздар. Халықаралық қор нарықтары. KASE қор нарығы	11.3.4.1 қор нарығының жұмыс механизмін біледі; 11.3.4.2 қор нарығына экономикалық циклдардың әсерін біледі; 11.3.4.3 құнды қағаз түрлерінің айырмашылығын анықтайды
3.5 Жеке бюджетті басқару	Бюджетті басқару қағидалары	11.3.5.1 жеке бюджетті басқарудың негізін түсінеді; 11.3.5.2 жеке бюджетті басқару құралдарын қолданады
3.6 Өзін-өзі алға жылжыту	Жеке брендті құру	11.3.6.1 өзін-өзі алға жылжыту мәні мен оның құрамын және жеке брендингті түсінеді; 11.3.6.2 құзыреттілік пен біліктіліктің айырмашылығын анықтайды
3.7 Түйіндеме және түйіндеме құру тәжірибесі	Заманауи түйіндемелер. Түйіндеме құру дағдылары	11.3.7.1 өз түйіндемесін құру дағдыларын қолданады; 11.3.7.2 оқу-ойын жағдайында жұмысқа орналасуда өзін өзі дамыту дағдыларын қолданады
3.8 Нетворкинг (кәсіби жүйелер)	Адамдармен сенімді және ұзақ мерзімді қатынастың маңызы	11.3.8.1 адамдармен сенімді және ұзақ мерзімді қатынастың маңызы және өзара көмектесу қажеттігін түсінеді; 11.3.8.2 өз мәселесін шешу үшін екі жақты іс-әрекеттің кәсіби потенциалын пайдалану мүмкіндігін өз көзқарасымен суреттейді

3.9 Кәсіпкердің іскерлік қарым-қатынасы – келіссөздер мен келіссөздер жүргізу тәжірибелері	Кәсіпкер үшін келіссөздердің маңызы	11.3.9.1 кәсіпкер үшін келіссөздердің маңызын түсінеді; 11.3.9.2 оқу-ойын жағдайы шеңберінде оқушылардың өзара қатынасындағы келіссөз дағдыларын қолданады
3.10 Эмоционалдық интеллект	Эмоцияларды тану	11.3.10.1 эмоционалды интеллект мәні мен мағынасын түсінеді; 11.3.10.2 эмоционалды интеллектіні басқарудың көмегімен өз мақсаттарына жету мүмкіндіктерін зерттейді
3.11 Тайм менеджмент	Жеке нәтижелілік пен өнімділік	11.3.11.1 тайм-менеджментінің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.3.11.2 өз тиімділігін арттыру мақсатында уақытты басқару дағдыларын қолданады
4-тоқсан. Даму стратегиясы		
4.1 Бизнес ауқымын кеңейту – нарық дамуын болжау	Бизнестің дамуы	11.4.1.1 бизнестің ауқымын кеңейту және оның мәнін түсінеді; 11.4.1.2 нарық дамуының болжамын талдайды
4.2 Бизнес дамуының тәсілдері мен түрлері	Дамудың негізгі стратегиялары	11.4.2.1 дамудың базалық стратегияларының мәнін түсінеді; 11.4.2.2 экономикалық өсу, ЖҰӨ, ЖІӨ мәнін түсінеді; 11.4.2.3 бизнес дамуының қарқынды және экстенсивті тәсілдерін танып біледі
4.3 Сапаны басқару	Сапа менеджментінің жүйесі. Кайдзен қағидасы	11.4.3.1 сапаны басқару құрамын және оның мәнін түсінеді; 11.4.3.2 Кайдзен қағидасын суреттейді
4.4 Халықаралық бизнес	Халықаралық бизнес және маркетинг	11.4.4.1 халықаралық бизнестің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.4.4.2 ойындық түрде халықаралық нарыққа Қазақстан өнімдерін шығарудың стратегиясын құруда өзіндік көзқарасты қалыптастыру үшін халықаралық бизнестің аясынан факторларды синтездейді
4.5 Тұтынушының құқығын қорғау	Тұтынушылар дың құқығын қорғау	11.4.5.1 тұтынушылардың құқығын қорғауға бағытталған, мемлекет пен қоғамдық қозғалыс іске асырып отырған шаралар жиынтығымен танысады; 11.4.5.2 тұтынушылардың құқығын қорғау ұйымдарын ажырата біледі;

		11.4.5.3 оқу-ойын жағдайында тұтынушылардың құқығын қорғау дадыларын қолданады
4.6 Кәсіпкердің құқығын қорғау, бизнес қолдау институттары	Кәспкерлікті мемлекеттік қолдау. Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы	11.4.6.1 кәсіпкерлердің құқығын қорғауға бағытталған, мемлекет пен қоғамдық қозғалыс іске асырып отырған шаралар кешенімен танысады; 11.4.6.2 кәсіпкерлердің құқығын қорғау ұйымдарын ажырата біледі ; 11.4.6.3 кәсіпкерлік пен бизнес қолдау институттарын сипаттайды ; 11.4.6.4 ШОБ-ты мемлекеттік қолдау түрлерін түсінеді; 11.4.6.5 оқу-ойын жағдайында кәсіпкерлердің құқығын қорғау дадыларын қолданады
4.7 Кәсіпкерлердің жауапкершілігі (экономикалық, әлеуметтік, заңды, экологиялық, этикалық)	Кәсіпкердің экономикалық, әлеуметтік, заңды, экологиялық жауапкершілігі	11.4.7.1 кәсіпкерлердің экономикалық, әлеуметтік, заңды, экологиялық, этикалық жауапкершілік түрлерін танып біледі
4.8 Мақсаттарды қоя білу	Мақсаттарды тиімді құру	11.4.8.1 мақсатты қоя білудің мәнін түсінеді; 11.4.8.2 мақсатты тиімді қою үшін мақсатты болжау құралын қолданады
4.9 Өзіндік өмір стратегиясы	Жеке өмір стратегиясының презентациясы	11.4.9.1 дұрыс мақсат қою арқылы жеке мансап стратегиясын құрады ; 11.4.9.2 жеке өмір стратегиясын қорғау кезінде шешендік өнер дағдыларын қолданады

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
131-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10 сыныбына арналған "Жаһандық құзыреттілік" курсының үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Жаһандық құзыреттіліктер" курсы оқушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу мен талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

3. Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

4. Курстың міндеттері:

1) білім алушылардың сыни және аналитикалық ойлауын, олардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;

2) ақпаратты тану, талдау, бағалау, дәлелдерді тұжырымдау, күрделі жағдайларды немесе проблемаларды түсіндіру қабілетін қалыптастыру;

3) өзінің мәдени ерекшелігін сезіну және әлемнің мәдени сан алуандығын, мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну білігінің дамуына ықпал ету;

4) әртүрлі мәдениет өкілдерімен өзара іс-қимылға құрмет пен ашықтық танытуға үйрету;

5) цифрлық ресурстармен, электрондық оқыту платформаларымен, интернетпен және веб-сайттармен жұмыс істеу қабілетін дамыту;

6) академиялық адалдық ережелерін сақтауға дағдыландыру.

5. "Жаһандық құзыреттілік" курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі 10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Оқу курсының базалық мазмұны

6. Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

7. Бірінші бөлімде білім алушылар "Жаһандық құзыреттіліктер" ұғымымен танысады, жобалық жұмыстың тақырыптары мен мақсаттарын, жобалық топ мүшелерін, қажетті ақпарат көздерін, ақпаратты талдау және жинау, нәтижелерді ұсыну тәсілдерін айқындайды. Білім алушылар жоба нәтижелерін бағалау рәсімдері мен критерийлерін белгілейді, жобалық топ мүшелері арасында міндеттерді бөледі.

8. Екінші бөлімде жаһандық экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық және басқа да мәселелердің негізгі түрлері қарастырылады. Жобалау жұмысы кезінде білім

алушыларға зерттеу жүргізу үшін тақырыпты таңдауда еркіндік беріледі. Зерттеу тақырыбын анықтағаннан кейін білім алушылар халықаралық және жергілікті дереккөздерге шолу жасайды.

9. Үшінші бөлім аясында білім алушылар әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің дүниетанымын түсінуге, толеранттылық танытуға, басқа адамдардың көзқарастарын құрметтеуге үйренеді. Білім алушылар жобаның зерттеу міндеттерін жинауға және нақтылауға, кезең-кезеңімен орындауға кіріседі.

10. Төртінші бөлім білім алушылардың өзіндік ерекшелігі мен мәдениеттердің әртүрлілігін түсінуін қалыптастыруға, әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесімен танысуға бағытталған. Білім алушылар ақпаратты талдау, түйінді ойларды тұжырымдау және жобаны рәсімдеу бойынша жұмыс істейді.

11. Бесінші бөлім ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығына арналған. Білім алушылар алынған нәтижелерді түсіндіре отырып, жобаның орындалу барысы туралы есеп дайындайды, негізгі қорытындыларға талдау жүргізеді.

1-параграф. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

12. Білім алушылар:
1) жаһандық мәселелерді зерттейді;
2) мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінеді;
3) басқа адамдардың дүниетанымдарын қабылдайды;
4) экологиялық тұрақтылықты насихаттау және сақтайды.
13. Білім алушыларда:
1) аналитикалық және сыни ойлау;
2) мәдениетаралық коммуникация;
3) икемділік;
4) жанжалдарды басқару дағдылар қалыптасады.
14. Білім алушылар:
1) ашықтық;
2) құрмет;
3) адалдық;
4) адамның қадір-қасиеті;
5) мәдени әртүрлілік құндылықтарын дамытады.
15. Білім алушылар:
1) басқа мәдениеттер өкілдеріне ашықтық;
2) басқа мәдениеттер мен мәдени айырмашылықтарды құрметтеу;
3) көзқарастар кеңдігі;
4) жауапкершілік;
5) бейімделу қасиеттерін көрсетеді

16. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің 10 сыныбына арналған "Жаһандық құзыреттілік" курсының үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

2-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10 сыныбына арналған "Жаһандық құзыреттілік" курсының үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

17. Ұзақ мерзімді жоспарда тақырыптар, тақырыптарды игеруге жұмсалған сағаттар саны және күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттары крсетілген.

18. Мұғалім тақырыптарды жоспарлау кезінде сағат санына сәйкес оқу тақырыптары мен мақсаттарын өзгерте алады, сынып ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктерді және оқушылардың дайындық деңгейін ескере отырып өзгерістер енгізе алады.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Оқу мақсаттары Білім алушылар:
1-бөлім. Жаһандық құзыреттіліктер			
1	Жаһандық құзыреттіліктер дегеніміз не	1	- жаһандық мәселені зерттеу үшін зерттеу тақырыптары мен мақсаттарын анықтау; - жаһандық мәселелер бойынша көзқарастарды анықтау, сипаттау және сыни салыстыру; - дәлелге немесе проблемаға қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді таңдау; - баламалы көзқарастарды қарастыру және талқылау.
2	Жаһандық құзыреттіліктердің маңыздылығы	1	
3	Жаһандық құзыреттіліктерді дамыту жолдары	1	
4	Жобалау жұмысы. Дайындық және жоспарлау	1	
2-бөлім. Жергілікті, жаһандық және мәдени маңызы мәселелерді зерттеу			
5	Жаһандық проблемалардың түрлері	1	- дәлелге немесе проблемаға қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді таңдау; - дереккөздердің күшті және әлсіз жақтарын бағалау; - жаһандық мәселе бойынша өз
6	Әлеуметтік мәселелер	1	
7	Әлеуметтік теңсіздік жаһандық проблема ретінде	1	
8	Әлеуметтік теңсіздік. Себептері	1	
9	Әлеуметтік теңсіздікті жеңу жолдары	1	
10	Қақтығыстар. Ұғымы. Түрлері	1	

11	Жанжалдарды шешу жолдары	1	көзқарасыңызды және оның қалай дамығанын сипаттау; - дәлелдерді, себептер мен мәлімдемелерді растау үшін дәлелдемелерді зерттеу және талдау.
12	Экологиялық мәселелер	1	
13	Климаттың өзгеруі	1	
14	Ауаның ластануы	1	
15	Судың ластануы	1	
16	Жердің ластануы	1	
17	Жобалау жұмысы. Зерттеу	2	
3-бөлім. Әртүрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсіну және құрметтеу			
18	Дүниетанымды түсіну	1	- жаһандық мәселелер бойынша көзқарастарды анықтау, сипаттау және сыни салыстыру; - бастапқы және қайталама дереккөздерден дәлелдемелерді жинау, жазу және талдау; - өз көзқарасын негіздеу үшін себептер мен дәлелдер келтіру; - дәлелге немесе проблемаға қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді таңдау; - дереккөздерге сілтеме жасау және библиографиялық тізімді дұрыс құру.
19	Басқа адамның көзқарасын қабылдау мүмкіндігі	1	
20	Өзге де мәдениеттерді білдіретін адамдарға құрмет көрсету	1	
21	Төзімділік: бір-бірімізді түсінуге үйрену	1	
22	Жобалау жұмысы. Зерттеу	2	
4-бөлім. Мәдениеттер арасындағы ашық және тиімді өзара іс-қимылға қатысу			
23	Мәдени сәйкестікті қалыптастыру	1	- дәлелдердің, мәлімдемелердің, себептер мен дәлелдемелердің негізгі элементтерін анықтау және бағалау; - бастапқы және қайталама дәлелдемелердің әртүрлі түрлерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау және бағалау; - дереккөздерге сілтеме жасау және библиографиялық тізімді дұрыс құру; - құрылымды сақтай отырып, ақпарат пен дәлелдемелер ұсыну;
24	Өзін, мәдениетін және басқа мәдениеттерді тану және қабылдау	1	
25	Әр түрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі	1	
26	Мәдениетаралық коммуникация	1	
27	Мәдениетаралық коммуникациядағы стереотиптер	1	
28	Жобалау жұмысы. Қорытынды	2	

			- одан әрі зерттеу саласын анықтау (жетілдіруді ұсыну)
5-бөлім. Ұжымдық игілікке жәрдемдесу және тұрақты даму			
29	Ұжымдық әл-ауқат пен Тұрақты дамудың маңыздылығы	1	- аргументтің немесе тұжырымның салдарын/ әсерін анықтау және бағалау; - өз көзқарасын негіздеу үшін себептер мен дәлелдер келтіру; - презентацияның әртүрлі формаларын қолдана отырып, жаһандық көзқарастарды ұсыну; - құрылымды сақтай отырып, ақпарат пен дәлелдемелер ұсыну
30	Жергілікті, ұлттық және жаһандық бастамаларға белсенді қатысу	1	
31	Жаһандық азаматтық	1	
32	Жобалау жұмысы	2	

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
132-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің 11 сыныбына арналған "Жаһандық құзыреттілік" курсының үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген.

2. "Жаһандық құзыреттіліктер" курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Курстың мақсаты: білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру.

4. Оқыту міндеттері:

1) білім алушыларда кәсіпкерліктің теориялық негіздерін қалыптастыру;

2) кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін іске асыру үшін мүмкіндіктерді көре білуді дамыту;

3) білім алушыларда қаржылық сауаттылықтың практикалық дағдыларын қалыптастыру;

4) бизнес-идеяларды генерациялау және оларды кәсіпкерлік қызмет деңгейіне дейін дамыту дағдысына ие болу;

5) бизнестің өмір сүруін арттыру мақсатында бәсекелестіктің өзгеретін жағдайларында бизнес-модельдеу және бейімдеу дағдыларын дамыту;

6) зерттеу жүргізу, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

7) өзінің жетістіктері мен өзінің өмірлік ұстанымы үшін жауапкершілікті тәрбиелеу болып табылады.

5. "Жаһандық құзыреттіліктер" оқу пәнінің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

1) Қазақстан кәсіпкерлігінің даму тарихы, практикасы және ерекшелігі негізінде пәнді құру;

2) оқу процесін интерактивтік, зерттеу, топтық әдістемелер мен оқыту технологияларын қолдана отырып, ұйымдастыру;

3) жаппай кәсіпкерлікті дамытудың қазақстандық және әлемдік нарықтық үрдістерін ескере отырып, сұранысқа ие XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру (кәсіпкерлік өмір салты ретінде);

4) саналы өмірлік ұстанымды қалыптастыру және өз қызметін таңдауы үшін жауапкершілікті қабылдау мақсатында коучингтік тәсілдерді пайдалану;

5) практикалық дағдылар мен біліктерді қалыптастыруға, процесті геймификациялау арқылы бастапқы тәжірибені қалыптастыруға бағытталған тренингтік форматты пайдалану;

6) синергетикалық әсер алу мақсатында аймақаралық деңгейде курсты игеру шеңберінде ақпарат алмасу, өзара іс-қимыл жасау үшін мектептің интернет-қоғамдастығын құру;

7) электрондық кітапханалық базаның және жұмыс материалдары базасының on-line порталы, білім алушылар, әлеуетті стартаптар, жұмыс істеп тұрған бизнес пен инвесторлар арасындағы коммуникациялардың вебинарлық және қонақжай алаңы арқылы ұйымдастыру;

8) білім беру процесін автоматтандырылған модельдеу арқылы кәсіпкерлік қызметті жүргізу дағдыларын дамытатын мамандандырылған онлайн - және офлайн ойындармен қолдау;

9) клиенто-бағдарлау дағдыларын дамыту үшін дизайн-ойлау қағидаттарын пайдалану;

10) барынша тиімді практикалық және әдіснамалық сонымен қатар, басқа қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасауға ықпал ететін инфрақұрылым құру.

2-тарау. Оқу курсының базалық мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. Оқу курсының базалық мазмұны

6. "Жаһандық құзыреттер" курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі 11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Оқу курсының мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген екі бөлімнен тұрады.

1-Юнит. Кәсіпкерлік және бизнес негіздері

2-Юнит Қаржылық сауаттылық

Бірінші юнит төрт бөлімнен тұрады:

1.1 Кәсіпкерлік негіздері

1.1.1 Кәсіпкерлікке кіріспе.

1.1.2 Нарықтың жұмыс істеу тетіктері.

1.1.3 Нарықтық тепе-теңдік.

1.1.4 Табысты кәсіпкердің дағдылары.

1.1.5 Бизнестегі заманауи технологиялар.

1.2 Қазіргі жағдайдағы кәсіпкерлік

1.2.1 Бизнес неден басталады?

1.2.2 Стартап мәдениеті.

1.2.3Бизнес-періштелер мен инвесторлар. Ұқсастықтар мен айырмашылықтар.

1.2.4 Бизнес-инкубаторлар.

1.2.5 Қазіргі жағдайда бәсекелестікті дамыту.

1.3 Маркетинг

1.3.1 Маркетингке кіріспе.

1.3.2 Диджитал-маркетинг.

1.3.3 Маркетингтік соғыстар.

1.3.4 SWOT-талдау-маркетингтік жоспарлау құралы.

1.3.5 Бренд қосымша құндылық ретінде.

1.4 Қаржылық жоспарлау және модельдеу

1.4.1 Қаржылық модель және оны құру тәсілдері.

1.4.2 Бюджеттеу.

1.4.3 Баға саясаты.

1.4.4 Шығындарды басқару.

1.4.5 Таза пайда мен дивидендтер.

Екінші юнит төрт бөлімнен тұрады:

2.1 Жеке кірістерді басқару

2.1.1 Жеке табыс түрлері.

2.1.2 Жеке табысты арттыру стратегиясы.
2.1.3 Отбасы бюджетіндегі белсенді табыстың рөлі.
2.1.4 Пассивті кірісті қалай құруға болады.
2.2 Жеке шығындарды басқару
2.2.1 Жеке қаражатты тиімді пайдалану.
2.2.2 Ірі сатып алулар.
2.2.3 Эмоционалды сатып алу.
2.2.4 Банктік кредиттер.
2.3 Отбасылық бюджет
2.3.1 Отбасы бюджетінің түрлері.
2.3.2 Отбасылық бюджетті жоспарлау.
2.3.3 Отбасылық бюджетті жүргізу ережелері.
2.3.4 Отбасылық бюджетті үнемдеу.
2.4 Жинақтар мен жинақтар
2.4.1 Қаржылық қауіпсіздік жастығы.
2.4.2 Жинақтарды құру тәсілдері.
2.4.3 Жинақтау түрлері.
2.4.4 Отбасының қаржылық байлығы.

2-параграф. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

8. Талаптар курс тақырыбынан тыс тұжырымдалған.

Білім алушыларда:

1) кең ауқымды дағдылар;
2) әлеуметтік жауапкершілік;
3) сыни, креативті және шығармашылық ойлау;
4) алған білімдерін игілікке қолданғаны үшін жауапкершілік;
5) саламатты қоғам қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;
6) өмір бойы оқуға қажеттілік;
7) өз бизнес-идеяларын іске асыру арқылы өзін-өзі іске асыру ниеті;;
8) кәсіпкерлік негіздері мәселелеріне мүдделілік;
9) табысты бизнес-кейстер мен кәсіпкерлердің тәжірибесін мүдделі және оң қабылдау;
10) өзінің қаржылық сауаттылығының өзектілігін түсіну;
11) қаржылық сауаттылық саласындағы білім мен дағды негіздері;
12) өзі үшін қолайлы бизнес-модельді айқындау қажеттілігі;
13) бизнес-қоғамдастықты қалыптастыруға мүдделілік;
14) команда құраушы білім мен дағдыларды қалыптастыру және дамыту қабілеті.

Білім алушылар:

1) жалпы және қаржылық сауаттылық саласындағы, атап айтқанда;

2) кәсіпкерлік қызметтің өз идеялары;

3) басқалардың сәтті қаржылық және кәсіпкерлік идеялары;

4) ақпаратты бағалауға және қолдануға сыни көзқарас;

5) зерттеу дағдылары, жобалық жұмыс дағдылары;

6) тұрақты даму мүддесінде ашық, мейірімді қоғам құруға бағытталған білім мен дағдыларды қолданады.

Білім алушылар:

1) келіп түсетін ақпарат және оның көздері;

2) оқыту және жеке даму тұрғысынан өзінің күшті және әлсіз жақтары;

3) өмірдің әртүрлі салаларында прогреске ықпал ететін факторлар;

4) жеке бизнес-идеялардың өміршеңдігі;

5) өзінің және социумның қаржылық сауаттылық дағдыларын дамыту деңгейі;

6) өз бизнес-идеяларын ұйымдастыру және табысты дамыту бөлігінде бар бейімділіктер мен қабілеттерән сарапай алады.

Білім алушылар:

1) өзінің мінез-құлқы, мәдениеттің жалпы және қаржылық деңгейі және жеке өмірлік тәжірибесі;

2) олардың айналасындағы қоғамда қалыптасқан құндылықтар жүйесі және әртүрлі көзқарастар (соның ішінде өз көзқарастарынан өзгеше);

3) қазіргі қоғамда кең таралған кәсіпкерлік қызмет модельдері;

4) қазіргі заманғы бизнес-кеңістікте орын алған өзара іс-қимыл жағдайлары мен қағидаттары;

5) жеке қаржыны басқару бөлігінде жауапты шешімдер қабылдау қабілеті;

6) өзінің және жақын ортасының бизнес-жобаларды іске асыруға бейімділігін сыни бағалайды.

Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің 11 сыныбына арналған " Жаһандық құзыреттілік" курсының үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің 11 сыныбына арналған "Жаһандық құзыреттілік" курсының үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

Бөлім	Тақырыбы	Білім алушының білім нәтижесі
Юнит 1. Кәсіпкерлік және бизнес негіздері		
		Жоспарлы экономиканы нарықтық.экономикаға трансформациялаудың жалпы траекториясын түсінеді Нарықтық экономика негіздерін біледі.

1.1 Кәсіпкерлік негіздері	1.1.1 Кәсіпкерлікке кіріспе	Экономика саласындағы оқиғалар мен құбылыстарды талдай және сыни бағалай алады. Тақырып аясында зерттелген терминдер мен ұғымдарды қолдана алады.
	1.1.2 Нарықтың жұмыс істеу тетіктері	Нарықтың жұмыс істеуінің негізгі тетіктерін түсінеді. Нарықтық қатынастардың заңдары мен ережелерін біледі. Алған білімдерін түсіндіре алады. Алған білімдерін тәжірибеде қолданады.
	1.1.3 Нарықтық тепе-теңдік	Нарықтық тепе-теңдікке қол жеткізу шарттарын түсінеді. Нарықтық тепе-теңдік шарттары туралы біледі. Олар нарықтық тепе-теңдік жағдайларына қатысты өз ұстанымдарын білдіре алады. Тапсырмадағы сұрақтарға жауап беру барысында пәндік терминологияны қолданады.
	1.1.4 Табысты кәсіпкердің дағдылары	Табысты кәсіпкерлік қызмет үшін қандай дағдылар қажет екенін түсінеді. Табысты кәсіпкердің дағдыларын қалай қалыптастыру керектігін біледі. Табысты кәсіпкердің дағдыларын талдай алады. Алған білімдерін сабақ тапсырмаларының сұрақтарына жауап беру барысында қолданады.
	1.1.5 Бизнестегі заманауи технологиялар	Табысты бизнес жүргізу үшін заманауи технологиялардың маңыздылығын түсінеді. Заманауи бизнес-технологиялардың мүмкіндіктерін біледі. Олар бизнестегі заманауи технологиялар туралы ақпаратты іздей алады. Өз бизнес-идеяларын жүзеге асыру үшін заманауи технологиялар туралы білім негіздерін қолданады
		Бизнес-жобаны құру алгоритмін түсінеді. Негізгі бизнес-процестер туралы біледі.

1.2 Қазіргі жағдайдағы кәсіпкерлік	1.2.1 Бизнес неден басталады?	Болашақ бизнес-процестерді модельдеуді біледі. Жеке бизнес-идеяларды іске асыру үшін бизнес-процестер туралы білімді қолданады.
	1.2.2 Стартап-мәдениет	"Стартап-мәдениет" құбылысының мәнін түсінеді. Стартап-мәдениеттің пайда болу тарихын біледі. Өз стартап-идеяларын іске асыруда ақылға қонымды тәуекел қағидатын іске асыра алады. Стартап-жобаларды талқылауда тиісті терминологияны қолданады.
	1.2.3 3 Бизнес-періштелер мен инвесторлар. Ұқсастықтар мен айырмашылықтар	"Бизнес-періштелер" құбылысының мәнін түсінеді. Олар бизнес-періштелерінің классикалық инвесторлардан негізгі айырмашылықтарын біледі. Олар бизнес-періште және классикалық инвестор ұғымдарын салыстыру кезінде өз ұстанымдарын дәлелдей алады. Тапсырмаларды орындау барысында алған білімдерін қолдана алады.
	1.2.4 Бизнес-инкубаторлар	Жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін бизнес-инкубаторлардың артықшылықтарын түсінеді. Қазақстан мен әлемдегі бизнес-инкубаторлардың негізгі тізімін біледі. Инкубатор мен бизнес-инкубатор арасында ұқсастықтар жасай алады. Өмірдің түрлі салаларында бизнес-инкубаторлардың жұмыс істеу принциптерін қолданады
	1.2.5 Қазіргі жағдайда бәсекелестікті дамыту	Бизнестегі және жалпы өмірдегі бәсекелестіктің пайдасын түсінеді. Табысты бәсекелестік күрес тәсілдерін біледі. Жеке өсу үшін бәсекелестік ортаны қолдана алады. Алынған білімді жеке бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін қолданады
		"Маркетинг" ұғымының мәнін түсінеді. Маркетингтің негізгі заңдарын біледі.

1.3 Маркетинг	1.3.1 Маркетингке кіріспе	Өз бизнес-идеялары мен жобаларын іске асыру үшін маркетингтік әрекеттерді қолдана алады. Маркетингтік стратегияларды қолданады.
	1.3.2 Диджитал- маркетинг	Маркетингті классикалықтан сандыққа ауыстыру процесінің заңдылығын түсінеді. Сандық маркетингтің негізгі құралдарын біледі. "Диджитал-маркетинг" ұғымының мәнін түсіндіре алады. Агрессивті сандық маркетингтен қорғау әдістерін қолданады.
	1.3.3 Маркетин-гтік соғыстар	Маркетингтік соғыстардың мәні мен себептерін түсінеді. Маркетингтік соғыстардың негізгі стратегияларын біледі. Өз бизнес-жобаларын іске асыруда маркетингтік стратегия туралы білімді қолдана алады. Алынған білімді маркетингтік соғыстардың салдарынан қорғану үшін қолданады.
	1.3.4 SWOT талдау-маркетингтік жоспарлау құралы	"SWOT-талдау" құралының мәнін түсінеді. SWOT талдауы қалай жасалатынын біледі. SWOT талдау деректерін талдай алады және олардың негізінде қорытынды жасай алады. Жеке бизнес-жобаларды іске асыруда SWOT-талдауды қолдана алады.
	1.3.5 Бренд қосымша құндылық ретінде	Брендтің бизнестегі маңыздылығын түсінеді. Өнімнің немесе қызметтің бағасын қалыптастырудағы брендтің рөлін біледі. Брендтің белгілерін тізімдей алады. Жеке шығындарды басқарудағы брендтің рөлі туралы білімді қолданады.
	1.4.1 Қаржы моделі және оны құру әдістері	Жеке бизнесті құру үшін қаржылық модельдің маңыздылығын түсінеді. Қаржы моделін құру алгоритмдерін біледі.

		Қаржы моделінің негізгі көрсеткіштерін талдай алады. Қаржы моделін құру дағдыларын қолданады.
	1.4.2 Бюджеттеу	"Бюджеттеу"терминінің мағынасын түсінеді. Бюджет ережелерін біледі. "Бюджеттеу" ұғымын түсіндіре алады. Өмірлік жағдайларда бюджеттеу дағдыларын қолданады.
1.4 Қаржылық жоспарлау және модельдеу	1.4.3 Баға саясаты	Баға саясатын қалыптастыру принциптерін түсінеді. Бизнес үшін баға саясатының экономикалық әсерін біледі. Баға саясатын қалыптастыруға әсер ететін факторларды тізімдей алады. Тауарлар мен қызметтердің құнын түсіндіру үшін баға саясаты туралы білімді қолданады.
	1.4.4 Шығындарды басқару	Шығындарды басқарудың негізгі принциптерін түсінеді. Бизнестегі шығындарды сауатты басқарудың рөлін біледі. Шығындарды басқару Ережелері туралы сөйлесе алады. Өмірлік жағдайларда шығындарды басқару туралы білімді қолданады.
	1.4.5 Таза пайда және дивидендтер	Пайда мен таза пайда арасындағы айырмашылықты түсінеді.Таза пайданы есептеу алгоритмін біледі . Пайда мен таза пайда арасындағы айырмашылықты талдай алады. Дивидендтерді бөлу кезінде таза пайданы есептеу туралы білімді қолданады.
Юнит 2. Қаржы сауаттылығы		
	2.1.1 Жеке табыс түрлері	Жеке кіріс түрлері бойынша бөлу принципін түсінеді. Жеке табыстың қандай түрлері бар екенін біледі. Тақырыпты талқылау барысында пәндік терминологияны қолдана алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
		Жеке табысты арттыру философиясын түсінеді.

2.1 Жеке кірістерді басқару	2.1.2 Жеке табысты арттыру стратегиясы	Жеке табысты арттыру жолдарын біледі. Жеке табысты арттыру стратегиясын жасай алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
	2.1.3 Отбасы бюджетіндегі белсенді табыстың рөлі	"Белсенді табыс" ұғымының мәнін түсінеді. Белсенді табыс алу тәсілдерін біледі. Белсенді кірісті құрайтын ақшаны тиімді басқара алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
	2.1.4 Пассивті кірісті қалай құруға болады	Отбасы бюджетіндегі пассивті табыстың мәнін түсінеді. Пассивті кіріс көздерін құру алгоритмін біледі. Белсенді және пассивті кіріс арасындағы айырмашылықтарды түсіндіре алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
2.2 Жеке шығындарды басқару	2.2.1 Жеке қаражатты тиімді пайдалану	Қаржылық байлыққа қол жеткізу үшін жеке қарадатты тиімді пайдалану дағдыларының мәнін түсінеді. Жеке қаражатты тиімді пайдаланудың негізгі ережелерін біледі. Қалтадағы ақшаны тиімді пайдалана алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
	2.2.2 Ірі сатып алулар	Қандай сатып алулар үлкен деп санайтынын түсінеді. Ірі сатып алулар үшін қор жинау алгоритмдерін біледі. Ірі сатып алуды жоспарлай алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
	2.2.3 Эмоционалды сатып алу	"Ірі сатып алулар" терминінің мағынасын түсінеді. Эмоционалды сатып алудан қорғау әдістерін біледі. Ақшаны ұтымды пайдалана алады . Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
		Банктік несие деген не екенін түсінеді.

	2.2.4 Банк кредиттері	Банктік қарыз беру шарттарын біледі. Олар пайыздық мөлшерлемені ескере отырып, ай сайынғы төлемдер сомасын есептей алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
2.3 Отбасы бюджеті	2.3.1 Отбасылық бюджеттің түрлері	Отбасылық бюджеттің қандай түрлері бар екенін түсінеді. Отбасы бюджетінің әр түрінің құрылымын біледі. Отбасының белгілі бір бюджет түрін таңдау себептерін талдай алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
	2.3.2 Отбасылық бюджетті жоспарлау	Отбасылық бюджетті жоспарлаудың маңыздылығын түсінеді.Отбасылық бюджетті жоспарлау әдістерін біледі. Отбасылық бюджетті жоспарлай алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
	2.3.3 Отбасылық бюджетті жүргізу ережелері	Отбасылық бюджетті жүргізу ережелерін қолданудың негізділігін түсінеді. Отбасылық бюджетті жүргізудің қандай ережелері бар екенін біледі . Отбасылық бюджетті жүргізе алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
	2.3.4 Отбасылық бюджетті үнемдеу	Отбасылық бюджетті үнемдеудің маңыздылығын түсінеді. Отбасылық бюджетті үнемдеудің негізгі қағидаларын біледі. Өздерінің қаржылық шешімдері үшін жауап бере алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
	2.4.1 Қаржылық қауіпсіздік жастығы	Қаржылық қауіпсіздік жастығын құрудың маңыздылығын түсінеді. Қаржылық қауіпсіздік жастығын құру әдістерін біледі. Қаржылық қауіпсіздік жастығын құра алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.

2.4 Жинақ және жинақтау	2.4.2 Жинақтарды құру тәсілдері	Ақша жинақтарының маңыздылығын түсінеді. Өмірлік жағдайларда алған білімдерін құру әдістерін біледі. Ақша жинақтарын тиімді басқара алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
	2.4.3 Жинақ түрлері	Жинақтардың түрлері бір-бірінен қалай ерекшеленетінін түсінеді. Жинақтардың қандай түрлері бар екенін біледі. Жинақтардың әртүрлі түрлері үшін қаржылық тәуекелдерді анықтай алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.
	2.4.4 Отбасының қаржылық байлығы	Отбасының қаржылық байлығы деген сөз тіркесінің мағынасын түсінеді. Қаржылық байлыққа қалай қол жеткізуге болатынын біледі. Қаржылық байлыққа қол жеткізу жолдары туралы ойлана алады. Алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК